

Әпенәв С. М.

**ҚЫЛМЫСТЫ
КВАЛИФИКАЦИЯЛАУДЫҢ
ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ**

Оқулық

**Алматы
2006**

ББК 67.0
Ә 67

*Қазақ гуманитарлық Заң Университетінің
Алматы заң Академиясының Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған*

ПІКІР ЖАЗҒАНДАР:

*заң ғылымдарының докторы, профессор – Нұртаев Р.Т.
заң ғылымдарының докторы, профессор – Молдабаев С.С.*

Ә 67 Әпенев С.М.

Қылмысты квалификациялаудың ғылыми негіздері.
Оқулық. Алматы: – «Нұр-пресс», 2006.–332 бет.

ISBN 9965-620-99-7

Оқулықта қылмысты квалификациялаудың негізгі ережелері қарастырылған және ол туралы қылмыстық құқық теориясында орын алған бағыттар келтірілген. Қажетті тақырыптар қамтылып, осы тақырыптар бойынша қылмысты квалификациялаудың жалпы теориясы ұсынылған.

Оқулық жоғарғы заң оқу орындарының студенттеріне, қылмыстық істер бойынша жұмыс істейтін сот, прокуратура және тергеу органдарының қызметкерлеріне арналған.

ББК 67.0

Ә 1202000000
00(05)-06

ISBN 9965-620-99-7

© Әпенев С.М., 2006.
© Нұр-пресс, 2006.

КІРІСПЕ

Сіздер бұл кітапты оқи отырып, жекелеген қылмыс түрлері орын алғанда оны жасаған адамдарға жауаптылық қолдану үшін қылмыстық заң нормаларын қолданудың тәртібі мен ережелерін үйренесіздер. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда зиянды, қоғамға қауіптілік дәрежесі бойынша қылмыс деп танылатын құбылысқа құқықтық бағалау беруді қылмыстық құқық қарастырады және қылмысты іс-әрекеттерге құқықтық бағалау жүргізудің негізі немесе заңды моделі ретінде қылмыстық заң алынады. Сондықтан қылмыстық құқық жекелеген қылмыстардың түрлерін, олардың түсінігі мен белгілерін анықтаумен айналысады. Осы белгілерге қарай қылмыстар бір-бірінен ажыратылып, жеке сапа ретінде қылмыстық құқықтық мағынаға ие болады. Сонымен қатар қылмыстылық деген құбылыспен қатар қылмыстық заң деген ұғымда өмір сүре отырып, ол негізгі мақсаты ретінде қоғамға қауіптілігі бойынша жеке қылмыстың түрі деп тануға болатын іс-әрекеттерді анықтаумен және оларға жауаптылық көрсетумен айналысады. Қылмысқа квалификация жасау барысында осы екі ұғымның, яғни қылмыспен қылмыстық заң нормаларының арасындағы ұқсастық, бір-біріне сәйкестік анықталады және осындай бағыттағы құқық қорғау органдарының қызметі заң нормаларын өмірге енгізудің көрінісін білдіреді. Сондықтан қылмысқа квалификация жасау қызметі қылмыстық заңның басты мақсаттарының, оның арналуының бірі ретінде бағаланатын, қылмысты әрекеттерді заңда қылмысты деп танып, оларды жасауға құқықтық шектеу қойылуына қарамай жекелеген адамдардың қолданымен жасалғанда оны жасаған адамға жауапкершілік қолдану болып табылады.

Қылмыстық құқық өзінің негізгі міндеттері ретінде қылмыс ретінде заң нормаларында белгіленген әрекеттердің объективтік және субъективтік белгілерін анықтаумен және ол қылмыстарға жазаның түрі мен көлемін белгілеумен айналысады. Сонымен қатар қылмыстың қоғамға қауіптілігін ауырлататын немесе жеңілдететін құрамдарын келтіре отырып, оларға құқықтық талдау береді және белгілі бір қылмыс құрамының өзіне ұқсас қылмыстармен ара қатынасын қарастырады. Осы айтылғандарды меңгере отырып нақты қылмыс түрлерінің түсінігін және оның белгілерін толық түсінуге болады. Бірақ қылмыстық заң нормаларын сот-тергеу қызметінде дұрыс қолдана білу үшін мұнымен қатар заң нормаларын қолдану барысында кездесетін өзге де ережелерді меңгеру қажет. Мысалы Жалпы бөлім нормаларына сілтеме жасау, нормалар

бәсекелестігі, қауіптілігі жеңілірек белгілерді қауіптілігі одан ауырырақ белгілердің қамтуы сияқты т.б. Бұл ережелер қылмыстық құқықта келтірілгенмен, оларға арнайы тоқталып, жеке тақырып ретінде қарастырылмайды.

Қылмысқа квалификация жасауды құқық қорғау органдарының қызметінде аса жауаптылықпен қарайтын жұмыс ретінде бағалау керек. Өйткені қылмыс жасады деп айыпталған адамдарға қылмыстық заңның баптарын дұрыс қолданбағанда, адамның іс-әрекеттері басқа қылмыс ретінде бағаланып, жауаптылық дұрыс белгіленбейді және мұның салдары жаза тағайындау кезінде байқалып қылмыскер өзі жасағаннан жеңіл немесе ауыр қылмыс үшін жауаптылыққа тартылған болып шығады. Сонымен қатар қылмыстың қауіптілік дәрежелері мен сипаты әр түрлі болуына байланысты олардың құқықтық салдары да әр түрлі болып, жазадан шартты түрде ерте босау, соттылық мерзімдерінің аяқталуына да әсер етеді.

Қылмысты квалификациялау курсы жазаның қылмыстық құқықтық мәселелерін қарастырмайды, себебі жасалған қылмысқа заң баптары дұрыс қолдану-алғашқы кезектегі міндет деп танылады, ал жасалған қылмыстарға заң баптары дұрыс қолданылғанда осы баптың санкциясы көлемінде жаза қолданылады, демек қылмыс дұрыс квалификацияланғанда жаза белгілеуді осы баптың көлемінде тағайындау аса қиындық тудырмайды.

Қазақстан Республикасы өзін құқықтық мемлекет ретінде қалыптастыруды мақсат тұтады. Құқықтық мемлекет қашанда қоғамдағы елеулі деп танылатын қоғамдық қатынастарды заң жүзінде реттеумен айналысып ғана қоймай, ол сонымен бірге құқықтық қатынас субъектілерінің міндеттері мен құқықтарын белгілеп, заң нормаларын дұрыс, әрі тиімді қолдану жолдарын арттыруы қажет және олардың бұзылмай сақталуын қамтамасыз етуі керек. Құқықтық мемлекеттің мұндай қағидалары әсіресе қылмыс жасады деген себеппен жауаптылыққа тартылған адамдарға қатысты ерекше мағынаға ие болады. Өйткені Қазақстан Республикасы да әлемдік өркениеттердің қатарына қосылу және адамгершілік қағидаға басымдық беру үшін азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды және оны қамтамасыз етуді мақсат етеді. Мұндай қағиданың сақталмауы ауыр салдарға соқтыратын және адамның тағдырына әсер ете алатын болмыс, қылмыстық заң нормаларын дұрыс қолданбау болып табылады. Міне осы саладағы мемлекеттік қызметті сауатты және дұрыс жүргізуге әсер ету үшін қылмысты квалификациялаудың ережелері мен талаптары қарастырылған осы оқулық дайындалды.

I тарау

ҚЫЛМЫСТЫ КВАЛИФИКАЦИЯЛАУДЫҢ ҰҒЫМЫ, МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ОРНЫ

§1. Қылмысты квалификациялаудың ұғымы

Қылмыстық құқықтың негізгі міндеттерінің бірі қылмыс болып табылатын қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді анықтау, оларға жазаның түрі мен көлемін белгілеу болып табылады. Бірақ қылмыстық құқық осы міндеттерді іске асырып ғана қоймай, қылмыстардың қоғамға қауіптілік дәрежесін, кінәні ауырлататын немесе жеңілдететін жағдайларды, жаза тағайындау және жазадан босату кезінде ескерілуге тиісті қажеттіліктерді т.б. анықтаумен айналысады. Сонымен бірге қылмыстық құқық ғылымының көлемінде әр түрлі іс-әрекеттерге әлеуметтік-құқықтық бағалау жасалып, олардың қоғамға қауіптілігі байқалғанда қылмыс қатарына жатқызылып, ал қауіптілік дәрежесі елеусіз деп бағаланғанда қылмыс қатарынан шығарылу мәселесі де қарастырылады. Қылмыстық құқық мамандардың жеткілікті білім деңгейінде даярлануы, практика қызметкерлерінің дұрыс, әрі сапалы жұмыс істеуі үшін, өз міндетінің шеңберінде қылмыстық заңдағы өз-ара ұқсас қылмыстардың бір-бірінен айырмашылығын және заң нормаларын практикада қолдану тәртібін ұсынады. Қылмыстық заң нормаларын практикада, яғни сот-тергеу қызметінде қолдану тәртібі туралы сөз қозғалғанда және оны іске асырғанда қылмысты квалификациялау туралы мәселе орын алады.

Қылмыстық заң нормаларын іс жүзінде қолдану немесе қылмысты іс-әрекеттерді бағалау, ол қылмыстық заңның міндеттерінен туындайды деп түсіну керек. ҚР ҚК 2 бабының мағынасы екі қызметті іске асыруға бағытталған. Біріншісі, қауіптілігі жоғары деп танылған іс-әрекеттерді заңда қылмысты деп жариялау арқылы азаматтардың мұндай әрекеттерді алдағы уақытта жасауына немесе заң нормаларында міндеттер білгіленгенде әрекетсіздік танытуына шектеу қою, тиым салу болып табылады. Екіншісі, қылмыстық заңның тиым салуына қарамай, қылмысты іс-әрекеттерді жасаған жағдайда оларға жауаптылықты белгілеу үшін заң нормаларын қолдану болып табылады. Қылмыстық заң осы екі міндетті іске асыру үшін өмір сүреді. Қылмысты квалификациялау мәселесі осы екінші міндетті дұрыс, әрі қылмыстық құқықта белгілен-

ген ережелерге сәйкес іске асыруға арналған. Сондықтан қылмысты квалификациялау қылмыстық құқық ғылымының маңызды және жиі қолданылатын ұғымның бірі болып табылады. Квалификациялау ұғымы латын тілінің qualis деген сөзінен шығады және мағынасы сапа деген сөзді білдіреді.

Квалификация кезінде болған уақиғаға құқықтық баға беріледі, ал қылмысты квалификациялау кезінде заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға, заңды мүдделерге, құқықтарға және қоғамның құндылықтарына қауіп төндірген, саналы түрде жасалған іс-әрекетке құқықтық бағалау жасалады. Қылмыстық құқықтық бағалау кезінде болған қылмыстық уақиғаны басқа құқық бұзушылықтардан ажыратып, онда қылмыстық құрамы бар немесе жоқтығын анықтап, бар болған жағдайда оны ҚК Ерекше бөлімінің белгілі бір бабына сәйкестігін табу керек. Қылмысты квалификациялауда жасалған қылмысты іс-әрекетке құқық шеңберінде бағалау жасалып, ол бағалау қылмыстық құқықтың бүкіл көлемін қамтиды деуге болады, себебі іс-әрекетке бағалау берілгенде осы заң қорғайтын объектілерге зиян келтіргендігі, яғни қоғамға қауіптілігі, кінәлілігі тәрізді елеулі белгілері алдымен анықталып, мұнан кейін ғана қылмысты іс-әрекетті белгілі-бір қылмыстық-құқықтық норма көлемінде талдау жүргізіледі.

Қылмысты квалификациялау кезінде екі маңызды категорияның арақатынасы, яғни ұғыстық дәрежесі өлшенеді. Біріншісі, қоғамның мүддесіне қайшы жасалған әрекет назарға ілігіп, оған қарсы шара қолдану қажеттілігі туындайды. Мұндай әрекеттер қоғамға қарсы сипатымен, әдетте сол ортадағы әлеуметтің назарлығын тудырып, жалпы адамгершілік тұрғысынан бағалауға алынады. Адамгершілік бағалау мұндай әрекеттерге тиым салу бағытын ұстанғанда ғана, оны қылмыстық заңда қылмыс ретінде бағалау қажеттілігі пайда болады. Демек әлеуметтік-қоғамдық ортада адамгершілікке жатпайтындығына байланысты құқық тұрғысынан қылмыс деп бағаланған құбылыстар өмір сүреді.

Екінші категория, ол заң шығарушының ой жұмысының жемісі емес, әлеуметтік-қоғамдық ортада, сол қоғамда кездесе алатын зиянды іс-әрекеттерді анықтаудың нәтижесінде дүниеге келген қылмыстық заң. Заң шығарушының зиянды іс-әрекеттерді қылмысты деп белгілеуінде де адамгершілік бағалау жатыр. Ол бағалау әлеуметтік ортаның бағалауына, яғни сол қоғамдағы адамзаттың ортақ бағалауына негізделген болуы немесе сәйкес болуы қажет. Міне осындай себептен қылмыстық құқық өмір сүріп, өзінің өмір сүру себептеріне байланысты басты

міндетін, яғни қылмыстық құрамдарды анықтаумен және оларға жаза-ның түрі мен көлемін белгілеумен айналысады.

Қылмысты квалификациялау кезінде жасалған қауіпті іс-әрекеттердің белгілері мен қылмыстық құқық нормаларымен қарастырылған қылмыс құрамдарының арасындағы сәйкестік анықталады. Жасалған қоғамға қауіпті іс-әрекеттер мен заңда белгіленген қылмыс құрамының элементтері мен белгілері дәл келгенде, яғни қылмыс құрамының объектісін, объективтік жағын, субъективтік жағын және субъектісін сипаттайтын белгілері дәл келгенде сәйкес деп танылады.

Сонымен, қылмысты квалификациялау дегеніміз, жасалған қылмысты іс-әрекеттердің белгілері мен қылмыстық құқық нормаларымен қарастырылған қылмыс құрамдары белгілерінің бір-біріне сәйкестігін анықтау болып табылады.

Қылмысты квалификациялаудың түсінігі туралы оқулық әдебиеттерде бір-біріне ұқсас, бірақ өз-ара айырмашылығын да байқауға болатын бірнеше анықтамалар кездеседі. Мысалы, Б.А.Куринов «Қылмысты квалификациялау – бұл жасалған қылмыстың белгілері мен қылмыстық заң нормаларының арасындағы ұқсастықты табу болып табылады», – дейді.¹ Ал В.Н. Кудрявцев «Қылмысты квалификациялау ретінде, қылмыстық құқық нормасымен қарастырылған қылмыс құрамының белгілерімен жасалған іс-әрекет белгілерінің арасындағы дәл сәйкестікті табу және ресми құжаттарда бекіту» алынады дейді.² Осы анықтамаға ұқсас түрде қылмысты квалификациялауды Л.Д. Гаухман былай анықтайды. «Қылмысты квалификациялауды жасалған іс-әрекеттің нақты белгілері мен қылмыстық заңмен қарастырылған қылмыс құрамы белгілерінің, сонымен қатар басқа да заңдармен және РФ ҚК Ерекше бөлімі бабтарының бланкеттік диспозициялары сілтеме жасайтын өзге де нормативтік құқықтық актілердің арасындағы дәл сәйкестікті табу және заң құжаттарында бекіту ретінде түсіну керек»³, – дейді.

Бұл анықтамаларға ұқсас анықтаманы В.А. Сергиевский және С.М.Рахметов «Квалификация-бұл жасалған іс-әрекеттің нақты белгілерімен Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде қарастырылған қылмыс құрамдарының белгілерімен дәл және толық сәйкестігін анықтау және ресми түрде бекіту» дейді.⁴

¹ Б.А.Куринов. Научные Основы квалификации преступлений. – М. 1984. С.12.

² В.Н.Кудрявцев. Общая теория квалификации преступлений. – М. 2001 с 5.

³ Л.Д.Гаухман. Квалификация преступлений М., с 21

⁴ В.А. Сергиевский, С.М. Рахметов. Квалификация а преступлений. –Алматы, 1999. С.10.

Бұл анықталмалардың өз-ара айырмашылықтарына көңіл аударсақ, алғашқы кетіріп отырған Б.А.Куриновтың анықтамасындағы “жасалған қылмыстың белгілері мен қылмыстық заң нормаларының арасындағы ұқсастықты табу” деген сөзде ұқсастық ретінде бұл жерде “аналогияны” қолдану туралы сөз болып отырған жоқ. “Ұқсастықты табу” ретінде Б.А.Куринов жасалған іс-әрекетке заңдағы қылмыстық құрам элементтерінің толық сәйкес келуін ұсынады. Оның “Ұқсастықты табу” деген ұғымды қолдану себебі, заңдағы бір қылмыстық құрамға жататын қылмысты іс-әрекеттер өмірде әр түрлі жағдайда, орында, уақытта жасалып, әр қылмыстық өзіндік ерекшеліктері болатынын ескерген. Бірақ бұл ерекшеліктер қылмыстық заңның бір бабы бойынша квалификациялау жүргізуге кедергі жасай алмайды. Мысалы жасалған бірнеше ұрлық қылмысының әрқайсысының басқа ұрлыққа сәйкес келмейтін ерекшеліктері болуы мүмкін. Бірақ заң нормасы мұндай елеусіз ерекшеліктерді өзіне қамтый алады және барлық меншікке тікелей бағытталған ұрлық әрекеттері Қылмыстық кодекстің 175 бабы бойынша квалификацияланады. “Ұқсастықты табу” және “дәл сәйкестігін табу” ұғымдарының бұл жерде айырмашылығы жоқ, бұл ұғымдарды синоним ретінде қабылдау керек.

В.Н.Кудрявцевтің, Л.Д. Гаухманның анықтамаларындағы “дәл сәйкестікті табу және оны заң құжаттарында бекіту” деген ұғымдардың қолданылу себебі, ол бұл авторлардың қылмысты квалификациялауды екі мағынада қолдануына байланысты. Олар қылмысты квалификациялауды процесс және нәтиже мағыналарында анықтап, процесс ретінде адамның әрекеттерінен белгілі бір қылмыстың белгілерін табуды және Қ.К.Ерекше бөлімінің нормаларын қолдануды, сонымен қатар қылмысты квалификациялау субъектілерінің ой жұмысы түрінде анықтайды. Ал нәтиже ретінде қылмыстық істі практикада жүргізетін қызметкерлердің, яғни тергеуші, сот, прокуратураға органдарының ресми құжаттарда (тергеу қаулыларында, айыптау қорытындыларында, сот үкімдерінде) заңға негізделген өз квалификациясын көрсетуін келтіреді.

Заң қызметі туралы құжаттарда қылмысты квалификациялауды ресми түрде көрсету – бұл қылмысты квалификациялау жұмысының барлық қолданылатын жерін білдіре бермейді. Қылмысты әрекеттерге құқықтық баға беру немесе квалификация жүргізу тергеу, сот қызметтерін іске асыруда ғана емес, басқа салаларда да, мысалы қылмыс туралы және қылмысты әрекеттер бойынша заң бабатарын қолдану туралы ой, ұсыныс келтіретін заң ғылымы саласында да кездеседі. Сонымен

қатар қылмысты квалификациялауды ресми құжаттарда бекіту кезеңіне дейін, оны іс жүзінде қолданатын субъектілер алдын-ала ол туралы білім алуы керек. Демек, қылмысты квалификациялау мәселесі тек ресми сипатқа ғана емес, сонымен бірге ғылыми сипатқа да ие.

С.М.Рахметовпен В.А.Сергиевскийдің қылмысты квалификациялауды жасалған қылмысты әрекетпен Ерекше бөлім баптарының арасындағы сәйкестікті анықтау ретінде қарастыруы, ол бұл бағыттың жоғарыда аталған ғалымдардың түсінігіне мағынасы жағынан ұқсас болып табылатынын көрсетеді. Себебі жасалған қылмысқа қылмыстық заңды қолдана отырып баға беруде іс-әрекеттің қылмысты немесе қылмысты емес екендігі, қылмыс болса қандай қылмыстық құрамға жататындығы анықталады немесе құқықтық баға беру осы бағытта жүргізіледі. Қылмысты квалификациялаудың жоғарыда келтірілген анықтамалары да осындай мағынада келтірілген. Бұл жерде мынадай сұрақ туындайды. Қылмысты квалификациялау және жасалған қылмысқа құқықтық баға беру ұғымдары бір ұғым ба, әлде олардың айырмашылығы бар ма?

Құқықтық бағалау мағынасы кең, әр салада қолданылатын жалпы ұғым болып табылады. Себебі құқықтық бағалау-құқық салаларында кездесетін құқықтық құбылыстық бір түріне жатады. Демек, әр құқық саласының өз ерекшелігіне қарай заң нормаларын қолдана отырып, болып өткен белгілі бір уақиғаға баға беруі және оның нәтижесі әр құқықтың өзіндік сипатына, қарастыратын қоғамдық қатынасының саласына байланысты болып табылады. Өзге құқық салалары бойынша бағалау адамның, ұйым, мекеме, кәсіпорынның, сонымен қатар мемлекеттің жасаған әрекеттеріне беріледі. Ал қылмысты іс-әрекетке құқықтық баға беру, ол қылмыстық құқықтың өз ішінде жүргізіледі деп түсіну керек. Іс-әрекеттерге құқықтық баға бергенде сол құқықтың өз ерекшелігіне байланысты қалыптасқан, үлгі ретінде қолданылатын арнайы тәсілдері қолданылады. Қылмысты іс-әрекеттерге де құқықтық бағалау жүргізілгенде қылмыстық құқық саласында қолданылатын тәсілдер қолданылып, ол тәсілдер жасалған қоғамға қауіпті іс-әрекетті басқа құқық бұзушылықтардан айыру, заңмен қорғалатын объектілердің қай саласына бағытталғанын анықтау, нақты қылмыс құрамының элементтерін табу, жауапкершілікті белгілеуде ескерілетін жағдайларға көңіл аудару түрінде белгіленген. Бұл тәсілдер қылмысты квалификациялауда да қолданылады. Демек қылмысты квалификациялау және қылмысты әрекетке құқықтық баға беру ұғымдарының айырмашылығы, ол ұғымдардың қолданылу көлемінде болып жатады. Іс-әрекетті құқықтық

бағалау кең, ал квалификациялау тар немесе нақты ұғым ретінде қолданылады.

Қылмысты әрекеттерге құқықтық бағалау жүргізгенде қылмысты квалификациялаудың бүкіл кезеңі қамтылады және қолданылуға жататын заң бабын табу міндетінен асып, жауаптылықты белгілеуге қатысты жақтарына да назар аударылады. Ал қылмысты квалификациялау ұғымын қолданғанда біз алға бір ғана мақсат қойып, ол қылмысты іс-әрекетті қамтитын немесе толық сәйкестігін білдіретін заң нормасын табуды көздейміз. Яғни жасалған қылмысты іс-әрекетпен, заң нормасы белгілерінің арасындағы сәйкестікті анықтауды міндет тұтамыз.

Жалпы, қылмысқа құқықтық баға беру-қылмысты квалификациялау ұғымдарының арасында елеулі айырмашылық жоқ. Тек қылмысты квалификациялау құқықтық бағалау арқылы іске асырылады деп түсінуіміз керек.

Жасалған іс-әрекеттерге қылмыстық заң нормаларын қолданып баға беруге тек қылмысты квалификациялау ғана жүргізілмейді, сонымен бірге қылмыстық-құқықтық квалификация да жүргізіледі. Қылмыстық-құқықтық квалификациялау ұғымына тек қылмысты деп танылған іс-әрекеттерге қылмыстық заң нормаларын қолданып баға беру ғана емес, қылмыс құрамы жоқ деп танылатын жағдайларға баға беруде жатады. Бұл да қылмыстық құқықтық нормалардың қолдану аясын көрсетеді. Практикада заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келу уақиғасының орын алуына байланысты қылмыстық іс қозғалып, бірақ тергеу немесе сотта іс қарау кезінде қылмыс құрамының жоқтығына немесе адамның әрекетінде қоғамға қауіптіліктің, сол сияқты кінәнің болмауына байланысты қылмыстық іс қысқартылатын кездер болады. Мұндай жағдайлар қылмысты квалификациялау ұғымына емес, жасалған іс-әрекетке қылмыстық-құқықтық баға беру арқылы іске асырылатын қылмыстық құқықтық квалификациялау ұғымына сәйкес келеді. Яғни қылмысты квалификациялауға қарағанда қылмыстық-құқықтық квалификациялау ұғымы кең мағынаға ие. Анығырақ айтқанда қылмысты квалификациялау қылмыстық-құқықтық квалификацияның бір түрі болып табылады. Бұл пәнде тек қылмысты іс-әрекеттерді квалификациялау мәселесі қарастырылады. Себебі іс-әрекетте қылмыс құрамы жоқ жағдайларды анықтау үшін бір ғана тәсіл қолданылады. Ол қылмыс құрамы элементтерінің түгел емес екендігін анықтау. Іс-әрекетте қылмыс құрамының түгел болмайтын жағдайларын анықтау және ондай кездерде заң нормаларын қолдану көп түсіндіруді қажет етпейді.

Сондықтан іс-әрекетке квалификация бергенде немесе қылмыстық-құқықтық квалификацияда барысында, қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің нормаларына сілтеме жасау міндетті емес. Мысалы, шектен шықпаған қажетті қорғануда, қылмыскерді ұстау шаралары шегінен шықпай зиян келтіруде тек Жалпы бөлім нормаларына сілтеме жасалына отырып, іс-әрекет квалификацияланады. Мұндай Жалпы бөлім нормаларын қолданумен шектелетін жағдайларды да құқық нормаларын қолдану қызметіне жатқызуға болады.

Жоғарыда келтірілген анықтама қылмысты квалификациялаудың құқықтық құбылыс екендігін білдіреді, яғни іс жүзінде қолданылу арқылы көрініс табатын және қолдану үшін арнайы ілімі бар құқықтық құбылыс болып табылады. Бірақ қылмыстық заң нормаларын қылмысты іс-әрекеттерге қолдану, яғни қылмысты квалификациялау-құқықтық құбылыстың тек бір түрі ғана болып есептеледі.

Бұл пән бойынша шығарылған оқулықтар негізінен “қылмысты квалификациялаудың ғылыми негіздері” және “қылмысты квалификациялаудың жалпы теориясы” деп аталады.¹ Қылмысты квалификациялаудың ғылыми негіздері немесе жалпы теориясы деген атаулардың бір-бірінен елеусіз айырмашылықтары бар. Қылмысты квалификациялаудың ғылыми негіздері деген атаудың мағынасы, ол квалификация жүргізу тек практикалық ғана емес, сонымен бірге, теориялық немесе ғылыми жұмыс екендігін білдіреді. Практикада жүргізген сот, тергеу, прокуратура органдарының қылмысты квалификациялау жұмысы ғылыми тұрғыдан негізделген, дәлелденген түрде болуы керек. Сонда ғана қылмысты әрекеттерге құқықтық бағалауда қателіктер кету азаяды.

Қылмыстық заңды практикада дұрыс, тиімді қолдау және қателіктерді азайту үшін қылмыстық құқық ғылымында қылмысты квалификациялау мәселесі де зерттеледі. Сонымен бұл курстың қылмысты квалификациялаудың ғылыми негіздері деп аталу есебі, квалификациялау жұмысын ғылыми тұрғыда ойластырылған, негізделген түрде қолдану керектігін білдіреді.

Ал қылмысты квалификациялаудың жалпы теориясы деген атау, ол қылмысты әрекеттердің қоғамдық өмірде және қылмыстық заңда да көп болуына байланысты, олардың әрқайсысына жеке-жеке теориялық тұрғыдан үлгі көрсетпей, тек ғылыми тұрғыдан негізделген жалпы ережелерді қолдауды білдіреді. Яғни қылмыстың топтарына аяқталмаған-

¹ Б.А. Куринов, В.Н Кудрявцев аталған еңбектердің атаулары.

дығына, бірнеше адамдардың қатысып қылмыс жасауына, қылмыстың жиынтығына, бірнеше рет қайталануына т.б. ерекшеліктеріне қарай заңды қолдануда бір келкі ереже немесе жалпы теория ұсынады. Бұл екі атаудың, яғни қылмысты квалификациялаудың жалпы теориясы мен ғылыми негіздері деген ұғымдардың өзара үлкен айырмашылығы жоқ, біз бұл курста қылмысты квалификациялаудың жалпы теориясын көрсете отырып, оның ғылыми тұрғыда негізделген түрде ұсынуымыз керек.

Қылмыстарды квалификациялау кезінде қылмыстық құқықтың көптеген мәселелері қамтылып, кейбір кезде анық квалификациялау жүргізуге қиындық кездеседі, оның ішінде қылмыстық заңның қалып кеткен тұстары және теориялық концепциялардың көмескілігі, ал кейде мәселенің даулылығы әсер етеді. Сондықтан практикада квалификация жүргізу кезінде қылмыстық құқық ғылымында әлі бір жақты шешілмеген мәселелер бойынша қиындық кездесіп, нәтижесінде әр тергеу, сот ісін жүргізуде мәселелерінде әр қилы квалификациялау кездеседі. Мұндай әр қилылықты жою үшін ҚР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер бойынша нормативтік қаулылары шығып, олар тергеу, сот органдарына міндетті күші бар нормативтік актілер ретінде қолданылады. Жоғарғы Соттың қылмыстық істер бойынша қаулыларында сот-тергеу практикасында даулы болып, біркелкі шешілмеген істер ескеріліп, ондай жағдайларды бір келкі түрде шешу жолдарын ұсынады. Қылмысты квалификациялауды дұрыс жүргізуге кедергі жасайтын жағдайдың бірі, ол кейде заңның өзінде қылмысты әрекеттердің анық бейнеленбеуі болып табылады. Заң баптары анық және толық болғанда, ол сот-тергеу қызметінде қолдауға да жеңіл және анық, дәл квалификация жүргізуге жағдай жасайды.

Қылмысты квалификациялай отырып, оған құқықтық бағаны көрсеткенде әлеуметтік-саяси және адамгершілік бағалар берілуі үшін қылмыстық заң дұрыс, сапалы, толық жасалып және іс-әрекетті квалификациялау жұмысы да заңдылықты сақтай отырып іске асырылуы керек. Сондықтан квалификациялау мәселелерін шешу құқықтық ғана емес, ол әлеуметтік-саяси мағынаға да ие.

Қылмысты квалификациялау ұғымының қолданылуы, осы салада ғана пайда болатын құқықтық қатынастың пайда болғанын көрсетеді. Дәлірек айтқанда қылмыстық- құқықтық қатынас қылмыс жасалған кезден басталады. Ал квалификация кезінде бұл құқықтық қатынас ресми түрде көрінеді. Қылмыстық-құқықтық қатынас кінәлі деп танылған адамға осы қылмыс үшін жауаптылықты өтеуді, ал мемлекет ол адамға қылмыс-

тық-құқықтық шараларды қолдануды көздейді. Бұл құқықтық қатынас іске асырылғанда кінәлі адамға қылмыстық заңның тиісті нормасы қолданылып, сол норма көлемінде жауаптылығы белгіленеді. Қылмыстық жасалу уақиғасына қарай басталатын құқықтық қатынас ұзақ процессті білдіреді. Бұл құқықтық қатынас мазмұнында тек қылмыстық-құқықтық қатынас ғана емес, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық атқару құқықтарынан туындайтын қатынастарда кездеседі. Қылмысты квалификациялау процесі тек қылмыстық-құқықтық қатынастың бір түрін білдіреді.

Қылмыстық квалификациялау кезінде жасалған қылмысты іс-әрекеттің белгілерімен Қ.К Ерекше бөліміндегі қылмыс құрамдары элементтерінің сәйкестігі ғана анықталып қоймайды, сонымен бірге қылмысты квалификациялауда ҚК Жалпы бөлімінің де бабтары қолданылатын кездер болады. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің де барлық бабтары жекелеген қылмыс түрлерін білдіре бермейді. Мысалы, Қ.К. 366 бабы әскери қылмыстардың жалпы түсінігіне арналған. Бұл бапта жеке қылмыс түрі келтірілмеген, сондықтан 366 бабқа сілтеме жасалынбайды. Ал Ерекше бөлімде қарастырылған қылмыстарды жасау кезінде Жалпы бөлімде қарастырылған жағдайлар орын алса, онда Жалпы бөлімнің нормаларына және оның бөлімдеріне сілтеме жасау арқылы квалификацияланады. Бірақ Жалпы бөлімнің барлық нормаларына сілтеме жасалынбайды, оның ішінде тек аяқталмаған қылмыстар, қылмысқа қатысушылардың әрекеттерін қарастыратын нормаларға ғана сілтеме жасауға болады. Қылмыстық заңның Ерекше бөлімінде тек қылмысты орындаушының әрекеттері және аяқталған қылмыстардың белгілері бейнеленген.

Жалпы бөлімнің басқа нормалары қылмысты квалификациялауда мүлдем қолданылмайды деп айтуға болмайды, оларға тікелей сілтеме жасалынбаса да іс-әрекетте қылмыстың құрамы бар немесе жоқ екендігін анықтау кезінде атқаратын ролі бар. Мысалы кінә нысанының, қылмысқа қатысу ұғымының, қылмыс жиынтығының, қылмыстың бір неше рет жасалауының т.б. ұғымдары Жалпы бөлімде қарастырылған және қылмысты квалификациялау барысында ескерілетін ережелер болып табылады. Сонымен бірге қылмысты квалификациялау кезінде қылмыстық заңға жатпайтын өзге де ведомсталық заңдар, жарғылар, ережелер, инструкциялар ескеріледі. Бұл өзге ведомствалық актілердің квалификациялау кезінде қолданылу себебі, ол ҚК Ерекше бөлімінің кейбір бабтарының бланкетті диспозиция түрінде болуына байланысты. Заң нормаларының диспозициясы бланкетті болғанда, белгілі бір қылмыс

құрамы бар немесе жоқ екенін анықтау үшін, сол тиісті заңдарды қарау керек. Ол заңдарда, жарғыларда формальды түрде құқық бұзушылық болып саналатын іс-әрекеттер, қылмыстық құқықта көбінесе материалдық құрамдар ретінде белгіленген. Мысалы 152 бап – еңбекті қорғау ережелерін бұзу, 256 бап – өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу, 267 бап – санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді бұзу. Сол сияқты өзге ведомстволық ережелерді, инструкцияларды, заңдарды бұзу бірден қылмыс ретінде бағаланады. Мысалы, 146, 147 – сайлау жүргізу саласындағы қылмыстар, 244 бап – атом энергетикасы объектілерінде қауіпсіздік ережелерін бұзу, т.б. Сот-тергеу қызметінде мұндай қылмыстар бойынша квалификация жүргізілгенде ҚК Ерекше бөлімінің тиісті бабы қолданылады, бірақ іс қозғау туралы қаулыда немесе сезікті, айыпкер ретінде тарту туралы қаулыларда міндетті түрде өзге салалық нормативтік актілердің яғни жарғы, ереже, инструкциялардың тиісті бөлімі келтіріліп, қылмыскердің кінәсі негізделеді.

Қылмысты квалификациялаудың екі түрі бар: ресми және ғылыми. Ресми квалификация-қылмыстық заңның іс жүзінде қоланылуын білдіреді және көрінісі бойынша міндетті түрде ҚК Ерекше бөлімінің бабтарына сілтеме жасау түрінде іске асырылады. Ресми квалификациялау қылмыстық істі жүргізу қызметін атқаратын органдардың, яғни сот, тергеу, прокуратура қызметкерлерінің шығарған сот-тергеу құжаттарында көрініс табады. Сонымен бірге квалификацияның бұл түрінің тергеуде және сотта қаралып жатқан қылмыстық істер бойынша міндетті күші болады.

Ал ғылыми квалификация-қылмыстық істер немесе қылмыстық құқық ғылымына жататын кейбір мәселелер бойынша квалификация жүргізу туралы ғалымдардың оқулықтарда немесе басқа да басылымдарда ұсынған пікірлері болып табылады. Ғылыми квалификациялау ұғымына қылмыстық істер бойынша жұмыс істемейтін немесе оның ғылымына қатысы жоқ жекелеген азаматтардың жасаған квалификациялауы жатпайды. Себебі, жекелеген азаматтардың өз бетінше жасаған қылмыстық іс-әрекетке бағалауы қылмыстық құқық ғылымының дәрежесінде бола алмайды.

Бұл екі квалификациялау түрінің бір-бірінен айырмашылығы ол, біріншіден, қолданылу орнына және міндеттілігіне байланысты, яғни ресми квалификациялаудың қылмыстық істер бойынша міндетті күші болады және тек құқық қорғау органдары қызметкерлерімен жүргізіледі. Екіншіден, ресми квалификациялау ғылыми квалификацияға негіздел-

ген болуы керек. Яғни ғылыми тұрғыда қылмысты квалификациялауда қылмыстық құқықтың қағидалары, ережелері ескеріле отырып талданған, жан-жақты зерттелген, квалификациялау тәртібі ұсынылады. Сондықтан ғылыми квалификацияда қателіктер аз кездеседі. Практика қызметкерлерінің қылмысты әрекеттерге квалификация жүргізуінің моделі, қылмыстық құқық ғылымының дұрыс шешімдерін қолдану болып табылады.

§2. Қылмысты квалификациялаудың маңызы

Қылмысты дұрыс квалификациялауда немесе қылмыстық заң нормаларын дұрыс қолданылғанда заңдылық қағидасы сақталады. Демократиялық және құқықтық бағыттағы дамушы мемлекеттер үшін заңды дұрыс, әрі дәл қолдану Конституциялық қағида болып табылады. Заңдылық қағидасы қылмыстық құқық саласында заңды дұрыс түсініп, дұрыс қолдана білуді міндет етеді. Мұнан басқа, бұл қағида заңда көрсетілмеген іс-әрекеттер қылмыс ретінде бағаланбайтынын, яғни барлық қылмыс деп танылған іс-әрекеттер тек қылмыстық заң арқылы анықталатынын білдіреді.

Заң нормалары кейде өмір шындығына сәйкес келмейтін немесе ескіре бастаған түрде, сонымен қатар қылмыс деп танылған кейбір әрекеттердің қылмыстылығына әлеуметтік тұрғыдан күмән болуыда мүмкін. Бірақ өмір сүріп отырған қылмыстық заңның сапасыз тұстары болса да, оның жалпыға міндетті күші болғандықтан сақталуға тиісті болып табылады. Бұл да заңдылықтың сақталуын білдіреді. Демек, жасалған қылмысты дұрыс квалификациялау, ол кінәлінің әрекеттеріне дұрыс баға беретін және қоғамның, жеке адамдардың мүддесі мен құқықтарын қорғайтын заң бабын қолдануды білдіреді. Мұндай талапты сақтаудың маңызы зор, себебі қылмысты іс-әрекетке дұрыс құқықтық бағалау бергенде әділ сот іске асырылып, қылмыскер басқа қылмыс үшін емес, өзі жасаған қылмыс түрі бойынша жауапты болады. Нәтижесінде қылмыс жасаған адамның қоғамға қауіптілігі дәрежесіне сай келетін жауаптылықтың түрі мен көлемі белгіленеді, себебі әр қылмыстың қоғамға қауіптілігінің дәрежесіне қарай қылмыстық заңның Ерекше бөлімінің бабтарында жазалар келтірілген. Қылмысқа дұрыс, әрі толық квалификация беру-жазаны дұрыс белгілеуге жағдай жасайды және қылмыстық жауаптылықтың салдары да дұрыс шешіледі, яғни жаза өтеу мекемесінің түрі, жазадан шартты түрде ерте босату, сотталған адамға түзеу

құралдарының түрлерін қолдану, соттылық мерзімінің аяқталуы дұрыс қолданылады.

Қылмысты дұрыс квалификациялаудың келесі маңыздылығы, ол елдегі қылмыстылық туралы статистикалық ақпараттың дұрыс берілуіне әсер етеді. Егер құқық қорғау органдарының қызметкерлері қылмысқа дұрыс баға бермей және қате квалификация жасаса, онда қылмыстылық туралы статистикалық мәліметтер бұрмаланып беріледі, нәтижесінде қылмыстардың ауырлығы, түрлері бойынша объективтік өмірдің шындығына сәйкес келмейтін, қате ақпараттар жарияланады.

Қылмысты дұрыс квалификациялаудың келесі маңыздылығы – мемлекеттің қылмыстылықпен күрес шараларын жүргізуіне байланысты болып табылады. Практика қызметкері қылмыстың түрін дұрыс анықтама, онда ол қылмыс өз тобына жатқызылмай, басқа қылмыстың көбеюін білдіруі мүмкін. Мемлекет қылмыстылықтың түрінің көрсеткіштеріне қарай онымен күрес шараларын белгілейді.

Сот-тергеу практикасының материалдарына назар аударсақ, өкінішке орай қылмысты квалификациялау субъектілерінің қате жұмыс істеуі жиі кездеседі. Құқық қорғау органдарының жұмысына баға бергенде “құқықтық нигилизм” деген ұғым кейде қолданылады. Мағынасы құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жағымсыз әрекеттер жасауын, салдыр-салақ, қате жұмыс істеуін білдіреді. Құқықтық нигилистік әрекеттер сот-тергеу органдары қызметкерлерінің құқықтық сауатсыздығына, жеткілікті деңгейде білімінің болмауына байланысты абайсыздықта қате жіберуіне немесе өздері қылмыстық іске мүдделі болғанда қасақана да құқық нормаларын дұрыс қолданбауына байланысты кездеседі.

Заңды қолдануда қателіктер жіберу әділсоттың іске асырылуына кедергі жасап ғана қоймайды, ол сонымен бірге халықтың арасында құқық қорғау органдары қызметі туралы теріс пікір қалыптасуына және сенімсіздік танытуына әкеле алады. Нәтижесінде сот-тергеу, прокуратура органдары қызметінің беделіне нұқсан келеді және олардың қызметтерінің негізгі мақсаты іске асырылмайды. Мысалы ауыр қылмыс жасаған адамның әрекетін жеңіл қылмыс түрі бойынша бағалағанда, ол қылмыскерге жаза жеткілікті деңгейде белгіленбейді, нәтижесінде жаза қылмыскерге әсер етпейді. Ал жеңіл қылмыс жасаған адамның әрекетін ауыр қылмыс деп белгілегенде, ол қылмыскер өзінің қауіптілік деңгейіне сәйкес келмейтін құқықтық жазаға тартылады және жаза керісінше, яғни адамды түзеу мағынасында емес, бұзу мағынасында көрініс беруі мүмкін. Нәтижесінде ол адамда құқық қорғау органдарының

қызметі туралы теріс пікір қалыптасады және оның болашақ өміріне түпкілікті әсер етуі мүмкін. Осындай нигилистік әрекеттердің алдын-алу үшін қылмыстық заң 52 бабтың барлық бөлімдерінде соттарға жаза тағайындау кезінде ескерілуге тиісті талаптарды келтіреді.

Жаза тағайындау кезіндегі бұл талаптардың сақталуын ҚР Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 19 қазандағы “Бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаудың кейбір мәселелері туралы” нормативтік қаулысы талап етеді. Бұл қаулының 1 пунктінде “Әр бір қылмыс бойынша ҚК 52 бабында белгіленген жазаны тағайындаудың жалпы негіздерінің сөзсіз сақталуын соттар ескеріп, тым қатал немесе тым жеңіл белгіленген әділетсіз жазалар жазаның мақсатына жетуге жағдай жасай алмайтынына көңіл аудару керек” деп сот қызметіне талап қояды.¹

Тергеу органдары қызметкерлерінің қылмыстық заңның барынша ауыр қылмыс түрімен квалификация жасайтындығын кездестіруге болады. Мұндай кезде тергеушілер жауаптылықтың жоғарғы көрсеткішіне есеп жасап, оны жеңіл қылмысқа ауыстыруды соттардың еншісіне қалдырады. Тергеу органының қызметкерлері осылайша жұмыс істей отырып, максималдық деңгейде іс-әрекетті бағалау саясатын ұстанады және осындай қызметімен сезікті немесе айыпкер адамдардың заңды мүдделері мен құқықтарын бұзады және заңдылық қағидасын естен шығарады.

Сот-тергеу практикасының материалдарынан қылмыстық жиынтығын қолдан жасауды жиі кездестіруге болады. Тергеушілер қылмысты квалификациялау кезінде жасалған қылмысқа ұқсас өзге де қылмыстарды қоса отырып квалификациялайды. Мысалы бір бандитизм қылмысын квалификациялау кезінде оған ұқсас қылмыстарды, мысалы ұйымдасқан топпен жасалған қарақшылықты, атылатын қару-жарықты алып жүру немесе сақтауды, ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастықты құру және оған қатысу тәрізді қылмыстарды қосып, жиынтық түрінде бағалайды. Осылай ете отырып, сот-тергеу қызметкерлері қылмыстық құқықта кейде бір қылмыстың белгілері бірнеше қылмыстардың қосындысынан құралатынын, яғни күрделі қылмыстық құрамдардың ерекшелігін немесе мұндай қылмыстарды квалификациялау ережесін естен шығарады. Бірнеше қылмыстардың қосындысы бір қылмыс түрінде заңда байнеленгенде, оның жауаптылығы да басқа қылмыстармен салыстырғанда ауыр болып белгіленеді. Тергеушілер қылмы-

¹ Сборник постановлений Пленума Верховного Суда РК (1981-2003 годы), Алматы-2004 с 317.

сқа осындай қате квалификациялау жүргізе отырып, оның қателерін соттардың қайта квалификация жүргізу мүмкіндіктеріне қалдырады, яғни бұл кезде де тергеушілер максималдық мөлшерде бағалау жүргізу саясатын ұстанады. Ал аудандық, қалалық соттарда бұл қателіктер көбінесе соттардың жеткілікті дейгейде білімді болмауына байланысты түзелмей, сотталушы, адвокат т.б. тарапынан апелляциялық арыздың болуына байланысты Жоғарғы соттың қылмыстық істер туралы алқа мәжілісінде түзеліп жатады. Мұндай кезде Жоғарғы соттың алқасы артық тағылған айыптауларды алып тастап, оның себебін өз анықтамаларында келтіреді. Іс-әрекетте қылмыстық жиынтығы жоқ жерде сауатсыздықпен қылмыстар жиынтығы түрінде квалификациялау, сот-тергеу қызметінің ең ауыр қателігі болып табылады. Себебі мұның нәтижесі қылмыстар жиынтығы бойынша жаза тағайындауға әкеледі.

Тергеушілердің, соттардың өз квалификациясын негіздеп келтіруін, яғни неге осы бабты қолданып отырғанын түсіндіре кетуін Жоғарғы Сот Пленумдарының қаулылары ертеден талап етуде. Мысалы “Сот үкімі туралы” 1969 ж. 30 маусымдағы КСРО Жоғарғы Соты Пленумының қаулысында “қылмыстық заңның белгілі бір бабы немесе бабтың бөлімдері, пункттері бойынша қылмысты квалификациялауы үкімде түсіндіріліп көрсетіле кетуі керек” дейді.¹

Сол сияқты 2001 жылғы 19 қазандағы “Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны тағайындаудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысы 5 пункте “Соттар жаза тағайындау кезінде қылмыстық іс жүргізу кезеңінің 379 бабының 2 бөліміне сәйкес, қылмыс жасағандығы үшін кінәлі деп танылған адамға үнім шығарғанда жазаның жүрін, көлемін немесе мерзімін белгілеу себебін көрсетуге міндетті. Мұндай кезде соттар жазаны белгілеуге әсер еткен жағдайларды ғана тізбелеумен шектелмей, сонымен бірге қылмыстық қоғамға қауіптілігін дәрежесі мен сипатын және қылмысты жасаған адамның және басының қауіптілік дәрежесін қалай бейнелейтінін көрсетуі керек”, – дейді.² Бірақ бұл талап әлі күнге дейін сот-тергеу қызметінде көпшілік жағдайда сақталмауда.

Қылмысты дұрыс квалификациялау үшін заң талаптарын дұрыс түсінетін, біліктілігі жоғары, сауатты тергеушілер, соттар, прокурор-

¹ Сборник постановлений Пленума Верховного Суда СССР, 1924-1970 М., 1970, с 258

² Сборник постановлений Пленума Верховного Суда Республики Казахстан (1961-2003 годы) Алматы-2004, с 318.

лар жұмыс істеуі керек және олар заңды тек құқықтық мағынада түсініп ғана қоймай, оның әлеуметтік мағынасын да түсіне алатындай деңгейде болуы керек. Қылмысты дұрыс квалификациялауды іске асырудағы бір кедергі, ол сот-тергеу органдары қызметкерлерінің жаттанды жұмыс істеуі болып табылады. Тергеу қызметінде бұрын болған қылмысқа ұқсас уақиға болғанда, дәл сол бабтарды қайта қолдану да жиі кездеседі. Осылай ете отырып, әр бір жасалған қылмыстың өз ерекшелігі болатынын ескермейді. Тергеу жұмысы, оның ішінде қылмысты іс-әрекеттерге заң бабтарын қолдану творчестволық тұрғыдан қарауды қажет ететін қызмет. Яғни қылмысты квалификациялауда қолданылатын қағидалар мен ережелерді ескере отырып, тергеуші квалификация жүргізгенде, қылмысты іс-әрекеттің заң бабтарымен толық қамтылуын, заңмен қорғалатын қоғамдық қатынасқа сәйкес келуін, қолданған заң нормасы кінәлінің қауіптілік деңгейіне сәйкес келуін, бір әрекет үшін бірнеше қылмыс ретінде құқықтық шараға тартылмауын т.б. талаптарды сақтауы қажет. Бірақ бұл жұмыс қылмыстық құқықтық талаптарын ескере отырып іске асырылуы тиіс, олай болмағанда әр тергеушінің, соттың қылмысты әрекеттерге жасаған квалификациясы, оның жеке пікірін, ұстанымын білдіріп, қылмысты квалификациялауға белгіленген ережелерге сәйкес жүргізу талабын бұзуы мүмкін. Қылмыстық заң және оны түсіндіру мақсатында шығарылатын өзге нормативтік актілер жауаптылық шарасын дұрыс, әрі мемлекет аумағында бір келкі қолдану үшін шығарылады. Әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси құбылыстарды бір мемлекет аумағында бір тектес және дұрыс түрде жүргізу үшін, мемлекет ол салалар бойынша арнайы заңдар қабылдайды. Олай болмағанда мұндай елеулі қоғамдық құбылыстардың шешімі әр аумақтағы лауазымды адымдардың жеке көз-қарасына тәуелді болып қалады. Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекетті қалыптастыруды көздейді. Бұл ұзақ процессті қамтитын мақсат, себебі қоғамда заңның бірінші кезекте қолданылуын, оның беделін көтеріп ғана қоймай, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық елеулі қатынастардың барлығын анықтауды, оларды бір тұтас үлгіде шешу үшін арнайы заңдар қабылдануды талап етеді. Құқықтық реттелуге жататын елеулі қатынастар немесе елеулі қоғамдық болмыстар ретінде бағалануы үшін мыналар болуы керек. Біріншіден, ол құбылыс әлеуметтік-қоғамдық өмір үшін елеулі маңыздылығы болуы керек. Мысалы, төтенше жағдайлар орын алғанда туындауы мүмкін мәселелерді қалай шешу керек? Бұл сұрақтың жауабы ретінде Қазақстан Республикасында арнайы заң қабылдан-

ған немесе тұқым шаруашылығына қатысты туындайтын қатынастарды реттеуге арналған заң т.б. Екіншіден, елеулі қатынастар тек жеке бір адамның биологиялық қажеттілігін (мысалы, тамақ сатып алу, т.б.) емес, қоғамның дамуын білдіретін құбылыс түріне жатуы керек. Үшіншіден, елеулі құбылыста бір тектес қоғамдық қатынастар орын алып, оның шешілуі мемлекеттік құқықтық саяатты барынша ескере отырып іске асырылуы керек. Төртіншіден, елеулі қоғамдық құбылыста құқықтық қатынас субъектілері белгіленіп, олардың құқықтары мен міндеттері анықталуы қажет. Демек құқықтық мемлекет жеке түсінік, ұстаным бойынша емес, ереже бойынша өмір сүруді талап етеді.

Құқықтық мемлекеттің қылмыстық заңы бірнеше міндеттерге сай болуы керек. Бірінші кезекте қылмыстық заң құқық дамуының ең жоғарғы деңгейін көрсетуі қажет. Ол үшін қылмыстық іс-әрекеттерден қорғалуға жататын мемлекетпен қоғамның барлық мүдделері, құндылықтары қаншалықты деңгейде бағаланғаны анық болуы қажет. Екінші кезекте адамгершілікпен құқықтық моралға қайшы, қоғамға қауіптілігі елеулі іс-әрекеттердің барлығы қылмыс ретінде заңмен қамтылуы керек. Келесі кезекте қылмысты әрекеттерге белгіленетін жазалау шараларының сәйкестігі мен толықтығы заңда көрініс табуы керек. Төртінші кезекте қылмыстық құқық ғылымында заң нормаларының қолданылуы тиімділігін шешу, яғни іс-әрекетке баға беруге байланысты даулы мәселелерді бір тәртіпке келтіру арқылы қылмысты квалификациялау қызметін оңтайластыру қажет.

Қылмысқа дұрыс квалификация жасалғанда қылмысты іс-әрекет дәл анықталып ғана қоймай, заңмен қорғалатын қатынас, зардап т.б. құрам элементтерінің белгілері, яғни әрекеттің сипаты мен бағыты, кінә нысаны дұрыс анықталады. Сондықтан қылмысты дұрыс квалификациялау бірнеше талаптарға жауап беріп, мынандай мағыналарда анықталады: 1) әділ сотты іске асыруда заңдылық қағидасының сақталуын білдіреді; 2) қылмысқа берілген әлеуметтік-саяси және құқықтық бағаны бұзбай іс жүзінде көрсетеді; 3) кінәлінің жазасы мен жауапкершілігін дұрыс белгілеуге, яғни ҚК Ерекше бөлімінің бабтары бойынша айыпталып, сол бабтар көлемінде жаза тағайындауға әкеледі; 4) қылмыстық іс-жүргізу заңында қарастырылған істі тергеу тәртібін белгілеуге жағдай жасайды; 5) қылмыстылықтың көрсеткіштері дұрыс келтіріледі.

Сонымен қылмысты іс-әрекеттерге дұрыс баға беру құқықтық құбылыс ретінде құқықтық маңызға ғана ие болмай, әлеуметтік-саяси маңызға да ие болып, құқық қорғау органдары қызметінде көрініс табады және

олардың жұмысының сапасын анықтаудың басты құралы болып табылады. Сондықтан қылмысқа дұрыс квалификация жүргізу-қылмыстық заңды сот-тергеу қызметінде дұрыс қолдану арқылы көрінісін беріп, ол тек құқық қорғау органдарының ғана емес, әлеуметтік-қоғамдық органның да ортақ тілегін іске асыратын қызмет түрі болып табылады.

§ 3. Қылмысты квалификациялаудың қылмыстық құқықтағы орны

Қылмысты квалификациялау мәселесі қылмыстық құқықтың негізгі арналуын, яғни оның іс жүзінде қолданылу практикасын білдіреді. Қылмыстық құқықтың бүкіл болмысы, оның Жалпы және Ерекше бөлімдерінің құрылымы заңды іс жүзінде қолдану мақсатына арналған. Бұл мақсатқа қылмыстық құқықтың бір ғана мәселесі жатпайды. Ол қылмыс деп танылған іс-әрекеттерді қылмыстық заңда көрсету арқылы халықтың қылмыс жасауының алдын алу.

Қылмыстық құқық басты мақсаты ретінде қылмыс жасаған адамдардың іс-әрекеттерін бағалап, оған жауаптылық белгілеуді көздей отырып, осы мақсатқа жету үшін қажетті мәселелерді осы құқық саласының мазмұнында қарастырады. Мысалы, қылмыстық жауаптылықтың негізі, қылмыстың түсінігі, қылмыстың санаттары, аяқталған қылмыс деген тәрізді сұрақтарға жауап белгілеп, Ерекше бөлімде әрбір қылмыс түрін жеке қарастырып, жауаптылығын бейнелейді. Демек, қылмысты квалификациялау мен қылмыстық құқық мазмұнының көлемі, олардың зерттейтін нысаналары бірдей емес. Қылмыстық құқық қылмыспен жазаны құқықтық тұрғыдан талдайтын ғылым саласы. Қылмыстық құқық заңды қолдану үшін білу қажет деп танылатын барлық негізгі ұғымдарды анықтап, олардың мазмұнын, құрылымын ашатын ілім түрі болып табылады. Ал қылмысты квалификациялау қылмыстық құқықтық ережелерді ескере отырып қылмысты іс-әрекетке баға беруді немесе заң нормасын өмірге енгізуді білдіретін қылмыстық құқықтың жеке мәселесі ретінде бағаланады. Демек қылмысты квалификациялау пәнінде қылмыстық құқық анықтаған, зерттеген дайын ұғымдар қолданылады.

Қылмыстық құқық қылмыс деп танылатын әрекеттерге құқықтық талдау жүргізумен айналысқанмен, оның кейбір практикалық мәселелерін көрсетумен айналыспайды, яғни заң бабтарын сот-тергеу қызметінде квалификация жасау ережелеріне сүйене отырып қолдануды толық ашып бермейді.

Қылмысты квалификациялаудың қылмыстық құқықтан келесі айырмашылығы, ол зерттеу объектілерінің көлемінде. Қылмыстық құқық зерттеу объектісі ретінде негізінен екі мәселені, қылмыс және жаза мәселесін қарастырады. Ал қылмысты квалификациялау курсы жаза мәселесін қарастырмайды. Мұның себебі бұдан бұрынғы бөлімде айтқанымыздай, егер қылмысты әрекетке қылмыстың заң тұрғысынан дұрыс бағалау берсек, онда тиісті жазаны қолданудың алғы шарты да дайын болады.

Қылмысты квалификациялау курсы жеке ғылым саласын білдірмейді, ол қылмыстық құқық ғылымының құрамында қарастырылады.

Қылмыстық құқық ғылымы қылмыс және жаза категорияларын қарастыра отырып, жекелеген қылмыстардың өзіне ұқсас қылмыстардан айырмашылығын, ол қылмыстардың кейбір жағдайларда бағалану тәртібін, кінәні ауырлататын құрамдары тәрізді мәселелерді қамтиды. Бірақ бұл келтірілген мәселелердің ішінен ұқсас қылмыстарды ажырату, әр түрлі ситуациялар бойынша қылмысты іс-әрекетке квалификация жасау, кінәні ауырлататын жағдайлар болғанда заң бабтарын қолдану қылмысты квалификациялау курсына да қарастырылады. Себебі бұл мәселелер қылмыстық құқықтық мәселелерді талдау кезінде ашылады, ал қылмыстық құрамдарды әр-түрлі жағдайларды қолданып талдау, бұл қылмыстық құқықтық құрамына жататын квалификациялау мәселесін білдіреді. **Қылмысты квалификациялау курсының негізгі мағынасы және міндеті қылмысты іс-әрекеттерге құқықтық баға беріп, заң бабтарын қолданғанда ескеру және білу керек болып табылатын негізгі қағидалармен, ережелермен, талаптармен таныстыруға бағытталған.**

Қылмыстық құқықтың жалпы мәселелерін шешудің маңызы зор, себебі соның нәтижесінде ғана қылмысты квалификациялауға бағытталған ережелер дұрыс беріледі. Қылмысты квалификациялаудың кезкелген қылмысқа байланысты қылмыстық заңның тиісті бабын таңдау кезінде қолданылуы қажетті жалпы ережелері мен қағидалары бар.

Қылмысты квалификациялаудың қағидалары ретінде қылмысты әрекетке қатысты заң бабтарын қолданғанда ескеруге жататын және орын алғанда сақтауға тиісті ережелер алынады. Бұл қағидалар бұзылғанда қылмысты квалификациялау қате деп танылады. Олардың қатарына мыналар жатады:

- бір қылмыс болып табылатын іс-әрекетті бірнеше қылмыс ретінде бағаламау.

- қылмысты квалификациялудың толық, әрі дұрыс болуы.
- Қ.К. Жалпы бөлімінде қарастырылған іс-әрекеттер қылмыста орын алғанда сілтеме жасалынуы.
- кінәлінің қасақаналығына немесе қылмыстық ниетіне қарай квалификация жүргізу.
- маңызы ауыр емес қылмысты әрекеттерді, қауіптілігі жоғары әрекеттер сіңіретін жағдайларды қолдану.

Кінәлінің қылмысты әрекеті тек Қ.К. Ерекше бөлімімен қарастырылатын бір қылмысты ғана білдіргенде, ол сол жасаған қылмыс бойынша ғана айыпталып, заңның тиісті бабына сілтеме жасай отырып квалификациялануы керек. Бұл қағида бұзылғанда кінәлінің жасаған қылмысы бойынша қауіптілік дәрежесі нақты деңгейден жоғары болып көрсетіледі. Тергеу жұмысында мұндай қағиданы бұзу, әсіресе нормалар бәсекелестігі орын алған кезде байқалады. Бір бабпен қарастырылатын қылмыстық құрамды қолданумен шектелмей, осы қылмыстың белгілерін білдіретін басқа да жекелеген қылмыс түрлерін қосып, қылмыстар жиынтығы түрінде квалификациялау дұрыс емес. Мысалы, С. және М. 2001 жылы 11 наурызда мас күйінде, алдын-ала келісіммен танысы А-ның ақшасын алу мақсатымен қарақшылық шабуыл жасау кезінде ас үй пышағын қару ретінде пайдаланып, оны қасақана өлтіреді және 89 795 теңге тұратын мүлкін алып кетеді.

Облыстық сот С және М әрекеттерін Қ.Р.Қ.К. 179 бап 2 бөлімінің «а, г» пунктерімен және 96 бап 2 бөлімінің «ж, з» пунктерімен айыптап соттаған.

Бұл мысалда С. және М. әрекеттерінде қасақана кісі өлтіруге ұштасқан қарақшылық қылмысы орын алған және кінәлілердің әрекеттері тек 96 баптың 2 бөлімінің «ж, з» пунктерімен квалификациялануы тиіс. Себебі қарақшылық қылмысында ауырлататын құрамдар ретінде келтірілген «адамдар тобының алдын ала сөз байласуы» және «қару пайдалану» кісі өлтіру қылмысында да келтірілген. Қарақшылық кезінде қасақана адамның өміріне бағытталған әрекеттер жасау, қарақшылық қылмысының көлеміне сыймайды. Мұндай жағдай орын алғанда бірден кісі өлтіру қылмысы, яғни 96 бап қолданылады. Өйткені мұндай қылмысты әрекеттерде негізгі және қосымша объектілер орын алып, кінәлілердің әрекеттері негізінен адамның өміріне бағытталады, яғни адамды өлтіру арқылы меншігін иеленуді көздейді. Тек абайсыздықта адамның өміріне зардап келтірген меншікке қарсы әрекеттер ғана қарақшылық қылмысы ретінде бағаланады. Ал 179 баптың 2 бөлімінің «г»

пунктіндегі қару қолдану белгісі кісі өлтіру әрекеттерінің немесе қылмыстарының қарапайым, меншікті белгісі болып саналады. Осы мысалға ұқсас жағдайды көбінесе бандитизм қылмысы бойынша да байқауға болады. Тергеу қызметі бандитизм қылмысы жасалса, оған ұйымдасқан топпен жасалған қарақшылықты (179 бап 3 б. «а» п.), қаруды, оқ-дәрілерді заңсыз алып жүру, сақтау (251бап), ұйымдасқан топты немесе қауымдастықты құру және оған қатысу (235бап) т.б. қылмыстарды қосып, қылмыстар жиынтығы түрінде бағалайды. Кінәлінің әрекеттерін бірнеше қылмыстар бойынша тек мынандай жағдайда, егер қолданып отырған бап оның қылмысты әрекеттерін түгел қамти алмаса, яғни осы баппен қарастырылмаған басқа қылмыстың белгілері болғанда квалификациялауға болады.

Қылмысты квалификациялаудың толық, әрі дұрыс болуын қамтамасыз ету үшін, қылмыстың уақиғасын толық ашып, кінәлінің әрекеттерін түгел анықтау қажет. Қылмысты әрекетті бағалау кезінде айыптап отырған бабтармен қамтылмайтын өзге де қылмыстың құрамдары бар болса, оларды қолдану керек. Қылмысты квалификациялаудың толық болуы қылмыс жиынтығын қолдануды ғана емес, ол сонымен бірге қылмыстық істің мазмұнын толық ашуды білідреді. Ал іс-әрекетке баға беру дұрыс болуы үшін, жасалған қылмыстың белгілерін толық қамтитын Қылмыстық кодекстің нормаларын табу керек. Қылмысты квалификациялаудың дұрыс іске асырылуы үшін кінәлінің қылмысты ойының бағытын, зиян келтірген заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастың түрін, іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипатын т.б. белгілерін ескеру маңызды болып табылады.

Қылмысты іс-әрекетте Қ.К. Жалпы бөлімінде қарастырылған жағдайлар кездессе, онда Жалпы бөлімнің бабтарына және тиісті бөлімдеріне сілтеме жасай отырып квалификация жүргізіледі. Жалпы бөлімнің нормаларына сілтеме жасау, ол іс-әрекетке баға берудің бір көрінісі болып саналады, ал құқықтық сауаты бар адамға қылмыс уақиғасы туралы жалпы түсінік бере алады. Мысалы тергеу құжаттарында 175 бап және 24 баптың 3 бөлімі көрсетіліп тұрса, онда ұрлық жасауға оқталу үшін жауаптылық жүріп жатқанын аңғартады. Қылмысты квалификациялау туралы тергеу әрекеттерінде Қ.К. Жалпы бөлімінің барлық бабтары емес, тек қылмысқа дайындалу және қылмыс жасауға оқталу және қылмысқа қатысушылардың түрлерін қарастыратын бабтарға сілтеме жсалады. Ал қылмыс құрамының жоқтығына байланысты қылмыстық істі қысқарту туралы құжаттарда Жалпы бөлімнің басқа да бабтарына

мысалы 16 бап- есі дұрыс еместік, 23 бап-жазықсыз зиян келтіру, 26 бап-қылмыс істеуден өз еркімен бас тарту, 32 баптың 1 бөлімі- шегінен шықпаған қажетті қорғану т.б. сілтеме жасалады.

Ал сот қызметі қылмыстық істер бойынша Жалпы бөлімнің қылмыс туралы және жаза тағайындау және одан босату институттарына да сілтеме жасай алады. Бірақ бұл баптарға сілтеме жасай отырып әділ сот қызметін атқару, қылмысты квалификациялау мәселесіне жатпайды.

Маңызы ауыр емес әрекеттерді қауіптілігі жоғары әрекеттердің қылмысты квалификациялауда сіңіру қағидасы күрделі, әрі сот-тергеу жұмысында жиі қолданылатын жұмыс болып табылады.

Мысалы, Қ.К. 209 бабы (экономикалық контрабанда) 2 бөлімінің «а» пунктінде бірнеше рет жасалған контрабанда құрамы қарастырылған. Осы баптың 3 бөлімінің «б» пунктінде ұйымдасқан топпен жасалған контрабанда келтіріледі. Егер экономикалық контрабанда бірнеше рет және ол ұйымдасқан топпен жасалса, онда квалификация жасау кезінде 2 және 3 бөліммен қосып квалификациялауға болмайды, себебі ұйымдасқан топқа тұрақтылық белгісі тән болуына байланысты (тұрақтылық-көпшілік жағдайда топтың бірнеше қылмыстар жасау мақсатында құрылғанын білдіреді), қылмыс бірнеше рет қайталануы мүмкін. Яғни бірнеше рет жасалған деген ұғымды ұйымдасқан топ ұғымы сіңіре алады және мұндай жағдайда бірден 209 баптың 3 бөлімі қолданылып, ұйымдасқан топпен жасалған экономикалық контрабанда деп бағалануы керек. Түсінікті болуы үшін тағы бір мысал келтірейік. Тонау қылмысы үшін жауаптылық қарастыратын 178 баптың 2 бөлімінің «б» пунктінде де бірнеше рет тонау әрекеттерін жасау келтірілген. Осы баптың 3 бөлімінің «б» пунктінде ірі мөлшерде жасалған тонау қылмысына жауаптылық қарастырылған. Қылмыстың уақиғасында бұл белгіде бар болғанда, бірден 178 баптың 3 бөлімінің «б» пунктімен квалификацияланады. Себебі ірі мөлшерде пайда табудың бір амалы осындай әрекеттерді бірнеше рет қайталау болып табылады.

Қылмысты әрекеттерді квалификациялауда барлық кезде баптың 2 бөліміндегі әрекеттерді 3 бөлімде қарастырылған құрамдар сіңіре бермейді. Бұл мәселені меңгеру үшін ол әрекеттердің, әр қылмыстың ұғымын, белгілерін дұрыс түсіну керек және мағынасы, көлемі бойынша сіңіре алатынын білу қажет.

Қылмысты квалификациялауда басқа да әртүрлі ережелер қолданылады. Олар соңғы тарауларда қарастырылады.

Қылмысты квалификациялау-құқық нормаларын қолдануды жүзінде көрсетіп, қылмыстық құқықтың сапасын, оның жетістіктері мен кемшіліктерін ашуға жағдай жасайды. Сондықтан сапалы дайындалған және зерттелген қылмыстық құқық-қылмысты квалификациялауға да соншалықты дәрежеде әсер етеді.

Қылмысты квалификациялаудың ғылыми негіздері қылмыстық құқықтық мәселе болып табылатынын жоғарыда ескерттік. Квалификациялау мәселесі қылмыстық құқықтың құрамындағы жеке мәселе болып саналса, онда ол қылмыстық құқықтың қай бөлімінің және қандай тақырыбына қатысты мәселе болып табылады деген сұрақ туындайды.

В.Н. Кудрявцев «қылмысты квалификациялаудың жалпы теориясы қылмыстық құқықтың жалпы бөлімінің мәселесі болып есептелуі керек, себебі Ерекше бөлім осы ғылымның органикалық элементтерін қарастырмайды, бұл мәселе жалпы бөлімге тән, ал Ерекше бөлімде тек жекелеген қылмыстың түрлері ғана анықталады» дейді.¹ Бұл сөздің мағынасы, Жалпы бөлімде қылмыстық құқықтық негізгі ережелері мен қағидалары қарастырылады, сондықтан Ерекше бөлімдегі қылмыстарға қатысты қолданылатын квалификациялаудың ережелері де осы Жалпы бөлімде болуы керек дегенге келеді. В.Н.Кудрявцев қылмысты квалификациялау мәселесін Жалпы бөлімнің «қылмыстық заң» тақырыбы көлемінде қарастыруды ұсынып, оның себебін қылмыстық заң тақырыбында қылмысты квалификациялау мәселесіне ұқсас сұрақтар, қаралатынымен негіздейді. Мысалы заң құрылымы, оны қолдану ережелері, заңды түсіндіру.

Қылмысты квалификациялаудың жалпы теориясы мәселесінің қылмыстық құқықтың Жалпы бөлімде қарастырылуына, оның ішінде қылмыстық заң тақырыбында белгіленуіне де келісу қиын. Кез-келген құқық саласы, оның ішінде қылмыстық құқықта өз мазмұнында қарастырылатын тақырыптарды, мәселелерді кезектілікпен қарапайымнан бастап бірте-бірте күрделендіре береді. Қылмысты квалификациялау мәселесінде Қ.К. Ерекше бөліміндегі қылмыстық құрамдарды меңгермей отырып, ол туралы сөз қозғай алмаймыз. Ал студент Ерекше бөлімдегі қылмыстардың түсінігін, олардың ерекшелігін білмей тұрып, қылмыстарды квалификациялау туралы Жалпы бөлімде қалай сөз қозғайды? Бұл біріншіден, екіншіден қылмысты квалификациялау мәселесі жеке курс ретінде қарастырылады және бұл курста көптеген тақырыптар мен

¹В.Н. Кудрявцев Общая теория квалификаций преступлений. –М., 2001. С.27-28.

мәселелер қамтылған. Ал олар қалай қылмыстық заң деген бір тақырыпқа сияды?

Қылмысты квалификациялаудың ұғымы мен міндеттері қылмыстық-құқықтың түсінігі тақырыбында жеке сұрақ ретінде қарастырылып келеді. Ал қылмысты іс-әрекеттерді бағалау, оларға заң нормаларын қолдану, яғни квалификация мәселесі қылмыстық құқықтың бүкіл бойында Жалпы бөлімінде де, Ерекше бөлімінде де кездесіп отырады. Сондықтан қылмысты квалификациялау мәселесін және оның жалпы теориясын Жалпы бөлімге немесе Ерекше бөлімге жатқызып керегі жоқ, квалификация мәселесі қылмыстық құқықтың бүкіл бойында кездеседі және қолданылады. Қылмысты іс-әрекеттерді заң нормаларын қолдана отырып квалификациялау, сапасы бойынша қылмыстық құқықтық қағидаларды, негізгі ережелерді ескеруді талап ететіндіктен, ол осы сала бойынша алған білімді қорытушы роль атқарады. Нәтижесінде сот-тергеу қызметкерлері қылмыс уақиғасына сүйеніп, Қ.К қандай баптары бойынша кінәліні айыптау қажеттігін анықтайды. Қылмыс уақиғасына қарап заң нормаларын белгілеу немесе оны дұрыс қолдану мерзімі әр тергеушіде әртүрлі уақытты қажет етеді. Квалификация жүргізудің жылдамдығы, яғни құқықтық баға беру мерзімі, ол тергеушінің, судьяның қылмыстық құқық және оны қолдану бағытындағы білімінің көлеміне, тереңдігіне байланысты.

Тергеуші, судья қылмыстық құқық туралы білімін қылмыстық іс бойынша жұмыста бір сәтте көрсетеді. Яғни қылмыс уақиғасы белгілі болып, енді қылмыстық заң баптарын қолдану қажеттілігі туындайды. Демек, студенттің қылмыстық құқық бойынша бірнеше жыл бойы алған білімі осы кезде (жаза тағайындауды қоспағанда) және аса жауаптылықты түрде қажет болады.

Қылмыстық құқықтық нормалар қоғамның дамуына, қоғамның даму түрінің ауысуына қарай өзгеруі мүмкін. Бұл құқықтың нақты қоғамдағы жағдайды бейнелейтіндігіне байланысты. Өйткені, әрбір құқық саласы қоғамдық қатынастарды реттеумен айналысатындықтан, ал қылмыстық құқық ол қоғамдық қатынастарды қорғауды міндет тұратындықтан олар қоғамнан қалып қоймауды мақсат етеді. Мысалы, Қазақстан Республикасының экономикалық жүйесі нарықтық қатынастарға ауысуына байланысты, жаңа қатынастар туындап, сол заманға сәйкестендірілген қылмыстық заң дайындалды. Демек, құқық және оның нормалары қоғамның өзгеруіне немесе дамуына қарай өзгеріп отырады. Ал қылмысты квалификациялау мәселесі мұндай өзгерістерге тәуелді

болып саналмайды. Қандай қылмыстық құқық өмір сүрсе де қылмысты квалификациялау туралы жалпы ережелер сақтала береді. Қылмысты квалификациялаудың жалпы теориясының өзгеруі немесе дамуы, ол қылмыстық құқық ғылымына байланысты және соған тәуелді болып табылады.

Сонымен қылмысты квалификациялаудың қылмыстық құқықпен байланысы, одан айырмашылығы және қылмыстық құқықтағы алатын орны осындай.

§ 4. Қылмысты квалификациялау сатылары

Жасалған қылмысты әрекеттерге қылмыстық-құқықтық баға беру, бірнеше сатылардан құралатын және ұзақ уақытты қамтитын құқықтық құбылыс болып табылады. Қылмысты квалификациялауға байланысты қылмыстық құқық нормаларын қолданып, оны қылмыстық іс туралы құжаттарда көрсету – бұл қылмыстық құқықты іс жүзінде қолдануды немесе өмірге енгізуді білдіреді. Қылмыстың жасалу уақиғасы бойынша жұмыс істейтін құқық қорғау органдарының түрлеріне және органдардың қылмыстық іс бойынша өз қызметтерін атқару түріне қарай қылмысты әрекеттерді бағалау субъектілері бұл жұмысты өз өкілеттігі шегінде атқарады. Демек, қылмыстық іс жүргізудің әрбір сатысында, мысалы қылмыстық іс қозғау, айып тағу, прокурорлық қадағалау, істі сотта қарау және үкім шығару кездерінде қылмысты квалификациялауға қатысты мәселелер шешіліп отырады. Мұндай кездерде қылмысқа бастапқыда баға беріп, заң нормасын қолданған органның жұмысына істі кейінгі сатыларда қарайтын органдар бағалау беріп, қате квалификация жасалғанда қайта квалификациялау жүргізіледі. Қылмыстық іске байланысты атқарылатын құқық қорғау органдарының барлық жұмыстары қылмысты квалификациялауға байланысты деп айтуға болмайды. Құқық қорғау органдары жасалған қылмысқа заң тұрғысынан баға беруден басқа, дәлелдемелерді жинауға, қылмыстық уақиғасын толық ашуға, жаза белгілеуге қатысты қызметтерді де атқарады. Сондықтан **қылмыстық іс жүргізу сатыларымен қылмысты квалификациялаудың сатылары деген ұғымдар өзара ұқсас деп түсінуге болмайды.** Қылмыстық іс жүргізу сатылары деген әлдеқайда кең ұғым болып табылады, тек қылмыстық іс жүргізудің барлық сатыларында қылмысты квалификациялауға қатысты мәселелер туындап отыруы мүмкін. Қылмысты квалификациялауға байланысты мәселенің іс

жүргізудің кейінгі сатыларда да кездесуі, ол барлық жағдайда қылмыстық істі бұрын қараған органның немесе қызметкердің қате бағалау жүргізуіне байланысты бола бермеуі де мүмкін, кейде тергеу жүргізу немесе қылмыстық істі сотта қарау кездерінде квалификацияға әсер ете алатын жаңа мән-жайлар ашылып жатады. Қылмыстық іс жүргізу сатыларында іс-әрекетті бағалау бойынша құқығы бар органдар құқық нормаларын қолдануға қатысты мәселелерді атқарып, дәлірек айтқанда, қылмыстық уақиғаның толық мазмұнын ашу, заңның мағынасын түсу және заң нормасын талқылау, ақырында белгілі бір заң нормасына осы қылмысты уақиғаны жатқызу мәселелерін шешеді. Қылмыс уақиғасының мазмұнын толық ашу, ол қылмысқа дұрыс, дәл құқық нормасын қолдануға жағдай жасайды. Қылмыс уақиғасы толық белгілі болғанда квалификацияны дұрыс беру – қылмыстық істі жүргізіп отырған қызметкердің біліміне байланысты.

Қылмыстық істі жүргізу немесе қылмыс бойынша қызмет атқаратын құқық қорғау органдарының тізбектелген жұмыстарына қарай қылмысты квалификациялау субъектілеріне алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдары жатады. Ал қылмыстық іс бойынша нақты атқаратын қызметінің түріне қарай бөлгенде анықтаушылар, тергеушілер, прокурорлар және соттар деп бөлуге болады.

Анықтаушылар және тергеушілер қылмыстық іс жүргізу кезінде екі міндеттің толық орындалуын көздеу керек. Біріншісі, қылмыс уақиғасының мазмұнын толық ашып, оған дұрыс құқықтық баға беру, екіншісі, кінәлінің айыбын толық белгілеу үшін қылмыс уақиғасына және кінәлі адамға байланысты дәлелдемелерді жеткілікті көлемде жинау болып табылады. Бұл екі міндеттің дұрыс, әрі толық іске асырылуы, квалификация жүргізу субъектісі қызметінің сапасын білдіреді.

Тергеу органдары қылмысты квалификациялауды ресми түрде немесе тергеу құжаты түрінде қылмыстық іс қозғау қаулысында көрсетеді. Бұл квалификациялауды білдіретін құжат, қылмыс уақиғасының орын алуына байланысты шығарылады, бірақ жеке адамның әрекетін квалификациялауды білдіре бермеуі де мүмкін. Ол кінәлі адамның әзірге белгісіз болуына байланысты болады.

Қылмыс уақиғасы бойынша кінәлі адамның әрекеттеріне квалификация жүргізу – тергеу құжаттарында сезікті немесе айыпкер ретінде тану туралы қаулыларда және айыптау қорытындысында көрініс табады.

Прокуратура органы заңдылық қағидасының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық істі өз қадағалауына алып, тек сот-тергеу органдарының қызметін ғана емес, сонымен бірге қылмысқа берілген құқықтық бағаның, яғни квалификация жасаудың дұрыс жүргізілуін қадағалайды. Прокурорлар қылмысқа дұрыс квалификация берілмегенде, ол бойынша жұмыс жүргізген органға өз ұсынысын білдіріп, неліктен наразылық білдіріп отырғанын негіздей отырып хабарлайды. Демек, прокурорлық қадағалау мұндай кезде қылмыстық заң нормаларының дұрыс қолдануын мақсат етеді.

Сот органдары қылмыстық іс бойынша қылмыстық құқықтың екі қызметін іске асырады: заң жүзінде қылмысты дұрыс бағалау және қылмыскерге жауаптылықтың түрі мен көлемін белгілеу. Соттар тергеу органдарының қылмыс уақиғасын ашу деңгейіне қарай квалификацияның дұрыстығын тексереді. Дұрыс болмағанда қайта квалификациялау жүргізіп, бұл туралы өз құжаттарында негіздеп, түсіндіреді.

Сонымен, қылмысты квалификациялау субъектілері қылмыстық әрекетке квалификация беруді өз қызметінде басты міндет ретінде емес, тек қылмыстық іс бойынша белгіленген өз қызметін атқару кезінде заңның дұрыс қолдануын қамтамасыз ету түрінде жүзеге асырады.

Қылмысты квалификациялау – бұл жасалған қылмыстық әрекетке қылмыстық заң нормаларының ішінен дәл келетін бапты қолдану деп түсінік бергенмен, оны іске асыру алдын ала дайындықтың болуын және қажетті ережелерді сақтауды талап ететін күрделі қызмет болып табылады. Сондықтан қылмыстық әрекетке құқықтық баға беру, кезеңі бойынша тергеу құжаттарында көрсетілумен басталады деуге болмайды. Қылмысты квалификациялау процессуальдық қызметке қарағанда ой қызметінің басым қолданылуын қажет ететін жұмыс ретінде түсіну керек. Қылмыс оқиғасы бойынша тергеу, сот, прокуратура құжаттарында заң баптарын қолдану, ұзақ уақытты қажет етпейтін бір мезеттік жұмыс деп жоғарыда айттық. Бірақ жасалған қылмыстық заңның қай бабына жататындығын анықтау үшін, қылмыстық құқықтық білімді қолдана отырып, ойлау процесін өткізу керек.

Кейбір қылмыс уақиғасының мазмұнына, сипатына қарай отырып, әрекеттің қылмыстылығын толық ой елегінен өткізбей-ақ бірден анықтауға болады. Мысалы, үйдің қойманың тоналуына, адамның қару қолдану арқылы өлтірілуіне, қылмыс уақиғасын көзімен көруіне т.б. осы тәріздес жағдайларда әрекеттің қылмысты екендігі және жасалған қылмыстың түрі бірден белгілі болады. Бірақ қоғамға қауіпті зардап туын-

дағанмен, ол үшін кінәлі адамның бар-жоқтығына немесе іс-әрекетті жасаған және зардапты келтірген адам белгілі болғанмен, іс-әрекеттің қылмыстылығы анық болмаған жағдайларда, болған уақиғаның әрбір бөлігіне баға беру керек. Мұндай кездерде ойлау процестерінің нәтижесінде квалификация жасалады. Қылмысты квалификациялаудың тәртібінде тек таза қылмыстық-құқықтық ғана емес, қисындық (логикалық) ережелер де кездеседі. Ол қисындық ережелер қылмыстық заңда қылмыс түрлерінің көптілігін және кейбір заң баптарының өзара ұқсастығын ескере отырып, ойлау процесін жүргізуді талап етеді. Бір айта кететін жайт, ол кейбір құқық қорғау органдарының қызметкерлері қылмысты квалификациялау кезінде мұндай ойлау қызметін қолданбай, бірден квалификация жасауға тырысады. Мұндай қызметкерлер көбінесе осы қылмыс уақиғасын бұрын практикасында кездескен ұқсас қылмыспен бірдей көріп немесе қылмыстық зардабы, қылмыс объектісі, тәсілі, жағдайы тәрізді белгілердің жасалған қылмыста кездесуіне қарай квалификация жүргізеді. Мұндай кездерде олар әрбір қылмыс уақиғасының мазмұнындағы ерекшеліктер квалификациялауға әсер ететінін ескермейді. Себебі қылмыстық заңдағы өзара ұқсас қылмыс түрлерінің кем дегенде бір құрам элементінде немесе оның белгілеріне қарай айырмашылығы болады. Осы айырмашылықты ескере отырып, қылмыс мазмұнын салыстырудың өзі, ол қылмысты квалификациялаудағы алдыңғы емес, кейінгі кезектегі ойлау жұмыстары болып есептеледі.

Ал қылмыстың тек зардабын немесе объектісін ғана ескеріп квалификация жасағанда қылмыс құрамының бір немесе екі құрам элементіне қарай бағалау жүргізілген болып шығады.

Қылмысты квалификациялау кезінде қолданылатын ойлау процесінің өзі де қойылатын талаптарға сай жүргізілуі қажет, яғни кінәлінің әрекеті қылмыс деген қауіпті құбылыстың қай түріне жататындығын анықтау қажет болып табылады. Мұндай саладағы ойлау жұмыстарында талдау әдісі қолданылып, қылмысты іс-әрекет жалпы белгілерден жеке белгілерге ауысу бағытында жүргізіледі. Ал егер жекеден жалпыға өту бағытында ойлау жұмысы қолданылса, онда нақты іс-әрекеттің қылмыстың жалпы түсінігіне жататындығы дәлелденер еді. Мұндай синтез түріндегі әдіс әлі қылмыс деп заң жүзінде танылмаған қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді қылмыстандыру (криминализация) бағытында қолдануға тиімді тәсіл. Ал қылмысты квалификациялауда анализ-талдау тәсілін қолдану тиімді болып табылады.

Қылмысты квалификациялау жұмысының бастапқы кезеңінде жасалған әрбір қылмыс «уақиға» ретінде бағаланады. Уақиға деп бағалану себебі біріншіден, жасалған іс-әрекеттің, туындаған зардаптың қылмыстылығы әлі анық болмауына байланысты. Зардап туындағанмен ол зардапты келтірген есі дұрыс, жауаптылық жасына толған адам болғанмен, ол барлық жағдайда қылмыс болып анықтала бермеуі мүмкін. Мысалы, қылмыс жасаған адамды ұстау шаралары шегінен шықпай оның өміріне немесе денсаулығына зардап келтіру. Мұндай жағдайлар кінәсіз зардап келтіру уақиғаларында да болады. Екіншіден, «қылмыс» деген құбылыстың өзі әлеуміттік-саяси тұрғыдан алғанда қоғамдық құбылыстың бір түрі болып табылады.

Қоғамдық құбылыстар ретінде, әдетте қоғам мүшелері бар жерде сол қоғамның өмір сүріп отырғанын немесе оның дамуына әсер ете алатын, сонымен қатар қоғамның өсуіне де, дағдарысына да әсер ететін болмыстар алынады. Мысалы, демографиялық құбылыстар (халықтың тууы, көшіп қонуы т.б.) экономикалық, транспорттық, дәрігерлік қызмет салаларындағы қатынастардан туындайтын құбылыстар. Қоғамдық құбылыстардың қатарына сол қоғам үшін зиянды қылмыстылық тәрізді құбылыстар да жатады. Қылмыстылықтың қоғамдық құбылыс қатарына жатуының басты себебі – ол қоғамда қылмыстардың жасалуына алғы шарттардың, себептердің орын алуы деп түсінуі керек. Демек, қоғамға қауіпті іс-әрекеттер жасалғанда немесе заңмен қорғалатын мүдделерге зардап келгенде, ол түбінде қылмыс немесе қылмыс болмай анықталсын, бәрі бір уақиға ретінде бағаланады. Егер орын алған уақиғада зардаптар, зиянды әрекеттер бар болса, онда құқық бұзушылық, оның белгілерінің бар-жоқтығын анықтау керек. Бұл қылмысты квалификациялаудың алғашқы сатысы болып табылады.

Болған уақиғада құқық бұзушылықтың бар-жоқтығын анықтау үшін біріншіден, заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келгенін, екіншіден ол бойынша адам немесе заңды ұйым (азаматтық құқық бұзушылықтың субъектілеріне заңды ұйымдар да жатады) бар-жоқтығын және үшіншіден, зиян келтірген адамда кінәнің бар-жоқтығын анықтау керек. Осы үш белгі болған жағдайда құқық бұзушылық бар деп саналады. Құқық бұзушылық бар деп танылса, онда келесі сатыда құқық бұзушылықтың қай түрі орын алғанын анықтау қажет болады. Құқық бұзушылықтар қылмыстық, әкімшілік, азаматтық т.б салаларға бөлінеді. Бұл құқық бұзушылықтар бір-бірінен іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесіне және қоғамға қауіптілік сипатына қарай ажыратылады.

Қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай көбінесе, қылмыс пен әкімшілік тәртіпте қаралатын теріс қылық бір-бірінен ажыратылады. Мысалы, ұсақ ұрлық әкімшілік құқық бұзушылық ретінде танылса, ал меншікке елеулі көлемде зардап келтіретін ұрлық қылмыс деп бағаланады. Сол сияқты әкімшілік тәртіпте қаралатын ұсақ бұзақылықпен қылмыс ретінде жауаптылық белгіленетін кәнігі бұзақылықтар да іс-әрекеттің қауіптілік дәрежесіне қарай ажыратылады.

Іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік сипатына қарай көпшілік жағдайда азаматтық құқық бұзушылық пен қылмысты ажырату ыңғайлы. Мысалы, біреу біреуден қарызға ақша алады, бірақ қайтармайды. Бұл жағдайда қарыз ақшаны қайтармаудың үш түрлі нұсқасын келтірейік. Бірінші нұсқада қарызға ақша алып тұрып, оны кейін қайтармаймын деген іштей шешім болған, яғни алдау арқылы алған. Ал екінші нұсқада қарыз алу кезінде қайтару ниеті болған, бірақ кейін қайтарудан қасақана бас тартқан. Үшінші нұсқада қарызды алған адам қайтарғысы келеді, бірақ оған мүмкіндігі жоқ. Бұл өзара ұқсас нұсқалардағы мысалдардың біріншісі іс-әрекеттің қауіптілік сипаты бойынша қылмыс деп анықталса, қалған екі нұсқа бойынша азаматтық жауапкершілік туындайды. Себебі, бірінші нұсқадағы әрекет жасалғанда, яғни алдап қарыз алғанда кінәлі бірден қауіпті әрекет жасаған, ол адамның сеніміне қиянат жасаған. Бұл қылмыс. Ал екінші нұсқадағы қарыз алған адамда алу кезінде қоғамға қауіпті, меншікке қарсы бағытталған ой, қылмыстық ниет болмаған, соған орай іс-әрекет жасаған кезде қоғамға қауіптілік болған жоқ. Ол адам тек міндеттемені орындаудан қасақана бас тартқан болып саналады және азаматтық-құқықтық тәртіпте қарыз берген адамның мүліктік құқығы қорғалып, қарызды қайтару тәртібі белгіленеді. Үшінші нұсқа да осындай тәртіппен шешілуге жатады. Демек, қылмысты квалификациялаудың бұл сатысында іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипатын дұрыс анықтау арқылы қандай салаға жататын құқық бұзушылық орын алғанын анықтауға болады.

Келесі сатыда жасалған іс-әрекетті қылмыс деп тану үшін Қ.К. 9 бабындағы қылмыстың жалпы белгілерінің бар-жоқтығына көңіл аудару керек. Дәлірек айтқанда іс-әрекетте қоғамға қауіптілік, яғни заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға бағытталу және абайсыздық немесе қасақаналық түріндегі кінәнің бар екендігін анықтау қажет. Ал қылмыстың қалған жалпы белгілері, құқыққа қайшылық пен жазаланушылық белгілері квалификацияны нақтылау кезінде, яғни Қ.К. белгілі бір бабына жатқызу кезінде, соңғы сатыда қолданылады.

Келесі сатыда қылмыстың қандай топбына немесе Қ.К. қай тарауындағы қылмысқа жататындығын анықтау қажет. Бұл міндетке жету үшін кінәлінің саналы ойынан туындаған іс-әрекетінің бағыты ескеріледі және осы тәсіл арқылы қылмыстың топтық объектісі анықталады. Топтық объектіні анықтау үшін кінәлінің қылмыстық ойының бағыты, осының нәтижесінде жүзеге асырылатын іс-әрекеттің мақсаты ескеріледі. Мысал арқылы түсіндірейік. Көлік жүргізуші абайсыздықта көлігімен жаяу адамды қағып кетіп, оның өліміне соқтырған зардап келтірді. Мұндай жағдайда екі нұсқа келтіруге болады. Бірінші нұсқа бойынша көлік жүргізуші жол жүру ережелерін бұза отырып немесе көлікті пайдалану ережелерін сақтамай, адам өміріне зардап келтірген.

Екінші нұсқа бойынша көлік жүргізуші жол жүру ережелерін бұзбаған немесе көлікті пайдалану ережелерін сақтағанның өзінде адам өліміне соқтырған әрекет жасады. Бұл мысалдар бойынша адамның өміріне қарсы қылмыс ретінде 101 баппен абайсыздықта қаза келтіру деп немесе көліктегі қылмыстар ретінде 296 баппен квалификациялау туралы ой келуі мүмкін.

Бірінші нұсқадағы көлікті пайдалану немесе жол жүру ережелерін бұза отырып абайсызда адамды қағып кеткенде кінәлінің әрекеті бастапқы кезеңде адамның өміріне бағытталған жоқ. Ол жылдамдықты арттыру немесе қауіпті жағдайды көре отырып, алдындағы көліктен озуға ұмтылу немесе тежегіші ұстамайтын көлікті пайдалану арқылы адам өмірі мен денсаулығына тікелей бағытталған әрекетті емес, көлік қозғалысының қауіпсіздігі деп аталатын, заңмен қорғалатын объектіге қауіпті әрекет жасады. Демек, қылмыстың жасалуында кінәлінің қауіпті ойының, әрекетінің бағыты, адам өміріне емес, басқа бағытта болып, оның себебі көлік қозғалысы тәртібін бұзу түрінде болса, онда көлікке байланысты қылмыстар тарауынан тиісті бапты іздеу керек.

Әкімшілік құқық бұзушылықпен қылмыс өзара ұқсас болғанда, құрамның құрылымына қарай ажыратылуы жиі кездеседі. Әкімшілік заңда формальды түрде құқық бұзушылық деп танылған әрекеттер қылмыстық заңда материалдық құрам ретінде кездесетін жағдайлар көп. Жоғарыдағы мысалдағы жол жүру ережесін немесе көлікті пайдалану ережесін бұзған көлік иесінің әрекеттері ауыр зардаптарға соқтырмаса, онда әкімшілік тәртіпте қаралатын құқық бұзушылық деп бағаланар еді. Ал осындай әрекеттер ауыр зардаптарға соқтырғанда іс-әрекеттің қауіптілігі артуына, нақты зардаптың көрініс алуына байланысты қылмыс деп анықталады.

Екінші нұсқа бойынша, яғни көлікті пайдалану немесе онымен жол жүру ережелерін бұзбай-ақ ауыр зардаптарға соқтырған әрекеттер болғанда, көлік қозғалысының қауіпсіздігі бұзылған жоқ, сондықтан мұндай жағдайларды көлік қылмысы ретінде квалификациялауға болмайды. Себебі, көлік жүргізушіде көлік қозғалысының қауіпсіздігін бұзуға бағытталған ой-ниет және әрекет болған жоқ. Мүндай уақиғаларда көлік жүргізушіде кінәнің абайсыздық нысаны анықталса, онда Қ.К. 101- баппен абайсызда қаза келтіру қылмысы деп бағаланар еді. Мысалы, аялдамада тоқтап тұрған автобустан түскен жолаушы автобустың алдынан өтемін деп, арттан келген көлікке қағылуы мүмкін. Мұндай жүргізушілердің болуы мүмкін екендігін көлік жүргізуші білуге міндетті немесе білуге мүмкіндігі бар деп саналады. Ал зардап туындағанмен көлік жүргізушіде абайсыздықтың белгілері болмаса, онда қылмыс та жоқ деп танылады.

Осы тәріздес тәсілмен қылмыстың қай тарауға жататын қылмыс екендігін анықтағаннан кейін, қылмысты квалификациялаудың соңғы сатысына қатысты міндетті шешу керек. Бұл сатыда қылмыстың осы тараудың қай бабына жататындығы анықталады. Бұл міндетті шешу үшін жасалған қылмыстың белгілеріне барлық құрам элементтері сәйкес келетін заң нормасын табу керек. Ол үшін ең алдымен жасалған қылмыспен заңдағы қылмыс түрінің тікелей объектілерінің сәйкестігін анықтау керек. Өйткені, қылмыстық заңның бір тарауының өзінде 2 немесе одан да көп топтық объектілер қарастырылатын кездер болады. Мысалы, қоғамның қауіпсіздігі және қоғамдық тәртіп, отбасының және кәмелетке толмағандардың заңды мүдделері, т.б. Мұндай топтық объектілердің бір тарауда қарастырылу себебін кейінгі бөлімдерде, қылмысты объектісі бойынша квалификациялауды қарастырғанда тоқталамыз.

Қылмыстың тікелей объектілерінің сәйкестігі анықталғаннан кейін құрамның объективтік, субъективтік жақтарының және субъектісі белгілерінің дәлдігі анықталып, құрам элементтері түгел дәл келгенде ғана қылмысты квалификациялау сатысы аяқталады. Бірақ, бұл сатыдағы квалификацияны түпкілікті өзгермейтін бағалау деп тануға болмайды. Себебі, қылмыстың уақиғасына қатысты жаңа мән-жайлардың ашылуына байланысты берілген квалификация ауыр немесе жеңілдірек қылмыс түріне өзгеруі мүмкін. Сонымен қатар қылмыстық іске дұрыс квалификация берілмегенде, ол бойынша қылмыстық-құқықтық қатынасқа қатысушы кінәлі адамда, жәбірленушіде т.б. наразылық болғанда қылмыстық іс облыстық немесе Жоғарғы Соттың қылмыстық істер бойынша алқасында, қадағалау алқасында қаралып, қайта квалификация жүргізілуі мүмкін.

II тарау

ҚЫЛМЫСТЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫ КВАЛИФИКАЦИЯЛАУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

§1. Қылмыстың құрамы және құрылымы

Қылмыс – жай әлеуметтік құбылыстың бір түрі ретінде ғана емес, ол сонымен бірге қылмысты сипаттай алатын және оның қауіптілігін көрсете алатын әлеуметтік-саяси тұрғыдан қауіпті белгілермен элементтердің жиынтығы ретінде бағаланады. Қылмысты квалификациялау үшін қылмыстық заңдағы жекелеген қылмыс түрлерінің қылмыстық құқықта белгіленген ерекшеліктерін немесе оларды өзге қылмыстардан ажырататын белгілер тобымен жақсы таныс болуы керек. Әрбір қылмысты білдіретін белгілер тобының жиынтығы арқылы ғана жеке қылмыс құрамдары өзге құрамдардан ажыратылады және нақтыланады. Әрине, әр қылмыс құрамының элементтерін сипаттайтын белгілер өзгелеріне ұқсамайтын, тек осы құрамға ғана тән сипатта болады деп түсінуге болмайды. Қоғамдық құбылыстардың, процестердің кейде бір-біріне кейбір белгілері ұқсас болып келетіндігі тәрізді қылмыс құрамдары да кейбір құрам элементтерінің белгілері бойынша бір-бірімен жақын болып келеді. Қылмыстық заңның Ерекше бөліміндегі қылмыстардың көпшілігі объектісі, субъективтік жағы және субъектісі бойынша бірін-бірі қайталайтындай дәрежеде. Мұның себебі қылмыстық құқықтық ережелерге байланысты деп түсіну керек. Мысалы қылмыстық құқық қылмыстық жауаптылықты әдетте 16 жастан белгілейді және тек есі дұрыс адамдарға кінә артып, жауаптылық жүктейді. Немесе қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тараулары қылмыс объектілері бойынша топтастырылған, сондай-ақ субъективтік жағы бойынша қылмыстық құқықта қасақаналық және абайсыздықтағы кінә нысандары белгіленген. Міне осындай ережелер қылмыс құрамдары белгілерінің көпшілік жағдайда ұқсас болуының басты себебі болып табылады. Қылмыстық кодексте қылмыстың объективтік жағының белгілері бойынша да бірін-бірі қайталайтын құрамдар кездеседі. Мысалы, қорлау (130-бап), Өкімет өкілін қор-

лау (320-бап), Сотты құрметтемеу (342-бап), Әскери қызметшіге тіл тигізу (371-бап). Осындай ұқсастықтардың кездесуіне қарай сот–тергеу практикасында қылмысты квалификациялауға байланысты қиындықтар туындайды. Қылмысты квалификациялауды дұрыс жүргізу үшін осындай ұқсас қылмыс құрамдарының өзара бір-бірінен ажыратылатын құрам элементтерін білу қажет.

Қылмыс құрамы деген ұғым “құрам” деген сөздің қолданылуының өзінен-ақ, оның белгілі-бір элементтерден, белгілерден құралып бір ұғымды білдіретінін көрсетеді. Демек “қылмыс құрамы” деген атауда бірнеше құрамдас бөліктердің өмір сүретінін, ал жасалған қылмыс уақиғасы бойынша айыпты деп тану үшін сол қылмыс оқиғасының белгілі болуы ғана емес, адамның негізді жауаптылығын ашып бере алатын белгілердің анықталуы қажет екенін білдіреді.

Қылмыстық құқықта қылмыс құрамдарының элементтері ретінде қылмыстың объектісі, объективтік жағы, субъективтік жағы және субъектісі аталады. Бұлардың әр қайсысының қылмыс уақиғасын зерттеуде, ол бойынша кінәлі адамның жауаптылығын белгілеуде өз ролі бар.

Қылмыстың объектісі ретінде қылмыстық заң бойынша қорғауға алынған қоғамдық қатынастардың, заңды мүдделердің, құқықтардың және құндылықтардың жиынтығы алынады деп түсіну керек. Кейбір әдебиеттерде қылмыс объектісі ретінде “қоғамдық қатынастар” деген ұғым алынып, ал қалған “заңды мүдделер, құқықтар мен құндылықтар” деген ұғымдар “қоғамдық қатынастар” деген ұғымға жатқызылады.

Қылмыстың объективтік жағы ретінде қылмыстың сыртқы бейнесін сипаттайтын белгілердің жиынтығы алынып, онда қылмысты факт немесе уақиға ретінде бағалауға болатын белгілер тобына сипаттама беріледі. Объективтік жақты қылмыстың жасалу уақиғасын білдіретін элемент ретінде түсінуді ұсыну, ол объективтік жақтың “қылмыстың сыртқы бейнесін сипаттайды” деген ұғымға байланысты. Яғни бұл құрам элементінде қылмыстың қоғамға қауіптілігін көзге көрсете алатын сыртқы белгілер болып табылатын қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік, елеулі зардап, себепті байланыс, қауіпті құрал, тәсіл, жағдай тәрізді белгілер түгелденеді немесе осы бағыттағы материалдарды квалификация жүргізуші субъект іздестіреді.

Қылмыстың субъективтік жағы ретінде қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адамның психикалық сезімдерін білдіретін ішкі жақ белгілері алынады. Демек бұл құрам элементінде қылмыс жасаған адамның қауіпті іс-әрекетіне, зардапқа, қылмыс тәсіліне, жағдайына деген психикалық қатынасы, сонымен бірге қылмыстың жасалуына түрткі болған ішкі сезімдер ашылады. Яғни қылмыскердің қылмыстың объектісі мен объективтік жағының белгілеріне деген ми жұмысының шешімдері анықталуға жатады.

Қылмыс субъектісі ретінде қылмыстық жауаптылық жасына жеткен, есі дұрыс, кінәлі адам алынады. Қылмыстың ұрамын негізінен субъективтік және объективтік бағыттардағы белгілерден құралатынын ескеріп, оның ұғымын осы екі бағыттағы белгілердің жиынтығы түрінде алу қисынды және өзге әдебиеттерде де осындай сипаттағы түсінік беріледі. Сонымен, қылмыс құрамы дегеніміз, қылмыстық заң бойынша қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді қылмыс ретінде сипаттайтын объективтік және субъективтік белгілердің жиынтығы болып табылады.¹

Қылмыс құрамының элементтері өзара бір-бірімен байланысты ұғымдар болып табылады. Мысалы қылмыстың объективтік жағы мен субъективтік жағының түсінігі және оларды құрайтын белгілер бірінбірі дәлелдеуші, анықтаушы роль атқарады. Яғни қылмыстың объективтік жағы қылмыстың сыртқы бейнесін сипаттаса, ал субъективтік жақ ішкі бейнесін ашады. Бұл ұғымдар қылмыстық құқықта бір медальдің екі жағы іспеттес ұғымдар болып табылады. Яғни қылмыстың сыртқы жағы болмаса, оның ішкі жағы да болмайды.

Қылмыстың объектісі өзге құрам элементтерінің ішінен қылмыстың объективтік жағымен тығыз байланысты, өйткені кінәлі адамның жасаған қауіпті іс-әрекеті оның зардабы заңмен қорғалатын объектіге бағытталады. Ал қауіпті әрекеттің жасалуы заңмен қорғауға алынған объектінің бұзылғанын білдіреді.

Қылмыстың субъективтік жағының да қылмыс объектісімен байланысы бар. Бірақ бұл байланыста субъективтік жақ қылмыстың объективтік жағының белгілері арқылы қылмыс объектісімен байланыстын тәрізді болып көрінеді. Өйткені қылмыскердің қауіпті іс-әрекетіне немесе зардапқа деген психикалық қатынастары іске асырылғанда объективтік жақтың белгілері көрініс алып, заңмен қорғалатын объектіге нұқсан келеді.

¹Курс Советского уголовного права. Т.1-Л: Изд Ленинградского ун-та, 1968. С. 243-244. Курс Советского уголовного права Т.2-М: Изд-во “Наука”. 1970, С.89.

Қылмыстың субъектісі қылмыстың субъективтік жағымен тікелей байланысты. Себебі объективтік жақтың белгілеріне деген әртүрлі психикалық қатынастар және қылмысты әрекеттің орындалуына түрткі болған ішкі сезімдер, сонымен қатар әрекеттің мақсаты барлық кезде адам ойынан шығып жатады. Сондықтан қылмыскер адам болмаса қылмыстың субъективтік жағына, объективтік жағына қатысты белгілер орын алмайды.

Қылмыстық құрамның элементтері бірін-бірі толықтыратын ұғымдар болып табылады. Бұлай деуіміздің себебі ол, жасалған әрекеттерде аталған элементтердің біреуі немесе бірнешеуі көрініс алғанмен, бірақ кем дегенде біреуі болмаса, онда қылмыс құрамы да, қылмыс уақиғасы да жоқ деп танылады. Мысалы заңмен қорғалатын объекті ретінде адамның өміріне, денсаулығына, меншігіне зиян келгенмен, бірақ ол зиянды келтірген адам болмаса қылмыстың субъектісі жоқ. Мұндай кезде заңмен қорғалатын мүддеге зиян келтіруші жануарлар немесе табиғаттың зілзала күштері болуы мүмкін. Сол сияқты қылмыстың объектісіне зиян келіп, ол зиянды келтірген адам бар болғанмен, бірақ ол адамда кем дегенде абайсыздық түріндегі кінәнің белгілері болмаса қылмыстың субъективтік жағы жоқ деп танылады. Мысалы жазықсыз зиян келтіру. Сондықтан жасалған іс-әрекетте қылмыс құрамының бар болуы қылмыстық жауаптылықтың негізін ғана емес, сонымен қатар қылмысты квалификациялаудың құқықтық негізінде білдіреді. Бұл айтылып отырған ереже практикада мынандай жағдайда сақтала бермейді. Мысалы қылмыстық іс қозғалғанда орын алған уақиға (мұндай жағдайда фактіні немесе уақиғаны қылмыс емес, қылмысқа ұқсас уақиға, факт деп бағалаған дұрыс) негізінде қозғалады, бірақ қылмыс құрамының бұл уақиғада бар екендігі әлі белгісіз болуы мүмкін. Тергеу практикасында өрт уақиғасының орын алуы, қоғам және адам меншігіне елеулі зиян келгендігі немесе адамның қайтыс болуы бойынша да қылмыстық іс қозғалады. Бұл кездерде қылмыстық құрамның толық болуы талап етілмейді. Ал кейін адамға сезікті немесе айыпкер ретінде тану туралы қаулы шығарылғанда қылмыстық құрамының толық болуы талап етіледі. Жоғарыда айтып отырған қайтыс болған адам бойынша қылмыстық іс қозғалғанмен, бірақ алдын ала тергеу барысында оның өз ажалынан қайтыс болғандағы анықталып іс қысқартылуы мүмкін. Немесе болған өрт адамның кінәсінен емес, табиғи күш әсерінен болуы мүмкін. Мұндай қылмысқа ұқсас

уақиға немесе зардаптың орын алуы бойынша дереу қылмыстық іс қозғалуы, ол мемлекеттің құқық қорғау орындарын үнемі сергек болуды, әрбір фактіні назарда ұстауды талап етуіне байланысты. Бір айта кететін жәйт, ол мұндай уақиғаларда қылмыстың құрамы бар екендігі әлі анық болмаса да, бірақ қылмысты квалификациялау жүргізіледі. Бұлай деуіміздің себебі, ол қылмыстық іс қозғалғанда міндетті түрде Қылмыстық кодекстің белгілі бір баптары бойынша қозғалады.

Қылмыс құрамы элементтерінің қылмысты іс-әрекеттерге құқықтық талдау жасау кезінде кезектілікпен аталу тәртібі, ол таза құқықтық емес, қылмыс құрамының әлеуметтік сипатына байланысты болып табылады. Әдетте қылмыс құрамының элементтері қылмыс объектісі, объективтік жағы, субъективтік жағы және субъектісі деген реттілікпен келтіріледі. Бірақ әдебиеттерде қылмыстың субъективтік жағы мен субъектісінің орнын ауыстырып, объективтік жақты соңғы кезекте атайтын да оқулықтар кездеседі.

Құрам элементтерінің кезектілік тәртібін белгілеу мәселесі қылмыстық құқықтың зерттеу объектілерін әлеуметтік тұрғыдан талдауға алғанда ашылады.

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда қылмыстың алғашқы белгісі қоғамдық қатынас болып табылады. Қоғамдық қатынас қылмыстық объектісі ретінде ғана емес, сол нақты қоғамдық қатынастың түрі немесе оның қоғамдағы ролі қылмыстың мазмұнын ашуға да әсер ете алады.

Қоғамдық қатынастар жалпы социология тұрғысынан алғанда қоғамда ерекше орын алады. Себебі белгілі бір ортада қоғам бар деу үшін, ол жерде қоғамның қалыптасуын, дамуын білдіретін қоғам мүшелері арасындағы қоғамдық қатынастар өмір сүруі керек.

Қоғам мүшелері-биологиялық сипаттағы қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатындағы емес, әлеуметтік құрамы бар адамдар арасында орын ала алады. Мысалы жұмыс беруші мен жұмысшының, сатушы мен сатып алушының т.б.

Қоғамдық қатынастар жеке адамға тәуелсіз сипатта болады деп түсіну керек, өйткені әрбір жеке адамға келгенде қоғамдық қатынастар ол адамға дейін өмір сүрген құбылыс. Жаңа адам тек оған қосылады. Қоғамдық қатынастар жеке адамға тәуелсіз өмір сүретіндіктен, адам оған тәуелді болып, ұжымдық өмірге бағынады. Түптеп келгенде адам, дұрысырақ айтқанда қоғам мүшесі әртүрлі қатынастарға түсуге негіз беретін қоғамның құрамдас белгілерін сол қоғамнан

алады. Ол бір уақытта отбасы мүшесі, жұмысшы, партия мүшесі т.б. бола алады. Және бұл белгілер бір адамның бойында бір-біріне қарсы бағытта болмай, олар өзара үндесіп жатуы керек.

Қоғамдық қатынастың келесі қызметі, олардың жиынтығы бүтін қоғамдық организм ретінде әлеуметтік-экономикалық және саяси формацияның түрін немесе сол қоғамның даму бағытын білдіреді. Сондықтан қоғамдық қатынастардың жиынтығы қоғамды білдіретін күш дейміз. Мұны мынандай түрде бейнелеуге болады. Жеке адам + қоғамдық қатынастар = қоғам.

Сонымен, адамның қоғам мүшесі ретінде қоғамдық қатынастардың қатысушысы болып табылатын жағдайы мынандай қорытынды жасауға әкеледі. Егер қоғамдық қатынастарды жеке адамдарда бар биологиялық құрамдардан да кеңірек алсақ, онда бұл әлеуметтік сапалар арасындағы қатынастар болып табылады. Бұл қоғамдық қатынастың құрамын, оның қоғамды қозғаудағы, қалыптастырудағы ролін ашудың ең қарапайым түрі. Өйткені қоғамдық қатынастардың қатысушылары ретінде адам ғана емес, мекеме, ұйымдар, мемлекеттер де бола алады.

Қылмыстық заңмен қорғауға алынған қылмыс объектісі ретінде аталатын қоғамдық қатынастардың қоғам, жеке адам өміріндегі ролі осындай маңызды болуына байланысты қылмыс құрамының элементі ретінде бірінші кезекте аталады. Сонымен қатар адамда қылмыстық ниеттің пайда болуының алғашқы кезеңінде-ақ және оның жасаған қауіпті іс-әрекеттері қоғам, адамзат үшін аса қажетті болып табылатын қылмыс объектісіне бағытталады. Бұл кездейсоқ емес. Әлеуметтік-экономикалық дамуда жай еңбек бөлінісі ғана пайда болып қоймайды. Сондай-ақ қоғам мүшелерінде әлеуметтік, мүліктік т.б. айырмашылықтар пайда болып, олар әртүрлі деңгейлерде бола алады. Әрбір адам өз заманының адамы болғандықтан, осындай айырмашылықтар қоғам мүшелерінің арасында мүліктік, саяси, т.б. артықшылықтарға ұмтылуға себепші болады. Оның бір тәсілі қылмысты әрекеттер жасау арқылы қоғамдық қатынастарға зиян келтіре отырып өз мұқтаждығын қанағаттандыру болып табылады дейміз. Осы себептен де қылмыс – объективтік құрамы бойынша қылмыс субъектісінің адам мен адам немесе жеке адаммен заңды ұйым, ұжым арасында қалыптасқан қатынасқа зиян келтіру болып табылады. Бұл қылмысты қоғамдық маңызды құбылыс ретінде бағалатады. Тіпті қылмыскер жеке адамға зиян келтіргенде де қоғамға зиян келтірген

болып есептеледі, өйткені жәбірленуші адамда қоғам мүшесі. Осы айтылғандар қылмыс объектісінің қайдан шығатынын, оның неліктен бірінші кезекте аталатынын ғана емес, сонымен бірге қылмыстың қоғамға қауіптілігін де білдіреді.

Әлеуметтану теориясынан келгенде адам әрекетін бағалаудың критерийі қоғамдағы объективтік заңдылыққа іс-әрекеттің сәйкестік шамасы болып табылады. Әлеуметтік ортадағы әрекеттердің бағыты, қауіптілік дәрежесі әртүрлі. Жалпы әлеуметтік әрекеттердің кейбіреулері қоғамдық жүйенің даму заңдылықтарына сәйкес келеді, ал кейбір түрлері қоғам мүддесіне қарсы тұрады. Сондай-ақ осы уақытта емес, болашақта қолданылатын әрекеттерде кездесе алады. Мұндай әрекеттердің ішінен қоғам талабына қарсы тұратын әрекеттер зиянды, қоғамға қауіпті деп бағаланады, олардың қоғамға қауіптілігі барынша жоғарылары қылмыс ретінде белгіленеді.

Қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің қауіптілік қарқындарының шамасына (мера интенсивности действия), дәрежесіне қарай зиянның мөлшері белгіленеді және осы критерийде қылмыс теріс қылықтан ажыратылады. Қылмыстық құрамның объективтік жағын сипаттауда (мысалы бұзақылық, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану қылмыстарында) көрінеу, кәнігі, аса кәнігі түрде деп келтірілетін ұғымдар да осы қылмысты әрекеттердің қарқындылық шамасына қарай анықталады. Мұндай қарқындарды кейбір қылмыс түрлерінде дәл анықтау қиын, ол көбінесе бағаланушы ұғым ретінде заң нормасында белгіленіп, іс жүзінде квалификация жүргізуші қызметкердің өз шешіміне қарай анықталады.

Қылмысты іс-әрекеттер заң шығару жұмысында практикадан, яғни қоғам өмірінен алынады, себебі қылмыстар қоғамға таралған әрекеттер болып табылады. Қылмысты іс-әрекеттер қатарында практикада әлі кездеспесе де алдағы уақыттарда кездесуі мүмкін деген болжамымен заң шығарушының қылмысты деп таныған әрекеттері болуы мүмкін. Бұл өте сирек кездесетін жағдай. Мысалы Қазақстан Республикасы Қылмыстық заңының 96 бабы 2 бөлімінің м пунктінде қарастырылған “жәбірленушінің мүшелерін немесе тінін пайдалану мақсатымен жасалған” кісі өлтіру Қылмыстық кодексі 1997 жылы бекітілгенге дейін сот-тергеу практикасында кездескен жоқ. Бірақ заң шығарушы мұндай кісі өлтіру түрі шетелдердің практикасында бар, алдағы уақыттарда бізде де кездесуі мүмкін деген болжаммен заңға енгізді.

Қылмысты іс-әрекеттер мен зардаптың қарқындылық шамасын қылмыстық құқықтық тұрғыдан талдағанда осындай түсіндірмемен шектелуге тура келеді. Ал бұл қарқындылық шаманы әлеуметтік тұрғыдан талдасақ, онда қылмыстық құқықтық ережеден аса бастаймыз. Себебі қасақана немесе абайсызда қылмыстар жасау, аяқталған қылмыстармен қылмысқа даярлану немесе оқталу, сондай-ақ қылмысқа қатысушылар мен оған жанасушылардың әрекеттерінің қарқындылық дәрежесі бірдей емес.

Келесі айта кететін жәйт, ол қандай іс-әрекеттер қоғамға қауіпті деп танылады деген сұраққа жауап табу. Жауапты анық, әрі қысқаша былай беруге болады. Қылмысты әрекеттер зардап келтіретін әрекеттер деген сөзбен тоқталуға болмайды. Ол іс-әрекеттер қалыптасқан жағдайға зардап келтірудегі ерекше тәсілді білдіреді және олар тек қоғамдағы қатынастарды бұзатын немесе бұза алатын әрекеттерді қамтиды. Осындай себептерден қылмыс құрамында объективтік жақ белгілері қылмыс объектісінен кейін екінші кезекте қарастырылады.

Қылмыстық құрамдарда субъективтік жақ белгілерінің үшінші кезекте қарастырылуын бірнеше себептермен түсіндіруге болады. Біріншіден, жоғарыда айтқанымыздай объективтік жақтың белгілері қылмыстың сыртқы бейнесін сипаттаса, субъективтік жақтың белгілері қылмыскер адамның сол сыртқы белгілерге деген ішкі ойын, оның бағытын ашып береді. Қылмыстық құрамдарға талдау жасағанда, әрине сыртқы бейнесін ашқаннан кейін, оның ішкі жақ, яғни қылмыскердің ми жұмысындағы шешімдерге және зардапқа, қылмыстық объективтік жағының қосымша белгілеріне деген ой қатынасын қарастыруға өткен тиімді, әрі мәселені кезектілікпен талдауды білдіреді.

Бұл мәселеге анығырақ үңілсек, шындығында қылмыстық объективтік жағының белгілерінен бұрын субъективтік жақты құрайтын белгілер алдымен пайда болады. Бұлар кінәнің нысандарын құрайтын белгілерде, ниетпен мақсатта жасалған әрекеттен, туындаған зардаптан бұрын пайда болады. Анығырақ айтқанда, кінәліде қылмысты іс-әрекет жасаудан бұрын қауіпті әрекет жасауға итермелейтін ой-ниет пайда болады. Мысалы, ұрлық, тонау, алаяқтық қылмыстарын құрайтын әрекеттер орын алу үшін алдымен пайдақорлық ниет пайда болады. Сол сияқты қылмысты әрекет жасардың алдында немесе сол кезде, өзінің әрекетінің қауіпті екенін сезеді, ол әрекеттің белгілі бір зардаптар тудыратынын көре біледі және сондай зардаптардың туындауын тілеуі немесе оған саналы түрде жол беруі мүмкін. Бірақ осын-

дай себептерге қарамай қылмыстың субъективтік жағының объективтік жақтан кейін қаралу себебі, ол қылмысты кінә, ниет, мақсатқа жетуге жағдай жасайтын әрекеттер жасалмай, зардап туындамай тұрып, қылмысты уақиғаның бар екендігін көру қиындығына байланысты болып табылады. Яғни адамның іште жатқан қылмысты ойлары сыртқа шыққанда ғана және заңмен қорғалатын объектілерге нақты қауіп туындағанда немесе олар бұзылғанда қылмыс уақиғасы туралы сөз қозғауға болады.

Екіншіден, қасақана түрде жасалатын қылмыстарда қылмыстық ниет өзге белгілерге қарағанда алдымен пайда болғанмен, оның іске асырылуы соңғы кезекте тұрады. Қылмыстың ниетті (мысалы кек қайтару, пайдақорлық) іске асыру үшін тиісті іс-әрекеттер толық, әрі ойдағыдай орындалып шығуы керек. Егер қылмыстың жасалуына түрткі болған ниетті іске асыру бағытындағы әрекеттер орындалмаса немесе толық орындалмаса, онда қылмыстың ниеті ғана емес, мақсаты да жүзеге аспайды. Демек бұл белгілерге кінәлінің жетуі, оның жүзеге асуы қылмысты орындауда соңғы кезекте тұрады.

Үшіншіден, уақиғаның сыртқы көрінісі бар болғанмен кейін анықтай келгенде ішкі көрініс жоқ болып шығуы да мүмкін. Мұндай жағдайларда “сыртқы көрініс” деп отырғанымыз анықтай келгенде қылмыстың объективтік жағын білдірмейді, өйткені бұл уақиғаның ішкі мазмұны басқа мағынаны білдіруі мүмкін. Мысалы түн уақытында адамның үй есігін бұзып жатуы сырттай қарағанда ұрлық қылмысына бағытталған әрекетті білдіре алады. Бірақ есікті бұзып жатқан адамның осы үйдің иесі болып шығуы уақиғаның мағынасын өзгертеді. Демек ол адам есіктің кілтін жоғалтуына т.б. себептерге байланысты осындай әрекетті жасап жатырған болып шығады. Бұл жағдайда кінә немесе ниет болмауына байланысты қылмыстың объективтік жағының да белгілері жоқ деп танылады. Яғни қоғамға қауіпті іс-әрекет жоқ.

Міне осындай реттілікпен қылмыстық құрам элементтерін келтіргенде, соңғы кезекте қылмыс субъектісі анықталуға жатады. Қылмыс субъектісіне қойылатын талаптар көп емес. Қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасаған адамда екі белгінің болуы шартты. Олар адамның есі дұрыстығы, яғни жасаған іс-әрекетінің мағынасын түсіне алуы және өз әрекеттеріне жетекшілік жасай білуі және екіншіден қылмыстық жауаптылық жасына жеткен болуы.

Қылмысты квалификациялауда және қылмыстық құрам элементтерінде қылмыс субъектісінің соңғы кезекте белгіленуін тергеу практи-

касының мынандай қызметімен де негіздеуге болады. Жоғарыда айтқанымыздай кейбір жағдайларда қылмыс жасаған адам әлі белгілі болмаса да қылмыс болып шығуы мүмкін деген болжаммен уақиға, факт бойынша қылмыстық іс қозғалып жатады. Мұндай жағдайларда тергеушіге қылмыстың субъектісі ғана емес, субъективтік жақтың белгілері де белгісіз болады. Яғни қылмыстық іс зардап туындау фактісі бойынша қозғалып, оған Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабы бойынша квалификация беріледі. Нәтижесінде кінә және қылмыс субъектісі анықталғанда айып тағылып, ал зардап туындау фактісінде адамның кінәсі немесе субъектіні құрайтын белгілер болмаса, онда іс қысқартылады.

§ 2. Қылмыс құрамы және қылмыстық заң

Қылмыс құрамы – бұл нормативті ережеге сәйкес анықталатын және соған байланысты қолданылатын ұғым. Қылмыс құрамын анықтаудың заңды моделі, ол қылмыстық заң.

Қылмыстық заңның құрылымы қылмыс құрамына қатысты және оған қатысты болып есептелмейтін басқа да ұғымдарды қамтиды. Қылмыстық заң нормалары арқылы қылмыстық құрамдардың мағынасы ашылып ғана қоймай, сонымен қатар әр қылмысқа белгіленген жаза түрлері де қарастырылады. Демек нормалар санкциясы қылмыстық құрам ұғымынан тысқары жатыр.

Бұл жерде алдымен қылмыс құрамы, қылмыстық-құқықтық норма және қылмыс деген ұғымдардың ара қатынасын ашу қажеттілігі туындайды, себебі квалификация жүргізуде бұл ұғымдардың қолданылу деңгейін білу міндетті болып табылады.

Қылмыстық құрамның түсінігі және оның элементтері мен белгілері, сондай-ақ квалификация жүргізуде қолданылатын Жалпы және Ерекше бөлімнің нормалары туралы бұдан бұрынғы бөлімдерде айтылды.

Қылмысты квалификациялау негізінен Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің нормалары бойынша жүргізілетіндіктен ондағы әр бабтың диспозициясы сол құрамға сипаттама беру міндетін атқаруы тиіс. Құрам және оның белгілері Ерекше бөлімнің баптарында келтіріледі деп айтуға негіз бар тәрізді. Себебі ол баптар өзіне сәйкес келетін барлық қылмысты әрекеттерді қамти білу үшін, толық, анық, әрі сенімді болуы және тұрақты қолданылу сапасына ие болуы керек. Бұл

заң баптарына, оның диспозицияларына қойылатын қағидалар. Бірақ қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің ешбір бабы қылмыстың құрамына қатысты белгілерді толық тізіп сипаттамайды. Олардың көпшілігі объективтік жақтың белгілерін келтірумен шектелсе, ал кейбіреулері объективтік және субъективтік жаққа қатысты белгілерді ғана келтіреді. Мысалы 134 бап, баланы қасақана ауыстыру. Қылмыстық субъектісі де осы тәріздес кейбір баптарда аталса (мысалы 224 бап, Заңсыз сыйақы алу. Диспозициясы “Мемлекеттік органның немесе мемлекеттік ұйымның мемлекеттік қызметтерді атқаруға уәкілетті адамы болып табылмайтын қызметтерінің немесе оған теңестірілген адамның, сол сияқты мемлекеттік емес ұйымның басқару қызметтерін атқармайтын қызметкерінің...”), ал кейбіреуінде айтылмайды. Ал қылмыстық объектісін дәл болмаса да, бағыттап көрсететін диспозициялар кездеседі. Мысалы 96 бап. Кісі өлтіру, яғни басқа адамға құқыққа қарсы қаза келтіру. Осындай жағдайларға қарай отырып, баптың диспозициялары қылмыстың құрамын бейнелейді немесе оның маңызын ашады деп айтуға болмайды. Демек қылмыс құрамы мен норма диспозицияларының айырмашылықтары ғана емес міндеттері де бөлек деп түсіну керек. Ерекше бөлім нормаларының диспозициялары нақты қылмыс құрамының ерекшелігін білдіретін белгілерді көрсетуді міндет тұтады. Ал оның басқа және ұқсас құрамдардан айырмашылығы, яғни құрам элементтерінің ерекшеліктеріне түсіндірме беру кезінде немесе оқулық әдебиеттерде ашылады. Сондықтан қылмыстық құрамдарды оқу, меңгеру, онымен практикада жұмыс істеу үшін, тек қылмыстық заңды оқып шығумен шектелуге болмайды. Заңды оқу арқылы халық қандай әрекеттер қылмысты болып табылатыны және қандай жаза түрлерімен оның көлемі туралы хабардар болып, үстірт, алғашқы қажетті түсінік алады. Ал қылмыстық заңмен үнемі жұмыс істеу үшін құқық қолданушы қызметкер толық білімді болуы керек және ондай білімді оқулықтардан, зерттеу әдебиеттерден алады. Бұл біріншіден, екіншіден Ерекше бөлімнің нормаларының диспозициялары қылмыс құрамы элементтерінің белгілерін толық келтіретін болса, онда қылмыстық кодекс қазіргі қолданып отырған көлемнен анағұрлым қалыңдап және құрамдардың ортақ белгілерін үнемі әр бапта қайталап отырар еді. Мысалы қылмыстың жалпы субъектісі, әдетте 16 жасқа толған, есі дұрыс адам. Бұл көптеген құрамдарға ортақ белгі. Мұны сол баптардың көпшілігінде көрсете беруге айтарлықтай қажеттілік болмас та еді. Біз осылай дей

отырып, заңның дұрыстығы, анықтығы туралы екі жағдайды ескеруіміз керек. Норма диспозициясында құрам элементтерінің кейбір белгілерін тікелей көрсетпегенде, біз теория мен практиканың кейбір мүмкіншіліктерін шектейміз. Мысалы әйел зорлау қылмысының құрамын диспозицияда толық келтірумен айналыса отырып, бұл қылмыстың субъектісін “14 жасқа толған, есі дұрыс ер адам” десек, онда біз практиканың мүмкіндігін шектеген болуымыз мүмкін. Себебі 14 жасқа толмаған ер жынысты адамды 14 жастан асқан әйел адам әйел зорлауға азғырса, онда азғырған әйел адам біреу арқылы қылмысты орындаған болып шығады. Демек әйел зорлау қылмысының субъектісі арнайы емес, жалпы болуы да мүмкін.

Норма диспозицияларын толық, анық бейнелей отырып практика қызметін бір ізділікке келтіруге болады. Қылмыстық құқықта кейбір қылмыс құрамдарының элементтеріне қатысты белгілер даулы болып кездеседі. Мәселенің теория жүзінде даулылығы практика қызметін шатастырып қана қоймайды, ол сонымен бірге әркелкілікке, яғни екі тергеу мекемесінде екі түрлі квалификациялауға соқтыруы мүмкін. Бірдей уақиғаны бір тергеуші “қылмыс құрамы бар” деп, екіншісі “қылмыс құрамы жоқ” деп бағалауы мүмкін. Мысалы өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (102-бап) қылмысының кінә нысаны қылмыстық құқықта даулы болып саналады. Бұл бапта кінәлінің зардапқа деген психикалық қатынасы тікелей айтылмағандықтан оқулықтар бірі жанама қасақаналық, екіншілері абайсыздық деп әркелкі түсіндіреді.¹ Мұндай жағдайлар, яғни норма диспозициясының толық мағлұмат бере алмауы қылмысқа квалификация беру барысындағы сот-тергеу қызметін шатастырады.

Келтіріліп отырған мысалдар Ерекше бөлім баптарының диспозицияларына қарағанда қылмыстың құрамы деген кең және терең ұғым екендігін дәлелдейді.

Ерекше бөлімнің нормалары Жалпы бөлімнің нормаларымен өзара үндестікте, байланыста қолданылады және қылмыстық құрамдарды оқып, меңгеру барысында қажет болып табылады. Жалпы бөлімде Ерекше бөлімде қарастырылатын құрамдарға қатысты ортақ ережелер қарастырылады. Оларды үш топқа бөлуге болады.

1. Қылмыстық заңға қатысты
2. Қылмыс құрамына қатысты

3. Жазаға қатысты

Бірінші топтағы қылмыстық заңға қатысты нормалар қылмысты квалификациялауда қолданылатын заңдарды, заңның міндеттері, заңның кері күшімен уақытындағы күші тәрізді ережелерді құрайды. Екінші топтағы қылмысқа қатысты нормалар Жалпы бөлімнің екінші бөлімінде келтірілген. Мұнда қылмыстың жалпы түсінігі, оның санаттары, қылмыс жиынтығы, қайталануы, бірнеше рет жасалуы, жауаптылық белгіленетін жас, кінәға қатысты түсініктер қарастырылған. Сонымен бірге бұл топтағы нормаларға қасақаналықпен сипатталатын қылмыстарда кездесе алатын қылмысқа қатысу, қажетті қорғану, аса қажеттілік, бұйрықты немесе өкімді орындау тәрізді т.б. осы тәріздес жалпы ережелер жатады. Ал жазаға қатысты ережелер III-ҮІІ бөлімдерде келтіріледі.

Заңды екі бөлімге бөліп оқу және жұмыс істеу, ол заңды оқып, үйренудің жеңіл болуы және заң қолдану жұмысын тиімді, оңтайлы жүргізу үшін пайда болған. Яғни барлық қылмыстарға қатысты, ортақ болып табылатын кінә, қылмыс субъектісі, есі дұрыстық, қылмыс ұғымы тәрізді ұғымдар және көпшілік қылмыстарда кездесе алатын қылмысқа даярлану немесе оқталу, қылмысқа қатысу, қажетті қорғану тәрізді ережелер Жалпы бөлімге шығарылған. Сондықтан Жалпы бөлім нормаларының Ерекше бөлім нормаларына қарағанда түсінік беру немесе белгілерді атау қызметі басым, толық көрінеді. Себебі Ерекше бөлім нормаларының диспозициялары мұндай Жалпы бөлімде қаралған ортақ ұғымдарды, белгілерді қайталамауы керек. Қылмыстық заңның Жалпы және Ерекше бөлім нормаларының өзара жақындығы, байланысы, бір-біріне атқаратын қызметі міне осында. Демек, Ерекше бөлім нормаларының диспозициялары өзінің басты міндеті болып табылатын, қылмыс құрамының басқа құрамдардан айырмашылығын білдіретін осы қылмыс түріне тән белгілерді, ұғымдарды келтірумен айналысады дейміз.

Ерекше бөлімдегі баптардың диспозицияларында келтірілетін кейбір ұғымдардың, терминдердің түсінігі Жалпы бөлімде қарастырылады. Мысалы 214 баптың 2 бөлімнің “а” пункті “бірнеше рет”. Мұнда кеден төлемдері мен алымдарын төлеуден жалтару қылмысын бірнеше рет жасау деген ұғымды түсіну үшін Жалпы бөлімдегі 11 бабқа сүйену керек. Егер диспозицияда қолданылып отырған ұғым тек осы қылмыс түріне немесе осы тектес ұқсас қылмыс-

тарға тән болса, онда заң нормасын талқылау, түсіндіру кезінде ашылады. Мысалы 112 бап-қорқыту, 181 бап- қорқытып алушылық, 248 бап- радиоактивті заттарды ұрлау немесе қорқытып алу, 255 бап-қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жару құралғыларын ұрлау не қорқытып алу. Осындай себептерге байланысты қылмыс құрамдарына арналған баптардың диспозициялары қылмыстық заңда жұтаңдық көрсетуі мүмкін.

Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімі әлеуметтік-қоғамдық өмірде кездесетін қылмыстардың түрін анықтауға және оларға жауаптылық белгілеуге арналған. Қылмыс құрамы ұғымының да басты міндеті осы тәріздес, яғни жауаптылық белгілеу, адамгершілік және құқықтық тұрғыдан әділетті, негізді болуы үшін іс-әрекеттің қылмыстылығын анықтайтын құрам элементтерінің белгілерін ашуға ұмтылады. Мұндай кезде “қылмыс” және “қылмыс құрамдары” ұғымдарының ара қатынасын анықтау туралы қажеттілік туындайды. Бұл екі ұғымдардың ұқсастығын былай түсіну керек. Біріншіден, кеңірек ұғым ретінде қолданылатын “қылмыс”, тар немесе нақты мағынада қолданылатын “қылмыс құрамы” ұғымдары екеуі де қылмыстық жауаптылықтың негізін білдіре алады. Тек “қылмыс” ұғымы әлеуметтік-саяси мағынада, ал “қылмыс құрамы” деген термин құқықтық сипаттағы жауаптылықтың негізін білдіру мақсатында қолдануға оңтайлы.

Екіншіден, бұлар бірін-бірі тудырушы ұғымдар болып табылады. Егер қылмыс болмаса қылмыс құрамы деген ұғымда өмір сүрмес еді. Сонымен қатар «қылмыс» деген ұғым «қылмыс құрамы» деген ұғымсыз да өмір сүре алар еді.

Қылмыстар қоғамдық ортада өмір сүргенмен, оның нақты түрлерінің түсінігін дұрыс қалыптастыру, сол әлеуметтік-қоғамдық ортада толық мүмкін емес. Мұндай ортада қылмыстар түрлері туралы толық және жан-жақты зерттелмеген түсінік өмір сүреді. Бірақ Л.И.Спиридонов айтқандай “қылмыстың әлеуметтік ұғымы, оның заң жүзіндегі ұғымына жағдай жасайды”.¹ Қылмыстың заңдағы түсінігі, оның әлеуметтік түсінігімен үндесіп, сабақтасып жатпаса немесе әлеуметтік түсінігіне қайшы келсе, онда мұндай заңды қоғам мойындамас еді. Дәлірек айтқанда қылмыс қоғамда өмір сүреді, ол қылмыстың сипатына, қауіптілігіне байланысты адамдарда үстірт түсінік қалып-

¹ Спиридонов Л.И. Социология уголовного права. – М., 1986. С. 51.

тасады, ал қылмыстық құқық сол қылмыс құбылысын және халықтың түсінікті зерттеуге алып, оның шын қылмысты әрекет екенін құрам элементтері арқылы дәлелдейді. В.Н.Кудрявцев “Шын мәнінде құрам белгілері іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігін ғана емес, сонымен бірге адамның кінәсін де сипаттайды. Олар бір қылмысты басқаларынан ажыратады”, - деп сенімді айтады.¹

“Қылмыс” және “қылмыс құрамдары” ұғымдарының өзара айырмашылықтары мынада. Сырттай қарағанда біріншіден, “қылмыс” әлеуметтік қоғамдық ортада қалыптасқан, сол ортада өмір сүретін ұғым, ал “қылмыс құрамы” қылмыстың құқықтық немесе ғылыми ұғым болып табылады. Қоғамда немесе халықтың арасында қылмыс құрамы деген сөз айтылмайды. Себебі “құрам” деген сөздің өзі, онда элементтердің, белгілердің немесе құрамдас бөліктердің бар екендігін білдіреді. Мұндай құрамдас бөліктерді білдіретін элементтерді анықтауды халық міндет санамайды.

Т.М. Күлтелеев қазақ әдет-ғұрып құқығында “қылмыс” деген ұғым болмаған. Оның орнына “жаман қылық” деген ұғым қолданылған. Бұл жаман қылықтардың түрлері қазіргіше ұғыммен алғанда қылмыстарды білдірген. Қазақ әдет-ғұрып заңдарында қылмысты, яғни жаман қылықты бірнеше санатқа бөлу болған тәрізді. Себебі “өте жаман қылық” деген ұғым қолданылып, ол жеке адамға, хан, сұлтан, би, ру басылардың жеке басына, оның ішінде ар-намысқа, сонымен қатар отбасы иесі болып табылатын адамға қарсы әрекеттерді білдірген.²

Т.М. Күлтелеев қазақтардағы қазіргі “қылмыс” термині “қылық, жаман қылық” деген сөзден шыққан тәрізді дейді.³

Біздіңше, қылмыс терминінің шығу себебі басқаша да болуы мүмкін. “Қылмыс” сөзінің төркіні “жаман қылық қылма” деген сөздегі “қылма” сөзіне байланысты болуы мүмкін. Яғни «жаман қылық қылма» сөзі «қылмас» әрекеттер немесе қылмас, жасамас деген мағынаға көшіп, бірақ қазақ тілінің айтылуы икемділігіне қарай “қылмыс” болып кетуі де мүмкін.

Екіншіден, қылмыс ұғымы көлемі бойынша құбылыстың немесе қылмыс түрінің жалпы атын ғана білдіретін түсінік болып табылады. Ал қылмыс құрамы сөзі көлемі бойынша жоғарыда айтқанымыздай қылмыстың бар екендігін дәлелдеу мақсатында оның белгілерін,

¹ Кудрявцев В.Н.. Аталған еңбекте, 59 бет.

² Күлтелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов – Алма-та, 1955 – 172 с.

³ Сонда - 154 с.

оған тән ерекшеліктерді ашатын және объективтік және субъективтік белгілерін қамти алатын кең ұғым ретінде қолданылады. Әдебиеттерде “қылмыстық құрамға қылмыстық-құқықтық норманың элементі ретінде заң шығарушылармен нақты осы қылмыс түрінің мағынасын, барысын, сипатын, оның қоғамға қауіптілік дәрежесін білдіретін белгілер жатқызылады” деген түсіндірме кездеседі.¹

Үшіншіден, қылмыстық-құқықтық мағынада қылмыс ұғымы тек атаулы түрде ғана қолданылады. Мысалы кісі өлтіру қылмысы. Қылмыс құрамы деген ұғым қылмыстық құқықта сипаттаушы мағынада қолданыла отырып, бір қылмыстың өзінде бірнеше қылмыстық құрамдарды келтіре алады. Мысалы Қылмыстық кодекстің 96 бабында кісі өлтіру қылмысы қарастырылады дегенмен, ол бапта кісі өлтіруді білдіретін бір ғана қылмыстық құрам қарастырылады деп айта алмаймыз.

Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің баптары бірнеше құрамдарды сипаттау және оларға жауаптылық белгілеу мүмкіншілігіне ие, яғни бір қылмыс бірнеше қылмыстық құрамдар түрінде кездесе алады. В.Н.Кудрявцевтің “Белгілі бір қылмыс түрінде бірнеше балама белгілер келтірілгенде, ол балама белгілердің кем дегенде біреуі осы қылмыстың құрамын білдіріп тұратын белгі болуы керек. Кейбір баптарда бірнеше белгілер келтірілгенде бірнеше қылмыс құрамдары емес, бір құрам келтіріліп тұрған тәрізді. Мысалы көруден, естуден айырылу және басқа да денсаулыққа ауыр зардаптар келтіруді білдіретін әртүрлі зардаптар бір құрамды құрайды. Ал кейбір баптарда бұл мәселе осындай оңай болып көрінбейді. Мысалы 256 бапта бір құрам бар ма әлде бірнешеу ме? Басқаша айтқанда “Балықты, теңіз аңдарын және өзге де су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз алу” деген формулировка бір құрамның балама белгілерін білдіре ме, әлде мұнда төрт құрам ба? Ал Қылмыстық кодекстің 263 бабында ше “жол қозғалысы” және “көлік құралдарын” пайдалану ережелерін бұзу (оның үстіне әртүрлі көлік құралдарымен). Егер осылардың бәрін әр түрлі құрамдар деп есептесек, онда ұрлық қылмысын қарастыратын қарастыратын 158 бапта бір емес, сегіз құрам бар болып шығады. Жай ұрлық, алдын ала келісіммен топ адамдардың жасаған ұрлығы, ірі мөлшердегі ұрлық т.б.) дей отырып, бұл мәселеде “құрам ретінде кеңірек жиынтықты атасақ, онда мысалы кісі өлтірудің бір ғана құрамы бар, ал 105-108 баптар балама көріністерін қарастырады деп атау керек”, - дейді¹.

¹Трайнин А.Н. Общее учение о составе преступления. – М., 1957. С. 60.

²В.Н.Кудрявцев аталған жұмыста, 80 бет.

Мұндай бағытпен келісуге болмайтын тәрізді. В.Н.Кудрявцев денсаулыққа қасақана ауыр зардап келтірудің түрлерімен балық, теңіз аңдарын заңсыз алудың, көлік құралдарын заңсыз пайдалану мен жол жүру ережелерін бұзудың арасынан барлық белгілері бір құрамды білдіретін, ал қалғандарында бір диспозицияның әр белгісі әртүрлі құрамды білдіретін қандай айырмашылық көріп отырғаны белгісіз. Бұл қылмыстардың белгілері анығырақ айтқанда, түрлері бір баптың бір бөлімінің диспозициясында келтірілген. Бұл жерде қандай айырмашылық болуы мүмкін. Аталған қылмыстардың айырмашылығы, ол бірінде адамның денсаулығына келетін зардап түрлерінде болса, екіншісінде қылмыс затында, ал үшіншісінде әрекет түрінде ғана, онда не тұр.

Бұл мәселені шешуде баптың бір диспозициясында келтірілген белгілер мен бір баптың әр бөлімдерінде қарастырылған әрекеттерді бірдей көрмеген дұрыс тәрізді. Бұл заңның жүйеге бөліну қағидасынан туындаған нәтиже. Заң Жалпы және Ерекше бөлімдерге, бөлімдер топтық объектілеріне қарай тарауларға, тараулар баптарға, қылмыс түрлеріне бөлінеді. Қылмыс түрлері осы қылмысты білдіретін бір неше құрамдарға бөліне алады. Бір қылмысты білдіретін түрлі құрамдар бір баптың жекелеген бөлімдерінде ғана қарастырылады деген дұрыс. Баптың бір бөлігі қанша белгіні, қылмысты әрекеттерді тізсе де, олар бір қылмыстық құрамды білдіреді. Мұның себебі, заң қоғамдық өмірде кездескен қауіпті әрекеттерді келтіреді. Анығырақ айтқанда бір қылмысты, бір қылмыстық құрамды білдіретін әрекеттер, оның әртүрлі көріністері өмірде көптеп кездеседі. Заң олардың бір-бірінен айырмашылықтары болғанмен, объектісі, әрекеттері ұқсас болғанда баптың диспозициясында тізіп келтіре отырып, бір қылмыстық құрам ретінде ұсынады. Сондықтан денсаулыққа қасақана ауыр зардап келтіруді қарастыратын 103 баптың 1 бөлімінде немесе көлік құралдарын пайдалану және жол жүру ережелерін бұзу үшін жауаптылық көздейтін 296 баптың 1 бөлімінде де бір құрам келтірілген. Заң құрылысында көңіл аудара отырып, бір бапта қарастырылған бір қылмыс бірнеше құрамдарға бөлінеді деуге болады. В.Н.Кудрявцевтің «ұрлық қылмысы сегіз қылмыстық қылмыстық құрамға бөлінеді дегені бұл жерде дұрыс».

Қылмыстың жасалу ерекшеліктерінде және жауаптылық белгілеу мәселесінде баптың бір бөліміне сиғыза алмайтын және сол қылмысты білдіретін әрекеттердің себептері бірнешеу болады.

1. Кінәні, жауаптылықты ауырлататын немесе аса ауырлататын әрекеттермен қылмыс жасалғанда, жазаны негізгі құрам бойынша белгілей алмаймыз, заң баптарын бөлімге немесе әрі қарай ауырлататын құрамдарға бөлмеу кінәліге жеткілікті жаза тағайындауға заң жүзінде мүмкіндік бермес еді. Мысалы жай ұрлықпен ірі мөлшерде жасалған ұрлықты бірдей бағалауға болмайды. Бұл екеуі де бір қылмыс, ұрлықты білдіреді, бірақ ұрлықтың жеке құрамдарын білдіреді. Сол сияқты кісі өлтіру қылмысын білдіретін 96 баптың бөлімдері (және екінші бөлімнің он үш пункті) де жеке құрамдарды білдіреді. Олардың әрқайсысында кісі өлтірудің жеке жағдайлары қарастырылады.

2. Ауырлық дәрежелері бірдей немесе шамалас және бағыты бойынша ұқсас болып табылатын жекелеген әрекеттер де бір қылмыстың жекелеген құрамдарын білдіреді. Мысалы Қылмыстық кодекстің 194 бабындағы несиені заңсыз алу және мақсатсыз жұмсау. Бұл баптың бірінші бөлімі мемлекеттік несиені заңсыз алғандығы үшін жауаптылықты қарастырса, екінші бөлімі сондай несиені мақсатсыз бағытта жұмсағандықты келтіреді. Мұнда да қылмыстың заты және объектісі, субъективтік жағы мен субъектісі ұқсас келтіріліп, олар жеке қылмыстық құрамдар ретінде қарастырылған. Сырттай қарағанда несиені заңсыз алу және мақсатсыз жұмсау әрекеттері жеке қылмыс түрлерін білдіретін тәрізді. Өйткені мемлекеттік несиені мақсатсыз жұмсау және заңсыз алу құрамдарының арасында тікелей байланыс жоқ. Бірінші бөлім несиені заңсыз алғаны үшін жауаптылықты белгілесе, екіншісі несиені заңды түрде алып, бірақ кейін алу кезінде берген уәдесі бойынша емес, басқа бағытта жұмсағаны үшін жауаптылық көздейді. Сондай-ақ 194 баптағы бұл екі құрамның бірі болмаса да, екіншісі осы баптың өмір сүруіне мүмкіндік бере алады. Ондай кезде тек баптың немесе қылмыстың атауы ғана қысқартылады. Несиені заңсыз алу және мақсатсыз жұмсау әрекеттерінің негізгі белгілері және бағыты осындай ұқсас болуына байланысты, бұл әрекеттер бір қылмыс ретінде аталып, оның негізгі түрлері жеке құрамдар ретінде келтірілген.

3. Қылмыстық заңның Ерекше бөлімінің баптарын бөлімдерге бөлу, соның нәтижесінде осы қылмыстың жекелеген құрамдарын келтіру, ол қылмыстың ауырлық дәрежесінің әртүрлі болып кезеуіне байланысты. Ерекше бөлімнің нормалары бірнеше бөлімдерге бөлінгенде сол қылмыстың жекелеген құрамдарын келтіру мақ-

сатында бөлінбейді, бірнеше бөлімдерге бөлудің басты себебі, ол қылмыстың ауырлық дәрежелері әртүрлі болып кездесуіне байланысты. Норма бір бөлімнен ғана тұрғанда санкцияның төменгі және жоғарғы шектерін тым ұзақ етіп көрсете беруге болмайды. Себебі сот қызметкерлері белгілі бір қылмыстың ауырлық дәрежесін бірдей шамалас бағаламай, әрқайсысы әртүрлі алшақ мерзімде жаза белгілеген болар еді. Мысалы 359 бап (Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден жалтару) бір бөлімнен ғана тұрады және екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруды келтірген. Бұл жерде заң шығарушы осы әрекеттің қауіптілігін таразылай отырып, осы қылмыстың жасалу себептерінде ескеріп, шамамен 6 аймен 2 жылдың арасында ғана жазалау керек деп бағалаған. Егер бұл баптың санкциясы 6 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын келтірсе, онда практикада бір сот 1 жылды белгілесе, ал екінші бір жердегі сот тап осындай әрекет үшін 5 немесе 6 жылды белгілеуі мүмкін. Нәтижесінде әрекеттің қауіптілігін дәрежелеуде және соған сәйкес жаза белгілеуде сот қызметкерлерінің арасында алшақтық пайда болар еді.

Практикада көпшілік қылмыстар қауіптілігі бойынша әртүрлі дәрежеде болып кездеседі, соған орай Ерекше бөлім нормаларының көпшілігі бірнеше бөлімдерден тұрады. Бұл әсіресе тергеу қызметінен көрі сот қызметін нақты, бірдей шамада жұмыс істеуге жағдай жасайды. Бір айта кететін жәйт, ол егер Ерекше бөлімнің баптары қылмыстың ауырлық дәрежелері бойынша бірнеше бөлімдерден тұрса, онда кейінгі, яғни 2,3,4 бөлімдер бірінен кейін бірі кінәні және жауаптылықты ауырлата береді деуге болады. Кейбір баптарда екінші бөлімге қарағанда бірінші бөлім ауыр болып кездесе алады. Мысалы 111-баптың (Денсаулыққа абайсызда зиян келтіру) 2 бөлімінде абайсызда екі немесе одан көп адамның денсаулығына ауыр зиян келтіру келтірілсе, ал осы баптың үшінші бөлімінде денсаулыққа абайсызда орташа ауырлықтағы зиян келтіру қарастырылған.

4. Қылмыстық кодексте бірнеше адамдардың қатысуымен жасалатын қылмысқа қатысушылық түрлері кездеседі. Бірақ қасақана қылмыс түрлерінің кейбіреулеріне қылмысқа қатысушылық тән болғанда, оған қатысқан адамдардың рольдерін, белсенділігін таразыламай бірдей жауаптылық белгілеу әділетсіздікті білдіре алады. Қылмыстық кодекстың 237 бабының (Бандитизм) бірінші бөлімі банданы

құрған, басқарған, яғни белсенділік көрсеткен адамдардың әрекеттеріне жауаптылықты көрсетсе, осы баптың екінші бөлімі банда тобының қатардағы қатысушыларына жауаптылық көздейді. Мұндай себеппен бір қылмыстың бірнеше құрамдарға бөлінуі 162 баптың (жалдамалылық) 1 және 3 бөлімдерінде, 231 баптың (коммерциялық сатып алу) 1 және 3 бөлімдерінде, 235 баптың (ұйымдасқан қылмыстық топты немесе қылмыстық қауымдастықты құру және оны басқару, қылмыстық қауымдастыққа қатысу) 1,2,3 және 4 бөлімдерінде, 236 баптың (заңсыз әскерилендірілген құраманы ұйымдастыру) 1 және 2 бөлімдерінде және т.б. кездеседі.

Жоғарыда келтіріп отырған бір қылмыстың бірнеше құрамдарының құрылысына, яғни құрам элементтерінің белгілеріне құрылымына, назар аударсақ, онда олардың көпшілігінің құрам элементтері бойынша айырмашылығы жоқ екендігі байқалады. Бір баптың бірнеше бөлімдерінде қарастырылған құрамдарының құрам элементтері бойынша айырмашылықтары болмағанда, олар өзара басқа белгілерге қарай ажыратылады. В.Н.Кудрявцев “барлық жағынан бірдей екі қылмыстық құрам болмайды. Барлық қылмыс құрамдары кем дегенде бір белгісі бойынша ажыратылады. Құрамдардың арасында айырмашылықтың болмауы ұқсас қылмыстарды ажыратуда мүмкіндік бермес еді” – дейді.¹ Құрам элементтері бір қылмыстың түрлі құрамдарында бірдей анықталғанда, олар өзара құрам элементтерінің қосымша белгілерінің міндетті белгі болуына қарай және Қылмыстық кодекстің 54 бабында келтірілген кінәні ауырлататын белгілердің көрсетілуіне қарай ажыратылады. Мысалы 96 баптың 2 бөлімінде қарастырылған қасақана кісі өлтірудің ауырлататын түрлерінің құрам элементтері бойынша айырмашылығы жоқ. Тек соңғы “н” пункті бұрын қасақана кісі өлтіру қылмысын жасаған адамның осы қылмысты қайталауын көрсетіп субъекті бойынша ажыратады. Бұл баптың әртүрлі пункттеріндегі қасақана кісі өлтіру әрекеттері өзара объект көлемі (мысалы жүкті әйелді өлтіру, екі немесе одан көп адам өлтіру), тәсілі бойынша (мысалы аса қатыгездікпен өлтіру, бірнеше адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен өлтіру), қылмыстық ниеті бойынша (пайдақорлық, қанды кекті қайтару, бұзақылық ниетпен кісі өлтіру), мақсаты бойынша (жәбірленушінің мүшелерін немесе тәнін пайдалану, басқа қылмысты жасыру немесе қылмыстың жасалуын жеңі-

¹Кудрявцев, В.Н. аталған жұмыста, 62 бет.

лдету мақсатында кісі өлтіру) ажыратылады. Зардаптың көлемі бойынша (мысалы 175 бап 1 бөлім жай ұрлық және 175 бап 3 бөлім “б” пункті ірі мөлшердегі ұрлық) қылмыстың орны бойынша (175 бап 2 бөлім “в” пункті, тұрғын, қызметтік немесе өндірістік жайға, қоймаға заңсыз кірумен жасалған ұрлық), құралы бойынша (179 бап 2 бөлім “г” пункті қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолдану) да ажыратылатын құрамдар көп. Сонымен қатар құрам элементтерінің міндетті немесе қосымша белгілері ретінде бағаланбайтын, бірақ кінәні ауырлататын белгі ретінде ескерілетін 54 баптағы белгілерде Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлім баптарының бөлімдерінде тікелей көрсетілгенде осы құрамды басқа құрамдардан ажырату мүмкіншілігіне ие. Ерекше бөлім баптарының бөлімдерінде топ, ұйымдасқан топпен, бірнеше рет қайталап, өкімет өкілінің киімін немесе құжатын пайдаланып қылмыс жасау т.б. ауырлататын құрамдарға жатқызған.

Осы жағдайларды ескере отырып қорыта айтқанда, бір қылмыс әртүрлі құрамдарға бөлінгенде олар негізінен құрам элементтері белгілерінің нақты қылмыстардағы ерекшеліктеріне байланысты міндетті белгі ретінде көрсетілуіне қарай және жауаптылықты ауырлататын, аса ауырлататын белгілердің осы қылмыс түрінде жиі кездесетіндігіне байланысты арнайы көрсетілуіне қарай ажыратылады.

§3. Қылмыстық құрамдардың белгілері

Қылмыстық кодекстің Жалпы және Ерекше бөлімі нормаларының диспозицияларында қолданылатын белгілерге зер салсақ, олардың біркелкі сапада емес екендігін байқауға болады. қылмыстық құрамдарды сипаттайтын белгілерге негізінде қылмысты іс-әрекеттердің түрін бейнелейтін, объективтік жақтың белгілері тән болғанмен, олардың ішінде субъективтік жақты, тіпті субъектіні сипаттайтын белгілер де кездеседі. Мұндай қылмыс құрамының әртүрлі элементтеріне жататын белгілердің норма диспозицияларында кездесіп отыру себебі, ол диспозициялардың қылмыс түсінігін, оның басты сипаттамасын, өзге қылмыстардан басты айырмашылығын білдіру кезіндегі қажеттілік деп түсіну керек. Құрамдардың белгілерін бірнеше критерийлерде бөліп келтіруге болады.

Қылмыс құрамдарының белгілері генесологиялық мағынада 1) объективтік және 2) субъективтік деп екі топқа бөлінеді.

Объективтік белгілер қылмыс құрамының объектісін және объективтік жағын сипаттайтын белгілерді білдіреді. Субъективтік белгілер – қылмыс құрамының субъективтік жағын және субъектісін сипаттайтын белгілер болып табылады.

Қылмыс құрамының қоғамға қауіптілік дәрежесін сипаттайтын белгілерді үш топқа бөлуге болады. 1) Негізгі немесе конститутивтік; 2) ауырлататын немесе сараланған; 3) жеңілдететін;

1. Негізгі немесе конститутивтік белгілер деп қылмыстық құрамдардың негізгі немесе ауырлататын құрамдарына, сондай-ақ жеңілдететін құрамдарына да тән белгілерді айтамыз. Мысалы қасақана түрде басқа адамға қаза келтіру белгісі 96 баптың 1 бөлімі бойынша квалификацияланатын жай кісі өлтірудің және ауырлататын кісі өлтірудің түрлеріне, сондай-ақ 97,98,99,100 баптардағы кінәні жеңілдететін жағдайларға қарсы бағытталған қылмыстардың негізгі белгісі болып табылады.

2. Ауырлататын белгілер қылмыстың құрамында тікелей келтірілген ауырлататын жағдайларды білдіреді. Ол ауырлататын жағдайлар қылмыстық құрамды сипаттайтын белгілердің түрлерінде кездеседі, яғни зардаптың көлеміне, қылмысты жасау орыны, уақыты, тәсілі жағдайы, құралына қарай және ниетімен мақсаттың, қылмыс субъектісінің түріне қарай ауырлатады. Мысалы 96 баптың екінші бөлімі «3» пунктіндегі пайдақорлық ниетпен кісі өлтіруде «пайдақорлық» ниет ауырлататын белгі болып табылады. Бұл белгінің адам өміріне қарсы қылмыстарда неліктен кінәні ауырлатады деген сұрақ туындауы мүмкін. Себебі пайдақорлық қасақаналықпен жасалатын көптеген қылмыстарға тән ниеттің бірі болып табылады. Мысалы ұрлық, тонау, қарақшылық, алаяқтық, қорқытып алушылық т.б осы тәріздес қылмыстарға пайдақорлық тән белгі. Бірақ бұл қылмыстарда пайдақорлық ниет кінәні ауырлатпайды. Ал кісі өлтіру қылмысында пайдақорлықтың ауырлату себебі, ол кінәлінің пайда табу ниетін іске асыру үшін келтіретін зардабының түрі аса ауыр болуына байланысты. Басқаша айтқанда, ол пайда табуы үшін біреу өлуі керек. Бұл қылмыскердің қоғамға қауіптілігін бірден айғақтайды және аса қауіпті адам етіп көрсетеді.

3. Қылмыстық құрамдар кінәні жеңілдететін қылмыс түрі ретінде бағалануы үшін, ол жеңілдететін белгі құрамның мазмұнында келтіріледі. Мұндай жағдайда да ауырлататын құрамдардағы сияқты кінәні жеңілдететін белгі қылмыстық құрамның міндетті белгісі ретінде нор-

ма диспозициясында тікелей көрсетіледі. Қылмыстық кодексте кінәні жеңілдететін қылмыс құрамдары көп емес. Ондай құрамдар бар болғаны жетеу ғана және барлығыда жеке адамға қарсы қылмыстар тарауында келтірілген. Оларға әйелдің баласын босану уақытындағы, қажетті қорғану, ашу шегінен, қылмыскерді ұстау шаралары шегінен шығуы жағдайларында өміріне немесе ден-саулығына зардап келтіруді қарастыратын құрамдар жатады. Бұл қылмыстарда кінә қылмыс жасау уақытына және жағдайына қарай жеңілдетіледі.

Жеңілдететін құрамдар мен жеңілдетін белгілер бір ұғым деп түсінуге болмайды. Кінәні немесе жауаптылықты жеңілдететін белгілер Қ.К. 53 бабында келтірілген. Ол белгілер мысалы кінәлінің жүкті әйел, кәмелетке толмаған т.б. болуы қасақаналықпен немесе абайсыздықпен жасалған қылмыстарда кездеседі және қылмысты квалификациялауда әсер етпейді. Жеңілдететін белгі баптың атауында немесе диспозициясында тікелей көрсетілгенде ғана құрамның міндетті белгісі ретінде бағаланып, қылмыс осы белгісіне қарай квалификацияланады.

Қылмыстық құрамның белгілері анықталу дәрежесіне қарай екіге бөлінеді: 1) анықталған; 2) бағаланатын;

Анықталған белгінің мағынасын түсіну, қылмыс құрамын анықтайтын белгінің бар немесе жоқ екендігін анықтауда қиындық тудырмайды және мұндай белгілер заң баптарының өзінде келтіріледі немесе оның түсінігі ашылады. Мысалы, 103 бап- денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіруді білдіретін белгілер.

Бағаланатын белгілердің түсінігі немесе оның анықталу дәрежесі диспозицияда келтірілмейді. Мұндай топқа жататын белгілерді практикада квалификация жүргізуші субъектілер өз көз-қарасымен немесе құқықтық санасымен анықтайды.

Заң баптарында бағаланатын белгілер әдетте мынандай түрлерде келтіріледі: ұдайы немесе үнемі (мысалы 107 бап-Азаптау «Ұдайы ұрып соғу»), елеулі (мысалы 307 бап-Қызымет өкілеттігін теріс пайдалану «... азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп сокса») көрінеу (мысалы 308 бап-Билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану «... өзінің құқықтары мен өкілеттігі шегінен көрінеу асып кететін ...») 108 бап-Көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті сатып алу немесе сату, анық құрметтемеу, ерекше арсыздық (мысалы 257 бап-бұзақылық), әдепсіз (мысалы 130 бап-Қорлау «... әдепсіз түрде кемсіту...»), нұқсан келтіретін (мыса-

лы 129 бап-жала жабу), қатігездік немесе жауыздық (276 бап- жануарларға қатігездік жасау), селқос (381 бап-қызметке селқос қарау) т.б. Мұндай ұғымдардың ауырлық дәрежесі тергеуші немесе соттардың қызметінде жеке өз көз-қарасымен бағалай отырып анықталады.

Бағаланатын ұғымдардың заңда өмір сүру себебі, әрекеттердің көріністері әр түрлі деңгейде болатындығына және көп түрлі мазмұнды иеленетіндігіне, соған сәйкес әр жағдайдағы қауіптілік дәрежесін заңда бейнелеу мүмкін еместігіне және нақты қылмыстың сол кездегі жағдайларына қарай анықтау қажеттілігіне байланысты болып табылады. Қылмыстық заңда бағаланатын ұғымдардың кездесуі, ол тек практика қызметкерлерін ғана емес, заң шығару қызметін де кейде қателіктерге ұрындырады. Мысалы 1998 жылға дейін қолданылған қылмыстық заң бойынша бұзақылық қылмысы жай, кәнігі және аса кәнігі бұзақылық деп бөлінетін. Ұсақ бұзақылық әкімшілік тәртіпте қаралатын. Кейінен жай бұзақылықты да қылмыс қатарынан шығарып, әкімшілік құқық бұзушылыққа ауыстырды. Қазіргі қылмыстық заңның 258 бабында бұзақылықтың кәнігі және аса кәнігі түрлеріне ғана жауаптылық қарастырылған. Яғни бағалаушы ұғымдар іс-әрекеттің қылмыстылығын белгілеуде анық емес пайымдауларға соқтырып, нәтижесінде заңның жиі өзгеріп отыруына, оның тұрақтылығына да әсер ете алады.

Соттар, тергеушілер бағаланушы белгілер кездесетін заң баптары бойынша іс-әрекетті қылмысты деп бағаланғанда оны құжаттарда негіздеп көрсетуі керек немесе фактілерді келтіре отырып, дәлелдеуі қажет. Себебі, бағаланушы белгілердің мағынасын, оның көлемін дұрыс түсінуде құқық қолданушы қызметкер ақиқат болмысынан, оның шындығынан ауытқып кетуі мүмкін. Соның нәтижесінде шын мәнінде қылмыс деп немесе қылмысты емес әрекет қылмыс деп бағалануы мүмкін. Осы тәріздес кемшіліктерден құтылу үшін қылмыстық заңның кейде бағаланушы ұғымдардың әр түрлі көріністерін немесе көлемін анықтауға тырысу бағытын ұстанатындығын байқауға болады. Оны мынандай үш жағдайда байқауға болады. Біріншіден ұғымның мағынасын, көлемін ашу үшін, сол бапта ескертпе келтіру. Мысалы кейбір баптарда «ірі мөлшер» деген белгі қолданылады. Мысалы 193 баптың (заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын немесе өзге мүлікті заңдастыру) 3 бөлімінде ірі мөлшердегі қаражатты заңдастыру үшін жауаптылық көзделген. Бұл бапта «ірі мөлшер» деген белгінің көлемін анықтау және сот-тергеу қызметін бір ізділікке келтіру мақсатында ескертпе келтірілген.

Баптарға арнайы ескертпе келтірілгенде, оны бағаланушы ұғымның мағынасын ашу үшін келтірілген екен деп барлық кезде түсінуге болмайды. Ескертпелер кейде қылмысты іс-әрекет жасаған адамды кейіннен қылмысты ашуға, оның өзге қатысушыларын табуға, сондай-ақ ауыр зардаптар туындамай тұрып мемлекеттік органдардың талабын орындап, қылмысты әрекеттердің жалғасуын өз еркімен тоқтатқан адамды қылмыстық жауаптылықтан босату немесе жемқорлық жасаған адамдарды әшкерлеу мақсатында т.б себептерге қарай келтіріледі. Бағаланушы ұғымдардың түсінігін, көлемін анығырақ заңда көрсету мақсатындағы екінші бағыт ретінде, нормалардың диспозицияларында келтіріліп отырған осындай белгілерді анықталған белгілермен ауыстыруды айтуға болады. Мұндай жағдайлар әрине, қылмысты квалификациялау барысындағы сот-тергеу қызметкерлерінің нақты жағдайларда өз бағалауы бойынша жұмыс істеу мүмкіндігін шектейді. Бірақ оның есесіне құқық қорғау органдарының қызметінде заң терминдерін әр келкі түсіну шектеліп, заңдылық қағидасының сақталуы арта түседі.

Бағаланушы ұғымдарды бір келкі деңгейде түсіну бағытындағы үшінші бағыт ретінде, қылмыстық істер бойынша қабылданылған Қ.Р Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын келтіруге болады. Мұндай қаулыларда қылмысқа квалификацияны дұрыс жүргізу үшін қылмыстық кодекстің диспозицияларында келтірілген, бағаланушы белгілердің мағынасын дұрыс, әрі біркелкі анықтау үшін жетекші түсініктер беріледі. Мысалы 1995 жылғы 21 шілдеде қабылданған «Бұзақылық туралы істер бойынша сот практикасы жөніндегі» Қ.Р. Жоғарғы Соты қаулысының 3 пунктінде «ерекше арсыздық ретінде жалпы адамгершілікті менсінбегендікті көрсетуді білдіретін бұзақылық әрекеттерді түсіну керек, мысалы ұятсыздық көрсету, ауру, қарт, дәрменсіз адамдарды мақтау т.б.» деп түсіндірме берген. Сонымен бірге осы қаулының 4 бөлімінде «ерекше өрескел» белгісінің мағынасы қарастырылып, «ерекше өрескелдік белгісін білдіретін бұзақылық ретінде, адамдарды кемсітумен, қоғамдық тәртіпті ұзақ және белсенді түрде бұзумен, бөтеннің мүлкін бұлдірумен немесе жоюмен, көпшілік шараларды тоқтатып тастаумен, кәсіпорындар мен мекемелердің немесе қоғамдық көліктердің жұмысын уақытша тоқтатумен және тұрақты еңбек қабілетігінен айырмаған немесе денсаулықтың қысқа уақытқа бұзылуына соқтырмаған жеңіл дене жарақаттарын келтіру жағдайларымен ұштас-

қан көрінеу қоғамды сыйламауды білдіретін қылмысты түрде қоғамдық тәртіпті бұзу» деп түсіндіреді.¹

Қылмыс құрамдарының белгілері қылмыстық-құқықтық маңыздылығына қарай: 1) позитивтік және негативтік деп екі топқа бөлінеді.

Қылмыс құрамдарында кездесетін белгілер мағынасы, маңыздылығы бойынша көбінесе растап тұрса, ал кейбіреулері теріс мағынада түсіндіру қызметін атқарады. Позитивтік белгілер-бұл қылмыс құрамының бар екендігін ия деген мағынада білдіреді. Ал негативтік белгілер қылмыс құрамының белгілеріне екінші белгілерді қарсы қойып түсіндіреді. Мысалы «жатпайтын, өзге жағдайларда, бар болмағанда» деген сөздерді қолдану арқылы кездеседі, сонымен қатар қылмыс құрамының жоқ екендігін білдіретін белгілер түрінде көрінеді. Қылмыс құрамының жоқ екендігін білдіретін белгілер Ерекше бөлім баптарының ескертпелерінде кездеседі. Мысалы, 251 баптағы қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылғыш құрылғыларды заңсыз алу, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру қылмысының ескертпесіндегі «өз еркімен тапсырған адам» деген белгіні айтуға болады. Мұндай ескертпелер терроризм, кепілге алу, паракорлық, қылмысты жасыру, хабарламау қылмыстарында кездеседі. Сонымен қатар негативтік белгілер Жалпы бөлімнің баптарының атауларында немесе диспозицияларында да кездеседі. Мысалы 23-бап-жазықсыз зиян келтіру, 16-бап- есі дұрыс еместік. Л.Д. Гаухман «терминологиялық белгілердің мұндай бағытта қолданылуы іс-әрекетте қылмыс құрамының бар немесе жоқтығын белгілеу кезінде пайда болатындығында, әйтпесе жалпы социологиялық тұрғыдан алғанда бұлардың мағыналары қарама-қарсы болады, яғни ондай жағдайда позитивтік немесе оңды белгілер қылмыс құрамының жоқтығын білдірсе, ал негативтік белгілер қылмыс құрамының бар екендігін білдіреді» дейді.²

Негативтік белгілер Ерекше бөлім нормаларының диспозицияларында да, жеткілікті кездеседі. Мысалы 185 баптағы «автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену (айдап кету)» деп аталатын қылмыс түріндегі «ұрлау мақсатынсыз» деген белгіні, сондай-ақ заңсыз аборт жасау қылмысын қарастыратын 117

¹ Сборник постановлений Президума Верховного Суда Каз ССР, нормативных постановлений Верховного Суда Республики Казахстан (1961-2003 годы). Алматы, 2004г. С.135.

² Гаухман Л.Д. Аталған еңбекте, 52 бет.

баптың бөлімдерінде кездесетін «тиісті мамандығы жоқ» деген белгілерді келтіруге болады.

Қылмыстық заңда негізінен позитивтік белгілер қолданылады, бірақ негативтік белгілердің қылмыстық құрамды сипаттаудағы ролі позитивтік белгілерімен бірдей және қылмысты квалификациялауда міндетті белгі ретінде қолданылады. Позитивтік белгілер тек заңды оқығанда түсінуге жеңіл болып байқалады. Негативтік белгілердің заңда өмір сүру себебі, ол позитивтік белгілер сияқты қылмыстық құрамды сипаттау, мағынасын ашу кезінде қажет болуына байланысты.

Қылмыстық құрамдардың белгілерін тұрақтылығына қарай 1) тұрақты және 2) айнымалы деп бөлуге болады.

Тұрақты белгілер ретінде қылмыстық заңның қолданыстағы уақытында өзгермейтін құрам белгілері алынады және мұндай белгілер жазалған қылмыстың нақты жағдайларына қарай мағынасы, түсінігі өзгермейді. Тұрақты белгілер Ерекше бөлім баптарының диспозицияларында ғана емес, олар Жалпы бөлім нормаларына да тән болып келеді. Мұндай белгілерге нақты қылмыс құрамдарын талдауда қолданылатын белгілермен қатар, көпшілік қылмыс түрлерін немесе кейбір жағдайда барлығын сипаттауда қолданылатын белгілер де жатады. Мысалы барлық қылмыс түрлеріне тән белгінің қатарына кінәлілік, есі дұрыстықты жатқызуға болады.

Ал нақты қылмыс түрлеріндегі тұрақты белгілер бұрынғы заңдарда басқаша берілген болуы мүмкін, бірақ жаңа қабылданған заң ол белгіні басқаша нұсқада беріп және ол заңның күшінде болу бүкіл уақытында сақталады. Мысалы 1998 жылға дейінгі қылмыстық заң бойынша «кісі өлтіру – бұл құқыққа қайшы түрде басқа адамды өмірінен айыру болып анықталатын. Ал 1998 жылдан бастап күшіне енген заң кісі өлтіруді «басқа адамға құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру» деп анықтайды. Бұрынғы заң мен қазіргі заңның бұл анықтамадағы басты айырмашылығы кісі өлтірудің тек «қасақана» түрде жасала алатындығы болып табылады.

Тұрақты белгілер әдетте қылмыстық-құқықтық норманың өзінде келтіріледі, ал басқа нормативтік актілерде көрсетілгенде айнымалы сипатқа көше бастайды. Себебі әр түрлі шаруашылық, қауіпсіздік саласына арналып шығарылған өзге ведомстволық заңдар техникалық прогреске, талаптың күшеюіне, бұрын белгілі болмаған жайттардың ашылуына т.б байланысты жиі өзгерістерге ұшырайды. Қылмыс құрамының белгілері бланкетті болған жағдайда өзге ведомстволардағы

өзгерістер қылмыстық құрам белгісінің де өзгеруіне соқтырады. Мысалы нақты өндіріс салаларында қолданылатын техникалық қауіпсіздік ережелеріне өзгерістер енгізілгенде, мұндай өзгерістерде ауыр зардаптарға соқтырған қауіпсіздік ережелерін сақтамау қылмыс ретінде заңда қарастырылса, онда бұл өзгертілген белгілер айнымалылық сипатты көрсетеді. Қылмыстық заңда мұндай бланкетті құрамдар қоғам қауіпсіздігіне, экология қауіпсіздігіне, экономикалық қызметке қарсы бағытталған қылмыстарда көптеп кездеседі.

Қылмыстық құрам белгілерін айнымалылыққа соқтыратын келесі жәйт, ол белгілі-бір қылмыс түрлері бойынша Жоғары Соттың нормативтік қаулыларының қылмыс белгісін түсінуде жаңа ұсынысты көрсетуі болып табылады. Жоғарғы Сот қаулыларының жаңаша жетекші ұсыныстар көрсетуіне себеп болатын жағдайлар, қылмыстық-құқық ғылымының жетістіктерін қолдану, қате пайымдауларды түзету т.б бола алады.

§4. Қылмыстық құрамдардың түрлері

Қылмыстық құрамдардың сипаттамасына назар аударатын отырып, олардың бір-бірінен елеулі айырмашылықтары болатындығын байқауға болады. Елеулі айырмашылықтар құрамдар белгілерінің көлемінде, белгілердің қоғамға қауіптілігінің дәрежелерінде, сонымен қатар қылмысты іс-әрекеттің аяқталу кезеңін білдіртін белгілерде кездеседі.

Қылмысты квалификациялау кезінде қолданылып отырған Ерекше бөлім нормаларының немесе оның бөлімдерінің қандай қылмыстық құрам түріне жататындығын білу қажет. Өйткені осы жағдайларға қарай да қылмыс негізгі немесе ауырлататын құрам ретінде бағаланады, немесе Жалпы бөлім нормаларына сілтеме жасау, жасамау мәселесі шешілді.

Қылмыстық құрамдарды қылмыстық құқықта сипатталуына қарай **жай және күрделі** құрамдарға бөледі. Демек, қылмыстық құрамдар қылмысты сипаттайтын белгілер көлеміне қарай бірдей бола бермейді. Кейбір қылмыс құрамдары бір негізгі белгінің болуы бойынша ғана сипатталса, ал кейбір құрамдарда оның элементтері бір неше белгінің бар болуымен немесе көрсетілген белгілердің біреуінің іс-әрекетте болуымен анықталады. **Қылмыстық құрамның жай түрі дегеніміз, қылмысты сипаттайтын құрам элементтерінің бір белгіден, яғни бір объекіден, объективтік жағы бойынша бір іс-әрекеттен немесе бір зардап түрінен, субъективтік жағы бойынша бір кінә**

түрінен тұруы болып табылады. Жай құрамдарда құрам элементтерін сипаттайтын белгілер бір неше балама белгілерді немесе белгілер жиынтығын білдірмеуі керек. Мысалы: 175 баптың 1 бөлімінде қарастырылған ұрлық қылмысы жай құрам түріне жатады. Бұл қылмыстың объектісі біреу, ол бөтеннің меншігі, объективтік жағы бойынша бір әрекеттен тұрады, ол бөтеннің мүлкін жасырын түрде және қайтарусыз алу, зардаптың түрі материаладық сипаттағы мүліктік зардаптар, кінә нысаны тікелей қасақаналық, субъектісі 14 жасқа толған, есі дұрыс кез- келген адам.

Бір ескерте кететін жайт, ол қылмыс түрі бір ғана құрам түріне барлық кезде жата бермейді. Бұдан бұрынғы бөлімдерде айтып кеткендей, бір қылмыс бірнеше құрамдарға бір баптың көлемінде бөлінуі мүмкін. Мысалы ұрлық қылмысын қарастыратын 175 баптың 3 бөлімінің «б» пунктіндегі ірі мөлшердегі ұрлықтан басқа құрамдардың барлығы жай емес, күрделі құрамдарды білдіреді. Себебі осы баптың екінші бөлімінде келтірілген «адамдар тобының алдын – ала сөз байласуы бойынша, бірнеше рет жасалған ұрлықтар қылмыстың объективтік жағының белгілерін күрделендіреді.

Күрделі құрамдар дегеніміз, қылмысты сипаттайтын құрам элементтері белгілерінің бірнеше белгілерден құралуы немесе балама түрде бейнеленуі болып табылады. Күрделі құрамдарда қылмыстың объектісі бір нешеу, яғни қос объектілі (мысалы 241 баптағы жаппай тәртіпсіздіктің объектілері қоғам қауіпсіздігі және қоғамдық тәртіп) немесе негізгі және балама объектілі болып сипатталуы мүмкін. Мысалы Бандитизм қылмысының негізгі объектісі қоғамның қауіпсіздігі болса, ал балама объектілері ретінде бөтеннің меншігі, адамның өмірі мен денсаулығы, жеке бостандығы т.б бола алады. Сол сияқты күрделі құрамдарға қылмыстық объективтік жағы бойынша балама түрде бірнеше іс-әрекеттерден тұратын қылмыстар жатады. Қылмыс сол баптың диспозициясында келтірілген бір әрекеттің немесе бір әрекеттің мағынасын ашу кезінде қолданылатын белгілердің болуымен анықталады. Бір әрекеттің мағынасын ашу кезінде қолданылатын белгілер деп отырған себебіміз, кейбір күрделі құрамдарда объективтік жақтың белгісі норма диспозициясында бір белгі түрінде көрсетілгенмен, ол белгінің көріністерін білдіретін әртүрлі әрекеттер болады, олар заңда көрсетілмеуі мүмкін. Мысалы 308 баптағы билікті асыра пайдалану қылмысын сипаттауда «өкілеттік шегінен көріну асып кететін» деген белгі қолданылады. «Көріну асып кететін» әрекеттердің нысандары ретінде:

- лауазымды адамның өзінен жоғары ведомстволық әрекетті жасауы;
- лауазымды адамның басқа ведомствоның өкілеттігіндегі әрекетті орындауы;
- алқа түрінде шешілетін мәселені жеке шешуі
- ерекше жағдайларда ғана берілетін құқықтарды пайдалануы;
- еш бір жағдайда құқығы жоқ әрекеттерді жасауы (мысалы қызметшіні ұру, қорлау т.б.)

Осы тәріздес көпшілік қылмыстар материалдық зардаптың келуі түрінде анықталатындықтан, зардаптың түрін, көлемін сипаттауда бірнеше зардап түрлері құрам белгісі ретінде келтірілуі мүмкін. Мысалы, 282 бап. Атмосфераны ластау.

Күрделі құрамдар қылмыстың субъективтік жағының міндетті белгісі болып табылатын кінәні екі нысанда, яғни қасақаналықтың немесе абайсыздықтың бірінің болуымен, сондай-ақ кінәнің аралас нысаны түрінде де кездеседі. Мысалы 179 баптың 3 бөлімінің «б» пункті бойынша квалификацияланатын абайсызда адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен немесе жәбірленушінің өліміне соқтырған қарақшылық.

Күрделі құрамдарда қылмыстың субъектілері де жауаптылық жасына толу, есі дұрыстық тәрізді қарапайым белгілермен ғана емес, сонымен бірге жалпы және арнайы субъектілер түрінде анықталады. Мысалы, 190 бап. Заңсыз кәсіпкерлік.

Бір ескерте кететін жайт, ол күрделі құрамдарда төрт құрам элементінің де белгілері күрделіленіп тұруы шарт емес. Күрделі құрам деп айту үшін құрам элементтерінің кем дегенде біреуі сипатталуы бойынша күрделіленіп тұрса жеткілікті.

Қылмыстық құрамдар іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежелеріне қарай негізгі, ауырлататын және жеңілдететін құрамдарға бөлінеді. Негізгі құрамдар іс-әрекеттің қауіптілігін жеңілдетпейтін де, аса ауырлатпайтын да белгілерден құралады. Мұндай құрамдар көбінесе Ерекше бөлім баптарының бірінші бөлімдерінде келтіріледі. Мысалы 175 бап 1 бөлімі, жай ұрлық; 177 бап 1 бөлімі жай алаяқтық, сол сияқты 178 баптың 1 бөлімі, 179 баптың 1 бөлімі, 96 баптың 1 бөлімі, 120 баптың 1 бөлімі т.б.

Негізгі құрамдарды анықтауды барлық кезде қылмыстың ауырлық санаттарымен байланыстырып анықтауға болмайды. Қылмыстың ауырлық санаттарын ауыр емес, орташа ауыр, ауыр және аса ауыр қылмыстар деп төртке бөлгенмен негізгі құрамға жататын қылмыстар ауыр емес те (мысалы 129 баптың 1 бөлімі-жала жабу) ауырлығы орташа да, ауыр

(мысалы жай кісі өлтіру-96 баптың 1 бөлімі) аса ауыр да болуы мүмкін. Негізгі құрамы бар ауыр қылмыстардың, әдетте сол баптың басқа бөлімдерінде ауырлататын немесе аса ауырлататын құрамдары кездеседі.

Қылмыстың қоғамға қауіптілігін ауырлататын құрамдар көпшілік жағдайда баптың кейінгі бөлімінде келтіріледі. Бұл құрамдардың негізгі құрамдармен салыстырғанда ауырлатушы объективтік немесе субъективтік белгілері диспозицияда тікелей көрсетіледі. Ауырлататын құрамдардың белгілері бұдан бұрынғы бөлімдерде айтқанымыздай, қылмыстың объектісінің көлеміне, іс-әрекеттің белсенділігіне, зардаптың түрі мен көлеміне, қылмыстың жасалу орны, уақыты, тәсілі, жағдайы, құралына, ниеті мен мақсатының немесе қылмыс субъектілерінің түріне, сондай-ақ Қ.К. 54 бабында келтірілген белгілердің тікелей көрсетілуіне қарай ауырлатады. Мұндай ауырлатушы белгілер сол құрамның белгісі ретінде заңда тікелей көрсетілгенде, бұл белгілер міндетті белгі ретінде бағаланып, қылмыс осы белгісіне қарай квалификацияланады.

Ауырлататын құрамдарда қоғамға қауіптілікті ауырлатушы белгілер заңда тікелей көрсетілгенмен, ол жасалған қылмыстың немесе оны жасаған адамның кінәсін барлық кезде ауырлатпауы да мүмкін. Анығырақ айтқанда заң бойынша аса ауыр деп бағаланатын қылмысты кінәні жеңілдететін белгілері бар адам да жасауы мүмкін. Мысалы аса ауырлататын кісі өлтірудің түрлерін немесе бандитизм қылмысын жасаған адамда ҚК 53 бабында қарастырылған жеңілдететін белгілер болуы мүмкін. Мұндай жағдайда қылмысты квалификациялау өзгермейді, іс-әрекет ауыр қылмыс құрамы түрінде квалификациялана береді, қылмыс құрамында немесе баптың диспозициясында тікелей көрсетілмеген белгі квалификация жүргізуде қолданылмайды. Бірақ жасалған қылмыстағы жеңілдетуші белгі жаза тағайындау кезінде ескеріледі.

Жеңілдететін қылмыстық құрамдарда кінәні немесе қоғамға қауіптілікті жеңілдететін белгілер қылмыстың атауында немесе баптың диспозициясында тікелей аталады және қылмыс құрамын жеңілдетіп тұрған белгі міндетті белгінің ролін атқарады. Яғни іс-әрекетте кінәні жеңілдетуші осы белгі болмаса, онда іс-әрекет осы қылмыс құрамы ретінде квалификацияланбайды. Мысалы іс-әрекетті қажетті қорғану шегінен шығу жағдайындағы кісі өлтірушілік деп бағалап, 99 баппен квалификация жасау үшін жасалған кісі өлтіру әрекетінде қажетті қорғану және оның шегінен шығу белгісі болуы керек. Бұл белгі болмаса, онда жеңілдететін құрам ретінде бағаланбайды.

Қылмыстық құрамдар құрылымның ерекшелігіне немесе қылмыстың аяқталу белгілеріне қарай формальдық, материалдық және келте (қысқартылған) құрамдарға бөлінеді.

Мұндай құрамдардың заңда өмір сүру себебі, ол іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігінің қылмыс деп бағалауға болатындай дәрежеге жетуіне және осының негізінде қылмыстық-құқықтық шектеу қою моментімен байланысты болып табылады. Яғни әрбір қылмыс құрамының аяқталу моментінде қылмыс жасалды, оның қауіптілігі қоғамға үрей туғызды немесе заңмен қорғалатын объектіге зиян келді деп бағалауға болатындай қауіпті іс-әрекеттер бар.

Материалдық құрамдар ретінде қылмыстың аяқталу кезеңі туындауы мүмкін зардаптардың пайда болуымен анықталатын құрамдар танылады. Кейбір қылмыстар табиғатынан заңмен қорғалатын объектілерге белгілі бір зардаптар келтірумен ерекшеленеді. Материалдық құрамдардағы зардаптар бөтеннің меншігіне мүліктік, денсаулыққа ауыр, орташа және жеңіл дәрежелі, адам өміріне зардаптар келтіру түрінде бола алады. Материалдық құрамдарда қылмыс құрамының міндетті белгісінің бірі материалдық зардаптар болып табылады және бұл белгі қылмыстың объективтік жағының бір белгісі ретінде анықталады.

Материалдық құрамдардың түрлері ретінде адамның өмірі мен денсаулығына, бөтеннің меншігіне қарсы көптеген қылмыстар, сондай-ақ қылмыстық заңның өзге тарауларындағы қылмыстың аяқталу кезеңі үшін белгілі бір мүліктік немесе физиологиялық зардаптардың келуі міндетті деп танылған қылмыс түрлері жатады. Мұндай құрамдар зардаптар туындағанда емес, ол зардаптар туындамаса да материалдық түрін жоғалтпайды. Тек мұндай кезде қылмыстық іс-әрекет аяқталмаған қылмыс ретінде бағаланады. Материалдық құрамдарда нақты зардаптың түрлері мен көлемі міндетті белгі ретінде қарастырылатындықтан, олардың ауыр немесе аса ауырлататын құрамдарын қылмысты квалификациялауда анықтау аса қиындық тудырмайды, ол заңда белгіленген зардаптың түрімен немесе көлеміне қарай анықталады.

Материалдық құрамдар қылмыстың аяқталу кезеңіне қарай оның нақты аяқталу түріне сәйкес келеді. Дәлірек айтқанда мұндай құрамдарда қылмыстың заң жүзінде (юридический момент окончания преступления) және нақты аяқталу кезеңдері (фактический момент окончания преступления) бір-біріне сәйкес келіп, бір кезеңмен анықталады. Мысалы алаяқтық қылмысында іс-әрекеттің мақсаты, бағыты бөтеннің

меншігіндегі мүлікті немесе мүлікке құқық беретін құжатты алу болып табылады. Кінәлі осы үшін алдау немесе сенімге қиянат жасау әрекеттерін жасайды. Егер осы әрекеттердің нәтижесінде жәбірленушіге мүліктік сипаттағы зардаптар келсе, ол қылмыстың нақты (фактический) аяқталу кезеңін білдіреді. Қылмыстық құқықта алаяқтық қылмысының аяқталу кезеңі меншік иесіне зардаптың келу кезеңімен анықталады. Бұл қылмыстың заң жүзінде аяқталу кезеңін білдіреді. Қылмыстың аяқталу кезеңдерінің түрлері барлық қылмыстық құрамдарда бір-біріне сәйкес келе бермейді. Бұл әсіресе формальдық құрамға жататын кейбір қылмыстарда және келте құрамдарда байқалады.

Формальды қылмыстық құрамдар дегеніміз, әрекеттің қоғамға қауіптілігі жоғары болуына байланысты қылмыстық-құқықтық шектеу белгіленіп және аяқталу кезеңі қылмысты деп танылған іс-әрекеттің жасалуымен анықталатын құрамдар болып табылады. Әдебиеттерде формальдық құрамдарды «қылмыстың аяқталу кезеңі үшін зардаптың туындауы міндетті емес және қылмысты деп тағылған іс-әрекеттің жасалуымен – ақ аяқталатын қылмыстар» деп анықтайды.¹ Формальдық құрамдардың мағынасын мұнан анығырақ түсіндіруге де болады. Себебі «зардаптың туындауы міндетті болмаса, неге қылмыс деп бағалау керек» деген сұрақ туындауы мүмкін. Формальдық құрамдардың қылмыстылығын негіздеу үшін іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігін дәлелдеу керек. Қылмысты іс-әрекеттердің қоғам өмірінің әр саласында, әр түрлі жағдайда, деңгейде кездесе алатындығының бір дәлелі, осы формальдық немесе заң жүзінде қылмысты деп танылған құрамдарда байқалады. Формальдық құрамдардың негізгі мағынасы қылмыс деп танылған іс-әрекетте қоғам мүддесіне көрінеу төніп тұрған материалдық зардаптар болмағанмен, ондай әрекеттердің заңмен қорғалатын объектілерді бұза алатындығымен анықталады. Мұндай әрекеттерге егер қылмыс деп бағаланып құқықтық шектеу қойылмаса, онда бұл әрекеттер қоғамның сол саласын күйретуге әкелер еді. Мысалы қылмыстық заңдағы адамды ұрлау, жала жабу, әйел зорлау, жалған құжаттарды, мөртаңбаларды, ... қолдан жасау, дайындау немесе өткізу пара алу, кәмелетке толмағандарды қылмыстық жолға тарту сияқты т.б қылмыстар формальдық құрамдарға жатады. Бұл әрекеттердің қылмыстылығы былай негізделеді. Айталық аталған қылмыс

¹Алауханов, С.С. Үмбеталиев, С.М. Рахметов. Қылмыс ұрамы. - Алматы «Өркениет» 2000 жыл. 15 бет; Гаухман Л.Д. аталған еңбекте, 58 бет.

түрлері, мысалы жала жабу, жалған құжат жасау заң жүзінде қылмыс деп танылмаған екен дейік. Онда қоғамда мұндай әрекеттерді жасауға болмайды деген түсінік қалыптасады. Себебі құжатты заңды алу үшін белгілі бір заңды әрекеттер орындалуы керек. Мысалы диплом алу үшін оқу керек. Ешбір адам өзіне жала жабылғанын қаламайды. Бірақ қоғамда қалыптасқан осындай түсінікке қарамай, жала жабу немесе жалған құжат жасау әрекеттері жасалса, онда біз оларды жауаптылыққа тарта алмаймыз. Өйткені жала жабу, әйел зорлау, т.б заңда қылмыс деп табылмаған. Мұндай жағдайда қоғамның осы салаларында мүлдем тәріп болмас еді. Барлық адамдар жала жабылып, зорланып, қадір қасиеттен жұрдай болып шығар еді де, қоғамның осы салалары күйреуге ұшырар еді. Міне, формалық құрамдарға жататын іс-әрекеттердің қоғамға қауіптілігі осында және қауіптілік дәрежелері осындай болады деп түсіну керек. Сондықтан мұндай әрекеттер қоғамға қауіпті болуына байланысты қылмыс деп бағаланған.

Заң шығарушылық қызметінде іс-әрекеттерді қылмыстандыру немесе қылмыс қатарынан шығару жиі байқалатын құбылыс. Мұндай жұмыста заң шығарушы белгілі-бір іс-әрекеттің қылмыстылығын анықтауда қиындықтарға кездеседі, бұл әсіресе формальдық құрамға жататын іс-әрекеттерде жиі байқалады. Негізінен іс-әрекеттердің қылмыстағын немесе олардың қоғамға қауіптілік дәрежелерін анықтағанда, заң шығарушы іс-әрекеттің жоғарыда айтылып отырған үлгіде, яғни іс-әрекеттің әлеуметтік тұрғыдан қауіптілігіне сүйене отырып мәселені шешу керек. Өйткені кейбір кезде формальдық құрам ретінде бағаланатын қылмыстармен моральдық-этикалық нормаларға немесе әкімшілік заңға қайшы әрекеттердің айырмашылығын табу қиындықтарға соқтырады. Іс-әрекеттің мораль мен этикаға немесе қылмыстық заңмен қорғалатын объектілерге қайшы екендігін анықтағанда да, ол әрекетке заң тарапынан тиым салынбаған да қоғамды қандай күйге соқтыратындығы тұрғысынан шешу қажет. Қылмыстық құрамдардың келесі түрі келте құралдар болып табылады. Әдебиеттерде келте құрамдарға «кейбір жағдайларда заң шығарушы қылмыстың аяқталу кезеңін алдын ала қылмыстық әрекет кезеңдерінің біріне- қылмысқа дайындық немесе оқталу кезіне аударады. Мұндай қылмыстың жасалғандығын мойындау үшін қылмыстық зардаптың болуы да, оны тудыратын әрекетті аяғына дейін жеткізу қажет емес», деп түсінік береді.¹

¹Е.О.Алауханов, С.С.Үмбеталиев, С.М.Рахметов аталған еңбекте 15-16 беттер; Гаухман Л.Д. аталған еңбекте, 58с.

Негізінде келте құрамдардың негізгі мағынасы, іс-әрекеттің қауіптілігі қылмыстың нақты аяқталу кезеңінде ғана емес, оның бастапқы кезеңдерінің өзінде-ақ қауіпті әрекеттердің жасалуы арқылы заңмен қорғалатын объектілерге зиян келтіруіне байланысты аяқталды деп танылып, жауаптылықты толық белгілеуге негізі бар қылмыс құрамдары болып табылады.

Келте құрамдарда қылмыстың нақты аяқталу жеке заң жүзінде аяқталу кезеңдері бір-біріне сәйкес келмейді және қылмысты нақты аяқтау бағытында бастапқы жасалған әрекеттердің өзі-ақ қоғамға қауіпті болуына байланысты қылмыс жасалынды деп заң жүзінде бағаланған іс-әрекеттер болып табылады. Келте құрамдардың бір ерекшелігі, ол бастапқы кезеңде жасалған әрекеттердің өзінде қылмыстық кодекстің басқа баптарындағы аяқталған қылмыстың белгілері болады. Демек келте құрамдардың өзге құрамдармен салыстырғанда мынандай ерекшеліктері болады.

1. Қылмыстық заң жүзінде аяқталу кезеңі оның нақты аяқталу кезеңінің алдында болады.
2. Аяқталу кезеңінің өзінде әрекеттің қоғамға қауіптілігі қылмыс деп бағалайтындай дәрежеде болады.
3. Заңмен қорғалатын объектілердің бұзылуы орын алады.
4. Бастапқы немесе заң жүзінде аяқталу кезеңінде жасалған әрекеттерде, кейде басқа қылмыстың аяқталған құрамы болады.

Келте құрамдарға Қ.К 235 бабы (ұйымдасқан топты, қылмыстық қауымдастықта құру) 237 бабы (бандитизм) 156 бап (басқыншылық соғысты жоспарлау, әзірлеу, тұтандыру немесе жүргізу) т.б. жатады.

Келте құрамдардың заңда өмір сүруінің басты себебі, ол қылмыстық мақсатқа жету бағытында жасалған іс-әрекеттердің қоғамға қауіптілігінің жоғарылығына байланысты, яғни мұндай кезеңнің өзінде-ақ сырттай қарағанда қылмысқа даярлану немесе оқталу сипатындағы әрекеттер жасалғанмен, ол шын мәтінде осы кезеңнің өзінде-ақ заңмен қорғалатын мүддеге зиян келтіре отырып, қоғамға нақты қауіп тудырады.

Мысалы, бандитизм қылмысы заң жүзінде бандиттік топ құрылған кезден аяқталады деп танылады. Ал бандитизмнің нақты аяқталуы, ол қылмыс мақсатының орындалуымен, яғни бандиттік топтың шабуыл жасаған кезеңімен анықталады. Заң шығарушы неліктен бандитизмнің заң жүзінде аяқталу кезеңін топтың құрылған кезеңімен анықтаған немесе осы кезеңдегі әрекеттерде аяқталған қылмыс деп бағалайтындай қоғамға қауіптілік бар ма деген сұрақ туындайды. Бұл бандитизмнің

басқа қылмыстарға қарағанда ауыр белгілерінің болуымен сипатталады. Себебі бұл қылмысқа бірнеше адамдардың бірлескен әрекеттері, банда мүшелерінің топқа тұрақты түрде кіруі, қаруланған, оның ішінде атылатын қарудың болуы және мақсатының арнайы, яғни шабуыл жасау тәсілі арқылы қылмыстық мақсатқа жетуді көздеуі тән болып табылады. Демек, біріншіден тұрақты топ құрылып, оларда қару болғанда қоғам қауіпсіздігіне (қоғам қауіпсіздігі – бұл қылмыс объектісі) үрей туындайды. Екіншіден, мұндай шабуыл жасау мақсатындағы, қарулы, тұрақты топтар қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құрылмауы керек. Үшіншіден, мұндай қауіпті белгілері бар топтар құрылғанда мемлекет әрекетсіздік танытпауы керек. Ол қоғамның, азаматтардың қауіпсіздігін қорғауға міндетті, сондықтан мұндай топтардың құрылуының өзін-ақ қылмысты деп жариялаған. Төртіншіден, бандитизм қылмысының аяқталу кезеңіне Қ.К өзге бабы бойынша аяқталған қылмыс деп табуға негіз беретін, дәлірек айтқанда 235 баптағы қылмыс құрамының толық аяқталу белгілері, яғни қылмысты әрекеттермен айналысу үшін тұрақты топты құру, оған қатысудың белгілері бар. Бандитизм қылмысы заң жүзінде аяқталу кезеңінде толық (нақты) аяқталмаса да, бірақ оның осы бастапқы әрекеттерінде өзге қылмыстың толық аяқталғандығын білдіретін белгілер бар. Мысалы 235, 251 баптарда қарастырылған қылмыстардың белгілері.

Мұндай негіздемені қазіргі оқулықтар формальдық құрамдарға жақытып жүрген қарақшылық немесе қорқытып алушылық қылмыстарынан да байқауға болады.

Қарақшылық және қорқытып алушылық қылмыстарының толық немесе нақты аяқталуы мүлікті немесе мүлікке құқық беретін құжатты алған кезеңімен анықталады. Ал қарақшылық қылмысы заң жүзінде өзге адамдардың меншігін иелену мақсатында шабуыл жасаған, ал қорқытып алушылық осындай мақсатқа жету үшін қорқыту немесе мүлікті немесе мүлікке құқық беретін құжаттарды талап еткен кезден аяқталды деп танылады. Бұл қылмыстардың заң жүзінде аяқталу кезеңдерінің бастапқы сатыға, яғни шабуыл жасаған кезге немесе мүлікті, құжатты беруді талап еткен кездерге белгілену себебі, ол осы әрекеттердің өзінде нақты қоғамға қауіптіліктің болуына және осы негізде мұндай әрекеттерге қылмыстық-құқықтық шектеу қоюдың қажеттілігіне байланысты болып табылады. Өйткені заң азаматтардың меншігін қорғап қана қоймайды, сонымен қатар олардың ерік-жігерін, қауіпсіздігін де қамтамасыз етуге кепілдік береді. Демек, өзге адамның меншігін алу мақ-

сатында шабуыл жасауға немесе қорқытып талап етуге адамгершілік тұрғыдан ғана емес, құқықтық тұрғыдан да болмайды. Ал мұндай әрекеттер жасалғанда мемлекет әрекетсіздік жасамауы тиіс, себебі азаматтардың өмірі, денсаулығы, бостандықтары мен меншігі тәріздес құндылықтар мемлекет қорғауына алынған. Осындай заңмен қорғалатын объектілерге қарсы әрекеттер белсенді, әрі қауіпті түрде жасалғанда қылмыс аяқталды деп танылады. Бұл белсенді, әрі қауіпті әрекеттер қарақшылықта тонау қылмысындағыдай жай шабуыл түрінде емес, адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті түрде, ал қорқытып алушылық қылмысында мүлікті немесе оған құқық беретін құжатты талап еткен жай қорқыту емес, өлтіремін, жарақаттаймын, мүлкінді жоямын, масқаралайтын мәлімет таратамын немесе осындай зардаптарды жақын адамдарыңа келтіремін деген қорқыту тәсілімен анықталады. Демек келте құрамдардың аяқталу кезеңіндегі әрекеттер, тәсілдер, құралдар барынша қауіпті болуына байланысты, осы кезеңде-ақ заң қорғайтын қатынастарға нақты қауіп туындайды, мұндай әрекеттерге осы кезеңде-ақ заң тұрғысынан қылмысты деп тиым салынады. Сонымен қатар бұл құрамдарда басқа қылмыс құрамдарының негізгі белгілері қылмыстың тәсілі, мақсаты түрінде қолданылады. Мысалы қорқытып алушылық қылмысының заң жүзінде аяқталу кезеңінде Қ.К. 112 бабымен қарастырылған «қорқыту» қылмысының толық құрамы бар.

§5. Қылмыстық құрамның мазмұнын түсіну

Қылмысты квалификациялау мәселесі құрам элементтерінің жасалған қылмыстың белгілерімен сәйкестігіне қарай шешілетіндіктен, заң нормаларының мазмұнын дұрыс түсіну қажет болып табылады. Ерекше бөлім нормаларының диспозицияларында сол қылмыстың барлық элементтерін ашатын белгілер көрсетіле бермейді. Қылмыстық құқықта құрамның мағынасы оның таралу деңгейі, жекелеген қылмыстың құрамдарына талдау жасау кезінде бір шама ашылады. Бірақ қылмыстық құқық оқулықтарында кейбір қылмыс құрамдарына, олардың белгілеріне түсіндіруге беру кезінде, осы қылмыс туралы ақиқат болмысын тануда қиындықтар туындайды. Әдетте баптың диспозициясында қылмыстың объективтік жағының белгілеріне жататын әрекеттердің түрлері келтіріледі, бірақ кінә нысаны туралы ештеңе айтылмауы мүмкін. Мұндай жағдайларда заңды түсіндірушілердің арасында біркелкілік болмай, әркім осы қылмыста кездесетін кінә нысандарын әртүрлі анық-

тауы мүмкін. Мысалы мемлекеттік құпияларды заңсыз алу, жария етуді қарастыратын Қылмыстық кодекстің 173 бабында немесе өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу қылмысына жауаптылық белгілеуге арналған 102 бапта объективтік жақтың белгілерін білдіретін әрекеттер түрлері келтірілгенмен, бұл қылмыстардағы кінә нысаны туралы ешнәрсе айтылмайды. Қылмыстық құқық мамандарына, практика қызметкерлеріне осы қылмыстағы кінә түрлерін анықтау қажеттілігі туындайды. Бұл біріншіден, екіншіден қылмыс құрамының мазмұнының түсіну мәселесі баптың диспозициясында келтірілген белгінің мағынасын ашу, дұрыс түсінуге де байланысты туындайды. Мысалы азаптау қылмысын қарастыратын 107 баптың диспозициясындағы «ұдайы ұрып-соғу» ретінде кем дегенде неше рет ұруды түсіну керек деген де мәселе туындауы мүмкін. Осындай құрам элементтерін дұрыс түсінуге қатысты мәселе қылмыс субъектісіне байланысты да туындап, жалпы субъекті түрінде анықтау немесе арнайы субъектілерді де қосу туралы ұсыныстар туындауы мүмкін. Демек қылмыстық құрамның мазмұнын түсіну мәселесі екі жағдайда да, яғни белгі баптың диспозицияда көрсетілсе де, көрсетілмесе де туындай алады. Бұл бір жағынан алғанда заңды құбылыс. Өйткені бұдан бұрынғы бөлімдерде айтқандай Ерекше бөлімнің баптары қылмыс құрамының элементтерін толық көрсетіп беруді немесе диспозицияда аталған белгінің мағынасын ашып беруді міндет тұтпайды. Бірақ бұл мәселені шешуде тек практика қызметкерлерінің арасында ғана емес, сондай-ақ қылмыстық құқық оқулықтарының арасында да алауыздық кездесетін кездер болады. Мұны жағымсыз құбылыс деп бағалау керек. Себебі қылмыс құрамының мазмұнын түсінуде әркелкі пікірлердің болуы қылмысты квалификациялау барысына әсер етіп, заңдылық қағидасының бұзылуын білдіреді. Қылмыстық құрамдардың анықталуы немесе қылмыстың түрін белгілеу, ол жеке адамдардың көзқарасына, еркіне тәуелді болмауы керек. Демек, бұл мәселеде ортақ шешім, бір үлгі өмір сүруі керек болып табылады.

Бұл міндетті шешудің бірнеше амалдарын келтіруге болады. Біріншіден, заң нормалары заң шығарушының ой жұмысының жемісі емес, ол қоғамдық болмыс ақиқатын анықтау бағытындағы қызметтің бір түрі екендігін ескеру керек. Құқық нормалары қоғамдық дамудағы объективтік заңдылықтарды бейнелейді, яғни құқық ескі замандағы немесе болашақтағы болмыстарды емес, осы уақыттағы жағдайларды көрсетте білуге міндетті. **Құқық нормаларының мағынасын түсіну- бұл осы норманы келтірудің негізі ретінде қандай қоғамдық құбы-**

лыс немесе объективтік заңдылық алынғандағын және осы норманы ұсынуда заң шығарушының қандай мақсатты көздегенін білу болып табылады. Сонда ғана құқық нормаларын қолданушы осы норманың арналуын, яғни оның қандай жағдайда қолданылатынын, бұл норманың таралу деңгейін немесе әлеуметтік- құқықтық мағынасын дұрыс түсіне алады. Жоғарыда мысал ретінде келтірілген адамды өзін-өзі өлтіруге жекізу үшін жауаптылықты көздейтін құқық нормасының таралу деңгейінде адамға қатыгездікпен қарау әрекетінің ауыр салдарға соқтыруы мүмкіндігі үшін жауаптылық мәселесі көзделіп отыр. Бұл қылмыстың табиғатында адамды өзін-өзі өлтіру халіне жеткізу әрекеттерінің кінә нысандары бойынша негізінен абайсыздықпен, ал кейбір жағдайларда жанама қасақаналықпен жасалуы екендігін көрсету жатыр. Себебі адамдар бір-біріне қатігездік, үнемі ұрып-соғу, кемсіту әрекеттерін жасағанда, ол өзін-өзі өлтірсін деп тілемеуі мүмкін. Кінәлі адам мұндай зардаптардың болуы мүмкін екендігін көре білмеуі, көре білгенмен, ондай зардаптар болмас деп есеп жасауы немесе зардаптың туындауына мән-мағынасыз, бәрібір деп қарауы да мүмкін. Бұл қылмыс құрамының жәбірленушінің өзін-өзі өлтіруге бағытталғандығы үшін кінәліге жауаптылық көздеуінің басты негізі, шындап келгенде зардап түрінде немесе зардапқа деген ой-қатынаста емес, ол кінәлінің жасаған іс-әрекеттерінің қауіпті және заң қорғайтын мүдделерге қарсы болуының нәтижесінде ауыр зардапқа соқтыру мүмкіндігінде жатыр. Сондықтан қылмысты квалификациялау мәселесінде кейбір құрамдардың белгілерін түсіну, таралу деңгейін анықтау қиындық тудырғанда құқық нормаларының аралауына, бағытына сүйену керек.

Екіншіден, қылмыстық құрамның мазмұнын түсіну мәселесі заңның баптарында келтірілген, бірақ мағынасын түсіндіруді қажет ететін белгілер кездескенде пайда болады. Яғни белгінің атауына қарап, оның мағынасын бірнеше түрде түсінуге болатын кездер болады. Мысалы, Қылмыстық кодекстің 296 бабы 1 бөлімінің диспозициясы «автомобильді, троллейбусты, трамвайды не басқа да механикалық көлік құралдарын жүргізуші адамның жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзу, ... зиян келтірсе» деп бейнеленген. Мұндай жағдайдағы әрекеттерді квалификациялауда трактор, мотоцикл тәрізді құралдар «басқа да механикалық құралдар» түріне жата ма деген сұрақ туындауы мүмкін. Заң шығарушы баптың диспозициясына берілген белгілерді біркелкі түсінбеушілік орын алуы мүмкін дегенде, ол бапқа ескертпе қосып, түсіндіруді талап етіп отырған белгіге арнайы түсінік бе-

реді. Жоғарыда аталған 296 бапта да ескертпе келтіріліп, онда «басқа техникалық құралдар» ретінде нені түсіну керек екендігі айтылады.

Мағынасын түсінуге қиындық тудыратын белгілердің барлығына баптың астында ескертпе келтіріле бермеуі де мүмкін. Баптарға түсіндіру бағытындағы ескертпелер кейде практика қызметкерлерінің сұранысынан, олардың қызметінде осы белгіні қате түсінудің салдарынан қате квалификацияның кездесуіне қарай, кемшіліктерді жою мақсатында беріледі.

Құрам белгісін түсінуге арналған ескертпелер заңда болмағанда, қылмыс құрамының мазмұнын толық ашу үшін заңды ресми түрде түсіндіруді сұрауға болады. Мұндай түсіндіру жұмыстарын мынадай екі қызмет түрінен алуға болады. Егер беріліп отырған түсіндіруге сенімділік болмағанда немесе жоғары тұрған орган немесе сот түсіндіре алмаған жағдайда осы заңды қабылдаған орган түсіндірме беруі тиіс.

Қылмыстық заңдардың Жалпы және Ерекше бөлімдерінің баптарында, олардың бөлімдерінде келтірілген белгілерді түсіндіру мәселесімен Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының қылмыстық істер туралы нормативтік қаулылары айналысады. Бұл органның түсіндірмесінің төменгі соттар мен прокуратура, тергеу органдарының осы бағыттағы қызметі үшін міндетті күші бар. Бірақ Жоғары Соттың мұндай қаулыларында мағынасын түсіндіруді талап ететін барлық белгілер қарастырыла бермейді.

Өзге қызмет түрлері дұрыс түсіндірме бере алмағанда, жүгінуге тура келетін келесі қызмет ретінде ресми емес түсіндіру құралдары алынады. Мұндай жағдайда қылмыстық құқық ғылымындағы барынша оңды ұсыныстарды, бағыттарды пайдалану керек.

Үшіншіден, қылмыстық құрамның мазмұнын түсіну мәселесі нормалар бәсекелестігі кездескен жағдайда да туындайды. Практика қызметкерлерінің қылмысқа квалификация жүргізу кезінде бәсекелес нормалар екендігіне қарамай, екеуінде алып қылмыс жиынтығы ретінде бағалайтын кездері жиі кездеседі. Қылмыстық құрамдардың кейде күрделі түрде болуына немесе нормалар бәсекелестігі кездесуіне байланысты квалификация жүргізуде арнайы түсіндірме беруді қажет ететін кездер болады. Мысалы, Қ.К 102 бабында өзін-өзі өлтіру халіне жеткізу қылмысы келтірілген. Сондай-ақ 370 баптың 3 бөлімінде әскери қызметкерлердің бір-бірінің арасында бағыныштылық болмағанда жарғылық ережелерді бұзуының ауыр зардаптарға соқтыруы үшін жауаптылық қарастырылады.

Мұндай жағдайда әскери қызметшілердің бірін-бірі кемсітуі, қорлауы салдарынан адамның өзін-өзі өлтіруге немесе соған оқталған әрекеттері болса, қалай квалификация беру керек деген сұрақ туындайды. Бұл мәселе туралы 1994 жылғы 23 желтоқсандағы «азаматтардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру үшін жауаптылықты реттейтін заңдарды соттардың қолданылуы туралы» Қ.Р Жоғары Сотының №7 қаулысының 32 пункті арнайы түсінік бермейді.

Бұл құрамдардың мазмұнына арнайы түсіндірме болмауына байланысты практикада үш түрлі квалификация кездесуі мүмкін.

1-нұсқа. 102 баппен өзін-өзі өлтіру халіне жеткізу ретінде.

2-нұсқа. 370 баптың 3 бөлімімен, өзара бағыныштылық қатынастар болмаған жағдайда жарғылық ережелерді бұзудың ауыр зардаптарға соқтыруы ретінде.

3-нұсқа. Қылмыстар жиынтығы ретінде.

Бұл нұсқалардың ішінен екінші нұсқа дұрыс деп табылады, себебі 102 баппен квалификацияласақ, онда заңмен қорғалатын объектінің бірі әскери қатынастардың жарғыға сай жүргізілуі еленбей қалады және қылмыс негізі және қосымша объекті түрінде емес, қате квалификация жасаудың салдарынан қосымша объекті негізгі объекті ретінде алынып тұрады. Яғни топтық объектіден шығатын «әскери қатынастар» деген негізгі объекті көрінбей қалады.

Бұл мысалдың қылмыстар жиынтығы ретінде бағаланбайтын себебі, ол бұл нормалардың жалпы және арнайы нормалар бәсекелестігіне сәйкес келуіне байланысты. 102 бап жалпы норманы білдірсе, ал 370 бапта өзін-өзі өлтірудің жеке жағдайы қарастырылған және арнайы норма болып табылады. Сондай-ақ 370 баптағы ауыр зардапқа соқтыратын әрекеттер адамда өзін-өзі өлтіруге жеткізу түрінде ғана емес, басқа түрде де кездесе алады. Қ.К. 12 баб 3 бөлімінің ережесіне сәйкес нормалар бәсекелестігі орын алғанда қылмыс жиынтығы ретінде квалификацияланбайды.

Жоғарыда ұсынылып отырған нұсқалардан екінші нұсқаның дұрыс деп бағалану себебі, біріншіден 370 бап 102 баппен салыстырғанда арнайы норма ғана емес, ол бүтін норма болып табылады. 370 бапта өзін-өзі өлтіру халіне жеткізудің және заңды әскери қатынастардың бұзылу белгілері бар. Екіншіден, 370 баппен квалификацияланғанда қылмыс объектілері толық қолданылады. Үшіншіден, 370 баптың 3 бөлімі екі объектілі қылмыс болып табылатындықтан және ауыр зардаптарды қарастыратындықтан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын

қарастырады, ал 102 баптың 1 бөлімі бұл жазаны 3 жылға дейін ғана көрсетеді. Демек, жауаптылық көлемі бойынша әскери қызметкерлердің жарғыға жатпайтын ауыр зардаптарға соқтырған әрекеттері өзін-өзі өлтіру қылмысының жауаптылық көлемін қамти алады. Сондықтан қылмыс құрамының мазмұнын түсінуде, анықталуға жататын белгінің толық мағынасын ашу үшін осы құрамның өзге элементтерінің белгілерімен, мағынасы, бағыты бойынша сәйкестігін, яғни осы құрамның бір жиынтық ретінде өмір сүру мүмкіндігін, сонымен қатар бұл норманың арналуын білдіретін әлеуметтік-саяси ролін ескеру қажет. Бұл айтылғандарды норма мағынасына сүйеніп те іске асыруға болар, бірақ барлық кезде норма мазмұны қылмыс құрамына қарағанда тар түсінік берумен немесе осы норманың өмір сүруіне себепші болған негізгі белгілерді ғана бейнелеумен шектеледі. Сондықтан В.Н.Кудрявцевтың «Норма мағынасы квалификацияға сөзсіз әсер етеді, бірақ тікелей түрде емес, құрамның нақты белгілері арқылы әсер етеді. Сондықтан заңның мағынасын түсіну, ол тек нақты құқықтық белгілерді іздеудің және түсінудің бастапқы кезеңі болып саналады» деген көзқарасымен толық келісуге болады.¹

Қылмыстық құрам белгілерінің мағынасын дұрыс түсінуде практика қызметкерлерінің де атқаратын қызметі ерекше деп бағалау керек. Соттергеу қызметкерлері үнемі практикамен байланыста жұмыс істейтіндіктен оларда заң шығарушы мен ғылыми қызметкердің ойына келмеген, осы құрамның мазмұнын түсінуге қатысты әртүрлі материалдар кездесуі мүмкін. Сондықтан заң нормаларының немесе құрам белгілерінің мағынасын ашуда, дұрыс түсінуде практика мен ғылым бірлесе отырып жұмыс істеуі керек.

Қорыта айтқанда, қылмысты квалификациялау күрделі, әрі жауапты құқықтық қызметтің бір түрі болып табылатындықтан және құрамдардың мазмұнын түсіну квалификацияға әсер ететіндіктен, бұл қашанда жоғарыда келтірілген бағыттарды ескеріп, терең ойлауды қажет ететін мәселе болып табылады.

Кудрявцев В.Н. Аталған еңбекте, С. 88.

III-тарау

ҚЫЛМЫСТЫҢ ОБЪЕКТИСІ БОЙЫНША КВАЛИФИКАЦИЯЛАУ

§1. Қылмыстың объектісінің түсінігі және маңызы

Қоғамды қалыптастырушы және оны қызметтендіруші күш қоғамдық қатынастар болып табылады. Қазіргі уақытта ғана емес, адамдардың алғашқы қауымындағы, ру-тайпалық өмірде де қоғамдық қатынастар өмір сүрген. Ол кездердегі қауым, тайпа ішіндегі қоғамдық қатынастар әдет-ғұрып арқылы қорғалған және реттелген.

Қоғамдық қатынастар азаматтың өмір сүруі үшін қажетті құндылықтарды, дұрыс мүдделерді білдіретін болмыстың бірі болып табылады, сондықтан ол ерте замандардан бастау алып, үнемі дамып отырып бүгінге дейін жеткен. Мысалы кісі өлтіру, ұрлық жасау қылмыс. Бұл қылмыстардың қылмыстылығы шын мәнінде өзге құрам элементтерінде емес, негізінен қылмыстың объектісінде, өйткені қай заманда да болмасын кісі өлтіру, біреудің мүлкін ұрлау жаман әрекетерге бағаланған, өйткені бұл құндылықтар азаматтың өмір сүруі үшін қажетті қатынастарды білдіреді. Сондықтан қазіргі қолданылып жүрген құқықтың бойында әдет-ғұрып нормаларының қалдықтары сақталған және кісі өлтіру, денсаулыққа зардап келтіру, әйел зорлау, ұрлық тәрізді қылмыстар өз тарихын өте ертеден алады.

Қоғамдық қатынастар азаматтың танымы өскен сайын күрделенетін және кейде өзгертін құбылыс болып табылады. Сол себептен қоғамдық қатынастар дамыған сайын, ол қоғамның құқығы да дамиды. Мысалы ертедегі Рим мемлекетінің XII кесте заңы көптеген қатнастарды бастапқы кезеңдерде қамтымаған. Ал жаза ретінде көбінесе өлім жазасы қолданылған. Қоғамдық қатынастар дамығын, күрделіленген сайын көптеген қауіпті әрекеттер қылмыс қатарына жатқызылды, полициялық аппарат пайда болды. Римнің республика кезінде қасақана кісі өлтіру қылмыс болып саналғанымен, абайсызда қаза келтіру жазаланбады. Ал Рим империяға айланған кезде абайсызда қаза келтіру де қылмыс ретінде бағаланды. Сол сияқты ұрлық та азаматтық талап арызынан қылмыс қатарына жатқызылды. Осы айтылғандарға сүйене отырып, қоғамдық қатынастардың даму деңгейі құқықтық реттеу шегін, құқық нормала-

рының мазмұнын, құқықпен қамтылатын әлеуметтік қатынастардың шеңберін анықтайды деуге болады.

Л.Д. Гаухман “Қоғамдық қатынастар кез-келген әлеуметтік-экономикалық формацияда өмір сүріп отырған қоғамда өзінен-өзі пайда болды. Олар заң арқылы жаратылмайды, бірақ заң, оның ішінде қылмыстық заң да мемлекеттік қоғам мен мемлекетте үстемдік құрып отырған топтың мүддесіне сәйкес, олардың қалыптасуына, дамуына және нығайуына жағдай жасайды”, - дейді.¹

Қоғамдық қатынастардың өндіргіш күштерді шығаратындығын, оған қатысушылардың болатындығын, яғни қоғаммен адамзаттың дамуындағы басты күш екендігін ескере отырып, қоғамдық қатынас құқықты қалыптастырады дегенмен, барлық жағдайда бұл тұжырым осылай көріне бермейді. Кейде өмір сүріп отырған қоғамдық қатынас жүйесіне әсер ету үшін мемлекет немесе саяси күштер жаңа бағыттағы қоғамдық өмірді таңдауы мүмкін. Мұндай кезде, әрине таңдауға алынған қоғамдық формацияға сай келетін қоғамдық қатынастар пайда бола бастайды және сол топқа жататын қатынастар дамиды. Бірақ мемлекет немесе мемлекет атынан жұмыс істейтін заң қоғамды қандай бағытта құрғысы келсе де, өмір сүруге ықтималдығы мол қоғамдық қатынастың түрін тоқтата алмайды. Бұл жағдай сол қоғамдағы халықтың әлеуметтік-экономикалық, саяси даму бағытындағы тілегінен шығады.

Қоғамдық қатынастардың жиынтығы қоғамды құрайтындықтан және олар жалпы адамзаттың қажеттілігіне байланысты барлық кезде қоғам мүшесі ретінде бағаланатын адамның қолымен жасалатындықтан, ол құқықпен реттеуге алынады. Құқықтық реттеу-біріншіден, қоғамдық қатынасқа түсушілерге барынша дұрыс шешімді көрсетуді және екіншіден, бүкіл мемлекет аумағында нақты қатынас біркелкі шешілу мақсатын көздейді.

Қоғамдық қатынастардың сапасына, бағытына қарай олардың түрлері анықталып, нәтижесінде қоғамдық қатынастардың жүйесі пайда болады. Мысалы, еңбек студент, отбасынан, азаматтық қатынастардағы міндеттемелерден туындайтын қоғамдық қатынастар. Осындай салаларларда, бағыттарда пайда болған қоғамдық қатынастар қоғам үшін қажетті болуына байланысты тиісті құқық салалары пайда болып, олар өздерінің осы салалардағы реттеушілік міндеттерін атқарады.

Өзге құқық салалары арқылы реттелуге алынған қоғамдық қатынастарды қорғау барысындағы мемлекеттік қызметті қылмыстық құқық

¹ Гаухман Л.Д. Аталған еңбекте, 63 бет.

жүзеге асырады. Қылмыстық құқық әр түрлі деңгейде бола алатын қоғамдық қатынастардың барлығын емес, оның ішінде қоғам, адамзат өмірі үшін маңызды деп танылған, яғни қорғауға алмаса қоғамның сол саласын күйреуге әкеле алатын қоғамдық қатынастарды өз қорғауына алады.

Қылмыстық құқықта қоғамдық қатынастар нақты, жекеше ұғым ретінде қолданылады, ал жалпы мағынада алғанда мүдделер, құндылықтар түрінде көрінеді.

Қылмыстық құқықпен қорғауға алынған қоғамдық қатынастар қылмыстық-құқықтық қорғаудың объектілері деп бағаланады және нақты қылмыс түрлерінде қылмыс объектісі деген мағынада қолданылып, бұл кезде заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастың нақты түрі анықталады. Қылмыстық құқықта қорғауға алынған қатынастар ақиқат болмысында бар, өмір сүретін қоғамдық қатынастар болып табылады, сондықтан әрбір қылмыс жасалғанда қылмыс объектісі анық көрінеді және қылмыс объектісі заң шығарушының санасы арқылы анақталған ұғым ретінде анықталмайды. Заң шығарушы қылмыс объектісі ретінде бағаланатын нақты қоғамдық қатынастың қоғамдағы ролін, қызметін терең тануға мүдделі. Өйткені қылмыстық құқықтық қорғауға алынған объектілер бірдей сапта болмауына байланысты олардың қоғамдағы ролі соған сәйкес құндылығы да әр түрлі деңгейде. Демек, қоғамдық қатынастың маңызыдылығы қаншалықты дұрыс бағаланса, соншалықты құқықтық норма негізді белгіленген және осы қатынасты қорғауда тиімді өмір сүреді.

Қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастар немесе объектілер көпшілік жағдайда таза материалдық сипатта көрінеді. Соған сәйкес материалдық игіліктерге қарсы бағытталған әрекеттерде қылмыс объектісі анық байқалады және мұны қатынастардың материалдық сипатта болуы да көрсетеді. Мысалы іс-әрекеттің мүлікке деген құқықты иеленуге бағытталуы немесе өзге адамның өмірімен денсаулығына қарсы әрекет жасауға болмайтындығын бұзуы, бірден қоғаммен адамгершілік санада қалыптасқан қатынасқа қайшылықты көрсетеді. Материалдық құрамдарда қылмыс объектісі зиянды салдардың заңда көрсетілуі арқылы анықталады. Сондықтан материалдық сипаттағы қатынастар қылмыс объектісінің белгілерін нақты көрсетуге жарамды.

Қоғамдық өмір және қатынастар барлық жағдайда материалдық сипатта болмай, олар кейде әлеуметтік ортада қалыптасқан адамгершілік сипаттағы қатынастар түрінде де көрінеді. Бұл мемлекет, ұйым, меке-

ме, кәсіпорын, жеке адамдар мүддесіне сәйкес келетін, олардың өміртіршілігінің дұрыс сақталуы, дамуы барысында кездесетін қатынастар болып табылады. Қоғамдық қатынастардың осы сипаттағы түрін қылмыс объектісі ретінде қорғауға алғанда әлеуметтік ортада, қоғам дамуында немесе кем дегенде сақталуында бұл қатынастардың ролі ескеріледі және маңызды деп бағаланғанда қорғауға алынып, материалдық емес, формальдық сипаттағы қызметі немесе қатынастың түрі ескеріледі.

Заңмен қорғалатын объектілерді нақты түрде алғанда материалдық деп, ал кеңірек алғанда қатынас түрінде тани отырып бағалауға болады. Яғни қылмыс объектілерін екі деңгейде түсінуге болады. Бірінші деңгейде зардаптың туындауына сүйене отырып, қылмыс объектісін қатынас түрінде емес, сол құндылықтың қажеттілігін айтумен анықтауға болады. Мысалы ұрлық қылмысы жасалғанда объект ретінде меншік немесе жәбірленушінің меншіктен туындайтын құқықтары алынса, ал одан жоғары деңгейде алғанда меншіктен туындайтын қоғамдық қатынас бұзылады. Яғни жәбірленуші меншік құқығын білдіретін сол мүлікке қатысты басқару, иелену және пайдалану мүмкіндіктерінен айырылады.

Сол сияқты кісі өлтіру қылымысының объектісі нақты түрде немесе материалдық сипатта “адамның өмірі” болады, ал кеңірек мағынада, яғни адам өмірінің қоғам мен жаратылыстағы ролін ескеріп, құқықтық мағынада алғанда жеке адамға қол сұқпаушылықты қамтамасыз ететін қоғамдық қатынас деп бағалаймыз. Адамның өміріне зардап келтіру немесе қылмыс объектісінің бұзылуы барлық кезде қылмыс болып бағалана бермеуі мүмкін. Мысалы қажетті қорғану, қылмыскерді ұстау шараларын қолдану, сондай-ақ жазықсыз зиян келтіру кездерінде. Ал адамның өміріне қол сұғылмаушылықты қамтамасыз ететін қоғамдық қатынас барлық кезде қылмыс объектісі деп бағаланып қылмыстық жауаптылыққа соқтырады. Сондықтан қылмысты квалификациялау барысында қылмыс объектісінің шынында бар екендігі, жасалған іс-әрекеттің заңға қайшылығымен анықталады. Яғни заңмен қорғауға алынған объектілерге зиян келтіру- барлық кезде қылмыстылыққа соқтыра бермейді, объект бар болғанымен қылмыс объектісінің өзге құрам элементтерінің белгілері болмаса, онда қылмыс құрамы жоқ деп танылады. Мысалы заңмен қорғалатын объектіге зиян келгенімен, ол іс-әрекетті жасаған адам жауаптылық жасына толмаған немесе есі дұрыс емес, т.б. болуы мүмкін.

Жоғырада айтылғандарды ескере отырып, **қылмыс объектісі ретінде қоғамға қауіпті іс- әрекет бағытталатын, қылмыстық заң арқылы қорғауға алынған қоғамдық қатынастарды түсінуіміз керек.**

Қылмыстық заңда қанша қылмыс түрі бар болса, сонша түрлі объекті бар ма деген сұрақ туындауы мүмкін.

Заңмен қорғалатын нақты объектіге қарсы бағытталған іс-әрекеттер қоғамдық өмірде әрқилы, әр жағдайда және әр түрлі қауіптілік деңгейде бола алады. Яғни бір объектіге зиян келтірген әрекеттер кінә нысанына, қылмыс субъектісіне, қылмыс жасау тәсіліне, құралына уақытына т.б. қарай әр түрлі кездесіп, олардың қоғамға қауіптілік дәрежелері бір баптың жауаптылық көлеміне сыймауы мүмкін. Сондықтан қылмыстық заңда бірдей қылмыс объектісімен сипатталатын қылмыс түрлері көп. Олар әсіресе бір тарауда қарастырылған қылмыстарда көптеп кездеседі. Мысалы ҚК қасақана кісі өлтіру, ашу шегінен, қажетті қорғану, қылмыскерді ұстау шегінен шығып кісі кісі өлтіру, абайсыздықта қаза келтіру, өзін-өзі өлтіру халіне жеткізу қылмыстардың барлығының объектісі бірдей, ол адам өмірі.

Бұл қылмыстар өзара басқа құрам элементтеріне қарай ажыратылады. Ал заңмен қорғалатын объектілер қанша болса, сонша қылмыс түрі барма дегенде, қылмыс түрлері объектілердің санынан әлде қайда көп деп түсіну керек. Бірдей объектілі қылмыстар меншікке, әскери қызметке, экологияға, экономикалық қызметке қарсы қылмыстар тарауында т.б. көптеп кездеседі.

Аяқталмаған қылмыстарға, яғни қылмысқа оқталу, даярлану үшін жауаптылық қолданылады. Қылмыстың аяқталмауының негізгі көрінісі, ол заңмен қорғалатын объектіге зиян келмеуі болып табылады. Мұндай жағдайда қылмыс объектісіне зиян келмегендіктен аяқталмаған қылмыстарда қылмыс құрамы бар ма деген сұрақ туындайды. Бұл мәселенің жауабын тиісті бөлімде, яғни аяқталмаған қылмысты әрекеттерді квалификациядау туралы бөлімде қарастырған дұрыс.

§2. Қылмыс объектілерінің түрлері бойынша квалификациялау

Қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастардың көп және әртүрлі салаларда кездесе алатындығына байланысты оларды топтастыру немесе нақтылау қажеттілігі туындайды. Мұндай қажеттілік қылмыс

түрлерін анықтау, жауаптылықтың көлемін белгілеу, заң құрылысын белгілі бір тәртіппен дайындау және заңы тиімді қолдану кездерінде байқалады. Бұл айтылып отырғандар қылмыс объектісі түрлерінің қылмыстық құқықтағы қызметін және оның маңыздылығын білдіреді.

Қылмыстық құқықты меңгеруде және зерттеулер жүргізуде жалпыдан нақтыға өтіп талдау жиі кездесетін тәсіл. Осы тәсіл бойынша қылмыстық заңмен қорғалатын объектілерді тігінен бөлгенде **жалпы, топтық және тікелей объектілер** деп бөлу қалыптасқан. Бірақ қылмыстық құқық теориясында қылмыс объектілерін топтастырудың өзге де бағыттары кездеседі. Мысалы, жалпы, типтік, топтық және тікелей деп төртке бөлуде “типтік объекті ретінде, ҚК Ерекше бөлімінің бір тарауына жатқызылған баптарда жауаптылығы қарастырылатын, қылмысты әрекеттер зиян келтіруге бағытталатын бір типтік қоғамдық қатынастардың тобы алынады.¹ Бұл бағыт бойынша ҚК бөлімдерге (раздель) бөлуші критерий топтық емес, типтік объектілер болады да, ал бөлімдерді тарауларға бөлуші критерий топтық объектілер болып табылады. Мұндай төрт деңгейлі бөлу Қазақстанның қылмыстық заңына қолайлы емес, өйткені біздің қылмыстық заңның Ерекше бөлімі бөлімдерге бөлінбей, тек тараулардан тұрады.

Қылмыс объектілерінің үш деңгейінің әрқайсысының қылмыстық құқықтық маңызы бар. **Қылмыстың жалпы объектісі ретінде қылмыстық заңмен қорғауға алынған қоғамдық қатынастардың жиынтығы алынады.** Жалпы объектінің қылмыстық құқықтағы атқаратын қызметі немесе маңыздылығы, ол қылмыстық заңның өмір сүру мүмкіншілігін білдіреді. Егер қылмыстық заңмен қорғауға алынуға жататын объектілер қоғамда болмаса, онда қылмыстық заңда өмір сүрмес еді. Мына жайтты ескеру керек, қылмыстық құқықпен қорғалатын кейбір объектілер өзге де құқық салаларымен қорғала алады. Мысалы, азаматтық, әкімшілік, еңбек, отабсы, т.б. құқық салаларында. Қылмыс объектілерінің кейбір түрлерінің өзге құқықтармен қорғауға алыну себебінде біріншіден, кейбір қоғамдық қатынастардың қоғамдық өмірде әртүрлі деңгейде өмір сүретіндігі және екіншіден, оларға қарсы бағытталған әрекеттердің де қауіптілік дәрежесі әрқилы болатындығы жатыр. Мысалы, меншік құқығын, қоғамдық тәртіпті еңбек ету қауіпсіздігін қылмыстық құқық қана емес әкімшілік құқық та қорғайды. Меншікті құрайтын мүліктер қоғамда әртүрлі деңгейлерде бо-

¹ Коржанский Н.И. Объект и предмет уголовно-правовой охораны. М: Академия МВД, 1980. с 74.

лады. Соған қарай ұсақ, жай, елеулі мөлшерлерде меншік құқығына зияндар келіп, олар зардаптың ауырлығына, іс-әрекеттің қауіптілігіне қарай, нәтижесінде құқықтық қорғаудағы объектілердің мөлшеріне, маңыздылығына байланысты жеке құқықтық қорғау белгіленеді.

Құқықтық қорғаудағы объектілерге бағытталған әрекеттердің қауіптілік дәрежесі де қоғамдық өмірде әрқилы болады. Заңмен қорғалатын объектіні елеулі мөлшерде бұза алатын әрекеттердің орын алуына қарай қылмыстық құқықтық қатынас туындайды. Мысалы, 152-баптағы еңбекті қорғау ережелерін бұзу абайсыздықта кем дегенде орташа дәрежелі денсаулыққа зиян келтіру. Ал еңбекті қорғау ережелерін бұзу осы зардапқа жетпесе, тек ауыр зардаптар тудыру мүмкіндігі болса, онда әкімшілік құқықтық қатынас туындайды немесе әкімшілік тәртіпте қаралатын объектіге нұқсан келеді.

Қылмыстық құқықта әрекеттердің қауіптілік дәрежесі қорғауға алынған объектінің маңыздылығына қарай әртүрлі анықталады.

Қылмыстың жалпы объектісі деген ұғымның құрылымы кең, оны ҚК әрбір тарауымен, баптарымен қорғалатын объектілердің жиынтығы құрайды. Сондықтан жалпы объекті қорғауға алынған қатынастардың түріне, бағытына, қоғамдағы маңыздылығына қарай топтық объектілерге бөлінеді.

Топтық объектілердің қылмыстық құқықтық маңыздылығы ретінде, біріншіден, ҚК Ерекше бөліміндегі жекелеген қылмыстарды тарауларға бөлудің басты негізі, осы біртектес қоғамдық қатынастардың жиынтығын білдіретін топтық объекті болып табылатындығы, яғни қылмыстарды жүйелеу қызметін атқара алады. Екіншіден, топтық объектілер қылмысты квалификациялау барысында құқық нормасын кезең арқылы іздеу кезінде қолданылады.

Сондықтан, **қылмыстың топтық объектісі дегеніміз ҚК Ерекше бөлімінің баптары арқылы қорғауға алынған біртектес қоғамдық қатынастардың тобы болып табылады.**

Біртектес қоғамдық қатынастардың атауы ҚК Ерекше бөліміндегі тараулардың атауларында қолданылады.

Қылмыстың топтық объектілері заңмен қорғалатын қоғамдық өмірдің салаларымен анықталады және меншік, қоғам қауіпсіздігі, жеке адам, экономикалық қатынастар, экологиялық қауіпсіздік, отбасы мен кәметке толмағандардың мүддесі т.б. Бұл заңның қоғамдық өмірдің барлық салаларын қорғауға алатындығын білдіреді.

Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімі 16 тарудан құралады. Ерекше бөлімде қарастырылған қылмыстар топтық объектілерге қарай тарауларға, бөлінуіне сүйеніп, 16 топтық объекті бар екен деп түсінуге болмайды. Ерекше бөлімдегі тараулардың санымен салыстырғанда топтық объектілердің түрлері көп. ҚК бір тарауында екі немесе одан да көп топтық объектіге жататын қылмыстар кездесе алады. Бір тарауда бірнеше топтық объектілердің қарастырылу себебі, ол біріншіден, өзара ұқсас топтық объектілерді заң шығарушы жеке-жеке бөлмей бір тарауға қосуына байланысты. Бұл топтық объектілердің мағынасы ұқсас болып табылады. Мысалы, кәмелетке толмағандардың дұрыс тәрбиесі мен отбасы мүддесі, қоғам қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіп, сот әділдігі мен жазаның атқарылу тәртібі т.б. Мұндағы кәмелетке толмағандардың тәрбиесін жеке объекті ретінде түсіну керек. ал отбасының мүддесі ол да жеке объекті ретінде бағаланады.

Бірнеше топтық объектілердің бір тарауда қарастырылуының келесі себебі, ол бір топтық объектіге қарсы бағытталған қылмыстардың кейде аз болуына байланысты. Мысалы, қоғам қауіпсіздігі және қоғамдық тәртіп деген ұғымдар жеке объектілер деп түсінсек, қоғамдық тәртіпке қарсы бағытталған қылмыстар заңда екеу-ақ. Олар бұзақылықпен тағылық қылмыстары. Жаппай тәртіпсіздік қылмысы қос объектілі, яғни қоғам қауіпсіздігі және қоғамдық тәртіп деп анықталады. Бір топтық объектіге жататын екі қылмыс түріне бола заң шығарушы жеке тарау бөліп жатпайды және ондай топтық объектіге жататын қылмыстарды өзіне ұқсайтын топтық объектімен бір тарау ретінде қосып қарастырады.

Топтық объектінің құрылымы күрделі, ал атауы жалпы болуымен ерекшеленеді. Бұл объектінің құрылымында осы салаға жататын нақты қоғамдық қатынастардың түрлері болады және олар қылмыстық құқықта тікелей объекті деп аталады. **Қылмыстың тікелей объектісі дегеніміз заңмен қорғауға алынған қоғамдық қатынастардың жеке түрі болып табылады.**

Тікелей объектілер нақты қылмыс түрінің өмір сүру себебін білдіреді және топтық объектінің бағытымен, мағынасымен ұқсас анықталады. Айырмашылығы тікелей объектілер мазмұны бойынша нақты қоғамдық қатынастың түрін білдіреді. Мысалы, ҚК 3-тарауындағы қылмыстардың топтық объектісі азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары болып табылады, ал осы тараудың 141-бабындағы азаматтардың тең құқықтылығын бұзу қылмысының тікелей объекті ҚР

азаматтарының бірдей құқықтарының сақталуы, 142-баптағы жеке өмірге қол сұғылмаушылықты бұзу қылмысындағы тікелей объекті адамдардың жеке басына қатысты құпиялардың жарияланбауы болып анықталады.

Топтық объекті мен тікелей объекті кейде бірдей мазмұнда анықталуы мүмкін. Мысалы, меншікке қарсы қылмыстардың топтық объектісі меншік құқығы оның сақталуы болса, ал осы топтағы қылмыстарға жататын ұрлық, тонау, алаяқтық тәрізді т.б. қылмыстардың тікелей объектілері де меншік құқығы немесе меншік құқығынан туындайтын қоғамдық қатынастардың сақталуы болып табылады. Сондықтан бір топтық объектіге бағытталатын қылмыстардың тікелей объектілері атауы, мазмұны бойынша барлық кезде әртүрлі болып анықтала бермейді. Қылмыстың тікелей объектілері әртүрлі баптардағы қылмыстарда бірдей болып анықталғанда олар өзара басқа құрам элементтеріне қарай ажыратылады.

Кейбір қылмыстар кейде бірнеше тікелей объектілерге зиян келтіруі мүмкін. Мұндай жағдайларда ол объектілердің біреуі ғана осы қылмыстың тікелей немесе міндетті объектісін білдіреді. Ал қалған объектілер осы қылмыстың қосымша немесе балама объектілері ретінде бағаланады. Осы қылмыста қосымша немесе балама деп саналып отырған объектілер, басқа бір қылмыстар үшін тікелей объекті болып табылады. Қылмысты квалификациялау кезінде бірнеше объектілер кездескенде тікелей объектінің топтық объектіден шығатынын ескеру керек. Кейбір қылмыстар құрылымының күрделі және басқа өзге қоғамдық қатынастармен тығыз байланысты болуына қарай қылмыстық құқықта бірнеше объектілі болып сипатталады. Көбінесе балама және қосымша объектілер адам өмірі, денсаулығы, бөтеннің меншігі, ар-намысы түрінде кездеседі. Бұл осы қатынастардың қоғам өміріне барынша жайылғандығына, олардың өзге қатынастармен жиі байланыста болатындығына байланысты.

Адам өмірі, денсаулығы, оның қадір-қасиеті, заңмен ерекше қорғалатын объектілер деген бағалауға сүйеніп, кейде құқық қолданушы қылмыстың тікелей объектісі ретінде анықтауы мүмкін. Мұндай жағдайда заңмен қорғалатын басқа объектілер еленбей қалады және квалификация қате жүргізіледі. Мысалы, кінәлінің суды ластауы, бітеу немесе сарқу әрекеттері адамның өліміне соқтырды делік. Тергеуші квалификация жүрізу кезінде адамның өлу фактісіне ғана көңіл аударса, онда 101-баппен абайсыздықта қаза келтіру қылмысы деп қате баға-

лайды. Немесе тергеуші мұндай жағдайда заңмен қорғалатын екі объекті, яғни су тазалағына қатысты экологиялық қауіпсіздікке және адам адам өміріне зиян келгенін байқауы мүмкін. Бірақ адам өмірі ерекше құнды объекті деген көзқараспен анықталса, онда тағы да қылмысты 101-баппен бағалауы немес қылмыс жиынтығы түрінде қате квалификациялауы мүмкін. Мұндай жағдайда іс-әрекетті дұрыс баға берудің екі тиімді жолы, ол топтық объектіні анықтап, содан кейін сол тараудан осы топтық объектіге сай келетін тікелей объектіні қарастыратын бапты іздеу болып табылады.

Топтық объектіні табу үшін не істеу керек? көпшілік жағдайда кінәлінің жасаған қауіпті іс-әрекеттері адам өміріне, денсаулығына бағытталмауы мүмкін. Кінәлі суды ластау тәрізді әрекеттерді жасай отырып, басқа нәтижеге жетуді мақсат етуі мүмкін. Мысалы мекеменің өнімділігін арттыру, шығынды аз жұмсау, су жануарларын оңай аулау, т.б. Осы кезеңге квалификация жүргізуші көңіл бөлсе, онда заңмен қорғалатын бір құндылыққа, экологиялық қауіпсіздікке қауіп туындағанын аңғарады. Қылмысты квалификациялаудың басты қағидасының бірі, ол кінәлінің қоғамға қауіпті ойы, қасақаналығының бағыты бойынша оның қылмысын анықтау және жауаптылық белгілеу болып табылады. Топтық объекті де дәл осы тәсілмен анықталады, яғни қылмыскер қасақаналығын, мақсатын қандай бағыттағы қоғамдық қатынасқа қарсы бағыттаса, сол қатынас топтық объект ретінде бағаланады және кейбір қылмыстарда осы топтық объектінің бұзылуы кезінде немесе кінәләнең қылмысты мақсатқа жету жолындағы әрекеттері өзге де объектілерді бұза алады. Міне осындай жолшыбай немесе кінәлі үшін күтпеген, кейде мақсатқа жету үшін қасақана бұзылған қоғамдық қатынастар сол қылмыстың балама немесе кейде қосымша объектілерін білдіреді. Демек жоғарыда келтірілген суды ластау, сарқу, бітеу әрекеттері абайсыздықта адам өліміне соқтырып жатса, онда 281-баптың 3-бөлімімен абайсыздықта адам өліміне соқтырған суды ластау қылмысы деп анықталуы керек.

Кінәләнең қосымша немесе балама объектілерге деген ой-қатынасы абайсыздықта да, қасақаналықта да болуы мүмкін. Егер кінәлінің негізгі объектіден басқа (балама немесе қосымша) объектілерге қылмысты жасау кезінде қасақаналығы болмаса, онда негізгі және кейде ауырататын құрам түрінде заңда арнайы көрсетіледі. Жоғарыда келтірген 281-бап суларды ластау, бітеу және сарқу қылмысы 3 бөлімнен қарастырылып, онда абайсыздықта бірнеше балама объектілердің бұзылуы келтірілген.

Балама және қосымша объектілі қылмыстар кінәнің қос нысанымен жасалатын құрамдарда да кездеседі. Мысалы 120-баптың 3-бөлімі, яғни абайсыздықта адам өліміне соқтырған әйел зорлау, сол сияқты 125-баптың 3-бөлімінде, 127-баптың 2-бөлімінде, 233-баптың 3-бөлімінде, 234-баптың 3-бөлімінде, т.б. кездеседі. Қосымша объектінің бұл қылмыстардың құрамында келтірілу себебі, қарақшылық, адам ұрлау, әйел зорлау сияқты қасақана қылмыстардың жасалуы кезінде адамдардың өмірі мен денсаулығына зардаптардың туындау мүмкіндігінің жоғары болуына байланысты. Құрам қосымша және негізгі объектілі болып, ол заң баптарында тікелей көрсетілгенде қосымша объектіні негізгі объект ретінде қарастыратын басқа құрам түрімен қосып жиынтық ретінде квалификациялауға болмайды. Өйткені бұл жерде нормалар бәсекелестігінің бүтін және бөлік түрлері орын алады. Мысалы адам ұрлау қылмысы абайсыздықта жәбірленушінің өліміне соқтырса, онда 125-баппен және 101-баппен қосып квалификация жасауға болмайды, қылмыс бірдеп 125-баптың 3-бөлімімен бағалануы тиіс. 125-баптың 3-бөлімі бірнеше объектіні, яғни адамның жеке бостандығын және өмірін қамтитындықтан 125-баптың 1-бөліміндегі негізгі құрамның және 101-баптың санкцияларымен салыстырғанда ауыр белгіленген. Демек, 125-баптың 3-бөлімінде екі қылмыс қосылып, бір құрам түрінде белгіленген. Осы ереже кінәнің қос нысанымен жасалған барлық қылмыстарды квалификациялауға ортақ ереже ретінде қолданылады.

Балама объектілер ҚК Ерекше бөлімі баптарының диспозицияларында барлық кезде тікелей аталып жатпайды. Балама объектілердің қосымша объектілерден бейнеленуіне қарай айырмашылықтары мынадай: а) қосымша объектілер бапта тікелей көрсетіледі және сол баппен, бөліммен квалификациялау үшін қосымша объектінің бұзылуы міндетті; б) балама объектілер баптың диспозициясында тікелей көрсетіле алады, бірақ бір неше нұсқаларда келтіріледі. Мысалы 246-бап жарылыс қаупі бар объектілерде қауіпсіздік ережелерін бұзу; в) балама объектілер баптың диспозициясында тікелей көрсетілмеуі де мүмкін, мысалы 237-баптағы бантизм қылмысының балама объектілері бөтен адамның денсаулығы, меншігі, бостандығы және т.б. болып табылады. Бірақ бұл балама объектілер 237-баптың диспозициясында айтылмайды. Себебі балама объектілердің қылмыс аяқталуы үшін туындауы барлық жағдайда шарт емес. Яғни балама объектілер болмаса да бандитизм қылмысы жасала алады; г) балама объекті орын алғанда осы балама объектіні негізгі объекті ретінде қарастыратын қылмыс түрімен қосып қылмыс-

тар жиынтығы түрінде квалификацияланады. Мысалы 2001 жылғы 21 маусымдағы “Бандитизммен және қылмысқа қатысушылықпен жасалған басқа да қылмыстар үшін жауаптылық туралы заңдарды соттардың қолдануындағы кейбір мәселелер туралы” ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 18 пункті “Егер адамдар ұйымдасқан тұрақты қылмыстық топ құру, қарулану туралы арнайы келіссе және қару тауып ұйымдар мен азаматтарға шабуыл жасау мақсатын көздеп, осындай қылмыстарды жасаса, онда кінәлінің әрекеттерін ҚК 237-бабының тиісті бөлімдерімен және өзге жасалған қылмыстар үшін жауаптылық қарастыратын ҚК тиісті баптарымен квалификациялау керек” деген дұрыс бағыт көрсетеді.

Балама объектілерді қылмыстық заңның баптары екі түрде қарастырады. Бірінші түрінде заң баптарында балама объектілердің түрлері тікелей көрсетілмейді, ол қылмыстық құрамға құқықтық талдау беру кезінде анықталады.

Екінші түрінде балама объектілер баптың диспозициясында қылмыс құрамының объективтік жағын сипаттайтын зардап түрлері ретінде келтіріледі. Мысалы, 244-баптың 2-бөлімі атом энергетикасы объектілерінде қауіпсіздік ережелерін бұзу, 246-баптың 2-бөлімі жарылыс қаупі бар объектілерде қауіпсіздік ережелерін бұзу қылмыстары абайсызда кісі өліміне немесе өзге ауыр зардаптарды келтіреді.

Негізгі және балама немесе қосымша объектілі қылмыстарда қылмыс жиынтығы түрінде квалификациялаудың қолданылуы немесе қоданылмауы, ол қылмыстық құрамның міндетті белгісі ретінде осындай объектінің қамтылуына байланысты шешіледі. Егер балама объектілер баптың диспозициясында тікелей көрсетілсе, онда бұл балама объектіні негізгі объект ретінде қарастыратын қылмыспен жиынтық түрінде квалификацияланбайды.

Мысалы, жоғарыда келтіріліп отырған жарылыс қаупі бар объектілерде қауіпсіздік ережелерін бұзу қылмысы үшін жауаптылықты қарастыратын 246-баптың 2-бөліміндегі абайсыздықта кісі өлімі немесе өзге де зардаптар туындаса абайсызда қаза келтіру, денсаулыққа ауыр орташа дәрежелі зардаптарды қарастыратын 101, 111-баптармен қосып сараланбайды.

Қосымша және балама объектілер бірнеше қылмыстардың объективтік жағының міндетті белгілері бірдей келтірілгенде көрініс алады. Бірақ барлық кезде емес. Қылмыстық кодексте объективтік жағы бойынша бірдей анықталатын қылмыстар жеткілікті кездеседі. Мысалы,

қорлау (130-бап) және сотты құрметтемеу (342-бап); жала жабу (129-бап) және судьяға, прокурорға, тергеушіге, алдын ала анықтау жүргізуші адамға, сот приставына, соттың атқарушысына қатысты жала жабу (343-бап); ұрлық (175-бап) және радиактивті заттарды ұрлау немесе қорқытып алу (248-бап), қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды ұрлау немесе қорқып алу (255-бап), есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды ұрлау не қорқытып алу (260-бап), т.б. қылмыстардың объективтік жағының белгілері бірдей, ондай қылмыстар өзара көбінесе объектісі бойынша, ал кейде өзге құрам элементтеріне қарай ажыратылады. Мысалы, денсаулыққа қасақана және абайсыздықта зардап келтіруді қарастыратын құрамдар өзара субъективтік жағы бойынша ажыратылады. Бірнеше қылмыстың объективтік жақтары бірдей келтірілгенде ол құрамдар балама немесе қосымша белгілермен сипатталады екен деп біркелкі түсінуге болмайды. Олардың объектілерінде ешқандай айырмашылық болмауы да мүмкін. Мысалы жоғарыда аталған денсаулыққа қасақана және абайсыздықта зардап келтіруді қарастыратын құрамдардың объектісінде айырмашылық жоқ. Екеуінің де объектісі адамның денсаулығы болып табылады.

Әдетте, ҚК бір тарауында қарастырылған қылмыстардың объектілері бірдей болып анықталады. Бұл ол қылмыстардың топтық объектісінің бірдей болуына байланысты. Бірақ топтық объектінің кең мағыналы немесе бірнеше нақты объектілерді қамтып тұруына байланысты бір тарауда қарастырылған қылмыстарда негізгі және қосымша объектілері арқылы ажыратылады және ұқсастық байқатады. Мысалы абайсыздықта жәбірленушінің өліміне соқтырған қасақана денсаулыққа зиян келтіру екі объектіні, яғни адамның денсаулығын және өмірін қамтиды. Мұндай құрамдарда негізгі объектіні анықтау қиындық тудыруы мүмкін. Себебі адамның өмірі мен денсаулығы бір тарауда қарастырылғандықтан және бұл объектілердің ішінде адам өмірі аса құнды объекті болып саналатындықтан, оны негізгі объект ретінде тану туралы ой келеді. Жалпы мұндай құрамдардың заңда өмір сүру себебі, ол қылмыс объектісінің бірнешеу болып байқалуы емес, кінәлінің қоғамға қауіпті ой қасақаналығы бойынша жауаптылық белгілеу болып табылады. Ал мұндай кінәнің аралас нысанымен сипатталатын құрамдарда негізгі объекті ретінде қайсысын алуымыз керек дегенде, ең бастысы заңдағы қылмыстарды өзара ажыратушы және оған құқықтық талдау жасауда бірінші кезекте қолданатын белгі қылмыс объектісі екендігін естен шығармауымыз керек. Яғни қылмыстар баптарға бөлінгенде осы

объектінің де ерекшелігі де ескеріледі. Бұл ерекшелік кінәлінің нақты келтірген зардабының түрі, көлемі бойынша қылмыс объектісі анықталғандығын білдіреді. Сондықтан абайсыздықта жәбірленушінің өліміне соқтырған қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтіру, зорлау, адамды ұрлау, қарақшылық қылмыстарын осы тиісті баптарына жатқызушы себеп, ол зардаптың түрі емес, қылмыскердің қауіпті әрекетінің бағыты бойынша анықталатын заңмен қорғалатын объекті болып табылады. Зардап түрі бойынша қылмысты квалификацияласақ, онда осы аталған қылмыстардың барлығы 101-баппен бағаланатын абайсыздықта қаза келтіру болып шығр еді және негізгі объектісі адамның өмірі деп анықталған болар еді.

Осы айтылғандарды қорыта отырып қорыта айтқанда, қосымша объекті баптың диспозициясында тікелей көрсетілгенде және қылмыстық құрамда міндетті белгі ретінде бағаланғанда, ол объектіні негізгі объекті түрінде келтірген қылмыс түрімен қосып квалификацияланбайды. Балама объектілер баптың диспозициясында немесе қылмысты талдауда міндетті белгі ретінде қолданылса, онда балама объектіні негізгі объекті ретінде бағалайтын қылмыспен қосып квалификация жүргізуге болмайды. Егер балама объекті қылмыстың аяқталуы үшін бұзылуы міндетті болмаса немесе баптың диспозициясында құрамды талдауда міндетті белгі ретінде қолданылмаса, онда балама объекті бұзылғанда оны негізгі объект ретінде қарастыратын қылмыспен қосып квалификацияланады.

§ 3. Қылмыстың заты бойынша квалификациялау

Ұқсас қылмыстарды бір-бірінен ажыратуды тек объектілері бойынша ғана емес, барлық құрам элементтерінің белгілері, оның ішінде қылмыстың заты бойынша да жүргізуге болады.

Кейбір қылмыстық құрамдарда қылмыстың заты міндетті белгі болып табылады. Қылмыстың заты Ерекше бөлім баптарының диспозициясында тікелей аталғанда, ол заттар осы қылмыс құрамының міндетті белгісі ретінде бағаланады, яғни осы баппен квалификация жасау үшін баптың диспозициясында келтірілген заттар қолданыла отырып немесе осы заттарға байланысты іс-әрекет жасалаған болуы керек. Егер жасалаған қылмыста құрам элементтерінің өзге белгілері белгілі бапқа толық сәйкес келгенімен, бірақ қылмыс заты сай келмесе, онда іс-әрекет басқа қылмыс түрімен квалификацияланады.

Қылмыстың заты дегеніміз – кінәлі қылмыс жасау кезінде қолданатын және осы қылмысты жасауда міндетті түрде болатын жанды немесе жансыз материалдық сапаға ие заттар болып табылады.

Қылмыстың заты жанды немесе жансыз болуы, ол кейбір қылмыстардың жансыз материалдық заттарды, мысалы есірткі, атылатын қару, радиактивті заттар, мүлік, құжаттарды пайдаланып немесе сол заттарға қатысты әрекеттерді жасай отырып, қылмысты іске асыруды көздеуін түсінуіміз керек. Ал жанды заттар ретінде жануарларға қатысты, яғни экологияға, адамгершілікке қарсы әрекеттер жасай отырып, қылмыс жасау кезінде жанды құндылықтарға зиян келуін түсінеміз. Адамдар қылмыс затына жатқызылмайды. Себебі адамдар қылмыстық құрамдарда жәбірленуші немесе кейде құрал ретінде кездеседі. Л.Д. Гаухман “жәбірленуші адам ретінде қылмыстың затынан мысалы РФ ҚК 318-бабында көрсетілгендей өкімет өкілдеріне қатысты күш қолдану құрамындағыдай олардың қызметіне байланысты сипаттамада болуы мүмкін”, - дейді.¹ Адамдар қылмыста көпшілік жағдайда жәбірленуші (мысалы адам өміріне қарсы қылмыстарда) немесе кәмелетке толмағандарды қылмыстық жолға тарту қылмысындағыдай қылмыс жасау құралы түрінде ғана кездесіп, бір жақты мағынада қолданылады. Ал қылмыс заты қылмыстық құрамдарда жәбірленуші түрінде емес, қылмыстың орындалуында қолданылуы міндетті және материал түрінде кездесуімен ерекшеленеді.

Қылмыстың заты және қылмыс объектісі қылмыстық құрамда қылмыс объектісі элементіне қосыла отырып қарастырылады. Бұл екі ұғымды бірдей көруге болмайды, себебі бұл ұғымдардың қылмыстық құрамды ашуда және міндетті белгі болып саналуында айырмашылықтар бар. Қылмыстың заты қылмыс объектісіндей заңмен қорғауға алынған қоғамдық қатынастарды білдірмейді, ол бірнеше мағыналарда объектіге жақындығын байқатады немесе қылмыс объектісінен кейін бірден анықталуы қажет ететідігін көрсетеді. Біріншіден, қылмыстың заты жасалған қылмыстарда көрініс алуы арқылы заңмен қорғалатын объектіге нұсан келгенін білдіреді. Мысалы ұрлық қылмысының объектісі болып табылатын меншікті ақша, киім, тамақ, бұйым құрап, ондай игіліктер қылмыстың затын білдіреді. Яғни қылмыс затының көрініс табуы объектіге зиян келегенін білдіре алады. Екіншіден, қылмыс заты міндетті белгі болып табылатын құрамдарда бұл белгі болмаса қылмыс

¹ Гаухман Л.Д. Аталған еңбекте, 85 бет.

объектісі бола алмайды. Үшіншіден, қылмыс затының қоғамдағы маңыздылығы объектінің құндалық дәрежесін, қылмыстың ауырлық деңгейін көрсете алады. Мысалы ұрлық (175-бап) және ерекше құнды заттарды ұрлау (180-бап). Төртіншіден, қылмыс затының құрамдарда бірдей анықталуы, ол қылмыстардың объектісінің де бірдей екендігін көрсетеді. Мысалы, ұрлық, тонау, қарақшылық қылмыстарының, сондай-ақ алаяқтықпен қорқытып алушылықтың заттары бірдей, соған орай олардың объектілері де бірдей анықталады.

Қылмыстың заты қылмыс объектісімен салыстырғанда қосымша (факультативті) белгі ретінде қолданылады, яғни қылмыс құрамын сипаттау кезінде барлық кезде міндетті белгі ретінде қолданылмайды. Қылмыс затының қосымша белгі ретінде қолданылу себебі, ол барлық қылмыстың құрамында белгілі бір заттың қолданылуы міндетті болмауына, заңдағы көпшілік қылмыстарға құқықтық талдау бергенде және ол қылмыстардың жасалу табиғатына зер салғанда арнайы бір заттардың қолданылуы шартты болмауына байланысты. Мысалы бұзақылық, кәмелектке толмағандарды қылмыстық жолға тарту, жала жабу, көрінеу кінәсіз адамды қылмыстылық жауаптылыққа тарту және т.б. қылмыстарда қылмыс заты, оның арнайы бір түрлері болмайды. Мұндай қылмыстарда өзге элементтердің белгілері және қылмыс объектісі болса қылмыс құрамы бар деп танылады.

Кейбір қылмыс түрлерінде зат қосымша емес, міндетті міндетті белгі ретінде қолданылады, яғни қылмыс жасалды немесе заңмен қорғалатын объектіге нұқсан келді деп есептеу үшін қылмыстың заты көрініс алуы керек болып табылады. Қылмыс заты міндетті белгі болып табылатын құрамдарда сол заттың түрі баптың атауында немесе оның диспозициясында көрсетіледі, сондай-ақ бапта зат түрі аталғанда объектінің мағынасын аша отырып анықтауды қажет ететін кездер болады. Қылмыстың заты 193-бапта (Заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын немесе өзге мүлікті заңдастыру), 194-бапта (Несиені заңсыз алу және мақсатсыз жұмсау), 252-бапта (Қаруды заңсыз жасау), 253-бапта (Атыс қаруын ұқыпсыз сақтау), 260-бапта (Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды ұрлау немесе қорқытып алу), т.б. тікелей баптың атауында көрсетіледі. Мұндай жағдайда жасалаған қылмысты осы баппен квалификациялау үшін іс-әрекет сол бапта аталағандай заттармен немесе соларға қатысты жасалған болуы керек.

Қылмыстың заты бапта арнайы көрсетілгенде оны өзге ұқсас қылмыстардан затына арай отырып бірден оңай ажыратуға болады. Мыса-

лы 260-баптағы есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды ұрлау немесе қорқытып алу және 255-баптағы қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жару құрылғыларын ұрлау не қорқытып алу, сондай-ақ 248-баптағы радиактивті заттарды ұрлау немесе қорқытып алу, 181-баптағы қорқытып алушылық қылмыстарының негізгі айырмашылықтары қылмыстың затында және қылмыс затының қоғамға тигізеті пайдалы немесе зиянды әсеріне қарай қылмыс объектісі де анықталады. Жоғарыда келтіріліп отырған ұқсас қылмыстардың өзге құрам элементтері бірдей, олардың айырмашылығы тек қылмыстың затында, соған қарай объекті де өзгерен.

Қылмыстың заты квалификациялау үшін міндетті белгі болып бағаланатын құрамдарда баптың диспозициясында тікелей көрсетілмей, объектінің атынан, оның мағынасынан шығуы да мүмкін. Мұндай құрамдарада қылмыс объектісіне нұқсан келуі үшін қолданылатын немесе жәбірленушіден алынатын заттар ескеріледі. Мысалы ұрлық қылмысы заңда “бөтен мүлікті жасырын алу” деп анықталаған. Бұл қылмыстың затын білдіретін “мүлік” ұғымы түсіндіруді талап етеді. Қысқаша айтқанда ұрлық қылмысының заттарын ерекше құнды заттар мен қозғалмайтын мүліктер құрай алмайтынын ескеруіміз керек.

Бір ескере кететін жәйт, ол кейбір құрамадарда қылымыстың заты мен қылмыс құралы ұқсас анықталады. Мұндай құрамдарда құрал мен заттың айырмашылығын білу керек. Анығырақ айтқанда, белгілі бір қылмыста зат ретінде қолданылатын материалдық сапалар басқа бір қылмыста құрал ретінде қолданылуы кездеседі. Қылмыс жасау құралы баптың диспозициясында тікелей көрсетілуі де, көрсетілмеуі де мүмкін. Қылмыстың заты мен құралын шатастырмас үшін ол заттың қылмыстың жасалуын жеңілдету үшін немесе басқа мағынада қолданылып отырғанын ескеру керек. Егер белгілі бір зат қылмыстың жасалуын жеңілдету мақсатында қолданылса, онда ол құрал ретінде бағаланады. Мысалы, халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстар тарауындағы есірткімен байланысты 259-265-баптардағы қылмыстардың заты есірткі және жүйкеге әсер ететін заттар болып табылады. Ал адамның денсаулығына қасақана ауыр зиян келтірудің бір түрі адамды есірткіге тәуелді етуде есірткі заттар қылмыс құралы ретінде қолданылады. Сол сияқты қару-жараққа байланысты 251-255-баптарда келтірілген қылмыстардағы “атылатын қару” осы баптардағы қылмыстардың заты ретінде бағаланса, ал кісі өлтіру қылмысында құрал ретінде пайдаланылады.

Қылмыс заты мен құралын дұрыс ажырата білудің келесі қажеттілігі, ол кейбір қылмыс түрлерінде құралдың түрі баптың диспозициясында арнайы көрсетілгенде қылмыс заты тәріздес міндетті белгінің ролін атқарады. Яғни іс-әрекетті сол баппен немесе сол бөліммен бағалау үшін қылмыс осы бапта көрсетілгендей құралмен жасалаған болуы керек. Мысалы жала жабу үшін жауаптылықты қарастыратын 129-баптың 2-бөлімінде көпшілік алдында және бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып жала жабу келтірілген. Іс-әрекетті осы бөліммен квалификациялау үшін қылмыс тек көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып жасалған болуы керек.

Қылмыс затына байланысты квалификация жүргізу аса қиындық тудырмайды, тек заңдағы өзара ұқсас қылмыстардың объективтік жағы, субъективтік жағы және субъекті бірдей болағанда, олардың заты мен қылмыс объектісіне қарай ажыратылатын білу керек.

Мынадай жағдайларда қылмысқа квалификация жасау қиындық тудыруы мүмкін. Өзге құрам элементері бойынша ұқсас, бірақ заты бойынша ажыратылатын екі қылмыстың заты бір қылмыс оқиғасында болғанда. Мысалы кедендік тексеруде бір адамда экономикалық контрабанданың (209-бап) және айналымнан алынған заттардың контрабандасын білдіретін заттар табылуы мүмкін. Мұндай жағдайда квалификация жүргізу негізінен қылмыстың затына байланысты емес, көптік қылмыстар бойынша, яғни бірнеше рет қайталанған немесе жиынтық ретінде бағалау туралы мәселе туындайды. Сондықтан бұл мәселенің шешіміне тиісті бөлімде тоқаталамыз.

Қорыта айтқанда, қылмыстың затына қатысты мәселе екі жағдайда, біріншіден, бірнеше қылмыстардың заты бірдей болғанда және екіншіден, өзге құрам элементтері бірдей болып тек қылмыс затына қарай ажыратылғанда туындайды. Бірінші жағдайда, яғни қылмыстардың заты бірдей болғанда, олар затына және объектісіне қарай емес, өзге құрам элементтеріне қарай ажыратылады және квалификация жүргізіледі. Екінші жағдайда, яғни қылмыстық құрамдар өзге элементтері бойынша бірдей сипатталып, тек затына және объектісіне қарай ажыратылғанда квалификация затына қарай жүргізіледі.

IV тарау

ҚЫЛМЫСТЫҢ ОБЪЕКТИВТІК ЖАҒЫ БОЙЫНША КВАЛИФИКАЦИЯЛАУ

§ 1. Қылмыс құрамының объективтік жағының түсінігі және маңызы

Қылмыстық құқықта қылмыстардың бейнесін, оның құрамын ашу, негізінен екі бағытта жүргізіледі, біріншісі қылмыстың сыртқы бейнесін көрсету, екіншісі оның ішкі бейнесін ашу бағытында болады. Қылмыстың сыртқы бейнесін сипаттауға жататын мәселелер, құрамның объективтік жағы деген элементке енгізіледі. Қылмыстың сыртқы жағының бейнесі ретінде жасалған іс-әрекеттің қылмыстылығын сырт қараған адамға-ақ көрсете алатын белгілерді түсінуге болады. Кез-келген қылмыс сырттай бейнесін көрсете алатын белгілері арқылы қоғамға қауіпті болып көрініп, қылмыс уақиғасының көрінісін білдіреді. Бұл сырттан қарағандағы қоғамға қауіпті уақиға, оның ішкі жағымен сәйкес болғанда, яғни адамның ойының қауіптілігі әрекет немесе зардап туындауы түрінде көрінгенде ғана қылмыстың толық бейнесін білдіреді. Сондықтан **қылмыстың объективтік жағы ретінде қылмыс құрамының сыртқы жағын сипаттайтын белгілердің жиынтығы алынады.**

Қылмыстың объективтік жағының белгілері қылмыстық құрамда сипаттаушы роль атқаруына байланысты әрбір қылмыстың бейнесін көрсете алатын белгілері болады. Бірақ әрбір қылмыстың объективтік жақ белгілері өзге қылмыстардың осындай белгілеріне ұқсамайды деп айтуға болмайды. Қылмыстық заңда объективтік жақ белгілері бірдей сипатталатын қылмыстарда кездеседі. Объективтік жақ белгілері қылмыстық заң баптарының диспозициясында жиі келтіріледі және диспозицияларда субъективтік жаққа, субъектіге қатысты белгі көрсетілгенде де қылмыстың атауының өзінен-ақ оның сыртқы жаққа қатысты ең басты белгісін кездестіруге болады.

Мысалы, абайсыздықта қаза келтіру деген қылмыстың атауынан-ақ қаза келтіру сөзінен әрекет түрін байқауға болады. Сондықтан кем де-

генде объективтік жақтың белгілерін жалпы атаумен келтірмейтін қылмыс түрі заңда жоқ.

Қылмыстық заңдағы көптеген баптар қылмыстың объективтік жағы белгілерін толық келтіреді. Мысалы, 166 баптағы шпиондық, 177 баптағы алаяқтық, 103 баптағы денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру тәрізді, т.б. қылмыстарды қарастыратын баптардың диспозицияларында қылмыстық әрекеттің түрлері толық келтірілген. Ерекше бөлім баптарының диспозицияларында объективтік жаққа қатысты белгілердің көбірек келтірілуі, ол қылмысты әрекеттердің көптігіне және заңмен қорғалатын объектілердің сан-алуандығына байланысты. Қылмыстылық-зиянды құбылыстың бір түрі ретінде қоғамдық өмірдің кез-келген саласында кездеседі. Олар жеке адамға, сот әділдігінің іске асырылуына, қоғам қауіпсіздігіне, азаматтардың конституциялық құқықтарына қарсы, т.б. әртүрлі салаларда кездеседі. Соған орай әр түрлі салалардағы заңмен қорғалатын қатынастарға зиян тигізетін әрекеттер де сан алуан болып кездеседі. Мысалы, бөтеннің мүлкін жасырын түрде қайтарусыз алу және жаппай тәртіпсіздік әрекеттері мағынасы және бағыты бойынша бір-біріне ұқсамайды. Мағынасы бойынша ұрлық жасау және жаппай тәртіпсіздік әрекеттері бір қылмысты немесе ұқсас қылмысты білдірмейді және жеке-жеке түсіндіруді талап етеді. Бағыты бойынша бұл әрекеттер қоғамның әр түрлі саласына зиян тигізуге бағытталған. Мысалы, ұрлық әрекеттері бөтеннің меншігіне. Ал жаппай тәртіпсіздік қоғам қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпке қарсы бағытталады. Міне, осындай себепке байланысты қылмыстың объективтік жағы деген ұғымды құрамның бір элементі ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды және оның негізгі мақсаты бір-біріне ұқсамайтын қылмысты әрекеттері заңда бейнелеу болып табылады.

Объективтік жақтың белгілері тұрақтылығына қарай міндетті және қосымша (факультативті) белгілер деп бөлінеді. Міндетті белгілер барлық қылмыстық құрамдарда болуы шартты, яғни жасалған қылмыста объективтік жақ бар деп есептеу үшін орын алуы міндетті деп танылған белгілер. Объективтік жақтың міндетті белгілеріне іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), елеулі зардап және осы екі белгінің арасындағы себепті байланыс жатады. Егер материалдық деп бағаланатын құрамдарда осы белгілер, ал формальдық құрамдарда қоғамға қауіпті іс-әрекет болмаса, онда қылмыстың объективтік жағы да жоқ деп танылады.

Объективтік жақтың қосымша белгілеріне қылмыстың жасалу орны, уақыты, тәсілі, құралы және жағдайы жатады. Бұл белгілердің қосым-

ша деп бағалану себебі, ол жасалған қылмыста бұл белгілер болмаса да қылмыстың объективтік жағы бар деп саналуына байланысты. Қосымша белгілер қылмыстың құрамын қосымша тұрғыдан сипаттайды және олардың қылмыс уақиғасында белгілі бір түрде болмауы қылмыстық құрамның бар-жоқтығына әсер етпейді. **Қосымша белгілер тек баптың атауында немесе диспозициясында тікелей көрсетілгенде ғана міндетті белгі ретінде қолданылады.** Яғни, осы баппен немесе осы бөліммен қылмысты квалификациялау үшін жасалған іс-әрекет сол бапта көрсетілгендей уақытта, орында, тәсілмен, құралмен немесе жағдайда жасалған болуы керек. Мұндай жағдайда міндетті белгінің күшіне енген қосымша белгі тек осы бап немесе осы бөлім үшін ғана міндетті белгі болып табылады. Себебі, жасалған қылмыста арнайы уақыт, орын, т.б. қосымша белгілер болмаса, онда негізі құраммен немесе басқа баппен бағалануға жатады.

Объективтік жақтың белгілерін дұрыс анықтау көптеген себептермен маңызды. Себебі, ол көпшілік жағдайда қылмыстың өзге құрам элементтерінің белгілерін, яғни қылмыс объектісін, оның субъектісін дұрыс көрсетуге жағдай жасайды. Өйткені кейбір қылмысты іс-әрекеттер тек белгілі-бір тәсілдермен немесе арнайы субъектілер арқылы ғана жасалады. Сонымен қатар жасалған қауіпті іс-әрекеттің сипаты арқылы кінә нысанын да анықтауға болады. Көпшілік қылмыстарға кінәнің нақты бір түрі ғана тән болып келеді, сондықтан қылмысты іс-әрекеттің сипатына және бағытына қарай отырып, қылмыстық құрамның өзге элементтері де анықталады.

Практика жұмысында қылмыстық іс қозғаудың алғы шарты, нақты қылмыстың жасалғанын білдіретін қауіпті іс-әрекеттің орындалуы немесе зардаптың орын алу фактісі болып табылады. Мұндай негіздерге байланысты тергеуші түпкілікті квалификация жасамағанның өзінде қылмыстың белгілі бір тобы туралы болжам жасай алады. Мысалы, бөтеннің мүлкінің өртену уақиғасының орын алуына сүйеніп, меншікке зиян келтіре алатын қылмыстардың түрлерін ескереді. Бұлардың қатарына бөтеннің мүлкін, қасақана жою немесе бүлдіру, абайсыздықта бөтен мүлкіні жою немесе бүлдіру, бандитизм, қорқытып алушылық қылмыстары жатады. Мұндай жағдайда объективтік жақтың белгілерін, оның ішінде жасалған іс-әрекеттің түрін анықтай отырып, нақты қылмыстың түрін көрсетуге болады. Өйткені, кейбір қылмысты іс-әрекеттердің түрі, оның мағынасы кінә нысанын да анықтап бере алады. Мысалы, адамның денсаулығы мен өміріне зардаптарды қарастыратын қылмыстарда

кінәлінің басқа адам денесіне атылатын немесе суық қаруды кезенуі немесе пайдалануы абайсыздықта жасалатын осындай қылмыстардың мүмкіндігін шектейді.

Объективтік жақ белгілерін дұрыс анықтаудың келесі маңыздылығы, ол ұқсас деп бағаланатын құрамдардың арасындағы айырмашылықты тауып, жасалған қылмысты дұрыс, квалификациялау болып табылады. Қылмыстың объективтік жағының белгілері бір неше құрамдарда бірдей немесе ұқсас болғанда, олардың объектісі бірдей болып анықталатынын көрсетеді. Мысалы, тікелей адам өміріне қарсы бағытталған іс-әрекеттердің объектісі адам өмірі болып табылады. Бұл көпшілік жағдайда осылай. Бірақ зардаптың бірдей немесе жасалған әрекеттердің бір текті болуы барлық кезде қылмыс объектісін бірдей көрсете бермейтіндігі өткен тарауда келтірілді. Мысалы, қорлау (130 бап) және сотты құрметтемеу (342 бап), сондай-ақ, әскери қызметшіге тіл тигізу (371-бап), қылмыстарында орындалатын әрекет, туындайтын зардап түрі бірдей болғанмен, әрекеттің бағыты, жасалу орны қылмыс объектісінің түрін өзгерте алады. Сондықтан, практикада мұндай уақиғалар орын алғанда қылмыстың түрін дұрыс анықтау үшін, біріншіден, қылмыстық кодексте қарастырылған қылмыстар немесе ұқсас қылмыстар туралы сауатты болу керек, екіншіден, мұндай сауаттылық, яғни қылмыстық кодекстің баптары туралы толық хабардарлық болмағанда жасалған іс-әрекеттің бағытына, орнына көңіл аудару керек.

Қылмыстың объективтік жағының белгілерін дұрыс анықтау – ол құрамның бұл элементіне жататын белгілердің өзара тығыз байланыстылығын түсінуді қажет етеді. Қоғамға қауіпті іс-әрекеттер мағынасы бойынша нақты зардаптар тудыратын және нақты зардапты тудырмай-ақ қылмысты деп бағаланатын түрде болады. Соған сәйкес қауіпті әрекет немесе әрекетсіздіктен елеулі зардаптың арасындағы байланыстың себепті болуы ескерілуі керек. Қылмыстық құқықтық ереже бойынша қауіпті әрекет жасалғанмен және зардап туындағанмен, ол зардаппен байланыс тікелей болмаса, онда өзге әрекеттер қылмысты деп бағаланады немесе қылмыстың объективтік жағы жоқ деп танылуы да мүмкін. Сондай-ақ объективтік жақтың қосымша белгілері де міндетті белгілермен байланысты болуы керек, яғни белгі бір орында, жағдайда, уақытта немесе құралмен заңмен қорғалатын мүдделерге нұқсан келуі. Ол кінәлінің жасаған қауіпті әрекетінің түріне сәйкес келуі немесе онымен үндесуі керек.

Заң шығарушылық қызметінде әр қылмыстың өзге қылмыстардан айырмашылығы негізінен, объективтік жақ белгілеріне қарай берілетіндігі ескеріле отырып, баптың диспозициясында осы қылмыстың барынша елеулі белгілері қамтылады, оның басты себебі, сот, тергеу қызметкерлері қылмысты іс-әрекеттердің түрін өз бетінше анықтау бағытын жүргізуіне шектеу қою болып табылады. Заң мұндай шектеуді іске асыру бағытында кейбір баптарда қажеттілігіне қарай қылмыстың объективтік жағының белгілерін, нақтырақ айтқанда, осы қылмысты құрайтын әрекеттердің нысандарын толық келтіреді. Бұл тұжырым В.А.Сергиевскийдің «Қылмыстық заңда қылмыстың құрамның белгілерін құқықтық-техникалық бейнелеу-қылмысты іс-әрекеттерді квалификациялауда елеулі маңызға ие. Егер баптың диспозицияларында субъектінің әрекеттерінің түрлері аталса, басқаша айтқанда әрекеттердің тізімі берілсе, онда соттың кеңейтілген талқылау жасауға, бұл тізімді өз көзқарасы бойынша көбейтуге құқығы жоқ»,¹ деген ұстанымымен сәйкес келеді. Әйтсе де, заң шығарушы қылмыстың объективтік жағын білдіретін белгілерді барлық кезде тізбектеп көрсете бермей, ол қылмыстың басты белгісін жалпы атаумен ғана беруі де мүмкін. Мұндай баптардағы жалпы атаумен берілген белгі әртүрлі нысандарда анықталады. Және ондай әрекеттің жекелеген нысандары түсіндіру кезінде ашылады. Мысалы, Қ.К. 308 бабындағы қызметтік өкілеттікті асыра пайлану қылмысының объективтік жағын сипаттайтын әрекет, «өкілеттік шегінен көрінеу асып кету» болып табылады. Бірақ бұл баптың диспозициясы көрінеу асып кетудің жекелеген нысандарын ашып көрсетпейді. Ол нысандар осы әрекеттің мазмұнын ашу кезінде анықталады.

Сонымен объективтік жақтың құрам элементтерінің ішіндегі өзіне тән ерекшеліктері ретінде мыналарды көрсетуге болады:

- Объективтік жақ қылмыс құрамының және жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілігін сыртқы белгілері арқылы сипаттайды.
- Объективтік жақ қылмыс құрамының сыртқы жағын анықтайды.
- Бұл құрам элементі де өзге құрам элементтеріндей қылмыстық құрамды аша алатындай маңызды белгілерден құралады.
- Объективтік жақтың белгілері нақты қылмыстарда ерекшеленіп, жекелеген қылмыстың түсінігін, қауіптілігін бере алатындай белгілерден құралады. Яғни, әрбір қылмыс түрінде объективтік жақ жекеше ерекшелікке ие болады.

¹ Уголовное право Республики Казахстан. Учебник (Особенная часть). Часть 1. Алматы, 1999. С. 30.

- Объективтік жақтың белгілері заңда бейнеленген нұсқада болады.
- Объективтік жақтың белгілері аяқталған қылмыстық белгілерін білдіреді және қылмыстың орындаушысының ролін бейнелейді.

Қорыта айтқанда, қылмыстың объективті жағы бойынша квалификациялау ретінде, осы құрам элементінің белгілеріне қарай ұқсас болатын және бір-бірінен ажыратылатын қылмыстық заңдағы қылмыстарды анықтау және осы бағыттағы практика қызметіне жалпы ереже ұсыну болып табылады.

§2. Қылмысты іс-әрекет және квалификациялау мәселелері

Адамның барлық қозғалысы іс-әрекет түрінде көрінеді және белгілі бір қимылдар жасау арқылы олар өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысады. Іс-әрекет ретінде әлеуметтік-құқықтық мағынада өз әрекетінің мағынасын түсінетін және қимылын басқара білетін адамдардың жүріс-тұрысын ғана ескереміз.

Мұнан бұрынғы бөлімдерде айтылғандай, адамның іс-әрекетін қоғамға тигізетін әсері, бағыты бойынша бірнеше түрлерге бөлуге болады. Әлеуметтік мағынада қоғам талабына, дамуына сай келетін пайдалы іс-әрекеттер, пайдасы да, зияны да жоқ бейтарап әрекеттер, сондай-ақ адамгершілікке жатпайтын, қоғам мүддесіне сәйкес келмейтін, зиянды немесе қауіпті әрекеттер.

Іс-әрекетті құқықтық тұрғыда қауіпті деп бағалау үшін ол іс-әрекет әлеуметтік тұрғыда қауіпті болу керек. Яғни, қоғам үшін пайдалы қатынастарға қарсы бағытталған және адамгершілікке жатпайтын, оған зиян келтіре алатын түрде бағалануы керек. Мұндай іс-әрекеттердің өзін қауіптілік дәрежесі және сипаты бойынша бірнеше дәрежелерге бөліп, оларды теріс қылық, этика мен моральға қайшы әрекеттер және қылмысты әрекеттер деп бөлуге болады.

Қылмысты іс-әрекеттер адамның қоғамға қауіпті ой-тілек, мақсатын көрсетудің ең жоғарғы дәрежесін білдіреді және мұндай іс-әрекеттердің өзін де ауырлық дәрежелері бойынша бірнеше түрлерге бөлуге болады. Қылмысты әрекеттерді ауырлығына қарай дәрежелегенде заңмен қорғауға алынған қоғамдық қатынастың құндылық деңгейі, зардаптың көлемі, сондай-ақ әрекеттің белсенділігі ескеріледі және осындай деңгейлердегі іс-әрекеттер адамның сол әрекетке деген ой қатынасымен сәйкес келгенде қылмыстық заңда жеке қылмысты әрекет реттеуде бейнелеудің бір негізі туындайды. Мұндай іс-әрекеттерді заң

да жеке қылмыс деп белгілеудің басқа негіздері, құрамның өзге элементтерінің осы әрекетке байланысты ерекше мағынаны көрсетуі болып табылады.

Қылмысты деп бағаланған іс-әрекеттерді әлеуметтік-қоғамдық даму бағытынан алғанда, ол әдетте осы қоғамдық әрекетке жатады. Өйткені, қылмысты іс-әрекеттер өмір сүріп отырған қоғамда кездесетін қатынастарға қарсы бағытталады және қылмысты ойдан туындаған әрекет сол қоғамдық деңгейде бола алады. Анығырақ айтқанда, белгілі бір қоғамда кездесетін қылмыстық әрекеттер ескі өтіп кеткен қоғамның немесе басқа қоғамдық формацияның түріне сәйкес келетін түрде болмайды. Себебі, әрбір адам өз заманының адамы болып табылады және қылмыскер де сол заманның, қоғамның адамы деп бағаланады.

Әлеуметтік даму мағынасынан алғанда қауіпті болсын немесе болмасын кейбір әрекеттер, болашақ қоғамда кездесе алатын түрде болуы мүмкін. Мұның себептері кейбір адамдардың озық ойшылдығы техникалық жетістіктер т.б. байланысты болуы мүмкін. Қауіпті әрекеттер де кейде заңда бейнеленген түрде емес, жаңа бір түрлерде кездесіп, ол заңмен қорғалатын мүддеге нақты қауіп тудыруы мүмкін. Мысалы, жаңадан нарықтық қатынас орнай бастаған елде заң шығарушы білмеген, практикада бұрын кездеспеген қаржы махинациялары немесе банктік алаяқтық т.б. кездесе алады.

Жоғарыда қылмысты іс-әрекеттер кінәлінің қоғамға қауіпті ой-тілек, мақсатын көрсетудің ең жоғарғы дәрежесі дедік. Саналы адамдардың барлық қимылы олардың ой жұмысының шешімін білдіреді. Егер ой жұмысының шешімімен оның іске асырылуы сәйкес келмесе, онда адамның ой жұмысының шешіміне қарай отырып, квалификация жүргізіледі. Ой жұмысы қауіпті болып, бірақ сол ой жұмысынан туындаған әрекет, өзге бір себептерге байланысты адамның ойына сәйкес болмауы мүмкін немесе ой жұмысының шешімі пайдалы болып, бірақ жағдайды толық түсінбеуіне байланысты зиянды әрекет болып көрінуі мүмкін. Мұндай жағдайлардың шешімі келесі тарауда қарастырылуға жатады. Бір айта кететін жайт, ол адамның қоғамға қауіпті, зұлым ой-ниеті іс-әрекет түрінде көрініс таппаса, онда қылмыстық жауаптылық болмайды,¹ себебі, ой-ниеттің болғанын, оның шешімін көрсететін құрал, ол тиісті іс-әрекеттің жасалуы немесе кем дегенде сол қылмысты жасауға бағытталған дайындық және оқталу әрекеттерінің орын алуы болып табылады.

¹ Курс Советского уголовного право (часть Общая), т.1, изд. ЛГУ, 1968. С.319

Қылмыстық құқықта қолданылатын іс-әрекет термині қылмыстардың объективтік жағын сипаттауда екі нысанда кездеседі: әрекет және әрекетсіздік түрінде.

Қылмысты әрекет – бұл қоғамға қауіпті болуына байланысты заңмен қылмысты деп жарияланып, жасалуына тиым салған әрекеттер болып табылады.

Қылмысты әрекетсіздік - бұл кейбір кездерде адамның өз міндеттерін немесе мүмкіншілігін орындамауы қоғамға қауіпті болуына байланысты қылмыстық заң арқылы қылмысты деп бағаланып, мағынасы бойынша тиісті әрекетті орындауды талап ету болып табылады.

Әрекет – қарқындылық дәрежесі бойынша адамның белсенді қимылын білдіреді. Ал әрекетсіздік – адамда белгілі бір әрекет орындауға міндеттілігі немесе мүмкіншілігі болғандағы қимылсыздығын білдіреді.

Қылмыстық құқықта іс-әрекет термині екі мағынада қолданылады: кең және тар. Қолданыстағы қылмыстық заңда іс-әрекет кең мағынада, яғни қылмыс түрі немесе қылмыс сөзімен теңестіріліп қолданылады. Қылмыстық кодекстен әрекетті қылмыс мағынасында 3,4,5,10,11 баптардан кездестіруге болады. Ал қылмыстық құқықтық әдебиеттерде іс-әрекет кең мағынада да, тар мағынада да қолданылады, яғни қылмыс ретінде және жекелеген қылмыстардың объективтік жағын сипаттайтын белгілер ретінде де қолдану кездеседі. Іс-әрекет термині тар мағынада нақты қылмыстың объективтік жағының белгісі ретінде қолданылады.¹

Қылмысты деп жариялануға жататын іс-әрекеттердің бірнеше ерекшеліктерін байқауға болады және бұл ерекшеліктер қылмысты деп тану үшін іс-әрекеттің сипатына қойылатын талаптарды да білдіреді.

Біріншіден, қылмысты іс-әрекет деп тану үшін олар қоғамға қауіпті болуы керек. Іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігінің ең басты көрінісі, оның адамгершілікке жатпайтындығымен, қоғамдық қатынастарды бұза алатындығымен, көбінесе елеулі зиян келтіретіндігімен анықталмайды. Әкімшілік тәртіпте қаралатын теріс қылықтарға да осындай көріністер немесе бағалаулар тән болып келеді. Қылмысты іс-әрекеттердің қоғамға қауіптілігі, ол егер осы іс-әрекет қылмыс деп жарияланып, оған тиым салынбаса, онда қоғамдық мүдденің осы саласын ғана емес, өзге де онымен байланысты салаларын жоққа шығаратындығымен немесе қоғамды күйрете алатындығымен анықталады. Яғни, заң шығарушы белгілі бір әрекеттерді қылмыс деп бағалағанда қоғамдық мүддені сақтау үшін мүжбүрлі түрде қылмысты деп белгілейді.

¹ Гаухман Л.Д. Аталған еңбекте. 91 бетте

Мұндай мәжбүрлік материалдық ғана емес, формальдық құрамдарға да жататын қылмысты іс-әрекеттерге қатысты болып табылады. Ал материалдық құрамдарда іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі нақты зардаптардың болуымен анық көрінеді. Өйткені, зардап туындаған қоғамдық қатынас қоғамның құндылықтарын құрайтын элементтер ретінде бағаланады.

Іс-әрекет қоғамға қауіпті болғанда оған құқыққа қайшы деп заң жүзінде тиым салуға болады. Демек, іс-әрекет құқыққа қайшы деп танылуы үшін алдымен қоғамға қауіпті сипатта және дәрежеде болуы керек. Сондай-ақ, қылмыстық іс-әрекеттердің де құқыққа қайшылығы осындай түрде негізделеді. Сондықтан, Л.Д.Гаухманның қылмысты іс-әрекеттердің құқыққа қайшылығын оның қоғамға қауіптілігінен бұрын қарастыруымен келісуге болмайды.¹

Екіншіден, қылмысты құқыққа қайшы деп бағаланған іс-әрекеттер құрайды. Іс-әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығының көрінісі, ол сол әрекеттің немесе әрекетсіздіктің қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің белгілі бір бабында көрсетілуі болып табылады. Қылмыстық заңда көрсетілмеген іс-әрекеттер қылмысты немесе құқыққа қайшы деп бағынбайды. Іс-әрекеттің құқыққа қайшылығын қылмыстық заңның Ерекше бөлімінің баптарында бейнелеудің тәсілдері әртүрлі. Құқыққа қайшы деп танылған іс-әрекеттің түрлері бап диспозициясының бөлімдерінде толық (яғни, осы қылмысты білдіретін балама әрекеттер немесе әрекетсіздіктер тізілуі немесе жиынтығы аяқталған бір қылмысты білдіретін бірнеше әрекеттер келтіріледі), осы заңның өзге баптарына немесе бөлімдеріне сілтемелі түрде, немесе белгілі бір қоғамдық өмірдің, өндірістің саласында кездесетін іс-әрекеттердің түрін анықтауды басқа заңдарға меңзей отырып беруі мүмкін. Сонымен қатар, құқыққа қайшы деп танылған іс-әрекеттердің түсінігі, баптың диспозицияларында толық ашылмай берілуі де мүмкін. Мұндай іс-әрекеттердің түсінігін оның белгілерін ашу, ғылыми және сот талқылауы арқылы немесе заңды қабылдаған органға сүйене отырып жүргізіледі. Мысалы, 1999 жылғы 30 сәуірдегі «заңдарды жетілдіру мақсатында» қабылданған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулысында ҚК 259 бабы бойынша квалификациялануға жататын «есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату» әрекеттеріндегі заңсыз айналым-

¹ Гаухман Л.Д. Аталған еңбекте. С.92-93.

ды білдіретін әртүрлі тәсілдерді ажыратудың қиындықтар тудыратынын және бұл мәселені шешудің маңызды болып саналатынын, өйткені кейбір заңсыз айналым түрлері әкімшілік жауаптылыққа соқтырса, ал басқа заңсыз айналымдар, қылмыстық жауаптылыққа әкелетінін келтіріп, бұл мәселені шешуде шатасу болмас үшін «заңсыз айналым» ұғымын «кез-келген заңсыз айналым» сөзімен ауыстыруды ұсынады.¹

Қылмысты іс-әрекеттердің қоғамға қауіптілігі және құқыққа қайшылығы қылмыстың жалпы белгілері ретінде аталады. Бұлар қылмысты іс-әрекеттердің қауіптілігін негіздейтін белгілер болып табылады. **Қылмысты іс-әрекеттер саналы және ерікті түрді орындалуы керек.**

Іс-әрекеттің саналы түрде орындалуы, кінәлінің физиологиялық және психологиялық дұрыс жағдайда орындауын білдіреді. Басқаша айтқанда, психофизиологиялық қабілеттілік-бұл адамның өз іс-әрекеттеріне бақылау жасау және жетекшілік ете білу мүмкіндігінің болуын көрсетеді. Адамның ұйықтап жатып немесе рефлекс жағдайында қауіпті әрекеттер жасауы қылмысты болып саналмайды. Алькоголдік ішімдіктің немесе есірткі заттарды қабылдау нәтижесінде заңда қылмысты деп танылған іс-әрекеттерді жасауы жауаптылықты жоймайды. Қылмыстық кодекстің 18 бабында мас күйінде қылмыс жасағандық үшін жауаптылықтан босатылмайтыны айтылған.

Іс-әрекет қылмысты деп танылуы үшін ол ерікті түрде орындалған болуы керек. Құрам элементінің субъективтік жағында айтылатын кінә нысандарының еріктілік моментімен салыстырғанда, бұл жағдайда қауіпті іс-әрекетті жасау немесе жасамау туралы шешім адамда болмайды. Яғни, қоғамға қауіпті, заң жүзінде қылмысты деп танылған іс-әрекетті өз еркінен тыс, өзге күштердің әсерінен еріксіз жасаған адамның жеке басында қоғамға қауіпті ой-ниет, қасақаналық болмайды. Адамды өз еркінен тыс қауіпті әрекеттер жасауға мәжбүрлейтін күштер табиғи зіл-зала, жануарлардың қимылдары, сондай-ақ өзге адам бола алады. Қылмыстық кодекстің 36 бабында күштеп немесе психикалық мәжбүрлеуді «егер күштеп мәжбүрлеудің салдарынан адам өзінің іс-әрекетіне ие бола алмаса, күштеп мәжбүрлеудің нәтижесінде осы кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қылмыс болып табылмайды» делінген. Мұндай жағдайлар басшы адамның міндетті бұйрық немесе өкім беру кездерінде бағынышты адамда да орын ала алады.

¹Сборник Постановлений Верховного Суда Р.К. (1961-2003). С.201.

Қылмыстың объективтік жағының белгісі ретінде қылмысты сипаттауда іс-әрекет, көлемі және басталу мен аяқталу кездеріне қарай жай, құрамдас, жалғаспалы және созылмалы деп бөлінеді.

Жай- бұл қылмыстың объективтік жағы бір әрекеттен ғана немесе мағынасы, қауіптілігі бірдей балама түрдегі бірнеше әрекеттерден тұратын қылмыстар болып табылады. Мысалы, объективтік жағы бір әрекетпен ғана сипатталатын қылмыстарға кісі өлтіру, ұрлық қылмыстары, ал бірін-бірі алмастыратын балама әрекеттерге алаяқтық, әйел зорлау, заңсыз кәсіпкерлік т.б. жатады. Мұндай қылмыстарда егер жасалған іс-әрекетте басқа қылмыстың белгілері немесе өзге зардаптар болмаса, онда осы іс-әрекеттерді объективтік жақ белгісі ретінде қарастыратын қылмыс түрімен квалификация жүргізледі.

Құрамдас қылмыстар – бұл объективтік жақ белгілері екі немесе одан көп қылмыстардың белгілерінен құралатын қылмыстар болып табылады. Мұндай қылмыстарда әдетте екі немесе одан да көп объектілер, өзге қылмыстың негізгі белгісін қарсы бағытталған әрекеттер, сондай-ақ кінәнің екі нысаны кездеседі. Тонау, қарақшылық, қорқытып алушылық құрамдас қылмыстарға жатады. Себебі, бұл қылмыстардың объектілері қосымша немесе бламалы болып келеді, сондай-ақ объективтік жақтарында басқа қылмыстың белгілері мысалы, 112 баптағы қорқыту қылмысының белгісі кездеседі. Қылмыстық заңда жеке қылмысты білдіретін әрекеттер құрамдас қылмыстың бір бөлігі ретінде орын алғандығы үшін, қосымша квалификация жүргізілмейді. Мысалы, қарақшылық қылмыстың бір белгісі бөтеннің меншігін иелену мақсатында адамның өмірі мен денсаулығына қатысты қорқыту әрекеттерін жасау болып табылады. Демек, қарақшылық қылмысының бір белгісін қорқыту қылмысы құрайтындықтан 112 баппен қосып квалификацияланбайды.

Жалғаспалы қылмыстар – бұл бір қылмыстық мақсатқа жету үшін кінәлінің бір тектес әрекеттерінен құралатын және жиынтығында бір қылмыс ретінде бағаланатын әрекеттер болып табылады. Жалғаспалы қылмыстарда бастапқы кезеңде жасалған әрекеттерді бөліп алғанда қоғамда қауіптілігі елеусіз болып көрініп және елеусіз зардаптар ретінде бағаланып аяқталған қылмысты білдірмейді. Сондықтан іс-әрекетте қылмыстық мақсат болғанда және ол мақсатқа жету үшін жасалуға тиісті бірнеше ұсақ әрекеттер аяғына дейін жеткізілмегенде қылмысқа оқталу орын алады.

Объективтік жақ белгісі жалғаспалы әрекеттерден тұратын қылмыстардың заңда өмір сүру себебі, ол кейбір қылмыстардың жасалу ерекшелігіне немесе кінәлінің қылмыстық ниетін іске асыру үшін таңдаған тәсіліне байланысты болып табылады. Жалғаспалы қылмыстардың мысалы ретінде азаптау қылмысындағы үнемі ұрып-соғу (107 бап), кәметке толмағандарды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту қылмысындағы есірткі немесе спирттік ішімдіктерді үнемі тұтынуға тарту (132 бап), 223 бапта қарастырылған тұтынушыларды алдау, т.б. атауға болады. Жалғаспалы әрекеттер баптың үнемі диспозициясында келтірілмеуі де мүмкін. Мысалы, ұрлық әрекеті де жалғаспалы болуы мүмкін. Жалғаспалы қылмысты әрекеттер бағаланушы ұғымдарға жатады, себебі, қылмыстық заңның баптарында жалғаспалы әрекеттерді келтіргенмен, қандай кезде аяқталғанын көбінесе анықтап көрсетпейді. Ал қылмыскердің бір қылмысты құрайтын жалғаспалы әрекеттер түріндегі мақсаты анық емес, кейде әртүрлі дәрежеде болуы мүмкін. Мысалы, кінәлі ірі мөлшерде пайда табу мақсатында бір тектес әрекеттерді қайталаса, онда жалғаспалы іс-әрекеттер ірі мөлшердегі зиян келтіруді қарастыратын баптың бөлімімен бағалануы керек. Егер кінәліде ірі мөлшерде пайда табу мақсаты болып, бірақ ол үшін жасалған ұсақ бір тектес әрекеттер оның еркінен тыс жағдайларға байланысты аяғына дейін жеткізілмесе, онда ірі мөлшерде зиян келтіруге бағытталған қылмыс деп квалификациялануы керек. Мысалы, ұсақ ұрлықты білдіретін әрекеттерді ірі мөлшерде пайда табу үшін қайталау аяғына дейін жеткізілмесе, онда 175 бап 3 бөлімі «б» пункті + 24 бап 3 бөлімі.

Жалғаспалы әрекеттер бірнеше рет қайталанылған қылмыстармен ұқсас, бірақ квалификация жүргізу тәртібі бөлек болып табылады.

Бұл мәселе туралы 2003 жылғы 11 шілдедегі «Талан-тараж туралы істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 12 пункті анық, әрі дұрыс жетекші түсінік береді. Онда «Жалғаспалы әрекеттерді бірнеше рет қайталанған қылмыстардан ажыратуда шешуші мағынаға кінәлінің қасақаналығының бағыты ие болады. Жалғаспалы түрдегі талан-тараж әрекеттерінде бөтен мүлікті меншік иесінен бірнеше рет алу арқылы жиынтығында бір қылмысты құрайтын мүлікті иеленуге бағытталған бір қасақаналық іске асырылады.

Жалғаспалы қылмыстан айырмашылығы – бірнеше рет қайталанған қылмыста бөтеннің меншігіне бірнеше талан-тараж әрекеттерін жасауға

бір қасақаналық болмайды. Мұнда кінәлі адаммен бір емес бірнеше қылмыс жасалады, ол бөтеннің меншігін алу бағытындағы жекелеген қасақаналықтарды іске асырады».¹

Квалификациялау тәртібі бойынша жалғаспалы әрекеттер бір қылмыс деп бағаланып, баптың негізгі бөлімімен, ал ірі мөлшерде зиян келтіруді көздегенде ауырлататын бөліммен бағаланады. Ал бірнеше рет қайталанған қылмыста, әрбір әрекет аяқталған қылмысты білдіреді. Мысалы, кінәлі үш рет ұрлық жасап, олардың ешқайсысы үшін жауаптылық өтемесе, онда 175 баптың екінші бөлімінің «б» пунктімен квалификациялануы керек.

Созылмалы қылмыстарда іс-әрекеттің қылмыстылығы уақытына қарай көрінеді, яғни кінәлі қылмысты деп бағаланатын іс-әрекетті жасағаннан кейінгі уақыттарда міндетін орындамаса немесе заңсыз деп танылған әрекетті тимаса, онда іс-әрекет жасалғаннан кейінгі барлық уақыттар қылмысты деп бағаланады. Созылмалы қылмыстардың мысалы ретінде Қ.К. 140 бабындағы еңбекке жарамсыз зайыбын (жұбайын) асыраудан әдейі жалтару, 373 баптағы қашқындық, 372 баптағы бөлімді немесе қызмет орнын тастап кету, 221,222 баптардағы салық төлеуден жалтару, 251 баптағы суық қаруды алып жүру қылмыстарын келтіруге болады.

Созылмалы қылмыстар бір қылмыс ретінде бағаланады және оның жалғаспалы қылмыстардан айырмашылығы жасалған қылмысты әрекеттердің санында болып табылады.

Жалғаспалы қылмыстарда бір қылмыс түріне жататын бірнеше ұсақ әрекеттер жасалса, ал созылмалы қылмыстарда бір іс-әрекет жасалады және осы іс-әрекетке заң тарапынан талап қойылып, ол талаптар орындалмағанда немесе кінәлі міндеттілігін орындаудан жалтарғанда созылмалы қылмысты әрекетті білдіреді.

Созылмалы қылмыстарға заңда қылмыстың аяқталуын білдіретін уақыт мөлшері көрсетілуі де, көрсетілмеуі де мүмкін. Әдетте созылмалы әрекеттерде қылмыстың аяқталу уақыты көрсетілмей, іс-әрекет жасалғаннан кейінгі барлық уақыттар қылмысты деп есептеледі. Мысалы, суық қаруды, атылатын қаруды алып жүру, сақтау, т.б. Ал кейбір созылмалы әрекеттерде, мысалы, 140 баптағы 3 айдан астам уақыт міндетін орындамау, 372 баптағы 2 күннен астам әскери бөлімді немесе қызмет орнын тастап кету қылмыстың аяқталу уақытын білдіреді.

¹ Сборн. постн. Верховн. Суда РК. (1961-2003гг.). С. 422-423.

Қылмыстық заңда объективтік жағының белгілері, оның ішінде іс-әрекеттің түрі бойынша бірін-бірі қайталайтын қылмыстар кездеседі. Көбінесе мұндай ұқсас қылмыстар әр тарауларда қарастырылған қылмыстардың ішінен кездеседі. Мысалы, 187 баптағы бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру және 388 баптағы әскери мүлікті құрту немесе бүлдіру, сондай-ақ 175, 178 баптардағы ұрлық немесе тонау және 385 баптағы тонаушылық қылмыстары. Заңда қылмысты сипаттайтын іс-әрекет түрлері бірнеше баптарда бірдей түрде келтірілгенде, олар объективтік жағының белгілері бойынша квалификацияланбайды, яғни мұндай қылмыстардың өзара айырмашылықтары өзге құрам элементтерінде болып табылады. Әртүрлі тараулардағы объективтік жағы бірдей сипатталатын қылмыстарды квалификациялау кезінде қиындық тудыратын жағдай, ол қылмыс объектісінің қайталануында. Мұндай кезде қылмысты заң жүзінде дұрыс белгілеу үшін, әр тараудағы баптарда іс-әрекет түрі бойынша бірін-бірі қайталайтын қылмыстарды білу керек немесе мұндай сауаттылық болмағанда жасалған іс-әрекеттің қандай объектіге бағытталғанына назар аударатырып, қылмыстың түрін анықтауға болады. Егер іс-әрекеттің бағыты немесе кінәлінің қылмысты ниетінің, қасақаналығының бағыты бойынша ондай объектіге қарсы бағытталған қылмыс түрі заңда болмаса, онда іс-әрекетті жалпы норма бойынша квалификациялау керек.

Объективтік жағының белгілері, оның ішінде бірін-бірі қайталайтын іс-әрекет түрлері бір тараудың ішінде қарастырылатын қылмыстарда да кездесе алады. Мысалы, қасақана кісі өлтіру, ашу шегінен, қажетті қорғау шегінен, қылмыскерді ұстау шегінен асып кісі өлтіру қылмыстарында әрекет түрі бойынша ешқандай айырмашылық болмайды. Мұндай қылмыстар қылмыс жасау уақыты мен жағдайына қарай ажыратылады және олардың объектісіне және жасалған әрекет түріне қарап ажыратып, квалификация жүргізілмейді. Себебі, бір тараудағы әрекет түрі бойынша бірдей анықталатын қылмыстар бір топтың объектіге қарсы бағытталған қылмыстарды білдіреді.

Қылмыстарды объективтік жағы бойынша квалификациялау ретінде өзге құрам элементтері бойынша бірдей сипатталатын, айырмашылығы тек объективтік жағының белгілері арқылы анықталатын қылмыстарды түсінуіміз керек. Себебі жасалған қылмысқа дәл келетін бапты іздеу кезінде бірнеше қылмыстың өзге құрам элементтері дәл келгенде, олардың объективтік жақ белгілері бойынша, яғни іс-әрекеттің, зардаптың түрі бойынша ажыратылатынын

ескеріп, осы құрам элементінің белгілеріне байланысты квалификация жүргізіледі. Мұндай жағдайда іс-әрекетке дәл құқықтық баға беру аса қиындық тудыра бермейді, өйткені, қылмыстың объектісі, субъективтік жағы белгілері және субъектісі бірдей анықталғанымен, олардың объективтік жағындағы айырмашылығы бірден көрінеді. Мұндай жағдайда іс-әрекеттің түрі өзге құрам элементтері бірдей анықталатын қылмыс түріндегі объективтік жақтың белгісімен мүлдем ұқсаспай, айырмашылығы анық байқалады. Мысалы, ұрлық, тонау қылмыстарының айырмашылығы тек әрекеттің түрінде ғана болып табылады. Меншікке қарсы ашық түрде жасалған кез-келген әрекетті жасырын түрде жасалатын ұрлық қылмысымен шатастырып квалификациялау мүмкін емес тәрізді. Сондай-ақ тонау мен қарақшылық қылмыстарының да өзге құрам элементтері бірдей шамада сипатталғанымен, олардың объективтік жағын сипаттайтын белгілердің түрі бір бірімен ұқсас болмауына байланысты олардың айырмашылықтары анық байқалады.

§ 3. Қылмысты зардаптың түрі және көлемі бойынша квалификациялау

Қылмыстың объективтік жағының келесі міндетті белгісінің бірі, елеулі зардаптың туындауы болып табылады. Елеулі зардап материалдық құрамға жататын барлық қылмыстардың және формальдық құрамдарға жататын қылмыстардың ішінен моральдық зардаптар қарастырылған қылмыстардың аяқталу моменті үшін міндетті белгі ретінде бағаланады. Қылмыстық құқық теориясында зардапсыз қылмыс болмайды деген түсінік те кездеседі. Қазақстандық ғалымдардың ішінен В.А.-Сергиевский «Шындығында қылмыстық-құқықтық шектеу қойылған барлық қылмыстар құқықтық тәртіпке әтүрлі деңгейде ұйымдасқан-құқықтық зардап (организационно-правовой ущерб) келтіреді және құқықтық мемлекеттің бірқалыпты қызметтендіру жүйесін тежейді»,¹ - деп сөзінің дәлелі ретінде 1990 жылы 2 сәуірде қабылданған «қызмет өкілеттігін немесе қызмет бабын теріс пайдалану, өкілеттігі шегінен шығу және лауазымды адамдардың салақтығы жөніндегі істері бойынша сот практикасы туралы» КСРО Жоғарғы Соты Пленумының қаулысынан «елеулі зардап лауазымды адамдар қылмыстарының қажетті белгісі ретінде материалдық зардаптарды келтіру түрінде ғана емес,

¹ Уголовное право Республики Казахстан. Учебник. Особ. часть, часть 1, Алматы 1999. 33 стр

сонымен бірге азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзу, үкіметтің, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың беделіне нұқсан келтіру түрінде де көріне алады» деген түсіндірмені келтіреді.

Егер қылмыстық заңдағы материалдық құрамдағы қылмыстардың аяқталу кезеңі нақты, материалдық зардаптардың келуімен анықталатынын және кейбір қылмыстар бойынша баптың диспозициясында «қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеліп соғатын» деп кездесетін (Мысалы, 307, 308, 309, 314, 315, 316 және т.б. баптарда) бағалана отырып анықталатын зияндарды, сонымен қатар кез-келген қылмысты іс-әрекет жасалғанда заңмен қорғалатын объектілер бұзылып, оның бұзылғандығы сол объектілерге келген зиянмен анықталатындығын ескерсек, онда қылмыс зардапсыз болмайтын сияқты. Бұл мәселе туралы қылмыстық құқық теориясында екі түрлі бағыттағы көзқарастар кездеседі.

Бірінші көзқарас бойынша салдарсыз қылмыс болмайды десе,¹ ал екінші көзқарас бойынша барлық қылмыстарға зардап тән белгі емес, зардаптың туындауы ол тек материалдық құрамдардың ерекшелігін көрсететін белгі деп бағаланады.²

Бірінші көзқарасты ұсынушылар қылмысты іс-әрекеттер арқылы заңмен қорғалатын қоғамдық қатынасқа зардап келеді деп түсінеді.

Бұл екі бағыттың бір-бірінен негізгі айырмашылығы, ол қылмыстық зардап мәселесіне кең және нақты түрде қарауда болып отыр. Кең түрде, яғни әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан алғанда кез-келген қылмысты әрекет әлеуметтік тұрғыдан қауіптілік тудырып, оның нәтижесі әлеуметтік қауіпті салдар түрінде көрінеді. Екінші бағыттағы көзқарас қылмыстық құқықтың өз зерттеу объектілерін нақты анықтауынан шығады. Яғни нақты көрініс берген зардаптарды ескеріп, олардың түрлерін, көлемін анықтауды ұсынады. Қолданыстағы қылмыстық құқықтық ережеге осы екінші көзқарас, яғни зардап немесе салдар тек материалдық сипатта ғана көрінеді деген бағалау сәйкес келеді. Бұл бағалаудың артықшылығы, ол біріншіден, қылмыстық құқықта жиі қолданылатын жалпыдан жекеге өту тәсіліне және қылмыстарды бір-бірінен нақты

¹ Михлин А.С. Последствия преступления. –М.: юрид. лит. 1969. С.16. Мальцев В.В. Проблема уголовно-правовой оценки общественно-опасных последствий. –Саратов: изд. Саратов. ун-та, 1989. С.27.

² Уголовное право. Общая часть. Учебник. /Под ред Л.Д. Гаухмана, Л.М. Коллочкина. – М.: Московский ин-т МВД России, 1997. С.158.

ажырату белгілерін заңда келтіре отырып, квалификацияны оңтайлы ұсыну тәртібіне сәйкес келеді. Қылмыстық салдарды анықтау туралы бұл бағытты сондықтан қылмыстық-құқықтық салдар немесе зардап деп атауға болады.

Қылмыстың салдарларын сипатына қарай **материалдық және материалдық емес** деп екіге бөлуге болады.

Материалдық салдарлар заңмен қорғалатын объектілеудің бұзылғанын анық көрсете алады және іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігін дәлелдеудің негізгі амалы ретінде бағаланады.

Материалдық салдарлар немесе зардаптар түріне қарай мүліктік және жеке адамға қатысты сипаттағы (физиологиялық зардаптар) деп екіге бөлінеді. **Мүліктің сипаттағы зардаптар** ретінде мемлекеттік немесе қоғамдық ұйымдардың, сондай-ақ жеке азаматтардың меншігіне қарсы жасалған қылмыстарда және экономикалық, экологиялық, көлік, т.б. бағыттарда жасалған қылмыстардағы меншікке келген зардаптар алынады. Бұйымдардың құны ақша курсымен анықталатындығына байланысты мүліктік зардаптардың мөлшерін дәл белгілеуге болады.

Мүліктік зардаптар мөлшеріне байланысты ұсақ, елеулі, ірі және аса ірі деп бөлінеді. Келтірілген шығынды қылмыстық зардап ретінде бағалау үшін ол елеулі мөлшердегі зардап болуы керек. Ал ұсақ мөлшердегі зардаптар кінәлінің іс-әрекеті осындай мөлшердегі шығын келтіруге бағытталғанда қылмыс емес, әкімшілік құқық бұзушылық ретінде бағаланады.

Мүліктік зардаптардың елеулілігін анықтау-квалификация жүргізу мәселесінде маңызды болып табылады. Мұндай зардаптың көлемі Қазақстан Республикасында жыл сайын арнайы белгіленіп отыратын айлық есептік көрсеткішпен анықталады. Мысалы, Маңғыстау облыстық сотының үкімімен 2002 жылдың 18 сәуірінде З. және Г. алдын ала келісіммен И.-дің мүлкін ұрлап, одан кейін қылмыстың ізін жасыру мақсатында ұрланған мүліктерді қасақана өртеп жібергендігі үшін Қ.Р. Қ.К. 187 бабының 2 бөлімі «а» пунктімен айыпты деп танылған.

Қ.Р. Жоғарғы Сотының қылмыстық істер туралы алқасы бұл істі қайта қарап, қылмыс уақиғасында елеулі зардап болмағандығы үшін істі қысқартқан. Себебі, өрт арқылы келген зардаптың көлемі 12400 теңге болған. Ал бұл қылмыс түрі бойынша міндетті белгі болып саналатын елеулі зардаптың көлемі 187 баптағы ескертпе бойынша 100 айлық көрсеткіштен кем болмауы керек. 2002 жылғы 18 сәуірдегі ақша курсы бойынша 12400 теңге 100 айлық көрсеткішке жетпеуіне байланысты елеулі

зардап жоқ деп танылып, қылмыстық іс қысқартылған.¹ Мүліктік зардаптың көлемі ірі немесе аса ірі мөлшерде болуы қылмысты квалификациялауға әсер ете алады, соған сәйкес жауаптылық көлемі де тиісті деңгейде белгіленеді. Зардап көлемі баптың немесе оның бөлімдерінің дипозициясында көрсетілгенде ғана квалификацияға әсер етеді. Мысалы, 175 баптың 1 бөлімімен тек елеулі зардап келтірген ұрлық әрекеттері бағаланса, ал осы баптың үшінші бөлімінің «б» пункті бойынша тек ірі мөлшерде зиян келтірген ұрлық қылмыстары квалификацияланады.

Материалдық зардаптың келесі түрі адамның жеке өз басына келген зардаптар болып табылады және бұл зардаптың түрлеріне адамның өміріне, денсаулығына келген зияндар жатады.

Адамның өміріне келген зардапқа өлшем қойылмайды, себебі адамның өмірі дәрежелуге немесе ақша соммасымен бағалауға келмейді. **Ал денсаулыққа зардап келтіру ретінде бөтен адамның анатомиялық тұтастығына немесе оның дене мүшелерінің дұрыс жұмыс істеуіне қарсы бағытталған құқыққа қайшы іс-әрекеттер алынады.** Денсаулыққа келген зардаптарды қылмыстық заң ауыр, орташа және жеңіл дәрежелі деп үш түрге бөледі. Бұл зардап түрлерінің түсінігі Қ.К. 103, 104, 105 баптарында берілген және денсаулыққа қарсы бағытталған қылмыстарды осы баптардың бірі бойынша квалификациялау үшін, кінәлінің қасақаналығының бағыты ескеріледі. Яғни, ауыр дәрежелі денсаулыққа зардап келтіруді тілеген болса, онда осы зардапты қарастыратын 103 баппен бағалау жүргізіледі.

Бұл жерде қасақаналықтың тікелей және жанама түрлері бойынша квалификация жүргізудің ерекшелігіне тоқтала кеткен дұрыс. Мәселе адамның денсаулығына кінәліде тікелей қасақаналық болмаса, яғни зардап түрінің келуін тілемесе, онда әрекет нақты келген зардап түрі бойынша квалификацияланатындығында болып отыр. Қылмыскер нақты бір зардап көлемінің туындауын тілемей, қандай зардап келуі мүмкін екендігіне есеп жасамай ұра берсе, онда мұндай анықталмаған қасақаналықта кінәлінің ойы белгісіз болады және оны практика жұмысында да дәл анықтау мүмкін емес, сондықтан осы тәріздес жағдайларда нақты денсаулыққа келген зардап түрі бойынша квалификация жүргізіледі. Әдетте, адамның өміріне, денсаулығына зардаптарды келтіру туралы қылмыстарды тергеуде, квалификация жүргізу үшін кінәлі адамның

¹ Судебная практика по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан. 2000-2002. стр.123

жауабынан көрі, оның жәбірленушімен қылмыс жасау оқиғасына дейінгі ара қатынасы, қандай затпен, қай жерінен ұрғандығы, мұндай әрекеттерді жасау кезінде әрекеттерін толық игеру мүмкіндігі т.б. объективтік жағдайлар ескеріледі және осы әрекеттердің түріне, бағытына қарай отырып, қылмыскердің кінәсі, яғни қасақаналығы немесе абайсыздығы анықталады.

Қылмыстық құқықта қылмыстың аяқталу моменті үшін материалдық зардаптардың туындауы белгіленген құрамдар материалдық құрамдарға жатқызылады және олардың мәнісі мүліктік немесе физиологиялық зардаптардың келуімен көрінеді.

Материалдыққа жатпайтын зардаптардың көлемі дәл анықтауға, көрсетуге келмейді. Мұндай зардаптар әлеуметтік, психикалық, саяси, идеологиялық түрлерде кездесе алады және мұндай бағыттардағы зардаптың туындағанын анықтау үшін дәл өлшем құралы болмағандықтан зиян келген объектінің түріне, келтірілген зардаптың орны өтелмейтіндігіне, жайылу деңгейіне, т.б. зиянды әсерлеріне көңіл бөлу керек.

Материалдыққа жатпайтын зардаптың бір түрі ол моральдық, яғни ар-намысқа келген зардап болып табылады. Моральдық зардап Қ.К. 129 бабындағы жала жабу және 130 бабындағы қорлау қылмыстарында қарастырылған. Моральдық зардаптарды Қылмыстық кодекстің өзге тарауларындағы қылмыстардың қосымша зардаптары немесе қосымша объектілері ретінде де кездестіруге болады. Мысалы, жыныстық қылмыстарда, 142 баптағы жеке өмірге қол сұғылмаушылықты бұзу, 142 баптағы сотты құрметтемеу, 351 баптағы көрінеу жалған сөз жеткізу, т.б. Мұндай қылмыстарда қосымша түрде ар-намысқа зардап келгендігі үшін 130 баппенен қосып, қылмыс жиынтығы бойынша квалификация жасауға болмайды, себебі моральдық зардаптар жоғарыда аталған қылмыстардың құрамымен қамтылған.

2001 жылғы 21 маусымдағы «Моральдық зардаптарды қайтару туралы заңдарды соттардың қолдану туралы» Қ.Р. Жоғарғы Сотының қаулысы «моральдық зардап ретінде құқыққа қайшы әрекеттер нәтижесінде азаматтардың адамгершілік немесе физиологиялық тұрғылардан азап шегуін немесе сол адамның жеке мүліктік емес құқықтары мен құндылықтарын азайтуды немесе айыруды түсіну керек.

Эмоциональдық-еріктілік абыржуды білдіретін адамгершілік тұрғыдан азап шегу ретінде адамның күйзелу, езгіге түсу, ұялу, ызалану, зиян сезіну, дискомфортты жағдайда сезіну жағдайларын түсіну керек.

Физиологиялық азап шегу ретінде құқыққа қайшы күш қолдану немесе денсаулығына зардап келтіру әрекеттерінің жасалуына байланысты азаматтың дене ауыртпалығын сезінуін түсіну керек» деп жекеші түсіндірме берген.

Азаматтардың ар-намысына келген зардаптардың ауырлық көлемін дәрежелейтін құрал қылмыстық құқықта жоқ. Практикада мұндай зардап адамның ар-намысына қарсы жасалған әрекеттің дәрежелігіне, түріне байланысты, көбінесе жәбірленушінің арыздануына байланысты анықталып жүр.

Материалдыққа жатпайтын зардаптардың келесі бір түрі нақты түрде көрінгенмен, дәл шамасын анықтауға келмейтін құқықтар мен заңды мүдделерге келетін зияндар болып табылады. Мұндай зияндар мемлекетке, заңды ұйымдарға, сондай-ақ жекелеген азаматтарға құқықтың бұзылуы немесе заңды мүдделерге қайшылық түрлерінде келеді. Мұндай зардаптарды міндетті белгісі ретінде қарастыратын қылмыс түрлері заңда әсіресе, коммерциялық және өзге ұйымдардың қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар таруларындағы баптардың диспозицияларында жиі кездеседі. Мысалы, 307 бап «... азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса». Мұндай зардап азаматтардың, мекемелердің немесе мемлекеттің беделіне айтарлықтай нұқсан келтіру, олардың конституциялық немесе өзге де заңдардан туындайтын құқықтарын шектеу, мекемелердің азаматтардың кәсіпкерлікпен тәуелсіз айналысу, белгілі бір қатынасқа мүдделілік байқалған жағдайда олардың заңды мүддесіне құқыққа қайшы түрде қарсы әрекеттер жасау т.б. түрлерде кездесе алады. Мұндай зардаптар қарастырылған қылмыстардың аяқталу кезеңін білу үшін азаматтардың, ұйымдардың немесе мемлекеттің мүдделері мен құқықтарына елеулі зардап келгенін анықтау керек. Бұл зардаптар материалдық сипатта болмағандықтан оларды елеулі зардап деп анықтауды практика қызметкерлері өз ой таразысы бойынша, нақты қылмыстың жағдайларына, кінәлінің жасаған іс-әрекетінің қауіптілігі деңгейін т.б. ескере отырып анықтау керек.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық зардаптарды негізгі және қосымша деп бөлу кездеседі. Негізгі зардап немесе салдар деп, қылмыс құрамының қылмыстылығын бейнелу және қыл-

мыстың аяқталу кезеңін анықтау үшін объективтік жақтың міндетті белгісінің бірі ретінде зардап түрінің келтірілуін түсінеміз. Мысалы кісі өлтіру ретінде 96 баппен қылмысты саралаудың негізі, ол зардаптың туындауы, оның ішінде адамның қайтыс болуы алынады.

Ал **қосымша зардаптардың** түрін, мағынасын анықтау жағына келгенде әдебиеттерде әр түрлі шешімдер кездеседі. Мысалы, Б.А.Куриновтың көзқарасы бойынша қосымша зардап қылмыс құрамының міндетті емес қосымша белгісі болып саналады. Олар баптың диспозициясында көрсетілген зардаптардың әртүрлі көріністерін білдіреді және іс-әрекетті квалификациялауға әсер етеді.¹

Екінші көзқарасты Н.Ф.Кузнецова келтіреді, оның айтуынша қосымша зардаптар қылмыс құрамының белгілеріне кірмейді және қылмысты квалификациялауда тікелей қолданылмайды. Бірақ кінәлі адам мұндай қосымша зардаптың туындауын көре білгенде немесе көре білуге мүмкіндігі болғанда жауаптылықты ауырлататын жағдай ретінде ескерілуі тиіс.²

Бұл мәселенің шешімі туралы үшінші көзқараста кездеседі. Л.Д.Гаухман қосымша зардаптарды қылмыстық-құқықтық нормада жеке зардап ретінде, сондай-ақ оның келуін де қамти кететін баптардағы зардаптар түрінде анықтайды. Сөйтіп, мысал ретінде Р.Ф. Қ.К. 111 бабындағы адамның денсаулығына ауыр зардап келтірудің 162 баптың 3 бөлімі «в» пунктіндегі қарақшылық қылмысын жасауда денсаулыққа ауыр зардап келудің кездесуін мысал қылып көрсетеді және қарақшылық қылмысында денсаулыққа ауыр зардап келтіру орын алғанда 111 баппен қосып сараламауды ұсынады.³

Біздің пайымдауымызша Б.А.Куринов, В.А.Сергиевский және Л.Д.Гаухман қылмыстың қосымша зардаптарының жеке түрлерін келтіріп отырған тәрізді. Негізінде қосымша зардап ретінде осы екі көзқарасты қосып, бапта көрсетілген әртүрлі көріністердегі зардаптарды және баптың өзге бөлімдерінде басқа қылмыстар үшін негізгі ретінде қолданылатын зардаптардың келтірілуін түсіну керек. Өйткені, белгілі бір қылмыс үшін негізгі түрде қолданылатын зардап басқа қылмыста оның негізгі объектісіне сәйкес келмейді, қосымша зардап қосымша объектіге мағынасы және түрі бойынша толық сәйкес келеді. Сон-

¹ Куринов Б.А. Научные основы квалификации преступлений, М., 1976, стр.103-104, В.А.Сергиевский аталған еңбекте, 34-35 бетте

² Уголовное право. Общая часть, М., 1993, 122-123 бетте.

³ Гаухман Л.Д. аталған еңбекте. 111-бетте

дай-ақ қосымша объекті қылмыстық құрам белгілерінің бірі ретінде қамтылғандықтан және қосымша зардап бапта көрсетілгендіктен қылмыс жиынтығы түрінде квалификация жасау керек емес.

Сонымен қорыта айтқанда, **қоғамға қауіпті, қылмысты салдар деп, қылмыстық заңмен қарастырылған, объектіге келген зардаптарды түсінеміз.** Қалған барлық салдарлар қылмыстық құрамның белгісі ретінде қарастырылмағандықтан қылмысты квалификациялау кезінде қолданылмайды.

§ 4. Себепті байланыс және оның қылмысты квалификациялаудағы маңызы

Қоғамдық өмірде көптеген құбылыстар бір-бірімен байланыста өмір сүреді және пайда болады. Қоғамдық құбылыстардың өзара қатыстылығының бір түрі себептілік немесе себепті байланыс болып табылады. Қоғамдық болмыстарды зерттеумен айналысатын ғылымдардың көпшілігі өздерінің зерттеу объектісіне жататын құбылыстың пайда болу себептерін немесе бір құбылыстың объективтік жағдайлары болғанда оның басқа құбылысты негізді тудыру шамасын анықтаумен, өлшеумен айналысады.

Себепті байланыстар мәселесі криминологияда (қылмыстың себептері мен жағдайларын ашу тұрғысынан), статистикада (факторлық және нәтижелік белгілердің өзара байланысын өлшеу бағытынан), әлеумет тануда, философияда, т.б. ғылымдарда зерттеледі.

Қылмыстық құқықта себептілік мәселесі қылмыстың объективтік жағын сипаттайтын бір белгі ретінде қоғамға қауіпті іс-әрекетпен елеулі зардаптың арасындағы себепті байланыс тұрғысынан зерттеледі. Қылмыстық құқық теориясында себепті байланыс мәселесі себептілік туралы философиялық ілім негізінде қарастырылады.

Себепті байланыс мәселесі туралы посткеңестік және шетелдердің ғылымдарының зерттеулерінде әртүрлі теориялар мен концепциялар келтірілген. Мұндай зерттеулердің шешімдері талданып, нәтижесінде қазіргі қылмыстық құқық доктринасында қолданылатын себепті байланыс пайдаланылуда.

Қылмыстың объективтік жағын сипаттайтын себепті байланыс ретінде, қоғамға қауіпті іс-әрекеттің жасалуына байланысты елеулі зардапты тудыратын объективтік категория алынады.

Қылмыстық құқықтағы бұл мәселенің маңыздылығы, ол іс-әрекетті қылмысты деп тану жолында, соған сәйкес жауаптылықты толық белгілеу үшін қолдануға жататын себепті байланыстарды анықтау, ал өзге байланыстарды, оның ішінде зиянды салдар тудыруға ықтималдығы аз немесе іс-әрекеттен алшақ жататын, сондай-ақ елеусіз байланыстардың терістігін дәлелдеу болып табылады.

Себепті байланыс материалдық құрамдардың, яғни қылмыстың аяқталуы үшін елеуді зардаптардың болуы міндетті болып табылатын құрамдардың объективтік жағының міндетті белгісі болып табылады. Сондықтан жасалған іс-әрекетті қылмысты деп тану және жауаптылықты дұрыс белгілеу үшін себепті байланыстың анықталуы практика қызметінде маңызды болып табылады. Зардап туындағанмен, бірақ ол зардап жасалған іс-әрекеттің нәтижесінде болмаса, яғни іс-әрекет пен зардаптың арасындағы байланыс қылмыстық-құқықтық сипатта болмаса, онда іс-әрекетті жасаған адам кінәсіз деп танылады немесе басқа адамдар жауапты болады.

Себепті байланыстың қылмыстық-құқықтық сипатта болуы, ол бұл мәселеге қылмыстық құқық тарапынан қойылатын талаптарды білдіреді. В.А.Сергиевский «Қылмыстың объективтік жағының міндетті белгісі деп танып отырған іс-әрекетпен оның нәтижесінің арасындағы себепті байланыс әртүрлі шартты көріністерінде (жеке адамдарға қарсы қылмыстарда «қысқа», «тікелей», «түзу», ал тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу немесе өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзуда белгілі бір деңгейде алыста) болады және сипаты бойынша кінәлі болуы керек», - деп қылмыстық құқықтағы себептік байланысты мынандай түрлерде негіздейді.

1. Себептілік тізбегінің бірінші тобы – қылмыстық-құқықтық белгілерді иеленетін субъектінің нақты әрекет немесе әрекетсіздігі. Субъектінің іс-әрекетінен басқа ешкім де, ештеңе де детерминацияда, яғни қылмыстың салдарымен байланысты болмайды.

2. Әрекет (әрекетсіздік) уақыты бойынша зардаптың туындауының алдында болуы керек.

3. Іс-әрекет құқыққа қайшы немесе моральды дөрекі бұзатын түрде, зардаптың болуы мүмкіндігіне сай келуі керек.

4. Іс-әрекет тізбекті әрекетте дитерминант түрінде зардаптың туындауының қажетті жағдайы ролінде болуы керек.

5. Іс-әрекет салдардың туындауының қажетті жағдайы болып ғана қоймай, сонымен бірге қылмыс жасаудың нақты жағдайындағы салдардың себебі болуы керек.

6. Қасақаналық немесе абайсыздық нысанындағы іс-әрекетпен салдардың арасындағы кінәлі байланысты объективтік байланыс деп қолдану керек. Яғни алдында объективтік себепті байланысты анықтап, содан кейін субъектінің көре білу мүмкіндігін ескеру керек» - дейді.¹

Себепті байланыс мәселесіне қойылатын талаптарды, іс-әрекет пен салдардың арасындағы байланыстың мағынасын мынандай екі түрде қарастыруға болады. Және бұларда себепті байланыстың қылмыстық құқықтағы ұғымын, оның квалификация жүргізу кезіндегі ролін ашып көрсете алады.

Біріншіден, қоғамға қауіпті іс-әрекетпен елеулі зардаптың арасындағы байланыс жай себепті байланыс емес, тікелей себепті байланыс түрінде болуы керек. Жоғарыда айтқандай қоғамдық өмірдегі құбылыстар бір-бірімен қатысты деп танылады. Яғни бір құбылыстың пайда болуы екінші құбылыстың туындауына себепші болып жатады. Нәтижесінде өзара байланысты бірнеше құбылыстар, уақиғалар өткеннен кейін ғана қоғамдық мүдденің бұзылуын білдіретін зардап туындауы мүмкін.

Қылмыстық құқық себепті байланыстардың зардапқа дейінгі мұндай тізбегін мойындамайды. Қылмыстық құқықта кінәліге қойылатын талап қысқа, әрі нақты, ол өз іс-әрекетіне одан туындаған зардапқа жауапты болу. Қылмыстық құқық жауаптылықтың ең ауыр түрін белгілеумен айналысатындықтан іс-әрекеттің жасалуы нәтижесінде пайда болуы немесе болмауы мүмкін зардаптар үшін емес, болмай қоймайтын, жасалған әрекеттің мағынасы, бағыты, арналуы осындай зардаптың туындауына соқтыратын іс-әрекеттер үшін жауаптылық белгілейді және осындай түрде себептілікті тікелей себепті байланыс деп таниды. Демек, себепті байланыстарды бірнеше факторлық және тікелей себепті байланыс деп бөлуге болады.

Бірнеше факторлық себепті байланыста алғашқы жасалған әрекетпен туындаған зардаптың арасында бірнеше факт немесе әрекеттер болады. Яғни бір әрекеттің жасалуы екінші адамның келесі әрекетті жасауына себепші болады. Екінші адамның әрекеті үшінші әрекеттің орындалуына жағдай жасайды. Осы үшінші әрекет ауыр зардапқа соқтыруы

¹ В.А.Сергиевский. аталған еңбекте с.37

мүмкін. Мұндай жағдайда осы соңғы үшінші әрекет зардаппен тікелей байланыста болады. Бірақ бұл әрекет тікелей байланысты білдіргенмен, себепті байланыста білдірмеуі мүмкін. Тікелей байланыста себептілік бар екенін анықтау үшін осы әрекеттің мағынасына яғни қауіптілігіне, бағытына, яғни қандай салаға жататындығына және арналуына, яғни зардап келтіруге арналғандығына, мұндай әрекетте зардаптың болмай қоймайтындығына назар аудару керек. Бірнеше фактілік себепті байланыста алдыңғы фактілер туындаған зардаппен тікелей байланыста болмағандықтан қылмысты әрекет деп бағаланады. Өйткені, заң адамға жасаған әрекеттің тағы қандай оқиғалар тудыруы мүмкін екендігін көре білуге міндет қоймайды. Демек, қоғамға қауіпті іс-әрекетпен елеулі зардаптың арасындағы байланыс жай байланыс емес, тікелей себепті байланыс түрінде болуы керек. Екіншіден, **іс-әрекет пен зардаптың арасындағы байланыс кездейсоқ емес, қажетті байланыс түрінде болуы керек.** Қажетті байланыс дегеніміз іс-әрекеттің қоғамға қауіпті болып ғана қоймай, тиісті зардаптарды келтіруге арналған сипатта болуын білдіреді. Мысалы, адамның іш құрылысына немесе басына бағыттап қару жұмсау, ол адамның өліміне немесе денсаулығына зардап келтірудің қажетті әрекеті болып табылады және осындай зардаптарды болдырмай қоймайды. Сондай-ақ, зиянды қалдықтар шығаратын кәсіпорынның ауаға, суға, жерге зиянды қалдықтарды таратуды немесе ауру адамға дәрігердің тиісті дәрігерлік көмектерді көрсетпеуі, осы бағыттағы қажетті зардаптардың пайда болуының ықтималдығын арттырады.

Жасалған іс-әрекетпен туындаған зардаптың арасындағы кездейсоқ байланыс, адамда қасақаналық немесе абайсыздықтағы кінәнің жоқтығын білдіреді. Мұндай байланыстар адамның пайдалы әрекет жасаймын деп абайсыздықта зардаптарға соқтыратын әрекеттерінде кездесе алады. Мысалы, ауру адамға дәрі беремін деп, байқамай улы зат беріп қоюы. Осы тәріздес жағдайлардағы кездейсоқ байланыстардың қажетті себепті байланыс ретінде бағаланбау себебі, ол зардап келтірген адам әрекетінің бағыты, тілегі қоғамға пайдалы болуына байланысты. Бірақ зардап келтірген адам мұндай зардаптың туындау мүмкіндігін білмегенде немесе білуге мүмкіндігі болмағанда кездейсоқ байланыс ретінде бағаланады.

Кейдейсоқ байланыстар жасалған іс-әрекет пайдалы сипатта болғанда да, яғни адам жасаған іс-әрекетінің нәтижесінде зардаптың туындау мүмкіндігін көре білмегенде немесе көре білуге міндеттілігі мен

мүмкіншілігі болмағанда да орын алады. Мұндай жағдайда іс-әрекет пен зардаптың арасында байланыс болғанмен адамда кінә болмайды. Өйткені, мұндай жағдайлардағы жасалған іс-әрекеттер мағынасы бойынша қоғамға қауіпті болып саналмайды. Сондықтан кездейсоқ байланыс себепті байланыс деп бағаланбайды.

Қоғамға қауіпті зардаптарды тудыратын себеп ретінде қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік алынады. Әрекет және әрекетсіздік себеп ретінде материалдық құрамдарға тән. Ал формальдық құрамдарда қылмыстың зардабы мүліктік немесе адамның жеке басына келген түрде болмауына немесе зардапсыз қылмыстар деп бағалануына байланысты, себепті байланыс қылмыс құрамының қажетті белгісіне кірмейді. Формальдық құрамдардың ішінен тек моральдық зардаптарды міндетті белгі ретінде қарастыратын қылмыстарда себепті байланыстың анықталуы қажетті болып табылады.

Қорыта айтқанда, қылмысты квалификациялауда елеулі зардаптың келуі бойынша адамның іс-әрекетін себеп ретінде бағалау үшін, ол іс-әрекет зардаппен тікелей байланыста екендігіне және қажетті зардапты келтіріп отырғанына көңіл аудару керек.

§ 5. Қылмыстың объективтік жағының қосымша белгілері бойынша квалификациялау

Қылмыс құрамы қылмыстың белгілерін қамтитындықтан ол белгілердің барлығы бір-бірімен салыстырғанда шешуші роль атқара бермейді. Объективтік жақтың қосымша белгілері қылмыс құрамының сыртқы бейнесін сипаттайтын амалдардың бірі болып табылады және олардың қатарына қылмыс жасау уақыты, тәсілі, орны, жағдайы және құралы жатады. Бұл белгілердің объективтік жақтың қосымша белгілері қатарына жатқызылу себебі, ол осы айтылған белгілер қылмыс уақиғасында болмаса да, яғни арнайы бір уақытта, орында, тәсілде т.б. жасалмаса да қылмыс құрамы, оның ішінде қылмыстың объективтік жағы бар деп саналуына байланысты болып табылады. Бұл біріншіден, екіншіден қосымша белгілер кейбір қылмыс құрамдарын талдауда бірнеше балама түрлерде келтіріледі. Мысалы, 96 баптың 1 бөлімі бойынша квалификацияланатын қасақана кісі өлтірудің жай түрі бірнеше жағдайлармен анықталады, яғни өзара ұрыс-керіс, өзара төбелес, тұрмыстық жанжал, т.б. жағдайларда. Бұл қылмыс түрінде қылмыс жасау жағдайы қосымша белгі деп бағаланады, себебі арнайы бір жағдайдың қолданылуы міндетті емес.

Негізінде қылмыстың уақыты, орны, тәсілі жағдайы, құралының қылмыс құрамының қосымша белгілері ретінде бағаланатын басты себебі, ол бұл белгілер жасалған қылмыста болмаса да қылмыс құрамы бар болып есептелетіндігінде. Қылмыстың объективтік жағы бар болуы үшін белгілі бір бапқа сәйкес келетін қоғамға қауіпті іс-әрекет, ал материалдық құрамдар үшін іс-әрекет пен елеулі зардап және себепті байланыс болса жеткілікті.

Объективтік жақтың қосымша белгілері жасалған қылмыста белгілі бір деңгейде қашанда бола алады, бірақ ондай көрініс беруді қосымша белгі ретінде бағалауға болмайды. Мысалы, кез-келген қоғамдық құбылыс сияқты қылмыс та қашанда белгілі бір уақытта, белгілі бір жерде, аумақта жасалады. Қылмыс уақыты бойынша түнде немесе күндіз, қыста немесе жазда жасалсын, бұған қарап мұндай уақыттарды қосымша белгі ретінде бағалауға болмайды. Қылмыстың жасалу уақыты, орны, тәсілі жағдайы және құралының қылмыстық құрамда қосымша белгі болып бағалануының негізгі мағынасы, себебі тіпті бөлек. **Қылмыс құрамының қосымша белгілерінің негізгі мағынасы, ол белгілі бір қылмыстарда міндетті белгі ретінде қолданыла алатындығында (мысалы, 175 бап 2 бөлімі «в» пунктіндегі «тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға заңсыз кірумен жасалған ұрлық), бірақ бұл белгі заңда көрсетілмесе де және жасалған қылмыс уақиғасында болмаса да қылмыс құрамы толық бар дегенді білдіреді.** Бұл белгілердің қылмыс құрамында қосымша белгі деп бағалануының себебі, ол кейбір қылмыстарда қосымша белгілер міндетті белгі ретінде қолданылғанымен, қылмыс уақиғасында ол белгі болмаса да бәрібір қылмыс бар деп танылуына байланысты.

Қосымша белгілер Қ.К. Ерекше бөлімі баптарының атауында немесе баптардың бөлімдерінде арнайы көрсетілсе, онда мұндай жағдайда бұл белгі қосымша емес, міндетті белгінің рөлін атқарады және қылмыс осы белгісіне қарай квалификацияланады деп түсіну керек және біріншіден, қылмыс құрамының элементтері қылмыс бар деп анықтау үшін қаншалықты қажет болса, соншалықты дәрежеде осы баппен, осы бөліммен квалификация жасау үшін бұл белгінің қылмыс уақиғасында болуы қажетті деп түсіну керек. Екіншіден, егер қылмыс уақиғасында міндетті белгі рөліне көшкен белгі болмаса қылмыс баптың басқа бөлімімен, көбінесе негізгі құраммен немесе басқа баппен сараланады, сондай-ақ қылмыс құрамы немесе қылмыс уақиғасы жоқ деп танылуы да мүмкін. Бұл жерде үш түрлі квалификация жүргізілу мүмкіндігін

келтіріп отырмыз. Түсіндіре кетейік. Бірінші қылмыс уақиғасында міндетті белгінің рөліне көшкен белгі болмаса қылмыс баптың басқа бөлімімен, көбінесе негізгі құраммен бағалануы, бұл іс-әрекеттің бәрібір қоғамға қауіптілігінің сақталуын білдіреді. Мысалы, 96 баптың 2 бөлімінің «д» пунктінде аса қатыгездікпен жасалған кісі өлтіру қылмысы қарастырылған. Егер кісі өлтіру әрекетінде аса қатыгездікті білдіретін тәсіл болса осы баптың, осы пунктімен квалификацияланады. Бұл жерде қылмыс жасау тәсілін білдіретін аса қатыгездік қосымша емес, міндетті белгі ретінде бағаланған. Егер жасалған кісі өлтіру қылмысында аса қатыгездік тәсіл болмаса, онда 96 баптың бірінші бөлімімен жай кісі өлтіру деп бағаланады. Жоғарыда келтірілген ұрлық қылмысы да осы тәріздес тәртіппен квалификацияланады, яғни ұрлық қылмысы тұрғын үйге, жайға, қоймаға кіріп жасалмаса, онда іс-әрекетте ұрлық қылмысының міндетті белгілері немесе қылмыс құрамы болуына байланысты 175 баптың бірінші бөлімімен жай ұрлық деп бағалануы тиіс. Екіншіден, қылмыс уақиғасында міндетті белгі рөліне көшкен белгі болмаса, онда қылмыстың мұндай міндетті белгіні келтірмейтін басқа баппен квалификациялануы, ол уақыт, жағдай тәрізді белгіні баптың бүкіл көлемі міндетті белгі ретінде қолдануына байланысты. Жасалған қылмыста мұндай белгі болмаса, ондағы іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі болғанда басқа баппен бағаланады.

Мысалы, 99 баптағы қажетті қорғану шегінен шығып кісі қылмыс жасау уақыты мен жағдайы міндетті белгі ретінде бағаланады. Егер жасалған кісі өлтіруде қажетті қорғану жағдайы және қорғану уақыты болмаса, онда басқа қылмыс түрінде, яғни 96 баппен жай кісі өлтіру деп бағаланады. 99 бап, яғни қажетті қорғану шегінен шығып кісі өлтіру арнайы норма болып табылады, өйткені бұл баптың бүкіл бойы, оның 1 және 2 бөлімдері қажетті қорғану шегінен шығу жағдайында кісі өлтіруге арналған. Үшіншіден, уақиғада заңда міндетті белгінің рөліне көшкен белгі болмаса, онда қылмыс құрамы немесе қылмыс уақиғасы жоқ деп бағалануы, ол қылмыстық кодексте бұл қылмысты қамтитын жалпы нормалардың болмауына және бұл қылмыстың ерекше жағдайларды қамтитындығына байланысты болып табылады. Мысалы, 127 баптағы психатриалдық стационарға заңсыз орналастыру, сондай-ақ 373 баптағы қашқындық қылмыстарының міндетті белгісі қылмыс жасау орны, яғни психатриалдық стационар немесе әскери бөлім болып табылады. Егер жасалған іс-әрекетте мұндай уақиға орындары болмаса, онда қылмыс құрамы да жоқ деп табылады. Мұндай жағдайда іс-әрекет жа-

сау орны бұл қылмыстардың заңда өмір сүруінің жалғыз ғана себебі деп танылады.

Қылмыс құрамының, оның ішінде объективтік жақтың қосымша белгілерінің кейбір баптарда міндетті белгі ретінде келтірілуі, барлық жағдайда кінәні жауаптылықты ауырлататын құрамдарды білдіреді деуге болмайды. Кейбір қылмыс түрлерінде міндетті белгі ретінде келтіріліп отырған қылмыс жасау жағдайы, уақытты кінәні жеңілдетін құрам ретінде тануға негіз болады. Мысалы, Қ.К. 97, 98, 99, 100, 108, 109, 110 баптарында баланы туу, ашу шегінен шығу, қажетті қорғану шегінен шығу, қылмыскерді ұстау шаралары шегінен шығу жағдайында және уақытында кісі өлтіруде немесе денсаулығына зардаптар келтіруде уақыт пен жағдай кінәні жеңілдетін белгілер ретінде келтірілген.

Қосымша белгілер кейбір қылмыстарда міндетті белгі ретінде келтірілгенде кінәні ауырлатпайтын да, жеңілдетпейтін де белгі түрінде болуы мүмкін. Мұның себебі, бұл қылмыс түріне осы белгінің тән болуы, яғни бұл белгі болмаса, онда осы қылмыстың заңда өмір сүруге мүмкіндігі жоқ екендігі байқалады. Мысалы, 246 баптағы жарылыс қауіпі бар объектілерде қауіпсіздік ережелерін бұзу қылмысында, егер іс-әрекеттің жасалу орнын білдіретін жарылыс қауіпі бар объектілер болмаса, онда бұл қылмыс түрінің заңда өмір сүру мүмкіндігі жоқ. Бұл қылмысты қарастыратын 246 баптың 1 бөлімі жауаптылықты жеңілдетпейтін де, ауырлатпайтын да негізгі құрам ретінде бағаланады.

Кейбір баптардың бөлімдерінде арнайы құралдың, орынның тәсілдің, уақыттың тікелей көрсетілуі жауаптылықты ауырлатушы белгіні білдіреді. Қылмыстық заңда мұндай құрамдар өте көп. Мысалы, 120 баптың 3 бөлімінің «г» пунктіндегі қоғамдық зілзала жағдайларын пайдаланған немесе жаппай тәртіпсіздік барысында жасалған әйел зорлау-бұл қылмыстың аса ауырлататын құрамы болып табылады. Сол сияқты 234 баптың 2 бөлімінің «в» пунктіндегі адамды кепілге алу қылмысында өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдана отырып жасау, тәсілі бойынша ауырлатады. Бұл қылмыстың объектілері қоғам қауіпсіздігі мен адамның жеке бостандығы болса, ал тәсілі тағы бір объектінің бұзылуын білдіреді, яғни адамның өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне үрей тудырады.

Жалпы бұл айтып отырған бағалаулар қылмыстың объективтік жағының қосымша белгілеріне ғана тән емес, мұндай жағдайлар өзге құрам элементтерінің қосымша белгілері болып саналатын қылмыс затына, ниеті мен мақсатына қатысты түрде де кездесе алады.

Қорыта айтқанда, объективтік жақтың қосымша белгілері заң баптарының атауында немесе диспозициясында, сондай-ақ бөлімдерінде тікелей көрсетілгенде құқық қолданушы бұл белгінің осы бапта немесе оның бөлімдерінде келтірілу мағынасын түсініп, себебіне көңіл аудару керек. Сонымен қатар қосымша белгілер қылмыс құрамының міндетті белгісі ретінде қарастырылғанда бұл белгіні меншікті, өзіне тән белгісі түрінде келтіретін басқа қылмыс құрамымен қосып квалификация жасауға болмайды. Мысалы, қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолдану арқылы қарақшылық қылмысы жасалғанда 179 баппен және 251 баптың 1 немесе 4 бөлімімен (суық қаруды алып жүру, аңшылық кәсіппен байланысты емес түрде қанжарларды, фин пышақтарын немесе басқа да суық қаруды заңсыз алып жүру немесе сату) қосып квалификациялауға болмайды. Мұндай жағдайларда қылмыс бірден 179 баптың 2 бөлімінің «г» пунктімен квалификацияланады. Себебі, 251 баптағы қылмыстың заты ретінде қарастырылған қарулар 179 баптың 2 бөлімінің «г» пунктінде қылмыс құрамының негізгі белгісі ретінде келтірілген.

**ҚЫЛМЫСТЫҢ СУБЪЕКТИВТІК ЖАҒЫ
БОЙЫНША КВАЛИФИКАЦИЯЛАУ**

**§ 1. Қылмыстық субъективтік жағының түсінігі және
қылмыстық құқықтағы маңызы**

Қылмыс құрамының басты элементтерінің бірі және қылмыстың жасалу процесінің бастапқы кезеңінде орын алатын субъективтік жаққа қатысты белгілер болып табылады. Қылмыс құрамында субъективтік жақтың алатын орнын, ол қылмыстың ішкі жағына қатысты сипаттаманы, яғни жасалған қылмысты іс-әрекетке және тағы басқа белгілеріне байланысты адамның ми жұмысында болған сезімдерді ашу және осы негізде іс-әрекетке құқықтық баға беру ретінде түсіну керек.

Біз бұған дейінгі бөлімдерде қылмыстық субъективтік жағының белгілерімен объективтік жақтың белгілерінің арасындағы байланысты бір медальдің екі жағы түрінде бағаладық. Себебі қоғамға қауіпті іс-әрекет, елеулі зардап және қылмыстың орны, тәсілі тәрізді белгілер қылмыстың сыртқы көрінісін көрсете алғанмен, оның ішкі жақтарымен, яғни адам психикасындағы қоғамға қауіпті ой, ниетпен үндесіп жатпаса, онда қылмыс құрамының субъективтік жағы, субъектісі тәрізді элементтері жоқтығын көрсетеді. Сондықтан қылмысқа квалификация жүргізуде Қ.К. Ерекше бөлімі баптарын қолданудың басты талабы барлық жағдайда заңмен қорғалатын объектінің бұзылуы болып қана қоймайды, сонымен бірге заңның нақты бір бабына сәйкес келетін қылмыстың объективтік және субъективтік белгілерінің бір-бірімен мағынасы бойынша сәйкес келуі деп түсіну керек. Анығырақ айтқанда қылмыстың субъективтік жағындағы белгілерді объективтік жақ көшіріп, қылмыстың жасалғандығын көрсетеді.

Қылмыстың субъективтік жағы дегеніміз, қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адамның психикалық сезімдерін білдіретін қылмыс құрамының ішкі жағы белгілері болып табылады. Субъективтік жақты құрайтын қылмысқа деген кінәлі адамның ми жұмысындағы ішкі жақтың белгілеріне кінә, ниет және мақсат жатады. Осы үш белгі қылмыстың және қылмыстық құқықта зерттелетін қылмыстық құрамдардың субъективтік жағын толық ашып беруге жарамды деп саналады. Жасалған қылмыста субъективтік жақты сипаттайтын белгілердің бар екендігін

анықтау кезінде қасақаналық немесе абайсыздық түрінде бейнеленетін кінәні анықтаудың өзі де жеткілікті болып табылады.

Жасалған қылмыста басқа құрам элементтері болғанмен субъективтік жақтың болмауы, ол адамның кінәсіз зардап келтіргендігін білдіріп, қылмыс құрамының жоқ екендігін көрсете алады. Адамның белгілі бір іс-әрекет жасау кезінде алдымен оны ми жұмысында шешетіндігіне байланысты, егер ми жұмысы әрекетті билей алмаса, онда ондай әрекет жасағын адамның есі дұрыс емес деп танылады. Демек, адамның іс-әрекетке және оның нәтижелеріне деген ми жұмыстары тек қылмыстың субъективтік жағына ғана қатысты емес, ол қылмыс субъектісі мәселесіне де қатысты болып табылады. Бұл екі мәселеде адамның ми жұмысының құқықтық тұрғыда қолданылуында айырмашылық бар. Қылмыстың субъективтік жағында іс-әрекет жасау кезінде есі дұрыс адамдардың ми қызметі туралы айтылса, ал қылмыстың субъектісіне қатысты мәселеде есі дұрыс еместік туралы айтылғанда, ми қызметі дұрыс еместік түрлері келтіріледі.

Қылмыстың субъективтік жағына қатысты мәселелер қылмыстық құқық теориясында күрделі болып табылады. Қылмыстық құқықта заңның Ерекше бөлімінде қарастырылған кейбір қылмыс түрлерінің, мысалы өзін-өзі өлтіру жағдайына жеткізу қылмысының кінә нысандары даулы болып кездеседі. Қылмыстық құқық туралы оқулықтардың кейбіреулері бұл қылмыстың кінә нысанын абайсыздық және қасақаналық деп анықтаса,¹ ал кейбіреулері тек жанама қасақаналық деп айттып жатады.²

Бұл тақырыптың практикалық тұрғыдан күрделілігі, ол кінәлінің әрекеттеріне және оның зардабына деген психикалық қатынасын, яғни әр түрлі психикалық қатынастарын көру, ашу барлық кездерде мүмкін бола бермеуіне байланысты. Бұл мәселені анықтау үшін практика қызметкерлері адамның жасаған әрекетінің сипатына, түріне және өзге де объективтік жағдайларына көңіл аударып, ол адамның қылмыс жасау кезіндегі ойын ашуға тырысады. Практикалық тұрғыдан бұл мәселенің

¹Уголовное право России. (Особенная часть). Т 2 /Под ред. проф. А.Н. Игнатова, Ю.А. Красикова. –Москва, 1999. С. 66., Уголовное право. (Особенная часть). / Под ред. И.Я. Козаченко, З.А. Незнамова, Г.П. Новосельев. –М., 1998. С. 40., Уголовное право (часть Общая и Особенная). / Под общ. ред. проф. Л.Д. Гаухмана, Л.М. Колодкина, С.М. Максимова. –М., 1999. С. 331.

²Комментарий к уголовному кодексу Республики Казахстан. / Под ред. И.И. Рогова, С.М. Рахметова. – Алматы, 2000. С. 213

келесі күрделілігі және өзектілігі, адамның кінә түрін дәл анықтаудың қылмысты квалификациялауда және жауаптылық белгілеуде маңызды, шешуші роль атқаруына байланысты болып табылады. Сот-тергеу қызметкерлерінің іс-әрекетті субъективтік жағы бойынша қате квалификациялауы жиі кездеседі. Мысалы, М. және Ю. мас күйінде төбелесіп, М. ауыр жарақат келтіру мақсатымен Ю.- ны самбоның тәсіліне салып басынан асырып лақтырып жібереді. Осы тәсілге салып лақтырудың нәтижесінде Ю. канализация құдығынан шығып тұрған бетон платформа-сына басымен соғылады. Мұнан кейін М. оның басынан бірнеше рет ұрады, осы алған жарақаттардан Ю. ауруханада қайтыс болады.

Бұл істі Қарағанды қаласының Ленин аудандық соты ҚК 103 бабының 3 бөлімімен абайсызда жәбірленушінің өліміне соқтырған қасақана денсаулыққа ауыр зардап келтіру деп бағалайды. Қарағанды облыстық сотының қылмыстық істер бойынша сот алқасының қаулысымен үкім өзгеріссіз қалған.

Ал ҚР Жоғарғы Сотының қылмыстық істері бойынша сот алқасы 101 баптың 1 бөлімімен абайсыздықта қаза келтіру ретінде және 104 баптың 1 бөлімімен денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру деп квалификация жасайды.

ҚР Жоғарғы Сотының Президиумы жәбірленушінің арызы бойынша істі қарап, Жоғарғы Соттың қылмыстық істер бойынша алқасының қаулысын дұрыс емес деп бағалайды және 1 инстанциядағы соттардың квалификациясын дұрыс деп қайтадан ҚК 103 бабының 3 бөлімімен белгілейді.

Жоғарғы Соттың Президиумы “М. арнайы лақтыру тәсілін қасақана қолданан отырып, Ю.-дың денсаулығына ауыр зардап келуі мүмкіндігін көре білген және осындай зардаптың келуін тілеген. Бұл туралы М.-нің кейінгі әрекетінен жәбірленушінің бетінен бірнеше рет ұруы дәлел бола алады. Сот – медициналық сараптамасының қорытындысы бойынша денсаулыққа ауыр дәрежелі зардап спорттық тәсілді қолдану және бетінен ұру нәтижесінде келтірілген. Жәбірленушінің өліміне М.-нің кінәсі абайсыздықта болған, ол жәбірленушінің өлімі болу мүмкіндігін көре білмеген, бірақ көре білуге мүмкіншілігі және міндетті болған” дей отырып, әдепкі қараған соттардың квалификациясын дұрыс деп таниды.¹

¹Судебная практика по уголовным делам Верховного Суда республики Казахстан. (2000-2002 гг). С. 47-49.

Жоғарыдағы мысалда көрініп те тұрғандай, қылмыстың субъективтік жағына қатысты белгілер қылмысты іс-әрекет жасалар алдында немесе жасалу кезінде, бірақ бәрібір әрекеттен бұрын анықталып отырады. Субъективтік жаққа қатысты белгілердің бір ерекшелігі, ол қылмыс жасау кезіндегі объективтік жағдайларға қарай өзгеріп отыруы да мүмкіндігінде. Мысалы, қарақшылық әрекеттер қылмысты жасау барысында кісі өлтіруге, ал ұрлық қылмысы тонауға айналуы мүмкін. Бұл жағдайлар кінәлінің қоғамға қауіптілігін нақтылап, ол қылмысты квалификациялауға да әсер етеді.

Қылмыстық құқықтағы және Ерекше бөлімде қарастырылған қылмыстардың субъективтік жақ белгілері осы элементті сипаттай алатын барынша елеулі белгілер болып табылады, олар қылмыстың ішкі көрінісін талдауда қылмысты сипаттап берудің бір тәсілі ретінде ғана қолданылмайды, сонымен қатар қылмысқа квалификация жүргізуде маңызды роль атқарады. Кейбір оқулық және зерттеу әдебиеттерінде субъективтік жақ белгілерінің қатарына кінә, ниет және мақсатпен қатар қылмыстың жасалу кезіндегі адамның ашулану, қуану, таңқалу түріндегі ерекше көңіл күйін білдіретін эмоцияны да қосады.¹ Эмоция кейбір қылмыстарға тән білгі деп тануға болады. Өйткені ашу шегінен, қажетті қорғану шегінен шығып адамның өміріне және денсаулығына зардап келтіруде эмоциональдық момент маңызды белгі ретінде бағаланады.

Сонымен қатар қылмыстық заңның өзге баптарында қарастырылған қылмыстарда кейде эмоциональдық күйде жасалуы мүмкін. Бірақ қолданыстағы қылмыстық құқық құрам элементтерінің белгілері қатарында эмоцияны жатқызбайды.

Қылмыстың субъективтік жағын күрделі мәселелердің қатарына жатқызушы келесі себеп, ол адамның сезінуі мен қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасау түріндегі шешімін байланыстыратындығында болып табылады. Бұл сезіну мен ерікті білдіру кезеңдерінің арасындағы байланыс кейде бір-біріне сәйкес келе бермеуі де мүмкін, яғни еріктілік немесе жасалған шешім сезінуден асып немесе оған жетпей жатуы кездеседі.

Мұндай жағдайларда квалификация жасаудың жекелеген тәртібі қолданылып, егер сезінуге ерік білдіру жетпей жатса, онда іс-әрекет оқталу деп, ал сезінуден ерік, шешім білдіру асып кеткенде кінәнің аралас нысаны деп бағаланады.

¹ Дагель П.С., Котов Д.П. Субъективная сторона преступления и ее установление. – Воронеж, 1974. С. 45-49.

Қылмыстың субъективтік жағының белгілері қылмыстың объективтік жағы белгілерінің көрініс алуының себепшісі болуынан басқа, қылмысты квалификациялауда қолданылатын өзгеде объективтік белгілердің кездесуіне әсер ете алады. Мысалы, қылмыс объектісінің, затының, құралының, тәсілінің, уақытының, орнының, жағдайының анықталуына, сондай-ақ ауырлататын құрамдардың орын алуына, кінәні ауырлататын белгілердің кездесуіне басты себеп бола алады. Демек осы белгілердің барлығына кінәлінің қылмысты іс-әрекеті психикалық қатынаста болады. Егер бұл белгілердің қылмыс уақиғасында көрініс алатындығын кінәлі білмесе, сезбесе немесе сезінуге мүмкіндігі болмаса, онда бұл белгілер осы қылмыс үшін қылмыстық құқықтық мыңыздылыққа ие болмайды. Кінәлі көре білмеген объективтік өзге белгілер, ол айыпталатын бапта немесе оның жауаптылықты ауырлататын бөлімдерінде тікелей көрсетілген болуы да мүмкін. Бірақ бәрібір бұл белгілердің қылмыста көрініс алатындығын көре білмесе, ондай жағдайлардың бар екендігін сезінбесе, онда кінәлі тек сезінген, көре білген жағдайлар бойынша айыпталады. Бұл ереже қылмыстық құқықта қылмыс түрлеріне түсіндірме беру кезінде кездеседі. Мысалы, қасақана кісі өлтіру қылмысында кінәлі қайтыс болған әйелдің жүкті екендігін білмесе немесе әйел зорлау қылмысында кәмелетке толмаған адамды зорлағанын білуге мүмкіншілігі болмаса, онда оның әрекеттері қылмыс құрамына қатысты белгілердің ішінен тек өзі білген, сезінген белгілерді қамтитын қылмыс құрамы бойынша квалификацияланады. Қылмыстың субъективтік жағының қылмысты квалификациялаудағы маңызы да осында, яғни бірінші тарауда квалификация жүргізу кезінде қолданылатын негізгі қағидалардың бірі ретінде аталған, кінәлінің қасақаналығының бағыты бойынша іс-әрекетке құқықтық баға беру немесе квалификациялау осыны білдіреді. Кейде сот-тергеу қызметкерлері нақты жасалған іс-әрекет немесе туындаған зардап бойынша қылмысқа құқықтық баға беріп, квалификация жүргізу кезінде негізінен субъективтік жаққа, оның ішінде қасақанлығының бағытына, қылмысты ниетінің түріне, алдына қойған мақсатына қарай қылмыстың түрі анықталтынын естен шығарады. Қылмысты квалификациялауда мұндай қағиданың қолданылу себебі, ол біріншіден кінәлінің жасағысы келген қылмыс түрі бойынша қоғамға қауіптілігі анықталатындығына байланысты және осы қауіптілік деңгейінде жауаптылық қолдану үшін, оның қасақаналығына кірген қылмыс түрі немесе заң бабы қолданылу керек. Екіншіден, субъективтік жақ белгілерін алдыға қоймай нақты зардап

бойынша квалификация жасайтын болсақ, онда қылмыскердің көре білмегені немесе көре білуге мүмкіншілігі болмаған, оның еркінен тыс туындаған зардаптар бойынша да айыпты деп таныр едік және ол адамның қауіптілік дәрежесіне сәйкес келмейтін басқа баппен айыптап, жауаптылықты тым ауыр немес жіңізел белгілеген болар едік.

Мысалы, соттардың мынадай квалификациясымен келісу қиын. 1998 жылы 17 желтоқсанда Б. өзара ұрыс-керіс жағдайында А-ның төсіне пышақ ұрып, оның денсаулығына ауыр зардап келтіргені үшін ҚР. ҚК 103 бабының 1 бөлімімен айыпталады.¹ Адамның өмірі үшін маңызды органдар деп танылатын іш-құрылысқа немесе төсіне қылмыскер пышақ жұмсағанда денсаулыққа зардап келтіру үшін емес, адамның өміріне қарсы әрекет жасайды. Ал кінәлінің еркіне тәуелсіз себептермен жәбірленуші қайтыс болмай, тек денсаулығына зардап келгені үшін 103 баппен бағалау – іс-әрекеттің түрі ретінде көрініс табатын кінәлінің ойына, мақсатына және қасақаналығының бағытына сәйкес келмейді.

Қылмыстың жасалуында субъективтік жақтың белгілері мен объективтік жақ белгілерінің арасындағы ауытқулар екі түрлі жағдайда кездеседі. Бірақ нақты қылмыстың объективтік белгілері, мысалы зардаптың түрі кінәлінің қасақаналығына, әрекеттің мақсатына сай келсін немесе сай келмесін, бірақ қылмысты квалификациялау қасақаналықтың, мақсаттың түріне қарай жүргізіледі. Объективтік және субъективтік жақ белгілерінің бір-біріне сәйкес келмеуі, бірінші жағдайда кінәлінің алдына қойған мақсаттарына еркіне тәуелсіз себептеге байланысты жете алмауы түрінде көрінеді. Мұндай жағдайда іс-әрекет қылмысқа оқталу және даярлану деп бағаланады. Формальдық құрамдарда осы тәріздес аяқталмаған қылмыстарды квалификациялауда аса қиындық тудырмайды. Ал материалдық құрамдарда, яғни кінәлінің қасақаналығы, мақсаты ауыр зардаптар келтіруге бағыттталып, бірақ оның еркіне тәуелсіз себептермен жеңілірек зардаптар келтірумен аяқталғанда квалификация жүргізу қиындайды. Мысалы, қылмыскердің мақсаты адам өлтіруге бағыттталып, бірақ нәтижесінде денсаулыққа ауыр немесе орта дәрежелі зардаптар келтірумен аяқталса, мұндай әрекеттерді квалификациялауда практикада әртүрлі нұсқалар кездесуі мүмкін. Мысалы:

1. Кісі өлтіруге оқталу және денсаулыққа зардап келтіру қылмыстарының жиынтығы.
2. 103 немесе 104 баппен денсаулыққа зардап келтіру.

¹ Судебная практика по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан. (2000-2002).

3. Кісі өлтіру қылмысына оқталу.

Бұл нұсқалардың ішінен бірінші келтіріп отырған кісі өлтіруге оқталу және денсаулыққа зардап келтіру түрінде квалификация жасау дұрыс емес болып табылады, себебі кінәлінің қасақаналығында бір қылмыс жасау, яғни кісі өлтіру мақсаты болды. Ол қауіпті әрекеттерін екі қылмыс жасауға бағыттаған жоқ. Оның еркінен тыс жағдайға байланысты басқа қылмыс түрінде қарастырылатын зардап туындады. Демек денсаулыққа қарсы әрекеттер жасау кінәлінің қасақаналығында болған жоқ, сондықтан 103 немесе 104 баптарды қолдану дұрыс емес. Екінші нұсқа түрінде, яғни нақты келтірген зардап бойынша квалификация жасауда қате болып табылады, себебі іс-әрекетке мұндай баға беруде кінәлінің қоғамға қауіптілігінің жоғарғы дәрежесі мүлдем көрінбей қалады, соған сәйкес денсаулыққа зардап келтіру үшін белгіленген жауаптылықты ғана қолданумен шектелуге тура келеді. Бұл нұсқаулардың ішінен тек үшіншісін, яғни кісі өлтіруге оқталу деп бағалау дұрыс деп танылады. Себебі, біріншіден мұндай квалификация жүргізуде кінәлінің қасақаналығы, оның қандай қылмыс жасағысы келгендігі, соған сәйкес адамның қоғамға қауіпті ойының жоғарғы мөлшері заң жүзінде көрініс табады. Екіншіден, қылмыскердің еркінен тыс туындаған жеңілірек зардабы оның мақсатына, қасақаналығына кірген ауырырақ қылмыстың жауаптылығына сияды және ауыр қылмыс түрімен квалификацияланғанда жасалған қоғамға қауіпті әрекет және туындаған зардап кісі өлтіру сияқты ауыр қылмыстың белгілерінен асып, ауыр болып көріне алмайды.

Іс-әрекеттің түрінің, келтірген зардабының қылмыскердің қасақаналығының бағытына, мақсатының түріне сәйкес келмейтін жағдайлардың бірі, ол келген зардаптың кінәлі тілеген зардаптан абайсыздықта асып кетуі болып табылады. Мысалы, жәбірленушінің денсаулығына қасақана ауыр зардаптар келтіру әрекеттері абайсыздықта өліміне соқтыруы мүмкін. Өйткені денсаулыққа ауыр зардап келтіру қылмысының басты белгісі, адамның өліміне қауіпті жарақаттар келтіру болып табылады. Мұндай кездерде де практикада бірнеше квалификация түрлері кездесуі мүмкін. Мысалы:

1. Абайсыздықта қаза келтіру;
2. Абайсыздықта қаза келтіру және денсаулыққа ауыр зардап келтіруге оқталу;
3. Абайсызда жәбірленушінің өліміне соқтырған қасақана денсаулыққа ауыр зардап келтіру.

Бұлардың ішінен бірінші нұсқаны қате деп бағалауға болады, өйткені тек абайсыздықта қаза келтіру деп квалификациялағанда, біріншіден қылмыс жасау туралы қасақана кінә нысаны көрінбей қалады, екіншіден қасақаналықтың бағыты бойынша іс-әрекетке құқықтық баға берілмейді, үшіншіден мұндай жағдайларда кінәліні өз қауіптілік деңгейінен жеңіл жазалауға тура келеді. Себебі абайсыздықта қаза келтіруді қарастыратын 101 батың 1 бөлімі бойынша үш жылға дейінгі мерзімге бостандығын шеттеу немесе бас бостандығынан айыру келтірілген. Демек кінәліні өз деңгейінен жеңілрек жазалауға тура келер еді.

Екінші нұсқадағы абайсыздықта қаза келтіру және денсаулыққа ауыр зардап келтіруге оқталу деп бағалауда дұрыс емес, себебі мұндай квалификацияда біріншіден бір қылмыстық ой немесе мақсат екі қылмыс деп бағаланар еді. Екіншіден, мұндай жағдайда жасалған қылмыс уақиғасының объективтік жақ белгісі бойынша бір қылмыс, яғни абайсыздықта қаза келтіру деп, ал субъективтік жағы бойынша екінші қылмысты, яғни денсаулыққа зардап келтіруге оқталу деп бағалар едік. Үшіншіден, бір әрекеттегі абайсыздықта қаза келтіру және денсаулыққа зардап келтіруге оқталу сиыспайтын жағдайды, мағынасы бойынша бір-біріне қарама-қайшы квалификацияны білдіреді.

Бұл мысалда үшінші нұсқаны дұрыс деп бағалау керек, өйткені қылмыстық заңның бабы немесе оның бөлімі жасалған қылмыстың белгілерін толық қамтып тұрса, онда басқа баптарды қолдану артық, әрі қате квалификацияны білдіреді. Қылмыстық заңда әдетте баптың бірінші бөлімінде келтірілген қылмысты іс-әрекеттің абайсыздықта одан да ауыр зардаптар келтіруге ықтималдығы бар деп танылса, онда кінәнің аралас нысаны түрінде сипатталатын ауыр зардаптардың туындағанына жеке квалификация тәртібін, жеке жауаптылық түрін белгілейді. 1998 жылға дейін қолданылған қылмыстық заңнан қазіргі қылмыстық заңның сапалылығы және заңды қолдану жұмысындағы икемділігі, ол ауырлатын құрам ретінде кінәнің аралас нысанымен жасалатын құрамдарды қажетті баптарда көрсету болып табылады. Қасақана қылмысты әрекеттердің абайсыздықта ауыр зардаптарға соқтыруын қарастыратын құрамдар, әйел зорлау, нәпсі құмарлық сипаттағы күш қолдану, адамды ұрлау, бас бостандығынан заңсыз айыру, психатриялық стационарға заңсыз орналастыру, кепілге алу, терроризм тәрізді баптарда келтірілген.

Қылмыстың субъективтік жағының белгілері қылмыстық заңның баптарында барлық кездерде анық көрсетіле бермейді. Көпшілік жағдайда, ол қылмыстың объективтік жағын бейнелейтін іс-әрекет түріне,

сипатына байланысты талдау кезінде ашылады. Іс-әрекеттің сипатын, түрін немесе мағынасын ескере отырып, кейбір қауіпті әрекеттер тек қасақаналықпен жасалады деп бағалауға болады. Мысалы, паракорлықпен, бұзақылықпен, кәмелетке толмағандарды қылмысқа, қоғамға қарсы әрекеттер жасауға тарту сияқты т.б. әрекеттер мағынасы бойынша тек қасақаналықпен жасалатындығы белгілі. Сондықтан мұндай қылмыс түрлеріне келгенде баптардың диспозицияларында кінә нысаны туралы артық мәліметтер келтірілмейді. **Кінәнің нысанын заңда тікелей көрсету, яғни тек қасақана түрде жасалатындығын көрсету, бұл әрекеттің абайсыздықпен және қасақаналықпен жасалуының арасында елеулі айырмашылықтың бар екендігін білдіреді.** Мұндай жағдайдағы бірінші айырмашылық, іс-әрекет абайсыздықта жасалғанда, оның қасақана жасалуымен салыстырғанда қоғамға қауіптілік дәрежесі бойынша елеулі айырмашылықтың болуы болып табылады. Мысалы 96 баппен тек қасақана кісі өлтіру квалификацияланады. Қасақана кісі өлтірумен абайсыздықта қаза келтірудің арасында қылмыскердің белсенділігі немесе оның қоғамға қауіпті пиғылының арасында елеулі айырмашылық жатыр. Демек, бұл 96 баптың көлемінде абайсыздықпен қаза келтіруді де қарастыру, абайсыздағы өзге адамның өміріне зардап әкелетін әрекеттерді қасақана кісі өлтіруге жақындастыру болар еді. Қазіргі заң бойынша бұл қылмыстардың кінә нысаны ғана емес ұғымы да, қауіптілік дәрежесі де бір-бірінен бөлек жатыр. Субъективтік жақтың белгілерін Ерекше бөлім баптарында тікелей көрсетудің келесі себебі, ол белгілі бір әрекет түрінің қасақана және абайсыздықта жасалуының арасында іс-әрекеттің қылмысты болуы немесе болмауы мәселесінің жатқандығы болып табылады. Мысалы 134 баптағы баланы ауыстыру қылмысында қасақаналықтың тікелей диспозицияда көрсетілуінде, абайсыздықпен баланы ауыстырған адамның қауіптік дәрежесі тым төмен деген мағына жатыр. Яғни абайсызда баланы ауыстырып жіберген адамның іс-әрекеті қылмысты деп бағаланбайды. Ол үшін әкімшілік немесе тәртіптік жауаптылықтар туындайды. Демек, баптың атауында, диспозициясында кінә нысанының тікелей көрсетілуінде бұл әрекеттің осы кінә нысанына қарай қылмыстылығын көрсету мағынасы да жатады.

Ерекше бөлім баптарының көпшілігінде субъективтік жаққа қатысты белгілер келтірілмеген. Мұндай қылмыстарды талдау кезінде объективтік жақ белгілеріне, оның ішінде іс-әрекеттердің әр-түрлі көріністеріне, мағынасына терең үңілу арқылы бұл қылмыстың қасақаналықпен

де абайсыздықпен де жасалу мүмкіндігі ашылады. Мұндай қылмыстарда заң шығарушы субъективтік жақ белгілерін анықтауды қылмыстық-құқықтық талдаудың еншісіне қалдырады. Мысалы, 172 баптың 2 бөлімімен бағаланатын мемлекеттік құпия мәліметтерді жариялау. Бұл қылмыс қасақаналықпен де, абайсыздықпен де жасалуы мүмкін. Бірақ бапта қылмыстың кінә нысандарына қатысты диспозицияда ештеңе айтпайды.

Қылмыстың субъективтік жағының қосымша белгілері болып табылатын ниет пен мақсатта осы тәріздес мағыналарда заң мазмұнында кездеседі. Ниетпен мақсат бір жағдайларда қылмысты әрекеттің қылмыстылығын көрсетіп, бұл әрекеттің қылмыс ретінде заңда өмір сүру мүмкіндігін білдіріп тұрса (мысалы 206 баптағы жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау немесе өткізу қылмысы үшін осы баптың диспозициясында “өткізу мақсатын” арнайы көрсетеді. Егер адам жалған бағалы қағаз немесе ақша жасағанмен, бірақ өткізу мақсатында жасамаса, онда қылмыс деп танылмайды), келесі бір жағдайларда мақсатпен ниеттің баптың диспозициясында көрсетілуінде кінәні немесе жауаптылықты ауырлататын жағдай ретінде тану мағынасы жатады.

Мақсатпен ниет субъективтік жақтың қосымша белгілері ретінде бағаланатындықтан, көпшілік баптарда бұл белгілер туралы айтылмайды. Мұндай қылмыстарда мақсат көбінесе іс-әрекеттің түпкі бағытын білдіретіндіктен квалификацияға әсер етпейді, сондай-ақ қылмыстық ниеттерде іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесін ауырлату немесе жеңілдету негіздеріне әсер ете алмайды.

Қылмыстың субъективтік жағының белгілерін құрайтын кінә, ниет және мақсат нақты өмір сүріп отырған құбылыстың объективтік шындығын, өмір сүру негіздерін білдіреді. Олардың мағынасын, мазмұнын жасалған қылмыстардың объективтік белгілеріне талдау, бағалау жасай отырып анықтауға болады, сонымен қатар бұл белгілер бойынша ұқсас қылмыстарды ажыратып квалификация жүргізуге де болады.

§ 2. Кінәнің нысандары бойынша қылмысты квалификациялау

Кінә-қылмыстың субъективтік жағының міндетті белгісі болып табылады, себебі қылмыстың құрамының өзге элементтері жасалған қылмыс уақиғасында болғанмен қасақаналық немесе абайсыздық түрінде бейнеленетін кінә болмаса, онда қылмыстың субъективтік жағыда жоқ деп танылады.

Қылмыстық заң – қылмыс құрамдарын анықтаудың заңды моделі ретінде қолданылатындықтан, осы заңда қарастырылған барлық қылмыстардың құрам белгілерін анықтауға негіз береді. Соның бірі кінә мәселесіне тек қылмыстық – құқықтық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік-саяси жағынан да мағына беріліп адамды жауапкершілікке тартуда кінәліліктің сақталуын талап етеді. Кінәліліктің құқықтық мәселе ретінде әлеуметтік-саяси ролін, оның конституцияда тікелей көрсетілуімен түсінуге болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында кінәлілігі дәлелденбей ешкімнің де жаза тартылмауы тиіс екендігі және айыпты деп тану, тек соттардың күзіретіне жататындығы көрсетілген.

Кінә - жауапкершілік мәселесін қарастыратын қылмыстық құқық тәрізді құқықтардың әділдік және заңдылық қағидаларын сақтауының бір кепілі түрінде бағаланады. Өйткені адамның кінәсі анықталған жағдайда ғана жауапқа тарту – құқықтық мәжбүрлеудің кез-келген жағдайда емес, белгілі бір заңды негіз, яғни кінәлі болу нәтижесінде тартылуы, ол әлеуметтік құқықтық тұрғыдан қарағанда дұрыс, әділ жұмыс істеуді білдіреді.

Кінәлілік қағидасымен заңдылық қағидасының байланысын, қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адамның заңның бүкіл мазмұны бойынша емес, оның тек белгілі бір баптары бойынша ғана кінәлі немесе жауапты деп танылуымен анықтауға болады. Әрине заңдылық қағидасы нақты мағынада алғанда заңның дұрыс, толық қолданылуымен және құқық бұзушылықтардың түрлері заңда көрсетілуімен анықталады.

Қылмыстық құқық қоғамға қарсы әрекеттердің ең қауіптілерін қамтитындықтан және өзге құқық салаларымен салыстырғанда да жауаптылықтың ауыр түрлерін, көлемін қолданатындықтан кінәлілікті құқықтық қағидаларының бірі ретінде келтіреді. Бұл қағида қылмыстық құқықта “кінәлі жауаптылық” деп аталады. Немесе мағынасы қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді кінәлі түрде жасаған және кінәсі анықталған адамдарға қылмыстық жауаптылық қолданылатынын білдіреді. Сондықтан кінәсі дәлелденбеген адамдарға қатысты қозғалған қылмыстық істер уақытша тоқтатылады немесе кінәлі деп жауаптылыққа тартылған адамдар кінәсіз екендігі дәлелденгенде жауаптылықтан немесе жазадан босатылады және ол адамдардан мемлекет атынан кешірім сұралады.

Кінәлілік қағидасын екінші мағынада “жеке кінәлі жауаптылық” деп түсінуге болады. Себебі, 1960 және 1998 жылдардан бастап қолданылған қылмыстық заңдар бойынша қылмыс жасаған адамның өзі ғана

жауаптылыққа тартылуға жатады. Қылмыс жасаған адамның жақын адамдары, туыстары қудалауға, құқықтық шектеулерге алынбауы тиіс. Қылмыскер деп танылған адамдардың отбасы мүшелерін, яғни жұбайын немесе зайыбын, баласын, өзге туыстарын қосып қудалау (мысалы, жұмыстан шығару, жұмысқа алмау, сенім көрсетпеу, арнайы лагерге қамау т. б.) ел тарихында кеңес өкіметі өмір сүрген XX ғасырдың 20 – 50 жылдарында болған. Бұл кезең тарихта Сталиндік репрессия деп аталады. Қылмысты деп танылған адамның отбасында қосып қудалау “жеке кінәлі жауаптылық” деген қағиданың мемлекеттік – құқықтық тұрғыда мойындалмаған кезінде өмір сүрді.

Қазіргі қылыстық заң кінәлілік қағидасын, оның негізгі нышандарын 19 бапта келтіреді және осы баптың екінші бөліміне сәйкес, объективті айыптауға, яғни кінәсіз зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейтіндігін ескертеді. Сондықтан қандай ауыр зардаптар туындаса да, бірақ адамның ол зардаптар үшін кінәсі болмаса, онда қылмысты немесе кінәлі деп танылмайды.

Кінәсіз зардап келтірудің түрлері Қылмыстық кодекстің 23 бабында келтіріледі. Зардап келтірудің мұндай түрінде адамның жасаған іс-әрекеті туындаған зардаппен себепті байланыста болуы мүмкін, бірақ ол зардаптарға қасақаналық немесе абайсыздық түріндегі кінәсі болмайды. Демек, жазықсыз зиян келтіруде қылмыс құрамының субъективтік жақтан басқа барлық элементтері болуы мүмкін.

Кінәсіз зардап келтірудің келесі жағдайы, ол мұндай зардапты абайсыздықта келтіргені үшін де жауаптылықтың заңда қарастырылмауына немесе зардаптың туындауы мүмкін екендігін көре білуге мүмкіншілігі және міндеттілігі болмауына, сондай-ақ адамның психо-физиологиялық немесе жүйке-психикалық жағдайларда зардапты тоқтата алмауына байланысты субъективтік жақтың белгілері немесе кінә жоқ деп танылуы болып табылады.

Қылмыстың субъективтік жағы объективтік жақ белгілерінің ішкі мазмұнын анықтайтындықтан, яғни іс-әрекетке және зардапқа, өзгеде белгілерге қатысты қылмыскердің сезімін және шешімін білдіретіндіктен, бұл жағдайлар кінә ұғымында ескерілуі тиіс. Сондықтан **кінә дегеніміз, қасақаналық немесе абайсыздықпен бейнеленетін адамның өз іс-әрекетіне және оның нәтижесіне деген психикалық болып табылады.** Бұл анықтамадағы іс-әрекетке деген психикалық қатынас белгісі, адамның жасаған әрекеті немесе әрекетсіздігінің қоғамға қауіптілігін сезінуімен, одан белгілі бір зардаптар туындауы мүмкіндігін

көре білуімен, сондай-ақ қылмыскердің нәтижеге деген психикалық қатынасы қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің жасалуын немесе елеулі зардаптардың туындауын тілеу, сондай-ақ саналы түрде жол беру немесе зардаптың пайда болуына мән-мағынасыз, яғни бәрібір деп қарау немесе болдыртпаймын деп жеңіл ойлылықпен есеп жасау, зардаптың болу мүмкіндігін көре білуге мүмкіндігі, міндеттілігі болғанда, бірақ көре білмеуімен анықталады. Демек іс-әрекеттің орындалуына немесе зардаптың туындауына деген кінәлінің психикалық қатынастары кінә түрлерінде еріктілік және интеллектуальдық моменттері арқылы шешіледі.

Анығырақ айтқанда психикалық қатынас қылмыскердің кінә түрлерінің интеллектуальдық және еркін білдіру моменттеріне қатысты анықталады.

Қылмыс құрамының қоғамға қауіптілік дәрежелері кінә түрлеріне байланысты деп барлық жағдайда айтуға болмайды. Әрине қылмыс объектісіне, объективтік жақ белгілеріне байланысты ауырлататын белгілер қылмыскердің психикалық қатынастарынан шығатындықтан, бұл бір жағынан осылай болып көрінуі де мүмкін. Бірақ кінә түріне немесе кінә дәрежесіне байланысты қылмыстардың ауырлық дәрежелері анықталмайды. Кінәнің ең жоғарғы, қауіпті дәрежесі тікелей қасақаналық болып табылады, өйткені мұндай кінә түрінде қылмыскер іс-әрекеттің қауіпті екендігін, зардаптың туындайтынын біліп қана қоймайды, ол сонымен бірге осындай зардаптың болуын тілейді. Тікелей қасақаналықпен салыстырғанда жанама қасақаналықты дәрежесі бойынша сәл төмен деп бағалауға болады, себебі мұндай қасақаналықта қылмыскер зардаптың туындауын тілемейді, ол саналы түрде жол береді немесе зардаптың болуына мән-мағынасыз қарайды. Жанама қасақаналықпен салыстырғанда қылмысты менмендік дәрежесіне қарай жеңілірек кінә түрі ретінде бағалануы мүмкін, себебі менмендікте қылмыскер іс-әрекеттің қауіпті екенін және бұл әрекеттің зардапқа соқтыру мүмкіндігін көре біліп, бірақ басқа нәтежиеге жету үшін зардапты болдыртпаймын деп жеңіл ойлылықпен есеп жасайды. Сондай-ақ менмендікпен салыстырғанда қылмысты немқұрайлылықтың белгілері қауіптілік дәрежесі бойынша жеңілірек болып табылады, өйткені бұл кінә түрінде адам зардаптың туындау мүмкіндігін көре білуге міндетті және мүмкіншілігі болғаны үшін қылмысты деп танылады. Демек кінә дәрежесінің ең ауыр түрі тікелей қасақаналық, ал ең жеңіл түрі немқұрайлық болып шығады. Кінә түрін бұлай дәрежелеу қылмыстың құқықта қолданылмайды, себебі қылмыстардың қауіптілік дәрежесі мен сипаты кінә дәрежесі

бойынша барлық қылмыстар осылай болып келе бермейді. Мысалы ашу шегінен, қажетті қорғау шегінен шығып кісі өлтіру тікелей қасақаналықпен де жасалады. Мұндай жағдайларда қылмыс жасау кінәні және жауаптылықты жеңілдететін құрамдар түрінде бағаланады. Ал адамның өміріне зардап келтіру мүмкіндігіне мағанасыз қарап бұзақылық ниетпен өзге адамға қару жұмсағанда қылмыскерде жанама қасақаналық бола алады. Яғни қылмыскерге адам өлеме, өлмейме бәрібір болуы немесе ол жағын мүлдем ойламауыда мүмкін. Мұндай жағдайда қажетті қорғау шегінен шығып тікелей қасақаналықпен кісі өлтірген адамның қауіптілігінен жанама қасақаналықпен жасалған қылмыстың ауырлығы асып кетеді. Сондай-ақ немқұрайлықтың салдарынан ауыр апатты жағдайлар орын алуы мүмкін. Мысалы, жарылыс қауіпі бар объектілерде немқұрайлылықтың салдарынан жарылыс болғанда, оның зардаптары тікелей қасақаналықпен жасалған қылмыстардан асып кете алады. Сондықтан қылмыстың ауырлық дәрежелері барлық кездерде кінә, мақсат, ниет түрлеріне байланысты емес, ол өзге құрам белгілеріне де қатысты бола алады. Кінәнің қылмыстық құқықтағы басты ерекшеліктерінің бірі, ол қылмыстың жауаптылықтың бір негізі болып саналатын, субъективтік негізді білдіруі болып табылады.¹

Қылмыстың құқықтағы кінә түрлерін, яғни тікелей немесе жанама қасақаналық деген ұғымдарды кең ұғымдар деп санауға болады. Қылмыстың құқықтағы тек тікелей қасақаналықпен жасалатын қылмыстардағы әрекеттердің өзі, мағанасы бойынша нақты қасақаналықтарды білдіреді. Мысалы тонау қылмысында бөтеннің мүлкін ашық түрде қайтарусыз алу туралы қасақаналық болса, ал қорқытып алушылық қылмысында кінәліде қорқыту арқылы мүлікті немесе мүлікке құқық беретін құжатты талап етуге қасақаналық болады. Демек қылмыстардың қасақана немесе абайсыздықпен, олардың түрлерімен сипатталуын кінә мазмұны арқылы ашу керек. Бірақ кейбір әдебиеттерде айтылғандай, кінә нысанын әрі қарай кінә мазмұнына бөлудің еш қажеті жоқ. Объективтік жақ белгілері бірдей анықталатын қылмыстардың кінә нысаны баптың атауында тікелей көрсетілмегенде, кінә мазмұны бірдей анықталатыны белгілі. В.Н. Курдрявцев «әр қылмыстың субъективтік жағын тек қасақаналық немесе абайсыздық құрамайды, оны осы қылмысқа ғана тән белгілі бір ой мазмұнын қамтитын қасақаналық немесе абайсыздық құрайды. Мысалы тонау тікелей қасақаналықпен жасалған-

¹Утевский Б.С. Вина в советском уголовном праве. – М., 1950. С. 59.

мен, ондағы қасақаналықтың әйел зорлау қылмысындағы тікелей қасақаналықтан мазмұны бөлек деп»¹ қылмыстардың кінә нысаны бірдей болғанда, олар бәрібір кінә мазмұны бойынша бірдей болмайтындығын келтіреді.

Кінә мазмұнын кінә нысандарымен салыстырғанда кең ұғым ретінде қабылдауға болады, өйткені оған қылмыс жасалар алдында немесе жасау кезінде қылмыскер көре білген, оның қауіпті ойымен қамтылған, объективтік жақ белгілерінен басқа да жәбірленушіге, қылмыс объектісімен затына қатысты жағдайлар енеді. Сондықтан кінә мазмұны ретінде жасалған іс-әрекеттің елеулі құқықтық белгілерінің, оның қоғамға қауіпті салдары туындау мүмкіндігінің және қылмыс жасау жағдайының субъектінің санасында бейнеленуін түсіну керек.² Кінә мазмұнын дұрыс түсіну және оны Ерекше бөлімдегі қылмыстарда қолдану маңызды болып табылады. Қылмыстың құқықтық Ерекше бөлімінде әр қылмысқа құқықтық талдау берілу барысында кінә нысанын анықтау үшін, кінә мазмұнын бір қырынан қолданамыз. Бірақ адамның қылмысқа деген психикалық қатынастарын және іс-әрекеттегі кінә мазмұнын дұрыс аша білмеу себебінен, кейбір қылмыстардың қылмыстық құқық тұрғысынан кінә нысандарының анықталуы даулы болатын кездер болады.

Кінәнің нысандары қылмыскердің іс-әрекетіне және оның нәтижесіне деген психикалық қатынастарының түрлеріне қарай қасақаналық және абайсыздық деп бөлінеді, қылмыстық құқықта әртүрлі психикалық қатынастар адамның іс-әрекетіне және оның нәтижесіне қатысты интеллектуальдық және еріктілік моменттерімен түсіндіріледі. Қылмысқа квалификация жүргізу барысында бұл белгілердің анықталуының маңыздылығы ретінде қасақана немесе абайсыздықтағы қылмыстар деп бөлінгенде, осы интеллектуальдық және еріктілік моменттері қолданылатынын ескеру керек .

Қасақаналықтың өзі кінәлінің өз іс-әрекетіне және оның зардабына қатысты еркін білдіру түріне қарай тікелей және жанама қасақаналық деп бөлінеді. Қылмыстың заңының 20 бабының 2 бөлімінде «Егер адам өз іс-әрекетінің қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамға қауіпті зардаптары болуының мүмкін екенін немесе осы зардаптардың болуын тілесе, тікелей қасақаналықпен жасалған қылмыс деп танылады» дей

¹Кудрявцев В. Н. Аталған еңбекте. С. 154.

²Дагель П.С. Динамика умысла и ее значение для квалификации преступлений. / Советская юстиция. 1971, № 17. С.25.

отырып анықтама берген. Бұл анықтамада психикалық қатнастардың үш түрі келтірілген. Олар адамның іс-әрекетінің қауіпті екенін сезінуі немесе ұғынуы, екіншісі зардаптың туындау мүмкіндігін немесе болмай қоймайтын алдын-ала білуі немесе көре білуі, үшіншісі зардаптың болуын тілеуі. Бірінші және екінші кезекте келтіріліп отырғандар интеллектуалдық белгілер болып табылады, яғни қылмыс жасау жағдайында кінәлінің объективтік жағдайлар туралы хабардарлық дәрежесін білдіреді, ал үшінші кезекте айтылып отырған «тілеу» еріктілік белгісін білдіреді немесе адамның шешімін көрсетеді. Уақыты бойынша интеллектуальдық белгілер зардап туындағанға немесе қылмыстың жасалуын білдіретін әрекет орындалғанға дейін анықталады. Ал еріктілік белгісі қылмыс жасау әрекетін орындау немесе зардаптың туындау уақытында болады.

Жанама қасақаналықтың тікелей қасақаналықтан айырмашылығы еріктілік моментінде, яғни зардаптық болуын тілемесе де оған саналы түрде жол беруінде немесе немқұрайлы қарауында болып табылады.

ҚК 20 бабында берілген тікелей және жанама қасақаналықтар анықтамаларының мазмұнына назар аударсақ, онда бұл анықтамалар тек материалдық құрамдағы қасақаналықтың түсінігіне арналған тәрізді. Өйткені қоғамға қауіпті зардаптардың болу мүмкіндігін көре білуі және осындай зардаптың туындауын тілеу немесе саналы түрде жол беру деген белгілер кінәлінің тек зардапқа қатысты психикалық қатынастарын анықтауға арналғандығын көрсетіп тұр. Ал іс-әрекетке қатысты психикалық қатынастыр – тек адамның өз іс-әрекетінің қоғамға қауіпті екенін сезіну түрінде берілген.

Формальдық құрамдарда интеллектуальдық және еріктілік моменттер тек қылмысты іс-әрекетке деген кінәлінің психикалық қатынастарымен анықталады, яғни формальдық құрамдарда қылмыскер өз іс-әрекеттінің қауіптілігін сезінеді және осындай іс-әрекеттердің жасалуын тілейді немесе міндетті әрекеттің орындалуынан саналы түрде бас тартады. Формальдық құрамдарға жататын қылмыстар тек ғана тікелей қасақаналықпен жасалады деген пайымдау кездеседі.¹ Шынында да моральдық зардаптар қарастырылған басқа формальдық құрамдарда қылмыстың аяқталуы және қасақаналығы заң бойынша қылмысты деп тиым салынған іс-әрекетті жасау немесе жасамау туралы шешімімен, еркімен анықталады.

¹ Гаухман Л.Д. Аталған еңбекте. С. 153-154.

Қасақаналықтың түрлері қылмысты квалификациялауға әсер етеме деген сұрақ туындайды. Кейбір қылмыстардың кінә нысаны бойынша тек тікелей қасақаналықпен жасалатындығы белгілі, мысалы ұрлық, тонау, қарақшылық, алаяқтық, әйел зорлау т.б қылмыстар. Бұл жағынан алғанда, яғни кейбір қылмыстардың тікелей қасақаналықпен қылмыстық құқықта сипатталуы квалификация мәселесіне әсер етеді. Мысалы жоғарыда аталған қылмыстар жанама қасақаналықпен жасалуы мүмкін емес. Екінші жағынан бұдан бұрынғы бөлімде айтқандай, заңның ешбір бабы «тікелей қасақаналықпен жасалған әрекеттер» деп баптың атауында немесе диспозициясында қылмысқа түсіндірме бермейді. Заң кең ұғымды пайдаланады. Мысалы 96 бап, «... құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру». Демек заң жанама қасақаналықтың осы қылмыста кездесу мүмкіндігін шектемейді.

Кінәнің тікелей қасақаналық түрі қылмыс қатысушылықпен жасалғанда (онда да барлық қатысушылар қылмыстың орындалуына мүдделі болғанда), қылмыс жасау туралы ой кінәліде алдын –ала пайда болғанда, сондай-ақ қылмысқа оқталу немесе даярлану орын алғанда міндетті түрде кездеседі.

Мысалы 2001 жылы 24 қаңтарда Ц. өзара ұрыс-керіс жағдайында Н-ның кеудесіне екі рет пышақ ұрып, оның денсаулығына ауыр дәрежелі зардап келтіреді.

Жамбыл облыстық соты Ц-ның әрекетін 96 баптың 1 бөлімімен (кісі өлтірудің жай түрі) және 24 баптың 3 бөліміне (қылмысқа оқталу) сілтеме жасай отырып квалификациялайды.

Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының қылмыстық істер туралы алқасы бұл квалификацияны өзгертіп, ҚК 103 бабынның 1 бөлімімен денсаулыққа ауыр дәрежелі зардап келтіру деп бағалайды және қайта квалификация жүргізу себебін былай түсіндіреді. Ц бірінші рет пышақ салғанда денсаулыққа ауыр, ал екінші рет салғанда жеңіл дәрежелі зардаптар келтірген және жаракат келтірілгенен кейін де таң атқанға дейін бір пәтерде бірге болған. Осыған байланысты Ц-да кісі өлтіру қасақаналығы болса, оған оны аяғына дейін жеткізуге ешқандай кедергі болған жоқ, сондай-ақ ҚК 24 бабының 3 бөліміне сәйкес, қылмысқа оқталу тек тікелей қасақаналықпен жасалады, ал пышақты жәбірленушіге салу арқылы Ц. ешқандай арнайы мақсат көздемеген. Ол өз әрекеттерінің салдарына мағынасыз қараған деп түсіндірме береді.¹ Бұл мы-

¹ Судебная практика по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан. С. 74-75.

салға сүйенсек, онда қылмыскердің қасақаналығының түрі қылмыс жасау кезінде қандай түрде болғандығы қылмыс уақиғасынан кейін де анықталына алады. Бұл қасақаналықтың кісі өлтіруге оқталу немесе денсаулыққа қасақана ауыр зардап келтіру екендігі, ол қылмыс жасау әрекеттерінен кейінде қылмысын аяғына дейін жеткізу мүмкіндігінің болуына байланысты емес, іс-әрекет жасау кезіндегі зардапқа қатысты психикалық қатынасының түрімен шешілуі керек. Жоғарыдағы мысалда Ц. кісі өлтіру қылмысын білдіретін әрекеттерді жасаған, бірақ ондай зардап туындамай тұрып қылмысты аяғына дейін жеткізуден бас тартқан. Бірақ әрекеттерінде басқа қылмыстың яғни, денсаулыққа зиян келтірудің құрамы болғандықтан 103 баптың 1 бөлімімен квалификациялануы дұрыс. Қылмыстық құқық теориясында қасақаналықты тікелей және жанама деп бөлуден басқа, **пайда болу уақытына қарай алдын-ала пайда болған және кенеттен пайда болған қасақаналықтар, анықталу дәрежесіне қарай анықталған және анықталмаған қасақаналықтар деп бөлу кездеседі.** Кенеттен пайда болған қасақаналықтың бір түрі аффектілік қасақаналық болып табылады.

Қасақаналықты мұндай пайда болу уақытына және анықталуына қарай келтіру қылмыстық құқықта заңды негізде қолданылмайды. Оның себебі мұндай түрлердегі қасақаналықтардың кінәлінің іс-әрекетке және оның зардабына деген психикалық әр түрлі қатынастарын, сондай-ақ интеллектуальдық және еріктілік моменттерін қамти алмауына байланысты болып табылады. Мұндай қасақаналық түрлерінің қылмыстық құқықта өмір сүруінің себебі қарапайым, яғни қасақаналықтың пайда болу кезеңіне және нақты анықталу дәрежесіне қарай осындай түрлерге бөлуге де болады. Шындап келгенде бұл қасақаналықтар тікелей және жанама түрдегі қасақаналықтардың басқа қырынан қарағандағы түрлері деп түсіну керек. Мысалы алдын-ала пайда болған қасақаналық барлық жағдайда тікелей қасақаналықты білдіреді. Қылмыс жасау туралы ниет алдын-ала пайда болғаннан немесе күні бұрын жоспарланғаннан кейін, қылмыскердің қандай әрекетті қалай жасайтындығы, не үшін осы қылмысты істейтіндігі қандай зардапты келтіретіні белгілі болады. Бұл тікелей қасақаналық. Алдын-ала пайда болған қасақаналық қылмысқа даярлау болғанда немесе топ адамдар түрінде, ұйымдасқан топ немесе қауымдастық нысандарында қылмыс жасағанда міндетті түрде болады. Сондықтан тікелей қасақаналық түрінде бағаланатын алдын-ала қасақаналықпен қылмыс жасалғанда, ол қылмыстық құқықта тікелей қасақаналықпен жасалады деп танылатын қылмыстарды квалификациялауда ескеріледі.

Кенетен немесе аяқ астынан пайда болған қасақаналық тікелей және жанама қасақаналық түрінде кездесе алады. Мұндай қасақаналықта кінәліде тек қылмыс жасау туралы ой алдын- ала пайда болмайды, онда қылмыс жасау туралы шешім аяқ астына пайда болады. Мысалы ұрлық жасау туралы ой ұрыда ыңғайлы сәтті көруге байланысты кенеттен пайда болуы мүмкін. Бұл тікелей қасақаналық. Ал жанама қасақаналықта кінәлінің зардапқа деген психикалық қатынасы саналы түде жол беру немесе зардаптың болуына көз қарасы бәрібір деген сияқты сипатта болады, бұл көпшілік жағдайда аяқ астынан пайда болған қасақаналықта болады.

Анықталған қасақаналықта қылмыскер қоғамға қауіпті әрекетті не үшін, қандай мақсатқа жету үшін жасайтындығы белгілі болады және зардаптың қандай түрі келетінін біледі. Сондықтан анықталған қасақаналықтың мазмұны тікелей қасақаналықты қамтиды. Анықталған қасақаналықтың бір түрі балама қасақаналық болып табылады. Балама қасақаналықта кінәлі жасаған іс-әрекетінің түріне, мағынасына және бағытына байланысты қандай зардаптардың туындайтынын көре біледі, яғни бір зардап болмаса, онда екінші бір зардап болатынын біледі. Мысалы адамның өмірі үшін маңызды деп танылатын дене мүшесіне қару қолданғанда, жәбірленушінің я өлетінін немесе өлмеген жағдайда денсаулығына зиян келетінін біледі. Мұндай жағдайды тікелей қасақаналыққа жатқызу себебіміз, ол қылмыскердің екі зардаптың біреуінің болатындығын біліп, оның болуын тілеуіне байланысты болып табылады.

Анықталмаған қасақаналықта кінәлі зардаптың болуын немесе болмауын санасында анықтамайды, ол қауіпті әрекеттер жасай отырып зардаптың туындауына саналы түрде жол береді. Бұл жанама қасақаналықты білдіреді. Анықталмаған қасақаналық тікелей немесе жанама қасақаналық түрінде бола алады деген көзқарас кездеседі.¹ Бірақ олар дәлелдеп көрсетпегеннен кейін, біз анықталмаған қасақаналық жанама қасақаналықты білдіреді дейміз.

Анықталмаған қасақаналықта кінәлінің іс-әрекеті нақты туындаған зардап түрін қарастыратын қылмыс түрімен квалификацияланады. Кінәлінің қасақаналығының түрі негізінен зардапқа деген қатынасымен анықталады, себебі қасақаналықтың түрлерінің және қылмысты менмендіктің де интеллектуалдық белгілері бірдей деуге болады. Сондықтан зардаптың болуын немесе болмауын кінәлі өз ойында нақтыламағанда немесе кем дегенде екі зардаптың бірінің болуын тіле-

¹ Гаухман Л.Д. Аталған еңбекте. С. 157.

мегенде, яғни қасақаналығының бағыты белгісіз болғанда туындаған зардап түрін қарастыратын қылмыс түрі бойынша квалификациялу керек.

Нақты қылмыс құрамдарындағы кінәнің нысанын қалай анықтауға болады дегенде, заңда мынадай үлгілер келтіріледі.

- Бабтың атауында немесе диспозициясында тікелей көрсетіледі. Мысалы 134 бап. Баланы қасақана ауыстыру.

- Қолданылып отырған терминен шығады. Мысалы диспозицияларда үнемі, өз бетінше, көрінеу, кәнігі түрде деген ұғымдар қолданылады.

- Қылмыстың мақсатымен ниетінің түрін білдіретін белгімен анықталады. Мысалы пайдақорлық, қанды кекті қайтару, бұзақылық, қоғамды үрейлендіру т.б. **Бабтардың диспозициясында мақсатпен ниеттің арнайы түрі көрсетілгенде, қылмыс қасақаналықпен сипатталады деп түсіну керек. Өйткені заң абайсыздықтағы ниеттер мен мақсаттарды келтірмейді.**

- Объективтік жаққа қатысты белгілерді талқылау арқылы анықталады.

Қылмысты субъективтік жағы бойынша ажыратудың негізгі критерийі кінә нысандары болып табылады. Мысалы қасақаналықпен немесе абайсыздықпен бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру қылмыстарын қарастыратын 187 және 188 бабтардың айырмашылығы тек кінә нысандарында болып табылады. Бірнеше қылмыс құрамдарының объектісі, объективтік жағы және субъектісі бірдей болғанда олар өзара субъективтік жағының белгілеріне қарай ажыратылады. Бірақ бұл белгімен кез – келген кінә нысандарымен жасалатын қылмыстар ажыратылмайды Қылмыстың заңдағы кейбір қылмыстар субъективтік жағынан қасақаналықпенде, абайсыздықпенде жасалады, мысалы 137 баптағы кәметке толған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамау және 172 баптағы мемлекеттік құпияларды заңсыз алу және жариялау.¹

Заңдағы қылмыс түрлерінің тек қасақаналықпен, ал кейбір қылмыстардың қасақаналықпен де, абайсыздықпен де жасалатындығын білу қылмыс құрамының бар жақтағын анықтауда және квалификация жүргізу кезінде маңызды болып табылады. Себебі қылмыстық құқықтық ереже бойынша тек қасақаналықпен жасалатын әрекет абайсыздықта жасалса онда, мұндай әрекеттің абайсыздықтағы

¹ Мемлекеттік құпияларды заңсыз жариялау қылмысы тек қасақаналықпен жасалады деген көзқараста кездеседі. Мысалы, Уголовное право Российской Федерации. Особенная часть. –М., 1966. С. 380.

қылмыс ретінде қарастырылмауына байланысты қылмыс құрамы жоқ болып табылады. Мысалы баланы ауыстыру қылмысы субъективтік жағынан қасақаналықпен сипатталады, ал егер баланы абайсызда ауыстырып алса, онда қылмыс ретінде бағаланбайды. Өйткені заңда мұндай қылмыс жоқ.

Кейір қылмыстардың қасақаналықпен де, абайсыздықпен де жасалатындығын квалификация жүргізуші субъект өз бетінше анықтай алмайды және сонымен қатар іс-әрекеттің әлеуметтік тұрғыда қауіптілігін, оның белгілі бір зиянды салдары болатындығын және заңменен қорғалатын объектілердің бұзылатындығын көру арқылы қылмыс деп анықтауға құқы жоқ. Мұндай болғанда қылмыстың заң бойынша қасақаналықпен жасалатын әрекеттердің кейбірулері үшін абайсыздық орын алуына байланысты қылмыстық жауаптылықты қолданған болар едік. Қылмыстық заңдағы кейбір қылмыстардың қасақаналықпен де, абайсыздықпен де жасалатындығын белгілеу, ол тергеуші, соттардың емес, заң шығарушының, заңға түсіндірме берушінің міндеті болып табылады. Құқық қолданушылармен заңға түсіндірме берушілердің арасында кінә нысаны туралы алауыздық болмау үшін және іс-әрекеттің тек қасақана жасалғанда ғана қоғамға қауіптілігі жоғарғы болатындығын көрсету үшін баптың атауында кейде кінә нысаны белгіленеді.

Кейбір қылмыс түрлері бойынша тек қасақаналықтың белгіленуі, ол абайсыздықта мұндай әрекеттер жасалғанда заңмен қорғалатын қатынастар бұзылғанмен, іс-әрекет қоғамға қауіпті болып саналғанмен, бірақ жауаптылықты белгілеудің субъективтік негіздерінің төмен болуына, яғни абайсызда жасаған мұндай әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту тым қаталдықты білдіреді деген пайымдау, бағалау болуына байланысты. Мұның дәлелі ретінде қылмыстық заңда материалдық зардаптар келтірілген абайсыздықтағы әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық көрсетілуін келтіруге болады. Яғни кінәнің абайсыздық нысанымен сипатталатын формальдық құрамдар қылмыстық құқықта кемде-кем. Мұндай абайсыздықпен жасалатын формальдық құрамдарды тек қоғам қауіпсіздігіне қарсы сипатталатын қылмыстардың ішінен тек 244 баптың 1 бөліміндегі атом энергетикасы объектілерінде қауіпсіздік ережелерін бұзу, 247 баптың 1 бөліміндегі жарылыс қаупі бар объектілерде қауіпсіздік ережелерін бұзу қылмыстарынан ғана кездестіруге болады.¹ Бұл қылмыс түрлеріне абайсыздықтың қылмыс-

¹ Макуха А.Д. Уголовное право Республики Казахстан. Особенная часть, Ч 2. С. 137-149.

ты менмендік түрі тән болып табылады, себебі мұндай қауіпті мекемелерде жұмыс істейтін адамдар мамандығына байланысты өз қызметінің тәртібін, қауіптілік ережелерін жақсы біледі, бірақ өзге нәтижелерге, жетістіктерге жату мақсатында жұмыс істеудің қауіпсіздік ережелерін бұзуы әбден ықтимал. Бұл қылмыстарда кінәлінің іс-әрекетке деген психикалық қатынасы қасақаналықпен анықталады. Зардапқа соқтырмаған, бірақ ауыр зардаптарға соқтыруы мүмкін қасақана әрекеттердің абайсыздықпен сипатталатын формальдық құрамға жатқызылу себебі, ол бұл құрамдардағы қасақана әрекетке деген психикалық қатынастың зардаптың болуын тілемеуінде немесе саналы түрде жол беру, мән-мағанасыз қараудың болмауында деп түсіну керек. Яғни мұндай мекемедегі адамдар қасақана қауіпсіздік ережелерін бұзу әрекетін жасағанмен, зардаптың болуын тілемейді немесе оған немқұрайлы қарамайды. Бұл менмендікті білдіреді.

Абайсыздықпен жасалған қылмыстардың қасақана жасалған қылмыстармен салыстырғанда қауіптілік дәрежесі төмен деп бағаланады.

Сондықтан ҚК 10 бабында келтірілгендей, абайсыздықтағы қылмыстар ауыр немесе аса ауыр санаттарға жатқызылмайды. Абайсыздықтағы қылмыстардың қоғамға қауіптілігі негізінен материалдық зардаптардың туындауымен айқындалады. Әдетте зардаптарға соқтырмаған абайсыздықтағы әрекетер жауаптылықтың объективтік негіздерінің жеткілікті болмауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық ретінде бағаланады.

Абайсыздықтағы кінәнің түрлері менмендік және немқұрайлық түрінде кездеседі. Қылмыстық заңның 21 бабына сәйкес, егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екенін алдын –ала білсе, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңіл-тексіз болғызбау мүмкіндігіне сенсе, қылмыс менмендікпен жасалған деп танылады. Қылмысты менмендіктің интеллектуальдық белгілері кінәлінің өз іс-әрекетінің қоғамға қауіпті екенін сезінуі және одан белгілі бір зардаптардың туындау мүмкіндігін көре білуі түрінде анықталады. Ал еріктілік белгісі ретінде кінәлінің басқа нәтижеге жету үшін зардаптарды болдыртпаймын деп әрекеттер жасауы алынады.

Қылмысты менмендікпен жанама қасақаналық бір-бірімен ұқсас, олардың айырмашылығы еріктілік моментін сипаттайтын белгілерінде болып табылады. Бұл кінә түрлерінің интеллектуальдық белгілері тек атауына қарай ұқсас деуге болады, ал тереңірек қарағанда онда жанама қасақаналықтағы интеллектуальдық белгі болып табылатын «адамнаң өз

әрекетінің қауіптілігін сезінуі, одан белгілі бір зардаптар туындауы мүмкін екенін көре білуі» қылмыс жасауға тікелей бағытталған әрекетті білдіреді. Ал қылмысты менмендіктің тап осылай анықталатын интеллектуальдық белгілері қылмыс жасауға тікелей бағытталмаған әрекеттер болып көрінеді.

Қылмысты менмендікте интеллектуальдық және еріктілік белгілері бірін –бір толықтырушы белгілер болып саналады. Өйткені адамда жеткілікті негіздердің болуы немесе жеңіл ойлылықтың болмауы, ол адамның жасаған әрекетінің қауіпті екендігін, зардап келтіру мүмкіндігін көре білу деген белгілерді жояды. Яғни адам зардап туындағанмен жеткілікті негіздермен, жеңіл ойлылықсыз әрекет жасаса, онда әрекеттің қауіптілігін, зардаптың туындау мүмкіндігін көре білу деген интеллектуальдық моменттің белгілеріде болмайды.

Абайсыздықпен қылмыс жасаудың келесі түрі немқұрайлылықты қылмыстық заңның 21 бабының 3 бөлімі «Егер адам қыжетті ұқыптылықпен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын бола тұра өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіпті зардаптарының болу мүмкін екенін болжап білмесе, қылмыс немқұрайлылықпен жасалған деп танылады», - деп анықтайды. Абайсыздықтың бұл түріндегі кінәлінің өз іс -әрекетінің қоғамға қауіпті екенін және зардапқа соқтыру мүмкіндігін көре білмеуін интеллектуальдық белгі ретінде бағалауға болады. Ал қажетті ұқыптылықпен сақтық болғанда зардаптың туындау мүмкіндігін болжауға тиісті және болжауға мүмкіндігі болуы еріктілік моментін білдіреді. Немқұрайлылықтағы интеллектуальдық және еріктілік моменттері, қасақаналық түрлерінің және менмендіктің осындай моменттеріне ұқсамайды. Немқұрайлылықта еріктілік моменті ретінде кінәлінің міндеттілігі немесе мүмкіншілігі бола отырып зардаптың алдын алуға тиіс әрекеттерді орындамауы, ал зардаптың болуы мүмкін жағдайда әрекет жасауға міндеттілігін және мүмкіншілігін орындамауы танылады. Немқұрайлылықтың еріктілік моменті кінәлінің зардапқа қатысты абайсыздықтағы шешімін немесе іс-әрекеттің заңға қайшы түрде болуымен анықталады деп түсіну керек.

Абайсыздықтың бұл түрінің интеллектуальдық моментті кінәлінің осындай зардаптар туындаса қоғамға қауіпті екендігін білуімен және ондай зардаптардың алдын алуға немесе болдыртпауға мүмкіншілігінің, міндеттілігінің болуымен анықталады.

Абайсыздықтағы кінә түрлерінің қылмыстық заңда өмір сүру себебі, ол адамның өзгелермен бірге өмір сүруіне, сондай-ақ қоғамдық құнды-

лықтар бар жерге тіршілік етуіне байланысты мұқияттылықты талап ету болып табылады.

Мұндай мұқияттылықты сақтамай, қоғам мен адамзаттың құндылықтарына елеулі зиян келтіргенде кінәліге қойылатын талаптар бұзылып жауаптылық туындайды. Адамға өз қимылына жауаптылықпен қарау, тек қызметіне байланысты ғана емес, сондай-ақ өзге адамдардың өмірімен денсаулығына, меншігіне, қоршаған ортаға қатысты да талап етіледі. Сондықтан абайсыздықпен жасалған қылмыстыр қылмыстық заңның көптеген тарауларында, мысалы жеке адамдарға, меншікке, қоғам қауіпсіздігіне, көлік қозғалысының қауіпсіздігіне, экологиялық қауіпсіздікке қарсы қылмыстарда кездеседі.

Қылмыстық заңның 19 бабының 4 бөліміне сәйкес, «абайсызда жасаған әрекет осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында арнайы көзделген жағдайда ғана қылмыс деп танылады». Жоғарыда келтірілген 244,245,246 ,249 бабтардың 1 бөлімінің диспозицияларында абайсыздық белгісі келтірілмеген. Демек 19 бабтың ережесіне сүйенсек, онда бұл қылмыстардың 1 бөлімде қарастырылған құрамдары қасақаналықпен жасалған қылмыстар ретінде танылуы керек. Ал бұл бабтардың екінші бөлімдерінде абайсыздықта ауыр зардаптарға немесе кісі өліміне соқтырған әрекетер үшін жауаптылық қарастырылған. Мұндай жағдайда екінші бөлім бойынша қарастырылатын құрамдар кінәнің аралас нысанымен жасалған қылмыстар болып шығады. Яғни 1 бөлімде қасақана кінә нысаны болса, екінші бөлімдегі абайсызда ауыр зардаптарға соқтырған қасақана түрде жасалған әрекеттер кінәнің аралас нысанын білдіреді және қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтіру, әйел зорлау, нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану, қарақшылық, кепілге алу, адамды ұрлау сияқты қасақана жасалатын қылмыстардың абайсыздықта адам өліміне соқтыруынан ешқандай айырмашылығы болмай шығады.

Мұндай пайымдаумен бұл мәселені шешуге болмайды. Ең алдымен 19 бабтың 4 бөлімге сәйкес, заңның Ерекше бөліміндегі қылмыстарды субъективтік жағынан абайсыздық сипатталады деп тану үшін баптың атауында немесе диспозициясында абайсыздықтың тікелей көрсетілуін қолдануды дұрыс деп бағалауға болады, егер қылмыстың абайсыздықпенде жасалу мүмкіндігін Ерекше бөлім баптары қажетті баптарда көрсетіп тұрса. Ал заңның Жалпы бөлімі мұндай ережені талап еткенмен, бірақ Ерекше бөлім баптары абайсыздықпен де жасалуы мүмкін қылмыстарда бұл кінә нысанын тікелей көрсете алмаса, онда заң шыға-

рушының Ерекше бөлімдегі қылмыстардың кінә нысанын дұрыс анықтағанына күмән келтіруге болады. Былай қарағанда 19 баптың 4 бөліміндегі ереженің өмір сүруін, қойып отырған талабын дұрыс деуге болады, өйткені заңның мұндай нақтылыққа баруы арқылы практика қызметкерлерінің әр келкі жұмыс істеуі, дәлірек айтқанда кейбір қылмыстардың абайсыздықпен де жасалатындығын өз бетінше анықтауы шектеледі. Нәтижесінде заңда баптарында абайсыздық тікелей көрсетілмеген әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық туындамайды. Бірақ заңның осындай ереже келтіруі, заң шығарушының жұмысына екі есе міндет жүктейді. Яғни заң шығарушының абайсыздықта жасалуы мүмкін қылмыстық іс-әрекеттерді көре білуге міндеттілігі туындайды. Мұндай кезде іс-әрекеттің қасақана ғана емес, абайсыздықпен жасалуында көре білуін аса қиындық тудырмайды. Қиындық абайсызда жасалған осындай әрекеттердің қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтауда, субъективтік негізде адамды қылмыскер деп танудың негіздерін белгілеуде, яғни қылмыстық-құқықтық шектеу қоюдың барлық негіздерінің бар – жоқтығын анықтауда болады.

Жоғарыда аталған тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде, жарылыс қауіпі бар объектілерде радиоактивті материалдармен жұмыс істеу немесе қауіпсіздік ережелерін абайсыздықта бұзудың орын алу ықтималдығы аз, өйткені мұндай мекемелерде жұмыс істейтін адамдар өз қызметінің міндеттерін, қауіпсіздік ережелерін жақсы біледі. Бірақ кінә нысаны негізінен интеллектуальдық моментіне қарай емес, еріктілік моментінің белгілеріне қарай ажыратылады, яғни мұдай өндірістерде жұмыс істейтін адамдар қауіпсіздік ережелерін қасақана бұза отырып, зардаптың болуын тілемейді немесе саналы түрде жол бермейді. Кінәлі мұндай әрекеттерді жасағанда басқа оң нәтижеге жету үшін қасақана әрекеттер жасайды. Бұл менмендік. Ал бұл қылмыстарды қасақана түрде жасалатын қылмыстар деп бағаласақ, яғни кінәлі зардаптың туындауын тілейді немесе оның болуына мән-мағнасыз қарайды, саналы түрде жол береді деп анықтасақ, онда бұл қылмыстардың диверсиядан қандай айырмашылығы болады. Радиоактивті материалдармен жұмыс істеу немесе жарылыс қауіпі бар объектілерде қауіпсіздік ережелерін бұзуды қасақаналықпен жасалатын қылмыстар дегенде қылмыстың объектісі қоғам қауіпсіздігі ғана емес, мемлекеттің қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілеттілігі болып бағалануы тиіс болады. Бұл біріншіден, радиоактивті материалдармен жұмыс істеу, жарылыс қауіпі бар объектілерде қауіпсіздік ережелерін бұзу абайсыздықпен

жасалғанда 246, 249 баптармен емес, 152 баппен еңбекті қорғау ережелерін бұзу деп квалификациялану керек деп пайымдауға болмайды. Себебі біріншіден радиоактивті материалдармен жұмыс істеу, жарылыс қауіпі бар объектілерге ауыр зардаптарға соқтыру мүмкіндігі бар қауіпсіздік ережелерін бұзу қасақана жасалса да, абайсыздықпен жасалса да 152 баптағы «еңбек ету қауіпсіздігі» деген объекті ұғымына сыймайды, мұнда бәрібір қоғам қауіпсіздігіне қауіп туындайды. «Қоғам қауіпсіздігі» деген объект «еңбек ету қауіпсіздігі» деген объектіге қарағанда құндылығы, маңыздығы үлкен, кең ұғым болып табылады.

Екіншіден, еңбекті қорғау ережелерін бұзу қылмысы кінә нысаны бойынша абайсыздықпен сипатталатын материалдық құрам болып табылады. Ал қоғам қауіпсіздігіне қарсы бағытталған жоғарыда аталған қылмыстар 1 бөлімі бойынша формальдық құрамдар ретінде анықталған. Демек бұл қылмыстардың айырмашылықтары қылмыстың негізгі объектісінде ғана емес, құрамның конструкциясында да кездеседі. Сондықтан 19 бабтың 4 бөліміндегі ереженің талабы ҚК Ерекше бөлімінің баптарында толық сақталмаған деуге болады.

Абайсыздықпен жасалатын қылмыстар үшін жауаптылық зардаптың орын алуына байланысты, ал формальдық құрам ретінде анықталған абайсыздықтағы қылмыстар үшін қоғамға қауіпті іс-әрекет жасалған кезде белгіленеді және аяқталған қылмыс деп бағаланады. Абайсыздықпен жасалатын қылмыстарда қылмыс жасауға даярлау немесе оқтау сатылары болмайды, себебі абайсыздықпен іс-әрекет жасаған адамда қылмыс жасау туралы тілек, шешім алдын ала қалыптаспайды. Қылмыс жасау сатылары абайсыздықтағы қылмыстарға ғана емес, жанама қасақаналықпен жасалған қылмыстарда да орын алуы мүмкін емес. Қылмыстық кодекстің 24-бабының 1 және 3 бөлімдері бойынша қылмысқа даярлау және оқталу әрекеттері тікелей қасақаналықпен ғана жасалады. Ал жанама қасақаналықпен немесе абайсыздықтың кез-келген түрімен жасалған қылмыстарда кінәліде зардаптардың туындауын немесе қылмысты әрекеттің жасалуын тілеу болмайды. Мұндай кінә түрлерінде қоғамға қауіпті ой - ниет қылмыс уақиғасы жасалар алдында пайда болуы мүмкін, бірақ абайсыздықта жасалған қылмыстарда кінәлі басқа нәтижеге жетуге тырысады, ал жанама қасақаналықта қылмыскердің қылмыс жасауға деген ой-ниеті тұрақсыз және алдын-ала дайындалуды қажет етпейтін сипатта болады. Сондықтан қылмысты квалификациялау барысында 24 бапқа сілтеме жасау үшін қылмыстың кінәлінің еркіне тәуелсіз себептерге байланысты іске аспауын анықтап ғана қоймай, сонымен бірге кінәлінің ниетінде қылмысты әрекеттің

жасалуын, ал материалдық құрамдарда зардаптың болуын тілеу болған, болмағандығын анықтау қажет.

Абайсыздықпен жасалған қылмастар қатысушылыққа тән емес. Қылмыстық кодекстің 27 бабына сәйкес, «екі немесе оданда көп қасақана қылмысты қасақана бірлесіп жасауы қылмысқа қатысу деп танылады». Қылмысқа қатысушылықта абайсыздықтағы кінәнің болмау себебі, ол қатысушылардың көбінесе қылмыс жасалардан бұрын келісім жасауына байланысты емес. Қылмысқа қатысушылық алдын ала келісімсіз түрде қылмыс жасалар алдында немесе қылмыс жасау кезінде де орын алады.

Абайсыздықпен жасалған қылмыспен басқа бір адамның іс-әрекеті қандай да бір байланыста болғанда қылмысты орындаған, яғни қылмыстық құрамның объективтік жақ белгілерін орындаған адам ғана жауаптылыққа тартылады және орындаған іс-әрекетін қарастыратын баппен квалификация жүргізіледі.

Қылмыстық құқық теориясында абайсыздықтағы қылмысқа қатысушылықтың болу мүмкіндігін келтірген зеріттеушілер болған.¹ Олар орындаушының абайсыздықтағы қылмысқа қатысушылығымен қатар, азғырушылығының, көмектесушінің де абайсыздықтағы әрекеттерін келтіреді. Мысалы үш аңшы аңнан қайтып келсе жатып ауылына жақындағанда есігінің алдында трубкамен темекі тартып тұрған ауылдасын көреді. Бірінші аңшы қасындағы адамға «сен мергенісің ғой, ананың трубкасына атып тигізе аласың ба» деп азғырушылық әрекет жасайды. Екінші аңшы оқ мүлт кетпесін деп мылтыққа иығын қойып көмектесушілік роль атқарады. Үшінші аңшы мылтықты атқанда оқ трубкаға емес, адамның басына тиген. Яғни абайсызда қаза келтіру қылмысына абайсыздықта азғыру, көмектесу және орындау рольдері болған дейді. М.Д. Шаргородский мынандай мысал келтіреді. Екі жұмысшы ғимараттың төбесінен металл сынықтарын лақтырып жатып, қауіпсіздік ережелерін сақтамай, төменде өтіп бара жатырған адамға абайсыздықта жарақат келтірген дейді. Мынандай мысал келтіруге де болады. Бір адам өзімен жауласып жүрген адамды өлтіруді тілеп, бірақ мылтық таппай жүреді. Ол адамның бір танысы аңнан қайтып келе жатырып, оның үйіне соғып, бірге арақ ішеді. Артынан үйіне қайтар кезде мылтығын ұмытып ке-

¹Траинин А.Н. учение о соучастии. – М., 1941. С. 68, Шаргородский М.Д. Некоторые вопросы общего учения о соучастии / Правоведение, № 1, 1960. С. 84-97, Вышинский А.Я. Вопросы теории и государства и права. «Госюриздат» 1949. С. 115.

теді. Қару қолына түскеннен кейін үй иесі өштесіп жүрген адамды өлтіреді. Бұл мысалда кісі өлтіру қылмысына абайсыздықта көмектесу орын алған сияқты көрінеді, ал орындаушы қасақаналықпен қылмысты орындаған. Бұл сияқты мысалдар практикада кездескенде қылмысқа қатысушылық деп тануға болмайды. Себебі ҚК 27 бабындағы қылмысқа қатысушылықтың анықтамасында кінәнің қасақаналық нысанының екі рет көрсетілуінде, яғни қасақаналықпен жасалатын қылмыстарды қасақана түрде жасауында мағына жатыр.

Қылмысқа қатысушылардың бірі қасақана, екіншісі абайсыздықпен әрекеттер жасағанда олардың араларында қылмысқа қатысушылықтың бар-жоқтығын анықтауда міндетті белгі болып саналатын, «қылмысты ой-ниеттің бірлескен түрде» болуы және соған сәйкес іс-әрекеттердің де бірлескен түрде немесе күш біріктіріп орындалуы болмайды. Қылмысты ой-ниеттің, іс-әрекеттің бірлескен түрде болмағандығын былай дәлеледеуге болады. Қылмысқа қатысушылыққа жатпайтын абайсыздықтағы әрекеттерде қылмыстың болуын тілеп, қасақана әрекет жасаған адамнан абайсыздықта әрекет жасаған адамға байланыс болады. Яғни белгілі бір адамның абайсыздықпен зардап келтіруге бағытталған әрекетті орындауына себеп, қасақана тілек болған адамның әрекетіне байланысты болады. Ал абайсызда зардап келтірген адамда жағдайды толық түсіну болмайды, ол әрекеттің зардапқа соқтыратынын білмейді. Сондықтан абайсыздықта әрекет жасаған адамнан қасақана әрекет жасаған адамға кері субъективтік байланыс болмайды. Осы себептен орындаушы абайсызда, өзге адамдар қасақаналықпен зардап келтіргенде, қылмысты қасақаналықпен жасаған адамдар осы қылмыстың орындаушылары ретінде, абайсыздықпен зардап келтірген адам осы қылмыстың құралы ретінде қолданылған деп сананады. Жоғарыдағы мысалдағыдай біреу мылтығын ұмытып тастап кетіп, ол кейін қасақаналықпен жасалған қылмысқа пайдаланылғанда да бұл адамдардың араларында екі жақты субъективтік байланыстар болмайды, яғни мылтықты ұмытып кеткен адамнан қасақана кісі өлтірген адамға қатысты кісі өлтіру қылмысына деген өз-ара түсіністік, бірлескен қылмысты ниет, әрекет болмайды. Тіпті қаруды кісі өлтіру қылмысына пайдалансын деп әдейі ұмытып кеткенде де екі жақты субъективтік байланыстар болмайды. Мұндай жағдайда мылтықты әдейі ұмытып кеткен адамнан оны кісі өлтіруге пайдаланған адамға қарай бір жақты субъективтік байланыс болады. Яғни ол мылтықты не үшін әдейі тастап бара жатқанын, оның салдары неге соқтыратынын біледі. Ал мылтықты пайдаланған адам

оның әдейі ұмытып кеткенін білмейді, яғни қылмыстық ниетің, жасалған әрекеттердің өз – ара түсіністігі болмағандықтан мылтықты пайдаланған адамнан әдейі ұмытып кеткен адамға кері субъективтік байланыс болмайды. Олардың әрекеттері ҚК бір бабымен, 96 баппен квалификацияланады, бірақ қылмыс бірлесіп орындалмағандықтан қылмысқа қатысушылық болып саналмайды. Мұндай жағдайда мылтығын әдейі ұмытып кеткен адам кісі өлтіру қылмысын біреу арқылы орындаған болып танылады.

Жоғарыда келтірілген ереже-бірі қасақаналықпен, екіншілері абайсыздықпен әрекет жасайтын барлық жағдайларға ортақ квалификация ережесі болып табылады, бірақ абайсызда әрекет жасаған адамда барлық кезде қылмыс құрамы бола бермейді. Мысалы біреу екінші біреуге қылмыс жасап пайда табатын және қылмыс ашылмайтындай тәсілді жай әңгіме қылып айтуы мүмкін. Екіншісі мұны кейін қасақана түрде орындауы мүмкін. Мұндай жағдайдағы абайсыздықтағы азғырушылық әрекетінде қылмыс құрамы жоқ, өйткені мұндай жай әңгіме қылып айту біріншіден, қылмысқа азғыруға тікелей бағытталған әрекет емес, екіншіден қылмысты бірлескен түрде қатысып жасау орын алған жоқ. Сол сияқты жоғарыда айтылған үш аңшының темекі тартатын трубкаға тигіземін деп, абайсызда бөтен адамға зардап келтіру туралы мысалында адамдардың әрекеттерінің (абайсыздықтағы азғыру, абайсыздықтағы қылмысқа көмектесу және абайсыздықпен қылмысты орындау) арасында және туындаған зардаппен байланыс болғанмен қылмысқа қатысушылыққа жатпау себебі, ол қылмыстық заңның Ерекше бөлімінің баптарындағы жауаптылық, тек орындаушының әрекеттеріне белгіленуіне байланысты деп түсіну керек. Үш аңшының ішінен абайсыздықтағы қаза келтіру қылмысын орындаған адам ғана қылмыстық жауапшылыққа тартылады. Екіншіден бұл мысалда да және үй төбесінен металл сынықтарын лақтыру арқылы абайсызда бөтен адамға зардап келтіруде де екі жақты субъективтік байланыстар, яғни қылмыс жасауға деген ой түсіністігі мен іс-әрекетінің бірлестігі белгілері жоқ мұндай жағдайда да зардапты тікелей келтірген әрекет анықталып, абайсыздықтағы қылмыс түрі бойынша квалификация жасалады.

Соңғы кездерде абайсыздықпен қылмысқа қатысудың мүмкіндігін жанама түрде мойындайтын бағыт кездеседі. Бұл бағыт бойынша абайсыздықтағы бір неше адамдардың зардаптарға соқтырған әрекеттері қылмысқа қатысушылық емес, «абайсыздықпен бірге зардап келтіру» (неосторожное сопричинение) деп аталу керек және мұндай бағытты

ұсынушылар «ғылым мен техника дамыған заманда, адамдардың өз-ара араласуы жиілеген кезде бір неше адамдардаң салақтығы, жеңіл ойлылығы салдарынан ауыр зардаптар келтіруінің ықтималдығы жоғары және мұндай абайсыздықпен бірге зардап келтірудің қоғамға қауіптілігі де жоғары болады, сонымен қатар осындай әрекеттер қылмысты саралауда басқаша бағытты қажет етеді» дейді.¹

Бұл жерде біріншіден, абайсыздықта бірге зардап келтірудің болуы мүмкін бе және екіншіден, абайсыздықта бірге зардап келтірудің қылмысқа қатысушылықтан айырмашылығы қаншалықты деген сұрақ туындайды.

Өндірістерде немесе өзге де шаруашылық салаларында апатты жағдайлардың орын алуы жиі кездеседі десе болады және мұндай өндірістік апаттарда қауіпсіздік ережелерін сақтауға бір ғана адам емес, бір неше адамдар жауапты болуы мүмкін. Мекеме қаншалықты үлкен және қауіпті зардаптар келтіруге ықтималдығы жоғары болса, соншалықты ол мекемеде жауапты адамдар көп болуы мүмкін. Осындай мекемелерде, құрылыс саласында зардаптар туындағанда, осы апатты жағдайдың алдын алуға қызметі бойынша міндетті адамдар бір нешеу болғанда, олардың әр қайсысы өз қызметінің түріне қарай жауапты болады. Мысалы үлкен өндіріс орындарында техникалық қауіпсіздік ережелері бойынша жұмыс істейтін арнайы бөлім, инженерлер жұмыс істегенде, олардың әр қайсысы бір басшылыққа бағына отырып, осы зардаптың алдын алу жұмыстары бойынша міндетті болады. Бір неше адамдардың жауаптылығын өндіріс салаларындағы арнайы мамандардың қызметі бойынша ғана емес, қарапайым мысалдармен де келтіруге болады. М.Д. Шаргородскийдің жоғарыда келтірілген мысалын, яғни екі жұмысшының үй төбесінен металл сынықтарын төменге лақтырып жатқанда адамның үсітіне түсіп, адамның өміріне немесе денсаулығына зардаптар келтіруін алайық. Кейінгі зерттеулерде осы тәріздес жағдайларда зардап келтіргендік үшін бір неше адам емес, тікелей зардап келтірген адамның әрекеті анықтылуы керек және сол адам жауаптылыққа тартылады деген шешім қалыптасты. Біз осы мысалды сәл өзгертейік. Мысалы екі жұмысшы үлкен темірді екі жағынан ұстап тұрып лақтыру арқылы зардап келтірді дейік. Мұндай жағдайда екі жұмысшының қызметі бірдей дәрежеде, яғни олардың арасында біреуі зардапты көре білуге міндетті

¹ Курс уголовного право. Общая часть. Т-1/Под ред. Н.Ф. Кузнецовой, И.М. Тяжковой. –М., изд.Зерцало, 1999. С.394-396.

болмағанда, олардың екеуі де қоғамға қауіпті зардаптың туындауы мүмкін екендігін көре білуге мүмкіндігі болды деп саналады. Демек бұл екі адамның тек біреуі емес, екеуі де кінәлі деп танылады. Осы тұрғыдан алғанда бір неше адамдардың абайсыздықта зардап келтіруі мүмкін жағдай болып табылады. Бірақ екі немесе одан көп адамдардың абайсыздықпен келтірген зардаптары бірлескен түрде келтірілген деп бағалауға болмайды. Себебі бір неше адамдардың бірлесуі-бұл орындалатын әрекеттер туралы өз ара хабардар болуын, нақты бір мақсатқа жету жолындағы күш біріктірген және бір-бірінің әрекеттерімен саналы түрдегі байланыста болған әрекеттің сипатын білдіреді.

Абайсыздықта бірге зардап келтірудің мүмкіндігін мойындайтын болсақ, онда бұл ұғым абайсыздықтағы қылмысқа қатысушылықты білдіре ме немесе одан айырмашылығы бар бөтен ұғым ба деген сұрақ туындайды. ҚК 27 бабының атауы «қасақана қылмысқа қатысушылық» деп аталып тұрған жоқ, ол жай «қылмысқа қатысушылық» деп ғана аталған. Яғни кінә нысанынан басқа айырмашылығы байқалмайды. Егер осы тұрғыдан танитын болсақ, онда қылмысқа қатысушылықтың тек қасақаналықпен ғана емес, абайсыздықпен де жасалуына жол беруге болады. Абайсыздықта бірге зардап келтіру мен қылмысқа қатысушылықты бір қылмыстық құқықтық ұғым деп бағалау үшін кінә нысанынан басқа, қылмыстың бірлескен түрде жасалуын да табуымыз керек. Біздің ойымызша, екі немесе одан көп адамдардың абайсыздықта зардап келтірген іс-әрекеттерінде «бірлестік» белгісі, яғни саналы түрде белгілі бір қоғамға қауіпті деп танылған әрекеттерді жасауға және нақты бір зардаптардың туындауына бағытталған күш біріктіруі және бір-бірінің іс-әрекеттерімен себепті байланыста болуы орын алмайды. Абайсыздықпен бірге зардап келтіруде зардаптың алдын алуға міндетті немесе мүмкіндігі бар адамдардың барлығы да бірдей енжарлық немесе жалқаулық, сонымен қатар жеткілікті негіздерсіз зардап бола қоймас деп әрекетсіздік танытқанда, олардың арасында бірлесу белгісін білдіретін күш біріктіру және қылмыстың жасалуы үшін әр қатысушының өз үлесін қосуы деген тәрізді белгілер болмайды. Демек, абайсыздықта бірге зардап келтіруде «бірлесу» белгісі болмайды және осы себептен қылмысқа қатысу деген ұғымға да сай келмейді, сондықтан абайсыздықта бірге зардап келтіру қылмыстық құқықтың арнайы ережелерінің бірі ретінде танылып, жеке құқықтық институт ретінде заңға енгізілгенде абайсыздықта бірге зардап келтіргендік үшін жауаптылық қолдануға болады.

Қылмысқа қатысушылықтың басты ережесінің бірі, ол қатысқан барлық адамдардың іс-әрекеттері Қ.К бір бабы бойынша квалификациялануы болып табылады. Бұл қатысушылардың мақсатына кірген, барлығы бірлесіп орындаған қылмыстың түрі болып табылады. Ал қатысушылардың бірі қасақаналықпен, басқалары абайсыздықпен әрекеттер жасағанда, олардың іс-әрекеттері Қ.К әртүрлі баптарымен квалификацияланып, қылмысқа қатысушылықтың ережесіне сәйкес келмейді.

Қылмысқа қатысушылықты квалификациялау туралы басқа ережелер тиісті тарауда қарастырылады.

Қылмыстық заңдағы кейбір қылмыстық құрамдар субъективтік жағынан кінәнің қос нысанымен сипатталады. Кінәнің қос нысанымен анықталатын қылмыстардың бір ерекшелігі, ол мұндай күрделі кінәмен жасалатын қылмыстар Қ.К Ерекше бөлім баптарында тікелей келтіріледі. Келесі бір ерекшелігі, кінәнің екі түріменде жасалатын құрамдар қылмыстық кодексте негізгі құрамнан кейін жауаптылықты ауырлататын құрам ретінде қарастырылуы болып табылады.

Кінәнің қос нысанын Қ.К 22 бабы «егер қасақана қылмыс жасаудың салдарынан заң бойынша неғұрлым қатаң жазаға әкеп соқтыратын және адамның ниетімен қамтылмаған ауыр зардаптар келтірілсе, мұндай зардаптар үшін қылмыстық жауаптылық, егер адам олардың пайда болатынын алдын ала білсе, бірақ осыған жеткілікті негіздерсіз оларды болдырмауға менмендікпен сенген жағдайда немесе адам бұл зардаптардың пайда болуы мүмкін екенін алдын ала білмесе, бірақ болжауға тиіс және болжай алатын болған жағдайда ғана пайда болады» деп анықтаған.

Кінәнің қос нысанымен жасалатын қылмыстардың заңда өмір сүру себебі, ол кейбір қасақана жасалатын қылмыстарда қылмыскердің қоғамға қауіпті әрекеттерді өзі ойлаған, тілеген мөлшерденде ауыр зардаптарға соқтыру ықтималдылығы деп түсіну керек. Мысалы қарақшылық қылмысында күш қолдану жай түрде емес, адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті түрде болады. Егер қолданылған зорлық әрекеттер адамның өмірімен денсаулығына қауіпті болса, онда мұндай қылмыста жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына зардап келуі мүмкін. Қазіргі қылмыстық кодекстің бұрынғы қылмыстық кодекстен бір айырмашылығы және жетістігі, бұл қасақаналықпен қылмыс жасауға бағытталған әрекеттердің абайсыздықта одан да ауыр зардаптарға соқтыруы мүмкін қылмыс түрлерін анықтап, ол қылмыстарды қарастыратын баптарда кінәнің қос нысанымен жасалатын құрамдарды келті-

руінде. Заң шығарушының мұндай тәсілді жеткілікті қолдануы қылмысты квалификациялау жұмысына да тиімді деп бағаланады, яғни **заң нормаларын практикалық қызметте қолданушылар жасалған қылмыстың белгілерін толық анықтай отырып, кінәлінің қасақана қылмысы абайсыздықта ауыр зардаптарға соқтыруымен кездессе және мұндай әрекеттер заңда арнайы келтірілсе, онда Қ.К бір бабы көлемінде квалификация жүргізіледі.** Мұндай күрделі кінә нысандарымен сипатталатын қылмыстың орын алған, алмағанын білу үшін қылмыскердің іс-әрекетке деген және сонымен бірге осы қылмысқа әдетте тән емес, негізгі белгісі ретінде бағаланбайтын абайсыздықтағы ауыр зардапқа деген психикалық қатынастарын анықтау қажет. Анығырақ айтқанда, кінәнің қос нысанымен жасалған қылмыстарда қылмыстық заңда жеке-жеке қарастырылған екі қылмыстың белгілері болады, бірақ кінәнің аралас нысанын келтірген баптың бөлімінде бұл екі қылмыс белгілері бір құрам ретінде белгіленеді. Мұндай кінә нысанында жасалатын қылмыстар сондықтан қылмыстық құқықта бүтін норманың түрін білдіреді. Кінәнің екі түрлі нысанымен жасалатын қылмыстардың өзге, тек абайсыздықпен немесе қасақаналықпен, сондай-ақ қасақаналықпен де, абайсыздықпен де жасалатын қылмыстардан айырмашылығы, ол мұндай кінә нысанындағы қылмыстарда қасақаналықпен жасалған әрекеттердің бір қылмысты, ал абайсыздықта ауыр зардапқа соқтырған әрекеттердің екінші қылмысты білдіретіндігіне байланысты. Мұндай құрамда сондықтан тек екі кінә кездесіп қана қоймайды, сонымен бірге екі қылмыс объектісінде кездеседі деп түсіну керек. Мысалы қарақшылықта адамның меншігіне бағытталған, бірақ жәбірленушінің қайтыс болуына абайсыздықта соқтырмаған әрекет 179 баптың 1 бөлімімен, қасақаналық кінә нысанымен квалификацияланады. Ал 179 баптың 3 бөлімінің «б» пунктіндегі абайсыздықта жәбірленушінің өліміне соқтырған қарақшылықта екі қылмыстың белгілері толық бар. Яғни қарақшылық және абайсыздықта қаза келтіру қосылып, қарақшылық қылмысының жеке құрамы ретінде анықталған. Кінәнің қос нысанымен жасалған әрекеттерді қылмыстардың жиынтығымен квалификациялауға болмайды. Қарақшылық, бөтен адамның денсаулығына ауыр дәрежелі зардап келтіру, әйел зорлау, адам ұрлау тәрізді қылмыстар абайсыздықта жәбірленушінің қазасына соқтарғанда абайсызда қаза келтіруді арнайы қарастыратын 101 баппен қосып квалификация жасауға болмайды. Себебі жоғарыда аталған қасақаналықпен жа-

салатын қылмыстар кінәнің қос нысанын келтіретін 3 бөлімі бойынша абайсызда қаза келтіруді объектісі, объективтік жағы, субъективтік жағы және субъектісі бойынша толық қамтиды.

Қылмыс жиынтығын қылмыстық заң кейбір қасақана қылмыстарда абайсыздықпен ауыр зардапқа немесе кісі өліміне соқтыруды заң жүзінде арнайы қарастырмағанда ғана қолдануға болады. Мысалы қорқытып алушылықты қарастыратын 181 баптың бөлімдерінде абайсызда жәбірленушінің өліміне соқтырған әрекеттер келтірілмеген. Бірақ кінәлі мүлікті немесе мүлікке құқықты беруді талап ету кезінде жәбірленуші қарсылық көрсетіп, нәтижесінде жәбірленуші абайсыздықта қайтыс болса, онда қорқытып алушылық және абайсыздықта қаза келтіру қылмыстарымен қосып квалификациялау керек, өйткені 181 бап жәбірленушінің қазасын қарастырмайды.

Кінәнің аралас нысанымен жасалатын қылмыстар формальдық құрамдарда да, материалдық құрамдарда да кездесе алады. Негізгі құрамы формальдық құрамдар болып табылатын адамды ұрлау, әйел зорлау сияқты қылмыстарда кінәлінің іс-әрекетке деген психикалық қатынасында қоғамға қауіпті әрекеттің орындалуын тілеу болса, ал ол әрекеттен туындаған зардапқа деген психикалық қатынасында зардаптың болуын көре білуге мүмкіндігі бола отырып, көре білмеу немесе болдырмаймын деп жеңіл ойлылықпен есеп жасау болады.

Негізгі құрамы материалдық құрам болып табылатын 103 баптағыдай денсаулыққа қасақана ауыр зардап келтіру қылмысында екі зардап кездеседі. Бірінші зардапқа, яғни денсаулыққа деген психикалық қатынаста кінәлі адамда денсаулыққа зардап келтіруді тілеу немесе саналы түрде жол беру орын алса, ал жәбірленушінің абайсыздықтағы қазасына деген қатынас болуы мүмкін зардапты болмас деп есеп жасау немесе көре білуге мүмкіндігі болған зардапты көре білмеумен анықталады.

Кінәнің аралас нысанымен жасалатын қылмыстарды кейбір абайсыздықпен жасалатын қылмыстардан айыра білу керек. Сөз 256 баптағы тәрізді өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға жауапты адамның өз міндетін дұрыс орындамай абайсыздықта ауыр зардаптарға соқтыруы туралы болып отыр. Бұл қылмыстың кінәнің қос нысанымен жасалатын қылмыстармен ұқсастығы, ол әрекеттердің қасақана түрде жасалатындағы, ал зардаптың абайсыздықта туындайтындығына да болып табылады. Әрине заңда тікелей көрсетілгендей өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға міндетті адам бұл ережелерді бұзғанда қасақана бұзады, бірақ зардаптың болуын тілемейді немесе оған санылы түрде жол бермейді.

Ол басқа нәтижеге жету үшін зардаптың болуы мүмкін екенін біле отырып әрекеттер жасауы мүмкін. Ал бұл қылмыстың кінәнің қос нысанымен жасалатын қылмыстардан айырмашылығы, ол абайсыздықта зардапқа соқтырмаған өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу әрекеттерінің қылмыс болып саналмауында немесе әкімшілік құқық бұзушылық ретінде бағаланатындығында. Мұндай әрекеттер тек зардапқа соқтырған жағдайда ғана қылмыс деп танылады. Демек өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзуда іс-әрекетке деген қасақаналық қылмыс болып саналмайды, оның тек абайсыздық кінәсі ғана қылмыс деп танылады. Сондықтан бұл қылмыс субъективтік жағынан абайсыздықпен анықталады. Ал кінәнің қос нысанында екі кінәда қылмысты болып бағаланады, яғни жасаған қасақана әрекетте (мысалы адамды ұрлау) және одан туындаған абайсыздықта (жәбірленушінің қазасы) қылмыс деп табылады. Кінәнің қос нысанымен жасалатын қылмыстар бірден өзіне ұқсас екі қылмыс түрінен ажыратылады. Олар осы қылмысты қасақаналықта және абайсыздықта жасауды қарастыратын құрамдар болып табылады.

Кінәнің қос нысанымен жасалған қылмыстардың және олардың заңдағы бейнесіне зер салсақ, онда кінәліде алдымен қасақаналық одан кейін ғана абайсыздық орын алатынын байқауға болады. Кінә нысандарының мұндай кезеңдерінің тәртібі сақталмағанда, яғни керісінше болып, бірінші кезекті абайсыздық, одан кейін қасақаналық болғанда кінәнің аралас нысанымен жасаған қылмыс деп танылмайды. Себебі мұндай жағдайда абайсыздықта жасалған қылмысты әрекет қасақана түрде одан ауырырақ зардапқа жетелемейді, жол ашпайды. Бұл біріншіден, екіншіден олар бір қылмыс құрамы болып есептелмейді және бір әрекет емес, жеке-жеке жасаған қылмысты әрекеттерді білдіреді. Ал кінәнің қос нысанында жасалған іс-әрекеттер бір қылмыс құрамын білдіреді. Бірінші кезекте абайсыздық екінші кезекте қасақаналықтың орын алуы жағдайы кінәнің қос нысанымен жасалған қылмыс болып саналмайтынын мынандай мысалмен дәлелдеуге болады. Мысалы көлік жүргізуші көшеден өтіп бара жатқан адамды абайсыздықта қағып кетіп, адамның қазасына соқтыратын әрекет жасайды. Бұл абайсыздықтағы қылмыс. Мұнан кейін ол жауаптылыққа тартылудан қорқып, одан бой жасыру мақсатында қайтыс болған адамды машинасына салып алып, басқа жаққа апарып тығып тастайды. Бұл қасақаналықпен жасалған қылмысты білдіреді. Мұндай қасақаналықтағы және абайсыздықтағы қылмысты әрекеттерді бір қылмыстық құрам ретінде қарастыратын бап қылмыстық заңда жоқ. Демек кінәлінің әрбір кінәсі,

оның қасақаналығы мен абайсыздығы жеке-жеке жасалған қылмыстарды білдіреді, яғни бірінші кезекте болған абайсыздықтағы әрекеті Қ.К. 296 бабының 2 бөлімімен абайсыздықта кісі өліміне соқтырған көлік жүргізуші адамның жол жүру немесе көлікті пайдалану ережесін бұзуы және 297 баппен жол –көлік уақиғасы болған жерден кетіп қалу ретінде бағаланып, қылмыстар жиынтығымен квалификациялануы тиіс.

Кінәнің қос нысанымен жасаған қылмыстарды Қ.К 22 бабы қасақана жасалған қылмыс ретінде тануды ұсынады. Қылмыстық құқық теориясында кінәнің қос нысанын жеке кінә нысаны ретінде қолдануды ұсынатын бағыт кездеседі¹

Қылмыстық заң неліктен кінәнің аралас нысанымен жасалатын қылмыстарды қасақаналықтың бір түрі ретінде бағалайды деген сұрақ туындайды. Мұның жауабы ретінде кінәнің осындай нысанымен жасалған қылмыстарға және заң баптарындағы ережесіне назар аударсақ, онда жасалған қылмысты әрекетте алдымен қасақаналықтың болатындығын айту керек. Яғни қылмыс қасақаналықпен басталады, абайсыздықта ауыр зардаптардың туындауымен аяқталады. Кінәнің қос нысанымен жасалған қылмыстар бойынша квалификация жүргізу қиын емес. Себебі кінәнің қос нысаны бойынша сипатталатын құрамдар Қ.К Ерекше бөлімінің баптарында ауырлататын құрам ретінде келтірілген. Тек жасалған қылмыстың белгілерінде қасақана қылмысты әрекеттің, абайсыздықпен ауыр зардаптарға соқтыруы болғанда, мұндай белгілерді қамтитын баптың қылмыстық кодексте бар немесе жоқтығын білу керек. Егер жоқ болса, онда абайсыздықта туындаған зардапты қарастыратын заң бабын қолданып, қылмыс жиынтығы түрінде квалификацияланады.

§3. Қылмыстық құрамның субъективтік жағының қосымша белгілері бойынша квалификациялау

Қылмыстық құрамның субъективтік жағының қосымша белгілері ретінде қылмыстың мақсаты мен ниеті алынады. Бұл белгілердің қосымша белгі ретінде қолданылу себебі, ол қылмыстың субъективтік жағының бар- жоқтығын анықтау кезінде қоғамға қауіпті, арнайы мақсат немесе ниет түрі болмасада абайсыздық немесе қасақаналық нысандар-

¹ Нуртаев Р.Т. Актуальные проблемы эффективности борьбы с преступностью и отдельные ее видами в Республике Казахстан. / материалы научно-теоретической конференции посвященной 70-летию академика НАН РК М.Т. Баймаханова. –Алматы, 2004. С. 263.

дағы кінә болуымен субъективтік жақтың бар деп танылуы болып табылады. Кейбір қылмыстарда, оның ішінде абайсыздықпен жасалатын қылмыскерда ниет, мақсат туралы мәселе қозғалмайды, оларда кінәнің болуымен-ақ субъективтік жақ бар деп есептеледі. Екіншіден, кейбір құрамдарда қылмыстық ниет бір түрде ғана анықталмай, балама түрде де анықталады. Мысалы, 189 баптағы заңды кәсіпкерлік қызметке лауазымды адамның кедергі жасауының себептері немесе ниеті әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы қызғаншақтық, өзге кәсіпкерлерге бәсекелестік туғызбау, жеккөрушілік, пайдақорлық т.б.

Қылмыстық құрам элементтері қатарында ниетпен мақсат қажетті болмағанда және бұл белгілер балама түрде анықталғанда қылмыстық ниетпен мақсаттың квалификация жүргізу үшін ролі, қажеттілігі болмайды.

Ниетпен мақсаттың субъективтік жақтың белгілері қатарына жатқызылу себебі, ол бұл белгілердің кінә нысандары тәрізді қылмыстардың іс-әрекетке және салдарға қатысты ішкі сезімдерін білдіретін белгілер ретінде бағалануына ғана байланысты емес, сонымен бірге ниет пен мақсаттың зұлым, қауіпті сипатта болуына байланысты. Қылмыстық құқықта жекелеген қылмыс құрамдарын талдау кезінде қолданылатын ниеттер, көбінесе көбінесе кек, бұзақылық, қызғаншақтық, пайдақорлық, жеккөрушілік тәрізді адамгершілікке жатбайтын, әлеуметтік тұрғыдан зиянды және дұрыс құқықтық санаға қайшы ниеттер түрінде анықталады. Мұндай ниеттердің көпшілігі қылмыстық заңда кінәні ауырататын құрам ретінде бағалауға негіз береді.

Ниеттің түрін қылмыстық ниет деп бағалау үшін оның барлық жағдайда қоғамға қауіпті зұлым сипатта болуы шартты емес. Қылмыстық заңдағы қылмысты деп танылған әрекеттерді мағынасы жағынан пайдалы, сипаты бойынша жақсы ниеттермен жасауда қылмыстық жауаптылыққа соқтырады. Мысалы қасақана жай кісі өлтірудің ниеттері қызғаныштық, жеккөрушілік, кек алу ғана емес, жәбірленушіге жаны ашу да болуы мүмкін. Сондай-ақ пайдақорлық ниетпен сипатталатын ұрлық қылмысы кедей адамдарға жаны ашу ниетімен де жасалуын ой жүзінде келтіруге болады. Яғни бай адамдардан ұрлап, кедейлерге таратып беру. Мұндай пайдалы ниеттермен қылмыс жасалғанда іс-әрекеттің бәрібір қоғамға қауіптілігі, қылмыстылығы сақталып қала береді. Өйткені жоқжітік адамдарға көмектесу үшін ұрлық жасағанда, ол адам бөтен адамның меншігіне зиян келтіреді, оған қарсы саналы әрекет жасалады деп түсіну керек. Мұндай жағдайлар, яғни ниеттің оң, пайдалы сипатты бо-

луы жауаптылықты жеңілдетіп белгілеуге негіз бола алады. Осы сияқты қылмыстың мақсаты да кейде қоғамға пайдалылықты көрсетуі мүмкін. Бірақ осы пайдалы мақсатқа жетудің амалы ретінде таңдап алған тәсіл немесе әрекет түрі қауіпті болғанда, өзге заңмен қорғалатын объектілерге нұқсан келтіріледі және бәрібір іс-әрекеттің қылмыстылығы сақталады.

Пайдалы ниет, мақсатпен қауіпті іс-әрекет жасау бір ғана жағдайда, яғни адам өз әрекетінің немесе әрекетсіздігінің қоғамға қауіпті екенін түсінуге мүмкіндігі болмағанда ғана қылмысты деп танылмайды.

Ниет және мақсат бұл кінәлінің қылмыс жасауға бағытталған ішкі сезімнің жекелеген элементтерін білдіреді.

Қылмыстың мақсаты ретінде ниетті қанағаттандыру бағытында жасалған іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне қатысты кінәлінің ішкі шешімі алынады.

Ниетпен мақсат бір-біріне ұқсас ұғымдар ретінде бағаланғанымен, оларды нақты қылмыстық құрамдар бойынша ажырату немесе анықтау қиындық тудармайды. Мысалы кісі өлтіру қылмысының ниеттері немесе өзге адамның өміріне қарсы бағытталған әрекеттердің себептері қызғаныштық, пайдақорлық, кек, бұзақылық, жеккөрушілік т.б болуы мүмкін. Ал кісі өлтіру қылмысының мақсаты немесе әрекеттің түпкі нәтижесі бөтен адамға қаза келтіру немесе өмірінен айыру болып табылады. Сондай-ақ ұрлық қылмысының ниеті пайдақорлық болса, ал ұрлықтың мақсаты өзге адамның меншігіндегі мүлікті немесе ақша қаражатын алу болады.

Қылмыстық ниеттің нақты мағынада алғанда, қылмыстың жасалу себебімен байланысы байқалады. Мұндай жағдайда себеп ниеттің пайда болуына әкеледі және кінәлі себеп болып тұрған объективтік жағдайдың салдарынан субъективтік тұрғыда ниеттің іске асуын көздейді. Бұл екі ұғымдарды бір-біріне жақын қарастырғанда қылмысты тәсіл арқылы іске асырылатын кінәлінің мұқтажығын білдіреді деп түсіну керек. Қылмыстық ниет қылмыс құрамы белгілерінің ішіндегі ең алғашқы сатыда пайда болатын белгіні білдіреді, бұл әсіресе арнайы ниет, мақсатпен жасалатын қылмыстарда анық байқалады. Ал бұзақылық тәрізді көбінесе кенеттен пайда болатын ниеттер қылмыстың жасалу қарсаңында ғана пайда бола отырып, қылмысты әрекеттің орындалуының сол кездегі жалғыз-ақ себепшісі болып бағаланады.

Ниет- қоғамдық дамумен, әлеуметтік- экономикалық өзгерістермен байланысты дамиды фактор. Себебі қоғамда даму орын алған сай-

ын адамның да мұқтаждығының да түрімен деңгейі арта түседі. Кейінгі техниканың жетістіктері өзінде болмаса, адам соны табуға тырысады. Оның бір амалы ретінде қоғамға қауіпті тәсілмен, яғни қылмысты жолмен қанағаттандыру болуы мүмкін.

Ниет- қылмыстық құрамдарда қосымша немесе міндетті белгі ретінде қолданылсада кінә түрін анықтауға барлық жағдайда әсер ете бермейді. Қылмыстың тікелей қасақаналықпен жасалғанын анықтауға кейбір ниет түрлері ғана көмектесе алады. Мысалы пайдақорлық ниет барлық жағдайда ұрлық, тонау, алаяқтық тәрізді қылмыстардың тек тікелей қасақаналықпен сипатталатынын білдіреді. Бірақ жиі кездесетін бұзақылық тәрізді ниеттер қылмыстың қасақаналықпен жасалғанын анықтауға себеп болғанымен, қасақаналықтың түрлерін анықтауға әсер ете алмайды. Өйткені адамның өміріне, денсаулығына т.б. қарсы бұзақылық ниетпен жасалған әрекеттер жанама қасақаналықпенде, тікелей қасақаналықпен де жасалуы мүмкін. Сондықтан ниет барлық жағдайда кінәлінің өз іс-әрекетіне деген тікелей қасақаналылығын білдіргенімен, зардапқа қатысты тікелей қасақаналығын білдіре бермейді.

Қылмыстың мақсатында субъективтік жақтың жеке белгісі ретіндегі тікелей қасақаналықтың еріктілік моментін білдіретін «тілеу» белгісімен, мақсаттың іске асуы үшін «тілеу» болатын жағдайын ажырата білу керек. Тікелей қасақаналықтың белгісі ретіндегі «тілеу» қоғамға қауіпті іс-әрекеттің және оның салдарының болуын тілеу түрінде, яғни объективтік жақ белгілерінің ішкі айнасы ретінде анықталады. Ал қылмыстық мақсатқа жетуді тілеу – бұл біріншіден, тікелей қасақаналықпен жасалған әрекетке оның салдарына қатысты психикалық қатынасты емес, қылмыс құрамының бүкіл белгілерінің орындалуына байланысты кінәлінің шешімін білдіреді, екіншіден, мақсаттың орындалуын тілеу-тікелей қасақаналықтағыдай тар мағынада емес, кең мағынаға сипатталады, яғни әрекеттің, зардаптың болуын тілеу ғана емес, зардап нәтижесін немесе әрекеттің ақырында тілеу деп түсіну керек.

В.А. Сергиевский «қылмыстың мақсаты тек тікелей қасақаналықта ғана орын алады. Қылмыстың мақсаты жанама қасақаналықта, сондай-ақ абайсыздақпен жасалған қылмыстарда болуы мүмкін емес» -дейді.¹ Мұндай қортындыны «мақсат» ұғымын, оның түрлерін нақты қылмыстардағы міндеттілігін ескергенде жасауға болады.

¹ Уголовное право Республики Казахстан. (Особенная часть) Ч 1. – Алматы, 1999. С. 51.

Абайсыздықпен сипатталатын қылмыстардың ниеті кінәлінің зардаптың туындауға мүмкін екенін көре білуге міндеттілігі немесе мүмкінділігі бола тұрып, оны көре білмей немесе болдырмайтын деп есеп жасап жеңілділікпен әрекеттер жасауында енжарлық, жалқаулық, мақтаншақтық тәрізді ниеттер болады. Қылмыстық құқық жауаптылықтың ең қатал түрін қолданумен айналысатындықтан нақты ұғымдарды ғана қолданады, соның бір дәлелі ретінде абайсыздықтағы қылмыстардың ниетін анықтауға және оларды жауаптылық белгілеуде ескеруде тырыспайды.

Қылмыстың ниеті мен мақсатының қылмыстық құқықтық мәселе ретінде қандай маңызы бар дегенде, ең алдымен ниетпен мақсаттың түріне қарай қылмыстың қоғамға қауіптілігі дәрежесін анықтауға болады. Кейбір мақсатпен ниеттер қылмыстың ауырлық сипаттарын белгілеуге себепші болады. Мысалы 96 баптың 2 бөліміндегі пайдақорлық, қанды кекті қайтару ниеттерімен жасалған кісі өлтірудің аса ауырлататын құрамға жатқызылу себебі, ол ниеттің ауыр түрлерінің кездесуі болып табылады. Сондай-ақ өзге адамның дене мүшесін немесе тінін алу, бұрын жасаған қылмысты жасыру немесе қылмыстың жасалуын жеңілдету мақсаттарында кісі өлтіруде де мақсаттың түрі жауаптылықты ауырлатып белгілеуге себепші болған. Сондықтан кейбір ниетпен мақсаттар қылмыстың заңның баптарында ауырлататын құрамның белгісі ретінде келтірілгенде, осы ниеттің немесе мақсаттың осы қылмыста не үшін жауаптылықты ауырлатытынын немесе аса ауырлататынын түсіну керек. Ниеттің түрі кейбір қылмыстарға тән белгі болып танылуына байланысты ауырлатушы белгі болып бағаланбайды. Мысалы, ұрлық қылмысына пайдақорлық, әйел зорлау қылмысына жыныстық құмарлығын қанағаттандыру ниеті тән болып табылады. Бұдан бұрынғы тақырыпта айтқанымыздай, кейбір қылмыстарға тән болып табылатын және жауаптылықты ауырлатуға негіз бермейтін ниет түрі (масылы ұрлықтағы пайдақорлық ниет), басқа қылмыс түрінде (мысалы кісі өлтіру қылмысындағы пайдақорлық ниет) ауырлатады. Мұндай құрамдарда ниеттің түрі қылмыс объектісінің түрімен, оның құндылығымен, жасалатын әрекеттің сипатымен, бағытымен байланыстырылады. Яғни мұндай қылмыстарда ниеттің түрі қылмыскердің аса қауіптілігін, шектен шыққан дәрежелігін білдіреді.

Қылмыстық ниетпен мақсаттың қылмыстық-құқықтық маңыздылығын, оның қасақана жасалған қылмастарды тергеу кезінде анықталуы қажет екендігін Жоғарғы Сотың қылмыстық істер туралы қауылдары

үнемі көрсетіп келеді. Мысалы, 1960 жылдың 4 маусымындағы «қасақана кісі өлтіру қылмыстары бойынша сот практикасы туралы» КСРО жоғарғы соты Пленумының қауылысында «соттар көпшілік жағдайларда қылмысты квалификациялауға және жазаның мөлшерін белгілеуде маңызы бар жасалған қылмыстың ниетін жеткілікті анықтамайды. Кісі өлтіру кезінде болған ниеттің түрін анықтамағандықтан соттар кінәлінің әрекеттерін бұзақылық ниетпен жасалған кісі өлтіру деп жиі квалификация жасайды» дей отырып қылмыс ниетін анықтаудың маңыздылығын дұрыс көрсеткен.¹

Қ.К Ерекше бөлімінің баптарында мақсат немесе ниеттің түрі тікелей көрсетілгенде, бұл белгілер қосымша емес, міндетті белгінің ролін атқарады. Яғни жасалған қылмысты осы баппен немесе осы бөліммен квалификациялау үшін, жасалған қылмыс бапта көрсетілгендей ниетпен немесе мақсатта жасалған болуы керек. Қылмыстық кодекстің кейбір баптарында мақсаттың немесе ниеттің түрі арнайы көрсетілгенде, бұл құрам өзге ұқсас өзге қылмыстық құрамдардан осы ниет, мақсат түріне қарай ажыратылады немесе әрекет қылмыс болып саналмауы да мүмкін. **Ниетпен мақсат бойынша квалификация мынандай үш жағдайда жүргізіледі:** біріншісі, мысалы 234 баппен адамды кепілге алау деп бағалау үшін адамды ұстап тұру әрекеті мемлекетті, ұйымдарды немесе азаматты белгілі бір іс-әрекет жасауға немесе одан қалыс қалуға мәжбүрлеу мақсатында жасалған болуы керек. Егер адамды ұстап тұрған әрекетте мемлекетті, азаматтарды белгілі бір іс-әрекеттер жасауға немесе жасамауға мәжбүрлеу мақсаты болмаса, онда адамды ұрлау немесе заңсыз бостандығынан айыру қылмыстары ретінде бағаланады. Екінші жағдайда, заң баптарында көрсетілген ниет немесе мақсаттың жасаған іс-әрекетте болмауының қылмыстық құрамның да жоқтығын білдіретін жағдайын ниет, мақсат түрінің осы қылмысқа ғана тән болуына байланысты деп және осы қылмысқа объективтік жағы бойынша ұқсас қылмыс заңда жоқ болуына байланысты деп түсіну керек. Мысалы 135 баптағы бала асырап алу құпиясын жариялау қылмысында пайдакүнемдік, немесе өзгеде зұлым ниеттердің кінәліде болуы міндетті белгі ретінде қолданылады. Ал бала қылып асырап алу құпиясын жариялау әрекетінде пайдақорлық немесе басқа да зұлым ниеттер болмаса, онда қылмыстың субъективтік жағы жоқ деп танылады. Немесе 206 баптағы жалған ақша немесе бағалы қағаздарды қол-

¹ Сборник постановлений Пленума Верховного Суда СССР. (1924-1978). С.467.

дан жасау әрекеттерін қылмыс деп бағалау үшін әрекеттің мақсаты, яғни жалған ақшаларды өткізу мақсаттарында жасау міндетті болып табылады. Ал жалған ақша жасалғанымен бірақ адамда өткізу мақсаты болмаса, онда қылмыс жоқ деп саналады.

Үшінші жағдайда, заң бабының жауаптылықты ауырлататын бөлімінде арнайы көрсетілген ниетпен мақсаттың түрі жасалған іс-әрекетте болмауы қылмыстық жауаптылықты жоймайды, немесе басқа баппен квалификациялауға негіз бермейді. Мұндай жағдайда іс-әрекет негізгі құрам бойынша бағаланып, құрам элементтерінің негізгі белгілері бар деп саналады. Мысалы адамды ұрлау, бас бостандығынан заңсыз айыру, психатриялық стационарға заңсыз орналастыру үшін жауаптылықты қарастыратын баптардың екінші бөлімінде пайдақорлық ниетпен жасау арнайы келтірілген. Егер адамды ұрлау қылмысында пайдақорлық ниет болмаса, онда қылмыс осы баптың 1 бөлімінен, яғни негізгі құраммен квалификацияланады. Қылмыстың ниетімен мақсаты қылмыс құрамының негізгі құрамында арнайы келтірілгенде, бұл белгілерді осы қылмыс түрі үшін міндетті, оған тән белгі деп түсіну керек. Ал, ниетпен мақсаттың түрі негізгі құраммен емес, баптың 2 немесе 3 бөлімдерінде келтірілгенде, ол ауырлататын құрамның негізгі белгісі деп бағалау керек. Мұндай жағдайлардың барлығында, яғни мақсатпен ниеттің түрі баптың, оның бөлімдерінің диопозицияларында арнайы көрсетілгенде квалификация жүргізуде қолданылатын белгі болып табылады.

§4. Қате және оның түрлері бойынша квалификациялау

Қылмыскердің саналы түрдегі қоғамға қауіпті ой-ниеті қылмыстық құрамның объективтік белгілерімен ұштастырса іске асырылады, бірақ барлық жағдайларда субъективтік белгілермен объективтік белгілер бір-біріне сәйкес келе бермеуі мүмкін. Яғни кінәлінің қасақана ойында болған қылмыстың объектісіне, затына, құралына, орнына, уақытына қатысты шешімдері іс жүргізгенде өзі ойлағандай бола бермеуі мүмкін. Мұндай жағдайды қылмыстық құқықта «қате» деп атайды және **қате ретінде адамның өз іс-әрекетінің құқықтық мағынасын немесе нақты жағдайын дұрыс түсінбеуі алынады.**¹ Соған орай адамның жасайтын қателері екі түрге бөлінеді: заң тұрғысынан және нақты жағ-

¹ Кайржанов Е.И. Уголовное право Республики Казахстан. – Алматы, 1997. С. 103.

дайлардан қателесу. Заң тұрғысынан қателесу- адамның қолданыстағы заңды дұрыс түсінбеу немесе білмеу салдарынан жасалған іс-әрекеттерін қате бағалауы болып табылады. Адамның заң тұрғысынан өз іс-әрекетін қате бағалауының себептері, заңды дұрыс түсінбеуі немесе заңнан сауатсыз болуына байланысты болуы мүмкін. Заң тұрғысынан қателесу бірнеше түрде кездесе алады. **Біріншісінде, адам өзі жасаған іс-әрекетін қылмысты деп бағалайды, ал заң жүзінде бұл іс-әрекет қылмыс ретінде қарастырылмайды. Мұндай жағдайлардағы іс-әрекеттер қылмыс болып саналмайды, өйткені адам өзі жасаған іс-әрекетін қылмысты деп санағанымен, жауаптылықтың болуы немесе болмауы заң бойынша шешіледі.** Яғни қылмыстық заңда ол адамның әрекетін қылмыс ретінде қарастыратын норма жоқ. Мысалы адам кінәсіз зардап келтіре отырып, қылмыстық құқық ережелерінен хабарсыз болуына байланысты қылмыс жасадым есептеуі мүмкін. Сондай-ақ қылмыскерді ұстау, қажетті қорғану кездерінде қорқу, шошу, сасқалақтау нәтижесінде абайсыздықпен әрекеттер жасап өзге адамның өміріне, денсаулығына немесе меншігіне зардаптар келтіруі мүмкін. Заң тұрғысынан қателесудің бұл түрі көбінесе бөтен адамның өміріне, денсаулығына, меншігіне зардаптар келтіру жағдайларында болады. Мұндай жағдайларда адамның жасаған іс-әрекеті қылмысты емес екендігін анықтау үшін, қылмыстық заңда осындай іс-әрекетті немесе зардапты білдіретін баптың бар- жоқтығын анықтау қажет емес, ең алдымен өзін қылмыс жасадым деген адамның әрекеттерінде кінә бар- жоқтығын анықтау керек.

Заң тұрғысынан қателесуінің екінші түрі бойынша адам жасаған іс-әрекетін қылмыс емес деп бағалайды, ал бұл іс-әрекетті заң қылмыс ретінде қарастырады. Мұндай жағдайда қылмыстық жауаптылық болады.

Адамның заңды білмеуі салдарынан қылмыс жасауы қылмыстық жауаптылықтан босатылуға, сонымен қатар қылмысты квалификациялау мәселесінде әсер ететін жағдай ретінде қарастырылмайды, яғни адамның іс-әрекеті қандай бапқа сәйкес келсе, сол баппен квалификация жасалады.

Адамның жасаған әрекеті қылмыс болғанда оны қылмыс емес деп түсіну себебі, ол заңнан шала сауатты болуы немесе өз мүддесін өзге мүдделермен салыстырғанда артық бағалауы тәрізді жағдайлар болады.

Практикада мұндай жағдайлар қылмыстың құрамы бар екендігі бірден анық білінбейтін әрекеттер бойынша кездеседі. Сондай-ақ қыл-

мыстық құқықта кейбір қылмыстардың объективтік жағының белгісі ретінде қолданылатын бағалаушы ұғымдар бойынша да кездеседі. Қылмыстық заңның Ерекше бөлімінің баптарында кездесетін “көріну,” “үнемі”, “кәнігі” деген тәрізді т.б бағаланушы ұғымдардың жасалған қылмыста орын алғандығын кінәлінің жеткіліксіз деп немесе мүлдем қылмысты емес деп бағалауы орын алуы мүмкін. Мұндай бағалаудың адамда болуының себептері бар. Өйткені “үнемі” деген тәрізді белгінің орын алғанын білу үшін қылмысқа жатпайтын «үнемі емес», деген әрекеттің мөлшерін ашу керек болады.

Қылмыстың орнынан немесе уақытынан қателесу нақты жағдайлардан қателесудің түріне жатады, бірақ бұлар квалификациялау тәртібі бойынша заң тұрғысынан қателесуге белгіленген ереже бойынша шешіледі. Мысалы 288 баптағы заңсыз аңшылықты құрайтын белгілердің бірі, тиым салынған уақытта немесе тиым салынған жерлерден аң аулау болып табылады. Кінәлі тиым салынған уақыт немесе орын екенін білмеседе қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды. Ал кінәлі іс-әрекеттің жасалу орнын, уақытын қылмысты деп бағалап, бірақ заң жүзінде бұл уақыт немесе орын қылмыстылықты білдірмесе, онда іс-әрекет қылмыс деп бағаланбайды.

Кейбір қылмыс түрлерінде іс-әрекеттің жасалу орны мен уақыты жауаптылықтың ауырлататын немесе аса ауырлататын құрамы ретінде бағалауға заңды негіз береді. Сондықтан мұндай қылмыстардағы уақыт пен орыннан қателесу – кінәні немесе жауаптылықты ауырлататын белгілерден қателесудің бір түріне жатқызылады.

Кінәлінің жасаған әрекетінің заң бойынша жауаптылықты ауырлататын белгі екенін білмеуі немесе оны бағалаудан қателесуі орын алғанда, заң тұрғысынан қателесудің үшінші көрінісі орын алады. Мұндай қате квалификациялаудағы қате деп аталады. Квалификациядан қателесу қылмыстың орны мен уақытына байланысты ғана емес, қылмыс тәсіліне, жағдайына, құралына, сондай-ақ Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімі баптарындағы ауырлататын құрам ретінде қарастыруға негіз беретін қылмысты ұйымдасқан топпен, қызмет бабын пайдаланып жасаумен, пайдақорлық, бұзақылық ниетпен, өкімет өкілінің киімін немесе құжатын пайдаланып қылмыс жасау тәрізді т.б белгілер бойынша бола алады. Қылмыскердің кейбір әрекеттердің заң бойынша ауырлататын құрам ретінде бағаланатынын білмеуі, қылмысты квалификациялауда ескерілмейді, яғни жасалған қылмыста ауырлататын белгілер болғанда жауаптылықты ауырлататын құрам бойынша

квалификацияланады. Мысалы адам қылмысын ұйымдасқан топпен жасаудың заң бойынша жауаптылықты ауырататын қылмыс екенін білмеу мүмкін.

Заң тұрғысынан қателесудің төртінші түрі жаза түрімен көлемінен қателесу болып табылады. Жазадан қателесудің негізгі мағынасы, ол қылмыскердің қылмысты әрекет жасағанда оның жазасы туралы белгілі бір мөлшерді есептеуін білдіреді. Ал заң бойынша бұл қылмыс бойынша жаза мөлшері ол ойлағаннан аз немесе көп болуы мүмкін.

Нақты жағдайлардан қателесу дегеніміз қылмыстық объективтік белгілерінен қателесу болып табылады. Нақты жағдайдан қателесу қоғамға қауіптілік дәрежесі бойынша бір-біріне қарама-қарсы екі бағытта болады. Біріншісі, адам қылмыс жасауға жеңіл объектіні, затты, құралды, уақытты, орынды қолданғысы келгенде абайсыздықпен немесе сол жағдайды дұрыс түсінбеуіне, толық мағлұматы болмауына байланысты ауыр әрекетті жасауы немесе зардапты тудыруы түрінде болады. Мұндай қателесу түрлерінде адамда қоғамға қауіпті ой-ниеттің, қылмыс жасауға деген шешімнің болуына қарай квалификация жүргізіледі. Мұндай қателесуде қылмыс жиынтығымен, ал заңда арнайы қарастыратын бап немесе оның бөлімі болғанда кінәнің аралас нысанымен квалификацияланады. Нақты жағдайлардан қателесудің екінші түрінде адам аса қауіпті әрекетті жасау немесе ауыр зардапты келтіру қасақаналығында болғанмен, қылмыстың объектісінен, затынан, құралынан т.б. жағдайларынан қателесуіне байланысты зардап туындамайды немесе жеңіл зардап туындайды.

Қатеге байланысты квалификация жүргізілгенде көпшілік жағдайларда кінәнің қасақаналығына кірген қылмыстың түрі қолданылып, қылмысқа оқталу түрінде квалификация жиі қолданылады.

Нақты жағдайлардан қателесуге құқықтық бағалауды қате түрлері бойынша келтірейік.

Объектіден қателесу екі түрде кездесе алады. Бірінші жағдайда кінәлі заңмен қатал қорғалатын құнды объектіге зиян келтіруге қасақаналығын бағыттайды, бірақ іс-жүзінде объектінің түрінен немесе құндылығынан қателесіп, жеңілірек объектіге зиян келтіреді. Мысалы халықаралық қатынастарды шиеленстіру ниетімен шетелдік қайраткерге немесе халықаралық қорғау аясындағы адамға қастандық жасау әрекеттерін көздеп, бірақ қателесіп жай адамға зардап келтірсе, іс-әрекет 163 бап-

пен халқаралық қорғау аясындағы адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасауға оқталу деп 24 баптың 3 бөліміне сілтеме жасай отырып квалификацияланады. Мұндай жағдайда қателесіп жай адамға шабуыл жасағанда туындаған зардап түрі бойынша қосымша квалификация жасалмайды. Басқа адамға қаза келген жағдайда 163 баптың 2 бөлімімен «абайсыздықта адам өліміне соқтырған қылмыс» деп бағаланбайды, себебі біріншіден қылмыскерде екі қылмыс емес, бір қылмыс жасау туралы тілек болды, екіншіден халықаралық қорғауға алынбаған бөтен адамға зиян келгенде бейбітшілік немесе халықаралық қатынастарға нақты зардап келмейді. Қателесіп жеке адамға қарсы әрекет жасаудың қауіптілігі бейбітшілікке қарсы қылмыстың қауіптілік дәрежесінен аспайды, жауаптылық белгілеуде қателесіп нақты зардап келтіргендік 163 баптың көлеміндегі жауаптылық деңгейінде ескеріледі. Бұл жағдай керісінше де болуы мүмкін, яғни кінәлі жеңілірек объектіге қарсы бағытталған қылмысты жасауды көздеп, бірақ қателесу салдарынан одан да ауыр объектіге зиян келтіруі мүмкін. Мұндай жағдайда да жасалған іс-әрекет нақты туындаған зардап немесе бұзылған объекті түрі бойынша емес, кінәлінің іс-әрекетінің бағыты, қасақаналығына кірген қылмыс түрі бойынша квалификациялануы керек. Мысалы жай адамды өлтіремін деп, бірақ жағдайды толық түсінбеу салдарынан қателесіп, шет ел қайраткеріне зардап келтіргенде іс-әрекет кісі өлтіру қылмысына оқталу деп квалификацияланады. Ал нақты шет елдік қайраткердің өлімі түрінде туындаған зардапты квалификация барысында арнайы ескеруге қылмыстық заң мүмкіншілік бермейді. 163 баптың 2 бөліміндегі денсаулыққа ауыр зиян немесе абайсыздықта адам өліміне соқтырған әрекеттер үшін жауаптылық тек халықаралық қорғаудағы адамдарға, олардың от басы мүшелеріне шабуыл жасау немесе ұрлау, бостандығынан айыру әрекеттері абайсыздықта ауыр зардаптарға соқтырғандығы үшін белгіленген.

Қылмыстың объектісінен қателесудің бір түрі жарамсыз объектіге оқталу болып табылады. Мысалы адам ұрлық жасау мақсатында бөтеннің меншігіне қарсы бағытталған әрекеттер жасағанмен, бірақ пайдалануға келмейтін жарамсыз затты алғанда, қылмыс кінәлінің қасақаналығы бойынша, яғни ұрлыққа оқталу деп бағаланады. Бұл мысал қылмыс затынан қателесуге ұқсас, бірақ мұндай жағдайлардың объектіден қателесу түріне жатқызылу себебі, ол қылмыстың заты көпшілік жағдайда қылмыс объектісін анықтайтын құрал болуына байланысты болып табылады.

Қылмыстың затынан қателесуде екі түрлі болып кездеседі. Бірінші жағдайда, мысалы мүлік ұрлауға бағытталған әрекет қателесу салдарынан есірткі заттарды ұрлау түрінде жасалуы мүмкін. Мұндай қателеде әрекет кінәлінің ойының бағытына қарай ұрлық қылмысына оқталу деп бағаланғаны дұрыс. Бірақ қателесіп есірткі ұрлаған адам бұл қателесуді артынан қош көріп, осы есірткі арқылы пайда табуды көздегенде әрекет есірткі заттарға қатысты қылмыс түрінен квалификацияланады. Себебі мұндай жағдайда кінәлінің қоғамға қауіптілігі есірткі заттарға қатысты немесе халықтың денсаулығына қарсы дәрежеге дейін жоғарлайды. Немесе қателесу салдарынан болған объективтік белгілермен кінәлінің субъективтік белгілері түсіністік табады. Мұндай квалификация тәртібін мынандай анық мысалмен дәлелдеуге болады. Мысалы адам жай ұрлық көлеміндегі меншікке қарсы әрекет жасап, бірақ қателесіп ірі мөлшердегі ұлықтың затын алуы мүмкін. Мұндай жағдайда қылмыскерде алғашқы қателесуге қатысты кейінгі кезеңде түсіністік, өз қатесіне келісіммен қарау орын алып, қоғамға қауіптілік дәрежесі жоғарылайды.

Қылмыс затынан қателесу-басқа мағынасы бірдей затты алу, пайдалану түрінде де болуы мүмкін. Мұндай жағдайда квалификация өзгермейді. Мысалы ұры телевизор ұрлаймын деп компьютерді қателесіп алуы мүмкін. Ал қылмыс заты жарамсыз болғанда, қасақаналыққа кірген қылмысқа оқталу деп квалификацияланады.

Құралдан қателесуде бір неше түрлерде кездеседі. Бірінші жағдайда қылмыс жасауға қолданылатын құрал кінәлі ойлағаннан ауыр немесе жеңіл мағынада болуы мүмкін. Құралдан қателесу орын алғанымен кінәлі жоспарланған қылмысын аяғына дейін жеткізсе, онда қылмыстың аяқталуына және кінәлінің қасақаналығының бағытында ешқандай өзгеріс болмауына байланысты квалификацияда өзгермейді.

Келесі құралдан қателесу түрі, кінәлі қауіптілігі жеңіл құралды пайдалануға әрекет жасап, бірақ қолданып отырған құралдың қауіптілігі дәрежесінен толық хабардар болмауына байланысты ауыр зардап туындауы мүмкін. Мұндай жағдайда адам құралдың өзі ойлағаннан да қауіпті зардаптарға соқтыруы мүмкін екенін білуге мүмкіндігі, міндеттілігі болған болса, онда абайсыздықпен жасалатын қылмыс түрі бойынша квалификация жүргізіледі.

Келесі қылмыс құралынан қателесуде жарамды деп есептеген құралдың шын мәнінде жарамсыз немесе қауіптілігі аз болуы салдарынан қылмыстың аяғына дейін жеткізілмеуі орын алады. Мұндай қателесуде

жоспарланған қылмысқа оқталу түрінде квалификация жасалады. Мысалы кісі өлтіруге бағытталған әрекетте кінәлі қарудың жарамсыз екенін немесе шын оқпен оқталмағанын білмеуі мүмкін. Немесе у екен деп беріп отырған затының у емес екенін білмеуі т.б.

Қылмыс құралынан қателесудің келесі түрінде ешқашанда жарамды болып есептелмейтін, қылмыстың жасалуына немесе зардаптың туындауына жеткізе алмайтын құралды адам өзінің сенгіштігіне байланысты пайдалануы мүмкін. Шын мәнінде құрал ретінде қолданылмайтын әрекетті немесе затты пайдаланғаны үшін, іс-әрекет қылмыс немесе оған оқталу деп саналмайды. Бұл жағдай қасақаналықтың пайда болуы ретінде бағаланады. Мысалы сыйқырлау арқылы қылмыс жасамақшы болу.

Сонымен қорта айтқанда, қылмыстың субъективтік жағының өзге құрам элементтерімен салыстырғанда квалификациядағы маңызы, кінәлінің қоғамға қауіпті ой-ниетінің немесе қасақаналығының бағыты, сондай-ақ өзге зардаптың туындау мүмкіндігін көре білуге мүмкіндігі немесе міндеттілігі болғанда ондай зардапты негізгі белгі ретінде қарастыратын қылмыс түрі бойынша құқықтық бағалау болып табылады.

VI тарау

ҚЫЛМЫСТЫҢ СУБЪЕКТІСІ БОЙЫНША КВАЛИФИКАЦИЯЛАУ

§1. Қылмыстың субъектісінің ұғымы, белгілері және квалификациялаудағы маңызы

Қылмыстық құқықтық ереже бойынша қылмыстық жауаптылыққа тек жеке адамдар тартылады. Қылмыс жасады деп айыпталып, ол үшін жауаптылық белгіленетін адамдар қылмыстық құқықта қылмыс субъектісі деп аталады. Қылмыс субъектісі- бұл заң бойынша қылмыс деп танылған қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасағандығы үшін кінәлі деп танылған және қылмыс жасау кезінде жауаптылық жасына толған, есі дұрыс адам болып табылады.

Қылмыстың субъектісінің негізгі белгілері есі дұрыстық және жауаптылық жасына толғандық. Бұл екі белгінің бірі қоғамға қауіпті, қылмысты деп танылған іс-әрекетті жасаған адамда болмаса, онда қылмыс субъектісі де жоқ деп танылады.

Есі дұрыстық-адамның өз іс-әрекетінің мағынасын түсінуін және әрекеттерін басқара алуын білдіреді. Егер адам психикалық аурулардың салдарынан жасаған әрекетінің мағынасын түсіне алмаса немесе оған жетекшілік ете алмаса, есі дұрыс емес деп танылады. Адамды есі дұрыс деп тануда, осы екі белгінің бірінің болуы жеткілікті, яғни жасаған әрекеттерінің мағынасын түсіне алғанмен, бірақ өз әрекеттерін басқара алмайтын немесе иелік ете алмайтын болса да, есі дұрыс емес адам деп саналады. Есі дұрыс еместікті тек құқық ғылымы ғана емес, медицина ғылымы да анықтайды. Құқық, оның ішінде қылмыстық құқық қауіпті іс-әрекет жасаған адамға жауаптылық қолдану үшін адамның есі дұрыс немесе дұрыс емес екендігін анықтауға мүдделі. Ол үшін қылмыс жасаған адамның есі дұрыс, дұрыс еместігін анықтап алу үшін психиатрия қызметінің көмегіне жүгінеді.

Адамның өз іс-әрекеттерінің мағынасын түсінуі ретінде ми қызметімен жасалған қимыл-әрекет қандай мағынаны білдіретіндігін, сондай-ақ қандай нәтиже шығатындығын сезінуі алынады.

Адамның өз іс-әрекеттеріне жетекшілік, иелік етуін жасалған қимыл-қозғалыстың немесе іс-әрекеттің ми қызметінің шешімімен сәйкес келуі және орындалған іс-әрекеттің адамның ой-тілегін білдіре алуы түрінде түсіну керек.

Қылмыстық заңның 17 бабы есі дұрыстығы шектелген жағдайда қылмысты іс-әрекеттер жасаған адамдардың жауаптылыққа тартылу мүмкіндігін келтіреді. Бұрынғы 1998 жылға дейінгі қылмыстық заңда есі дұрыстығы шектелген жағдайда қылмысты әрекеттер жасаған адамдардың жауаптылық мәселесі белгіленбеді. Бірақ мұндай адамдардың қоғамға қауіпті әрекеттері сот-тергеу практикасында кездесуіне және кейбір шет елдердің қылмыстық заңдарында қарастырылуына байланысты Қазақстан қылмыстық заңына да енгізілді. Қылмыстық заңда есі дұрыстығы шектелген жағдайда қылмыс жасау- арнайы түрде тек бір қылмыс түрінде, 97 баптағы жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі үшін келтірген. Бұл бапта шектелген есі дұрыстық қылмыстың жасалу уақыты және жағдайы бойынша міндетті белгі болып табылады. Уақыты бойынша бала өлтіру әрекеті бала босану уақытында және одан кейінгі қысқа аралықтарда, ал жағдайы бойынша әйелдің психикасын бұзатын немесе есі дұрыс болып есептелетін психикасы бұзылу жағдайында болу керек. Шектелген есі дұрыстық қылмысты квалификациялау ережесіне әсер етпейді, ол тек жауаптылықты жеңілдететін белгі ретінде бағаланады. Адамның есі дұрыстығы шектелген жағдайда қылмыс жасауы, тек 97 баптағы қылмыс түрі бойынша ғана емес, басқа да қылмыстарда кездесе алады. Бір айта кететін жәйт, ол есі дұрыс еместіктің бір түрін білдіретін кем ақылды адамдар өз іс-әрекетінің мағынасын түсінеді және оған жетекшілікті жасай біледі. Бірақ мұндай кем ақылды адамдардың қылмыс субъектісі ретінде бағаланбау себебі, ол мұндай адамдардың өз іс-әрекеттеріне жауаптылықсыз қарайтындығына, өзге адамдардың айтқанына сенгіштігіне, сонымен қатар қылмыстық жауаптылыққа тартқан күнде де жазаның не үшін қолданылғанын түсіне алмайтындығына немесе жазаның мақсатын қолдану мүмкін еместігіне байланысты болып табылады.

Қылмыс субъектісінің келесі міндетті белгісі, қылмыс жасаған адамның жауаптылық жасына толуы болып табылады, яғни ҚК 15 бабының 1 бөліміне сәйкес қылмысты іс-әрекет жасаған кезде 16 жасқа толған болуы керек. Бұл қылмыстың жалпы субъектісін білдіретін жас шамасы. 15 баптың 2 бөлімінде келтірілген кейбір қылмыс түрлері бойынша қылмыстық жауаптылық 14 жастан басталады және бұл бөлімде келті-

рілген қылмыстарды ауыр немесе аса ауыр екен деп түсінбеу керек. Бұл қылмыстардың қатарына қауіптілігі ауыр емес, орташа ауырлықтағы қылмыстарда жатады. Мысалы бұзақылық, тағылық, ұрлық, тонау тәрізді т.б қылмыстар. Демек, жауаптылық 14 жастан белгіленген кейбір қылмыстар деп отырғанымыз, ол жас өспірімдердің немесе кәмелетке толмағандардың қолымен жиі жасалатын бұзақылық, ұрлық, қарақшылық, әйел зорлау, көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыз ету тәрізді қылмыстарды білдіреді деп түсіну керек.

Қылмыстық құқықтың даму тарихында қылмыс субъектісі жасын белгілеу даулы болған және шет елдердің қылмыстық заңдары бойынша қылмыстық жауаптылық жасы әр түрлі белгіленген. Бірақ көпшілік елдерде, оның ішінде бұрын Кеңес одағында болған елдерде қылмыстық жауаптылық жасы ретінде 16 жас белгіленген. Бұл жерде неліктен 16 жас қылмыс субъектісін анықтайтын жас түрінде белгіленген деген сұрақ туындауы мүмкін. Өйткені қылмыстық заңдағы ұрлық, тонау, кісі өлтіру, әйел зорлау, тағылық сияқты қылмыстарды 14-16 жасқа толмағандар да жасай алады. Бірақ олар қылмыс субъектісі ретінде бағаланбайды.

Қылмыс субъектісін анықтаушы ең төменгі жас ретінде 14-16 жастар белгіленгенде адамның қылмысты әрекеттер жасауға мүмкіндігі бар жас шамасы алынбаған, себебі заң бойынша қылмысты деп танылған әрекеттерді 10-13 жасар балаларда жасай алады. Қылмыс субъектісі ретінде 14-16 жастар белгіленгенде қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адамның жауаптылықты көтере алатын және жазаның мақсатын қолдануға болатын ең төменгі жас мөлшері алынған. Адам жазаны физиологиялық тұрғыдан ғана емес, психологиялық тұрғыдан да көтере алуы қажет. Мысалы ұрлық жасағаны үшін 10 жасар баланы қамауға алса, онда ол ата-анасын іздеп жауаптылықты психологиялық тұрғыдан көтере алмас еді.

Жауаптылықты физиологиялық тұрғыдан көтере алу ретінде жазаны қолдану кезінде адамның өз бетінше өмір сүре алу және еңбекке қабілеттілігінің сәйкестігі алынады. Мысалы екі қолы жоқ немесе екі көзі көрмейтін адам жазаны физиологиялық тұрғыдан көтере алмас еді.

Жауаптылықты психологиялық тұрғыдан көтере алу дегеніміз, адамның жаза мен жауаптылыққа не үшін тартылғанын түсіне білу, жазаның мақсатына сай жұмыстарды қолданғанда қабылдай алу және жаза түрі жасалған қылмыстың қауіптілік дәрежесіне, сипатына қарай белгіленгенде жан күйзелу жағдайына берілмеу мүмкіндігі болып табылады.

Міне сондықтан қылмысты іс-әрекет жасағандығы үшін жаза қолданғанда оны психологиялық және физиологиялық тұрғылардан көтере алатын адамның ең төменгі жас шамасы 14-16 жастар деп бағаланады.

Қылмыстық кодекстің 15 бабында қылмыс жасаған кезде 16 жасқа толудың міндеттілігі көрсетілген. Демек қылмыс жасау уақытында 16 жасқа толмаған немесе 15 баптың 2 бөліміндегі қылмыс түрлері бойынша 14 жасқа толмаған адамдар қылмыс субъектісі болып саналмайды. Адам қылмыстық жауаптылық жасына бір күн немесе бір сағат жетпей тұрып қылмысты әрекеттер жасаса да қылмыс субъектісі болып саналмайды. Мұндай жағдайда бір сағат немесе бір күнде тұрған не бар, осы уақыттар аралығында адам психологиялық немесе физиологиялық тұрғылардан өзгеріп, есейіп кете қоймайды ғой деген сұрақ туындауы мүмкін.

Заң бұл талапты практикада бір келкі қызметтің сақталуы, әр қилылықтың орын алмауы, нәтижесінде қылмыс субъектісі болып саналуына елеулі уақыттары бар адамдарды жауаптылыққа тарттырмауды іске асыру үшін қойып отыр. Яғни заңда қылмыс субъектісі ретінде белгіленген жасқа толғаннан кейін ғана жасалған әрекеттер үшін жауаптылық туындайтынын ескертпесе, онда бір тергеуші 16 жасқа бір сағат жетпей тұрып қылмысты әрекет жасаған адамды субъекті ретінде бағаласа, екінші тергеуші бір апта немесе бір ай жетпей тұрып қылмысты әрекет жасаған адамды қылмыс субъектісі ретінде тануы мүмкін. Нәтижесінде бір ай немесе екі айда тұрған не бар, бұл уақыттарда адам дамып, есейіп кетпейді деп жауаптылық қолданып, осылай қылмыс субъектісі жасына толмай-ақ жауаптылыққа тартуда практика қызметкерлері бұл уақытты соза беруі мүмкін.

Кейбір адамдардың туылған күнінің немесе айының, сондай-ақ жылының белгісіз болуына байланысты оның белгілі бір жасқа толғандығын анықтауда қиындық кездесетін кездер болған. Мұндай мәселені шешу үшін мынандай ереже қолданылады. Егер адамның туылған жылы, айы белгілі болып, бірақ туылған күні белгісіз болса, онда туылған айының соңғы күні оның туған күні ретінде белгіленеді. Егер адамның туылған айы белгісіз болса, онда адамның туылған айы жылдың соңғы айымен, яғни желтоқсан айы деп белгіленеді. Егер адамның туылған жылы белгісіз болса, онда психолог мамандардың комиссиясы ол адаммен жұмыс істеп, оның жасының төменгі және жоғарғы мөлшерін көрсетеді. Мысалы 16 мен 18 жастар арасында деп. Мұндай кезде адамның жасы және туылған жылы төменгі мөлшермен анықталады.

Адамның жасын анықтауда үнемі төменгі ай, күн, жыл қолданылу себебі, ол адамға белгілі бір міндеттемелер жүктеуде немесе қылмыс субъектісі ретінде бағалауда қателікті болдырмау немесе қателіктің ықтималдығын барынша азайту болып табылады деп түсіну керек.

Қылмыскердің жауаптылық жасына толуына қарай квалификацияға қатысты мәселелер туындайтын кездер болады. Мысалы екі адам бірлесіп қылмыс жасаған кезде олардың бірі қылмыстық жауаптылық жасына толмаса немесе есі дұрыс емес адам болса, онда қылмысқа қатысушылық болмайды. Мысалы қылмыстың жалпы субъектісінің белгісі жоқ адаммен қосылып қылмыс жасағанда топ адамдардың емес, жеке адам жасаған қылмыс ретінде бағалауды ҚР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер туралы қаулысынан кездестіруге болады.¹ Мысалы 14 жасқа толмаған адаммен бірлесіп әйел жынысты адамды зорлау.

Қылмыс жасаған адамның жасқа толуына қарай квалификацияға қатысты мәселе, бір неше адам бірлесіп қылмыс жасағанда олардың ішінде осы қылмыс бойынша қылмыс субъектісі жасына толмаған адам болғанда туындайды. Мысалы бандитизм қылмысы үшін жауаптылық 16 жастан белгіленген. Бірақ банда құрамында 14 жастан асқанмен 16 жасқа толмаған адам болса, онда оның әрекеттері бандитизм қылмысы бойынша емес, осы қылмысқа ұқсас, бірақ ауырлығы бандитизмнен аспайтын және 14 жастан жауаптылық қолданылатын ұйымдасқан топпен жасалған қарақшылық ретінде квалификацияланады.

Қылмыстық заңда кейбір қылмыстар бойынша жауаптылық басталатын жас ретінде 18 жас белгіленген. Мұндай жастан бастап жауаптылық қарастыратын қылмыстарды субъектісі бойынша арнайы субъектілер деп бағалау кездеседі. Себебі 18 жасқа толғаннан бастап қойылатын міндеттеріне (мысалы әскери қызметке тартылу) немесе берілетін құқықтарына (мысалы көлік жүргізу құқығын алу) байланысты жағдайда қылмыстар жасау, әдеттегі жалпы субъектінің ережесінен өзгеше анықталады. Бірақ заңдағы қылмыс субъектісі 18 жастан белгіленген барлық қылмыстар осы жасқа толу арқылы қосымша белгілерді пайдалану арқылы қылмыс жасауға сәйкес келе бермейді. Мысалы 131 баптағы кәмелетке толмаған адамды қылмысқа тарту әрекеті үшін 18 жастан жауаптылық белгіленгенмен, осы жасқа қарай қылмыс субъектісінің белгілі бір қызметтік, әлеуметтік т.б ерекшелігін пайдаланып жасауды

¹ «Әйел зорлау үшін жауаптылықты реттейтін заңдарды соттардың қолдануы туралы» ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 1993 жылғы 23 сәуірдегі № 1 қаулысының 8 пункті.

заң талап етпейді. 131 және 132 баптардағы қылмыс түрлері бойынша субъекті жасы 18-ден белгілену себебі, ол бұл баптарда «кәмелетке толмаған адамды» деген ұғымның қолданылуына байланысты, яғни кәмелетке толмағандардың дұрыс тәрбиесі мен дұрыс жетілуіне қарсы әрекет үшін жауаптылықты кәмелетке толмаған 16 жастан бастап емес, кәмелетке толған 18 жастан белгілеу қажеттілігі жатыр.

Жалпы негізде қылмыс субъектісі бойынша қылмыстық құрамдарды ажырату қиындық тудырмайды. **Қылмыстарды субъектісі бойынша ажырату немесе осы құрам элементіне қарай квалификация жүргізу, қылмыс құрамдарының өзге элементтері бірдей болып, тек субъекті түрінде айырмашылық болғанда қолданылады.** Қылмыстық заңда өз-ара объективтік және субъективтік жақтарының белгілері бойынша ұқсас, бірақ қылмыс субъектісіне қарай бір-бірінен ажыратылатын қылмыстар жеткілікті. Мысалы 166 баптағы шпиондық және 165 баптағы мемлекеттік құпияларды өзге елге беруді білдіретін мемлекетке опасыздық; 187 баптағы бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру және 387 баптағы әскери мүлікті құрту немесе бүлдіру; 223 баптағы тұтынушыларды алдау және 177 баптағы алаяқтық; 325 баптағы жалған құжаттарды, мөртаңбаларды, мөрлерді, мөр қағаздарды, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу және 314 баптағы қызметте жалғандық жасау; 311 баптағы пара алу және 231 баптың 3 бөліміндегі коммерциялық сатып алу сияқты қылмыстардың бір-бірінен негізгі айырмашылығы қылмысты жасаушы адамда, яғни субъекті түрінде болып табылады. Бір ескертетін жәйт, ол **өз ара ұқсас қылмыстар субъекті түріне қарай ажыратылғанда, олар көпшілік жағдайда қылмыс объектісіне қарай да ажыратылады.** Жоғарыда мысал ретінде келтіріп отырған көптеген қылмыс түрлерінің тек субъектісіне қарай емес, объектісіне қарай да айырмашылықтары бар. Көпшілік жағдайларда қылмыстың объективтік жағын білдіретін іс-әрекеттер қоғамдық өмірдің әр саласында жасалғанда, оларды сол тиісті салада қызмет жасайтын немесе сол ортада мүмкіндігі бар адамдар жасайды. Сондықтан қызмет түрі немесе белгілі бір қоғамдық өмір саласында мүмкіндігі бар адамдар қылмысты деп танылатын әрекеттер жасағанда қылмыстың субъектісінде ғана емес, объектісінде де ерекшелік болады. Анығырақ айтқанда өз-ара ұқсас қылмыстардағы субъектінің түрі қылмыстың объектісінің де өзгеруіне себепші болады. Мысалы жай адам бөтеннің мүлкін қасақана бүлдіргенде мүлік иесінің меншік құқығына зиян келеді. Ал әскери адам әскери

мүлікті бүлдіргенде елдің қорғаныс қабілетін құрайтын құндылықтарға зиян келтіреді. Сондықтан мұндай объективтік және субъективтік жақтары бойынша бірін-бірі қайталап, тек қылмыстың субъектісі мен объектісіне қарай ажыратылатын қылмыстардың басты айырмашылықтары қылмыс объектісінде емес, субъектісінде деп түсінген дұрыс. Яғни қоғамға қауіпті іс-әрекет жасап отырған адамның ортасының, қызметінің ерекшелігі, заңмен қорғалатын объектінің де түрін көрсетіп тұрады.

Бір айта кететін жағдай, ол **өз-ара ұқсас қылмыстар бір-бірінен субъекті түріне қарай ажыратылғанда, олар ешқашанда тек жалпы субъектілер түрінде ажыратыла алмайды.** Яғни субъектісіне қарай ажыратылатын қылмыстар есі дұрыстық және жауаптылық жасы бойынша бір-бірінен ерекшеленбейді. Мұндай ұқсас қылмыстардың субъектісіне қарай айырмашылықтары екі деңгейде болады. **Бірінші деңгейде, субъектісіне қарай жалпы және арнайы түрлері бойынша ажыратылады.** Мысалы 187 баптағы бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру-жалпы субъекті және 387 баптағы әскери мүлікті бүлдіру-арнайы субъекті. Немесе 177 баптағы алаяқтық-жалпы субъекті және 223 баптағы тұтынушыларды алдау-арнайы субъекті. Демек, субъектісіне қарай ажыратылатын екі қылмыстың бірінің субъектісі жалпы болса, ал екіншісінікі арнайы болады.

Екінші деңгейде, субъектісіне қарай ажыратылатын ұқсас қылмыстар тек арнайы субъектіні білдіретін белгілері бойынша ажыратылады. Мысалы 311 баптағы пара алу қылмысының субъектісі мемлекеттік мекеме, кәсіпорын, ұйымдардың лауазымды адамдары мен мемлекеттік қызметкерлер болса, ал 231 баптың 3 бөліміндегі сатылушы адам мемлекеттік емес ұйым, кәсіпорынның немесе коммерциялық ұйымның басқару қызметін атқаратын адамдары болып табылады. Яғни бұл екі қылмыс құрамының субъектісі де арнайы болып табылады, бұл қылмыстар осы арнайы субъектінің түрлері бойынша ерекшеленеді.

Қылмыстың субъектісі кейбір жағдайларда қылмыстың объектісін де анықтауға негіз болатындықтан, кейбір тараулардағы қылмыстар субъектісіне қарай ажыратылмайды. Мысалы әскери қылмыстар, мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы қылмыстар тарауларындағы қылмыс субъектілері бүкіл тарау ішінде бірдей анықталады. Мұндай жағдайда бір тараудағы қылмыстар өзге құрам элементтеріне, яғни қылмыстың тікелей объектісіне, объективтік немесе субъективтік жақ белгілеріне қарай ажыратылады.

§2. Қылмыстарды арнайы субъектілер бойынша квалификациялау

Қылмыстың арнайы субъектісінің ұғымы және оның белгілері туралы қылмыстық құқық теориясында бір келкі пікір әлі қалыптаспаған. Зерттеу әдебиеттерінен мынандай анықтамаларды кездестіруге болады. Қылмыстың арнайы субъектісі дегеніміз, қосымша ерекшеліктермен сипатталатын, тек өзіне тән белгілері бар адамдар болып табылады.¹ Қылмыстың арнайы субъектісі, жалпы субъектінің (есі дұрыстығы, белгілі бір жасқа толғандығы) белгілерінен басқа, осы қылмысты жасағандығы үшін қылмыстық жауаптылыққа тартуға мүмкіндік беретін ерекше қосымша белгілерді иеленетін адамдар адамдар болып табылады.² Арнайы субъектілер деп баптың диспозицияларында көрсетілген нақты ерекшеліктерді иеленетін субъектілер аталады.³ Демек, **қылмыстың арнайы субъектісі-бұл жалпы субъектілердің белгілерімен қатар кейбір қылмыстардың ерекшелігіне қарай тиісті белгілерді иеленетін адамдар болып табылады.** Кейбір қылмыстардың ерекшеліктеріне қарай тиісті белгілер немесе ол қылмыстарды жасау мүмкіндігі барлық адамдарда бола бермейді. Заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастар қоғамдық өмірдің әр саласында, мысалы медицина, көлік, мемлекеттік қызмет, әскери, от-басы тәрізді бағыттарда қорғауға алынатындықтан, осындай салалардағы құндылықтарға зұлым әрекеттер жасау, сол саладағы адамдар ортасында ғана бола алады. Сондықтан қылмыстың арнайы субъектісін қылмыстық құқық оқулықтары қоғамдық өмірдің салалары бойынша топтастырып келтіреді. Бірақ оқулықтарда арнайы субъектілердің белгілері бойынша топтастыру толық келтірілмеген. Олардың негізгілеріне мыналар жатады: азаматтығы, демографиялық белгілері бойынша жынысы мен жасы, туыстығы, қызметі бойынша дәрігер, кәсіпкер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, әскерилер, көлік жүргізушілер, лауазымды адамдар, мемлекеттік емес ұйымдардың басқару қызметін атқаратын адамдары, құқықтық белгілері бойынша бұрын қылмыс жасағандар мен бұрын сотталғандар, жаза өтеушілер мен қамаудағы адамдар.

¹ Орлов В.С. Субъект преступления. М., 1956. С.138.

² Орымбаев Р. Специальный субъект преступления. Алма-Ата, 1977. С.46.

³ Лейкина Н.С., Грабовская Н.П. Курс Советского уголовного права. Ч. Общая, Т-1. Л., 1968. С.389.

Қылмыстық заңда қарастырылған қылмыстардың арнайы немесе жалпы субъекті түрінде сипатталатынын анықтау, барлық кездерде оңай бола бермейді. Қылмыстық заңдағы көпшілік қылмыстар тек жалпы субъекті түрінде қарастырылса, ал кейбір қылмыс түрлерінде жалпы және арнайы субъектілердің жауаптылығы белгіленген. Мысалы 146 баптағы сайлау құқығын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссияларының жұмысына кедергі жасау. Сондай-ақ кейбір қылмыстар субъектісі бойынша тек арнайы белгілері бар адамдардың әрекеттерімен сипатталады.

Қылмыстың арнайы субъектімен жасалатындығын білу үшін қылмыстық құқықта мынандай тәсілдер қолданылады:

1) Қылмыс түріне талдау жасау нәтижесінде анықталады. Заңдағы кейбір қылмыс түрлерінде, ол қылмыстың арнайы субъектімен жасалатындығы баптың атауында немесе оның диспозициясында келтірілмейді.

2) Қылмыстың арнайы субъектімен жасалатындығы баптың атауында немесе оның диспозициясында тікелей айтылады. Мысалы 114 баптағы медицина қызметкерінің кәсіби міндеттерін тиісінше орындамауы.

Сондықтан ҚК Ерекше бөлімінің баптарында субъекті түрі туралы айтылса, онда бұл қылмыс тек арнайы субъектілер арқылы жасалады деп түсіну керек.

Қылмыстық заң арнайы субъектілер түрлерінің түсінігін ашуды міндет тұтпайды немесе әрбір қызмет саласы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін адамдардың қызметінің түсінігін ашпайды. Тек арнайы субъекті ретінде нені ұғымымыз керек деген мәселе қойып, оның жалпы ұғымын ғана береді. Бірақ құқық ғылымында белгілі бір қызмет түрінің ұғымы даулы болғанда немесе мұндай қызметті түсіну үшін оның белгілерін анықтау қажеттігі туындағанда заң баптарының өзінде, әдетте ескертпе түрінде анықтама келтіріледі. Мысалы құқық ғылымында «лауазымды адам» ұғымының түсінігі туралы даулылық кездеседі. «Лауазымды адам» деген ұғым қылмыстық құқықпен қатар, әкімшілік құқықта, Конституция ережелерінде т.б құқық салаларында кездеседі және қолданылады. Бұл құқықтық ғылым салалары да лауазымды адам түсінігін келтіреді және қылмыстық заңдағы түсінікпен салыстырғанда айырмашылықтар байқалады. Сондықтан заңгерлердің арасында барлық құқық салаларында қолдануға болатын лауазымды адамның жалпы түсінігін беру туралы ұсыныс кездеседі. Лауазымды адам түсінігі даулы болуына және қылмыстық заң жауапкершіліктің ең ауыр түрін қарастыратындығына байланысты қылмыстық кодекстің 307 бабында ес-

кертпе түрінде лауазымды адамдар ұғымы оның белгілері қолданыла отырып арнайы анықтама берілген. Бұл анықтаманың өзі 1998 жылға дейін қолданылған Қылмыстық кодекспен салыстырғанда толықтырылған түрде берілген. Сонымен қатар мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы қылмыстар таруындағы баптарда «жауапты мемлекеттік қызмет атқаратын адамдар» деген ұғым кездесуіне байланысты осындай санатқа жататын қызметтің белгілерін қолдана отырып, 307 бапта арнайы түсінік береді. Ал қызметтің түрі халыққа түсінікті болғанда немесе оның ұғымы даулылық білдірмегенде, қылмыстық заңның баптарында оның ұғымы ашылып жатпайды. Мысалы дәрігердің өз міндетін орындамауы немесе тиісінше орындамауы деп аталатын қылмыстың субъектісін түсініп жату үшін «дәрігер» деген қызметтің анықтамасын беруге қажеттілік жоқ.

Қылмысты субъектісі бойынша квалификациялауды бір баптың көлемінде де жүргізуге болады. Мұндай жағдайда бір баптың өзінде осы қылмыстың бір неше құрамдары қарастырылып, олар өз ара субъекті түрі бойынша ажыратылады және әдетте бірінші бөлімде жалпы субъектінің әрекеттері келтірілсе, басқа бөлімінде осындай қылмысты әрекеттер үшін арнайы субъектінің жауаптылығы қарастырылады. Мысалы 209 баптағы экономикалық контрабанда қылмысының бірінші бөлімінде жалпы субъектілердің әрекеттері келтірілсе, осы баптың екінші бөлімінің «б» пунктінде қызмет бабын пайдаланып жасаған арнайы субъектілердің контрабандалық әрекеттері келтірілген. 209 бапта және басқа да баптарда жалпы және арнайы субъектілер жауаптылығы бір қылмыс түрінде кездескенімен бұл «арнайы субъектілердің әрекеттерін жалпы субъектілер жасай алмайды» деген ережеге қайшы келіп тұрған жоқ. Қылмыстық заңдағы кейбір қылмыс түрлері тек арнайы субъектілермен ғана жасалады. Мысалы әскери бөлімді өз бетінше тастап кету сияқты қылмыстарды тек әскери қызметкерлер ғана жасай алады. Ал кейбір қылмыс түрлері жалпы және арнайы субъекті түрінде сипатталғанда, негізінен бұл қылмысты жасау, жалпы субъектілерге тән деп есептеу керек, тек өз ерекшелігіне қарай мұндай қылмыстарда жалпы субъекті жасай алмайтын әрекеттерді арнайы субъектілер орындайды. Жоғарыда келтірілген экономикалық контрабанда қылмысына жататын әрекеттерді кеден қызметкерлері де жасауы мүмкін. Ал кеден қызметкерлерінің орындайтын әрекеттерін жай адамдар жасай алмайды. Мұндай адамдардың әрекеттерін квалификациялағанда 307 баптағы қызмет өкілеттігін теріс пайдалану және

209 баптағы экономикалық контрабанда қылмыстарының жиынтығы түрінде емес, бірден 209 баппен квалификация жасаған дұрыс. Өйткені 307 баптағы қызмет өкілеттігін теріс пайдалану- жалпы норма, 209 баптың 2 бөлімінің «б» пункті- арнайы норма болып табылады. Құқықтық тұрғыдан іс-әрекетке баға бергенде осындай ереже барлық кезде қолданылуға жатады. Мұндай жағдайда бір қылмысты әрекет жасалады, бірақ қылмыстық заңмен қорғалуға жататын екі объекті бұзылады. Бұл қылмыстар жиынтығымен квалификация жасауға негіз береді. Бірақ 209 баптағы арнайы қызметкерлердің осындай қылмысты әрекеттер жасауын қарастыратын құрам екі объектілі құрам болып табылады, оның негізгі объектісі мемлекеттің қажы саласындағы қызметі немесе сыртқы сауда ережесінің заңдылығы болса, қосымша объекті ретінде мемлекеттік мекеме, ұйымның дұрыс қызметі танылады. Демек, қылмыстың құрамы іс-әрекеттің барлық белгілерін толық қамтып тұрса, онда басқа қылмыс түрлерін қолданып, жиынтық түрінде бағалап керегі жоқ. Жалпы және арнайы субъектілер бойынша бір баптың көлемінде қылмыстық құрамдарды ажыратқанда, баптың екінші немесе үшінші бөлімдерінде кездесетін «қызмет бабын пайдаланып жасаса» немесе «бұрын осындай қылмыстар үшін сотталған адамдар жасаса» деген белгілері бар бөлімдерді арнайы субъектілер деп тану керек. Себебі, баптың осы бөлімімен квалификация жасау үшін, іс-әрекет тек осы бапта көрсетілгендей белгілерді иеленетін адамдармен жасалуы қажет.

Бір ескерте кететін жәйт, ол **бір баптың әр түрлі бөлімдерінде жалпы және арнайы субъектілердің қылмысты әрекеттері келтірілгенде, арнайы субъектілердің әрекеттерін қоғамға қауіптілікті ауырлататын немесе аса ауырлататын құрам түрінде тануды ұсынады.** Мұндай жағдайдың заңдағы көрінісі, әдетте баптың бірінші бөлімінде жалпы субъектілердің, ал екінші немесе үшінші бөлімінде арнайы субъектілердің жауаптылығын бейнелеу түрінде кездеседі. Мысалы меншікке қарсы талан-таражды құрайтын 175, 178, 179, т.б баптардың 3 бөлімінің «в» пунктінде «ұрлық немесе қорқытып алушылығы үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адам жасаған» деген құрам түрі келтіріліп, қылмыстың субъектісі бойынша кінәні ауырлататын қылмыс ретінде бағалауды ұсынған. Мұндай қылмыстарда, яғни **жалпы субъектімен сипатталатын қылмыстарда арнайы субъектілердің кездесуінің екі түрлі себебі болады.** Біріншісі, бұл қылмыс түрі жалпы және арнайы субъектілермен жасала алатындығына байланысты болып табылады. Мысалы ҚК 100 және 110 баптардағы қылмыс

жасаған адамдарды ұстау шаралары шегінен шыға отырып зардап келтіру қылмысы жай адамдармен де, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен де жасала алады. Екіншісі, жалпы субъектімен сипатталатын қылмысты сол баптың өзге бөлімдерінде көрсетілген арнайы адамдардың, мысалы бұрын осындай қылмыс жасағандығы үшін сотталған адамдардың жасауын келтіру себебі, мұндай жағдайда қылмыстың арнайы рецидивіндегі адамдардың жауаптылығын жалпы субъектілермен бірдей белгілесе, онда рецидив адамның қауіптілік дәрежесі квалификация жүргізуде және жаза белгілеуде көрінбей қалатындығына байланысты. П.Ф. Гришанин «қылмысты квалификациялауда рецидивист қылмыскермен бұрын қылмыс жасамаған адамның айырмашылығы жоқ, тек бір айырмашылығы, ол осы қылмыс үшін рецидивист қылмыскердің ауыр жауапкершілігі, егер ауыр қылмыстың жеке бір түрі ретінде бағалауға негіз болмаса, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде арнайы норма ретінде көрсетілгенде кінәлінің іс-әрекеті осы арнайы норма бойынша квалификациялануы керек», - деп ереже ретінде қолданылатын пікірді келтіреді. Заң жалпы субъектімен сипатталатын қылмыстарда арнайы субъектілердің әрекеттерін осындай қажеттілікке байланысты бөліп көрсетеді, ал мұндай бөліп көрсету болмаған жағдайда субъектінің ауырлататын белгісі квалификацияға әсер етпейді, ол тек жаза тағайындау кезінде кінәні ауырлататын белгі ретінде ескеріледі. Жоғарыда келтірілген қызмет бабын пайдаланып экономикалық контрабандалық әрекеттерді жасауды қарастыратын 209 баптың 2 бөлімі де осындай субъектілердің жауаптылығын ауырлататын құрамды білдіріп тұр.

Жалпы қылмыстық заң адамның қызметі, өкілеттігі бойынша белгілі бір қылмысты жасауға мүмкіндігі басқа адамдармен салыстырғанда жоғары болса, ондай адамдардың жауаптылығын заңда жеке бөлім ретінде келтіре отырып, кінәні ауырлататын құрам ретінде қарастырады. Бірақ белгілі бір қылмыс түріне арнайы субъекті тән болса, онда барлық жағдайда қоғамға қауіптілікті ауырлататын қылмыс деп бағалауға болмайды. Арнайы субъектімен сипатталатын қылмыстардың ауырлық дәрежесі қылмыстың объектісіне, зардаптың түріне т.б осындай өзге құрам элементтеріне байланысты болады. Мысалы 344 баптағы көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту ауыр қылмыс деп бағаланса, ал 371 баптағы әскери қызметшіні қорлау ауыр қылмысқа жатпайды.

Жалпы субъектілер арнайы субъектілердің әрекеттерін орындаса қылмыс болып табылмайды, себебі арнайы субъектілердің әрекеттерін

жай адамдар орындай алмайды. Қылмыстық құқықта қалыптасқан ереже бойынша арнайы субъектілердің қылмыстарына жалпы субъектілер тек қатысушы ретінде, яғни қылмыстың ұйымдастырушысы, азғырушысы немесе көмектесушісі түрінде қатыса алады. Мысалы көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту қылмысының орындаушысы, тек құқық қорғау немесе сот органының қызметкерлері болса, ал осындай қылмыстардың ұйымдастырушысы немесе азғырушысы құқық қорғау органдары қызметкерлерін көндіру, сатып алу, қысымшылық жасау әрекеттерін жасаған жай адамдар болып табылады. Мұндай жағдайда **арнайы субъектілердің қылмыстарына қатысушылықты білдіретін ролдерді орындаған адамдардың әрекеттері арнайы субъекті айыпталған қылмыс түрімен және міндетті түрде ҚК 28 бабының тиісті бөлімдеріне сілтеме жасау арқылы квалификациялануы керек.** Яғни көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуды ұйымдастырған адамның әрекеті 344 баппен және 28 баптың 2 бөліміне сілтеме жасау арқылы бағаланса, ал осы қылмысты орындаған адамның әрекеті тек 344 баппен айыпталады. Қылмысты орындағандық үшін 28 бапқа сілтеме жасалынбайды, себебі ҚК Ерекше бөлімінің баптарында орындаушының әрекеттері бейнеленген.

VII тарау

АЯҚТАЛМАҒАН ҚЫЛМЫСТАРДЫ КВАЛИФИКАЦИЯЛАУ

§1. Аяқталмаған қылмыстардың жалпы сипаттамасы және квалификация тәртібі

Оқулықтың бастапқы бөлімінде қылмысты квалификациялаудың жеке қағидасы немесе ережесі ретінде қажетті жағдайларда Жалпы бөлімнің нормаларына сілтеме жасау арқылы құқықтық баға беру туралы айтылған болатын. Міне осындай Жалпы бөлімге сілтеме жасауды талап ететін қылмыстық құқықтағы жағдайдың бірі, аяқталмаған қылмыстарды квалификациялау болып табылады.

Аяқталмаған қылмыстардың қатарына қылмыстық құқық қылмысқа даярлану мен оқталуды жатқызады. Қылмыстық заңның Ерекше бөліміндегі баптардың диспозицияларында тек аяқталған қылмыстардың белгілері келтірілген. Ал қылмыс кінәлінің еркіне байланысты емес жағдайларда аяғына дейін жеткізілмесе, онда аяқталмаған қылмысты әрекеттердің түрлері орын алып, іс-әрекетті квалификациялау аяқталған қылмыстармен салыстырғанда өзгеше жүргізіледі және жауаптылық тағайындауда да айырмашылық болады.

Аяқталмаған қылмыстардың ерекшелігін білдіретін белгілердің қатарына мыналар жатады:

1. Аяқталмаған қылмыстар тек қасақана, оның ішінде тікелей қасақана әрекеттермен жасалады. Жанама қасақаналықпен қылмысқа оқталу немесе даярлану әрекеттері адамның қылмыстың орындалуын білдіретін немесе зардапқа деген психикалық қатынасында кездеспейді. Қылмыстық кодекстегі тікелей де, жанама да қасақаналықпен анықталатын қылмыстарда тек тікелей қасақаналық орын алғанда ғана қылмысқа даярлану немесе оқталу кездеседі. Жанама қасақаналықпен қылмыс жасауға дайындалу және оқталудың мүмкін еместігі, ол қылмыстың салдарын тілемей тұрып, оған дайындала немесе қылмысты жасауға оқтала алмайтындығына байланысты болып табылады.¹ Ал абайсыздықпен жасалатын қылмыстарда қылмысқа дайындалу немесе оқталу болмайды, сондықтан мұндай кінә нысанындағы қылмыстарда аяқталмаған қылмыстық әрекеттер болмайды.

¹Трайнин. А.Н. Состав преступления по советскому уголовному праву. –М., Госюриздат, 1951. с.320.

2. Аяқталмаған қылмыстарда кінәлінің еркіне тәуелсіз себептерге байланысты қылмыстың орындалуы аяғына дейін жеткізілмейді. Егер қылмыстың аяғына дейін жеткізілмеуі адамның қылмысты әрекеттің жалғасуын өз еркімен түпкілікті тоқтатуына немесе туындауы мүмкін зардапты дер кезінде өзінің алдын алуына байланысты болса, онда қылмысты аяғына дейін жеткізуден бас тарту ретінде бағаланады және өзге әрекеттерінде басқа қылмыстың белгілері болмаса қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

3. Аяқталмаған қылмысты құрайтын әрекеттер қоғамға қауіпті деп бағаланады, себебі қылмысқа дайындалу немесе оқталу әрекеттерінде адамда қауіпті ой-ниет орын алады және ол аяғына дейін жеткізілу мақсатын көздейді, сонымен қатар заңмен қорғалатын мүдделерге нақты қауіп туындайды және қылмыстық мақсатқа жету үшін осындай мүдделерге қарсы бағытталған әрекеттердің алғашқы сатысы көрініс алады.

Аяқталмаған әрекеттердің қоғамға қауіпті болуы қылмыстық жауаптылық қолданудың заңды негізін білдіреді.

Аяқталған қылмыстармен аяқталмаған қылмыстардың басты айырмашылығы, ол аяқталмаған қылмысты әрекеттерде қылмыстық құқықта бейнеленген қылмыс құрамы белгілерінің толық болмауы болып табылады. Аяқталмаған қылмыстарда құрам элементтерін сипаттайтын белгілердің ішінен тек қылмыс объектісі ғана емес, сонымен бірге субъективтік белгілерден қылмыстың мақсаты мен ниеті, ал объективтік белгілердің ішінен көпшілік жағдайларда қылмыстың орындалуын білдіретін әрекет немесе әрекетсіздік және материалдық құрамдар бойынша қылмыстың зардабы орын алмайды. Мұндай белгілердің аяқталмаған қылмыстарда орын алмау себебі, ол қылмыс субъектісі, іс-әрекеттің қасақана түрде жасалуы сияқты қылмыс құрамының барлық немесе көпшілік түрлеріне тән, көбінесе бірдей анықталатын белгілер болмауына байланысты. Қылмыс объектісі, қылмыстың объективтік жағын сипаттайтын іс-әрекеттер, ниетпен мақсаттың, елеулі зардаптың түрі тәрізді белгілердің бір ерекшелігі, ол аталған белгілердің аяқталған қылмыстарда көрініс алатын белгілер болып саналуына байланысты болып табылады. Бұл белгілердің кейбіреулері түсіндіре кетуді талап етеді. Ең алдымен қылмысқа даярлану немесе оқталу тәрізді әрекеттерде қылмыстық заңмен қорғалатын объектіге зардап келмесе, онда қылмыстық жауаптылықты қолданудың қандай негіздері бар, қылмыстық жауаптылыққа адамды тарту үшін құрам элементтері толық болуы керек емес пе деген сұрақ туындауы мүмкін. **Аяқталмаған қылмыстардың ерек-**

шелігінің бірі, ол әдетте заңмен қорғалатын объектілерге зардап келмеуі немесе зардап келгенде де кінәлінің ойындағыдай емес, одан төмен деңгейде туындауы болып табылады. Мысалы адамды қасақана өлтіру мақсатын көздегенмен, оның еркінен тәуелсіз жағдайда мұндай зардап туындамай, тек жәбірленушінің денсаулығына зардап келуі мүмкін. Аяқталмаған қылмыстарда заңмен қорғалатын объектілердің бұзылу дәрежесі екі түрлі болады деп түсіну керек. Біріншісінде, қылмысқа даярлану және оқталудың нақты зардаптар тудырмаған жағдайларында қылмыстың объектісі нақты бұзылмағанымен, бірақ оған бұзылу қауіпі болады немесе оған қатер туындайды. Мемлекет мұндай жағдайда да есі дұрыс, жауаптылық жасына жеткен адамның қоғам, адамзат құндылығына қасақана түрде қатер төндіргені үшін әрекетсіздік таныта алмайды және жауаптылық қолданудың субъективтік негізі пайда болады. Екіншісінде, қылмыскердің ойындағыдай объектінің түрі бұзылмағанмен, бірақ оған ұқсас немесе төменгі мөлшерде зардап келуі арқылы маңыздылығы қылмыскердің көздегенінен көрі жеңілірек объекті бұзылғанда, аяқталмаған қылмыстардың да зардаптарсыз болмайтындығы анықталады. Мұндай зардаптар келгенде де немесе қорғалуға жататын объектілерге нұқсан келтірілгенде де іс-әрекеттің аяқталмаған қылмыс ретінде бағалану себебі, ол қылмысты квалификациялау ережесінде кінәлінің қасақаналығының бағыты қолданылатынына байланысты. Сондықтан аяқталмаған қылмыстарда да зардаптар болады, бірақ ол зардаптың түрі мен көлемі кінәлінің мақсатындағыдай түрде немесе көлемде болмайды. Көпшілік жағдайда ол көздеген мөлшерден аз болады. Бірақ қылмысқа оқталу деп бағаланатын кейбір әрекеттерде кінәлінің қасақаналығына кірген объектіден де құндырақ қоғамдық қатынасқа немесе ауыр зардаптарға соқтыратын кездері бола алады. Мұндай оқталу әрекеттері объектіден қателесу жағдайында кездеседі. Мысалы қылмыскер 96 баптың 1 бөліміне жататын жай кісі өлтіру қылмысын жасауды көздегенмен, бірақ қателесу салдарынан жүкті әйелді өлтіруі мүмкін. Мұндай жағдайды кінәнің аралас нысанымен жасалған қылмыс деп бағалауға болмайды. Кінәнің аралас нысаны деп бағалау үшін квалификациялау кезінде қолданылатын ҚК бабында бұл туралы арнайы бөлім болуы керек. Ал 96 бап немесе жалпы қылмыстық заң, объектіден қателесу үшін арнайы баптар немесе оның бөлімдерін келтірмейді. Демек мұндай жағдайлар үшін квалификация тәртібі қылмыстық құқықтық ереже бойынша шешілуі керек және жоғарыда келтірілген қателесіп жүкті әйелді өлтіру қыл-

мысы абайсыздықта қаза келтіру емес, кісі өлтіру қылмысы ретінде квалификациялануға жатады. Қылмыстық құқықтың квалификацияға байланысты бір кемшілігі ретінде қылмысқа оқталу деп бағаламай отырып, біз қылмыскердің нақты келтірген және өзі ойлағаннан да көрі ауыр зардаптар келтіргені үшін жазаны қаталырақ тағайындай алмайтындығымыз болып табылады. Өйткені қылмыстық заң оқталу әрекеттері үшін кінәлі айыпталып отырған баптың санкциясындағы жазаның ең жоғарғы мөлшерімен салыстырғанда төрттен үшінен асырмауды талап етеді. Жоғарыда келтірілген мысалдағы қылмысты әрекеттерді қылмыстар жиынтығы ретінде де бағалауға болмайды, себебі мұндай жағдайларда кінәлі адам қасақаналықпен сипатталатын бір қылмысты жасауды көздейді, тек осы қылмыстың орындалу мазмұнында айырмашылықтар орын алады, екіншіден қылмыстық кодексте жүкті әйелге абайсыздықта қаза келтіруді қарастыратын бап жоқ, 96 бап субъективтік жағы бойынша тек қасақаналықпен сипатталатын қылмыс болып табылады. **Зардап орын алған аяқталмаған қылмыстарды квалификациялау тәртібі әдеттегі қылмысқа оқталу сияқты жүргізіледі, яғни іс-әрекет зардапты қарастыратын қылмыс түрі бойынша емес, қылмыскердің қасақаналығына кірген қылмыс түрімен және 24 бапқа сілтеме жасау арқылы бағаланады.** Ал қылмысқа даярлану немесе оқталу әрекеттерінде қылмыстың объектісі орын ала ма немесе мұндай әрекеттерде қылмыстың құрамы бар ма дегенде, аяқталмаған қылмыстардың құрамы бар деп түсіну керек. Өйткені аяқталмаған қылмыстарда нақты көрініс алмаған қылмыс құрамының объектісіне кінәлі адам тарапынан нақты, шын қауіп туындайды.

Келесі айта кететін мәселе, аяқталмаған қылмыстардың келте немесе қысқартылған құрамдармен ара қатынасы болып табылады. **Аяқталмаған қылмыстар мен қысқартылған құрамдардың арасындағы ұқсастық, ол бұл екеуініңде қылмыстың нақты аяқталу уақытына жетпеуінде. Қылмыстың заң жүзіндегі аяқталу уақыты бойынша қысқартылған құрамдарда аяқталған қылмыстың құрамы бар деп бағаланаса, ал аяқталмаған қылмысты әрекеттерде аяқталған қылмыстың құрамы болмайды. Бұл екі ұғымның басты айырмашылығы да осы қылмыстың заң жүзіндегі аяқталу кезеңдерінде болып табылады. Қысқартылған құрамдарда да аяқталмаған қылмыстардағыдай қылмыстың мақсаты іске асырылмайды, бірақ қысқартылған құрамдардың аяқталу кезеңінде қылмыстық заңмен аяқталған құрам ретінде бағалауға негіз беретін белгілер орын алады. Бұл**

белгілер осы кезеңде жасалған әрекеттердің анық, нақты қоғамға қауіпті болуы арқылы осы немесе басқа бапта қарастырылған қылмыстың белгілерінің болуы және қорғалуға жататын объектілердің бұзылуын білдіреді. Мысалы бандитизм қылмысында қарулы, тұрақты топтың құрылуы арқылы қоғам қауіпсіздігіне үрей нақты туындайды және заң сол себептен мұндай топтардың құрылуына тиым салады. Ал осындай топ заң қойған шетеуге қарамай құрылса, онда мемлекет аяқталған әрекет ретінде жауаптылық белгілейді. Басқаша айтқанда, бандиттік топ шабуыл жасау мақсатында құрылатындықтан қылмыстың нақты аяқталу кезеңі бойынша алғанда аяқталмаған қылмысты білдірсе, ал заң жүзінде аяқталу кезеңі бойынша бандиттік топ құрылған кезден-ақ аяқталған қылмысты білдіреді. Жоғарыдағы «қысқартылған құрамдардың аяқталу кезеңінде осы немесе басқа бапта қарастырылған қылмыстың белгілерінің болуы» дегенде «басқа баптың белгісі» ретінде бандитизм қылмысы үшін 235 баптағы ұйымдасқан топты құру белгісінің орын алуын ескеріп отырмыз.

Аяқталмаған қылмыстарда қысқартылған құрамдардағыдай жасалған іс-әрекетті аяқталған қылмыс ретінде бағалауға негіз беретін мұндай белгілер болмайды, дайындалу немесе оқталу сияқты аяқталмаған қылмысты әрекеттерде Ерекше бөлім баптарымен бағаланатын қандай да болмасын бір қылмыстың жасалғандығын білдіретін белгілер болмайды және қылмыстың объективтік жағын сипаттайтын әрекеттер орын алғанмен де ол аяғына дейін жеткізілмейді.

Аяқталмаған қылмысты әрекеттер тек материалдық құрамдар бойынша ғана емес, формальдық құрамдарға жататын қылмыстарда да кездесе алады. Материальдық құрамдарға жататын қылмыстарда кінәлі қылмыстың объективтік жағын құрайтын іс-әрекеттерді жасауға бағытталады немесе мұндай әрекеттер жасалғанның өзінде кінәлінің еркіне тәуелсіз себептермен қылмыс аяғына жеткізілмейді. Демек, материалдық құрамдарға жататын аяқталмаған қылмыстардың ішінен қылмысқа оқталуда қылмыстың объективтік жағын сипаттайтын әрекеттер жасалуы да, жасалмауы да мүмкін, бірақ бұл әрекеттерді аяқталмаған түрге жатқызушы белгі, қылмыстың зардабының туындауы немесе туындағанның өзінде зардап түрі мен көлемінің қылмыс жасауға оқталған адам ойындағыдай болмауы болып табылады. Сондықтан оқулық және зерттеу әдебиеттерінде жиі кездесетін «материальдық құрамдарда субъекті заңмен қарастырылған әрекеттерді жасағанмен, бірақ зардап оның еркіне байланысты емес себептермен туында-

майды» деген пікір жетілдіруді талап етеді.¹ Аяқталмаған қылмыстардың ішінен қылмысқа оқталу әрекеттерінде зардаптар бола алатындығын біз бұған дейін мысал жүзінде келтірдік. Тек зардап келтіруге бағытталған әрекеттер қасақана түрде жасалған жағдайда неліктен сол зардап туындамауы мүмкін, мұндай жағдайда іс-әрекетпен зардаптың арасындағы қажетті және тікелей байланыстың ролі болмай ма деген сұрақ туындауы мүмкін. Мәселе мұндай жағдайда біріншіден, зардап тудыруға бағытталған әрекетті жасаған адамның өз әрекеттерінің күшін жою мүмкіндігінде және екіншіден, зардаптың алдын алу мүмкіншілігінде, сонымен қатар үшіншіден, әрекеттің зардап келтіруге келгенде жарамсыздығы туралы болып отыр. Осы үш жағдайда жасалған іс-әрекет аяғына дейін жеткізілмегенде қылмысқа оқталу ретінде бағалауға заңды негіз бере алады. Бірақ бұл үш жағдайда да адам өз іс-әрекетінің қылмыстылығын жоя алады. Бірінші жағдайда іс-әрекет жасалғанмен зардаптың туындауы сол мезетте емес, белгілі бір уақыт өткеннен кейін мүмкін болуына байланысты болып табылады. Мысалы, кәмелетке толмаған адамдарды қылмыстық жолға тарту немесе тіпті ұрлық жасау әрекеттерінде де зардап сол кезеңде бірден туындамайды. Яғни осындай қылмыс түрлерінде адам қылмыстың объективтік жағын құрайтын әрекеттерді жасағанмен, кәмелетке толмаған адамды кері азғыру арқылы немесе ұрлық қылмысында бөтеннің меншігіндегі мүлікті жасырын түрде алғанмен, сол мезетте қайтадан орнына қою арқылы қылмысты әрекеттің күшін жоя алады. Соған сәйкес заңмен қорғалатын объектілер бұзылмайды, зардап келтірілмейді және бұл жағдай оқталу емес, қылмыстан өз еркімен бас тарту ретінде бағаланады. Екінші жағдайда, қылмыстың объективтік жақ белгісін білдіретін, зардап келтіруге бағытталған қоғамға қауіпті іс-әрекет жасалғанмен, зардаптың алдын алу мүмкіншілігінің болуы, ол зардап толық немесе түпкілікті пайда болмағанда мүмкін болады деп түсіну керек. Мысалы адамды өлтіру мақсатында оған у беріп, бірақ у толық денеге таралмай тұрғанда немесе адам қайтыс боларға дейін қажетті дәрігерлік көмек шақырту арқылы зардаптың алдын алу сияқты жағдайларды келтіруге болады. Мынандай да жағдай болуы мүмкін. Адамды өлтіру мақсатында қару қолданып, бірақ адам қайтыс боларға дейін тиісті дәрігерлік көмек

¹ А. Н. Трайнин. Учение о составе преступления. – М., 1946. с. 151-152; В.Д. Иванов. Ответственность за покушение на преступление. Учебное пособие. – Караганда: Карагандинская высшая школа МВД СССР, 1974. с.68-72; М.Д. Шаргородский Вопросы общей части уголовного права. –Л., 1955. с. 117.

қолдану арқылы ауыр зардаптың алдын алуға болады. Мұндай жағдайда адамның қайтыс болуының алдын алу мүмкін болғанмен, денсаулыққа әр түрлі дәрежедегі, көбінесе ауыр дәрежелі зардап келтіріледі. Осындай әрекет жасаған адамның әрекетінде кісі өлтіру қылмысынан өз еркімен бас тарту болғанмен, денсаулыққа зиян келтіру қылмысы бар ма деген сұрақ дереу туындайды. Бұл мәселеге жауапты бір-біріне қарама қарсы екі нұсқада келтіруге болады. Бірінші нұсқа бойынша, мұндай әрекеттер жасаған адам қылмыстан өз еркімен бас тарту ретінде жауаптылықтан босатылуы тиіс, себебі қылмысты квалификациялау ережесі бойынша іс-әрекет кінәлінің қасақаналығының бағыты бойынша қылмысты деп бағаланады. Адам кісі өлтіру қылмысына бағытталған әрекеттер жасап, одан өз еркімен бас тартса онда жауаптылықтан босатылуы керек. Ол адамда басқа қасақаналықпен сипатталатын қылмыс жасау туралы ой-мақсат болған жоқ, сондықтан денсаулыққа зардап келтіру қылмысы ретінде квалификацияланбайды. Екінші нұсқа бойынша, адамның осындай әрекеттерінен қылмыстың белгілерін табуға болады. Себебі ҚК 26 бабының 2 бөліміне сәйкес, «Қылмысты ақырына дейін жеткізуден өз еркімен бас тартқан адам оның нақты жасаған әрекетінде өзге қылмыс құрамы болған жағдайда ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылуы тиіс». Яғни бұл мысалда кісі өлтіру қылмысынан бас тартқанмен, қасақана денсаулыққа зардап келтіру қылмысы орын алған болып шығады.

Бұл екі нұсқадағы жауаптың біріншісін дұрыс бағыт деп бағалауға болады, себебі 26 баптың 2 бөліміндегі ереже кінәлінің белгілі бір мақсатқа алған қылмысын орындау барысында ҚК өзге баптарымен қарастырылған басқа да қылмысты жасауын білдіреді. Мысалы кәмелетке толмаған адамды ұрлық қылмысын жасауға көндіріп, артынан ұрлық қылмысынан бас тартқанмен, ол кәмелетке толмаған адамды қылмысқа итермелеген әрекетінде қылмыстың құрамы сақталып қалады. Сондай-ақ кепілге алу, адамды ұрлау сияқты қылмыстық әрекеттерді жасап, артынан үкімет органдарының талабына көніп немесе өз еркімен кепілге алған немесе ұрлаған адамын босатқанмен, бірақ кепілге алу, адамды ұрлау кезінде жәбірленушінің денсаулығына зардап келтірген, қорлаған болса, онда денсаулыққа зардап келтіру немесе қорлау қылмыстарының құрамы сақталады және осы қылмыстар бойынша жауаптылықтан босатылмайды. Бұл мысалдарда адамның жеке бостандығына немесе қоғам қауіпсіздігіне туындаған қауіп қайтарылғанмен заңмен қорғалатын басқа объектілер бұзылған болып табылады. Ал адамды

өлтіруге бағытталған әрекеттер жасалып, бірақ денсаулыққа зардап келген кезде қылмысты аяғына дейін жеткізбей тұрып, жалғастырудан бас тартқанда, мұндай негізгі қылмыс түрінен басқа жол-жөнекей басқа қылмыстың құрамдары пайда болмайды. Анығырақ айтқанда, адамның өлімінің бастапқы кезеңі ретінде денсаулыққа зардап келетін кездері болады. Денсаулыққа зардап келгені үшін мұндай жағдайда қылмыс құрамы бар деуге болмайды.

Үшінші жағдайдағы әрекеттің зардап тудыруға келгенде жарамсыздығы, ол кінәлінің қылмыстың жасалуына арналған әрекеттерді орындау кезінде қабілетінің мұндай қылмысты жасауға толық сәйкес келмеуіне немесе нақты жағдайды толық білмеуіне байланысты болып табылады. Мысалы адам кісі өлтіру қылмысын білдіретін әрекет ретінде мылтықты көздеп атқанмен, оқтың тимей кетуі немесе мылтықтың шүріппесін басқанмен, оның атылмайтын қару екенін білмеуі мүмкін. Яғни қылмыстың объективтік жағын құрайтын әрекеттер жасалғанмен кінәлінің еркіне тәуелсіз себептермен қылмыстың зардабы туындамайды және әрекет орындалғанмен тиісті қылмыс зардаптың туындамауы себепті байланысқа қатысты болып тұрған жоқ, ол жасалған әрекеттің жарамсыздығына байланысты болып отыр. Сондықтан бұл жағдай қылмысқа оқталу ретінде квалификациялануы тиіс.

Формальдық құрамдарға жататын қылмыстарға оқталу-қылмыс құрамының объективтік жағын білдіретін іс-әрекеттерді жасауға бағытталған әрекеттердің кінәлінің еркіне тәуелсіз себептермен аяғына дейін жетпеуін білдіреді. Демек, формальдық құрамдарға жататын қылмыстарға оқталудың материалдық құрамдарға жататын қылмыстарға оқталудан айырмашылығы, материалдық құрамдарға оқталуда объективтік жақты құрайтын әрекеттер жасалуы мүмкін болса, ал формальдық құрамға жататын қылмыстарға оқталуда қылмыстың объективтік жағының белгілері орындалмайды. Тек соны орындауға бағытталған әрекеттер жасалып, олар аяғына дейін жеткізілмейді.

§ 2. Қылмысқа дайындалу және квалификация тәртібі

Қасақаналықпен жасалатын, оның ішінде тікелей қасақаналықпен жасалатын қылмыстар кейде алдын ала дайындалу арқылы жасалады. Сондықтан мұндай кінә нысанымен жасалатын қылмыстардың аяқталуына дейін сатылардан немесе белгілі бір кезеңдерден өтуі жиі кезде-

седі. Егер кінәлінің қылмыс жасау туралы шешімі пайда болған кезден бастап, оның орындалған кезіне дейінгі уақыт аралығындағы әрекеттерді анықтап, оларға құқықтық баға берсек, онда қылмыстың ең алғашқы кезеңі ретінде қылмыс жасау туралы қасақаналықтың, шешімнің пайда болғанын келтіруге болады. Қылмыстық құқық ережесі бойынша қылмыс жасау туралы адамда қасақаналық болғаны немесе шешім қалыптасқаны үшін қылмыстық жауаптылық болмайды. Бірақ бұл кезде адамда қылмыстық заңда қарастырылған қандай қылмыс түрін жасайтындығы белгілі болады. **Қасақаналықтың пайда болуы ретінде адамның белгілі бір қылмыс түрін жасау туралы шешімі болып, бірақ ол қылмысты орындауға бағытталған әлі ешқандай әрекеттерді жасамауы болып табылады.** Қылмыс жасау туралы қасақаналықтың пайда болғаны үшін қылмыстық жауаптылықтың болмау себебі, біріншіден мұндай кезеңде адамның ойында қалыптасқан шешімді іс жүзінде анықтаудың мүмкін болмауына байланысты. Қылмыс жасау туралы адамда тілек, шешім орын алғанмен, бірақ бұл тілектің, шешімнің бар екендігін анықтау үшін, ол көрініс алуы қажет, яғни кем дегенде ол адам қылмыс жасайтындығы туралы мәлімдеме жасауы немесе белгілі бір сөздер айтуы керек. Екіншіден, адамда қылмыс жасау туралы шешім, қасақаналық болғанымен, ол әрі қарай жалғаспай, қылмысты жасау туралы шешімінен бас тартуы да мүмкін. Міне осындай себептерге байланысты қасақаналық пайда болғаны үшін жауаптылық болмайды. Адам қылмысты әрекеттер жасайтындығы туралы қоғамға немесе жәбірленушіге хабарлағанда да қылмыстық заңның Ерекше бөлімінің баптары бойынша квалификация жасауға немесе жауаптылыққа тартуға барлық кезде заңды негіздер бола бермейді. Себебі қылмыс жасайтындығы туралы ойының, шешімінің бар екендігін хабарлау әрекеттері ҚК 24 баптың 1 бөліміндегі қылмысқа дайындалу әрекеттерін білдіретін белгілер қатарына жатпайды. **Қылмысты деп танылған әрекеттерді жасайтындығын жариялау немесе оған шақыру- ҚК Ерекше бөлімі баптарында тікелей көрсетілген жағдайда ғана қылмысты деп танылады және аяқталған қылмысты білдіреді.** Мысалы 157 баптағы басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізу және жария түрде шақыру, 164 баптағы әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, немесе діни араздықты қоздыру. Мұндай қылмыстарда кінәлінің осындай қылмыстар туралы шешімінің бар екендігін жариялауының өзі, осы баптардың диспозицияларындағы әрекеттерге сәйкес келеді. Мұндай ережеге сүйене отырып, қылмыс жасау туралы қасақа-

налықтың пайда болғанын жариялау қандай жағдайларда қылмыстың жасалғанын білдіреді немесе неліктен қылмыстық заңның кей баптарында қасақаналықтың пайда болғанын жариялау қылмыс деп бағаланған деген сұрақ туындауы мүмкін. Мәселе кейбір қылмыс түрлерінде қылмыстың орындалуы негізінен осындай әрекетті жасау түрінде анықталатындығына байланысты болып отыр. Жоғарыда келтірілген қылмыс түрлеріндегі қылмыскердің шешімі, оны жариялау әрекеттері бір адамның емес, бүтіндей бір нәсілдің, ұлттың, дін өкілдерінің заңды мүдделеріне, олардың тең құқықтылығына зиян келтіреді және екіншіден, қылмыстың нақты орындалуы, яғни заңмен қорғалуға жататын объектілерге ауыр зардаптар келтіру үшін өзі ғана емес, көпшілікті қатысуға шақырады. Жеке адамның өміріне, денсаулығына немесе меншігіне, абыройына қарсы бағытталған әрекеттерді жасайтындығын да жариялау қылмыстың орындалғанын білдіреді. Мұндай әрекеттер 112 баптағы қорқыту, 181 баптағы қорқытып алушылық қылмыстары ретінде квалификацияланады. Сондықтан адамның қылмысты әрекеттер жасайтындығын қоғамға немесе жәбірленушіге ашық білдіруі, жариялауы ҚК Ерекше бөлімнің баптарында тікелей көрсетілгенде ғана қылмысты деп бағаланады. Мұндай әрекеттерде қылмыстың құрамы бар деп танылу себебі, ол қылмыстық заңмен қорғалатын объектілердің бұзылу қаупінің болуы және қылмыстың объективтік жағын сипаттайтын белгілердің адамгершілікке жатпайтын, заңды мүдделерге зардап келтіруге бағытталған іс-әрекеттерді білдіретіндігіне, сонымен қатар зұлым ниеттерін іске асыруды көздей отырып, тікелей қасақаналық түріндегі кінәмен сипатталатынына байланысты.

Қасақаналықпен жасалатын қылмыстардың кезеңдерінде дайындалу сатысы қылмыстық ой-шешімді іске асырудың алғашқы сатысын білдіреді. **Дайындалу әрекеттерін қылмысқа оқталу немесе аяқталған қылмыстар өз құрамына сіңіреді, себебі қылмыстың кейінгі сатысы алдыңғы сатыға қарағанда қоғамға қауіптілігі, тәсілі бойынша ауыр деп бағаланады. Сондықтан қылмыс жасалып және ол қылмысты жасауға алдын ала дайындық болғанда, бірден Ерекше бөлімнің бабымен 24 бапқа сілтеме жасалынбай квалификацияланады.** Негізінде қылмыстық құқық ережесі бойынша қылмыстың алдын ала дайындық арқылы жасалуының квалификация жүргізу кезінде ролі жоқ. ҚК 24 бабының ережесі аяқталмаған қылмысты әрекеттердің түрлерін және оның белгілерін анықтауға арналған. Сондықтан қылмысқа дайындалудың қылмыстық құқықтағы негізгі

мағынасы, қасақана қылмысты жасауға алдын ала дайындық жасау әрекеттерінің кінәлінің еркіне тәуелсіз себептермен аяғына дейін жеткізілмеуін білдіреді және осындай жағдайды сот-тергеу құжаттарында бейнелеуді, сонымен қатар жауаптылық тағайындау кезінде ескеруді қамтиды.

Қылмысқа дайындалу төмендегідей белгілермен анықталады:

- қылмыстың құралдары мен қаруын іздестіру;
- қылмыстың құралдары мен қаруын дайындау;
- қылмыстың құралдары мен қаруын бейімдеп жасау;
- қылмысқа қатысушыларды іздестіру;
- қылмыс жасауға сөз байласу;
- қылмыс жасау үшін өзге де қасақана жағдайлар жасау.

Қылмыс жасау үшін құралдар мен қару іздестіру- қылмыстың орындалуы үшін қажетті болып табылатын құралдар және қару тәрізді жабдықтарды табу жолындағы әрекеттерді білдіреді. Кейбір қылмыстардың өзіндік ерекшелігіне қарай қажетті құрал-жабдықтардың дайын болуы міндетті болып табылады. Мысалы жалған ақша немесе жалған төлем құжаттарын жасау үшін алдымен арнайы техникалық құралдарды түгелдеу қажет. Сонымен қатар қылмыстың жасалуын жеңілдету үшін тиісті құралдар мен жабдықтарды іздестіру әрекеттері жасалуы мүмкін. Мысалы кісі өлтіру қылмысын атылатын қарусыз да жасауға болады, бірақ қылмысты жеңіл орындау үшін атылатын қару іздестірілуі мүмкін. Мұндай қылмыстар арнайы құрал-жабдықтарсыз да жасала алады. Қылмыстың құралы немесе қаруының қылмысты квалификациялауға әсер ететін кездері де болады. **Егер белгілі бір қылмыс түрінің орындалуы үшін арнайы құралдың қолданылуы қажетті болса, онда мұндай құрал квалификация кезінде жеке қылмыстың түрін білдірмейді және іс-әрекетке құқықтық баға беруге әсер етпейді.** Өйткені бұл құрал-қару осы қылмыстың құрамында міндетті белгі ретінде қолданылады. Мысалы бандитизм қылмысының жасалуы немесе оған дайындық жасау кезінде атылатын қару болғаны үшін атылатын қаруды, жарылғыш заттарды заңсыз сақтағаны немесе алып жүргені үшін 251 баппен қосып квалификация жасауға болмайды. Ал егер қасақана кісі өлтіру қылмысы атылатын қаруды заңсыз пайдалану арқылы жасалса, онда 96 баппен және 251 баппен қылмыстар жиынтығы ретінде бағаланады.

Қылмыстың құралдары мен қаруын іздестіру әрекеттері кез-келген түрде болуы мүмкін. Мысалы сатып алу, біреуден уақытша пайдалануға алу, талан-тараж арқылы алу т.б түрлерде бола алады.¹

Қылмыстың құралдары мен қаруын дайындау- қылмыстың жасалуын жеңілдететін жабдықтарды қолдан немесе өндірістік тәсілмен жасауды білдіреді. Қылмыстың орындалуы үшін белгілі бір құрал-жабдықтың түрі арнайы түрде қажетті болғанда, ол қылмыс құрамы белгілерінің қатарына жатады, сондықтан осындай құрал, қаруды дайындау өзге бапта жеке қылмыс ретінде қарастырылса іс-әрекетке квалификация жасау кезінде ол қолданылмайды. Мысалы 179 баптың 2 бөлімінің «г» пунктінде «қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданумен жасалған» қарақшылық қылмысының ауырлататын түрі келтірілген. Қару немесе қару ретінде қолданылатын құралдарды пайдаланатын қарақшылық шабуыл жасағаны үшін 251 немесе қаруды заңсыз жасау ретінде 252 баптармен қосып квалификация жасауға болмайды. Өйткені 179 баптың келтіріп отырған 2 бөлімі күрделі құрамды білдіреді және 252 баппен салыстырғанда бүтін норма болып табылады. 179 бап 2 бөлімінің мазмұнында 251 немесе 252 баптың белгілері толық қамтылған.

Қылмыстың құралдары мен қаруын бейімдеп жасау- бұл қылмыстың орындалуы кезінде қолдануға болатын немесе қылмыстың жасалуын жеңілдетеді деген затты әдепкі түрінен өзгертіп, қылмысты жасау құралына айналдыруды білдіреді.

Қылмысқа қатысушыларды іздестіру- қылмыс жасауға ниеті бар екендігін кем дегенде бір адамға айтып айтып, қылмыстың бірге орындаушысы немесе көмектесушісі болуға шақыруды білдіреді. Қылмысқа қатысушылады іздестіру белгісі бойынша қылмысқа дайындалу ретінде квалификация жасау үшін адамның келісім беруі міндетті емес. Яғни қылмысты бірге орындауға адам келісім бермегенде де қылмысқа дайындалу әрекеттері үшін 24 бапты қолдануға болады. Қылмысқа қатысушылық ережесі бойынша мұндай жағдай, анығырақ айтқанда іске аспаған қылмысқа қатысушылық деп аталады.

Іске аспаған қылмысқа қатысушылық жасалған әрекеттің түріне қарай қылмысқа дайындалу немесе оқталу деп бағаланады. Қылмысқа қатысушыларды іздестірген адам орындап отырған әрекетінің сипатына қарай қылмыстың ұйымдастырушысы болып табылады және құқықтық

¹Тишкевич И.С. Приготовление и покушение по советскому уголовному праву (понятие и наказуемость). –М.: Госюриздат, 1958. С.38.

бағалау жасағанда ҚК Ерекше бөлімінің тиісті бабымен 24 бапқа сілтеме жасай отырып квалификация жүргізу керек. Мұндай адамдардың әрекеттерін квалификациялағанда 28 бапқа сілтеме жасалынбайды, себебі қылмысқа қатысушыларды іздестіру 28 бапта да айтылғанмен, 24 бапта оның нақты жағдайы, қылмысқа дайындалудың бір түрі ретінде келтірілген. Яғни ұйымдастырушылық әрекет екі бапта да келтірілгенмен, бірақ 28 бапта аяқталған ұйымдастырушылық әрекет қарастырылса, ал 24 бапта аяғына дейін жетпеген қылмыстық әрекет түрінде келтірілген.

Қылмыс жасауға сөз байласу-бұл кем дегенде екі адамның белгілі бір қылмысты жасау туралы келісімге келіп, бірақ олардың еркіне тәуелсіз себептермен қылмысты аяғына дейін жеткізудің мүмкін болмауын білдіреді. Сонымен қатар бұл кезеңде келісім жасаған адамдардың арасында кімнің қандай ролдер орындайтыдығы тәрізді қылмыс жоспарының деталдары әлі анықталмаған болуы мүмкін. Келісім жасау қылмысқа қатысушылық ережесіне сәйкес әр түрлі болуы мүмкін, мысалы ауызша немесе жазбаша келісім беру, ым жасау арқылы келісімге бару. Кейбір әдебиеттерде келісім әрекетсіздік түрінде де бола алады дейді, мысалы үндемей келісім беру. Алдын ала келісім болмаған жағдайда қылмысқа қатысушылар іштей келісімде болады. Соған қарай бірінің әрекетін екіншісі басқа мағынада емес, сол бірінші адамның әрекетінің мағынасында түсінуі арқылы іштей бірлестікте болады.

Қылмыс жасалардың алдында ғана немесе аяқ астынан қылмыс жасау туралы пайда болған келісім алдын ала келісімге жатады. Себебі мұндай жағдайда келісімді білдіретін белгілі бір сөздер, ымдар жасалмай болмайды. Мұндай келісімді зерттеушілер еңбектерінде «элементарное соглашение» деп атайды.¹ Ал алдын ала келісімсіз түрде қылмыс жасалғанда қылмысқа қатысушылар көрінеу сөзбен, ыммен келіспейді. Мұнда бір-бірінің әрекетінің мағынасын түсініп, іштей келісімді түрде қылмыс жасалады. Қылмысқа қатысушылықтағы алдын ала келісім мен алдын ала келісім болмау жағдайының шекарасы міне осылай ажыратылады.

Қылмыс жасау үшін өзге де қасақана жағдайлар жасау-бұл көлемі бойынша қылмысқа дайындалуды білдіретін, өзге белгілерге қарағанда кең және тыл белгі болып табылады. Қылмыстың жасалуы үшін өзге де жағдайлар жасау ретінде қылмыстың орындалар жерін немесе қыл-

¹Ковалев М.И. Соучастие в преступлений. Ч 2. Свердловск, 1962. С. 218.

мыстың жәбірленушісін алдын ала барлау, қылмыстың жасалуы кезінде кедергі жасауы мүмкін бөгеттерді құрту, қылмыс жасалғаннан кейін қылмыстың затын, ізін, қылмыскердің өзін жасыру керек болғанда алдын ала жасыратын жерлерді іздестіру т.б дайындық әрекеттері түрінде түсіну керек.

Осындай жоғарыда баяндалған дайындалуды білдіретін белгілер кінәлінің еркіне тәуелсіз себептермен қылмыс аяғына дейін жеткізілмесе, жасалған іс-әрекет қылмысқа дайындалу ретінде бағаланып, ҚК Ерекше бөлімінің тиісті бабымен және 24 баптың 1 бөліміне сілтеме жасау арқылы квалификацияланады. Қылмысқа дайындалудың аяқталу моменті немесе 24 баптың 1 бөлімін қолдану негізі, ол дайындалуды білдіретін белгілердің аяғына дейін орындалуына байланысты емес. Дайындалу- уақыт аралығы бойынша қылмысқа оқталуға дейінгі кезеңді толық қамтиды.

§ 3. Қылмысқа оқталу және квалификация тәртібі

ҚК 24 бабының 3 бөліміне сәйкес, «тікелей қылмыс жасауға бағытталған ниетпен жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), егер бұл орайда қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, қылмыс жасауға оқталу болып танылады». «Қылмыс жасауға тікелей бағытталған әрекет» ретінде қылмыстың объективтік жағы белгілерін орындауға бағытталған немесе объективтік жағы белгілерін орындағанмен, бірақ тиісті зардаптың туындамауы алынады. Бұл екі жағдайда да, яғни қылмыстың объективтік жағы белгілерін орындауға бағытталған немесе ол белгілер орындалғанмен зардаптың туындамауы кінәлінің еркіне тәуелсіз жағдайларға, себептерге байланысты болуы керек. Осы екі жағдайға қарай қылмыстық құқық қылмысқа оқталудың екі түрін, **аяқталған және аяқталмаған** оқталуды келтіреді.

Қылмыстық құқық теориясында қылмысқа оқталудың түсінігі туралы мынандай анықтамалар кездеседі. «қылмысты қасақана орындағанмен, оны ойлаған субъектінің еркіне тәуелсіз жағдайларда қылмыстың нәтижесінің аяқталмауы»,¹ немесе «Аяқталған қылмыстың құрамын орындауға тікелей бағытталған қоғамға қауіпті қасақана іс-әрекет осын-

¹ Кузнецова Н.Ф. Ответственность за приготовление к преступлению и покушение на преступление по советскому уголовному праву. –М.: Издательство Московского университета, 1958. С.89.

дай әрекеттер жасап отырған адамның еркіне тәуелді емес себептермен мақсаттына жетпеуі болып табылады»¹, сонымен қатар «қылмысқа оқталу- бұл тікелей қасақаналықпен қылмыс жасауға тікелей бағытталған, ҚК Ерекше бөлімінің тиісті баптарының диспозицияларында бейнеленген аяқталған қылмыс құрамдарының объективтік жағының белгілері бар, яғни материалдық құрамдардағы қылмыстарда зардаптарға соқтырмаған немесе осы баптарда көрсетілген іс-әрекеттердің тек бастапқы бөлімін қамтитын әрекет немесе әрекетсіздіктің кінәліге байланысты емес жағдайлар бойынша аяғына дейін жеткізілмеуі болып табылады».²

Қылмысқа оқталудың түсінігін беруге арналған бұл анықтамалардың сапасы туралы сөз қозғамаймыз. Бұл біздің міндетімізге жатпайды, тек бұл жерде қылмысқа оқталу түсінігінің қылмыстық құқықта даулы екендігін ескертеміз.

Аяқталмаған оқталу ҚК Ерекше бөлімінің баптарындағы қасақаналықпен жасалатын қылмыстарды жасауға тікелей бағытталған әрекеттер болып табылады. Анығырақ айтқанда, **аяқталмаған оқталу-қасақаналықпен жасалатын қылмыстардың объективтік жағы белгілерінің жасалған іс-әрекетте болмауын, яғни қылмысты орындауға бағытталған әрекеттердің құрамның объективтік жағы белгілерін сипаттайтын іс-әрекетке дейін үзілуін білдіреді.** Мысалы қылмыскер ұрлық жасау орнына бара жатырғанда оны құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ұстап алуы немесе қылмыс жасайтын жерге жеткенімен қылмыстың затының орнында болмауы, өзге адамдардың бөгет болуы сияқты т.б себептерге байланысты қылмыстық жоспар немесе қылмыстың бастапқы кезеңі аяғына дейін жеткізілмеуі мүмкін.

Аяқталған оқталуда қылмыстың объективтік жағын білдіретін іс-әрекеттер толық немесе ішін-ара жасалады, бірақ кінәлінің еркіне тәуелсіз себептерге байланысты қылмыстың зар дабы туындамайды немесе қылмысты әрекет мақсатына жетпей аяқталады. Сондықтан аяқталған оқталу материалдық құрамдарға жататын қылмыстарға тән деуге болады, өйткені материалдық құрамдарда қылмыстың объективтік жағын білдіретін әрекеттер жасалғанмен, қылмыстық зардап туындамай тұрып аяқталды деуге болмайды. Мысалы ұрлық қылмысы материалдық құрамға жатады, бірақ бөтеннің меншігіне қар-

¹ Тишкевич И.С. Приготовление и покушение по советскому уголовному праву (понятие и наказуемость). –М.: Госюриздат, 1958. С.93.

² Гаухман Л.Д. Квалификация преступлений. –М.: С.182-183

сы бағытталған әрекетті кінәлі адам жасағанмен, сол жердегі қылмыс затына, жағдайды толық білмеуіне байланысты аз көлемдегі мүлік немесе өздерінің жоспарына кірмеген басқа, жарамсыз затты алып кетуі мүмкін. Сондай-ақ кісі өлтіру мақсатымен адамға қаратып мылтықтың шүріппесін басқанмен мылтық атылмауы немесе оқ тимей кетуі мүмкін. Міне осы тәрізді іс-әрекеттер кінәлінің еркіне тәуелсіз себептермен аяғына дейін жеткізілмегенде де қылмысқа оқталу деп бағаланады. Демек аяқталмаған оқталу мен аяқталған оқталудың айырмашылығы қылмыстың объективтік жағын құрайтын іс-әрекетті жасауы немесе жасауға үлгірмегендігінде болып табылады. Ал ұқсастығы қылмыстың мақсатына жетпеуінде немесе қылмыстың заң жүзінде аяқталу моментіне жетпеуінде.

Жоғарыда аяқталған оқталуда қылмыстың объективтік жағын құрайтын іс-әрекеттер толық немесе ішін-ара жасалады дедік (бұл жерде біз бір неше әрекеттерден тұратын және осы әрекеттердің біреуі жасалса да қылмыстың аяқталуын білдіретін диспозицияларды айтып отырған жоқпыз). Қылмыстың объективтік жағын құрайтын әрекеттер Ерекше бөлім нормалары диспозицияларының ерекшелігіне қарай жай диспозиция түрінде бір әрекеттен, сипаттамалы диспозиция түрінде бірнеше әрекеттен де тұрады. Қылмысқа оқталу мәселесінде Ерекше бөлім баптарының диспозицияларындағы іс-әрекеттерді толық немесе ішін-ара жасау, қылмыстың аяқталған немесе аяқталмағанын шешуде ролі болмайды. Бұл тек формальдық құрамдарға жататын қылмыстарда ғана өзгеше анықталады. Формальдық құрамдарды білдіретін қылмыстарда қылмыстың объективтік жағын құрайтын әрекеттерді толық жасау қылмыстың аяқталғанын білдіреді. Мысалы адам ұрлау қылмысында жәбірленушіні басқа жаққа алып кеткен кезден адамның жеке басы бостандығы шектелді деп саналады және қылмыс осы кезден аяқталды деп танылады. Қылмыстық заңда объективтік жағы бір белгіден ғана құралмайтын формальдық құрамдар да кездеседі. Мысалы жыныстық қылмыстарда жәбірленушіні ұрған, қорқытқан немесе дәрменсіз жағдайын пайдаланған кезден қылмыс аяқталды деп бағаланбай, объективтік жағы толық орындалғанда, яғни жыныстық қатынас басталғанда ғана қылмыс аяқталы деп танылады. Бірақ қылмыстық заңдағы формальдық құрамдарға жататын көпшілік қылмыстарда объективтік жағын құрайтын іс-әрекеттің біреуінің жасалуы-ақ қылмыстың аяқталғанын білдіреді. Бұл формальдық құрамдарға жататын іс-әрекеттерге қылмыстық-құқықтық шектеу қою негізіне байланысты. Ал материалдық құрамдарда қылмыстың

объективтік жағын құрайтын әрекеттер толық жасалса да, ішін-ара жасалса да қылмыстың аяқталғанын немесе аяқталмағанын анықтауға ролі жоқ, материалдық құрамдарда қылмыстың аяқталғанын анықтаушы негізгі белгі, ол заңда келтірілген зардаптың түрі мен көлемінің туындауы болып табылады.

Қылмысқа оқталудың орын алу мүмкіндігін қысқартылған (келте) құрамдар бойынша да келтіруге болады. **Қысқартылған құрамдардағы қылмысқа оқталу-қылмыстың аяқталу уақытын немесе аяқталғанын білдіретін іс-әрекеттер жасауға тікелей бағытталған әрекеттердің кінәлінің еркіне байланысты емес себептермен аяғына дейін жеткізілмеуін көрсетеді.** Қылмыстық құқықта қысқартылған құрамдарға бандитизм, қарулы бүлік, теңіз қарақшылығы, заңсыз әскерилендірілген құраманы ұйымдастыру, террористік топ құру сияқты негізінен ұйымдасқан топпен, қылмыстық қауымдастықпен жасалатын қылмыстардың әр түрлі көріністері жатқызылған. **Мұндай қылмыстарда олардың аяқталғанын білдіретін әрекеттер аяғына дейін жеткізілмесе қылмысқа оқталу ретінде бағаланып, ҚК Ерекше бөлімінің тиісті бабымен және 24 баптың тиісті бөліміне сілтеме жасау арқылы квалификациялануы керек.** Мысалы арнайы жауаптылығы 235 бапта қарастырылған ұйымдасқан топпен, қауымдастыққа оқталу ретінде ұйым, топ басшысының басқа адамдарға осы топқа кіру туралы ұсыныс жасауын немесе өзге топтың басшысына қауым ретінде қылмыстылықпен айналысуға шақыруын, болашақта жасалатын қылмыстардың түрі мен жоспарын ұсынуын, бірақ ұсыныс жасалып отырған адамның бұл ұсынысты қабылдамауы немесе құқық қорғау органдарына мәлім болуы нәтижесінде ауыздықталуы алынады.

Бұл ереже сырттай қарағанда, ҚК 24 бабындағы топты құруға немесе қылмысқа қатысушыларды іздестіруге бағытталған әрекеттердің қылмысқа дайындалуды білдіретін ережесіне қайшы келетіндей көрінуі мүмкін. Шын мәнінде 24 баптағы «топты құру», «қылмысқа қатысушыларды іздестіру» деген қылмысқа дайындалуды білдіретін белгілер жалпы белгі ретінде беріліп, қылмысқа қатысушылықтың барлық нысандарына қатысты екендігі айтылмаған. Қылмысқа қатысушылықтың алдын ала келісімсіз және алдын ала келісіммен топ адамдардың жасаған қылмыстары деген нысандары «тұрақтылық» белгісін иеленбейтіндіктен, мұндай нысандарда жасалған қылмыстар қысқартылған құрамды білдірмейді. Мысалы ұрлық қылмысын жасау үшін топ құру әрекеті аяғына дейін жеткізілмесе, онда ұрлыққа дайындалу деп бағаланады. Ал қыл-

мысқа қатысушылықтың ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдас-тық тәрізді нысандары «тұрақтылық» белгісін иеленетіндіктен қысқартылған құрамдарға жатады және тұрақты топ құрылған кезден-ақ қылмыс аяқталды деп танылады. Сондықтан мұндай құрамдарда осындай тұрақты топты құруға бағытталған әрекеттердің өзі қылмысқа оқталуды білдіреді. Басқаша айтқанда, егер қысқартылған құрамдарда немесе тұрақты топты құруға бағытталған әрекеттерді 24 баптың жалпы ережесін нақтыламай-ақ қылмысқа дайындалу ретінде бағаласақ, онда қысқартылған құрамдарда қылмысқа оқталу шектеледі.

Жасалған іс-әрекеттерді қылмысқа оқталушылық деп бағалағанда қылмыстың нақты келтірген зардаптарын ескере отырып аяқталған қылмыс ретінде және кінәлі адамның қасақаналығына кірген қылмыс түріне оқталу деп квалификация жасауға болмайды. Мысалы Ч. өзінің жеңіл машинасымен такси болып жүргенде, түнгі сағат 3 кезінде мас күйдегі Б., Ю. Және С. деген азаматтар 150 тенгеге жеткізіп тастауды сұрайды. Бірақ Б. жол ақысына 46 тенге ғана береді. Ч мұндай ақшаға апармайтынын және машинадан шығуын талап етеді. Б., Ю. және С. балағат сөздер айтып, Ч-мен ұрсыса бастағасын, ол машинасындағы кесілген мылтығын шығарып, кетпесе атып тастайтынын ескертеді. Ч. өзіне жақындап келе жатқан Б-ны өлтіру мақсатымен атып, оның денсаулығына жеңіл дәрежелі зардап келтіреді. Мұнан кейін қолына кувалда ұстап шабуылдай бастаған С-ты басынан атып өлтіреді.

Повладар облыстық соты Ч-ның әрекеттерін атылатын қаруды заңсыз алып жүру ретінде ҚК 251 бабының 1 бөлімімен, екі немесе одан көп адамды қасақана өлтіруге оқталу ретінде 96 баптың 2 бөлімінің «а» пунктімен және 24 баппен, сонымен қатар 96 баптың 2 бөлімінің «а» пунктімен тағы да квалификациялайды.

ҚР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасы бұл істі қарап, үкімді өзгеріссіз қалдырады.

Қадағалау тәртібінде прокурор Ч-ның әрекеттерін 24 бапқа сілтеме жасау арқылы 96 баптың 2 бөлімінің «а» пунктімен емес, 24 баппен және 96 баптың 1 бөлімімен кісі өлтірудің жай түріне оқталу ретінде, С-ты өлтіргені үшін 96 баптың 2 бөлімінің «н» пунктімен квалификация жасауды ұсынады.

ҚР Жоғарғы Сотының Президумы бұл істе сот-тергеу жұмыстары толық жүргізілмеуіне, істің барлық мән-жайлары ашылмауына байла-

нысты қайта қаруға жіберген. Істі қайта қару кезінде Ч-ның әрекеттері ҚК 99 бабымен қажетті қорғану шегінен шығып қасақана кісі өлтіру ретінде бағаланған.

Бұл істе Ч. әрекеттері меншігіне және жеке басының қауіпсіздігіне төнген шабуылға және қылмыстың жәбірленушілерінің бұрын сотталған адамдар болуына, сонымен қатар кісі өлтіру туралы алдын ала қасақаналық, белсенділік болмауына байланысты қажетті қорғану шегінен шығып кісі өлтіру ретінде квалификацияланған.

Біздің бұл мысалды келтіргенде айтайын дегеніміз, қылмыскер қасақана екі немесе одан көп адам өлтіру қылмысын жасамақшы болып, бірақ оның еркіне байланысты емес себептермен зардап толық туындамай, бір адам өлгенде 96 баптың 2 бөлімінің «а» пунктімен және тағы да 24 бапқа сілтеме жасай отырып 96 баптың 2 бөлімінің «а» пунктімен квалификация жасауға болмайды. Себебі мұндай квалификация қылмыс толық аяқталды және осы қылмыс толық аяқталмады деген бір-біріне қарама-қайшы түсінікті білдіреді. Егер екі немесе одан көп адам өлтіруге бағытталған әрекеттерде зардап толық туындамай бір ғана адам өлген болса, онда қылмыс 24 бапқа сілтеме жасау арқылы 96 баптың 2 бөлімінің «а» пунктімен бағалануы керек. Осы ереже жоғарыда келтірілген мысалға ұқсас барлық жағдайларға ортақ ереже болып табылады, яғни **қылмыскер ауыр зардап келтіруге тырысып, бірақ оның еркіне байланысты емес себептермен жеңілірек зардап туындаған жағдайда қылмыс жеңіл зардапты қарастыратын баппен емес, кінәлінің қасақаналығына кірген ауыр қылмысқа оқталу ретінде квалификацияланады.** Мысалы қылмыскер қасақана кісі өлтіру қылмысын жасамақшы болғанмен, нәтижесінде жәбірленушінің денсаулығына әр түрлі дәрежелі зардаптар келсе, онда 24 және 96 баптармен кісі өлтіруге оқталу және денсаулыққа зардап келтіру қылмысы жасалды деп 103 баппен квалификация жасауға болмайды. Мұндай жағдайларда іс-әрекет бірден қылмыскердің қасақаналығының бағыты бойынша 24 және 96 баптармен қылмысқа оқталу деп бағалануы керек.

Аяқталған оқталудың бір көрінісі жарамсыз оқталу болып табылады және мағынасы адамның қылмыс затына немесе жәбірленушіге, сондай-ақ қылмыстың құралына қатысты шын мән-жайды дұрыс білмеуі салдарынан қателесіп, жасалған іс-әрекеттің кінәлінің ойындағыдай, жоспарындағыдай болмай аяқталуын білдіреді. Қылмыстың заты кейбір қылмыс түрлерінде қылмыстың объектісін де белгілеуге әсер ететіндіктен жарамсыз оқталуға объектіден қателесуді де жатқызуға болады.

Жарамсыз оқталу орын алғанда іс-әрекет қылмыскердің ойында болған, жоспарлаған қылмыс түрі бойынша, яғни қасақаналығының бағыты бойынша квалификацияланады. Қылмыскердің қателесуінде немесе жарамсыз оқталуда өзі жоспарлағаннан заңмен қорғалатын құндырақ объектілерге зардап келуі мүмкін екендігін және ондай әрекеттерді квалификациялау тәртібі қылмыстың субъективтік жағы бойынша квалификация жүргізу тақырыбында айттық.

Қылмыстың затына қатысты қателесу салдарынан жарамсыз оқталуда, кінәлі қылмыстың затының орнына басқа затқа қатысты қылмысты әрекеттер жасайды. Мысалы есірткі заттарды сатып алушы сатып отырған адамның алдағанын білмей есірткі заттардың орнына басқа ұнтақ затты алуы мүмкін. Мұндай жағдайда сатып алушының әрекеттері 259 баптың 1 бөлімімен және 24 баптың 3 бөліміне сілтеме жасай отырып бағаланады. Ал есірткінің орнына басқа затты алдап сатқан адамның әрекеті 177 баппен алаяқтық ретінде бағаланады, себебі есірткі заттың орнына басқа затты алдап сатқан адамда халықтың денсаулығына қарсы қасақаналық және сондай іс-әрекеттер болған жоқ. Осы тәріздес, қылмыстың құралының жарамсыз екендігін білмеу салдарынан кінәлі ойына алған қылмыстың түрін іске асыра алмауы мүмкін.

Жарамсыз оқталу материалдық құрамдарда ғана емес, формальдық құрамдарда да кездесе алады. Мысалы, пара алушы адам ақша немесе бағалы заттың орнына алданып басқа затты қабылдауы мүмкін.

Жарамсыз оқталуда кінәлі адам қылмыстың объективтік жағын құрайтын іс-әрекеттерді орындайды, бірақ объективтік жағдайды толық білмеуі салдарынан жарамсыз іс-әрекеттерді орындайды, соған сәйкес қылмыстың мақсатына жете алмайды. Басқаша айтқанда, қылмыстың объективтік белгілері мен субъективтік белгілерінің арасына ауытқу, сәйкес келмеушілік орын алады.

VIII тарау

ҚЫЛМЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛЫҚПЕН ЖАСАЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ КВАЛИФИКАЦИЯЛАУ

§1. Қылмысқа қатысушылықтың белгілері және оның қылмысты квалификациялаудағы маңызы.

Қылмысқа қатысушылық мазмұны мен құрылысы жағынан қылмыстық құқықтың Жалпы бөлімінің күрделі құқықтық институты болып табылады.

Себебі бұл тақырыпта қылмысқа қатысушылықтың түсінігі мен белгілері ғана емес, сонымен бірге қылмысқа қатысушылардың түрлері, қылмысқа қатысу нысандары (формалары), жауаптылық мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар қылмысқа қатысушылық мәселесін зерттеген ғалымдар бұл тақырыптың әр жақты мәселелеріне қатысты бір келкі шешімдерден көрі, әр қилы, кейде бір-біріне қарама-қарсы бағыттарды келтіреді. Нәтижесінде қылмысқа қатысудың түсінігіне, белгілеріне, оның нысандарына, қылмысқа қатысушылар жауаптылығының жалпы және арнайы түрлеріне қатысты қылмыстық құқық теориясында даулылық қалыптасты. Тақырыптың теория жүзінде даулы болуы оның практикасына да кері әсер ететіні белгілі, сондықтан сот-тергеу қызметкерлері қылмысқа қатысушылықпен жасалған қылмыстар бойынша квалификация жүргізгенде жиі қиындықтарға кездесіп жатады. Олар көбінесе жасалған қылмыс уақиғасында қылмысқа қатысушылықтың бар немесе жоқ екендігін анықтауда, қылмысқа қатысудың әр түрлі нысандарында жасалған іс-әрекеттерге және жауаптылықты белгілеудің арнайы мәселелеріне қатысты квалификация жүргізгенде қиындықтарға кездеседі. Әрине, құқық теориясында мәселенің шешімін көрсетіп, тиісті ережелер бергенмен, практика жүзінде бұрын кездеспеген, құқық мазмұнында арнайы қарастырылмаған уақиғалар орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайлар әсіресе бір неше адам бірлесіп бір қылмысты жасайтын қылмысқа қатысушылық тақырыбына тән.

Бұл тақырыпта қылмысқа қатысушылықтың барлық мәселелері емес, оның ішінде квалификация мәселесіне әсері бар қылмысқа қатысудың белгілері, қылмысқа қатысушылардың әрекеттерін қатысу нысандары және қылмысқа қатысушылар жауаптылығының арнайы мәселелері бойынша квалификация тәртібі қарастырылады.

Екі немесе одан көп адамдардың қылмысты әрекеттерін қылмысқа қатысу деп бағалау үшін, жасалған іс-әрекеттер қылмысқа қатысушылықтың объективтік және субъективтік белгілеріне сәйкес келуі керек. Егер қылмыстың жасалу уақиғасымен екі немесе одан көп адамдардың әрекеттері байланыста болғанмен, бірақ қылмысқа қатысушылықты анықтайтын объективтік және субъективтік белгілерге сай келмесе немесе объективтік байланыстар сақталғанмен субъективтік тұрғыда бұл байланыстар болмаса немесе керісінше болғанда да қылмысты бірлесіп орындау немесе қылмысқа қатысушылық болып танылмайды.

Қылмысқа қатысушылықтың объективтік белгілері

Қылмысқа қатысушылықтың объективтік белгілері ретінде жасалған қылмысқа кем дегенде екі адамның қатысуы, іс-әрекеттердің бірлескен түрде орындалуы немесе бұл іс-әрекеттердің бір-бірімен себепті байланыста болуы алынады.

Қылмысқа қатысушылықтың негізгі белгілерінің бірі екі немесе одан көп адамдардың әрекет етуі болып табылады. Жасалған қылмысты әрекеттерді қылмысқа қатысушылыққа жатқызу үшін кем дегенде екі адамның арасында бірлесіп қылмыс жасау туралы ой болуы шарт. Ал үшінші, төртінші адамдар кәмелетке толмағандар, абайсыздықта қылмыс жасаушылар болғанымен, әдепкі екі адамның әрекеті қылмысқа қатысушылыққа дәл келуі керек. Демек, кем дегенде екі адам қылмыстық жауаптылық жасына жеткен, есі дұрыс және абайсыздықта емес, қасақаналықпен бірлесіп қылмыс жасау туралы ойда болуы керек.

Қылмысқа қатысушылардың арасында «бірлесу» белгісінің болуын зерттеу әдебиеттерінде әр көлемде қарастырады. Бірлесіп қатысу белгісінің сипатын анықтағанда, кінәлілердің қоғамға қауіпті іс-әрекетті өзара байланыста жасауын және қылмыстың зардабына да әр бір қатысушының байланысы болуын анықтауымыз керек. Қылмысқа қатысушылықтағы «бірлесу» белгісі қылмыс жасаудың бастапқы кезеңінен соңғы кезеңіне дейін түгел орын алады және бұл белгі мынандай элементтерден құралады:

а) әрбір қылмысқа қатысушының әрекеті басқа қатысушылардың нақты жағдайларда әрекеттер жасауының қажетті шарты болып табылады. Яғни бірінің белгілі бір әрекеттерді жасауы, басқаларының да алдыңғы әрекетке байланысты нақты бір әрекеттерді іске асыруына себеп болады;

ә) қылмыстың салдары немесе қылмыс уақиғасы әр қатысушының әрекеттерімен себепті байланыста болады;

б) қылмыстың нәтижесі барлығына ортақ болады.

Қылмысқа қатысушылардың бірінің нақты бір қылмысты әрекеттерді орындауына байланысты (айдап салушылық, көмектесушілік әрекеттер), екінші адамның сол әрекетке сәйкес келесі әрекеттерді орындауы, бұл барлық қылмысқа қатысушылық нысандарына дәл келмейді. Мұндай кезекті түрдегі әрекеттерді орындау, қылмысқа қатысушылардың арасында роль бөліп қатысу тәрізді нысанда орын алады. Ал қылмысты топ адам болып жасағанда, қатысушылар әрекеттерінің бірлескен түрде орындалуы белгісі, олардың бір тектес қылмыстық әрекеттерді жасау арқылы қылмыстың салдарына күш біріктірудің нәтижесінде жетуін білдіреді. Мысалы бір топ адам болып бөтен адамның өміріне немесе денсаулығына зардап келтіру. Мұндай жағдайларда «бірлесу» белгісі топ мүшелерінің ортақ ниетпен бір тектес әрекеттерді жасауымен көрінеді.

Жалпы, қылмысты бір неше адамдардың бірлесіп жасауы қылмысқа қатысушылықтың қоғамға қауіптілігін барлық жағдайларда болмағанмен, негізінен ауырлатады.

Екі немесе одан көп адамдардың қоғамға қауіпті әрекеттерін, қылмысқа қатысушылыққа жатқызатын белгі – «себептілік» белгісі болып табылады. Егер қылмыстың салдары немесе қылмыстың болу уақиғасы, адамның әрекеттерімен себепті байланыста болмаса, онда себепті байланыста әрекет жасамаған адамға қылмыстық жауаптылық туындамайды немесе абайсыздықта қылмыс жасаған болып саналуы мүмкін. Себебі бұл әрекеттердің арасындағы немесе қылмыстың зардабына деген себепті байланыстар қасақана әрекеттерден туындаған болуы керек. Яғни қасақана түрде көмектесушілік әрекеттерді орындау, қасақана түрде қылмыстың жасалуына жол ашады. Қылмысқа қатысушылықтағы себепті байланысты жасалған қылмыс мазмұнының екі жерінде ескеру керек. Біріншісі, қылмысқа қатысушылардың араларындағы байланыс, ал екіншісі, қылмысқа қатысқан әрбір адам әрекетінің туындаған зардаппен байланысы. Бірінші келтіріліп отырған себерті байланыс туралы жоғарыда айтылды, ал әрбір қылмысты әрекеттің зардаппен себепті байланыста болуын, қатысушылардың әрекеттерінің мазмұны мен сипатынан көруге болады. Бұл көрініс, әрбір қылмысқа қатысушының қоғамға қауіпті әрекетінің бағытымен анықталады. Қылмысқа қатысушылар бір мүддеге бағытталған әрекеттерді орындауы арқылы күш

біріктірген болып есептеліп, қылмыстың зардабын туындатады. Демек, қылмысты ұйымдастырған, қылмысқа азғырған, көмектескен және орындаған адамдардың әрекеттерінің барлығы да қылмысқа қатысушылық болуы үшін, туындаған зардаппен себепті байланыста болуы керек. Бұл себепті байланыс мысалы, айдап салушының біреуді қылмыс жасауға азғыруымен, көмектесушінің қылмыстың орындалуы үшін кеңес, құрал-сайман, қылмыстың ізін жасыру әрекеттерін мойнына алуымен, орындаушының қылмыстың объективтік белгілерін орындауымен анықталады. Осы әрекеттердің орындалуы арқылы ғана қылмыс толық жасалады немесе бөтен жақтың мүддесіне зардап келтіреді. Қылмысқа қатысушылықта туындаған зардап бірлесіп әрекет еткен адамдардың күштерінің жиынтығы ретінде алынады. Кездейсоқ себептен туындаған әрекеттер немесе зардаптар қылмысқа қатысушылықты құрамайды. Зардаптың туындауына себепті байланыс кездейсоқ болғанда, кінә түрі қасақана болмайды. Кездейсоқ себептерден туындаған әрекеттерден зардап болғанда, ол абайсыздықта келтіріледі немесе кездейсоқ әрекетті жасаған адамда кінәнің белгілері болмауы да мүмкін. Мысалы көшеде кетіп бара жатырған екі адам жол жиегінде мастықтан құлап жатқан адамды тұрғызып, үстін қағып кетіп қалады. Мас адам тәлтіректен барып жолға құлап машинаға қағылады. Мас адамға көмектескен адамдардың әрекеттері мен туындаған зардаптың арасында байланыс бар, бірақ бұл байланыс кездейсоқ байланыс болып табылады.

Қылмысқа қатысушылықтың объективтік белгілері, оның субъективтік белгілерімен тығыз байланысты. Өйткені, қылмысқа қатысушылықтың субъективтік белгілері қылмысқа қатысушылардың ішкі ойын немесе психикалық бағытын білдіреді.

Қылмысқа қатысушылықтың субъективтік белгілері

Қылмысқа қатысушылықтың субъективтік белгілері ретінде қатысушыларда қасақаналықтың, қылмыс жасауға деген ой бірлестігінің болуы және алдын ала келісімнен құралады.

Қылмысқа қатысушылықтың объективтік белгілері тәрізді бұл белгілерде қылмысты бірлесіп жасаудың бастапқы сатыларынан бастап қылмыс салдары туындағанға дейін орын алады.

Қылмысқа қатысушылықтың кінә түрі туралы бұрынғы зерттеу әдебиеттерінде абайсыздықтағы қылмысқа қатысушылықтың болуына жол берілген 1. Бірақ кейінгі уақыттарда осы тақырыпты арнайы зерттеген

ғалымдар қылмысқа қатысушылықтың тек қасақана түрде жасалғанда бір неше адамдардың бірлескен әрекеттерін құрап, жауапкершілікті жүктеуге болатынын дәлелдеді. Ал кінәнің абайсыздық түрімен де қылмысқа қатысушылықтың болу мүмкіндігін ұсынушылардың бағытын қылмысқа қатысудың акцессорлық теориясына жатқызды. Қылмысқа қатысушылықтың акцессорлығы дегеніміз, азғырушылық, көмектесушілік әрекеттердің қылмысты орындаушының әрекеттеріне тәуелді болуын білдіреді. Нәтижесінде орындаушы бар болса, онда қылмысқа қатысуда бар, ал орындаушы жоқ болса немесе ол қылмысты орындаудан бас тартса, онда қылмысқа қатысушылықта жоқ болып есептеледі. Мұнда абайсыздықта қылмыстық зардапқа әкелген әрекетпен басқа адамдардың да іс-әрекеттері қандай да бір байланыста болса, осы әрекеттен туындаған зардап басқалардың да кінәсіне жатады. Қылмысқа қатысушылықтағы кінәнің абайсыздық түрін Ұлыбритания, АҚШ, Франция мемлекеттерінің қылмыстық құқықтарынан кездестіруге болады.

Қылмысқа қатысушылықтағы қасақаналықтың интеллектуалдық белгілерін былай анықтауға болады:

- а) жасалатын іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігін білуі;
- ә) басқа қатысушылардың да әрекеттерінің қоғамға қауіпті екендігін білуі;
- б) бірлескен әрекеттен туындайтын зардаптың болуын білу мүмкіндігі.

Еріктілік кезеңді қылмыстың жасалуын, оның зардабын тілеу немесе саналы түрде жол беру құрайды. Қылмысқа қатысушылыққа негізінен тікелей қасақаналық тән, бірақ кейде қылмысқа қатысушылардың арасындағы бірлестік белгісі әлсіз болғанда немесе барлық қатысушылар қылмыстың жасалуына мүдделі болып қатыспағанда жанама қасақаналықта орын алуы мүмкін. Себебі олардың қылмыс жасауға деген ойы белсенді болмаған жағдайларда қылмыстың нәтижесіне деген психикалық қатынасы бір келкі түрде бола бермейді. Мұндай жағдайлар алдын ала келісімсіз қылмыс жасауда және алдын ала келісіммен көмектесушілік әрекеттерді орындағанда ғана орын алуы мүмкін. Алдын ала келісімсіз түрде, аяқ астынан басталған төбелесте немесе біреуді кенеттен пайда болған себеппен алдын ала келісімсіз жабылып ұруда әрбір қатысушының қылмыстың зардабына деген психикалық қатынасы әр түрлі болуы мүмкін. Сондай-ақ алдын ала келісіммен көмектесушілік тәрізді ролді орындғанымен қылмыстың зардабының орын алуына тілектес болмаса, жанама қасақаналық орын алуы мүмкін.

Мысалы А. досы Б.-дан жүк машинасын бір жерден мал ұрлап алып келу үшін бере тұруын сұрайды. Б. машинасын тек досының көңілін қалдырмау үшін ғана береді. Ал мал ұрлана ма, ұрланбай ма оған бәрібір болған. Бұл да жанама қасақаналық, себебі қасақаналықтың түрі материалдық құрамдар бойынша тек әрекетке емес, сонымен қатар қылмыс зардабына қатысты психикалық қатынасымен де анықталады. Қылмысқа қатысушылықтағы мұндай психикалық қатынастарды анықтау маңызды. Бірлесіп әрекет еткен адамдардың қылмыстарындағы психикалық қатынастың түрін анықтау- олардың қылмысқа қосқан үлесін, қатысушының кінәсін жекешелеуге әсерін тигізеді. Қылмысқа қатысушылардың қасақана түрде әрекет жасауы, олардың қылмыстың жасалуына деген ой-ниет бірлестігін білдіретін себеп болып табылады. Сондықтан қылмысқа қатысушылардың қасақаналығын анықтағанда мыналарды есепке алу керек:

а) қылмысқа қатысушылардың түрлерінде тікелей және жанама қасақаналықтың болу мүмкіндігін;

ә) кейбір қылмысқа қатысушылық нысанданында тек тікелей қасақаналық ғана болатындығын және қай нысандағы қылмысқа қатысуда жанама қасақаналық та орын алатындығын.

Қылмысқа қатысушылардың ой-ниет бірлестігінде болуы сырттай қарағанда, олардағы алдын ала келісіммен бірінің әрекетін екіншісінің қостауымен және бірінің қылмысты ниетіндегі әрекеті екіншілерінің келесі әрекеттерді жасауға деген ойын оятуымен анықталады. Қылмысқа қатысушылықтың субъективтік жағы үшін бірлесіп қылмысты іс-әрекет жасауға ең кемінде екі адамның өзара түсінушілігі, келісімде болуы міндетті. Ал қылмысқа қатысушылардың қылмысты ой-ниеттерінің бірлестігін анығырақ қарастырғанда, олардағы екі жақты субъективтік байланысты анықтау керек. Қылмысқа қатысушылық мәселесін арнайы зерттеген ғалымдар бір жақты субъективтік байланысқа да жол береді.¹ Мұнда мысалы қылмысқа азғырушы немесе басқа да қатысушылар құпия түрде орындаушыға қылмыс жасатады.

Екі жақты субъективтік байланыс қылмыстың ішкі мазмұнын ашады және екі немесе одан да көп адамдардың қолымен жасалған әрекеттер қылмысқа қатысушылыққа жататындығын немесе жатпайтындығын білдіреді. Бір неше адамдардың жасаған қылмысының уақыты, орны,

¹ Курс Советского уголовного права. Ч. Общая. Л., 1969. Т.1 С.596. Уголовное право. Ч. Общая. М., 1969. С.234. Бурчак Ф.Г. Учение о соучастии по советскому уголовному праву. Киев, 1969. С.43.

тәсілі, заты бірдей болғанымен, онда екі жақты субъективтік байланыс болмаса, онда қылмысты бірлескен түрде орындаушылық болып табылмайды. Екі жақты субъективтік байланыс дегеніміз, бірнеше адамдардың қылмыс жасау алдында немесе жасау уақытында алдын ала келісіммен немесе алдын ала келісімсіз болғанның өзінде бір-бірінің әрекеттерін түсіністікпен қабылдауы, болып табылады. Екі жақты жақты субъективтік байланыста бір қылмыстың жасалуы үшін қылмысқа қатысушылардың арасында ортақ ниеттен туындайтын әрекеттер жасалып, барлығы үшін ортақ бір қылмыс жасалады. Басқаша айтқанда, бірінің ойын сол қалпында екіншісі түсіністікпен, келісімділікпен жалғастырады. Қылмыстың жасалу орны, уақыты, заты бірдей болғанмен, екі жақты келісімді әрекеттер болмаса, онда байланыс бір жақты болып есептеледі. Мысалы, А. түнде қойманың есігін бұзып, қоймадағы заттарды қабына сала бастайды. Осы арадан өтіп бара жатқан Б. жасалып жатырған ұрлықты көріп, оның да осы қоймадағы мүліктен үлес алғысы келіп, А.-ның әрекетіне қосылады. А. ұрлық жасауға жалғыз келді. Өтіп бара жатырған Б.-ның ұрлық жасауға қосылу себебі, ол бірінші келген адамның ұрлық жасап жатқандығы. Демек өтіп бара жатырған екінші адамнан бірінші адамға бір жақты субъективтік байланыс бар. Ол жасалып жатқан ұрлықты көрмегенде ол жерден ойына еш нәрсе келмей өтіп кетер еді. Ал бірінші келген ұры, екінші адам келуінсіз ұрлықты жалғыз жасады. Оған екінші адам ұрлыққа қосыла ма, қосылмай ма бәрібір еді. Міне бұл мысалда осы бірінші ұрыдан екінші ұрыға кері субъективтік байланыс жоқ. Сондықтан мұндай жағдайда қылмыс жасау бірлескен түрде қылмыс жасауға жатпайды. Олар жасаған ұрлығы үшін жеке-жеке жауап беруі керек.

Қылмысқа қатысушылықта ішкі тұтастықтың немесе бірлесіп қылмыс жасау туралы ой-ниеттің пайда болуы кезеңін анықтау туралы зерттеу әдебиеттерінде аса алшақ пікірлер кездеспейді. Қылмысқа қатысушылардың ішкі бір тұтастығын олардың арасында алдын ала келісім болғанда анық байқауға болады. Алдын ала келісіммен жасалған қылмыстар жоспарлы, тыңғылықты түрде жасалады. Себебі алдын ала келісімнің мазмұнына бірлесіп қылмыс жасау туралы келісім ғана емес, сонымен бірге жасалатын қылмыстың түрі, орны, уақыты, тәсілі тәрізді белгілер енеді. Қылмысқа қатысушылардың арасындағы келісім жазбаша, ауызша әрекеттермен жасалады. Әдебиеттерде алдын ала келісімді әрекет түрінде анықтайды, ал әрекетсіздік арқылы келісім жасауға үндемей келісім беруді жатқызады.

Қылмысқа қатысушылардың араларында алдын ала келісім болмай қылмысқа қатысушылықтың болуын қалай түсінуге болады? Мұндай жағдайларда жасалған қылмыстың ішкі мазмұнына зер салсақ, онда келісімнің элементтерін табуға болады. Барлық қылмысқа қатысушылар әрекеттерінің бір тұтастығының негізгі белгісі, қылмыстық құрамның субъективтік жағының бір тұтастығы болып табылады. Анығырақ айтқанда, қылмыс жасау туралы тілектерінде бір тұтастық болады. Бұл бір тұтастық қылмыс жасалар қарсаңындағы немесе қылмыс басталар кездердегі әрқайсысының жағдайды түсінуімен, әрі қарай ортақ қылмысты ниет қалыптасуымен байқалады. Қылмыс орындалып болғаннан кейін орындаушыға ниеттес болып жасалған әрекеттер, қылмысқа қатысушылыққа жатпайды. Себебі қылмыс аяқталды, ал аяқталғаннан кейінгі ниеттес әрекеттер, алдын ала келісімсіз түрде қылмысты хабарламау немесе жасыру тәрізді жеке қылмыстарға жатады. Алдын ала келісімсіз қылмысқа қатысушылықта да келісім бар деп түсіну керек, бірақ бұл келісім аяқ астынан пайда болған келісімді білдіреді немесе қатысушылар іштей келісімде болады. Соған орай қатысушылар бірінің қылмысты әрекетін екіншісі басқа мағынада емес, сол бірінші қылмысты әрекеттерді бастаған адамның әрекетінің мағынасында түсінуі арқылы іштей келісімде болады. Әдебиеттерде мұндай алдын ала келісім болмаған келісімді «элементарное соглашение» деп атайды.¹ Қылмысқа қатысушылықтағы алдын ала келісім мен алдын ала келісім болмау жағдайының шекарасы міне осылай ажыратылады.

§2. Қылмысқа қатысушылардың әрекетін қатысу нысандары бойынша квалификациялау

Қылмысқа қатысушылар түрлерінің, яғни қылмыстың ұйымдастырушысы, азғырушысы, көмектесушісі және орындаушысының әрекеттерін квалификациялау тәртібін жеке түрде емес, оны қылмысқа қатысушылықтың нысандары бойынша қарастырған жөн. Себебі қылмысқа қатысушылар түрлерінің іс-әрекеттерін квалификациялау тәртібі қылмысқа қатысу нысандарында бір келкі шешіле бермейді. Сондықтан бұл мәселені бірден қылмысқа қатысудың нысандары бойынша қарастырған тиімді.

Қылмысқа қатысудың нысандары ҚК 31 бабына сәйкес, алдын ала келісімсіз адамдар тобымен жасалған қылмыс, алдын ала келісіммен

¹ Ковалев М.И. Соучастие в преступлений. Ч.2. Свердловск, 1962. С.218.

топ адамдардың жасаған қылмысы, ұйымдасқан топ және қылмыстық қауымдастық (қылмыстық ұйым) нысандарында анықталған және бұл нысандардың анықтамасы осы бапта келтірілген. Ал қылмысқа қатысу нысандарының жалпы түсінігі, яғни қылмысқа қатысудың нысандары нені білдіреді деген сұрақ қылмыстық құқық теориясында жете зерттелмеген және даулы мәселе болып табылады. Солардың ішінде осы мәселеге берген түсінігінде П.Ф.Тельнов: “Қылмысқа қатысушылық нысаны – бұл екі және одан көп адамдардың қасақана әрекеттері қандай жолдармен біртұтас қылмысқа қосылатынын көрсететін, кінәлілердің өзара әрекеттері әдістерінің сыртқы жағы”, - дейді.¹ Ал Н.Г. Иванов қылмыстық заңда қылмысқа қатысушылық нысанының түсінігін бекіту қажеттігін айта келіп: “Қылмысқа қатысушылық нысаны-алдын-ала келісіммен және алдын-ала келісімсіз құрылған топ, банда, ұйым ретінде көрінетін топ болып табылады”, - дейді.² Ресейден шыққан оқулық әдебиеттерден мынадай да анықтама кездестіруге болады. «Қылмысқа қатысу нысаны – бұл өзара әрекеттерінің тәсілдері және келісім дәрежесі бойынша ажыратылатын бірнеше адамдардың қылмыс жасау кезіндегі бірлескен әрекеттерінің түрлері».³

Қылмысқа қатысу нысандарының жалпы түсінігін беруге арналған анықтамалардың көптігінің өзі, бұл мәселенің қылмыстық құқықта даулы екендігін білдіреді. Бұл анықтамалардың дұрыстығы, ол қылмысқа қатысу нысандарын бөлу немесе топтастыру негізі ретінде алған белгінің түріне байланысты. Себебі қылмысқа қатысу нысандарының арнауын, негізгі мағынасын көрсететін осы белгі болып табылады және жоғарыда келтірілген анықтамаларда «өз ара әрекеттерінің тәсілдері» немесе «келісім дәрежесі» деген белгілер бөлу критерийі ретінде қолданылған.

Негізінде қылмысқа қатысушылықтың нысандары деген ұғым, бір неше адамдардың бірлесіп қылмыстық ниетін қылмысқа қатысушылық түрінде іске асыру тәсілдерін білдіреді. Яғни адамдар қылмыстық ниетін іске асыру тәсілі ретінде бір неше тәсілдерді қолдана алады: олар топ адам болып қылмысты орындау, роль

¹ Тельнов П.Ф. Ответственность за соучастие в преступлении. –Москва: Юрид-лит, 1974. С.107.

² Иванов Н.Г. Понятие и формы соучастия в советском уголовном праве. – Саратов: Изд. Саратовского ун-та, 1991.С.122.

³ Учебник уголовного права. Ч. Общая /под ред. В.Н. Кудрявцева, А.В. Наумова. –Москва: Спарк, 1997. С.197.

бөліп қылмысқа қатысу, ұйымдасқан топ және қауымдастық құру. Қылмыстық ниетін мұндай бірлесіп іске асырудың тәсілдері қылмыстық құқықта қылмысқа қатысу нысандары деп аталады, себебі бұл тәсілдер нысан категориясы сияқты негізінен бір-бірінен объективтік, ішін-ара субъективтік белгілері бойынша ажыратылады. **Сондықтан қылмысқа қатысушылықтың нысандары дегеніміз, екі немесе одан көп адамдардың қасақана бірлескен әрекеттеріне сай келетін, бірақ қылмыстық ниетін іске асыру тәсілі бойынша және өзара субъективтік және объективтік белгілеріне қарай ерекшеліктері бар қылмысқа қатысушылықтардың сыртқы көрінісі болып табылады.** Қылмысқа қатысушылар бірлесіп қылмыс жасағанда, оны іске асыру тәсілі ретінде, бір жағдайларда топ түрінде қылмыс жасауды қолданса, ал келесі бір жағдайларда әртүрлі рольдерді орындау түрінде жасауы мүмкін, сол сияқты бірлесіп қылмыс жасаудың тағы бір тәсілдері ретінде ұйымдасқан тұрақты топты немесе қылмыстық қауымдастықты құру және сол арқылы өздерінің қылмыстық ниетіне жетуді көздеуі мүмкін.

Қылмысқа қатысушылықтың нысандары деген ұғыммен қатар, қылмысқа қатысушылықтың түрлері деген түсінікті де келтіруге болады. Қылмысқа қатысудың нысандарын оның түсінігін бергенмен, ҚК Ерекше бөлімінде қарасырылатын, табиғатынан қылмысқа қатысушылық тән болып табылатын бандитизм сияқты қылмыстар қылмысқа қатысудың нысандарын білдірмей ме деген сұрақ туындауы мүмкін. ҚК Ерекше бөлімінде екі немесе одан көп адамдардың қатысуы тән болып табылатын бандитизм, қарулы бүлік, жаппай тәртіпсіздік, теңіз қаракшылығы, заңсыз әскерилендірілген құраманы құру сияқты қылмыс түрлері көптеп кездеседі. Мұндай Ерекше бөлімде қарастырылған қылмыстар, тек 235 баптағы ұйымдасқан топты, қылмыстық қауымдастықты құру және оған қатысу әрекеттерін қоспағанда қылмысқа қатысудың нысандарын білдірмейді. Бұл Ерекше бөлімдегі табиғатынан немесе міндетті белгісінің бірі қылмысқа қатысу тән болып келетін бандитизм сияқты қылмыстар қылмысқа қатысудың түрлерін білдіреді. Қылмысқа қатысу нысандары мен түрлері бір-бірімен байланысты ұғымдар болып табылады. Себебі ҚК Ерекше бөлімінде қылмысқа қатысушылық арқылы жасалатын қанша қылмыс түрі болса, соның бәрі қылмысқа қатысудың түрлерін білдіреді. Ал бұл қылмыс түрлері ҚК 31 бабындағы 4 нысанның біріне негізгі белгілері бойынша сәйкес келуі керек. Мысалы бандитизм қылмысы тұрақты топ болуына және ауыр қылмыстың түріне

жататындығына байланысты 31 баптағы қылмыстық қауымдастықтың немесе қылмыстық ұйымның бір көрінісін білдіреді. Зерттеушілердің арасында бандитизм қылмысын қылмыстық қауымдастық емес, ұйымдасқан топтың бір көрінісі деп бағалайтын көз-қараста кездеседі. Негізінде осы бағытты дұрыс деп бағалауға болады, себебі 31 баптың 4 бөліміндегі ұйымдасқан топтың ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды жасау мақсатында құрылуының қылмыстық қауымдастықты білдіруі күмәнді. Өйткені ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды жасау-бұл қылмыстық қауымдастыққа ғана емес, жалпы қылмыстылыққа тән болып табылады, мысалы жеке да адам аса ауыр қылмысты өзі-ақ жасай алады немесе 96 баптың 2 бөліміндегі кісі өлтірудің түрлері аса ауырлатын кісі өлтірудің түрлерін білдіреді. Бұл айтылып отырғандар 31 баптың сапасына қатысты жағдайларды білдіреді.

Сонымен қылмысқа қатысудың түрлері деген ұғымға қарағанда оның нысандары деген ұғым жалпы түсінік болып есептеледі және мағынасы кез-келген қылмысқа қатысушылықпен жасалған қылмыстар қылмысқа қатысу нысандарының біріне міндетті түрде белгілері бойынша сәйкес келуі керек дегенді білдіреді. Бұлардың қатарына қылмысқа қатысу тән болып саналмағанмен, кінәнің қасақаналық нысанымен анықталатынына байланысты қылмысқа қатысушылық кездесе алатын топ адамдармен немесе ұйымдасқан топпен жасалған ұрлық, кісі өлтіру, адам ұрлау сияқты қылмыстар да жатады. Егер қандай да бір қатысушылықпен жасалған қылмыс 31 баптағы нысандардың біріне сәйкес келмесе, онда 31 баптағы нысандар сапасыз деп саналады.

Ұйымдастырушы, көмектесуші, орындаушы тәрізді қылмысқа қатысушылардың іс-әрекеттері қылмысқа қатысу нысандарының түсінігіне, олардың қоғамға қауіптілік дәрежесіне байланысты қойылатын талаптар бойынша квалификацияланады.

Қылмысқа қатысушылықтың алғашқы нысаны алдын ала келісімсіз топ адамдардың жасаған қылмысы болып табылады және қылмыстық құқық бойынша бұл нысан қылмысты бірге орындаушылардың әрекеттерін білдіреді. Яғни алдын ала келісімсіз түрдегі қылмысқа қатысушылықта әр түрлі рольдерді бөліп орындау немесе күрделі қылмысқа қатысушылық мүмкін емес дегенді білдіреді. Зерттеушілердің бір пікірге келген бағалауы бойынша қылмысты «топ» нысанында жасау-бұл бірге орындаушылық немесе қылмыстың объективтік жағы белгілерін толық немесе ішін-ара орындау болып табылады. Қ.К. 31 бабында топ адамдар қылмысына жеткіліксіз түсінік берілген. Егер екі немесе одан көп

орындаушы келісімсіз қатысса, ол топ адамдар жасаған қылмыс болып саналады. Келісімнің болуы немесе болмауымен, орындаушылық әрекеттердің мағынасы мен мазмұны ашылмайды. Заңдағы “орындаушылар” деген ұғымның өзі жеке түсіндіруді қажет етеді. **Демек, екі немесе одан көп адамдардың қасақана, бірлескен түрде, қылмыстың объективтік белгілерін толық немесе ішін-ара орындауы, топ адамдардың жасаған қылмысы болып танылады.**

Топ адамдар жасаған қылмыстарда алдын-ала келісім болуы да, болмауы да мүмкін.

Қылмысты “топ” нысанында жасау, Қылмыстық кодексте бірнеше құрамдарда көрсетілген. Мысалы, 233, 234, 238, 248 т.б. бабтардың тиісті бөлімдерінде кездеседі. Мұндай жағдайларда топ адамдардың қылмыс жасауы, осы қылмысты жасаушылардың қауіптілік сипатын көрсетеді. Ал қалған жағдайларда, яғни **қылмысты топ адам болып жасауды ҚК Ерекше бөлімінің баптары жауаптылықты ауырлататын құрам түрінде келтірмесе, онда топ түрінде қасақана қылмыстарды жасау ҚК 54 бабына сәйкес, жауаптылықты ауырлататын жағдай ретінде бағаланады және топ адамдардың іс-әрекеттері баптың негізгі бөлімімен квалификацияланады.** Топ адам болып қылмыс жасау, жалпы табиғатынан қылмысқа қатысушылықтың бір көрінісі немесе жеке нысаны болып есептеледі.

Р.Р.Галиакбаров, топ адамдардың жасаған қылмыстарына, роль бөліп қылмысқа қатысушылықтан басқа барлық нысандарды жатқызады.¹ Бұл нысан «тұрақтылық» сияқты белгілерді иеленуіне байланысты, ұйымдасқан топ тәрізді нысандарға айналу мүмкіндігіне ие. Топ адамдар қылмысының белгілері мыналар болып табылады: а) қылмысқа қатысушылардың бірнешеу болуы (екі немесе одан да көп адам), ә) әр бір қатысушының белгілі бір қылмыстық құрамның объективтік жағын құрайтын әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) орындауға толық немесе ішін-ара қатысуы, б) қатысушылардың қылмыстың нәтижесіне бірлесіп, күш біріктірудің арқасында жетуі, немесе екі жақты субъективтік байланыс болуы, в) әр қатысушыда қасақаналықтың болуы. Мұндай үнемі болатын белгілерден басқа, топ адамдар қылмыстарында кей кездерде қосымша белгілерде бола алады. Мысалы алдын-ала келісім, тұрақтылық. Мұндай белгілер болған кездерде, топ адамдардың бірлескен әрекеттері басқа қылмыстық-құқықтық сапаға айналып, қылмыс басқаша ква-

¹ Галиакбаров Р.Р. Квалификация групповых преступлений. –М.: Юр. Лит, 1980. С.6.

лификацияланады. Яғни қосымша белгілердің нәтижесінде ұйымдасқан топ немесе қауымдастық тәрізді нысандарға айналады.

Бірінші белгі, яғни екі немесе одан көп адамдардың қатысуы сандық белгі болып табылады. Адамдар тобымен жасалған қылмыстарға қатысушылар қылмыстық жауаптылық жасына жеткен, есі дұрыс адамдар болуы керек. Алайда олардың ішінде абайсыздықта қылмыс жасағандар, кәмелетке толмаған немесе есі дұрыс емес адамдар да болуы ықтимал. **Қылмыстың субъектісі болып табылмайтын адамдардың қолымен қылмыс жасалып, қалған қатысушылар ұйымдастырушы, айдап салушы тәрізді ролдерді атқарғанымен, олардың әрекеттері топ адамдар жасаған қылмысы деп бағалануы керек. Себебі мұндай жағдайда, қылмыстың субъектісі болып саналмайтын адам, қылмыстың құралы ретінде пайдаланылады. Роль бөліп қылмысқа қатысуда бір адам қылмыстың субъектісі бола алмайтын екінші адамды қылмыс істеуге айдап салса, мұндай жағдайда қылмысқа қатысу жоқ деп танылады. Яғни сол айдап салушы адамның өзі сол қылмыстың орындаушысы болып табылады. Дәлірек айтқанда қылмысты біреу арқылы орындайды. Ал есі дұрыс емес немесе жауаптылық жасына жетпеген бір адамды қылмыс жасауға бірнеше адамдар айдап салса қылмыстың орындаушысы бір ғана адам емес, сол бір тектес айдап салушылық әрекеттер жасаған адамдардың барлығы да орындаушылар болып табылады, яғни мұндай жағдайларда топ адамдардың қылмыс жасауы болып есептеледі.**

Қылмысты екі адам орындап, олардың бірі жауаптылық жасына жетпеуіне немесе есі дұрыс еместігіне байланысты қылмыстың субъектісі болып табылмағанда, қылмыс топ адамдармен жасалды деп бағаланбайды. Мысалы кісі өлтіру немесе ұрлық қылмысын бірлесіп орындаған екі адамның бірі қылмыстың субъектісі болмауы мүмкін. Мұндай жағдайлардың топ түрінде жасалған қылмысқа жатқызылмау себебі, ол топ адамдар жасаған қылмыстардың өзі қылмысқа қатысушылықтың бір нысаны болып есептелетініне байланысты, яғни негізгі ұғым ретінде қылмысқа қатысушылық ережесі бойынша шешіледі.

Әрбір қылмысқа қатысушының қылмысты тікелей орындауға немесе қылмыстың объективтік белгілерін толық немесе ішін ара орындауға қатысуында, қылмыскерлердің бірлескен әрекеттерінің көлемін ескеруіміз керек. Қылмысқа қатысушылардың орындаушылық әрекеттері, көлемі бойынша бөліне алады: Біріншісі, әрбір субъектінің қылмыс-

тың объективтік белгілерін толық орындауы. Мұның мысалы, әрбір топ мүшесінің жасаған қылмыстық жыныстық қатынасы. Екінші түрінде, қылмысқа қатысушылардың бірлесіп жасаған қылмыстық әрекеттерін бір-бірінен бөліп алғанда, қылмыстық объективтік жағы белгілері толық құрылмайды. Яғни мұндай жағдайда қылмысты бірге орындаушылар әрекеттерді бөліп орындайды. Топ адамдардың осы тәрізді әрекеттермен қылмыс жасауына, қылмыс түрінің күрделілігі, көлемділігі әсер етеді. Демек, қылмыстың толық орындалуына немесе қылмыстың мақсатына жеткенге дейін, топ болып қылмысты орындаушылар бірнеше кезеңнен құралатын әрекеттерді орындайды. Мұның мысалы, Қ.К. 206 бабында қарастырылған жасанды ақшаларды немесе бағалы қағаздарды дайындау немесе өткізу, 259 баптағы есірткі заттарды заңсыз дайындау, пайдалану, сақтау, тасу немесе өткізу тәрізді тағы басқа қылмыстар бола алады. Бірінші қылмыскер дайындайды, екінші қылмыскер өткізумен айналысады. Топ адамдардың жасаған мұндай қылмысты әрекеттерін квалификациялағанда «топ түрінде қылмысты орындау ауырлатын құрам ретінде келтірілсе, онда бірден сол бөліммен бағалануы керек. Мысалы 259 баптың 2 бөлімінің «а» пунктінде «алдын ала сөз байласқан адамдар тобы жасаса» деген құрам келтірілген. Ал қылмыстың объективтік жағы бір неше тізбектелген әрекеттерден құралып, бірақ топ адамдардың қылмысты орындауы ауырлататын құрам түрінде бапта келтірілмесе, онда әр түрлі әрекеттерді орындаған топ адамдардың қылмысы негізгі бөлімімен квалификацияланады. Мұндай жағдайда тек белгілі бір топ мүшесінің әрекеті баптың диспозициясында қарастырылған болуы жеткілікті.

Адамдар тобының қылмыс жасауының үшінші түрі, қылмысты орындаушылықтың түсінігінде тікелей көрсетілген. Яғни мұндай жағдайда топ болып қылмыс жасаушылардың біріншілері қылмыстың объективтік жағының белгілерін түгел орындайды, ал екіншілері бір бөлігін ғана орындайды. Мысалы бірінші қылмыскер кісі өлтіру кезінде пышақ салса, екіншісі қолын ұстап тұрады.

Топ болып қылмыс жасауда, қылмысқа қатысушылардың әрекеттері бірлескен түрде болуы шартты. Қылмысқа қатысушылардың бірлесуі бұл қылмыскерлердің әрекеттерінің бірлескен түрде орындалуын ғана емес, сонымен бірге олардың арасында қылмысқа деген ой немесе қасақаналығының да бірлескендігін көрсетеді. Қылмыстық ойдың немесе қасақаналықтың бір тектес болғандығы ішкі екі жақты байланыспен анықталады дедік. Қылмысқа қатысушылардың арасындағы екі жақты

байланыс, топтың жасайтын қылмыс түрін білуімен, жасайтын іс-әрекеттің сипатын сезінуімен, осы әрекеттердің нәтижесінде туындайтын қоғамға қауіпті зардапты көре білуімен және қатысушының осындай бағыттардағы әрекеттерді саналы түрде жасауымен анықталады. Яғни топ болып қылмысқа қатысушылардың бірлесіп қылмысты орындауы, субъективтік жағынан ішкі екі жақты байланыстың болуымен анықталады. Н.Гальперин “қарақшылық қылмысын жасау туралы келісімге кірген, бірақ қылмыс жасау кезінде белсенді әрекет жасамаған, күш қолданбаған адамның әрекетін қалай бағалау керек”- дейді.¹ Қарақшылық сияқты қылмысты бірге орындауға келісім берген, бірақ қылмысты жасау кезінде сол жерде болғанмен әрекетсіздік танытқан адам, әрине топ түрінде қылмыс жасаушының бірі деп бағаланады, себебі өзге топ мүшелері оның қатысуына есеп жасайды, келісім бергеннен кейін ол да қылмыстың орындалуына тілектес адам болып табылады немесе әрекетсіздік көрсеткенмен өзінің қатысуын қажет ететін сәтті күткен болуы да мүмкін.

Келесі айта кететін жәйт, топ адамдардың қылмыс жасауы келісім белгісіне қарай екі түрде көріне алатындығы жайында. Алдын-ала келісімсіз түрде қылмыс жасау қылмысқа қатысу нысандарының ішінде негізінен топ адамдар қылмысында жиі кездеседі. Алдын-ала келісімсіз топ болып қылмыс жасау бұзақылықта, жеке адамдардың басына бағытталған қылмыстарда, т.б. жиі кездеседі.

Алдын ала келісімсіз топ адамдар қылмыстарының алдын-ала келісіммен жасалатын қылмыстармен ортақ және ажыратушы белгілері мыналар болып табылады; ортақ белгілері: а) екі немесе одан да көп адамдардың қатысуы, ә) қылмыстың құрамының объективтік жағы белгілерін орындауға әрбір қылмыскердің қатысуы, б) қылмысты бірігіп, яғни күш біріктіріп жасауы, в) әрбір қатысушының қасақана түрде әрекет етуі. Ажыратушы белгісі: г) бірлесіп қылмыс жасау жөнінде күні бұрынғы немесе қылмыс орындалардан бұрын келісімнің болмауы.

Бір ескерте кететін жағдай, ол алдын ала келісімсіз түрде жасалған қылмыстарды тек топ адамдардың немесе бірге орындаушылардың жасаған қылмыстар деп айта беруге болмайды. Өйткені сот-тергеу практикасы материалдарына сүйенсек, онда әр түрлі рольдер орындау арқылы қылмысқа қатысушылықтың да алдын ала келісімсіз түрде орын алатынын келтіруге болады. Мысалы түнде Ш. және М. жаңа жылдық

¹ Гальперин Н. Советская юстиция. –М., №7, 1987. С.19.

түнді мерекелеп, таныс қыздары К.-ның үйінде арақ ішіп отырады. Түнгі сағат екілерде осы үйге осы ауданда тұратын А. келеді. Иығынан А.-ның қағып кеткенін сылтау етіп, Ш. далаға шақырып алып А.-ны бұзақылық ниетпен ұра бастайды. А.-да Ш.-ке қарсы төбелесіп, оған жеңістік бермейді. Досының төбелесте жеңілетінін білген М. қалтасындағы пышағын алып Ш.-ке береді. Ш. пышақты А.-ның іш құрылысына салып алады, нәтижесінде А. ұзамай осы жарақаттан қайтыс болады.¹

Бұл қылмыстың мазмұнынан кісі өлтіру қылмысына көмектесу туралы алдын ала келісім болмағанын байқауға болады. М. қылмыстың жасалуын жеңілдету үшін қылмыстың орындаушысына қару беру арқылы көмектесушілік роль атқарды. Сондықтан М.-нің әрекеті 96 баппен және 28 баптың 5 бөліміне сілтеме жасау арқылы, ал Ш.-тің әрекеті 96 баппен квалификациялануға жатады. Демек, осындай материалдарға сүйене отырып, топ адамдар болып қылмысты орындау және роль бөліп қылмысқа қатысушылық алдын ала келісімсіз түрде де бола алады деуге болады.

Келісімнің болуымен, сөзсіз қылмысқа қатысушылардың арасында екі жақты байланыс орын алады. Бірақ екі жақты байланыс алдын-ала келісімде ғана емес, алдын-ала келісімсіз түрде жасалатын қылмыстарда да болады. А.Ф.Зелинский “Қатысушылардың арасында субъективтік байланыс бір жақты болғанда келісімсіз қылмысты бірге орындаушылықтың орын алуы мүмкін емес. Қатысушылардың арасында келісім қылмыс жасау алдында немесе қылмыс жасау кезінде пайда бола алады” – деген пікір келтірген.²

Қатысушылардың арасындағы екі жақты байланыстың алдын-ала келісім болмайтын қылмысқа қатысушылықта болатынын мынандай мысалмен негіздеуге болады. Х. және Ф. түн уақытында көшеде отырып арақ ішеді. Бұлар таныс емес, көшеде кетіп бара жатқан П.-ны тоқтатып, “темекі” сұрап тиіседі. П. “темекі жоқ” дегенде Х. қолындағы бөтелкемен оның басынан ұрады. Жерге құлаған П.-ны Х. қосылып Ф.-ға тепкілейді. Екеуі мұнан кейін жәбірленушінің киімін шешіп алып, оны көшенің арығына сүйреп әкеліп тастайды. П. сот-медициналық сараптамасы актісінің көрсетуі бойынша аса ауыр дене жарақатынан қайтыс болған.

1. ҚР Жоғарғы Сотының материалдары. № 2к-18/2-96.

2. Зелинский А.Ф. Соучастие в преступлений. Лекция. –Волгаград, 1971. С.25.

Тергеу органдары Х. және Ф.-тың қылмысты әрекеттерін Қ.К. 96 бабы 2-бөлімінің “ж,и” тармақшаларымен бағалаған.¹ Немесе Б. және Л. деген азаматтар “Валюталық реттеу жөніндегі” 14 сәуір 1993 жылғы заңды бұза отырып, азаматша В.-дан, оның доллар сатумен айналысуға лицензиясы жоқ екенін біле тұрып, одан доллар сатып алу үшін үйіне бірге келеді. Б. мен Л. 80 000 теңгеге 1750 доллар алуға келіседі. В.-ның қолынан АҚШ-тың көп ақшасын көріп, Б-да сол мезетте оны өлтіру ойы пайда болады. В.-ның ақша санап жатқанын пайдаланып, Б. темір зат алып В.-ның басынан ұрады. Л. Б.-ның әрекетінің мағынасын түсініп, В.-ны бір жола өлтіру мақсатымен қалтасынан пышақ алып жәбірленушінің желкесіне салады. Мұнан кейін олар В-ның 41 800 теңге және 20 000 АҚШ долларын алып, қашып кетеді.²

Бұл мысалдарда қылмыскерлерде аталған қылмыстарды жасау жайында алдын-ала ниет болмаған. Қылмыс жасау ойы аяқ астынан пайда болып, ол іске аса бастағанда, екінші қылмыскер қылмысты әрекеттің мағынасын түсініп, әрі қарай қылмыстың орындалуын жалғастырған. Қылмыскерлердің арасындағы екі жақты байланыс, мұндай алдын - ала келісімсіз түрде жасалған қылмыстарда қандай белгілермен анықталады? Бұл байланыстар, жоғарыдағы қылмысты уақиғалардың мазмұнында айтылғандай, бір қылмыскердің бастаған қылмысты әрекетінің мағынасын екіншісінің түсініп жалғастыруымен, бір тектес әрекеттердің жасалуымен, уақыттың, уақиға орнының бірдей болуымен және басталған қылмысты екіншісінің басқаша мағынада түсінбей, сол бірінші қылмыскердің әрекетін қостайтын мағынада түсінуімен анықталады. Осы белгілердің барлығы қосылып, алдын-ала келісімсіз түрде жасалатын қылмыстардың бірлескен түрде орындалғанын анықтайды. Әрине алдын-ала келісімсіз түрде жасалатын қылмыстарда қылмысқа қатысушылықтың түсінігіне толық сай келеді.

Әдебиеттерде «алдын-ала келісім бермеген қылмысқа қатысушылар, қылмыстық топтың субъектілері бола алмайды», -деген көз-қарас кездеседі. Сөйтіп мынандай жиі кездесетін мысал келтіреді. «К және Н өздері жұмыс істейтін заводтан мүлік ұрлап, оны алдын-ала келісім бермеген дүкенші А-ға алып келеді. А осы заттардың ұрланған екенін біле тұрып, дүкеніне салып сағады. А ұрлық үшін жауап бермейді және

¹ ҚР Жоғарғы Соты архивінен. № 2к-261

² ҚР Жоғарғы Соты архивінен. № 2к-82-95.

қылмыстық топтың қатысушысы емес. А тек өз қылмысы үшін жауап береді», - дейді.¹

Бұл мысалға берілген баға дұрыс және дүкенші А. біздің қылмыстық кодекстің 183 бабындағы қылмыстық жолмен табылған мүлікті біле тұрып пайдалану және өткізу қылмысын жасаған болып табылады. Бізге күмәнді тұсы, дүкенші А-ны алдын-ала келісім бермеген қылмысқа қатысушыға жатқызуы. А қылмысқа қатысушы емес, бұл екі себеппен дәлелденеді.

Біріншісі, А заводтан мүлік ұрлауға қатысқан жоқ. Қылмысқа қатысушы болуы үшін субъект белгілі бір қылмысты жасауға басқа адамдармен бірге қатысуы керек немесе кем дегенде мүлікті жасыратыны туралы алдын ала уәде беруі керек. Яғни осы мысал бойынша А ұрлықтың жасалғанын күні бұрын білген жоқ. Ол ұрлыққа қылмысқа қатысудың түсінігіндегідей бірлесіп қасақана қатысқан жоқ. Екіншіден, К және Н ұрлық үшін жауапқа тартылса, А қылмыстық жолмен табылған мүлікті біле тұрып қабылдап өткізгені үшін жауап береді. Яғни К мен Н ұрлық жасаса, А ұрлық емес басқа қылмыс жасады.

Осы арада мынандай сұрақ туындайды. Егер дүкенші А алдын-ала ұрланған мүлікті өткізуге немесе қабылдауға келісімін күні бұрын берген болса ше? Мұндай жағдайда олардың әрекеттері Қ.К. 27 бабтағы қылмысқа қатысудың түсінігіне сай келеді. Себебі, екі немесе одан көп адамның қатысуы, қасақаналықтың болуы, бірлесіп қатысу белгілері бар. Қылмысқа қатысушылардың бірлесуінің нәтижесінде ұрлық тек қана жасалынбайды, сонымен бірге ұрланған мүлікті өткізу де бірлесіп қарастырылады. Алдын-ала келісім берген жағдайда қылмыстық топтың мүшесі емес, қылмысқа қатысушылықтағы көмектесушілікті атқарған болып шығады. Себебі Қ.К. 28-бабының 5 бөлімінде көмектесушілік әрекеттерге “осындай мүліктерді өткізуге немесе ие болуға алдын-ала уәде беруді” жатқызады.

Алдын-ала келісімсіз түрде топ болып қылмысты орындаушылықтың субъективтік жағында бір шама күрделі мәселелер бар. Бұл әрине күш қолданумен ұштастырыла жасалатын қылмыстарда, яғни бұзақылық, кісі өлтіру, денсаулыққа зардап келтіру тәрізді қылмыстарда жиі кездеседі. Әдебиеттерде мынандай мысал келтіріледі. Алматы обылысы Қаскелең ауданы “Красный Восток” поселкасында тұратын Т. деген

¹ Галиакбаров Р.Р. Квалификация групповых посягательств в составах с условленной объективной стороной. //Науч. тр. Омской ВШМ СССР. –Омск, 1981. С.12.

қызға көрші “Жаңа Тұрмыс” поселкасының А. деген жігіті көңілін табуға жағымпазданып жүреді. Бірақ Т. онымен кездесуден бас тартады. Бір күні А. досы Р.-мен “Красный Восток” поселкасының шетінен осы қызды кездестіріп қалып, онымен сөйлескісі келеді. Қызды осы поселканың тұрғыны С. қорғаштап қарсы тұрады. А. мен Р. С-ті ұра бастайды. Т. поселкаға «өлтіріп жатыр» деп айқайлап кіреді. Волебол алаңында ойнап жатқан жігіттер ауылдасына көмектесуге ұмтылып, А. мен Р.-ді жабылып ұрады. Төбелеске 15 адам қатысады.¹ Алдын-ала келісім олардың арасында болған жоқ, сондықтан әр қайсысы бірінің әрекетін бірі қайталап, жабылып ұрады. Бұларда қандай кінә түрі болуы мүмкін? Әрине қасақаналық. Бірақ қасақаналықтың қай түрі дегенде бір жақты жауап айту қиын. Әрекетті тікелей қасақаналықпен жасағанмен қылмыстың зардабына дегенде әр түрлі психикалық қатынас болуы мүмкін. Кінә түрі қылмыстық құқықта материалдық құрамдар бойынша қылмыскердің зардапқа деген психикалық қатынасымен анықталады. Топ адамдардың алдын-ала келісімсіз зорлықпен ұштастырыла жасалатын қылмыстарында, біреуі адамды өлтіру үшін ұрса, екіншісі әрекетіне мән бермей, яғни жанама қасақаналықпен ұруы да мүмкін. Ал үшіншілері, тікелей қасақаналықпен ұрып, ал қылмыстың зардабын тілемей де мүмкін. Яғни қасақана түрде басқалармен бірге ұрады, бірақ жәбірленушінің өлуін тілемейді. Демек кінәнің аралас түрі де кездесуі мүмкін. Егер кінәнің аралас түрінің мұндай қылмыстарда кездесуін мойындайтын болсақ, онда қылмысқа қатысушылардың әрекеттері қылмыстық заңның әр түрлі бабтарымен бағаланады. Яғни тікелей немесе жанама қасақаналықпен ұрған адамдардың әрекеттері Қ.К 96 бабтың 2 бөлімінің “ж” пунктімен, яғни бұзақылықпен кісі өлтіру деп бағаланса, үшіншілері кінәнің аралас түрімен қылмыс жасағандардың әрекеттері, 103 бабтың 3 бөліміне сай келеді.

Қылмысты топ болып орындаушылықты бұлай бағалау қылмысқа қатысушылықтың шеңберінен шығып кетеді. Себебі, қылмысқа қатысушылық ережесі қылмысты топ болып орындаушылық болсын, роль бөліп қатысу болсын, олардың әрекеттері қылмыстық заңның бір бабымен квалификациялануы керек. Бірақ мұндай жағдайлар практикада орын алғанда топ адамдардың жасаған қылмысы ретінде бағаланады, мұның себебі біріншіден, адамның қылмыстың зардабына деген психикалық қатынасын дәл анықтаудың қиындығына байланысты, екіншіден,

¹ Жекебаев У.С., Ваисберг Л.М., Судакова Р.Н. Соучастие в преступлении. – Алма-Ата: Наука, 1981. С.26.

тергеу қызметкерлері айыпкердің жауабына қашанда сынмен қарауға тиісті, яғни топ адамдар түрінде қылмыс жасай отырып, «мен адамның өлімін тілеген жоқпын» деп жеңіл жауап беруі де мүмкін. Сондықтан топ адамдар қылмыстарында кінәнің аралас нысанымен кейбір орындаушының қылмыс жасау жағдайын шектеуге болады.

Бір айта кететін жәйт, ол **белгілі бір қылмысқа қатысушылар көмектесушілік немесе ұйымдастырушылық рольдерді орындаумен ғана шектелмей, қылмыстың орындалуына да тікелей қатысса, онда қылмыс топ адамдармен жасалған деп бағаланады және бастапқыда ұйымдастырушылық, көмектесушілік әрекеттерді орындағанмен 28 бапқа сілтеме жасалынбай квалификацияланады.** Өйткені ұйымдастырушылық, көмектесушілік әрекетер қауіптілік дәрежесі бойынша орындаушылық әрекеттен ауыр емес деп бағаланады. Яғни қылмысты орындау әрекеті қылмысқа негізгі қатысушы ретінде бағаланатын ұйымдастырушылық тәрізді әрекеттерді сіңіре алады, өйткені қылмыстың жасалуы немесе жасалмауы ол орындаушыға байланысты деп түсіну керек.

Қылмысқа қатысушылардың әрекеттері қылмыстың жоспарына немесе ортақ қылмыстық мақсатқа кірген қылмыс түрі бойынша бір баппен квалификацияланады. Ал кейбір қатысушылардың көмектесушілік, азғырушылық сияқты рольдерді орындау әрекеттері жеке қылмыстың түрін білдіруі мүмкін. Мысалы азғырушы орындаушыны көндіру үшін қорқытуы немесе денсаулығына зардап келтіруі немесе қылмысқа азғырғанына көнбегені үшін адамды өлтіруі де мүмкін. Мұндай жағдайда азғырушылықты іске асыру тәсілінің өзі жеке қылмыс түрін құрап, оның әрекеттері ортақ қылмыстық жоспарға кірген қылмыс түрі бойынша және азғырушылықты іске асыру кезінде жасаған қылмыс түрімен қосып квалификацияланады. Бұл жерде азғырушының жеке қылмысты әрекеті өзге қатысушылардың қасақаналығына кірмегенде немесе өзге қатысушылар азғырушының мұндай қылмысты жасайтынын білмегенде ғана осындай тәртіпте бағаланады. Ал қылмысқа көмектесушінің немесе азғырушының тиісті рольдерін орындау барысында басқа қылмыс жасайтынын өзге қатысушылар білсе, онда бұл азғырушының немесе көмектесушінің жасаған қылмысы олардың да кінәсіне қосылады және қылмыстың жиынтығымен квалификацияланады.

Қылмысқа қатысушылықтың нысандарын «тұрақтылық» белгісіне қарай екі топқа бөлуге болады. Тұрақтылық белгісін иеленетін нысан-

дарға ұйымдасқан топпен қылмыстық қауымдастық жатса, ал тұрақты болып табылмайтын нысандарға алдын ала келісімсіз және алдын ала келісіммен топ адамдардың жасаған қылмыстары жатады. Мұндай жерде күрделі қылмысқа қатысушылық немесе роль бөліп қылмысқа қатысу қандай нысанға жатады деген сұрақ туындауы мүмкін. ҚК 31 бабында зерттеушілердің көпшілігі келтіретін әр түрлі рольдер арқылы қылмысқа қатысушылық арнайы келтірілмеген, бірақ сот-тергеу практикасы мұндай қылмысқа қатысу нысандарының бар екендігін жоққа шығармайды. Қылмыстық заңның өзі де 28 бапта ұйымдастырушы, азғырушы тәрізді әр түрлі қылмысқа қатысушылардың түрлерін келтіру арқылы мұндай қылмысқа қатысу нысанының бар екендігін 31 бапта арнайы келтірмесе де жоққа шығармаған. Қылмысқа қатысушылықтың нысандарын 31 баптағыдай нұсқада топтастыру зерттеу әдебиеттерінде кездеседі.¹

Роль бөліп қылмыс жасағанда қылмыстың орындаушылары қылмыстық заңның Ерекше бөлімінде көрсетілген қасақана қылмыстардың белгілерін толық немесе жартылай орындаса, ал басқалары нақты қылмыстың белгілерін емес, Қылмыстық кодекстің 28 бабында көрсетілген ұйымдастырушылық, айдап салушылық, көмектесушілік тәрізді әрекеттерді орындайды.

Осы нысанда әр түрлі ролдер орындалумен, қылмысқа қатысушылар әрекеттерінің сипаты анықталады. Демек, бір-біріне ұқсамайтын, көмектесушілік, ұйымдастырушылық тәрізді тағы басқа әрекеттерді орындаудың нәтижесінде олардың қылмыстағы ролі, жеке мағынада немесе сипатта көрінеді.

Әр түрлі рольдер орындау арқылы қылмысқа қатысуда алдын-ала келісіммен және алдын-ала келісімсіз түрде жасала алады. Әйтсе де бұл нысанға негізінен алдын-ала келісім тән.

Роль бөліп қылмысқа қатысу нысанында мынандай объективтік белгілер бола алады. Сандық белгі а) екі немесе одан көп адамның қатысуы. Сапалық белгілері: ә) бір қылмыс жасаумен шектелуі, б) қылмыстық әрекеттерінің бірлескен түрде жасалуы, г) әр түрлі рольдер орындаудың кездесуі.

Сонымен қатар мынандай субъективтік белгілер кездеседі: а) қасақана түрде қасақана қылмыстарды жасауы, ә) қылмысқа қатысушылар-

¹ Гришаев П.И., Кригер Г.А. Соучастие по советскому уголовному праву. –М., 1959. С.63.

дың арасында қылмысты ой бірлестігінің болуы, б) алдын-ала келісімнің болуы (бірақ бұл белгінің болуы шарт емес).

Қылмысқа қатысушылықтың қай нысанында болса да, екі немесе одан көп адам қылмыстық заңның ережесіне сәйкес есі дұрыс, қылмыстық жауаптылық жасына жеткен адам болуы тиіс. Олай болмаған жағдайда, яғни қылмысты есі дұрыс емес адамға немесе жауаптылық жасына жетпегендерге және орындаушыны алдап абайсыздықпен қылмыс істеттіргенде, азғырған адам қылмыстың орындаушысы болып табылады. Келесі белгі, әр түрлі рольдер орындау арқылы қылмысқа қатысу нысанының бір қылмыс жасаумен ғана шектелуі – бұл осы нысан бойынша міндетті белгі деп айтуға болады. Зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде мұндай белгі кездеспейді. Біздің бұл белгіні қосу себебіміз, егер қылмысқа қатысушылар әр түрлі рольдер орындай отырып, бірнеше қылмыстар жасаса, онда олардың әрекеттері тұрақты болып табылып басқа нысанға айналады. Бұл нысан ретінде әр түрлі рольдер орындаумен бір ғана қылмыс жасауға қатысушылық алынады. Мұндай шешімнің келесі себебі, ол алдын-ала келісімсіз түрде де роль бөліп қылмысқа қатысушылықтың болу мүмкіндігі. Мұндай қылмысқа қатысушылық ҚК 31 бабындағы нысандардың еш қайсысына дәл келмейді. Бір ғана қылмысты жасау жолында әр түрлі рольдер орындап қылмысқа қатысу – бұл кең таралған, жиі кездесетін қылмысқа қатысушылық. Негізінде бір қылмыс жасау мақсатында әр түрлі рольдер орындаумен қылмысқа қатысу- осы нысанды басқа нысандардан ажыратушы негізгі белгі болып табылады.

Қылмысқа қатысушылар әрекеттерінің бірлескен түрде жүргізілуі жайында, топ адамдардың жасаған қылмысы туралы бөлімде айтылды. Дей тұрсақта, әр түрлі ролдер орындау жолымен қылмысқа қатысу нысанында бұл белгі жеке ерекшеліктерге ие.

Бірлескен түрде қылмысқа қатысқанда, кінәлілер қоғамға – қауіпті іс әрекетті өзара байланыста жасайды және қылмыстық зардабына күш біріктірудің нәтижесінде жетеді. Қылмысқа қатысушылардың бірлестігін мынандай тұрғылардан қарастыруға болады.

Біріншіден, қылмысқа қатысушылардың қылмыстың түріне байланысты келісімді немесе шартты түрдегі әрекетерді жасайды.

Екіншіден, барлық қылмысқа қатысушылар үшін бірдей қылмыстық салдар туындайды.

Үшіншіден, қылмысқа қатысушылардың шартты әрекеттері мен салдар арасында себепті байланыс болуы керек.

Сонымен, екі немесе одан көп адамдардың қасақана бірлескен түрдегі қылмысында орындаушымен қатар басқа да қатысушылар (ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші) қатысса, әр түрлі рольдер орындау арқылы қылмысқа қатысушылық деп танылады.

Қылмысқа қатысушылардың әр түрлі рольдерді орындауына негізгі себеп, келісім ғана емес, оған қылмыстың жасалар алдындағы әр түрлі мән-жайлар әсер ете алады. Рольдердің тууына келісімнің әсер етуі, алдын-ала келісіммен жасалатын қылмыстарда ғана бола алады.

Ал алдын-ала келісім болмаған жағдайдағы роль бөлушіліктің болуына негізгі әсер ететін жайт, бұл қылмыстың жасалар кезіндегі әр түрлі мән-жайлар, мысалы қылмысқа қатысушылардың арасындағы таныстық, қылмыс жасауға аяқ астынан ойдың пайда болуы т.б. Мысалы түнгі мезетте О. және Б. Алматы қаласының Парковая көшесінде келе жатады. О. тұсынан өтіп бара жатқан Ә. деген жігітті танып қалып тоқтатады. О. бұрын Ә.-мен арада өткен төбелесті себеп етіп, сол арада тағы да төбелеседі. Ә. екі адамның өзіне жабылып кетуінен сескеніп, жекпе-жекпен төбелесуін сұрайды. О. оған келісіп төбелесіп жатқанда Б. оған пышақ береді. О.-ның пышақты салуы салдарынан Ә. сол күні ауруханада қайтыс болады.¹

Бұл мысалда алдын-ала келісімсіз түрдегі көмектесушілік орын алып отыр. Б.-ның О.-ға көмектесуінің себебі жолдастығы, қалтасында пышақтың болуы. Осындай қылмыстарға сүйеніп, алдын ала келісімсіз роль бөліп қылмысқа қатысудың орын алуының себебі, қылмысқа қатысушылардың арасындағы келісімділік емес, шартты жағдайдың (мысалы таныстық, туыстық) әрекеттердің себепші болуы деуге болады.

Келесі объективтік белгі ретінде, бірлестік белгісінің бір тұрғысы ретінде, бірдей қылмыстық нәтиженің тууын келтірдік. Бұл әрине барлық қылмысқа қатысушылар Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі бір қылмыс бойынша бірге жауапқа тартылады деген сөз. Негізінде қылмысқа қатысушылықта әр түрлі рольдердің орындалуы себебінен қылмыстың нәтижесі туындайтыны даусыз. Ұйымдастырушылық, азғырушылық, көмектесушілік тәрізді әрекеттердің орындалуы нәтижесінде ғана, бір әрекет екінші әрекеттің орындалуына себепші болып, қылмыстың мақсаты орындалады. Орындаушының әрекеттерімен қылмысқа қатысудың бұл нысанында бірден қылмыс нәтижесі туындамайды.

¹ Алматы қалалық соты архивінен.

Азғырушының қылмысқа итермелеуі, көмектесушінің тиісті міндеттерін атқаруы, орындаушының қылмысты жасауына әкеледі. Сондықтан қылмысқа қатысушылардың арасында себепті байланыстың болуы қажеттілігін жоққа шығарған кейбір зерттеушілермен келісуге болмайды. Мысалы, А.Я.Вышинскийдің “қылмысқа қатысудың түсінігі үшін қатысушылардың арасындағы себепті байланысты емес, адамның жасалған қылмыспен байланысын ескеру қажет” деген пікірімен келісу қиын.¹

Осы арада көмектесуші, айдап салушы, ұйымдастырушының әрекеттерінің қылмыстың салдарына қатынасы немесе себепті байланысы тікелей ме деген сұрақ туындайды. Орындаушының қылмысты әрекеттері қылмыстың зардабын тудыруға негізгі себепші екендігі белгілі. Бірақ ұйымдастырушының, айдап салушының, көмектесушінің әрекеттері қылмыстың зардабына тікелей байланыста бола алмайды. Себебі, азғырушы орындаушыны қылмысқа итермелегенімен, орындаушы көнбесе қылмыс қайдан шығады? Яғни орындаушыны қылмысқа жеткізген көмектесушілік тәрізді әрекеттердің өзі қылмысты болуы керек. Сонда ғана кінә болады, және қылмысқа қатысушылық орын алады. Абайсызда айдап салу әрекетінен қылмысқа қатысушылық шықпайтыны белгілі. Қылмысқа қатысушылықта “келісім” - негізгі субъективтік белгі болып табылады. Себебі қылмыстық құқықта келісім, тек қылмысқа қатысушылық мәселесінде қарастырылады. Әр түрлі рольдер орындау арқылы қылмысқа қатысушылықта алдын-ала келісімсіз-ақ қылмыстың жасалуы кездескенімен, негізінен бұл нысанға алдын-ала келісімнің болуы тән. Алдын-ала келісім дегеніміз қылмысқа қатысушылардың қылмыс жасау жөнінде алдын-ала немесе қылмыстың жасалуы алдында бір-біріне берген уәдесі болып табылады. Сонымен қатар келісім мазмұнына жасалатын қылмыстың түрі, орны, уақыты, әдісі тәрізді белгілер енеді.

Кейбір жағдайларда екі немесе одан көп амалдардың объектіге кетірілген зиянының уақыты, орны бір болғанымен, қылмысқа қатысушылық болып санала бермейді. Бұл мәселе жайында әдебиеттерде мынандай дұрыс пікір келтірілген, “Объектіге келтірілген зардаптың бір келкілігі, қылмыстың жасалу уақытының бір болуы қылмысқа қатысушылықтың негізгі белгісі болып табылмайды. Барлық қылмысқа қатысушылар әре-

¹ Вышинский А.Я. Вопрос теории государства и права. – Москва: Госюриздат, 1949. С. 118.

кеттерінің бір тұтастығының ең негізгі белгісі, қылмыстық құрамның субъективтік жағының бір тұтастығы болып табылады, анығырақ айтқанда бір немесе бірнеше қылмыстарды жасау үшін тілегінің бір тұтастығы бола алады. Сондықтан келісімнің болуы, өзінен-өзі қылмыстың әр жақтарына әсер ете алады, ол ойға алынған қылмыстың сипатына, жасалу орнына, уақытына, әрекеттердің әдісіне, қылмысты жасау құралдарына.¹ Жоғарыда келтірілген келісім мазмұнын құрайтын белгілер, қылмыста келісім болғанда ғана анықталмайды.

Бұлай дейтін себебіміз келісімсіз жасалатын қылмысқа қатысуда да қылмыстың түрі, орны, уақыты тәрізді белгілер орын алады. Яғни бұл белгілерді қылмысқа қатысуға жатқызатын анықтаушы түйін немесе кілт келісім емес, қылмысты бірлесіп орындау болып табылады. Бұл пікірді дәлелдеуші екінші бағыт—бұл қылмысқа қатысушылықтың анықтама-сында келісім емес, қылмысты бірлесіп орындау белгісінің көрсетілгендігі. Демек, қылмыстың түрін, орнын, уақытын, әрекеттердің әдістерін қылмысқа қатысушылыққа жатқызатын белгі келісім емес, қылмысты бірлесіп атқару болып табылады. Алдын-ала келісіммен жасалған қылмыстарда қылмыстың түрі, уақыты, орны тәрізді белгілер келісіммен анықталса, ал алдын-ала келісімсіз жасалған қылмыстарда бұл белгілер қылмыс бірлесіп атқарылған да ғана қылмысқа қатысушылық болып табылады.

Қылмысқа қатысушылықтың тұрақтылық белгісін иеленбейтін түрлері мен нысандары бойынша қылмыстар жасалып және қылмысқа әр түрлі рольдер орындаушылар қатысқанда 28 бапқа сілтеме жасау арқылы квалификациялануы керек. Қылмыс топ адамдар немесе бірге орындаушылар нысанында жасалғанда да ҚК Ерекше бөлімінің тиісті бабы қолданылып, 28 бапқа сілтеме жасалынбайды, себебі мұндай кезде топ құрамында қылмыс жасағандар бір келкі орындаушылық әрекеттерді жасаған деп танылады және қылмысты орындаудың арнайы түсінігін қарастыратын 28 баптың 2 бөліміне де сілтеме жасалынбайды. Өйткені бұдан бұрынғы тақырыпта айтып кеткендей, Ерекше бөлім баптарының диспозицияларында тек қылмысты орындаушының әрекеттері бейнеленген.

Бір неше адамдар қылмысты топ түрінде жасағанмен, олардың арасында бір ұйымдастырушының немесе азғырушының болып, оның осындай рольді атқарумен шектелуі, топ адамдардың жасаған қылмысы деп

¹ Ковалев М.И. Соучастие в преступлений. Ч 2 . –Свердловск, 1962. С.213-215.

бағалауға негіз бермейді. Себебі қылмыс топ адамдармен жасалғанмен кем дегенде бір адамның ұйымдастырушылық тәрізді рольді орындаумен шектелуі, жасалған әрекеттердің сипатына қарай қылмысқа қатысушылықтың нысанын көрсетеді. Яғни ұйымдастырушы сипатына қарай топты ұйымдастыру бағытындағы әрекеттерді орындады, ал қалған қылмысты тікелей орындаушылар сипатына қарай қылмыстың объективтік жағына қатысты әрекеттерді орындаған деп бағаланады. Қылмысты екі адам орындап, бір ұйымдастырушы немесе бір көмектесуші болғанда да қылмысқа қатысушылық жоғарыдағы жағдайға сай келеді және бұлардың барлығы да бір ереже бойынша квалификациялануы керек. Демек, бұл роль бөліп қылмысқа қатысуды білдіреді. Мұндай жағдайлар топ адамдармен жасалған қылмысқа қатысу нысанын білдірмейтіндіктен, қылмысқа қатысушылықтың негізгі ережесі қолданылып, орындаушылықтан басқа рольдерді орындаған ұйымдастырушының немесе көмектесушінің әрекеттері Ерекше бөлімнің тиісті бабымен және 28 бапқа сілтеме жасай отырып квалификацияланады және Ерекше бөлімнің бабында топ адамдар арқылы қылмыс жасау- ауырлататын құрам ретінде қарастырылса да, қарастырылмаса да негізгі бөлім бойынша квалификацияланады. Себебі **қылмыста бір неше орындаушы болғанмен кем дегенде бір ұйымдастырушының немесе азғырушының болып, оның осындай рольдерді орындаумен шектелуі, қылмысқа қатысушылықтың нысанын өзгертіп, күрделі немесе роль бөлу арқылы қылмысқа қатысу нысанына айналдырады. Бұл жерде мынандай сұрақ туындауы мүмкін. Қылмысты орындауда бір неше орындаушы болғанына қарамай күрделі қылмысқа қатысу ретінде танып, олардың әрекеттерін баптың негізгі бөлімімен бағалағанда жауаптылықты ауырлатып тағайындауға мүмкіндік болмай қалады деген сұрақ туындауы мүмкін. Мұндай сұраққа жауап ретінде қылмыстық заңның өзі де барлық қасақана қылмыстарға «адамдар тобымен немесе адамдар тобының алдын ала келісімі бойынша» деген жауаптылықты ауырлататын құрам келтірмегенін айтуға болады. Жауаптылықты ауырлататын құрам ретінде топ адамдардың қылмыс жасауы келтірілмеген қылмыс түрлерінде топ болып қылмысты орындау кездесе, олардың әрекеттері баптың негізгі бөлімімен квалификациялануға жатады. Бұл біріншіден, екіншіден жоғарыда келтіріп отырған ереже қылмыста бір ұйымдастырушы, бір көмектесуші және бір орындаушы болғанда, ол адамдар тобының орындаған қылмысын емес,**

роль бөліп қылмысқа қатысушылықты білдіреді деген ережеден шығады немесе осы ереже бұл жерде де сақталады. Қатысушылықпен жасалған бір қылмыс бірден қылмысқа қатысудың екі нысанына сәйкес келмеуі керек. Сондықтан ұйымдастырушының әрекеттерін 28 бапқа сілтеме жасай отырып квалификациялағанмен орындаушылардың әрекеттерін топ адамдардың жасаған қылмысы деп бағалауға болмайды.

Қылмысты квалификациялау ережесінде 28 бапқа қылмыс әр түрлі рольдерді орындау арқылы жасалғанда, әр қатысушының қылмысты орындау барысындағы қатысу сипатын көрсету үшін қолданылады.

Бір айта кететін жайт, ол екі немесе одан көп адамдардың бірлесіп жасаған қылмысты әрекеттерін квалификациялау кезінде 31 бапқа сілтеме жасалынбайды. Өйткені ҚК 31 бабы тек қылмысқа қатысушылық нысандарын анықтау және оларға түсінік беру міндетін атқаратын норма болып табылады, соған сәйкес іс-әрекетке құқықтық баға бару кезінде арнайы қолданылмайды және Ерекше бөлімдегі қылмысқа қатысушылықпен жасалатын барлық қылмыстарға ортақ нормативтік ереже қызметін атқарады. Демек, ҚК 31 бабындағы қылмысқа қатысу нысандары Ерекше бөлімде бандитизм сияқты жеке қылмыс түрі және ұйымдасқан топпен жасалған ұрлық сияқты қоғамға қауіптілікті ауырлататын құрамдар ретінде арнайы қарастырылған. Соған сәйкес, қылмысқа қатысу нысандары Ерекше бөлімде де кездесуіне байланысты Жалпы бөлімдегі 31 бапқа сілтеме жасалынбайды.

Ұйымдасқан топта қылмысқа қатысушылықтың басқа нысандары тәрізді Қ.К. 27 бабындағы қылмысқа қатысудың түсінігіндегі белгілерден басқа, тек өзіне тән ерекше белгілерге ие бола алады. Ұйымдасқан топтың белгілері мыналар болып табылады. а) екі немесе одан көп адамның қатысуы; ә) қылмысты бірлескен түрде жасауы; б) қасақана қылмыстарды қасақана түрде жасауы; в) алдын-ала келісімнің болуы; г) тұрақтылығы. Ұйымдасқан топтың барлық қатысушыларын қылмысты бірге орындаушылар ретінде бағалайтын ғалымдар, “қылмысты бірге орындаушы ретінде қатысу” деген белгіні де қосады. Бұл белгіге кейін тоқталамыз.

Ұйымдасқан топты қосымша сипаттайтын белгілер қылмысқа қатысушылықтың барлық нысандарына тән болып табылатындықтан оған тоқталмай, тек негізгі белгілерін қарастырайық. Себебі осы белгілердің өзі ұйымдасқан топты қылмыстық-құқықтық сипатта түсінігін толық ашып бере алады. Сонымен қатар, ұйымдасқан қылмыстық топ мәселесіне ой жүгірткен кей зерттеушілер, мұндай топта кем дегенде үш адам

болуы керек дейді.¹ Мұндай көзқарасқа келісу қиын, себебі екі адамнан құралған топ та тұрақты сипатқа ие бола алатындығы сот-тергеу практикасынан белгілі. Мысалы әйел көшеде ер адаммен танысып оны бір үйге алып келіп отырады. Ал ол үйде күтіп отырған әйелмен қылмыс жасауға келіскен ер адам әкелген адамдарды тонап жіберумен айналысады.

Ұйымдасқан топта тұрақтылықтың және алдын-ала келісімнің болуын міндетті белгіге жатқызуға болады. Ұйымдасқан топ барлық уақытта алдын-ала келісіммен ғана жасалатын қылмысқа қатысудың нысаны болып табылады. Бұл нысанда қылмыс жасау жөнінде күні бұрын келісім ғана емес, сонымен бірге алдын-ала келісілген қылмыстық жоспар дайындалады. Мұнда әрбір қылмысқа қатысушы алдын-ала келісіммен, жоспармен роль бөлу арқылы басқа да қатысушылармен бірге, бірлескен қылмысты іске асыратынын және ұйымдасқан топқа кіргенін, өзара келіскен әрекеттердің бір немесе барлық бөлігін орындауға қатыстынын біледі. Алдын-ала келісілген жоспарда ұйымдасқан топтың жасайтын қылмысының толық мазмұны немесе бастан аяғына дейінгі барлық детальдарды анықталады.

Ұйымдасқан топта қашанда күні бұрын қылмыс жоспары анықталатындықтан бұл нысанда аяқ астынан пайда болатын келісім бола алмайды.

Ұйымдасқан топтың атауынан да байқалып тұрғандай, мұнда алдын-ала келісім ғана емес, алдын-ала ұйымдастырушылықта көрініс алады. Ұйымдастырушылықпен алдын-ала қылмыстық жоспар ұқсас ұғымдар. Ұйымдастырушылық белгісінің құрамына қылмысты жасау жоспарынан басқа, оны басқаратын, қылмыстың орындалуына жағдай, көмек жасайтын және қылмысты тікелей орындайтын адамдар енеді. Зерттеу әдебиеттерінде “Алдын-ала ұйымдастырушылық- екі немесе одан көп адамдардың қылмыс жасау жоспарын, рольдерді алдын-ала бөлу, қылмыс құралдарын пайдалану, кедергілерді жою, ұрланған заттарды жасыруға алдын-ала дайындалуын қамтиды” деген түсінік кездеседі.² Демек, ұйымдастырушылық әрекет, тек алдын-ала келісіммен жасалған қылмыстарда кездесіп, оны басқаратын адамдарды ғана емес, бүкіл қылмыстың жасалу жоспарында қамтиды.

¹ Попов В.М. Актуальные проблемы теории и практики борьбы с организованной преступностью в России. //Мат.науч. пр. конф. –Москва, 1994.

² Никифоров С. Уголовно-правовая охрана личной собственности в СССР. – М.: изд. АН СССР, 1954. С. 82.

Ұйымдасқан топтың ерекшелігін көрсететін, айқындайтын белгі тұрақтылық болып табылады. Тұрақтылық- объективтік белгі ретінде ұйымдасқан топтың ұзақ уақытқа немесе бірнеше қылмыстар жасау үшін құрылғанын көрсетеді. Ұйымдасқан топтар меншікке, экономикалық қызметке, қоғамның қауіпсіздігіне қарсы қылмыстарда және есірткі заттарды дайындау, өткізу, тәрізді халықтың денсаулығына қарсы бағытталған қылмыстарда жиі кездеседі.

Қылмыстық құқық теориясында, қылмысқа қатысушылардың әрекеттерін квалификациялау жайында ғалымдардың арасында бір-біріне қарама-қарсы пікірлер кездеседі, солардың бірі ұйымдасқан топтың қатысушыларының қылмысқа қатысудағы ролі және олардың әрекеттерін бағалау жайында. Ұйымдасқан топқа қатысушылар, осы топтың мүшелері болып табыла ма, әлде қатысушылары болып табыла ма деген сұрақ туындайды. Бұл мәселені анықтау маңызды, себебі ұйымдасқан топтың құрамында болған адамдар осындай топтардың қатысушылары деп танитын болсақ, онда адам ұйымдастырушылық немесе көмектесушілік тәрізді рольдерді үнемі орындаған жағдайда, олар ұйымдасқан топтың қылмыстарына қатысушылар ретінде танылып, 28 бапқа сілтеме жасай отырып квалификациялануы керек. Осындай бағытты 2001 жылдың 21 маусымында қабылданылған «Бандитизммен және өзге де қатысушылықпен жасалған қылмыстар үшін жауаптылық туралы заңдарды соттардың қолдануының кейбір мәселелері жөніндегі» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы да келтіреді. Бұл қаулының 15 пунктінде «банданы, ұйымдасқан қылмыстық топты немесе қылмыстық қауымдастықты құрған немесе оған жетекшілік жасаған адамдар қылмысты орындауға бірге қатыспаған жағдайда, олардың әрекеттері ҚК Ерекше бөлімнің тиісті бабымен 28 бапқа сілтеме жасай отырып квалификациялануы керек» деген.

Ұйымдастырушылық, азғырушылық рольдерді үнемі орындаған адамдарды ұйымдасқан топтың мүшелері деп танитын болсақ, онда олар қылмыстың бірге орындаушылары ретінде танылып, квалификация жасау кезінде 28 бапқа сілтеме жасау қажет болмайды.

Бұрынғы және қазіргі уақыттарда осы мәселені қарастырған ғалымдар ұйымдасқан топтың барлық мүшелері қылмысты бірге орындаушылар болып табылады деген тоқтамға келген және олардың пікірінше қылмыстық кодекстің 17 бабына (қазіргі ҚР ҚК 28бап) сілтеме жаса-

лынбауы керек.¹ Бұған қарсы көзқараста кездеседі. Мысалы «ұйымдасқан топқа кірген адамдар қылмысты бірге орындаушылар емес, осындай топтың қатысушылары болып табылады» деген, жоғарыда аталған ҚР Жоғарғы сотының бандитизм және өзге де қатысушылықпен жасалған қылмыстарға жауаптылық белгілеу туралы қаулысының жетекші ұсынысына ұқсас көз-қарас кездеседі.² Бұл көз-қарас бойынша ұйымдасқан топқа кірген адамдар қылмысқа қатысушылар болып есептеліп, ұйымдастырушылық, айдап салушылық, көмектесушілік әрекеттер жасаған жағдайда 17 бабтың осындай рольдер қарастырылған тиісті бөлімдеріне сілтеме жасалуы керек.

Біздің пікірімізше бұл мәселе бір жақты шешілмеуі керек. Ұйымдасқан топпен қылмыстық қауымдастық туралы тікелей жауапкершілікті қарастыратын Қ.К. 235 бабтың 3 бөлімінде ұйымдасқан қылмыстық топтың, қылмыстық қауымдастықтың қатысушылары туралы жауапкершілік қарастырылған. Міне осыдан барып, қатысушылар кімдер бола алады немесе қатысушы болуы үшін ұйымдасқан топқа кіруі немесе оған мүше болуы шарт па және ұйымдасқан топқа мүше емес, қатысушылар да бола ма деген сұрақ туындайды.

Бір байқалатын жәйт, ұйымдасқан топтың кейбір мүшелері әр түрлі деңгейде қатысып, қылмыстың қосалқы қатысушылары ретінде көріне алады. Яғни біркелкі айдап салушылық, көмектесушілік тәрізді әрекеттерді орындаумен шектеледі. Кейбір ауыр немесе аса ауыр қылмыстар болып саналатын ұйымдасқан топ және қылмыстық қауымдастық түрлері, (мысалы бандитизм, т.б.) ұйымдастырушылық, жетекшілік ету әрекеттерімен қатар, қатысушылықты да бабтың өзінде тікелей көрсетеді. Сот тәжірибесі материалдарына жүгінсек, қылмысқа қатысушылар әр түрлі әрекеттер орындау түрімен кездесе береді. Кейбір қатысушылар қылмыстың объективтік белгілерін толық немесе ішінара орындап отырса, ал кейбір қатысушылар үнемі көмектесушілік тәрізді әрекеттерді орындаумен ғана шектеледі. Мысалы А. бастаған бес жігіт Омскіден Алматыға қылмыстар жасау мақсатымен келген. Олардың бандиттік шабуылына жергілікті П. деген қыз үнемі тонауға болатын үйлерді көрсетіп отырады.

¹ Тельнов П.Ф. Ответственность за соучастие в преступлений. С.144-145. Галиакбаров Р.Р. Квалификация групповых преступлений. – М.:Юр.лит, 1980. С.31-32. Советское уголовное право. Ч.Общая /Под.ред. П.И. Гришаева, Б.В. Здравомыслова. –М.:юр.лит, 1982. С.234.

² Ушаков А.В. Ответственность за групповые преступления. –Калинин, 1975. С.51.

Тергеу органдары П. әрекеттерін (бұрынғы) ҚК 17 бабының көмектесушілікті қарастырған бөлімімен және бандитизм қылмысымен бағалаған.¹ Адам көмектесу, айдап салу тәрізді әрекеттерді орындаса, олардың әрекеттері ҚК 28 бабына сәйкес келіп, сол бап арқылы квалификацияланатыны белгілі жәйт. Практикада мұндай жағдайлар кездескенде тергеу органдары ол қылмысқа қатысушылардың әрекеттерін 28 бабқа сілтеме арқылы бағалап жатады.

Заң кей қылмыстарда қатысушылықты тікелей сол бапта көрсеткенде, оларды қылмыстың орындаушылары ретінде ұғынуды ұсынады. Ұйымдастырушы мен жетекшіден басқалар, яғни қатардағы мүшелері осындай топтың қылмыстарына қатысушылар болып табылады. Демек ұйымдасқан топтың қылмыстық қауымдастықтың құрамында қылмысты әрекеттермен тұрақты түрде айналысқан адамдар осындай топтардың қатысушылары болып табыла ма немесе бірге орындаушылары болып санала ма дегенде, «бірге орындаушылар немесе топ мүшелері» деген ұғымдармен салыстырғанда «қатысушылар» деген ұғым кең болып табылатынын ескеру керек. Өйткені, ұйымдасқан топтың қауымдастықтың құрамында болған адамдарды осы топтың мүшесі, бірге орындаушысы деп бағаласақта, олар 27 баптағы қылмысқа қатысушылық деген негізгі ұғымнан шығады. Зерттеушілер бірге орындаушы, мүше деген ұғымды қолдануды ұсынғанда нақты мағынаға өтіп, әдеттегі тұрақты болып табылмайтын қылмысқа қатысушылыққа қарағанда тұрақты қылмыстық топтардың қатысушыларының қоғамға қауіптілігінің бірдей дәрежеде жоғарылайтынын ескерген. Яғни бір неше рет ұйымдасқан топтың қылмыстарына көмектесушілік атқарған қатысушының қауіптілігі осы қылмысты ұйымдастырған, тікелей орындаған адамдармен бір келкі дәрежеге жақындайды. Мұның қандай да бір деңгейде шындығы бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ қолданыстағы қылмыстық заңнан ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастық құру арқылы қылмыстылықпен айналысқаны үшін жауаптылық қарастыратын 235 және 237 баптардың мазмұнына көңіл аударсақ, онда заң шығарушының тұрақты қылмыстық топтар бойынша «қатысушылар» деген ұғымды қолданудан бас тартпағанын байқауға болады және ұйымдастырушымен салыстырғанда қатардағы қатысушыларға немесе қылмысты тікелей орындаушыларға жеңілірек жаза көлемін белгілеген.

¹ Алматы қалалық соты архивінен.

Біздің байқауымызша тұрақты қылмыстық топтағы орындаушылардың құрамы бір келкі бола бермеуі мүмкін. Оларды екі түрге бөліп, квалификация тәртібін белгілеген жөн. Біріншілері, қылмыстың объективтік белгілерін орындауға тікелей қатысушылар, екіншілері үнемі көмектесушілік тәрізді әрекеттерді орындайтын қатысушылар немесе орындаушылар болып табылады. Ұйымдасқан топта немесе қылмыстық қауымдастықта кейбір адамдар үнемі азғырушылық, көмектесушілік тәрізді рольдер атқарғанда ҚК 28 бабына сілтеме жасалынбай қылмысты тікелей орындаушының айыпталған қылмыс түрлерімен квалификацияланғаны дұрыс. Себебі ұзақ уақыттар бойы қылмыстар жасаумен немесе алдын-ала келісім негізінде, мұндай рольдерді орындаушылар осы топтың мүшелеріне немесе кеңірек алғанда қатысушыларына, ал нақтырақ айтқанда орындаушыларына айналады. Бұларды орындаушылардың бір түріне жатқызу себебіміз, біріншіден қатысу белгісі нақты қылмыстарда кездесіп отырады, екіншіден, әдепкі келісім бойынша біркелкі әрекеттерді орындап отыруға міндеттенуі мүмкін. Мұндай жағдайда оларды осы топтың мүшелері ретінде бағалау керек. Ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қауымдастықтың мүшелеріне қатардағы қатысушылардан басқа, осы топтың ұйымдастырушылары, жетекшілері түгел жатады. Мынадай жағдайлар болады. Мысалы кейбір адамдар ұйымдасқан топтың немесе қауымдастықтың жасаған бір қылмысына ғана қатысуы мүмкін. Бір немесе екі рет ғана көмектесушілік тәрізді қызмет көрсетіп, одан кейін бұл топтың қылмыстарына араласпауы мүмкін. Мұндай қылмысқа қатысушылар қауымдастықтың, ұйымдасқан топтың мүшесі болып саналмайды. **Егер ұйымдасқан топтың мүшесі болмай, тек белгілі-бір эпизодтарда ғана көмектесушілік тәрізді әрекеттерді орындаумен қатысса, онда олардың әрекеттері нақты қылмысқа көмектесуші түріндегі қатысушылық деп бағаланып, Қ.К. 28 бабына сілтеме жасалынуы керек.**

Ұйымдасқан топтың, қылмыстық қауымдастықтың кейбір мүшелері айдап салушылық, көмектесушілік тәрізді рольдерді орындаумен шектелмей, басқа қылмысқа қатысушылармен бірге қылмысты орындауға тікелей қатысса, онда олар қылмыстың орындаушысы ретінде танылып, квалификация кезінде 28 бапқа сілтеме жасалмай, тек Қ.К. Ерекше бөлімнің бабтары ғана қолданылуы керек.

ҚР ҚК 235 бабында ұйымдасқан қылмыстық топты, қылмыстық қауымдастықты құрғаны, жетекшілік еткені және басқа адамдардың бұған қатысқандығы үшін жауапкершілік қарастырылған. Бұл жерде

қылмыстық кодекстің 31 бабында түсінігі қарастырыла отырып, Ерекше бөлімінде неліктен арнайы жеке қылмыстық құрам түрінде қарастырылған деген сұрақ туындайды? Жалпы бөлімде қарастырылған қылмысқа қатысушылық нысандарының түсінігі Ерекше бөлім нормаларына толық тарала ала ма немесе толық тарала алмаса бірлесіп қылмыс жасау түріне оның маңызы қаншалықты деп мәселе қою керек.

Ғылымда, оны жетілдіруде шек жоқ. Әйтсе де қоғам дамуы мен бірге ол қоғамның ғылымыда дамиды, оны тұрақты, тиімді, қисынды түрде шешу керек. В.Н.Кудрявцев «құқықтың жалпы мәселелері мен қағидаларын терең зерттеу әділсоттың заңға сәйкес жүргізілуіне жағдай жасайды. Осындай жалпы мәселелердің біріне қылмысты квалификациялау мәселесі жатады», - деп қисынды айтады.¹

Қылмыстық құқықта ғалымдардың арасында дау тудырған мәселенің бірі, бұрынғы қылмыстық заңның Жалпы бөлімінің 17-бабындағы (қазіргі ҚР ҚК бойынша 27 бап) қылмысқа қатысушылықтың Ерекше бөлімге жалпы норма ретінде таралуы болып табылады.

Алғашқы рет бұл мәселе, М.Д. Шаргородскийдің «қылмысты бірге орындаушылықтың да және қылмысты топ болып жасаушылықтың да қылмысқа қатысушылыққа қатысы жоқ. Қылмыстық кодекстің Жалпы және Ерекше бөлімінің бабтарында, топ адамдардың қылмыстық әрекеттері жөнінде әңгіме болғанда қылмысқа қатысушылық емес, тек бірнеше адамдардың кей жағдайларда қылмыс жасауының ерекшелігі айтылады» – деген көзқарасымен басталды.²

Мұнан кейін шыққан еңбектердің ішінде Ф.Г. Бурчак Қ.К. 17бабын, әр түрлі роль бөліп қылмысты жасауға ғана қолдануды ұсынған.³ Ол тағы бір еңбегінде «Жалпы бөлімдегі қарастырылған қылмысқа қатысушылық түсінігіне, жауапкершілігі Ерекше бөлімде тікелей көрсетілген, топ болып жасалатын қылмыс құрамдарында қосуға болады. Бірақ бұл Жалпы бөлім нормаларының Ерекше бөлімге әмбебаптығына (универсальность) негіз бола алмайды» – дейді.⁴

¹ Кудрявцев В.Н. Аталған еңбекте. С. 26.

² Шаргородский М.Д. Некоторые вопросы общего учения о соучастии //Правоведение. №1 -1960.

³ Бурчак Ф.Г. Учение о соучастии по советскому уголовному праву. –Киев: Наукова Думка, 1969. С 81.

⁴ Бурчак Ф.Г. Соучастие: социальные, криминологические и правовые проблемы. –Киев: Вища школа, 1986. С34-38.

Қ.К. 17 бабының Ерекше бөлімге таралуы жайында П.Ф.Тельнов “Қ.К. Ерекше бөлімінде көрсетілген бірлесіп жасалатын қылмысты әрекеттердің барлығына 17-бап жалпы сипаттағы норма болып табылады”, - дейді. Сөйтіп, осы көзқарасты жақтайтындарға қосылып Қ.К. 2 бабының 3 бөліміне орай Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлім нормалары Ерекше бөлімде қарастырылған барлық қылмыстарға таралатынын келтіреді.¹

Осы пікірді жақтаушылардың бірі Н.Г. Иванов Қ.К. 17 бабының ережесі бірлесіп жасалатын қылмыстарға барлық жағдайда жалпы нормативтік ереже болып табылады-дейді.²

Сонымен 17 бап Ерекше бөлімге жалпы ортақ норма болып саналмайды деушілер қылмыстық заңдағы қасақаналық ұғымының жалпы бөлімде қаралғанымен Ерекше бөлімнің барлық баптарына, дәлірек айтқанда абайсызда жасалатын қылмыстарға қатысы жоқ екенін келтіріп дәлелдеген болады.

Зерттеушілердің көпшілігі Қ.К. Жалпы бөлім нормаларының Ерекше бөлім нормаларына таралуына күмән келтірмей, Жалпы бөлім нормаларының көпшілік жағдайларда Ерекше бөлімге ортақ болу себебінен бөлініп шығарылғанын айтады. Яғни, соның бірі қасақана жасалатын қылмыстар үшін ортақ норма – Жалпы бөлімде көрсетілген 27 бап.

XVIII ғасырға дейін қылмыстық заң Жалпы және Ерекше бөлімге бөлінбегені, тек нақты қылмыстарды анықтайтын жеке қылмыстық заңдардан құралғаны белгілі. Мұндай бөлу қылмыстық заңның дамуы нәтижесінде пайда болған. Бұл бөлу қажетті болды, себебі ол біріншіден заң актілері жиынтығындағы жалпыға ортақ жағдайларды жеке бөлетін еді де, екіншіден құқық қорғау қызметімен айналысатын заңгерлерге бұлай жұмыс істеу ыңғайлы еді. Соның нәтижесінде қылмысты жасау кезеңдері, қылмыстық жауаптылықты шектейтін жағдайлар, қылмыс жасаудан бас тарту тәрізді нормалар бөлініп шықты.

Бұл мәселе жайында пікір айту үшін, жүйеге бөлу қажеттілігінен пайда болған заң құрылысын түсіндіруге тура келеді.

Барлық құқықтық институттар жүйелік сипатта деп сенімді түрде айтуға болады, ал құқық бұл жоғарғы деңгейдегі жүйенің бір түрі. Бізге алдымен жүйе неден құралатынын анықтау керек.

¹ Тельнов. П.Ф. Аталған еңбекте. С. 16-17.

² Иванов Н.Г. Понятие и формы соучастия в советском уголовном праве. – Саратов: Саратовского университета, 1991. С. 44.

Ең алдымен жүйе дегеніміз бір заттағы көптеген өз-ара қатысты элементтердің ерекшелігі және жиынтығы. Демек, жүйе бұл ең алдымен біртектес элементтердің көптілігі. Осы мәселені зерттеушілердің түсінігі бойынша “Егер жүйе дамуы кезінде элементтер айтарлықтай күрделі болса, онда оның ішінде жеке-жеке топтар құрылады. Топтың ішіндегі элементтердің өзара байланысы мен топтардаң бір-бірінің арасындағы байланыстардың айырмашылығы бар, яғни жүйенің ішінде тағыда кіші жүйелер құрылады”.¹

Жүйенің ішінде жүйелердің құрылуы – бұл жүйенің бір бөлігі және осы жүйенің ішінде өзінше жеке элементтер болады. Бірақ бұл жүйе белгілі бір белгілеріне қарай топтарға бөлінгенімен, кейінгі бөлінген кіші жүйелер бастапқы жүйеден мазмұны бойынша алшақ кетпейді. Себебі, түптеп келгенде бұл бір тектес заттардың немесе белгілердің жиынтығы болып есептеледі.

Осы тұрғыдағы таным түрімен зерттегенде, қылмысқа қатысушылық түрлері және қылмысқа қатысу нысандары да жоғарыда келтіріп отырған негізі бар, бірақ ерекшелігіне қарай түзілген кіші жүйелерге ұқсайды. Сондықтан, Жалпы бөлімде қарастырылған қылмысқа қатысушылықтың түсінігі Ерекше бөлімде көрсетілген қасақана бірлесіп қылмыс жасаудың барлық түрлеріне ортақ, ереже болып есептеледі. Сол себептен де қылмысқа қатысу мәселесі Жалпы бөлімге енгізілген. Осы мәселенің шешуі ретінде негізгі жүйе, 27 баптағы қылмысқа қатысушылық түсінігі болады да, одан жеке ерекшелігі бойынша бөлінетін кіші жүйелер немесе түрлер Ерекше бөлімнің жеке баптарында көрсетілген қылмысқа қатысушылық түрлерінің ортақ белгісі екі немесе одан көп адамның қасақана түрде бірлесіп әрекет етуі болады да, оларды бір-бірінен ажырататын белгі әр қылмыс түрінің жасалу табиғаты немесе әр қайсысының өзіне тән объективтік жақ белгілері болып табылады. Жаппай тәртіпсіздік, қарулы бүлік, бандитизм т.б. осы тәрізді қылмыс түрлері бұған мысал бола алады. Мысалы бандитизм қылмысында екі немесе одан көп адам қатысуы міндетті белгі болса, ол белгі қылмысқа қатысушылықтың түсінігінде аталады. Бірақ осы белгі банданы үшін шартты, міндетті белгі болғандықтан, Қ.К. Ерекше бөлімінде көрсетпеске жол жоқ. Жаппай тәртіпсіздікте де, заңсыз әскери құрама құруда, бандитизмде де осы сандық белгі міндетті белгі болғандықтан жеке құрам ретінде көрсетіледі. Бұлардың басты ерекшелігі, ол Ерекше

¹ Аверьянов А.Н. Системное познание мира. –Москва, 1985. С. 43-46.

бөлімдегі басқа қасақаналықпен жасалатын қылмыстар бір адаммен де көп адамның қатысуымен де жасала алады. Ал, бұл қылмыстарды, яғни бандитизмді, жаппай тәртіпсіздік тәрізді қылмыстарды бір адамның жасауы мүмкін емес. Сондықтан бірнеше адамның бірлескен әрекеттері қылмыс түріне қарай міндетті белгі болғанда және осы қылмыстар қылмысқа қатысушылықтың бір нысаны болсада, олардың арасында жеке қылмыс құрамын білдіретін белгілер болғандықтан қылмыстық заңның Ерекше бөлімінде жеке бапта көрсетілу мүмкіндігіне ие. Бұл мәселе ертеде-ақ анықталған жәйт. С.В. Познышев бір еңбегінде, “кей қылмыстар өз табиғатынан бірнеше адамдардың қатысуын қажет етеді (мысалы бунт, дуэль)” деген дұрыс пікір келтіреді¹.

27 баптағы қылмысқа қатысушылықтың түсінігі бұларға да ортақ. 31 баптың бұларға таралмайтын себебі, Жалпы бөлімде қарастырылған ұғымдардың осы қылмыстарды құрайтын белгі болып саналуынан. Ал Жалпы бөлімнің институттары өзіміз білетіндей, Ерекше бөлімдегі қылмыстарға барлық жағдайларда таралмай, тек Жалпы бөлім институтының белгісі орын алғанда ғана таралады.

Бұл мәселені қорытындылай айтқанда, қылмысқа қатысушылық түсінігіне Ерекше бөлімдегі барлық бірлесіп қылмыс жасау түрлері енеді. Ал сандық белгі кей қылмыстар үшін міндетті белгі болған жағдайда және осы қылмыстар Жалпы бөлімдегі қылмысқа қатысушылық нысанының бір түріне жатқанымен, Ерекше бөлімінде жеке бап ретінде бөлінуі дұрыс. Мұндай жағдайда Жалпы бөлімнің 31 бабындағы қылмысқа қатысушылық нысаны Ерекше бөлімге таралмайды. Өйткені, Ерекше бөлімдегі бірлескен түрде жасалған қылмыстар, қылмысқа қатысушылықтың түрлері болып саналады.

Енді Қ.Р. Қ.К. 235 бабындағы ұйымдасқан қылмыстық топты немесе қылмыстық қауымдастықты (қылмыстық ұйымды) құру немесе жетекшілік ету және қылмыстық қауымдастыққа қатысу деген қылмыс түріне тоқталайық. Мұндағы баптың диспозициясы үш әрекеттен: ұйымдастыру, жетекшілік ету, сонымен қатар қатысудан құралады. Бұл бапта жеке қылмысқа қатысушылық түрі жоқ тәрізді, себебі мұнда 31 баптағы қылмысқа қатысушылық нысандары көрсетілген. Қылмысқа қатысушылық түрі жоқ дейтін себебіміз, ұйымдастырылған қылмыстық топтың және қылмыстық қауымдастықтың объективтік белгілерін-

¹ Познышев С.В. Основная начала науки уголовного права. – Москва, 1912. С. 372.

де жеке қылмысты білдіретін ерекше белгілер кездеспейді. Әдетте ұйымдасқан топ және қылмыстық қауымдастық нысанында Ерекше бөлімдегі қасақаналықпен сипатталатын қылмыс түрлері жасалады. Ұйымдастыру, қатысу тәрізді белгілер де кез-келген қасақана жасалатын қылмыстарда кездесе алады. Бұлай болғанда, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде мұндай бап болмауы керек. Ұйымдасқан қылмыстық топ және қылмыстық қауымдастық құрылып, бірақ әлі ешқандай қылмыстар жасап үлгермесе, мұндай жағдайға бұрын заңда арнайы норма қарастырылмаған, яғни ұйымдасқан топты және қауымдастықты құру әрекетінің өзі қылмыс жасағандықты білдіреді. **235 бапта табиғатынан екі немесе одан көп адамның қатысуымен ғана жасалатын жеке қылмыстың белгілері болмағанымен, оның бүгінгі заңда өмір сүруінің бір себебі, біріншіден, ол ұйымдасқан қылмыстық топ және қылмыстық қауымдастық құрылып, бірақ ешқандай қылмыс жасап үлгермеген жағдайы үшін және екіншіден, Ерекше бөлімнің баптары ұйымдасқан топпен, қауымдастықпен қылмысты жасауды жауаптылықты ауырлататын құрам түрінде арнайы қарастырмағанда жауапкершілік қолдану болып табылады.** Бұл турасында қылмыстық кодекске берілген түсіндірмелерде де осындай бағыттағы түсіндірме берілген. Онда қылмыстық қауымдастықты (қылмыстық ұйымды) ұйымдастыру үшін жауаптылықты қарастыратын бапты түсіндіре отырып, «Қылмыстық қауымдастықты құру және ұйымдастырушылардың, жетекшілердің немесе басқа да ұйымдасқан топтар өкілдерінің бірлестігін құрып, бірақ әлі ешқандай қылмыстар жасама-са да қылмыстық ұйымды нақты құрған кезеңінен бастап аяқталған қылмыс болып табылады». Демек, **қылмыстық қауымдастықты құру арқылы қылмыстар жасауға дайындық кезеңінің өзі Ерекше бөлімдегі тұрақтылық белгісімен сипатталатын және ұйымдасқан топ немесе қауымдастық арқылы қылмыстылықпен айналысу ауырлататын құрам түрінде қарастырылған қылмыстарда аяқталған қылмысты құрайды және іс-әрекет 24 бапқа сілтеме жасалынбай Ерекше бөлімнің баптарымен квалификацияланады.** Егер ұйымдасқан топ, қауымдастық құру Ерекше бөлімнің баптарында ауырлататын құрам ретінде келтірілмесе, бірақ осы қылмыстарды жасау мақсатында тұрақты қылмыстық топтар құрылса, онда 31 баптың 6 бөліміне сәйкес, қылмыс жасауға дайындалу ретінде бағаланып, іс-әрекет 24 бапқа сілтеме жасау арқылы квалификацияланады. Қазіргі заң қолдану ережесі

бойынша, егер қылмыстық қауымдастық және ұйымдасқан топ құрылғаннан кейін бірнеше қылмыстар жасаса, онда барлық жасалған қылмыстар және 235 бабының тиісті бөлімдеріндегі әрекеттер бойынша қосып квалификация жасалады. Сондай-ақ 2001 жылы 21 маусымдағы ҚР Жоғарғы Сотының “Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы” № 2 нормативтік қаулысының 15 пунктінде де осындай бағыт келтірілген. Онда “ҚК 31-бабының 5 бөлімінің талаптары негізінде, ұйымдасқан қылмыстық топты, банданы немесе қылмыстық қауымдастықты (қылмыстық ұйымды) құрған не оған басшылық жасаған адамдардың іс-әрекеттері тиісінше ҚК 235-бабының 1-бөлігімен не 2-бөлігімен немесе ҚК-нің 237-бабының 1-бөлігі бойынша және де сондай-ақ егер оның ниетімен қамтылса, ұйымдасқан қылмыстық топ, банда немесе қылмыстық қауымдастық (қылмыстық ұйым) жасаған қылмыс үшін жауапкершілік көздейтін ҚК Ерекше бөлімінің тиісті баптары бойынша да дәрежелеуге жатады”, - делінген.

Негізінде ҚК 235 бабын қылмысты әрекеттерге құқықтық бағаны толық беру үшін мынандай екі негізде қолданған дұрыс. Біріншісі, ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастық құрылып, бірақ әлі ешқандай нақты қылмыс жасамаған жағдайда, екіншісі, ҚК Ерекше бөлім баптарында қоғамға қауіптілікті ауырлататын құрам ретінде ұйымдасқан топ, қауымдастықты құру үшін арнайы жауаптылық қарастырылмағанда. Қазіргі қылмыстық заңның бір ерекшелігі, ол ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастық арқылы жасалуы мүмкін қасақана қылмыс түрлеріне бұл белгілерді жауаптылықты ауырлататын құрам ретінде жеткілікті қолданған. Алайда практиканың мүмкіндігін шектеуге болмайды, яғни мұндай ауырлататын құрам арнайы қарастырылмаған қылмыстар бойынша да ұйымдасқан топтың, қауымдастықтың әрекеттері кездесуі мүмкін. Мысалы 153 баптағы «Ереуілге қатысуға немесе ереуілге қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу қылмысында ұйымдасқан адамдар тобы жасауы мүмкін, егер осындай қылмысты ұйымдасқан топ жасаса, онда 153 және 235 баптармен қосып квалификация жасау керек. Және осы тәріздес қасақана қылмыс түрлеріне алдағы уақыттарда «ұйымдасқан топ» белгісін ауырлататын құрам түрінде енгізіп қажеті де жоқ, өйткені «ұйымдасқан топ», «қылмыстық қауымдастық» белгілерін қаншалықты ауырлататын құрам ретінде Ерекше бөлім баптарына енгізсек, соншалықты 235 баптың қолданылу мүмкіндігін шек-

тейміз. 235 баптағы ұйымдасқан топпен қылмыстық қауымдастықты қысқартылған құрам ретінде пайдалануды ұсынғаннан кейін, ол барлық ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастық жасаған қылмыстарда қолданылуға негізді себеп болады. 235 бабтың бірінші, екінші және үшінші бөлімдеріндегі жаза мөлшері де кейбір ауыр қылмыстарға қарағанда аз көрсетілген. Ол жаза, тек қылмыстық қауымдастықты және ұйымдасқан қылмыстық топты құрғаны үшін ғана белгіленген.

Қылмысқа қатысушылықтың барлық нысандарына ортақ жауаптылық негізі мынандай жағдайларда туындайды деуге болады. Сот-тергеу органдарына қылмыстың орындаушысы белгісіз болып, бірақ қылмысты ұйымдастырған немесе азғырған адамдар белгілі болғанда немесе олардың кінәсі дәлелденсе, онда орындаушы белгілі болмаған немесе ол ұсталмаған жағдайдың өзінде де қылмыстық жауаптылыққа өзге қатысушыларды тартуға толық негіз болады. Мұндай жағдайларда ұйымдастырушы тәрізді қатысушылардың жауаптылығын белгілеудің негіздері ретінде адамның жасалған қылмысқа қатысты кінәсін құрайтын жасалған қылмыстың түрі, зардаптың түрі мен көлемі белгілі болуы керек. Себебі қылмыс жасаған адамдарды айыптау үшін ресми түрде Ерекше бөлім баптары қолданылуы керек.

Кейде қылмыстың орындаушысында кінәні жеңілдететін мән-жайлар немесе психикалық ауруға шалдығуына, сондай-ақ 1 немесе 2 топтағы мүгедек болуына немесе өзге де себептерге байланысты жауаптылықтан босататын кездер болады. Мұндай жағдайларда да қылмысты ұйымдастырған, азғырған немесе бірге орындаған адамдар жауаптылықтан босатылуға жатпайды. Олардың қылмысты әрекеттерінің қауіптілігі жеке нақтыланып, сондай шамадағы жазалау шаралары қолданылуы тиіс.

Келесі айта кететін, жағдай қылмыстың орындаушысы мен өзге қатысушылары әр елдердің аумақтарында өз ролдерін орындауы мүмкін. Мұндай кездерде қылмыстың орындаушысы қай елдің қылмыстық заңымен жауаптылыққа тартылса, сол елдің заңымен өзге қатысушылардың жауаптылығы қарастырылуы керек. Өкінішке орай өз ара құқықтық көмек көрсету туралы келісімдер Қазақстан Республикасында барлық көрші елдермен немесе араласып отырған елдермен жасалмаған. Сондықтан қылмысты бірлесіп жасаған адамдардың бірі Қазақстанда ұсталғанмен, басқалары өз еліне қашып үлгірсе, онда мұндай қатысушыларды Қазақстанға әкелу барлық жағдайларда мүмкін бола бермейді. Мысалы Н. және Д. деген Өзбекстан азаматтары Алматы қала-

сына келіп, бандалық әрекеттермен айналысады. Олар жергілікті О. және В. Деген қыздарды өз қатарына тартады және 24 қаңтар күні Көк төбе маңында мас күйінде шабуыл жасау мақсатымен Каз ГАУ-дың ВАЗ-2109 машинасын иеленуді жоспарлайды. Ол үшін О. мен В. осы машинамен Көк төбеге келген, олар жүргізуші Ә.-нің сеніміне кіріп, оны Көк төбе жаққа шақырып, Н.- мен Д.- ға таныстырады. Бұл екеуі қала жаққа араққа апарып келуді сұрайды. Қайтар жолда шабуыл жасау мақсатымен және машинаны иелену үшін Ә.-ні Н. ұра бастайды. Ал Ә.-нің кеуде тұсынан Д. бір неше рет пышақ салып, кісі өлтіру қылмысын жасайды.

Кейін бұл қылмыскерлер Қазақстан құқық қорғау органдары қызметкерлерімен ұсталған. Ал Д. Өзбекстанға қашып үлгірген. Қазақстан тергеу органдары Өзбекстаннан Д.-ны беруді сұрағанда, ТМД елдерінің арасында өз азаматтарын басқа елдің сот- тергеу органдарына беру жүргізілмейді және Өзбекстан Республикасының қылмыстық заңы бойынша да Досмұхамедовтың әрекеттері қылмыс ретінде бағаланады, сондықтан оның ісі жеке бөлініп Өзбекстанда қаралады деген жауап алған.¹ Бұл мысалға қарай отырып, қылмыскердің бірі өз еліне қашып кеткені үшін қылмыстық іс жеке жүргізілуін және өзге қатысушылар Қазақстан Республикасының қылмыстық заңымен жауаптылыққа тартылуын негізсіз деуге болады немесе заң жүзінде реттелмегендіктің салдары ретінде түсіну керек.

Әр түрлі елдердің азаматтарының қылмысқа қатысушылығында мынандай да жағдайлар болуы мүмкін. Мысалы орындаушы Қазақстан Республикасынан тыс жерде қылмыс жасаса, ал өзге қатысушылар Қазақстан жерінде әрекет жасаған болса, онда басқа ереже қолданылып, азаматтық қағида бойынша шешіледі. Азаматтық қағида бойынша шет мемлекеттің мүддесіне қарсы қылмыс жасаған қазақстан азаматы, оларға берілмейді, оның ісін Қазақстан Республикасының сот-тергеу органдары қарайды.

§3. Аяқталмаған қылмысқа қатысушылық және квалификация тәртібі

Қылмыстық құқық қылмыстың алдыңғы кезеңіне қылмысқа дайындалу мен оқталуды жатқызады. Бұл мәселенің қылмысқа қатысушы-

¹ ҚР Жоғарғы Сотының материалдарынан

лықта қолдануының жалпы тәртібін анықтау қылмыстық құқықта ғана емес, сонымен бірге сот-тергеу жұмыстарында да маңызды болып есептеледі. Қылмысқа қатысушылық мәселесін арнайы зерттеуде бұл туралы әр түрлі ой-пікірлер кездеседі.

Бірнеше адам бірлесіп қылмыс жасауға күш біріктіріп, бірақ қылмыс аяғына дейін жасалмай, тек қылмыстың бастапқы кезеңдерінде тоқтатылса, олардың әрекеттерін квалификациялау қиындайды. Себебі, біріншіден, мұндай дайындық кезеңінде қылмысқа қатысушылардың түрлері толық анықталмайды, өйткені олардың арасындағы бастапқы келісімде қылмыс уақиғасының толық мазмұны белгіленбеуі мүмкін. Яғни, келісім болғанымен кім қандай рольдер орындау керек екендігі әлі белгілі бола бермейді. Екіншіден, мұндай кезде қылмысқа қатысушылық және қылмысты жасау кезеңдері институттары таңдауға ілігеді. Бұл мәселеге жауап беру алдында тағы да мынандай сұрақ туындайды. Қылмыстың барлық кезеңдерінде қылмысқа қатысушылық орын ала ала ма? Әдебиеттерде бұл мәселенің шешімі туралы «Қылмысқа қатысушылық дайындық әрекеттерінен басталады», - деген бағыт кездеседі.¹

Әдетте қылмысқа қатысушылықта екі немесе одан көп адамдардың бірлесіп қылмыс жасауы көрініс алуы керек. Ал, бірлесіп қылмыс жасау дегеніміз, қылмысқа қатысушылардың объективтік әрекеттерінің және субъективтік ой-ниетінің өзара түсіністікте, бірлестікте болып және бірінші жасаған әрекетінің екіншісінің келесі әрекетті орындауына тікелей себепші болуын, осы себепті, байланыстардың нәтижесінде ортақ қылмыстық зардаптың туындауы болып табылады. Мұндай жағдай қылмыстың бастапқы сатыларында көрініс бермейді. Іске аспаған азғырушылықта, көмектесушілікте бірлесіп қылмыс жасау фактісі болмайды, яғни ол ниет іске аспайды немесе қылмысқа дайындық, оқталу кезінде жолы қиылады. Сондықтан іске аспаған іс-әрекет қылмысқа қатысушылық болып табылмайды. Бұл жағдайлардың дәлелі жекелеген қылмысқа қатысушылардың іске аспаған әрекеттерін келтіргенде көрінеді. Мысалы, көмектесушінің көмегінсіз орындаушы қылмысты жасап үлгерсе, мұнда қылмысқа қатысушылық жоқ, себебі көмектесушінің әрекеті орындаушының әрекетімен себепті байланыста болған жоқ. Мұндай жағдайда көмектесушінің әрекетін басқаша бағалау керек, яғни қылмысқа оқталу немесе дайындалу сатыларының қайсысына қатысушының әрекеті сай келсе сол сатымен бағаланғаны дұрыс. Бұл біріншіден,

¹ Тельнов П.Ф. аталған еңбекте, С.141.

екіншіден қылмысқа қатысушылардың арасында келісім болғанымен, бірақ олардың орындайтын рольдерін анықтап үлгермеген жағдайы қылмысты квалификациялауды тіпті қиындатады. Себебі тұрақтылық белгісі жоқ қылмысқа қатысушылық нысандары бойынша қажетті жағдайда ҚК 28-бабына сілтеме жасау керек болады. Ал оларда роль әлі анықталмаған жағдайда олардың жауапкершілік көлемін анықтау қиындайды. Іске аспаған әрекеттерде қылмысқа қатысушылықтың болмауының тағы бір себебі мынандай. Мысалы, **ұйымдастырушы қылмыс жасау мақсатымен ұйымдастыруға тырысқанымен басқа адамдар оның тілегін қайтарады немесе алдында келісіп, кейіннен қылмыс жасаудан бас тартса іске аспаған ұйымдастырушылық болады. Яғни іске аспаған ұйымдастырушылық әрекет ҚК Ерекше бөлімінің тиісті бабымен, 28 баптың 3 бөлімімен және 24 баптың 1 бөліміне сілтеме жасау арқылы квалификацияланады.** Демек, бірлесіп қылмыс жасаудың бастапқы сатыларында немесе іске аспаған әрекеттерде қылмысқа қатысушылық болмайды, себебі мұнда қылмысты әрекеттер арасындағы және әр қатысушының зардапқа деген себепті байланысы ғана емес, сондай-ақ қылмысты әрекеттердің бірлестігі олардың арасында субъективтік байланыстар да болмауы мүмкін. Сондықтан бұл мәселені зерттеушілер іске аспаған (болмаған) қылмысқа қатысушылық деп атайды. Бірақ мұндай әрекеттерде аяқталмаған қылмыстың барлық белгілері болады.

Қылмысқа қатысушылықта ғана емес, жалпы қылмыстық құқықта қылмысты квалификациялау мәселесінде қылмыскердің жауапкершілік көлемін анықтауда қылмысты әрекеттің бағыты, қылмысқа деген ой-ниет дәрежесі ескеріледі, сол сияқты қылмысқа қатысушылықта да қатысушылардың түпкі қылмысты ой-мақсаты орындаушының әрекеті арқылы ғана жүзеге асырылатындықтан, олардың кінәсі сол орындаушымен тізбекті байланыста болады. Егер осы орындаушы мен қалған қатысушылардың арасындағы субъективтік, объективтік байланыстар өзгерсе, немесе үзілсе, онда жауапкершілік әр қатысушыда жеке ерекшеліктерге ие болады. Бұл жерде мынандай мәселені анықтай кету керек.

Қылмыстың ұйымдастырушысы, айдап салушысы, көмектесушісі қылмыстың объективтік жағын тікелей орындамайды. Олардың іс-әрекетінде қылмыс құрамы бар ма?

Мұндай сұрақты барлық зерттеушілер қоя бермейді. Кей зерттеушілер «оларда қылмыс құрамы жоқ, бірақ орындаушының әрекетіне енгізіледі» десе,¹ кейінгі уақыттардағы қылмыстық құқық теориясында «оларда қылмыс құрамы бар» - деген тұжырым кездеседі.

Қылмыстық заңның Жалпы бөлімінде өзінше жеке қылмысты құрай алмайтын, бірақ барлық белгілері бойынша қылмысты әрекетті білдіретін жекелеген құқықтық институттар қарастырылған. Бұл құқықтық институттар Ерекше бөлімдегі кейбір қылмыстармен ұштастырыла жасалатындықтан Жалпы бөлімге бөлініп шығарылған. Олар қажетті қорғану, аса қажеттілік, қылмыскерді ұстау тәрізді ережелер шегінен шығу қылмысқа оқталу, даярлану, қылмысқа қатысу т.б. Мұндай құқықтық нормаларда қылмыс болып табылатын қоғамға қауіпті әрекеттер немесе белгілер қарастырылған. Мысалы қылмыс жасаған адамды ұстау шаралары шегінен шыға отырып зардап келтіруді қылмыскерді ұсту жағдайына, уақытына, оның қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипатына сәйкес келмейтін және ұстау жағдайы көрінеу қажет етпейтін зардап келтіру- қылмысты әрекеттерді білдіреді. Осы белгілер ҚК Ерекше бөлімдегі кісі өлтіру, денсаулыққа, меншікке зардап келтіру әрекеттерімен қосылып жасалады. Сондықтан, ұйымдастырушы т.б. қылмысқа қатысушыларды анықтайтын белгілердің қоғамға қауіпті болуына және бұл белгілердің Ерекше бөлімдегі қылмыстарсыз жасала алмайтындығына байланысты «оларда қылмыстың құрамы бар» деп айтуға болады. Бірақ тек аяқталған қылмыстағы ұйымдастырушылық, айдап салушылық, көмектесушілік әрекеттерде толық қылмыстық құрам болады. Өйткені, қатысушылардың ортақ қылмыстық мақсатқа жетуі немесе қылмыстың құрамының барлық белгілерінің орындалуы қылмыстың орындаушысына ғана байланысты. **Егер орындаушы қылмысты орындай алмаса, олардың жауапкершілігінде аяқталған қылмыстың құрамы болмайды, яғни қылмысқа дайындалу немесе оқталу ретінде бағаланады.**

Қылмыстық құқық теориясында осындай әрекеттерді квалификациялау жөнінде екі түрлі бағыт кездеседі. Көпшілігі іске аспаған қылмысқа қатысушылықты қылмыстың жасалуына жағдай жасайтын

¹ Малахов П. Некоторые вопросы учения о соучастии по советскому уголовному праву // Тр. Военно-политической академии им. В.И. Ленина. –М, 1957. С. 77.

дайындық әрекеттері деп бағалайды.¹ Бұл әрекеттерді қылмысқа қатысушылыққа оқталу деп бағалайтын бағыт та бар.²

Біздің ойымызша, бұл мәселені бір жақты қарауға болмайды. Қылмыстық құқықта қылмысқа даярлану мен оқталу әрекеттері уақыты және әрекетінің тәсілдері бойынша бір-бірінен ажыратылады. Қылмысқа қатысушылардың аяқталмаған немесе іске аспаған қатысушылығын квалификациялағанда осы ережеге сүйену керек. Егер Жалпы бөлімнің осы ережесіне сүйенсек, онда іске аспаған қылмысқа қатысушылықта қылмысқа оқталу бола алады.

Қылмысқа қатысушылардың қылмысты іс-әрекеттері олардың дайындық жүргізу немесе әлі қылмысты орындауға бағыттала қоймаған кезінде жолдары қиылса, онда қылмысқа даярлану деп бағалау керек. Ал қылмыстың орындаушылары қылмыс жасауға тікелей бағытталған кезден немесе орындаушы өзінің еркінен тыс себептермен қылмысты орындай алмағанда олардың барлығының әрекеттері оқталу ретінде квалификацияланады. Өйткені ҚР ҚК 24 бабы дайындық және оқталу кезеңдерін осылай ажыратады. Бұл айтылып отырғандар «тұрақтылық» белгісін иеленбейтін қылмысқа қатысу нысандарына қатысты болып табылады. Ал «тұрақтылық» белгісімен сипатталатын қылмысқа қатысу нысандары бойынша аяқталмаған қылмысқа қатысушылыққа квалификация жасау ережесінде ерекшелік болады.

Егер көмектесушінің көмегінсіз орындаушы қылмысты жасап үлгірсе, көмектесушінің әрекетін қылмысқа оқталуға жатқызу-көңіл бөлуді қажет етеді. Көмектесуші жайында ҚК 28 бабының 5 бөлімінде интеллектуалдық көмектесушілік ретінде ауызша кеңес, мәлімет беру мен қатар қылмыскерді, қылмыстың құралдарын жасыруға алдын ала сөз беруді келтіріледі. Бұлар қылмыстың уақиғасында бастапқы кезеңінде ғана емес, кейінгі кезеңдерінде де орын алады. Демек, мұндай көмектесушілер орындаушының әрекетімен себепті байланысқа қылмыс жасалғанынан кейін түседі. Сондықтан егер көмектесуші көмектесуге сөз беріп, бірақ оның көмегінсіз-ақ қылмыс жасалынса, ондай жағдайда

¹ Ребане И.А. О соучастии на стадии предварительной преступной деятельности //уч. записи Тартуского ун-та, 1984. Курс советского уголовного права. Ч. Общая, Т.1 –Ленинград, 1968. С.631. Ковалев М.И. Соучастие в преступлений. –Свердловск; 1962. Ч. 2. С. 182.

² Бурчак. Ф.Г. Учение о соучастии по советскому уголовному праву. – Киев: Наукова думка, 1969. С. 187-191.

интеллектуалдық көмектесушіліктің бір көрінісі деп бағалау керек. Себебі мұндай жағдайда көмектесушімен орындаушы өзара субъективтік байланыста болады. Көмектесуші көмектесуге сөз беріп, бірақ оның көмегінің кешігуі салдарынан немесе басқа себептермен қылмыс орындалмаса, онда мұндай жағдайда көмектесушіде көмектесушілікке оқталу орын алады.

Ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесушінің әрекеттері жарамды болғанмен немесе орындаушымен себепті байланыста болғанмен, бірақ олардың еркіне тәуелсіз себептермен қылмыс жасалынбаса, онда оқталу түріндегі іске аспаған қатысушылық болу себебінің бірі, ол әрбір қатысушының көздеген қылмыстың жасалуына немесе зардап туындауына деген тікелей психикалық қатынасы болып табылады. Мысалы айдап салушының азғыруынсыз-ақ орындаушы қылмыс жасауға ой түйген болып шығады. Мұндай жағдайда азғырушылық жоқ, себебі қылмыстың жасалуына азғырушының әрекеті себепті байланыста болған жоқ. Мұны азғырушылыққа оқталу деп бағалау керек.

Қылмыстың болуының басты себепшісі ұйымдастырушы болуына байланысты, ұйымдастырушылық әрекет іске аспаса немесе басқа адамдар оның тілегін қайтарса, ұйымдастырушының көздеген қылмысы бойынша дайындалу орын алады. **Ұйымдастырушының ұйымдастырушылық, айдап салушының азғырушылық әрекеттерін орындаушы т.б. қатысушылар тыңдамаса немесе оларсыз да қылмыс жасауға дайын болса, онда іске аспаған азғырушылық, көмектесушілік, ұйымдастырушылық болады немесе ұйымдастыруға оқталу, айдап салуға оқталу деп атауға болады және мұндай әрекеттер Ерекше бөлімнің тиісті бабымен, сонымен бірге 24 және 28 баптардың тиісті бөлімдерімен квалификацияланады.**

Ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастық құрылып, бірақ олардың еркіне тәуелсіз себептермен жоспарланған қылмыс түрлерін орындау мүмкін болмағанда мұндай топ мүшелерінің іске аспаған әрекеттері аяқталған қылмыс ретінде 235 баппен және аяқталмаған әрекеттердің түріне қарай Ерекше бөлімдегі жоспарланған қылмыстарға дайындалу немесе оқталу деп 24 бапқа сілтеме жасай отырып квалификациялануы қажет. ҚК Ерекше бөлімінің ұрлық, тонау, қарақшылық, алаяқтық, қорқытып алушылық сияқты қылмыстарға жауаптылық қарастыратын баптардың 3 бөлімінде жауаптылықты ауырлататын құрам ретінде «ұйымдасқан топ» келтірілген. Осындай қылмыстарды жасау мақсатында ұйымдасқан топ құрылып, бірақ

мұндай топ мүшелерінің әрекеттері олардың еркіне байланысты емес себептермен іске аспағанда да жоғарыдағы ереже қолданылып, іс-әрекет аяқталған қылмыс түрі ретінде 235 баппен және жоспарланған қылмысты жасауға дайындалу ретінде Ерекше бөлімнің тиісті бабымен (мысалы 175 бап-ұрлыққа дайындалу) 24 баптың 1 бөліміне сілтеме жасай отырып квалификациялануы керек.

Ерекше бөлімдегі қасақана қылмыстарды жасау мақсатында ұйымдасқан топ немесе қауымдастық құру кінәлілердің еркіне тәуелсіз себептермен аяғына дейін жеткізілмесе, онда мұндай әрекеттер Ерекше бөлімнің баптарында ұйымдасқан топ немесе қауымдастық ауырлатын құрам түрінде көрсетілгенде (мысалы ұйымдасқан топпен жасалған ұрлық- 175 бап 3 бөлімі «а» пункті) осы қылмысты жасауға дайындалу және ұйымдасқан топты құруға дайындалу ретінде бағалануы керек. Ұйымдасқан топты, қауымдастықты құру аяқталмаған жағдайда 24 бапқа сілтеме жасалынады.

§4. Қылмысқа қатысушылық нысандары бойынша қатысушының шектен шыққан (эксцесс) әрекеттерін және арнайы субъектілердің қатысушылығын квалификациялау

1997 жылы қабылданылған қылмыстық заңға дейін қылмыстық құқық теориясы қылмысқа қатысушылардың ішінен тек орындаушыға ғана қатысты шектен шығушылықты білетін. Ал қазіргі заңның 30-бабы тек орындаушыға ғана емес, сонымен қатар басқа да қатысушылардың шектен шығу әрекеттеріне, яғни көмектесушінің азғырушының, ұйымдастырушының шектен шығуының мүмкіндігіне заң жүзінде жол берген. Қылмыстық заңның 30 бабының мұндай бағыты заңгер ғалымдар мен практика қызметкерлері тарапынан күмәнданушылық тудырды.

Бұл жерде негізгі мақсат, ол орындаушыдан басқа да қатысушыларда шектен шығудың мүмкіндік көлемін анықтау болып табылады.

Сырттай карағанда, Қылмыстық кодекстің 30 бабында “ қылмысқа қатысушының шектен шығушылығы” деп көрсетуінің бір себебі, ол әдетте заң баптарын бейнелеуде жиі кездесетін кеңірек ұғымды пайдаланып, заң теориясы мен практика қызметіне мол мүмкіншілік беру болуы мүмкін. Мысалы ҚК Ерекше бөліміндегі қасақана кінә нысанымен жасалатын қылмыстыардың кейбіреулері тек тікелей қаса-

каналықпен жасалады. Айталық 134-баптағы баланы қасақана ауыстыру, 262-баптағы сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актілерін орындамау, ұрлық, тонау сияқты т.б. қылмыстар. Бірақ заң ҚК Ерекше бөлімінің ешбір бабында “тек тікелей қасақаналықпен жасалған...” деп қылмысты сипаттамайды. Яғни мұндай жағдайларды нақтылай қарауды заң өзіне міндет тұтпайды және теория мен практика жүзінде қасақаналықтың басқа түрінің де кездесуін шектемейді. Міне осындай қағида қылмысқа қатысушының шектен шығушылығын заңда бейнелегенде де сақталған болуы мүмкін. Бұл бір себебі, келесі бір себебі «қылмысқа қатысушының шектен шығуы қылмыстың орындаушысынан басқаларында да кездесе алады» деп заң тікелей мойындап тұруы мүмкін. Қылмыстық заңның 30 бабында “Қылмысқа қатысушының басқа қатысушылардың ойында болмаған қылмысты жасауы оның шектен шығушылығы деп танылады” деп жалпы түсінік берген. Бұған теория жүзінде де себеп бар. П.Ф.Тельнов осы мәселені қарастыра отырып, қылмысқа қатысушылықтың шектен шығушылығы ретінде кейбір қатысушының алдын ала келісілген қылмысты ауыр немесе жеңіл тәсілдермен, құралдармен, ал кейбір жағдайларда қылмыскерлердің келісіміне кірмеген, заң бойынша басқа қылмыс болып табылатын әрекеттерді жасауын жатқызады. Мұнан әрі ол өзінің бағытын айдап салушының қылмыстың орындаушысын азғыру кезінде күш қолданып, денсаулығына зардап келтіру мүмкіндігін немесе көмектесуші қылмыстың орындалуы үшін қару тауып беруге уәде беріп, қару табу үшін 218-баптағы қылмысты жасауын (ҚР ҚК-нің 255-бабы бойынша қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жару құралдарын ұрлау не қорқытып алу) мысал ретінде келтірген.¹ Бұл жерде осы жоғарыда келтірген мысалдар көмектесушінің, азғырушының шектен шығушылығын білдіре ме деген сұрақ туындайды.

Әдетте қылмыс жасауға алдын ала келісім болған кезде қатысушылар ортақ мақсатқа кіретін қылмыс түрін жасауға келіседі. Бірақ орындаушының ортақ келісімге кірмеген басқа қылмысты жасауы орын алса, онда мұндай жағдайда қылмысты бірлесіп жасау туралы ортақ қылмыстық жоспар бұзылады. Мұндай кезде орындаушының шектен шыға отырып жасаған басқа қылмысы өзге қатысушылардың кінәсіне кірмейді, себебі ол жасалған қылмыс түрі басқа қатысушылардың ойымен, қасақаналығымен қамтылған жоқ. Жауапкершілікті

¹Тельнов П.Ф аталған еңбекте. С.152-153.

анықтауда, сондай-ақ жаза белгілеуде адам өзі білген, жасаған немесе алдын ала хабардар болған қылмыстар бойынша ғана кінәлі деп танылады. Ал жасалуы мүмкін екендігін білмеген, ойда жоқ қылмыстар үшін адам кінәлі деп танылмайды. Бұл кінәсіз адамды жауапкершілікке тартқанмен бірдей. Сондықтан қылмысқа қатысушыларға жауаптылық белгілегенде, қылмыстық заң әр адамның жасаған қылмысының түрін, орындаған ролын, белсенділігін ескеруді талап етеді. Ал шектен шығушылық орын алғанда қылмысқа қатысушылардың арасындағы субъективтік байланыс, яғни бірлескен түрде жасалатын қылмыс жөнінде өзара хабардарлық, тілектестік, екі жақты байланыстар бұзылады. Ал объективтік байланыстар ішінара сақталуы мүмкін. Яғни қатысушы өз ролін орындады, мысалы орындаушыны азғырды, соның нәтижесінде қылмыстың жасалуына келісім пайда болды. Бірақ қылмыстың жасалуы кезінде ауырырақ түрде немесе мүлдем басқа қылмыс жасалады. Мұндай кезде объективтік байланыс сақталады, бірақ қылмыстың түріне келгенде қатысушылардың жоспары бұзылады, демек, субъективтік байланыстар үзіледі. Мұнда егер орындаушыдан басқа қатысушылардың іс-әрекетіне көңіл аударсақ, онда олардың барлығының әрекеттері қылмысты болып табылғанымен, бірақ орындаушының әрекеті сияқты қылмыстың құрамын білдіре алмайды. Мұндай кезде бір қылмыстың жасалуы міндетті емес, негізгісі қанша қылмыс жасалса да олар орындаушының әрекетімен байланыста болса және ортақ қылмыстық жоспарға кірсе жеткілікті болып саналады. Сондықтан барлық қатысушылар жасалған қылмыс үшін кінәлі деп саналап, орындаушы айыпталаған ҚК баптары бойынша олар да жауаптылыққа тартылады. Яғни қылмысқа қатысушылар ҚК бір бабы бойынша– орындаушы айыпталған бап бойынша айыпталуы керек. Бірақ қылмыстың уақыты, орны, құралы, т.б. жағдайлары жоспаланғандай болғанымен, қатысушылардың әрекеттері ҚК әртүрлі баптарымен бағаланса, онда бұл жағдай қылмысқа қатысушылықтың ерекшелігіне сәйкес келмейді. Мұндай нәтиже қылмысқа қатысушылықтың түсінігі және қатысушылардың ортақ қылмысты ойы, ниеті деген ұғымдарды пайдаланып зерттегенде шығып отыр. Бұл нәтиже қатысушылардың келісіміне кірген “шартты” қылмыстың жасалуын білдіреді. Егер мұндай бағытты ұсынсақ, онда азғырушының көмектесушінің шектен шығушылығын мойындауға болады. Яғни қылмыстық құқықтағы қылмысқа қатысушылық ережесі бойынша келісімге, жоспарға кірген бір қылмыс жасалуы керек еді, бірақ олар-

дың келісіміне кірмеген басқа қылмыс жасалды. Бұл әрине шектен шығушылық. Мұндай жағдайда шектен шығып кеткен азғырушы мен көмектесушінің әрекеттеріне жауаптылық жеке белгіленеді, себебі олар ортақ қылмысты ниетке кірмеген басқа қылмысты да жасады, ал егер қылмыстың санын ескерсек, онда олардың шектен шығып кеткен қылмыстары басқа қатысушылардың қасақанылығынан тыс жатыр.

Бұл мәселені басқаша бағытта да қарастыруға болады. Бұл бағыт орындаушыдан басқа қатысушыларда шектен шығудың болуы мүмкін емес деген шешімге әкеледі.

Қылмысқа қатысушылықтың барлық нысандарында бірлескен адамдардың іс-әрекеттері белгіленген қылмыстық мақсатқа жетуге бағытталады және олардың саналы әрекеттері бір қылмысқа қосылады. Қылмыстық мақсатқа жету үшін кейбір жағдайларда, әсіресе қылмысқа қатысушылықтың ауыр нысандары болып саналатын ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастық тәрізді нысандар бойынша қылмыс жасалғанда, қатысушылар өздерінің ортақ қылмыстық мақсатына жету үшін жолында тұрған кедергілерді жоюдың жеке қылмысты білдіретініне мән бермеуі мүмкін. Осы тәрізді жағдайларда қылмыстың жасалуын жеңілдету үшін немесе басқа қатысушыларға мәлімет, құрал, қару беру үшін, көмектесуші басқа қатысушылардың ойында болмаған қылмыс түрін де жасауы мүмкін. Мұндай жағдай қылмысты жасауға басқа адамды азғыра отырып, денсаулығына немесе өміріне зардап келтіргенде қылмыстың айдап салушысында да болады. Кейбір қатысушылардың мұндай ортақ қылмысты жоспардан ауытқыған әрекеттері қалған қатысушылардың ортақ жоспарына әсер етпеуі де мүмкін. Себебі азғырушының немесе айдап салушының осындай ауытқыған әрекеттерінде де қатысушылардың жоспарланған қылмыс түрі сақталып қала береді. Бұл әсіресе, ұйымдасқан топ тәрізді нысандардың мүшелерінде де болуы әбден ықтимал. Мұндай нысандарда да ортақ қылмыстық мақсат, яғни жоспарланған қылмыс сақаталады және ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастық мүшелері олардың кейбір мүшелерінің өзге жасаған әрекеттері қылмысты ма немесе қылмысты емес пе, оған мән бермеуі мүмкін.

Бұл мәселені мұндай бағытпен шешкенде қылмыстың азғырушысы мен көмектесушісінде шектен шығушылық болуы мүмкін емес. Бұл бағытты мынадай мысалмен де негіздеуге болады. Мекеме басшысы өзі басқарып отырған кәсіпорында ұрлықтың жасалуын жоспарлап, оның жасалуын жеңілдету үшін мекеме күзетшісін алдын

ала жұмыстан шығарады. Ол әзірге жаңа күзетшіні тауып, жұмысқа қабылдағанша қалған сыбайластары ұрлықты жасап үлгеруі керек. Бұл мысалда егер мекеме басшысының әрекетін бағаласақ, онда ол қылмыстардың жиынтығы бойынша жауаптылыққа тартылуы керек, яғни еңбек туралы заңдарды бұзғандығы және ұрлық қылмысына көмектескендігі ескеріледі. Мұндай жағдайда өзге қатысушылар ұрлық қылмысы үшін жауаптылыққа тартылса, ал мекеме басшысы екі қылмыс бойынша айыпталады. Біз лауазымды адамның мұндай әрекетін көмектесушінің шектен шығушылығы деп бағаламаймыз, себебі оның әрекеттері басқа қатысушылардың әрекеттерімен объективтік ғана емес, сонымен қоса субъективтік тұрғыдан да байланыста болады. Бұл мысалға сүйенсек, онда қылмысқа қатысушылықта қатысушылардың кінәсіне тағылатын қылмыстардың саны әр түрлі болатынын көріп отырмыз, бірақ негізгі жоспарланған қылмыс түрі барлығына ортақ болып табылады немесе осы жоспарланған қылмыс түрі қылмысқа қатысушылықты білдіреді. Сондықтан қылмысқа қатысушылар түрлерінің шектен шектен шығушылық көлемін анықтағанда, біз қатысушылардың ортақ қасақаналығына барынша әсер ететін факторларды ескеруіміз керек. Бұл жағдайларға қылмысқа қатысушылардың ортақ мақсаты немесе жоспарланған қылмыстың түрі жатады. **Егер қылмысқа қатысушының бірінің жеке қылмыс болып табылатын белгілі бір әрекетті жасауы қалған қатысушылардың жоспарланған қылмыс түрін өзгертпесе, онда мұндай әрекеттер өзге қатысушылар жасауға тырысқан қылмыс түрін немесе ортақ мақсаты сақатайды, яғни шектен шығушылық мұндай кездерде болмайды.**

Қылмысқа қатысушылардың ортақ қасақанылығына, жоспарына мұндай кездерде әсер ететін келесі жағдай, ол қатысушылардың өз арасындағы субъективтік байланыстардың бұзылмағандығы болып табылады.

Қатысушылар қылмыс жасау туралы келісімге келген кезде олардың арасында өзара субъективтік, сонымен қатар объективтік те байланыстар пайда болады. Осы субъективтік байланыстың болуы арқасында жоспарланған қылмыс жасалады. Бұл мәселені шешуде объективтік емес, негізінен субъективтік байланыстарға сүйену керек, себебі қылмысқа қатысушылар шектен шыққанда субъективтік байланыстар бұзылады, яғни қатысушылар келісімге келген кездегі анықталған, жоспарланған қылмыс түрінде және осы келісім, жоспар құру

кезеңінде белгіленген қылмыстың жасалу жағдайларында өзгерістер болады. Мысалы орындаушы қылмыстың жасалу жоспарын өз еркі бойынша сақтамаса, онда әрине орындаушымен қалаған қатысушылардың арасында субъективтік байланыс үзіледі. Ал объективтік байланыстар сақаталып қала алады деу себебіміз, ол әр қатысушы өз ролін тиісті түрде орындағандығына байланысты. Әр қатысушының өз ролін, міндетін орындауы ғана қылмыстың жасалуына әкеледі немесе әртүрлі әрекеттердің арасында себепті байланыстар болады. Сондықтан объективтік байланыстар қатысушылардың шектен шыққан әрекеттерінде сақтала алады. Қатысушылардың арасындағы субъективтік байланыстар бұзылғанда, кім сол байланысты бұзса, сол қатысушының іс-әрекеті басқа қылмыс бойынша квалификацияланады.

Қылмысқа қатысушылықта шектен шығушылық тек орындаушыда ғана бола алады деуіміздің келесі бір себебі, ол қатысушылар роль бөлген кезде тек қылмыстың маңызды мәселелерін ғана анықтаумен шектелуі мүмкін екендігінде, ал қылмыстың кейбір жағдайларын, мысалы кім қандай тәсілмен, құралмен, әрекеттермен тапсырылған рольді орындауы керек, ол жағын нақтыламауы мүмкін. Қылмыстың мұндай жекелеген жағдайларын алдын ала келісімнің мазмұнына жатқызуға болады, бірақ бұл жағдайлар келісім жасау кезінде барлық кезде анықталып, нақтыланып жатпайды. Алдын ала келісім жасау кезінде негізінен қылмыстың түрі, уақыты, орны, заты, зардаптың көлемі, сонымен қатар рольдер бөлу анықталады. Ал көмектесушіге, азғырушыға роль тапсырылғанда жоғарыда келтірілген белгілер нақтыланып, ал көмектесуші қандай жолмен қылмыстың құралын табу керек екендігі немесе азғырушы өзінің қалай азғыратынын нақтылап, айтпауы мүмкін. Демек, жекелеген **қылмысқа қатысушылар тиісті рольді орындау кезінде басқа қатысушылардың қасақаналығына кірмеген жеке қылмыс құрамы бар іс-әрекет жасаса, онда басқа қатысушылар өздері хабардар болмаған қылмыс бойынша жауап бермейді, ал орындаушы келісімде болған қылмысты орындау кезінде ауыр немесе жеңіл түрде немесе мүлдем басқа қылмыс түрінде жасаса, онда басқа қатысушылардың әрекеттері бастапқы келісімде болған қылмыс түріне оқталу ретінде квалификацияланады.** Ал егер қатысушылардың кейбіреуі, мысалы көмектесушінің өз ролін ауырырақ түрде жасауы мүмкін екендігін білсе немесе олардың ойымен қамтылған болса, онда мұндай жағдайда қатысушылардың әрекеттері бірдей квалификациялануы ке-

рек. Мысалы көмектесуші қылмыстың құралын ұрлау арқылы табатынын басқаларға айтса немесе құралды таппаған жағдайда басқа біреулердің меншігінен алатынын айтса, онда көмектесушінің өз ролін орындау кезінде жасаған қылмыс түрі басқа қатысушыларға іс-әрекетті квалификациялау кезінде қолданылады.

Бұл мәселелер туралы бізге жеке пікір келтіруге тура келіп отыр, себебі оқулықтар мен зерттеу әдебиеттерінде қылмысқа қатысушылардың шектен шығушылығы қылмыстың орындаушысында бола алады деген шешім қалыптасқан. Біздің ойымызша қылмыстың орындаушысымен қатар азғырушының немесе көмектесушінің рольдері туралы өзге қатысушылар толық хабардар болғанда (барлық детальдар белгілі болғанда) көмектесуші мен азғырушыда да шектен шығу бола алады.

Шектен шығушылық қылмысқа қатысушылықтың барлық нысандарында кездеседі деуге болады. Бұл жерде дәлелдей кетуге тұратын бір жайт, ол қылмысты топ түрінде жасауда шектен шығудың орын алу мүмкіндігін көрсету. **Топ адамдардың жасаған қылмысында қылмыстың түрі немесе зардаптың көлемі алдын ала топ мүшелерінің арасында анықталғанда ғана шектен шығушылық болуы мүмкін.** Мысалы топ мүшелері біреуді ұруға немесе денсаулығына қарсы бағытталған әрекеттерді жасауға алдына ала уәделесіп, бірақ белгіленген қылмысты жасау кезінде топ мүшелерінің бірі адамның өліміне соқтыратын әрекет жасаса, онда топ мүшелерінің арасында шектен шығу орын алады. Мұндай жағдайда қылмысқа қатысушылықтың ережесі бұзылады, яғни іс-әрекет ҚК бір бабы бойынша квалификацияланбайды. **Адамның өміріне қарсы әрекет жасап, шектен шыққан адамның әрекеті қасақана кісі өлтіру қылмысы бойынша бағаланса, ал басқа топ мүшелерінің әрекеттері адамның денсаулығына қарсы бағытталған қылмыс ретінде, ҚК 24 бабына сілтеме жасалмай квалификациялануы керек.** 24 бапқа сілтеме жасалынбайды деу себебіміз, мұндай жағдайда өзге топ мүшелері адамның денсаулығына қарсы бағытталған қылмыс құрамының объективтік белгілерін тікелей орындауға қатысуына байланысты. Ал егер қылмыс топ түрінде емес, роль бөліп қатысу арқылы жасалса және орындаушының шектен шығушылығы орын алса, онда өзге қатысушылардың әрекеттері ҚК Ерекше бөлімінің жоспарлаған қылмыс түрі бойынша және 24 бапқа сілтеме жасау арқылы оқталу ретінде бағаланады.

Қылмысты алдын ала келісімсіз топ адамдар түрінде жасағанда шектен шығушылықтың орын алуын келтіруге болады. Мұның да мысалдары адамның денсаулығына, жыныстық бостандығына қарсы қылмыстарда кездеседі. Мысалы кісі өлтіру қылмысын жасайтын-дай себеп жоқ жағдайда, алдын ала алдын ала келісім болмаған төбелесте топ мүшесінің бірі кісі өлтіру қылмысын жасауы мүмкін. Немесе алдына ала келісімсіз түрдегі әйел зорлау қылмысында зорлаушының бірі басқаларға алдын ала ескертпей жәбірленушіні өлтіруі мүмкін. Алдын ала келісімсіз жасалған қылмыстардағы шектен шығушылық сот-тергеу практикасында кездеспейді. Мұндай жағдайда, туындаған ауыр зардап түрімен өзге топ мүшелері келіспей, шектен шығушылық жасаған адамға наразылық білдіруі мүмкін. Бұл да шектен шығушылық, себебі алдын ала келісіммен немесе алдын ала келісімсіз түрде қылмысты топ адамдар болып жасап, олардың бірі шектен шығушылыққа барғанда, кем дегенде іштей келісімде болмаған өзге зардап туралы субъективтік байланыс болмайды. Ал объективтік байланыс қылмыстың орны, уақыты, тәсілі бірдей болғандықтан ішінара сақаталады. Мысалы Г., Н. және Я. үшеуі К.-ні Я.-ның пәтеріне алып келіп, Я.-дан қарызға алған ақшасын қайтарып беруді талап етеді. Я. қашып кетпес үшін К.-ні жылу батареясына байлап қоюды ұсынады және қалай қарыз ақшасын қайтарып алудың жолын ойланады. Я. үйден шығып кеткен кезде Г. мен Н. ақшаны қайтаруды талап етіп, К.-ні ұра бастайды. Одан кейін Г. мен Н. бөлмеге кезекпен кіріп ұру үстінде Н. К.-нің мойнына жіп байлап, қылқындырып өлтіреді. Я. қайтып келген кезде Г. мен Н. оның өліп қалғанын хабарлайды.

Ақтөбе облыстық сотының үкімімен Г. ҚР ҚК 327 бабының 3 бөлімімен, 28 баптың 5 бөлімімен және 96 баптың 2 бөлімінің “з” пунктiмен айыпталған. Осы үкіммен Я. және Н. сотталған.

ҚР Жоғары сотының қадағалау алқасы Г.-нің арызын қарап, кісі өлтіру қылмысын жасау туралы бөлімін алып тастай отырып, қайта квалификациялауды былай негіздейді.

«Г. қарыз ақшаны қайтару үшін К.-ні байлап ұстау арқылы өзінше билік ету қылмысы үшін заңды жауаптылыққа тартылған. Бірақ Н. жасаған кісі өлтіру қылмысы үшін жауаптылыққа Г.-ні де тарту қате. Г.-нің жауабы бойынша Н. К.-ні өз бетінше, оған хабардар етпей, ол жоқ кезде өлтірген, яғни Г. кісі өлтіру қылмысы жасалып жатқанын білмеген, артынан білген. Төменгі соттар кісі өлтіру тура-

лы олардың арасында алдын ала келісім болмағанына мән бермеген. Қылмыскерлердің қасақаналығы қарызды қайтару туралы болған, ал Н. келісімнің шегінен шығып, кісі өлтіру қылмысын жасаған, ол үшін Г. жауапты емес».¹

Бұл мысалда да қылмысқа қатысушылардың арасында өзінше билік ету қылмысы туралы субъективтік және объективтік байланыстар бар, бірақ кісі өлтіру қылмысы туралы өзара хабардарлық жоқ, яғни екі жақты субъективтік байланыс үзілген.

Ұйымдасқан топта, қылмыстық қауымдастықта шектен шығушылық тек жасалатын қылмыстың жоспары толық анықталып, жоспарда көрсетілген жағдайлар бұзылғанда және жеке қылмыс түрін білдіргенде ғана болады. Ұйымдасқан топтың, қылмыстық қауымдастықтың тұрақты түрде қылмыстылықпен айналысатындығына және көбінесе ауыр қылмыстар жасау мақсатын көздейтіндігіне байланысты, егер оның кейбір мүшелері жоспарланбаған қылмыс түрін жасап, бірақ оны өзге мүшелері келісіммен қабылдаса, онда мұндай қылмысты әрекеттер ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастық жасаған қылмыс деп танылғаны дұрыс және шектен шығушылықты білдірмеуі керек.

Қылмысқа қатысушылардың жауаптылығын анықтауда және іс-әрекеттеріне құқықтық баға беруде қарастыра кететін мәселенің бірі, ол арнайы субъектілердің қылмысқа қатысудағы ролі болып табылады. Әдебиеттердің барлығы да арнайы субъектілер қылмысқа қатысушылықта тек орындаушы түрінде қатыса алады дейді. Арнайы субъектілердің қылмысқа қатысудағы ролі туралы ойды, тек әр түрлі рольдер орындау арқылы қылмысқа қатысушылықта келтіруге болады. Сондықтан кейбір адамдар өзінің қызметтік немесе тағыда басқа ерекшеліктерін теріс пайдаланғанда, ол сол салаға қатысты қылмысты орындайды. Қылмыстың арнайы субъектілерінің ерекшелігі де осында, себебі оның осы ерекшелігі бойынша орындай алатын әрекетін өзге адамдар жасай алмайды.

Арнайы субъектілер өз қызметін орындау арқылы қылмысқа қатысушылықта тек орындаушы түрінде қатысып ғана қоймай, сонымен бірге қылмысқа көмектесуші ретінде қатыса алады. Жоғарыда келтірілген мысалдағы мекеме басшысы өзі басқарып отырған мекемеде ұрлық қылмысын жасау мақсатында алдын ала күзетшіні жұмыстан шығарғанда, ол арнайы субъекті ғана жасай алатын қылмыс ретінде

¹ Судебная практика по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан. -2000-2002 г.г. –Астана: ЗАО БИ- Логистикс. С. 19.

еңбек туралы заңдарды бұзу қылымысын орындады. Ол осы қылмысты жасай отырып, кейінгі жоспарланаған қылмысқа көмектесушілік роль атқарған болып саналады. Яғни қылмыстың жасалуына бөгет болуы мүмкін кедергіні жойды. Демек, арнайы субъектілер қылмысқа қатысушылықта орындаушылық әрекетпен қатар, көмектесуші түрінде де қатысқанда міндетті түрде қылмыс жиынтығы, оның ішінде идеальдық жиынтық орын алады деуге негіз бар. Аудиторлық немесе өзге де тексерістерден бұлтару мақсатын көздегенде немесе сол мекеменің меншік иесі болып табылмайтын жағдайларда мұндай уақиғалар орын алуы мүмкін.

Ал адамдар тобымен жасалатын қылмыстарда арнайы субъектілердің қылымыстың жалпы субъектілерімен бірлесіп қылмысты орындауы мүмкін емес. Яғни арнайы субъектілердің орындай алатын әрекеттерін өзге адамдар жасай алмайды, сондықтан бірлесіп, топ түрінде бір тектес әрекеттер жасау болмайды. Тек арнайы субъект болып табылатын адамдардың ғана топ болып қылмысқа қатысушылығы болуы мүмкін. Бұған қылмыстық кодексте жауаптылығы бойынша тек арнайы субъектілер қарастырылған кез-келеген қасақана қылмыс мысал бола алады. Мысалы адамдар тобымен жасалған қашқындық (373 баптың 2 бөлімі), бұйрыққа бағынбау немесе оны өзге де орындамау (367 баптың 2 бөлімі), сайлау, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды қате есептеу (147 бап) және т.б.

Ұйымдасқан топпен қылмыстық қауымдастық нысандарында арнайы субъектілердің қылмысқа қатысушылығы жиі кездесетін жағдай. Мұндай қылмысқа қатысу нысандарында арнайы субъектілер басқалармен бірлесіп әрекет жасағандықтан және топтың немесе қауымдастықтың мүшесі болып табылатындықтан, олардың іс-әрекетін бірге орындаушылық ретінде бағалау керек. Бірақ арнайы субъектілердің іс-әрекеті ҚК Ерекше бөлімінің қолданылып отырған бабының арнайы бөлімі бойынша квалификациялануы керек. Мысалы ұйымдасқан топ экономикалық контрабанда қылмысын жасаумен айналысса, онда арнайы субъектінің әрекеттері сол баптың арнайы субъект қарастырылған бөлімімен квалификацияланады. Мысалы, 209 баптың 3 бөлімінің “а” және “б” пункттерімен. Ал егер ұйымдасқан топ, қауымдастық айналысқан қылмыс түрі бойынша Ерекше бөлімнің баптарында арнайы субъектінің жауаптылығы қарастырылмаса, онда оның әрекеттері ұйымдасқан топ, қауымдастық жасаған барлық қылмыстар бойынша және арнайы субъектінің жауаптылығы белгіленген қылмыс түрі бойынша квалификациялануы керек.

IX тарау

ҚЫЛМЫСТЫҢ КӨПТІЛІГІ БОЙЫНША КВАЛИФИКАЦИЯЛАУ

§1. Жекелеген қылмыстармен көптік қылмыстардың ара қатынасы

Оқулықтың бірінші тақырыбында қылмысты квалификациялау қағидаларының бірі ретінде «квалификацияның толық және дұрыс» болуын атадық. Бұл қағиданың негізгі мағынасы қылмыс уақиғасындағы қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді толық қамту және қолданылып отырған бап қауіпті әрекеттерді толық қамти алмағанда осындай әрекет немесе зардап қарастырылған өзге баптарды да қолдануды білдіреді. Міне, қылмысты іс-әрекеттерді квалификация жасау кезінде толық қамту қағидасы қылмыстың көптілігі мәселесінде қарастырылады.

Адамдар қылмысты әрекеттермен айналысқанда көпшілік жағдайларда бір қылмыс жасаумен шектелсе, кейде бір адамның бір неше қылмыстарды жасайтын кездері болады. Мұндай жағдайдың да көріністері қылмыстық құқықта айтылғандай бір неше түрлерде кездеседі, яғни адам қылмыстық заңның әр түрлі баптарымен немесе бір бабымен қарастырылған қылмыстарды жасауы немесе бұрын қылмыс жасағандығы үшін сотталған адамның қайтадан қылмыс жасайтын кездері болады. Осындай кездерде әдеттегі бір қылмыс үшін квалификация жасауға және жауаптылық белгілеуге қарағанда қылмысты әрекеттердің көптілігіне байланысты квалификация жүргізуде және жауаптылық белгілеу мәселесінде өзгешелік болады немесе арнайы ережелер қолданылады. Бірақ жекелеген қылмыстар мен көптік қылмыстардың арасында кейде ұқсастық кездесетін кездері болады немесе жекелеген қылмыстардың кейбір түрлері көптік қылмыстарға ұқсас болады деуге болады. Квалификацияны мұндай кездерде дұрыс жүргізу үшін жекелеген қылмыстардың негізгі белгілерін және оның көптік қылмыстарға ұқсайтын түрлерінің түсінігін, мағынасын қарастыра кеткен жөн. Сондықтан қылмыстық құқықта қылмыстың көптілігі тақырыбы әдетте жекелеген қылмыстардың түсінігімен, оның түрлерімен басталады.

Жекелеген қылмыстар көптік қылмыстардан негізінен қылмысты әрекеттердің көлемі немесе қылмыстық заңмен қорғалатын объектілердің саны, бір неше кінә нысандары бойынша емес, қылмыс құрамдарының көлемі бойынша ажыратылады. Көптік қылмыстардың түсінігін ашуда құрам элементтерінің ішінен тек қылмыс субъектісі ерекшелік байқатады, өйткені бұл мәселеде бір адамның бір неше қылмысты іс-әрекеттер жасаған жағдайына құқықтық баға беріледі. Бірақ бұл белгіні де міндетті белгі қатарына жатқызуға болмайды, себебі көптік қылмыстар мәселесі бір неше адамдардың бірлесуі арқылы жасалатын қылмысқа қатысушылықта да кездесе алады. Қылмыс бір адаммен немесе бір неше адаммен жасалсын, бірақ одан көптік қылмыстарды квалификациялау ережесі өзгермейді, тек жасалған қылмысқа байланысты адамның кінәсі болса жеткілікті.

Жекелеген қылмыстар ретінде бір қылмыстың құрамы бар іс-әрекеттер танылады деп түсіну керек. Мұндай түсінік бір эпизодтан тұратын және бір іс-әрекетті орындаумен-ақ аяқталған қылмысты білдіретін жекелеген қылмыстардың қарапайым ұғымын білдіреді. Ал қылмыс күрделі сипатта болғанда, яғни бір неше эпизодтан тұрғанда немесе ұқсас бір неше әрекеттердің жасалуымен анықталғанда бұл іс-әрекеттердің жиынтығы бір қылмысты немесе бір неше қылмысты білдіретінін анықтау, соған сәйкес квалификация жасау да қиындық туындайды. Мысалы бір неше рет жасалған ұрлық әрекетінің әр қайсысы аяқталған ұрлық қылмыстарын білдіргенде, мұндай әрекеттерді бір неше рет жасалған ұрлық деп тану керек пе немесе ірі мөлшерде жасалған ұрлық деп бағалау керек пе деген сұрақ туындауы мүмкін. Сол сияқты бір қылмыскер бір неше адамды өлтіріп, олардың әр қайсысы жеке қылмысты ниеттермен жасалғанда, бұл қылмыстарды екі немесе одан көп адамды өлтіру деп түсіну керек пе, әлде қылмыстар жиынтығымен квалификация жасау керек пе деген мәселе туындауы мүмкін. Яғни осы тәріздес жағдайларда іс-әрекеттерді бір жеке қылмыс деп немесе көптік қылмыс ретінде тану туралы мәселе туындауы мүмкін. Мұндай жағдайларға құқықтық бағаны дұрыс беру үшін жекелеген қылмыстар мен көптік қылмыстардың түсінігін және олардың айырмашылығын білу ғана қажет емес, сонымен қатар заң нормаларының мазмұнына, іс-әрекеттерді қамту деңгейіне көңіл аудару керек. Заң шығарушы кейбір қылмыстардың жасалуы кезінде жиі орын алатын басқа қылмыстың негізгі белгілерін осы қылмыста да келтіріп, қылмысты бір неше объектілі немесе бір неше әрекеттердің орындалуымен сипаттағанда осы

қылмыстың табиғатын көрсетуге және оның қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтауға тырысады. Мысалы зорлық-зомбылықпен ұштастырыла жасалатын қылмыстарда адамның денсаулығына, меншікке зардап келуін құрамның негізгі бөлімінде немесе ауырлататын құрамы ретінде келтіруі кездеседі. Айталық, қарақшылық қылмысы үшін жауаптылық қарастыратын 179 баптың 2 бөлімінің «г» пунктінде «қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданумен жасалған» қарақшылық әрекет қарастырылған. Баптың бұл бөлімінде екі қылмыстың, яғни қарақшылық және 251 баптағы қаруды заңсыз алып жүру қылмыстарының белгілері келтірілген және қарақшылық қылмысында қару қолдана отырып жасауды осы бөлімде көрсеткенде осы қылмыстың негізгі мағынасын ескере отырып, оның бір көрінісі үшін жеке жауаптылық қарастырған. Қарақшылық қылмысының негізгі мағынасы меншікке қарсы әрекетті адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті шабуыл арқылы іске асыруды білдіреді. Олай болса бұл қылмыстың жасалуы кезінде қару қолдау, жәбірленушінің денсаулығы мен өміріне зардаптың келуі әбден мүмкін және мұндай тәсілдің, зардаптың баптың мазмұнында қарастырылуына назар аудара отырып, екі қылмыс немесе қылмыстың көптілігі ретінде емес, жеке бір қылмыс деп түсініп квалификация кезінде бір бапты қолдану керек.

Бұл айтылғандар жекелеген қылмыстар мен көптік қылмыстарды заң нормаларының мазмұнына қарай отырып ажыратуға болатынын білдіреді. Әйтсе де жекелеген қылмыстардың негізгі мағынасы, оның құрылысы қалай болуы керек деген сұрақ туындайды. Әдебиеттерде бұл мәселеге бір келкі жауаптар кездеспейді. Бір зерттеушілер жекелеген қылмыстарды «бір мақсатқа жетуге бағытталған бір тектес актілердің орын алуы» түрінде анықтаса,¹ кейбір ғалымдар «бір немесе бір тектес әрекеттермен жасалған және бір кінә түрімен орындалатын, сонымен қатар бір зардап түрінің немесе бір тектес зардаптардың туындауын білдіретін қылмыстар деп анықтайды.² Сондай-ақ, «жекелеген қылмыстардың әлеуметтік мағынасы, көбінесе бірге жасалатын, әдетте ортақ объективтік және субъективтік белгілері болатын, өз ара бір-бірімен тығыз байланысты сақтайтын және өзінің қоғамға қарсы мағынасы бойынша кейбір қылмыскерлердің санаттарына тән құқыққа қайшы әрекеттердің бейнесі болып табылады. Ал құқықтық нысаны жағынан ал-

¹ Герцензон А.А. Квалификация преступления. М., 1947. С. 20.

² Яковлев А.М. Совокупность преступлений по советскому уголовному праву. М., 1960. С.22.

ғанда, жекелеген қылмыстар қылмыстық құқықтық нормалармен бір қылмыс құрамы ретінде қарастырылған әрекеттер болып табылады» деген көз-қараста кездеседі.¹

Жекелеген қылмыстардың мағынасын ашу үшін жеке қылмыстық құрамдарды бейнелеуге арналған қылмыстық заң нормаларының негізгі бағытын, олардың белгілері бойынша әр түрлі деңгейде болатынын ескеру керек тәрізді. Өйткені жекелеген қылмыстар жоғарыда келтірген кейбір зерттеушілердің айтқанындай қылмыстық заң нормаларында бір әрекет, бір зардап немесе бір кінә нысанымен анықталып, сипатталып жатпайды. Бір әрекет, бір немесе бір тектес зардаптар, бір кінә нысаны кездесетін жекелеген қылмыстар жай немесе қарапайым қылмыс түрлерін білдіреді. Мысалы кісі өлтіру, ұрлық сияқты қылмыстар негізінен объектіге қарсы бағытталған бір әрекетпен (адамды өмірінен айыратын, мүлікті жасырын түрде алатын), кінә нысаны қашанда қасақаналықпен анықталады. Ал күрделі құрамдар деп аталатын кейбір қылмыстардың құрылымы немесе құрам элементтерін сипаттайтын белгілердің көлемі бұған қарағанда күрделі болып келеді. Қылмыстық заңдағы көптеген қылмыстар негізгі және қосымша түрдегі бір неше объектілермен, объективтік жағының белгілері бойынша бір неше құрамдас іс-әрекеттермен, екі немесе одан көп зардаптармен, сондай-ақ кінәнің екі нысанымен де сипатталады. Мысалы адамды ұрлау, кепілге алу сияқты қылмыстарды жасау кезінде жәбірленушінің денсаулығына әр түрлі дәрежедегі зардаптар келуі, адамның бостандығына қарсы бағытталған әрекеттерді қасақаналықпен жасағанмен жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зардапты тек қасақаналықпен ғана емес, абайсыздықпен де келтіруі, соған сәйкес бір неше объекті түріне зиян келтіруі мүмкін. Бір қылмысты орындау кезінде орын алуы мүмкін осындай белгілерді жекелеген қылмыс құрамдарының да қамту деңгейі әр түрлі деуге болады. Заң баптарының немесе қылмыс құрамын сипаттайтын белгілердің күрделіленуі, әсіресе 1998 жылдан бергі қылмыстық заңда анық байқалады. Өйткені қолданыстағы заң қылмысты жасау кезінде орын алуы мүмкін өзге де немесе негізгі зардаппен салыстырғанда ауырырақ зардаптардың, абайсыздықтың да белгілері кездесуі мүмкін екендігін жеткілікті ескерген және осы қылмыстың негізгі мағынасын, құқықтық табиғатын ашу үшін қолданылатын қажетті белгілерден де басқа осы қылмыстың жасалуы кезінде кездесуі мүмкін,

¹ Кудрявцев В.Н. аталған еңбекте, 2001, С.241.

бірақ өзге қылмыстарға тән белгілерді бір қылмыстық құрамның көлемінде келтіреді. Мысалы жоғарыда аталған адамды ұрлау қылмысының негізгі мағынасын, құрамын ашу үшін қолданылатын белгілер, ол адамның жеке бостандығы, адамды басқа жаққа еріксіз алып кету және мұндай әрекетті қасакана жасау болып табылады. Бірақ адамды ұрландық үшін жауаптылық қарастыратын 125 баптың өзге бөлімдерінде осы қылмысты жасау кезінде кездесуі әбден мүмкін адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдану немесе осындай зардаптар келтіру, қару қолдану, топ адам болып жасау әрекеттері келтірілген. Демек, заң шығарушы қылмыстың ауырлататын құрамдарын ашуды мақсат етіп, ауырлататын белгілерді келтіргенде, осы қылмысты және оның жекелеген құрамдарын толық ашуға, анық бейнелеуге тырысқан. Сондықтан жекелеген қылмыстардың мағынасы құрам элементтерінің негізгі белгілерімен анықтаумен ашылмайды. Байқап отырғанымыздай қылмыстық құқықтық нормалардың дамуында жай қылмыстан күрделі қылмысқа көшіру, осы қылмыстың әр түрлі көріністерін бейнелеу, сипаттау байқалады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып айтқанда, «жекелеген қылмыс дегеніміз, қылмыстық құқықтық нормалармен қарастырылған бір қылмыс құрамын білдіретін қылмыстар» деген түсінік тар ұғым деп санауға болады. Ал толық немесе кең мағынада алғанда, **жекелеген қылмыстар дегеніміз, қылмыстық заңда белгіленген мазмұнмен қылмыс дәрежесіндегі қоғамға қауіптілікті білдіретін, қылмыс құрамының ерекшелігіне қарай объективтік және субъективтік белгілердің жиынтығы болып табылады.** Байқап отырсаңыздар біздің бұл жекелеген қылмыс дегеніміз не деген сұраққа беріп отырған жауабымыз, қылмыс құрамының түсінігіне ұқсас келтіріліп отыр. Мұны заңды деп түсінуге болады, себебі «жекелеген қылмыс» және «қылмыс құрамы» деген ұғымдар бір-бірімен ұқсас, тек қолданылатын ортасы бөлек ұғымдар болып табылады, сондықтан олардың анықтамасында ұқсастық байқалуы түсінікті жәйт. Басқаша айтқанда қылмыс құрамының өзі жекелеген қылмысты білдірсе, жекелеген қылмыста, нақты қылмыс құрамын білдіреді. Бұл ұғымдардың ара қатынасындағы бір айырмашылық, ол ҚК Ерекше бөлімнің әр бір бабында, оның бөлімдерінде нақты бір қылмыс түрі қарастырылған, ал баптың негізгі және қоғамға қауіптілікті ауырлататын немесе аса ауырлататын бөлімдерінде, сонымен қатар кейінгі бөлімі ауырлатпай келтірілгенде де осы қылмыстың жекелеген құрамдары қарастырылған. Сондықтан жекелеген

қылмыспен көптік қылмыстың ара қатынасын нақты бір өлшеммен, белгі түрімен ажырата алмаймыз. Бұл ара қатынасты меңгеру үшін, жекелеген қылмыстарды анықтағанда Ерекше бөлім баптары белгілерінің көлемін немесе қылмыс құрамын сипаттайтын белгілердің толықтығын ескеруіміз керек. Ал қылмыс уақиғасында бір қылмыс құрамымен қамтылмаған, өзге қылмыстың белгілері (қылмыс жиынтығы) немесе бір қылмыстық мақсатты білдірмей бір қылмыстың бір неше рет қайталануы (бір неше рет қайталанған қылмыстар) болса, онда көптік қылмыстар орын алады дейміз. Көптік қылмыстар мәселесінде бір субъектінің бір неше қылмыс жасауы арқылы криминогендік белсенділігі құқықтық тұрғыдан сипатталатынына байланысты рецидив мәселесі де қарастырылады.

Көптік қылмыстар бойынша квалификация жүргізуде «кінәліде бір қылмысты жасау мақсаты» болған, болмағанын анықтау маңызды деп түсіну керек. Өйткені әр біреуі аяқталған қылмысты білдіретін әрекеттер бір неше рет жасалғанда, көптік қылмыстар ретінде бір неше рет қайталанған қылмыс деп бағалау керек пе немесе жеке қылмыс ретінде ірі мөлшерде зардап келтіру деп квалификация жасау керек пе деген сұрақ туындайтынын жоғарыда келтірдік. **Мұндай жағдайларда қылмыскерде ірі зардап келтіру немесе ірі мөлшерде пайда табу мақсаты болса, онда әр қайсысы аяқталған қылмысты білдіретін бір неше рет жасалған әрекет заң бабында келтірілгенде бір қылмыс ретінде бағалануы керек.** Мысалы 175 баптың 3 бөлімімен ірі мөлшерде жасалған ұрлық деп бағалануы керек. Ал **әр қайсысы аяқталған қылмысты білдіретін бір тектес әрекеттерде бір мақсат болмағанда және осы бапта қылмысты «бір неше рет қайталау» арнайы келтірілгенде, баптың тиісті бөлімімен бір неше рет қайталанған қылмыс деп квалификация жасау керек.**

Көптік қылмыстар мен жекелеген қылмыстардың айырмашылығын анықтау туралы мәселе жеке қылмыстардың бір көріністерін білдіретін созылмалы және жалғаспалы қылмыстарда да пайда болады. Өйткені жалғаспалы және созылмалы қылмыстарда көптік қылмыстарға ұқсастық байқалады. Бұл ұқсастық әсіресе жалғаспалы әрекеттерден құралатын қылмыспен бір неше рет қайталанған қылмыстардың арасында кездеседі деуге болады.

Жалғаспалы және созылмалы әрекеттердің қылмыстың көптілігінен негізгі айырмашылығыда жекелеген қылмыстар мен көптік қылмыс-

тардың айырмашылығымен бірдей анықталады, ол бір қылмыс субъектісінің бойындағы қылмыс құрамдарының көлемінде болып табылады. Созылмалы және жалғаспалы әрекеттер жиынтығында бір қылмыс ретінде бағаланады және созылмалы қылмыстарда қылмысты болып саналатын уақыт жиынтығы, ал жалғаспалы қылмыстарда қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің қосындысы бір қылмыс уақиғасы деп бағалануға жатады.

Созылмалы қылмыстарда қылмыстың аяқталу уақыты заң баптарының өзінде тікелей көрсетілуі де, көрсетілмеуі де мүмкін. Егер қылмысты болып табылатын белгілі бір әрекет немесе әрекетсіздік жасалғаннан кейін қылмыстың аяқталу уақыты баптың өзінде тікелей көрсетілсе, онда созылмалы іс-әрекеттің аяқталу уақыты осы мерзімнің өтуімен анықталады. Мысалы 136 баптағы «балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата-анасын асырауға арналған қаражатты төлеуден әдейі жалтару» қылмысында қаражатты төлемегеніне үш айдан астам уақыт өтсе қылмыс болып табылатыны баптың диспозициясында келтірілген. Егер қылмысты болып табылатын созылмалы іс-әрекеттің аяқталған қылмысты білдіретін уақыты баптың өзінде тікелей көрсетілмесе, онда осы қылмысты түсінуге, арналған өзге нормативтік актілерге сүйену керек. Мысалы «азаматтардың салық төлеуден жалтаруы» үшін жауаптылық қарастыратын 221 бапта қылмыстың аяқталу уақыты көрсетілмеген. Мұндай кезде азаматтардың тиісті салықты төлемегені үшін жауаптылық салық төлеу уақыты өткеннен кейін бірден бастала ма деген сұрақ туындауы мүмкін. Мұндай созылмалы құқық бұзушылықтың аяқталу уақытын анықтау үшін 1995 жылғы 24 сәуірдегі «Салық және өзге де бюджеттік міндетті төлемдер жөніндегі» ҚР Президентінің Жарлығын қолдану керек. Созылмалы қылмыстар формальдық ғана емес, материалдық құрамдар бойынша да кездесе алады деуге болдады. Кейбір материалдық құрамдар созылмалы қылмыстарға ұқсайды. Мұнда қауіпті іс-әрекет ауыр зардаптарға соқтырғанда ғана қылмыс аяқталды деп саналады. Мысалы 253 баптағы «ағыс қаруын ұқыпсыз сақтау» қылмысында қаруды ұқыпсыз сақтау уақыты айлар, жылдар бойы болуы мүмкін. Тек осындай уақыт бойынша созылған ұқыпсыздық ауыр зардаптарға соқтырғанда ғана қылмыс аяқталды деп танылады. Бұл қылмыс созылмалы қылмысты білдіреді деуге болмайды, себебі қаруды ұқыпсыз сақтау уақыты бірден қылмысты білдірмейді, бұл кездер әкімшілік құқық бұзушылықты білдіріп, осындай әрекетсіздік ауыр зардаптарға соқтырғанда ғана қылмыс жасалды деп саналады.

Жалғаспалы қылмыстарда бір тектес немесе бірдей әрекеттер жасалып, олар кінәлінің қылмысты мақсатына дейін орындалғанда немесе заңның өзінде тікелей көрсетілген зардап көлеміне жеткенде қылмыс аяқталды деп бағаланады. Сондықтан жалғаспалы қылмыстарда әр бір іс-әрекетті жеке алғанда, ол аяқталған қылмысты білдірмейді немесе мұндай жеке-жеке әрекеттердің қоғамға қауіптілігі елеусіз болып көрінеді.

Жоғарыда жалғаспалы қылмыстардың аяқталу кезеңі «кінәлінің қылмысты мақсатына» байланысты бола алады дедік. Бұл бір қылмыстық мақсатқа жету үшін жасалған әрекеттер толық орындалмағанда қылмысқа оқталу ретінде бағаланатынына байланысты деп түсіну керек. Мысалы завод жұмысшысы белгілі бір мүлікті бөлшектеп ұрлауы мүмкін. Мұндай жағдайда осы мүліктің соңғы бөлшегін ұрлағанда ғана аяқталған қылмыс ретінде квалификацияланады, ал соңғы бөлшегін ұрлағанға дейін әрекет кінәлінің еркіне тәуелсіз себептермен аяғына дейін жетпесе, онда қылмысқа оқталу ретінде бағаланады.

Жалғаспалы қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің аяқталу уақыты заң баптарында тікелей көрсетілуі де кездеседі. Мысалы 223 баптағы тұтынушыларды алдау үшін жауаптылық қарастыратын баптың ескертпесінде айлық есеп көрсеткіштің үштен бірінен астам мөлшерде тұтынушыларға зардап келтірген кезден қылмыстың аяқталған болып танылатыны көрсетілген. Жалғаспалы қылмыстарда туындайтын зардаптар тек мүліктік сипатта ғана емес, адамның ар-намысына, өмірімен денсаулығына келтірілген физиологиялық түрде де бола алады. Мысалы 102 баптағы өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу қылмысында жәбірленуші өзіне қол жұмсауға бағытталған кезден, 370 баптағы әскери қызметшілердің бір-бірінің арасында бағыныштылық болмағанда әскери жарғыға қайшы әрекеттер жасау қылмысында адамды ұрып-соққанда немесе ар-намысы мен денсаулығына жеңіл дәрежелі зардап келген кезден қылмыс аяқталды деп танылады. Бұл қылмыс түрі барлық уақиғаларда жалғаспалы қылмысты әрекетті білдірме бермейді, яғни бір рет жасалған әрекеттің өзі жоғарыдағы зардаптарға соқтырса қылмыс аяқталады.

Сонымен, көптік қылмыстар дегеніміз, бір адамның қоғамға қайшы іс-әрекеттерінде қылмыстық заңмен қарастырылған бір неше қылмыстық құрамдардың орын алуы болып табылады. Көптік қылмыстардың қылмыстар жиынтығы, бір неше рет қайталанған қылмыстар және қылмыскердің қайталануы (рецидив) деген түрлері бар. Бұлардың әр қайсысының өзіндік ерекшелігіне қарай қылмысты квалификациялау кезінде жеке ережелер қолданылады.

§2. Қылмыстардың жиынтығы бойынша квалификациялау

Адамның жасаған қоғамға қауіпті іс-әрекеттерінің көлемін және оларды заң баптарымен салыстыра отырып, бір қылмыс немесе бір неше қылмыс жасалғанын анықтауға болады. Іс-әрекетте бір қылмыстың немесе бір неше қылмыстың құрамы бар екендігін анықтау маңызды болып табылады. Өйткені жасалған іс-әрекетте бір неше қылмыстың белгілері бар деп танылса, онда кінәлінің әрекеттері де заңның бір неше баптарымен квалификациялануы тиіс және осыған байланысты жаза тағайындау кезінде де арнайы ереже қолданылып, қылмыстар жиынтығы бойынша жазаның түрі мен көлемі белгіленеді. Демек, іс-әрекетте қылмыстың жиынтығы бар немесе жоқ екендігін анықтау кезінде қателесуге болмайды, мұндай кезде қате жіберу ауыр салдарға соқтырады деуге болады. Өйткені квалификация жүргізуші қызметкер бір қылмыстық құрам ретінде бағаланатын әрекетті бір неше қылмыс деп екі немесе одан көп баптармен бағалағанда, сол қолданылған баптардың санкциялары қолданылып, әдеттегі бір қылмыс бойынша жаза тағайындауға қарағанда қаталырақ жаза белгіленеді. Немесе бұл жағдай керісінше болғанда да, яғни бір неше қылмыс жасаған адамның әрекеттерін бір қылмыс ретінде бағалағанда да құқықтық баға дұрыс берілмеуіне байланысты, жаза да қылмыстар жиынтығы бойынша емес, жекелеген қылмыстарға тағайындалатын тәртіппен белгіленеді және қылмыскердің қауіптілік дәрежесі көрінбей қалады деуге болады.

Қарапайым мағынада айтқанда, қылмыстар жиынтығы бір адамның заңның әр түрлі баптарымен қарастырылған екі немесе одан көп қылмыстарды жасауын білдіреді. Бірақ қылмыстар жиынтығының толық, әрі дұрыс мағынасы бұл қарапайым түсінікке сәйкес келе бемейді. Себебі қылмыстық заң нормаларының бір неше бөлімдерге бөлініп күрделенуі немесе күрделі құрамдарды көптеп келтіруіне байланысты қылмыстар жиынтығы әр түрлі баптардың жиынтығынан емес, бір баптың көлемінде де құралады. Заң баптары кейде өз ара ұқсас екі қылмыстық құрамды бір баптың жекелеген бөлімдерінде қарастыруы кездеседі. Мысалы, 194 баптағы мемлекеттік несиені заңсыз алу және мемлекеттік несиені мақсатсыз жұмсау, 231 баптағы коммерциялық сатып алу қылмысындағы сатып алу және сатылу. Біз 231 бапта жеке қылмыстық сипаттағы бір неше қылмыс құрамдары бір баптың көлемінде қарастырылған деп санаймыз, себебі осыған ұқсас 311 және 312 баптарда пара алу және пара беру қылмыстары қарастырылған.

Мұнан өзге бөлімдерде айтқандай, бір қылмыстың жекелеген құрамдары бір баптың көлемінде жеке бөлімдер ретінде де келтірілген. Сондықтан **бір баптың әр түрлі бөлімдерімен қарастырылған әрекеттерді жасау барлық кездерде бір неше рет қайталанған қылмыстарды емес, қылмыс жиынтығын білдіретін кездер де болады. Мұндай жағдайда іс-әрекеттерді бір неше рет қайталанған қылмыс немесе қылмыс жиынтығы екендігін ажырату үшін әр қайсысы аяқталған қылмысты білдіретін әрекеттердің баптың бір бөліміне сыно мүмкіндігін ескеру керек.** Мысалы пайдақорлық ниетпен және бұзақылық ниетпен кісі өлтіру қылмыстары жеке-жеке жасалғанда қылмыс жиынтығы ретінде 96 баптың «з» және «и» пункттерімен емес, осы баптың «н» пунктімен бұрын қасақана кісі өлтірген адамның қайтадан кісі өлтіруі деп, бір неше рет қайталанған қылмыстар ретінде бағалау керек. Себебі «н» пунктінде келтірілген кісі өлтіру түрі пайдақорлық және бұзақылық ниетпен кісі өлтіру қылмыстарымен салыстырғанда толық және белгілері бойынша әр түрлі ниетпен, мақсатпен немесе тәсілмен жасалған қылмыстарды қамтитын күрделі құрамды білдіреді. **Егер жеке-жеке жасалған қылмысты әрекеттер бір бөліммен квалификациялануға жатпаса, онда қылмыс жиынтығы түрінде квалификация жүргізілуі қажет.** Сонымен қылмыстар жиынтығы қылмыстық заңның әр түрлі баптары бойынша ғана емес, бір баптың бір неше бөлімдерімен қарастырылған қылмыстарды жасағанда да бола алатынын ескере отырып, ҚР ҚК 12 бабының 1 бөліміне сәйкес, қылмыстар жиынтығы дегеніміз, кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының түрлі бөлімдерінде көзделген қылмыстарды бір адам жасап және солардың бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан көп әрекеттерді жасауы болып табылады. ҚК 12 бабында қылмыстар жиынтығының анықтамасымен қатар квалификация ережелері де келтірілген

Қылмыстар жиынтығын қылмыстық құқықта екі түрге, нақты және идеальдық жиынтық деп бөледі. Нақты жиынтық ретінде әр түрлі қылмыс құрамдарын кінәлінің жеке іс-әрекеттер арқылы орындауы алынса, ал идеальдық жиынтық-бұл екі немесе одан көп қылмыстардың бір іс-әрекет арқылы жасалуын білдіреді. Сырттай қарағанда нақты жиынтықпен идеальдық жиынтықтың арасында өзгедей айырмашылық жоқ болып көрінуі мүмкін, бірақ бұл екеуінің құқықтық салдары немесе қылмыскердің қоғамға қауіптілігін анықтауда елеулі ролі бар деуге

болады. Анығырақ қарағанда бір әрекет арқылы бір неше қылмыс жасаған адамға қарағанда жеке-жеке әрекеттер арқылы әр түрлі қылмыс жасаған адамдарды қауіптірек деуге болады, себебі мұндай адамдар қылмыстық жолға бейімделген немесе қылмыстылықты кәсіп еткен адамдарға ұқсайды. Сондықтан нақты және идеальдық жиынтықтар бойынша квалификация жүргізуде айырмашылықтар байқалмағанмен, жауаптылық белгілеу кезінде қылмысты нақты жиынтық түрінде жасаған адамдарға қаталырақ белгілеуге негіз бар.

Әдетте қылмыстар жиынтығында қылмыстардың бір-бірінен айырмашылығын көрсететін әр түрлі қылмыстың объектілері, объективтік жақтың белгілері орын алады және кінә нысандары да бірдей болуы да, болмауы да мүмкін. Мысалы бір қылмысты қасақаналықпен жасаса, екінші қылмысты абайсыздықпен жасауы мүмкін. Кінәнің абайсыздық және қасақаналық нысандарының кездесуін тек нақты жиынтықта ғана емес, идеальдық жиынтықта да келтіруге болады. Мысалы кінәлінің қасақаналығы бөтеннің меншігін жоюға бағытталып, бірақ адамның өліміне соқтыратын зардаптың болуы мүмкіндігін көре білуге мүмкіншілігі бола тұрып, абайсыздықта осындай зардап келтіруі де мүмкін. Демек мұндай бір әрекетпен жасалған қылмыстарды қасақана бөтеннің мүлкін жою және абайсыздықта қаза келтіру қылмыстарының жиынтығымен бағалау керек. Көптік қылмыстардың өзге түрлеріндегідей сиқты құрам элементтерінің ішінен тек қылмыс субъектісі ғана қашанда өзгермей, ол бір адамның бойындағы қылмысты әрекеттердің көптілігін көрсетеді. Бір неше қылмыстарды жасау уақиғаларында қылмыс субъектісі бір адам болғанмен, қылмыс рецидиві мәселесінде бұрын сотталған адамның қайтадан қылмыс жасауы басқа құқықтық мағынаға қарай ол адамды өзгертеді.

Идеальдық жиынтықты білдіретін қылмыстарды анықтаушы белгілер, көбінесе жасалған бір іс-әрекетте әр түрлі объектілердің бұзылуы мен әр түрлі зардаптардың туындауы болып табылады. Бір іс-әрекет жасала отырып, ол қылмыстық заңның бір бабымен қамтылмаған әр түрлі қылмыстық зардаптарға соқтырады және соған сәйкес әр түрлі баптармен қорғалатын қоғамдық қатынастардың бұзылғандығы көріс береді. Идеальдық жиынтықтың орын алғанын анықтаудың кілті де бір неше зардаппен қоғамдық қатынастың бұзылуы және бұл зардаптармен қоғамдық қатынастарды бір баптың толық қамтымауы болып табылады. Нақты жиынтықта осындай белгілер негізінде анықталғанмен, идеальдық жиынтықтың орын алып отырғанын анықтау көбінесе қиын-

дық тудырады. Себебі нақты жиынтықта әр қайсысы аяқталған және әр түрлі қылмысты білдіретін бір неше әрекеттердің жасалуы арқылы қылмыс жиынтығының орын алғанын білуге бірден мүмкіндік болса, ал идеальдық жиынтықта бір әрекеттің өзінде бір неше қылмыстың белгілері бар екендігін анықтау қажет болып, ол үшін квалификация кезінде қолданылып отырған баптың осы әрекетті, туындаған зардаптарды, бұзылған қоғамдық қатынастарды толық қамти алатынына немесе алмайтынына көңіл аударамыз.

Көпшілік қылмыстық құқықтық нормалар бір неше зардаптарды немесе заңмен қорғалатын бір неше объектілерді бір қылмыстың көлемінде келтіреді. **Жасалған іс-әрекет бір неше зардаптарға соқтырғанмен немесе өзге қылмыстың негізгі объектісін білдіретін қоғамдық қатынастарға нұқсан келтіргенмен, бұл объектілер бір қылмыстың белгілері ретінде қарастырылған болса, онда идеальдық жиынтық емес, бір қылмыс ретінде түсіну керек.** Мысалы абайсыздықта адам өліміне соқтырған еңбекті қорғау ережелерін бұзуға квалификация жасағанда бірден 152 баптың 2 бөлімін қолдану керек, абайсыздықта қаза келтіргендікті арнайы қарастыратын 101 баппен қосып квалификациялау керек емес.

Идеальдық жиынтықта бір неше қылмыстың жасалу уақыты бірдей сияқты болып көрінеді, өйткені бір неше қылмысты жасайтын әрекет біреу ғана болғандықтан олардың жасалу уақыты да бірдей болып анықталуы керек сияқты. Идеальдық жиынтықта қылмыстардың жасалу уақыты бірдей бола ма дегенде, бір іс-әрекетпен жасалған қылмыстардың аяқталу уақытын ескеру керек. Кейбір қылмыстардың әрекет жасалысымен бірден аяқтала бермейтіні белгілі, бұл әсіресе аяқталу уақыты үшін тиісті зардаптың туындауы қажет болып табылатын материалдық құрамдарға байланысты кездеседі. Соған орай мұндай жиынтық түрінде жасалған қылмыстардың бірі әрекет жасалу уақытымен бірден аяқталса, басқа қылмыстар кейін, белгілі-бір уақыт өткеннен кейін аяқталуы мүмкін.

Идеальдық жиынтықтың орын алуының басты негізі бір іс-әрекетте әр түрлі баптармен қарастырылған қылмыс құрамдары белгілерінің кездесуі болып табылады. Жасалған бір іс-әрекетте бір баптың әр түрлі бөлімдерінде келтірілген белгілердің кездесуі қылмыс жиынтығы емес, бір қылмыс ретінде бағаланатын кездер болады. Мұндай жағдайдың, яғни баптардың бір неше бөлімдерден құралуының басты себебі, ол заң баптарының бөлімдерінде осы қылмыстың ауырлататын белгілермен

жасалғандығын немесе ауыр белгілер болмағанда осы қылмыстың жеке көріністерін бейнелеуге байланысты. Сондықтан **бір қылмысты әрекет баптың бір неше бөлімдеріне сәйкес келгенде, іс-әрекет бір неше бөлімдермен емес, олардың ішіндегі мазмұны, мағынаса кең құрам немесе жауаптылықты ауырлататын құрам түрі қолданылады.** Мысалы ірі мөлшерде ұрлық жасау мақсатында тұрғын-жайға кіріп жасалған ұрлық бір қылмыс деп бағаланып, 175 баптың 3 бөлімімен ірі мөлшерде жасалған ұрлық деп танылуы керек.

Бір қылмысты жасау әрекеті Ерекше бөлім баптарының бір неше бөлімдерінің белгілеріне сәйкес келгенде, барлық кезде жоғарыдағы сияқты іс-әрекет баптың бір бөлімімен ғана квалификациялана бермейді. Мысалы ұрлық қылмысы алдын ала келісіммен пайда болған топ адаммен және үй-жайға кіру арқылы жасалғанда да бір қылмыс ретінде бағаланады, бірақ іс-әрекет 175 баптың 2 бөлімімен «а» және «в» пункттерімен адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша және үй-жайға кіріп жасалған ұрлық деп квалификацияланады. Себебі бұл «топ адам болып қылмыс жасау» және «үй-жайға кіру» деген белгілер бір бірімен өз-ара байланысты немесе бір-бірінің арасында бағыныштылық жоқ белгілер болып табылады. Басқаша айтқанда осы сияқты белгілердің қайсысы мағынасы, қауіптілігі бойынша ауыр, кең белгі екендігі белгісіз болуы мүмкін. Сондықтан қылмыстың жасалуын, оның көрінісін сипаттау үшін заңда бейнеленген елеулі белгілерді квалификация кезінде қолдану қажеттілігі туындайды. Жасалған бір іс-әрекетті баптың бір неше бөлімдерімен квалификация жасай отырып және мұны бір қылмыс ретінде тану-мұнан бұрынғы бөлімдерде айтқандай «бап бір неше бөлімдерден құралғанда оның әр бөлімінде осы қылмыстың жеке құрамдары келтірілген» деген түсінікке қайшы келеді. Негізінде заң шығарушының Ерекше бөлім баптарын бөлімдерге бөлуі бір неше себептерге байланысты деп түсінген дұрыс. Біріншіден, Ерекше бөлім баптары бөлімдерге бөлінгенде бір-біріне бағынышты емес және бір қылмыс болып табылмайтын ұқсас екі қылмысты бір бапта қарастыру негізінде пайда болады. Мысалы 117 баптың 1 және 2 бөлімдеріндегі заңсыз абортты тиісті медициналық білімі жоқ адамның жасауы және тиісті білімі болғанмен абортты заңсыз жасау, 194 баптағы мемлекеттік несиені мақсатсыз жұмсау және осындай несиені заңсыз алу. Екіншіден, Ерекше бөлім баптары бір неше бөлімдерге бөлінгенде осы қылмыстың жасалуында кездесуі әбден мүмкін ауырлататын немесе аса ауырлататын, сондай-ақ кінәні жеңілдететін белгілерін қарастыруды

көздеген. Мұндай ауырлататын белгілерді баптың жекелеген бөлімдерінде келтіре отырып, заң шығарушы «осы қылмыстың ауырлататын құрамы» ретінде тануды ұсынады. Мұндай бөлімдердің заң баптарында өмір сүру себебі, ол негізгі бөліммен қарастырылған қылмыс ауырлататын белгілермен жасалғанда, жауаптылықты қатал белгілеуді іске асыруға байланысты деп түсіну керек. Өйткені баптар бөлімдерге бөлініп, ауырлататын құрамдарды қарастырмаса, онда қылмыс бәрібір негізгі бөліммен квалификацияланып, сол негізгі бөлім бойынша жаза тағайындалады. ҚК 54 бабы қоғамға қауіптілікті, кінәні ауырлататын белгілерді келтіргенмен, ол жалпы бөлім нормасы болуына байланысты онда жаза қарастырылмаған.

Ерекше бөлім баптарының бөлімдерге бөлінуінің үшінші себебі, ол негізгі бөлімде қарастырылған қылмыстың нақты жағдайда, жеке жасалатын түрін көрсету және оған жауаптылық белгілеуді үйлестіру болып табылады. Мысалы негізгі бөлім жалпы субъектіге, ал кейінгі бөлім арнайы субъектіге жауаптылық қарастыруы мүмкін. Мұндай бөлімдер контрабанда түрінде жасалатын 209 және 250 баптарда кездеседі. Төртіншіден, заң белгілі бір қылмыс түрінде кінәнің аралас нысаны орын алуы мүмкіндігіне қарай ауырлататын құрамды келтіреді. Қылмыстық заңның Ерекше бөлім баптарының бір неше бөлімдерден тұруының басқа да себептері болуы мүмкін.

Кейбір қылмыстық құқықтық нормалар диспозицияларда атап көрсетпей-ақ бір неше зардаптарды қамти алатынын ескеру керек. Мұндай кезде бапта тікелей аталмаған зардап түрі қылмыс объектісінің сипатынан, заңның мағынасынан шығады. Мысалы зорлық-зомбылықпен немесе күш қолдану, шабуыл жасау тәсілдерімен жасалатын қылмыстарда адамның денсаулығына әр түрлі ауырлықтағы зардаптар, өмірі мен меншігіне зардаптар келуі мүмкін. Күш қолдану, шабуыл жасау арқылы жасалатын қылмыстардың түсінігін немесе белгілерін заң баптары келтіргенде ондай орын алуы мүмкін зардаптардың түрлерін диспозицияларда келтіре бермейді. Мысалы бандитизмді анықтау үшін 237 бапта оның түсінігін ашатын негізгі белгілері келтірілгенмен, шабуыл жасау кезінде орын алуы мүмкін зардаптарды атамайды. Сол сияқты қарақшылық үшін жауаптылық қарастыратын 179 бапта да кездесуі мүмкін барлық зардап түрлерін көрсетпеген. Негізінде баптың диспозициясы немесе оның жекелеген бөлімдері белгілі бір ауыр зардаптың түрі үшін жеке жауаптылық белгілегенде қылмыс жиынтығымен емес, осы баптың осы бөлімімен бір қылмыс ретінде квалификациялауды ұсынады.

179 баптың 2 бөлімінің «д» пунктінде денсаулыққа ауыр зиян келтірген қарақшылық үшін жауаптылық қарастырылған. Демек, қарақшылық әрекет денсаулыққа ауыр зиян келтіре отырып жасалғанда 103 бапты қоспай, бір қылмыс ретінде 179 баптың 2 бөлімі ғана қолданылуы керек. Себебі бұл 2 бөлімде негізгі бөлімге қарағанда жаза қаталырақ белгіленген және ол қатал жаза осындай ауыр зардап келтіргендік үшін белгіленген, басқаша айтқанда 103 баптың жауаптылығын да қосып келтіреді. Ал қарақшылық қылмысында жәбірленушінің денсаулығына жеңіл немесе орташа дәрежедегі зардаптар келсе, онда 2003 жылғы 11 шілдедегі «талан-тараж істері бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 23 пунктіне сәйкес, әрекет 179 баптың 1 бөлімімен квалификациялануы керек. Қарақшылық қылмысын жасау кезінде қасақана кісі өлтіру орын алса, онда қылмыс жиынтығымен емес, бірден 96 баппен бағалануға жатады, себебі қарақшылық әрекет 96 баптың «з» пунктінде де келтірілген және бұл кісі өлтіру түрі негізгі және қосымша объектілермен сипатталады, сондықтан жауаптылықты ауырлататын құрам түрінде бағаланған. Бандитизм қылмысы жай меншікке ғана емес, қоғам қауіпсіздігіне қарсы бағытталған қылмыс болғандықтан 237 баптың мазмұнында ауыр зардаптар түрі арнайы келтірілмеген. Бірақ бандиттік шабуыл жасау кезінде және мұндай топтың қарулы болуына байланысты адамның өміріне, денсаулығына зардаптар келуінің ықтималдығы жоғары деуге болады. Бандитизм қылмысын жасау кезінде адамның өміріне қасақана зардап келтіру 96 баптың «з» пунктінде келтірілген. Жоғарыда қарақшылық қылмысын жасау кезінде айтылған ережеге сүйенсек, онда қасақана адам өліміне соқтырған бандитизмде де қылмыстар жиынтығын қолданбай, бірден 96 баппен квалификация жасау керек тәрізді. Бірақ «Бандитизм және басқа қылмысқа қатысушылықпен жасалған қылмыстар үшін жауапкершілік туралы заңдарды соттардың қолдануының кейбір мәселелері жөніндегі ҚР Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы нормативтік қаулысы кісі өлтірумен ұштасқан бандитизмді қылмыстар жиынтығымен квалификациялауды ұсынады. Жоғарғы Соттың мұндай жетекші ұсынысымен келісу қиын, себебі біріншіден, қылмысты квалификациялау ережелерінде бір тектес жағдайларды бірдей бағалау сақталуы керек. Олай етпегенде заң қолданушы қызметкерлер қылмысты квалификациялаудың жалпы теориясына

¹Уголовное право Республики Казахстан. Особенная часть, т-1 /Под ред. И.Ш. Борчашвили, С.М. Рахметова. Алматы, 1999. С.386.

сүйенбей, Жоғарғы Сот қаулыларын жаттап жұмыс істеуге мәжбүр болады. Екіншіден, біздің немесе көпшілік зерттеушілердің ортақ бағыты бойынша басқа қылмыстың негізгі объектісі немесе негізгі зардап түрі басқа қылмыста қосымша объекті немесе зардап ретінде келтірілгенде қылмыс жиынтығы түрінде емес, бір қылмыс деп бағалануы керек. Шын мәнінде мұндай жағдайда бүтін және бөлік нормалар бәсекелестігі орын алып отыр. Яғни 96 бап 2 бөлімінің «з» пункті бүтін норма деп бағаланады да, ал 237 бап оның бір бөлігі болып саналады, өйткені 96 баптың аталған бөлімі қасақана кісі өлтіру және бандитизм қылмыстарынан құралған, басқаша айтқанда екі қылмыс қосылып бір қылмыс ретінде қарастырылған. Қылмысты квалификациялау ережесінде нормалар бәсекелестігі орын алғанда іс-әрекет арнайы және бүтін норма бойынша квалификациялануға жатады. Үшіншіден, жалпы 96 баптың «з» пунктінде кісі өлтірумен ұштасқан бандитизмнің келтірілуі дұрыс емес сияқты. Себебі «адамның өмірі» және «қоғам қауіпсіздігі» деген объектілерді салыстырып қарасақ, онда қоғам қауіпсіздігі деген ұғым, жеке адамның өмірі деген ұғымға көлемі, әлеуметтік маңызы бойынша сыймайтын тәрізді. «Қоғам қауіпсіздігі» деген ұғым белгілі бір қоғамдық аумақтағы адамдар мен ұйымдардың, мекемелердің қауіпсіз өмір сүруін, қызмет етуін білдіреді. Ал қоғам қауіпсіздігіне үрей туындағанда немесе ол бұзылғанда сол аймақтағы адамдарың, ұйымдардың бір қалыпты өмір сүру қауіпсіздігі бұзылады, яғни қауіпсіздік шарасы сақталмай меншікке, адам өмірі мен денсаулығына, жеке бостандығына қауіптің туындау мүмкіндігі пайда болады дегенге болады. Сондықтан әдетте бандитизм қылмысы қосымша, балама түрдегі объектілермен сипатталып, ол адамның өмірі, денсаулығы, меншігі сияқты т.б құндылықтармен анықталады немесе қоғам қауіпсіздігі деген ұғым белгілі бір аумақтағы немесе қоғамдық ортадағы ұйымдар мен мекемелердің, адамдардың өмірінің, денсаулығының, меншігінің қауіпсіздігінен құралады. Төртіншіден, 96 баптың «з» пунктінде пайдақорлықпен, қорқытып алушылықпен, қарақшылықпен және бандитизммен ұштасқан кісі өлтіру түрлері баптың бір пунктінде қарастырыла отырып, олардың әр қайсысына неге әр түрлі квалификация ережелері қолданылуы керек. Мысалы жоғарыда айтқандай, қарақшылық шабуыл кезінде қасақана кісі өлтіру болса, онда тек 96 баппен квалификация жүргізіледі де, ал бандиттік шабуыл кезінде қасақана кісі өлтіру орын алса, онда қылмыс жиынтығы қолданылады. Сондықтан қасақана кісі өлтірумен ұштасқан бандитизм жеке адамға қарсы

қылмыстар тарауында емес, қоғам қауіпсіздігіне қарсы қылмыс ретінде 237 баптың өзінде қарастырылғаны дұрыс.

Бандитизм қылмысын орындау кезінде адамдардың денсаулығына әр түрлі ауырлықтағы зардаптар келуі мүмкін. Мұндай зардаптарға соқтырған бандитизм қылмысын квалификациялау туралы бір келкі пікір кездеспейді. Негізінде адамдардың денсаулығына зардаптар келтіре отырып жасалған бандитизм қылмыстар жиынтығы бойынша емес, тек 237 баптың өзімен ғана бағаланғаны дұрыс. Бұған заңды себеп те бар, өйткені бандитизм үшін жауаптылық қарастыратын 237 бап ауыр және аса ауыр қылмыс ретінде бағаланып, онда 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру қарастырылған. 237 баптың 2 бөлімінде банданың шабуылына қатысқан қатардағы мүшелеріне жауаптылық белгіленіп, ол 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түрінде анықталған. Бұл 12 жыл топты ұйымдастырған әрекетпен салыстырғанда қауіптілігі төменірек деп, тек банда тобының шабуылдарына қатысқандық үшін белгіленген, сондықтан қатардағы банда мүшелерінің ауыр зардапқа соқтыратын әрекеттер жасау мүмкіндігін ескере отырып, бұл жаза көлемін заң жүзінде көбейтуге болады.

Іс-әрекетті қылмыс жиынтығымен бағалаудың келесі негізі, ол бұзылған объектілердің әр түрлі болуы және бұл объектілердің бір бап көлемінде қарастырылмауы болып табылады. Егер жасалған бір әрекет бір-бірімен салыстырғанда әр түрлі дәрежелі объектілерге нұқсан келтірсе және мұндай жағдайлар заңда бір қылмыс ретінде қарастырылмаса, онда қылмыс жиынтығымен квалификациялаған дұрыс. Ал заңда бір қылмыс ретінде қарастыру туралы арнайы бөлім болса, онда осы бөліммен квалификациялануға жатады. Мысалы адам бір әрекет жасау арқылы бірінші адамға орташа, екіншісіне ауыр зардап келтіреді. Мұндай жағдайды бір қылмыс деп бағалау керек дейтін себебіміз, зардап екі адамға келгенмен, бұл объектілер бір-бірімен ұқсас және осы негізде заң бір қылмыс ретінде тануға негіз береді. ҚК 103 және 104 баптары 2 бөлімінің «а» пунктінде «екі немесе одан көп адамға қатысты» зардап келтіру үшін жауаптылық қарастырған және бір әрекет арқылы бір адамға орташа, екіншісіне ауыр зардап келгенде ауыр зардапты қарастыратын 103 бапты қолдану керек, себебі туындаған зардапты толық қамти алатын норманы қолданғанда жауаптылықты да толық қолдануға заңды негіз пайда болады. Жоғарыда келтіріп отырған жағдай бойынша 103 баптың 2 бөлімі және 104 баптың 2 бөлімі деп бағалауды ұсынатын көз-қараста кездесуі мүмкін. Мұндай бағытпен

келісу қиын, себебі 103 және 104 баптың 2 бөлімдерін қолданған болсақ, онда заң бір қылмыс деп бағалауға негіз беріп отырғанда, біз екі қылмыс ретінде бағалаған болып шығамыз және бұл екі баптың да 2 бөлімін қолдану арқылы жауаптылықты екі есе ауырлатып жібереміз. Мұндай бағыт оқулық және зерттеу әдебиеттерінде кездеседі, ол туралы келесі бөлімде бір неше рет жасалған қылмыстарды квалификациялау туралы сөз болғанда айтамыз.

Егер бір әрекетпен немесе жеке-жеке әрекеттермен бірдей ауырлықтағы зардаптар екі адамға келтірілсе, онда кейбір әдебиеттердегідей идеальдық жиынтық ретінде емес,¹ бұл жағдайдың қылмыстық заңда арнайы қарастырылуына байланысты бір қылмыс ретінде 103 баптың 2 бөлімінің «а» пунктімен «екі немесе одан көп адамға қатысты» зардап келтіру деп бағалған дұрыс.

Егер кінәлі бір әрекет арқылы екі адамға, олардың біріншісінің өміріне, ал екіншісінің денсаулығына зардап келтірсе қылмыстардың жиынтығы, оның ішінде идеальдық жиынтық орын алып, қылмыс 96 және 103 немесе өзге денсаулыққа зардап келтіруді қарастыратын баптармен квалификациялануға жағады. Себебі бір адамның денсаулығы басқа адамның өмірімен тікелей байланысты деп танылмайды. Мұндай құқықтық бағалау қылмыс жасаған адамда жоғарыдағыдай зардаптарға қатысты өзге психикалық қатынастар болмағанда қолданылады. Кінәлі екі адамды өлтіру мақсатымен әрекеттер жасағанмен, нәтижесінде бір адам қайтыс болып, екіншісінің денсаулығына зардап келгенде қылмыс жиынтығымен емес, бір қылмыс ретінде 96 және 24 баптармен екі немесе одан көп адам өлтіруге оқталу деп бағалануы тиіс.

Әйел зорлаумен ұштасқан қасақана кісі өлтіру қылмысы орын алғанда қылмысты квалификациялау туралы бір неше нұсқалар келтіруге болады. Бірінші нұсқа бойынша әйел зорлау және қасақана кісі өлтіру қылмыстарының жиынтығымен бағалау, екінші нұсқада тек 96 баптың «к» пунктімен әйел зорлаумен немесе жыныстық сипаттағы күш қолданумен байланысты кісі өлтіру деп, бір қылмыс түрінде бағалау туралы ой келуі мүмкін.

Практика қызметкерлерінің мұндай жағдай орын алған қылмыстық істерді бірінші нұсқа бойынша қылмыс жиынтығымен квалификациялауы жиі кездеседі. Мұндай қылмысқа осындай баға бергенде біріншіден, адамның өмірі мен жыныстық бостандығы деген объекті-

¹ Кудрявцев В.Н. аталған еңбекте, 2001. С. 248

лер бір-бірімен байланысты ұғымдар емес деп танылады. Екіншіден, 96 баптағы жыныстық әрекеттер жасаумен ұштасқан кісі өлтіруде кісі өлтіру қылмысы бар, ал зорлау немесе жыныстық сипаттағы күштеу әрекеттерін орындау, 96 баптың көлемінде жеке қылмыс құрамы ретінде емес, тек жауаптылықты ауырлататын белгі ретінде қолданылған деген түсінік шығады. Егер 96 баптың «к» пунктінде екі құрам емес, бір құрам, ал жыныстық әрекеттер ауырлататын белгі ретінде бағаланған десек, онда қылмыс жиынтығымен квалификациялау қисынды. Екінші нұсқа бойынша 96 баппен бір қылмыс ретінде квалификация жасайтын болсақ, онда бұл баптың аталған бөлімінде екі қылмыс құрамы қосылып, бір жауаптылықты аса ауырлататын құрам келтірілген деген түсінік шығады. Әрине мұндай кезде жыныстық қылмыстар үшін жауаптылық белгілейтін баптармен қосып квалификация жасау қажеттілігі болмайды. Осы келтірілген екі нұсқаның қайсысы дұрыс дегенде, біздің ойымызша екінші нұсқамен бір қылмыс ретінде квалификация жасаған жөн дейміз. Себебі қылмыстық заңның Ерекше бөлім баптарының бөлімдеріндегі жауаптылықты ауырлататын құрамдарды жеке қылмыс түрін білдіру мүмкіндігіне қарай екі топқа бөлуге болады. Бірінші топтағылар пайдақорлық, кек қайтару, бұрын осындай қылмысты жасаған адам болу, аса қатігездік тәсіл қолдану сияқты өз бетінше жеке қылмыс құрамын білдіре алмайтын, тек Ерекше бөлімдегі қылмыстардың жасалуы кезінде іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігін ауырлататын объективтік немесе субъективтік белгілер болып табылады. Екінші топтағылар, Ерекше бөлімнің баптарында жеке қылмыс түрі ретінде қарастырыла отырып, басқа қылмыстардың қауіптілігін ауырлататын немесе аса ауырлататын белгі ретінде қолданылған қылмыс түрі болып табылады. Мысалы 96 бапта 120, 121 баптарда қарастырылған жыныстық қылмыстардан басқа, «з» пунктінде қарақшылықпен, қорқытып алушылықпен, бандитизммен, жалдаумен ұштасқан кісі өлтіру түрлері келтірілген. Бұл кісі өлтіру түрлерінде де екі қылмыс, мысалы қарақшылық және кісі өлтіру қосылып, аса ауырлататын кісі өлтірудің түрін құраған. ҚР Жоғарғы Сотының қазіргі жетекші ұсынысы бойынша қарақшылықпен ұштасқан кісі өлтіру қылмыс жиынтығымен емес, 96 баптың «з» пунктімен ғана бағалануы керек. Егер осы ереже дұрыс болса, онда тап осы ереже осы тектес басқа жағдайларға да қолданылып, әйел зорлаумен ұштасқан кісі өлтіру де бір қылмыс ретінде қарастырылуы керек, бірақ бұл қылмыста екі қылмыстың құрамы бар деп түсіну керек. Бұл біріншіден, екіншіден 96 баптың «к,з,л» пункттерінің аса ауырлататын

кісі өлтіру түріне жатқызылуының да басты себебі, адамды құқыққа қайшы түрде қасақана өмірінен айырғандық үшін емес, ол адамның кінәсін және кісі өлтіру қылмысының әдеттегі қоғамға қауіптілік дәрежесін одан да ауырлата алатын қарақшылық, адам зорлау, қорқытып алушылық сияқты жағдайлардың орын алуына байланысты. Сондықтан да аталған кісі өлтіру түрлері аса ауыр қылмыс түрі ретінде бағаланды. Заңда 96 баптың 1 бөліміндегі жай қасақана кісі өлтіру үшін он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру белгіленген, ал 120 баптың 1 бөліміндегі әйел зорлау үшін бес жылға дейінгі мерзімге осы жаза қарастырылған. Енді осы екі қылмыстың жоғарғы жаза мөлшері он беске бесті қоссақ жиырма жыл болады. Бұл жиырма жыл 96 баптың 2 бөлімінде ауырлататын кісі өлтіру үшін келтірілген. Олай болса, қылмыс жиынтығын қолданып та керегі жоқ, яғни 96 баптың 2 бөлімінде әйел зорлау, бандитизм, қарақшылық, қорқытып алушылық, адамды ұлтына, дініне т.б ерекшеліктеріне қарай өлтіру әрекеттері ауырлататын белгі ретінде ғана емес, күрделі, екі құрам қосылып қарастырылған деп түсіну керек.

Қылмыстың жиынтығының анық орын алатын жағдайының бірі, жасалған қылмыстардың бір біріне ұқсамайтын әр саладағы қоғамдық қатынастарға нұқсан келтіруі және мұндай басқа салаға жататын объектіні немесе зардап түрін заң бабының қосып қарастырмауы болып табылады. Заңда кейбір әр салада орын алатын қылмыс түрлерінің зардаптары бір бапта келтірілуі жиі кездеседі. Мысалы экологиялық, сот әділдігіне, көлік қозғалысына, халықтың денсаулығына қарсы қылмыстарда адамдардың меншігіне, денсаулығына, өміріне зардаптар келтіру қосып қарастырылады. Мұндай қылмыстарда өзге тараудағы қылмысқа тән қоғамдық қатынас немесе зардап түрі осы бапта тікелей көрсетілсе немесе қолданылып отырған терминнің мағынасында бар болса, онда бір қылмыс түрі ретінде квалификацияланғаны дұрыс. Мысалы 320 баптағы өкімет өкілін қорлағандық үшін 130 баптағы қорлаумен, 347-1 бабындағы қинау қылмысы жасалып, ол адамның денсаулығына орташа, ауыр зардаптармен немесе абайсыздықта адамның өміріне зардап келтірумен жалғасқанда 101,103,104 баптармен, сондай-ақ 267 баптағы санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді бұзу қылмысы жасалғанда да абайсыздықта адамға қаза келтіру немесе денсаулығына зардаптар келтіру қылмыстарымен қосып квалификацияланбай, бір қылмыс деп бағалануға жатады.

Қылмыстың жиынтығы бар немесе жоқ екендігін анықтау мынандай жағдайларда қиындық тудырады. Кейбір баптар «егер осындай әрекеттер ауыр зардаптарға соқтырса» (мысалы 253 баптағы атыс қаруын ұқыпсыз сақтау), «елеулі зардаптарға соқтырса» (мысалы 308 баптағы билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану), деген белгілер кездеседі. Мұндай белгілер кездескенде қылмыс жиынтығының бар немесе жоқ екендігін анықтау үшін Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын қарау керек, егер бұл мәселе қаулыларда қарастырылмаған болса, онда осы терминнің бұл қылмыстағы роліне, мағынасына, яғни «елеулі зардап, ауыр зардаптар» деген ұғымға сиятын, сипайтынына назар аудару керек. Мысалы атыс қаруын ұқыпсыз сақтау қылмысы материалдық құрамға жатады, сондықтан қылмыстың аяқталу кезеңі үшін тиісті, яғни атыс қаруын қолдану нәтижесінде туындайтын зардаптар келген кезден қылмыс аяқталды деп танылады. Басқаша айтқанда атыс қаруын ұқыпсыз сақтаудың өзі қылмыс болып саналмайды, ол әкімшілік құқық бұзушылық ретінде бағаланады, сондықтан өзге адамдардың денсаулығына, өміріне ауыр зардаптарға келгенде ғана қылмыс болып табылады және қылмыс жиынтығы емес, бір қылмыс ретінде 253 баппен бағалануға жатады. Бұл жағдайда қылмыс жиынтығының қолданылмауы, ол адамның өмірі мен денсаулығына келетін зардаптардың «ауыр зардаптар» деген ұғымнан шығатынына ғана байланысты емес, сонымен қатар қаруды ұқыпсыз сақтаған адамның іс-әрекетімен туындаған зардаптың арасындағы себепті байланыстың тікелей болмауына байланысты деп түсіну керек. Яғни адам қаруды ұқыпсыз сақтағанда ол бірден және барлық кездерде ауыр зардаптарға әкеле бермейді, ұқыпсыз сақталған қаруды басқа адам алып оны қылмысқа пайдаланғанда немесе балалар алып ойнап біреуді атып алғанда қарудың егесі мен зардаптың арасында бір факт, уақиға орын алады. Адамның іс-әрекеті мұндай кезде зардаппен тікелей байланысты болмайды, сондықтан ауыр зардаптар туындағаны үшін жауап бермейді, ол ауыр зардаптың туындауына себепші болған қаруды ұқыпсыз сақтағаны үшін кінәлі деп танылады. Бірақ **заң баптарында «ауыр зардаптар» деген белгі кездескенде барлық кезде бір қылмыс деп бағалау керек деп түсінуге болмайды. Туындаған ауыр зардап түрінің осы қылмыстың мағынасына жақын, онымен көпшілік жағдайда байланысты екендігін ескеру керек. Егер ол қылмыстың мағынасына жақын болмаса, онда қылмыс жиынтығы орын алады.**

Жоғарыда заң баптарында «елеулі зардаптар» деген ұғым қолданылатынын айттық. Бұл белгінің мағынасында нақтылық жоқ болғандықтан қылмыстық құқықта бағаланушы белгіні білдіреді. 308 баптағы билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдаланудың бір нысаны ешкімнің де жасауға құқығы жоқ әрекеттерді жасау болып табылады және бұл белгінің мағынасы лауазымды адамның, мемлекеттік қызметшінің қарамағындағы жұмысшының ар-намысына тиетін сөздер айтуын, ұрып-соғуын білдіреді. Демек, лауазымды адам қарамағындағы қызметшіні ұру кезінде оның денсаулығына, өміріне зардаптар келтіруі де мүмкін. Бірақ адамның өміріне зардап келтіру қызмет саласындағы қылмыстармен үндеспейтіндіктен және бұл қылмыстарда елеулі зардаптар мекемелер мен азаматтардың, мемлекеттің заңды мүдделері мен құқықтарына әр түрлі, көбінесе мәртебесіне, беделіне, ар-намысына бағытталған немесе мүліктік зардаптар келтіру түрінде көрініс береді. Сондықтан лауазымды адамның немесе мемлекеттік қызметшінің басқа адамның өмірі мен денсаулығына зардаптар келтіруі қылмыстар жиынтығымен квалификациялануы керек.

Қылмысты іс-әрекеттерге құқықтық баға беруде, кейбір жағдайларда қылмыс жиынтығы түрінде бағалауға келетін әрекеттерді бір қылмыс ретінде квалификациялау кездеседі. Құқықтық бағалауды бұлай жүргізуге негіз беретін басты себеп, екі қылмыстың бірінің қоғамға қауіптілігі екіншісімен салыстырғанда елеулі көлемде төмен болуына немесе бір қылмыстың жасалуы үшін басқа бапта жеке қылмыс ретінде белгіленген әрекеттің қолданылу шарттылығы болып табылады деп түсіну керек. Бұл ережені қоғамға қауіптілігі ауыр құрамның қоғамға қауіптілігі жеңілдірек құрамды сініру қағидасына жатқызуға болады. Мысалы ірі мөлшерде ұрлық жасау мақсатымен бір неше рет ұрлық әрекеттері жасалып, олардың әр қайсысы келтірген зардап көлемі бойынша аяқталған қылмысты білдіргенде жасалған ұрлық бір неше рет қайталанған ұрлық ретінде немесе 175 бап 2 бөлімінің «б» және 3 бөлімінің «б» пункттерімен емес, бірден 3 бөліммен ірі мөлшерде жасалған ұрлық деп квалификацияланады. Осы сияқты кісі өлтіру қылмысында атылатын қару немесе фин пышағы қолданылса, қылмыстар жиынтығымен емес, кісі өлтіру деп бір қылмыс түрімен квалификацияланғаны дұрыс. Мұндай квалификация тәртібін құқық қорғау органдары қызметкерлері қолдана бермейді, олар мұндай жағдайды қаруды заңсыз пайдалану және қасақана кісі өлтіру деп қылмыстар жиынтығымен бағалау жүргізу-

ге әдеттенген. Осы сияқты уақиғаларды бір қылмыс ретінде бағалаудың негізі, ол кісі өлтіру қылмысын жасау үшін қылмыс құралын қолданудың көпшілік жағдайларда қажет болуы немесе осы қылмыс түріне тән болуы және қоғамға қауіптілігі бойынша қаруды заңсыз сақтау және қолдану қылмысының кісі өлтіруге қарағанда төмен болуы болып табылады. Екі қылмыстың бірінің қоғамға қауіптілік дәрежесі екіншісімен салыстырғанда төмен болғанда, барлық кездерде бір қылмыс деп бағалай беруге болмайды, бір қылмыс деп бағалау үшін жиынтықтағы екі қылмыстың бірі екіншісінің орындалуы үшін қажетті, шартты болуы және қауіптілік дәрежесі ауыр қылмыспен салыстырғанда маңызы шамалы деген түсінік болғанда қолданылуы керек.

Осы айтылғандардан жекелеген қылмыспен қылмыстың идеялық жиынтықтарын дұрыс ажырата білу үшін қылмыстық құқықтық нормалардың мазмұнын терең түсіне білу, оны меңгеру қажет екендігі көрінеді. Сондықтан заң нормаларын түсіндіру және қылмыс құрамдарының белгілерін қарастыру мәселесіне жеткілікті көңіл аудару керек. Қылмыстық заң нормаларының күрделі сипатта кездесіп отырғанын, осы қылмыста өзге қылмыстардың да белгілері қамтылғанын, сондықтан бұл қылмыс үшін жауаптылық көлемі де жоғары белгіленгенін заң қолданушы қызметкерлердің түсінуі, қылмысты квалификациялау жұмысын бір шама сауатты жүргізуге әсер етеді.

Біз жоғарыда негізінен идеялық жиынтық бойынша квалификация ережелерін келтірдік. Бір адамның қылмыстық заңның әр түрлі баптарымен немесе бөлімдерімен қарастырылған қылмыстарды жасауында нақты жиынтық жиі кездеседі. Нақты жиынтықпен идеялық жиынтықтың басты айырмашылығы әр қайсысы аяқталған қылмысты білдіретін кінәлі адам тарапынан жасалатын әрекеттердің санында болып табылады. Нақты жиынтықта қылмыскер әр түрлі қылмысты білдіретін іс-әрекеттерді жеке-жеке жасайды. Қылмыстар жиынтығының нақты түрінің құқықтық маңыздылығы, ол жаза тағайындау, жазамен жауаптылықтың талап мерзімінің ескіруіне әсер ететіні мұнан бұрын да айтылды.

Қылмыстың нақты жиынтығын құрайтын қылмыстар жасалу уақыты бойынша әр түрлі уақыт аралықтарын қамтуы мүмкін. Бұл аралықтардың арасы бір неше минуттардан бастап бір неше жылдарға дейін созылуы мүмкін. Мысалы көлік құралын пайдалану ережелерін бұзу әрекетінің салдары адамдардың денсаулығына немесе өміріне зардаптар келтіргенде және қылмыс жасаған адам жауаптылықтан құтылып кету

мақсатында қылмыс орнынан кетіп қалғанда қылмыс жиынтығы орын алып, ол 296 және 297 баптармен қосып квалификацияланады. Жасалған қылмыстардың арасы жақын немесе ұзақ болуы қылмысты квалификациялауға әсер етпейді. Бастысы алдыңғы қылмыс үшін жауаптылықтың талап мерзімінің өтпегендігі немесе әлі жауаптылыққа ол адамның тартылмаған болуы.

Қылмыстардың нақты жиынтығындағы қылмыстардың ара қатынасы да әр түрлі деңгейде бола алады. Яғни жиынтықтағы қылмыстардың объектілері бірдей (қылмыстық заң бір неше рет қайталанған қылмыс ретінде арнайы көрсетпегенде, мысалы бірінші қылмыс қасақана кісі өлтіру болса, екіншісі абайсыздықта қаза келтіру болуы мүмкін) немесе ұқсас, сондай-ақ әр түрлі бағыттардағы қоғамдық қатынастар түрінде кездесуі мүмкін. Нақты жиынтықта қылмыстардың объективтік жақ белгілері сәйкес келмеуі керек. Екі қылмыстың да объективтік жақ белгілері бірдей болғанда олар бір неше рет қайталанған қылмыстарды білдіретін сияқты болып көрінеді. Ал қылмыстық заңда келтірілген объективтік жағы белгілері бірдей, тек өзге құрам элементтері бойынша ажыратылатын қылмыстарға көңіл аударсақ, онда мұндай қылмыстардың бір адаммен жасалуы барлық кездерде бір неше рет қайталанған қылмыс деп тануға заңды негіз бермейді. Мысалы 187, 188 баптардағы қасақана немесе абайсыздықпен бөтеннің мүлкін бүлдіру немесе жою, сондай-ақ жоғарыда аталған 96 және 101 баптармен қарастырылған басқа адамға қасақана немесе абайсыздықта қаза келтіру қылмыстары бір адаммен жеке-жеке жасалғанда нақты жиынтықты білдіріп, қылмыстар жиынтығымен қылмыс квалификацияланады. Аталған қылмыс түрлерінде объективтік жақ белгілерінің ішінен тек іс-әрекеттің түрі ғана емес, зардаптың түрі де бірдей. Бұл қылмыстарды бір неше рет жасалған қылмыстар деп бағалауға болмайды, себебі бір неше рет қайталанған қылмыстардың мағынасы ҚК 11 бабының 1 бөліміне сәйкес бір баппен немесе оның бөлімдерімен қарастырылған қылмыстар, сонымен қатар осы баптың 2 бөліміне орай, әр түрлі қылмыстар баптың өзінде бір неше рет қайталанған қылмыс ретінде бағалау туралы ескертпе болғанда құрайды. Сондықтан кейбір әдебиеттердегі «Жасалған қылмыстардың объективтік жақ белгілері нақты жиынтықта бір-бірімен сәйкес болмайды» деген шешіммен келісуге болмайды.¹ Нақты жиынтықтағы қылмыстардың кінә нысаны, ниеті мен мақ-

¹Кудрявцев В.Н. Аталған еңбекте, 2001. С. 254.

саты бірдей болуы да, әр түрлі болуы да мүмкін. Себебі бұл белгілер көпшілік қылмыстарға тән болып табылады, яғни қылмыстардың барлығы қасақаналықпен немесе абайсыздықпен, ниет түрі бойынша көбінесе пайдақорлықпен немесе бұзақылықпен жасалады.

Идеальдық жиынтықтағыдай қылмыстардың нақты жиынтығы түрінде де қылмыстың субъектісі маңызды белгі ретінде бағаланады, өйткені қылмыс жиынтығын бір адамның жасаған қоғамға қауіпті әрекеттері құрайды. Бірақ идеальдық жиынтықпен салыстырғанда нақты жиынтықта қылмыс субъектісі басқа құқықтық мағынаға өзгеруі мүмкін. Мысалы бірінші қылмысты кәмелетке толмаған кезде жасаса, екінші қылмысты 18 толғаннан кейін жасауы мүмкін.

Демек, жиынтықтағы қылмыстар құрам элементтерінің кейбір белгілері бойынша ұқсас бола алады, бірақ бұл қылмыстардың арасында ұқсастық болғанның өзінде олар жеке қылмыс құрамдары деп саналатын қылмыс түрлері болуы керек. Мұндай жағдайда бір баптың әр түрлі бөлімдерімен қарастырылған құрамдарды жеке-жеке әрекеттермен жасау нақты жиынтықты білдіре ала ма деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа әдебиеттерден ия деген жауапты кездестіруге болады.¹ В.Н. Кудрявцев «Тек әр түрлі құрамдар бола алатын идеальдық жиынтықпен салыстырғанда нақты жиынтықты бір қылмыс құрамының әр түрлі көріністері де құрай алады. Әр түрлі уақыттарда жасалған үй-жайға кіріп және ірі мөлшерде жасалған ұрлықтар ҚК 158 баптың екі бөлімі бойынша (Ресей заңы бойынша) жауаптылыққа соқтырады», - дейді. Сөйтіп осы шешімін 1970 жылғы 6 қазандағы КСРО Жоғарғы Соты Пленумының «көлікті пайдалану және жол жүру ережелерін бұзу, ҚК 211 баптың бір неше бөлімдерімен қарастырылған ауыр зардаптарға соқтырғанда, бірақ бір қылмысты құрағанда баптың ең ауыр зардап көрсетілген бөлімімен квалификацияланады. Бірақ, егер мұндай әрекеттер әр түрлі уақыттарда жасалса және туындаған салдар өз ара байланысты емес жол жүру ережелерін бұзудың нәтижесі болып табылса, онда оларды нақты жиынтық ретінде бір баптың бір неше бөлімдерімен квалификациялау керек» деген жетекші түсіндірмесімен негіздейді. Біздің ойымызша жеке-жеке жасалған бір баппен бағалауға жататын қылмыстар әдеттегі ереже бойынша бір неше рет қайталанған қылмыс деп танылады. Жоғарыдағы В.Н. Кудрявцевтің меншікке қарсы жекелеген әрекеттермен жасалған қылмыстарды нақты жиынтық деп бағалауын Қазақстан заңымен салыстырып көрейік. ҚР ҚК бойынша адам бірінші рет үй-жайға

1. Кудрявцев В.Н. Аталған еңбекте, 2001. С.255.

кіріп, екінші рет ірі мөлшерде ұрлық жасаса, онда әдеттегі ереже бойынша бір неше рет жасалған ұрлық деп 175 баптың «б» пунктімен бағалануы керек. Бірақ мұнан бұрын айтқанымыздай, ірі мөлшерде жасалған ұрлық 175 баптың 3 бөлімінде қарастырылуына байланысты 2 бөлімдегі «бір неше рет» жасалған ұрлыққа сыймайды, яғни ірі мөлшерде ұрлық жасаудың бір амалы ұрлықты бір неше рет қайталау деп танылады. Қалай болғанда да Қазақстан қылмыстық заңы үй-жайға кіріп жасалған және ірі мөлшерде жасалған ұрлықты нақты жиынтық деп тануға мүмкіндік бермейді, өйткені Ресей қылмыстық заңымен салыстырғанда Қазақстан заңында 175-181 және 248, 255, 260 баптардағы қылмыстар жасалса, онда бір неше рет жасалған қылмыс деп тану туралы арнайы ескертпе бар. Бір баппен қарастырылған қылмыс әр түрлі құрамдық көріністермен бір неше рет жасалғанда оларды нақты жиынтық деп тану-бұл бір бапты квалификация кезінде екі рет қолданғанмен бірдей, мысалы 175 бап 2 бөлімі «в» пункті, 175 бап 3 бөлім «б» пункті. Мұндай квалификация қате болып табылады. Себебі заң нормаларын қолданғанда оларды ыңғайлы, үйлесімді және тиімді қолдану тәртібін сақтау керек, сондықтан бір қылмыс екі рет жасалды екен деп бапты да екі рет қолданған дұрыс шешім емес.

Біздің бағытымыз бойынша ұрлық жоғарыдағыдай белгілермен екі рет жасалғанда, нақты жиынтық ретінде тани отырып, 175 бап 2 бөлімі «в» пунктімен (үй-жайға кіріп жасалған ұрлық) және 3 бөлімі «б» пунктімен (ірі мөлшерде жасалған ұрлық) квалификация жасау керек. Бұл үлгіде әдеттегі ережеге сүйеніп, бірден 3 бөліммен бағалауды ұсынбау себебіміз, ол «үй-жайға кіру» деген белгіні «ірі мөлшерде» деген белгінің қамти алтынына немесе қамти алмайтынына байланысты болып табылады. Ал мұнымен қоса қылмыстың екі рет жасалғандығы олар істің эпизодтарынан да көрінеді. Қылмысты құқық теориясында бір қылмыс құрамының бір неше көріністермен жасалуын баптың бір неше бөлімдерімен квалификациялау және мұндай кезде қылмыстардың жиынтығы деп бағалау туралы ұсыныс кездеседі.¹

Қылмыстарды нақты жиынтық түрінде танудың негізгі белгілері, әр қайсысы аяқталған қылмысты құрайтын іс-әрекеттердің жеке-жеке жасалуы және олардың әр түрлі баптармен, бөлімдермен бағалануы болып табылады. Бірақ қылмысты іс-әрекеттерге құқықтық баға беруде

¹ Блум М.И. Понятие и признаки совокупности преступлений // Вопросы уголовного права и процесса. Рига, 1969. С.31-33. Кудрявцев В.Н. Аталған еңбекте, 2001. С.268.

қылмысты әрекеттердің эпизодтары бір уақыт аралығында немесе сол кездерде жасалып, нәтижесінде бұл әрекеттер қылмыстардың жиынтығына жататын жекелеген қылмыстар екендігі немесе бір қылмыс құрамының жеке белгісі екендігін анықтау қажеттілігі туындайтын кездер болады. Мысалы кінәлі, адамның өміріне немесе денсаулығына қарсы бағытталған әрекетті жасап, содан кейін оның мүлкін алады. Мұндай жағдайда қылмыстың пайдақорлық ниетпен кісі өлтіру екендігі немесе жай кісі өлтіру және меншікке қарсы қылмыс екендігін анықтау қажет болады. Қылмыстың жиынтығы немесе күрделі құрамға жататын бір қылмыс орын алғанын анықтау үшін кінәлінің қоғамға қауіпті мақсат, ниетін анықтап ғана қоймай, әр әрекетті жасауға себеп болған жағдайларды, олардың орындалу уақытын да ескеру қажет. Егер адамның мүлкін алу үшін денсаулығына немесе өміріне зардап келтірілсе, онда қасақаналықпен туындаған зардаптың түріне қарай пайдақорлық ниетпен кісі өлтіру немесе қарақшылық қылмысы деп бір қылмыс ретінде бағалау керек. Себебі 96 және 179 баптар пайдақорлық ниетпен жасалған әрекеттерді қамти алады. Мұндай қылмыстарда 103 баптағы денсаулыққа зардап келтіру қылмысын қолдануға болмайды, себебі біріншіден 103 баптың бөлімдерінде пайдақорлық ниет үшін арнайы жауаптылық қарастырылмаған және екіншіден пайдақорлық ниетпен денсаулыққа зардап келтіру әрекеті қарақшылық қылмысын білдіреді. Мұндай бағалау қылмыскерде алдымен пайдақорлық болып, оны іске асыру үшін жәбірленушіге зардаптар келтіргенде қолданылады. Ал кінәліде қылмыстың бастапқы кезеңінде мұндай ниет болмай, алдымен адамды өлтіріп немесе жарақаттап содан кейін ғана меншікке қарсы бағытталған әрекет жасаса, онда кісі өлтіру және ұрлық немесе денсаулыққа зардап келтіру және тонау ретінде бағаланып, қылмыстар жиынтығымен квалификацияланады. Мұндай шешім квалификацияны қылмыскердің қасақаналығының бағыты бойынша жүргізу керек деген қағидадан шығады және қылмыстар жиынтығы бойынша квалификация жасағанда әр бір әрекетке толық құқықтық баға беруді білдіреді.

§3. Бір неше рет жасалған қылмысты квалификациялау

Қылмыстық заңның 11 бабына сәйкес, бір неше рет жасалған қылмыс дегеніміз, Кодекстің Ерекше бөлімінің белгілі бір бабында немесе баптың бөлімінде көзделген екі немесе одан да көп әрекетті жасау болып табылады. Демек бір неше рет жасалған қылмыстардың мағынасы,

әр қайсысы аяқталған болып табылатын бір қылмыс түрін бір неше рет жасауды білдіреді. Бір адаммен бір қылмыс бір неше рет жасалғанда және ол қылмыстар бойынша жауаптылыққа тартылмағанда қылмысты квалификациялаудың арнайы ережесі қолданылады және бұл ереженің негізгі мағынасы қылмыстық іс құжаттарында бір қылмыс түрі бір адаммен қайталанып бір неше рет жасалғандығы үшін бір бапты бір неше рет қолданбауды білдіреді.

Оқулық және зерттеу әдебиеттері бір неше рет жасалған қылмыстарды жалпы және арнайы түрлерге бөледі.¹ Мұндай бөлу бір неше рет қылмыс жасауды кең және тар көлемде қарастырғанда шығады. Қылмыстық құқықта қылмысты бір неше рет қайталауды тар немесе нақты мағынада қолданады. Бір неше рет жасалған қылмыстардың жалпы түрі ретінде қылмыс жасаған адамның қайтадан кез-келген қылмыс түрін жасауы алынады және жалпы түрде қылмысты бір неше рет қайталаудың ұғымы көптік қылмыстардың өзге түрлеріне де, мысалы қылмыстар жиынтығына, қылмыскердің қайталануына да сәйкес келеді. Сондықтан бұрын қылмыс жасаған адамның кейін де тағы қылмыс жасауы, қылмыскердің жеке басының қоғамға қауіптілік дәрежесінің жоғарылығын көрсетеді, яғни адам қылмыстарды қасақаналықпен ғана жасағанда ол адамның қылмыстылыққа бейімделгендігі байқалады.

Қылмыстық құқық бір неше рет жасалған қылмыстар ұғымын нақты мағынада қолданады дедік, әйтсе де 1998 жылдан бері қолданылып келе жатқан қылмыстық заңның бір неше рет жасалған қылмыстардың бастапқы ұғымын кеңейтуге тырысқаны байқалады. Өйткені қолданыстағы заң 11 баптың 2 бөлімінде өз ара ұқсас қылмыстарды бір адам жасағанда және ол Ерекше бөлімнің баптарында арнайы келтірілгенде ғана бір неше рет жасалған қылмыстар ретінде тануды ұсынады. Қылмыстық кодексте объектісі немесе объективтік жақ белгілері өз-ара ұқсас қылмыстар көп, бірақ заң ондай қылмыстар қайталанғанда бір неше рет жасалған қылмыстар ретінде тани бермейді, ол үшін қылмыстардың құрам элементтерінен басқа да айрықша ұқсастығын ескереді. Мысалы бір тектес қылмыстарды бір неше рет жасалған қылмыстар ретінде бағалау туралы ескертпе 175 бапта кездеседі және онда тек ұрлық қыл-

¹ Рогов И.И. Уголовное право Республики Казахстан. (Общая часть) /Под ред. И.И. Рогова, С.М. Рахметова. Алматы: изд. «Норма-К», 2005г Малков В.П. Повторность преступлений. Казань, 1974. С.115. Кудрявцев В.Н. Аталған еңбекте. 2001. С.260. Фролов Е.А., Галиакбаров Р.Р. Множественность преступных деяний как институт советского уголовного права. Свердловск, 1967. С.14.

мысын ғана емес, сонымен қатар 175-181 баптар арасындағы және 248, 255, 260 баптардағы қылмыстарды жауаптылыққа тартылмай тұрып бір адам жасаса, бір неше рет жасалған қылмыс деп тану керектігін ескертеді. Негізінде заң шығарушы 175-181 баптар арасындағы қылмыстарды бір неше рет қайталанған қылмыстар деп тану туралы ескертпе жасағанда, бұл қылмыстардың объектісі, кінә нысаны, ниетімен мақсаты бойынша ұқсастығын ғана емес, негізінен бұл қылмыстардың талан-тараж ұғымына жататындығын ескерген деп түсіну керек.

Бір неше рет жасалған қылмыстардың түсінігін меңгеру және квалификация тәртібін дұрыс жүргізу үшін оның жалғаспалы, созылмалы және қылмыстар жиынтығынан айырмашылығын білу керек.

Жалғаспалы қылмыстар дегеніміз барлық жасалған бір тектес немесе бірдей әрекеттердің бір қылмыстың құрамын қамтуы болып табылады. Жалғаспалы қылмыстарда әр бір жасалған әрекетті қоғамға қауіпті деп танығанмен, оларды жеке алғанда аяқталған қылмысты білдіре алмайды немесе қылмыс деп бағалауға болатындай қоғамға қауіптілік дәрежесін көрсетпейді. Сондықтан жалғаспалы әрекеттерді бөліп алғанда, олар жекеше қылмыстарды білдіре алмайды. Қылмыскердің қылмысты ниеті мен мақсатын және практикалық мүмкіндіктерді ескерсек, онда бұл айтып отырғандар жалғаспалы қылмыстардың формальды ұғымын білдіреді деуге болады. Өйткені жалғаспалы әрекеттердің әр қайсысының немесе оның кейбіреулерінің келтірген зардаптары немесе қоғамға қауіптілік дәрежелері аяқталған қылмыс дәрежесінде болуы мүмкін. Мұндай жағдайды біз әдетте бір неше рет жасалған қылмыс деп бағалаймыз. Бірақ қылмыскерде ірі мөлшерде зардап келтіру немесе ірі мөлшерде пайда табу мақсаты болып, сол үшін әр қайсысы аяқталған қылмысты білдіретін әрекеттер жасағанда, біз қылмысты ірі мөлшерде зардап келтіру ретінде бағалаймыз. Мұндай құқықтық бағалау барлық жасалған әрекеттерді бір қылмыс деп тануды білдіреді және соған сәйкес «бір неше рет қайталанған қылмыс» деген квалификация тәртібі қолданылмайды. Сол сияқты ірі мөлшерде зардап келтіру үшін бір неше рет жасалған әрекеттер де жалғаспалы қылмыстар деп танылмайды, яғни әр бір жасалған әрекет аяқталған қылмыс дәрежесінде болуына байланысты жалғаспалы қылмыс туралы түсінікке сәйкес келмейді. Осындай жетекші ұсынысты 1972 жылғы 11 шілдедегі «мемлекеттік және қоғамдық мүлікті талан-таражға салу істері бойынша сот практикасы туралы» КСРО Жоғарғы Соты Пленумы қаулысынан кездеміруге болады. Онда аса ірі мөлшерде талан-тараж жасағаны үшін жауаптылық қыл-

мысты жасау тәсілі мен нысанына қарамай туындайтындықтан, бір неше рет кез-келген тәсілмен жасалған талан-тараж ірі мөлшерде жасалған қылмыс деп танылатыны келтірілген. Бұл айтылғандар қылмысты квалификациялау туралы ережелерді қолдана отырып бергендегі құқықтық баға болып табылады. Ал қылмыстық заңның мүмкіншіліктерін ескерсек айтылып отырған ереже барлық кездерде осылай қолданыла бермейді. Себебі қылмыстық заңның барлық баптары «ірі мөлшерде зардап келтірсе», «бір неше рет қайталанса» деген жауаптылықты ауырлататын құрамдарды келтіре бермейді. Сондықтан **заңның кейбір баптарында қылмыстың қауіптілігін ауырлататын белгі ретінде «бір неше рет жасау» арнайы келтірілмесе, онда әр қайсысы аяқталған қылмысты білдіретін бір тектес әрекеттер бір қылмыс деп танылуы қажет және баптың көлемінде жауаптылықты ауырлататын құрам қарастырылған болса, онда осындай бөліммен квалификациялануы қажет. Егер мұндай да құрам түрі болмаса, онда бір қылмыс ретінде баптың негізгі бөлімімен бағалануға жатады.** Бірақ мұндай қажетті кезде «ірі мөлшерде» деген құрам түрін қолданыстағы заңнан таппау қиын. Өйткені қазіргі қылмыстық заң қасақаналықпен жасалатын және ірі зардап келтіру орын алуы мүмкін қылмыстардың барлығына осындай ауырлататын құрамды келтірген деуге болады. Жоғарыда келтірген бір тектес әрекеттердің әр қайсысы аяқталған қылмысты білдіргенде және баптың көлемінде «бір неше рет жасау» деген арнайы құрам болмағанда, іс-әрекеттерді бір қылмыс және жалғаспалы қылмыс деп тану туралы ұсыныс кездеседі.¹ Біз мұндай ұсынысты құп көрмейміз, себебі жалғаспалы қылмыстың немесе жалғаспалы әрекеттердің негізгі мағынасы жоғарыда айтқандай жекеше алғанда аяқталған қылмысты білдіре алмайтын ұсақ, қоғамға қауіптілігі елеусіз әрекеттердің жиынтығы болып табылады. Біз осы түсінікті сақтай отырып шешім жасағанды жөн көреміз.

Сонымен, жалғаспалы қылмыстырдың бір неше рет жасалған қылмыстардан ерекшелігі ретінде бір неше әрекеттердің бірдей немесе ұқсас тәсілмен жасалуы және қысқа уақыттар аралығында орындалуы болып табылады. Бір ескерте кететін жәйт, ол жалғаспалы қылмыстар аяқталу немесе соңғы уақыты белгіленбей, кәсіп ретінде үнемі жасалуы мүмкін. Мысалы тұтынушыларды алдау қылмысында өлшеу аппаратының дұрыс болмауы, осындай әрекеттердің соңғы мерзімінің анықталмағанын

¹Яковлев А.М. Совокупность преступлений по советскому уголовному праву. М., 1960. С. 32-33.

білдіреді. Мұндай ерекшелік бір неше рет жасалған қылмыстарда бола алмайды, өйткені әр қайсысы аяқталған болып табылатын бір қылмысты бір неше рет жасағанда қылмыстың заң жүзінде аяқталуы әр қылмыста жекеше болады, ал бір неше рет жасалған қылмыс деп бағалау үшін аяқталу уақытын анықтау туралы мәселе қоюға болмайды, бастысы аяқталған бір қылмысты білдіретін әрекеттің кем дегенде екі рет жасалуы жеткілікті. Сонымен қатар кінәлі бір тектес қылмысты бір неше рет жасауды көздеп, бірақ бір қылмысты жасағаннан кейін екінші осындай әрекетті жасап үлгірмесе, онда қылмысты бір неше рет жасауға оқталу деп квалификация жасау керек.

Егер қылмыстық заңда «бір неше рет жасау» ауырлататын құрам ретінде қарастырылмаған қылмыс бойынша қылмыскер бірінші әрекетті аяқталған түрде жасағаннан кейін осындай қылмысты екінші рет жасауға үлгірмесе, яғни екінші әрекетте қылмысқа оқталу орын алса, онда қылмыс баптың негізгі бөлімімен квалификациялануы керек. Өйткені мұндай әрекеттерді қылмысқа оқталу деп бағалауға болмайды, себебі бірінші жасалған әрекет аяқталған қылмысты білдіреді. Сондай-ақ заңның құрылымы осындай болғанда қылмысты бір неше рет жасалған деп бағалауға да болмайды, себебі қылмыс шындығында бір неше рет қайталанған жоқ және баптың көлемінде осындай ауырлататын құрам түрі де жоқ. Қылмыстық заңда қасақаналықпен жасалатын қылмыстардың барлығы «әлденеше рет жасаса» деген арнайы құрамды келтіре бермейді, мысалы 314 баптағы қызметтік жалғандық жасау қылмысында мұндай жауаптылықты ауырлататын құрам түрі жоқ.

Жалғаспалы қылмыстардың маңызды белгілерінің бірі, жасалған қылмыстар объектілерінің, қылмысты салдардың, сонымен қатар субъективтік жақ белгілерінің, яғни кінә нысанының, қылмысты мақсатпен ниеттің түрінің және қылмыс субъектісінің де бірдейлігі болып табылады. Негізінде «қылмысты бір неше рет жасау» деген ұғымның да негізгі мағынасын осы құрам элементтерін құрайтын белгілердің жасалған әрекетте бірдей болуы білдіреді. Бұл белгілер әр түрлі болғанда қылмыс көптілігінің басқа түрі, қылмыстар жиынтығы орын алады.

Қылмысты бір неше рет жасаудың жекелеген қылмыстардың бір түрі болып табылатын созылмалы қылмыстармен де айырмашылығы және ұқсастығы байқалады. Ұқсастығы ретінде қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің ұзақ уақыттарды алатындығында, яғни бір неше рет жасалған қылмыстарда бір тектес немесе бірдей әрекеттер бір неше рет аяқталған түрде

жасалса, ал созылмалы қылмыстарда қоғамға қауіпті деп танылатын бір іс-әрекет жасалып, одан кейінгі уақыттар қылмысты деп танылады. Мұндай қылмыстардың айырмашылығы ретінде жасалатын әрекеттердің көлемі алынады, яғни бір неше рет жасалған қылмыста әр қайсысы аяқталған қылмысты білдіретін бір тектес немесе бірдей іс-әрекеттер бір неше рет жасалса, ал созылмалы қылмыстарда қылмыстың басталу моментін білдіретін бір әрекет немесе әрекетсіздік орындалады және бұл қылмыстың аяқталу уақыты Ерекше бөлімнің баптарында белгіленген уақыттар өтуімен анықталып, қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесі қылмыс деп бағалайтындай дәрежеге көтеріледі. Мысалы 136 баптағы еңбекке жарамсыз ата анасын немесе балаларын асыраудан, сондай-ақ 140 баптағы еңбекке жарамсыз жұбайын (зайыбын) асыраудан үш айдан астам жалтару. Созылмалы қылмыстар көріп отырғандарыңыздай әрекетсіздікпен де, әрекет түрінде де жасалады. Әрекет ретінде әскери бөлімді тастап кету немесе қашқындық қылмыстарын келтіруге болады. Созылмалы қылмыстарда қылмыс субъектісі өзіне мемлекетпен қоғам арқылы жүктелген және адамгершілік санадан шығатын борыштарын орындаудан бас тартады.

Қылмысты квалификациялауда созылмалы және жалғаспалы қылмыстар бір қылмыс түрінде бағаланса, ал бір неше рет жасалған қылмыстарда әр бір әрекеттің аяқталған қылмыстық сипаты сақталады. Бұл жерде бір неше рет жасалған қылмыстар бір қылмыс деп немесе бір неше қылмыс деп бағалана ма деген сұрақ туындайды. Мұндай сұрақты қоюға себеп болып отырған жағдай, ол бір неше рет жасалған қылмыстарды квалификациялауда қылмыстық заңның бір бабының қолданылуы болып табылады. Әдетте сырттай қарағанда Ерекше бөлімнің бір бабын қолдану жеке бір қылмыстың жасалғанын білдіріп тұрады. Сұрақтың жауабын беру үшін осы тақырыптың атауын ескерудің өзі де жеткілікті тәрізді, өйткені бір неше рет жасалған қылмыстар көптік қылмыстардың бір түрін білдіреді және «бір неше мәрте жасалған қылмыс» деген атауда қылмыстың көптілігін көрсетеді деуге болады. Ал бір неше рет жасалған қылмыстарды квалификациялауда бір баптың қолданылуына келсек, ол мұнан бұрын айтқанымыздай қылмыстық заңның бір бабымен қарастырылған бір қылмыс бір неше рет жасалғанда сол бапты сонша рет қолдана беруге болмайтынына байланысты. Мысалы ұрлық бір адаммен жеті рет жасалса және оның бәрі аяқталған қылмысты білдірсе, жеті рет 175 бапты қолдана беруге болмайды. Бұл заң нормаларын тиімді қолдану талабын бұзады. Мысалы Л. 1998 жыл-

дың 17 қырқыүйегінде М-нің машинасының салонынан 50000 тенге тұратын мүлікті ұрлап кетеді. 1998 жылы 2 қарашада Л. тергеу кезінде кім екендігі анықталмаған адаммен алдын ала келісіп Х-ның үйіне кіріп, 125 800 тенге тұратын мүлікті тағы ұрлайды.

Бостандық аудандық сотының үкімімен Л. 175 баптың 1 бөлімімен және 175 баптың 2 бөлімінің «а,б,в» пункттерімен айыпты деп танылады және қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындайды.

Алматы қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы бұл үкімді өзгеріссіз қалдырады.

ҚР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы ҚР ҚК 175 бабының 1 бөлімімен айыптауды және қылмыстар жиынтығы бойынша жаза тағайындауды алып тастай отырып, бұл өзгерісті 175 баптың 1 бөліміндегі әрекеттер осы баптың 2 бөлімінің алдын ала келісіммен және үй-жайға кіріп, сонымен қатар бір неше рет жасауды білдіретін «а,б,в» пункттерімен толық қамтылатынын келтіріп және 11 баптың 5 бөліміндегі, қылмысты бір неше рет жасау ҚК баптарында жазаны қатал белгілеуге мүмкіндік беретін жағдай ретінде келтірілгенде қылмыс бір неше рет жасалған деп бағаланатынын келтіріп негіздейді. Осы негіздер арқылы 175 баптың 1 бөлімінің қолданылуы артық екенін дәлелдейді.¹ Шындығында бұл мысалдағы алдыңғы жасалған ұрлық қылмысы кейінгі жасалған ұрлықтың алдын ала келісім, үй-жайға кіріп жасау деген белгілеріне сәйкес келмейді. Өйткені бірінші жасалған ұрлық алдын ала келісіммен және үй-жайға кіріп жасалған жоқ. Егер алдыңғы ұрлық қылмысы да алдын ала келісіммен пайда болған топ адамдармен жасалса, онда бұл қылмыстарды жасаған топта тұрақтылық белісінің бар-жоқтығын анықтау керек және бұл белгі болғанда ұйымдасқан топ арқылы жасалған ұрлық деп бағалануы керек болады. Сондықтан алдыңғы жасалған ұрлықты кейінгі жасалған ұрлық қылмысы қамтиды және тұрақтылық белгісі болмағанда бір неше рет жасалған қылмыс деп саналады. Осы жерде мынандай мәселені қарастыра кетудің кезегі келіп тұр. Біз жоғарыда 11 баптың 2 бөліміне сәйкес, әр түрлі баптармен қарастырылған қылмыстар осы баптардың біреуінде бір неше рет жасалған қылмыстар деп тану туралы арнайы ескертпе болғанда, іс-әрекеттер бір неше рет жасалған қылмыс деп бағаланатынын келтірдік. Зерттеушілердің мұндай қылмыстарды квалификациялау туралы шешімі бойынша ұрлық және тонау немесе алаяқтық қыл-

¹ Судебная практика по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан 2000-2002. С.109-110.

мыстыры бір адаммен жасалғанда әрекеттерді қылмыс жиынтығы және бір неше рет жасалған қылмыс деп танып, біздің заңға келтіріп айтқанда 175 бап 2 бөлімі «б» пункті, 177 бап 2 бөлімі «б», 178 бап 2 бөлім «б» пункті деп квалификациялауды ұсынады және заңды осындай үлгімен қолданудың негізі ретінде «криминологиялық тұрғыдан алғанда қылмыстар жиынтығы мен бір неше рет жасалған қылмыстардың ішін ара сәйкес келетінін, яғни құрамы бойынша бірдей емес қылмыстар жасалғанмен, бірақ ұқсас қоғамдық қатынасқа бағытталған, әлеуметтік мағынасы бойынша жақын қылмыстар деп бағаланатынын» келтіреді.¹ Қазақстан Республикасының да сот-тергеу қызметкерлері де әр түрлі баптармен қарастырылған қылмыстарды бір неше рет жасалған қылмыстар деп тану туралы ескертпе болғанда, жоғарыдағыдай нұсқа бойынша жұмыс істейді.

Негізінде бұл мәселені басқаша шешу керек сияқты. Себебі жоғарыдағы ғалымдардың ұсынған бағыты бір неше рет жасалған қылмыстардың 11 баптың 1 бөліміндегі негізгі түсінігіне сәйкес келмейді. Негізгі түсінігі бойынша бір неше рет жасалған қылмыстар дегеніміз бір қылмыс түрінің бір неше рет бір адаммен жасалуын және ол қылмыстар бойынша жауаптылыққа тартылмауын білдіреді. Бұл біріншіден, екіншіден әр түрлі баптармен қарастырылған ұқсас қылмыстарды бір неше рет жасалған, әрі қылмыстар жиынтығы деп бағалау және заң баптарында осылай қолдану, бұл екі ұғым кейде бірдей мағынаға ие, олардың арасында айырмашылық жоқ дегенге келеді. Қылмыстар жиынтығы мен бір неше рет жасалған қылмыстардың айырмашылықтары мұнан бұрын да айтылды. Сондықтан заң бабында бір неше рет жасалған қылмыстар ретінде бағалау туралы ескертпе болғанда ұқсас қылмыстарды қылмыс жиынтығы түрінде де квалификациялауды дұрыс бағыт көрмейміз. Біздің бағытымызша тонау, қарақшылық және алаяқтық сияқты талан-тараждың түрлеріне жататын қылмыстар бір адаммен жасалғанда 179 баптың 2 бөлімімен квалификация жасаған дұрыс. Сол сияқты ұқсас қылмыстарды бір неше рет жасалған қылмыстар ретінде бағалау туралы денсаулыққа ауыр және орташа зардап келтіруді қарастыратын 103 бап 2 бөлімі «к» пунктінде және 104 баптың 2 бөлімінің «ж» пунктінде «бір неше рет жасалса немесе бұрын осы Кодекстің 96-бабында көзделген кісі өлтіруді жасаса» деген мазмұнмен бейнелеу т.б баптарда да кездеседі. Қылмысты әрекеттерді бір неше рет

¹ Кудрявцев В. Н. Аталған еңбекте, 2001. С.267. Гаухман Л.Д. Аталған еңбекте. С.302. Малков В.П. Повторность преступлений. Казан, 1970. С.116.

жасалған деп танығанда бір бапты қолдану керек, бірақ жасалған әр түрлі қылмыстардың қайсысының бабын қолдану керек дегенде, ол қылмыстардың ішіндегі ең ауыр қылмыс түрі үшін жауаптылық қарастыратын бапты қолданған дұрыс. Мұндай кезде бірінші кезекте немесе соңғы кезекте жасалған қылмыс түрі бойынша бапты қолданып та керегі жоқ. В.Н Кудрявцев, қылмыстар бір неше рет жасалған деп танылғанда заң бабындағы жауаптылықты қаталырақ қарастыратын арнайы бөлім қолданылатынын айта отырып, «Егер алдымен қарақшылық шабуыл жасалып, содан кейін ұрлық жасалса, онда кінәлінің әрекеттерін 158 баптың 2 бөлімімен «бір неше рет жасалған ұрлық) квалификациялау керек болады, бұл айыппұлды қолдана отырып, алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруды қолдануға ғана мүмкіндік береді. Ал егер қылмыстар жиынтығымен квалификацияласак, онда екі қылмыстың да жаза мөлшерлерін қосу арқылы 14 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын қолдануға болар еді және бұл жаза мөлшері қылмыскердің қауіптілігіне де сәйкес келер еді», - дейді.¹ Бұл жерде В.Н. Кудрявцев өз ара ұқсас болуына байланысты бір неше рет жасалған қылмыстар деп танылатын әрекеттерді соңғы жасалған қылмыс түрі бойынша квалификациялауды ұсынып отырған тәрізді. Бірақ мұндай амалдың жауаптылықты толық қолдануға мүмкіндік бермеуіне байланысты қылмыстар жиынтығын да қолдануды жөн көргені байқалады.

Біз ұқсас қылмыстардың бір неше рет жасалуы орын алғанда осы қылмыстардың ішіндегі ең ауыр түрі бойынша жауаптылық қарастыратын бір бапты қолданғанда, қоғамға қауіптілігі ауыр емес ұрлық, алаяқтық сияқты қылмыстардың қоғамға қауіптілік дәрежелері қарақшылық сияқты ауыр қылмыстың қауіптілік дәрежесіне сия алатынын ескеріп отырмыз. Мұнымен қатар ұрлық сияқты қылмысты жасаған адамның да қауіптілік дәрежесі, кінәнің ауырлығы оның дәрежесі де, жауаптылық көлемі де қарақшылық қылмысының жауаптылық көлеміне сия алады. Мысалы тонау қылмысы үшін жауаптылық қарастыратын 178 баптың 2 бөлімі 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын келтірсе, ал қарақшылық қылмысы бойынша 179 баптың 2 бөлімі 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын келтіреді. Демек, ұқсас қылмыстар бойынша бір неше рет қылмыстың қайталануы орын алғанда, жасалған қылмыстардың ішіндегі жауаптылық көлемі ауыр қылмыс түрін қолданып, бір бап бойынша квалифи-

¹ Кудрявцев В.Н. Аталған еңбекте. С.268.

кация жасау, бір неше рет жасалған қылмыстарды квалификациялаудың бастапқы негізгі ережесін сақтайды. 179 баптың 2 бөлімінің «б» пунктін қолдану, тек қарақшылық қылмысының бір неше рет жасалғанын көрсетпей ме, мұның ішінде ұрлық, тонау сияқты қылмыстардың бар екенін қайдан білеміз деген сұрақ туындауы мүмкін. Қолданылып отырған қылмыс түріне қарағанда жеңілірек қылмыстардың бар екендігі мұндай кезде істің эпизодтарынан көрінеді. Әрине сырттай қарағанда 179 баптың 2 бөлімі «б» пунктінің қолданылуы тек қарақшылық қылмыстарының бір неше рет жасалғандығын білдіреді.

Бір неше рет қайталанған қылмыстардың соттылықпен де ұқсастығы және айырмашылықтары бар. ҚК 11 бабының 3 бөліміе орай, «Егер адам бұрын жасаған қылмысы үшін заңмен белгіленген тәртіп бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған болса не адамның бұрын жасаған қылмысы үшін соттылығы жойылған немесе онысы алынған болса немесе мұндай қылмыс үшін қылмыстық жауапқа тарту мерзімі өтіп кетсе, қылмыс бір неше рет жасалған деп танылмайды». Яғни адамның бұрынғы жасаған қылмыстары бойынша соттылық мерзімі өтіп кеткен немесе алынып тасталған болса, онда бұрынғы қылмыс түрін қайта жасаған жағдайда да бір неше рет жасалған қылмыс деп бағаланбайды.

Егер ҚК баптарында ауырлататын құрам ретінде соттылық қарастырылса, онда алдыңғы қылмысы бойынша сотталмаған адамды бір қылмыс түрін жасағандығы үшін мұндай бөліммен квалификация жасауға болмайды. Себебі қылмысты бір неше рет жасау және соттылық жеке ұғымдар болып табылады. Сол сияқты соттылыққа қатысты мына ережені де ескеру керек, ҚК 77 бабы бойынша бұрын сотталған адамның соттылық мерзімі өтіп кеткен болса, онда ол адам қайталай бұрынғы қылмыс түрін немесе кез-келген қылмыс түрін жасағанда да бұрын сотталған адам болып есептелмейді және Ерекше бөлім баптарындағы соттылық туралы ауырлататын құраммен квалификацияланбайды. 1997 жылғы қылмыстық заңның оған дейінгі заңнан бір айырмашылығы осында болып табылады. Бұрынғы заң бойынша соттылығы өтіп кеткен адам қайталай қылмыс жасаса, онда бұрын сотталған адам деп танылып, заңның ауырлататын құрамы қолданылатын.

Бір ескерте кететін жәйт, ол кейбір баптада, мысалы денсаулыққа зардап келтіру келтіруді қарастыратын 103 және 104 баптардың 2 бөлімінде, сондай-ақ жыныстық қылмыстар үшін жауаптылық белгілеуге арналған 120, 121 баптардың 2 бөлімінде осындай тектес қылмыстарды

бір неше рет жасаған адамдардың жауаптылығы бұрын осындай қылмыстар жасағандығы үшін сотталған адамдардың жауаптылығымен бірге қарастырылған, бұл баптарда «бір неше рет жасалған немесе бұрын зорлау жасаған адам жасаса» деген мазмұнда жауаптылықты ауырлатын құрам келтіріледі. Бұрын жыныстық қылмыстар немесе адамның өміріне, денсаулыққа қарсы қылмыстар жасағаны үшін сотталған адамдарға «бұрын сотталған» деген анық белгі талан-таражды құрайтын қылмыстар үшін жауаптылық белгілейтін баптардың 3 бөліміндегідей бұл баптарда кездеспейді. Ал адамның өмірі мен денсаулығына, жыныстық бостандығына қарсы бағытталған қылмыстар практикалық тұрғыдан өзекті немесе жиі кездесетін қылмыстарды білдіреді. Сондықтан бұл баптарда бұрын сотталған адамдардың қайталай осындай қылмыстарды жасауын және ол үшін арнайы жауаптылықты заң шығарушының қарастырмауы мүмкін емес. Осы негізде **«бір неше рет жасалған немесе бұрын осындай қылмыстарды жасаған адамдар жасаса»** деп аталатын баптың бөліміндегі осындай қылмыстарды жасаған адамдардың қайталай жасауы деген белгі бұрын сотталған адамдардың әрекеттерін квалификациялауға арналған деп түсіну керек. Демек баптың көлемінде бұрын сотталған адамның осындай қылмысты қайталауы арнайы келтірілмесе, іс-әрекет бір неше рет жасалған қылмыс ретінде бағалануға жатады.

Баптың бөлімдерінде бір неше рет жасалғандық туралы арнайы бөлім болмағанда, жасалған қылмыстар бір қылмыс ретінде баптың негізгі бөлімімен квалификацияланып, бір қылмыстың жекелеген эпизодтары ретінде қарастырылады. Бұл жағдай шын мәнінде бір қылмыс жасаған адамдарға тағайындалатын жауаптылықпен бірдей көлемде жаза белгілеуге жетелейді. Өйткені бір неше эпизодтардан тұратын қылмыстарды баптың негізгі бөлімімен бағалғанда, сол бөлімдегі жазаның түрі мен көлемін ғана қолдана аламыз, тек қылмыстың бір неше рет жасалғандығын ескеру үшін осы негізгі бөлімде келтірілген жаза мөлшерінің ең жоғарғы деңгейіне дейін тағайындаудан аса алмаймыз.

Бір неше рет жасалған қылмыстарды ықтималдығы аз болса да абайсыздықтағы қылмыстарда құрауы мүмкін. Кінәнің абайсыздық нысанымен сипатталатын қылмыс түрі екі немесе одан көп рет жасалса бір неше рет жасалған қылмыс ретінде квалификация жасай алмаймыз. Өйткені қылмыстық заң абайсыздықпен жасалатын бір қылмыстың бір адаммен екі немесе одан көп рет жасалуы мүмкіндігінің ықтималдығы

аз екендігіне байланысты, заң баптарында бір неше рет жасағандық үшін жауаптылық қарастыратын арнайы бөлім келтірмеген. Сондықтан, **егер абайсыздықпен жасалатын бір қылмыс бір неше рет жасалса, онда қылмыстар бір қылмыстың жекелеген эпизодтары ретінде қарастырылады және квалификация кезінде баптың бір бөлімімен бағаланады.** Заңды осындай жағдайда бұлай қолданудың тағы бір себебі, ол бірдей қылмысты әрекеттер қылмыстың жиынтығын құрамайтындығына байланысты. Абайсыздықпен жасалған қылмыстарды осылай квалификация жасау туралы бағыт көрсеткенде, «кейбір абайсыздықпен сипатталатын баптарда, мысалы абайсыздықта қаза келтіру үшін жауаптылық қарастыратын 101 баптың 2 бөлімінде ауырлататын құрам ретінде екі немесе одан көп адамға қаза келтіру қарастырылған, осы бөлімді қылмыс бір неше рет жасалғанда қолдануға болмай ма» деген сұрақ туындауы мүмкін. Негізінде, 101 баптың 2 бөлімінің мағынасы, бір қылмысты іс-әрекет арқылы бірден екі немесе одан көп адамға қаза келтіруді білдіреді. Ал адамның жеке іс-әрекеттер арқылы екі адамға қаза келтіруі мұндай 2 бөлімдегі мағынаға сай келмейді. Мынандай да жағдай болуы мүмкін: Адам бірінші іс-әрекеті арқылы екі адамға, ал екінші әрекетімен бір адамға қаза келтіруі мүмкін. Мұндай жағдайда жасалған қылмысты іс-әрекеттер 101 баптың 2 бөлімімен бағалануы керек.

Қорыта айтқанда бір неше рет жасалған қылмыстарды квалификациялау мәселесі практикалық тұрғыдан ғана емес, қылмыстық құқық теориясында да даулы және көлемі бойынша күрделі болып табылады. Сонымен қатар бір неше рет жасалған қылмыстарға құқықтық баға беруде ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік актілеріде әлі бір ізділікке түскен жоқ және осы тақырып бойынша туынайтын мәселелерге жетекші түсініктер әлі толық қамтылған түрде берілмеген деуге болады. Сондықтан бір неше рет жасалған және қылмыстар жиынтығымен жасалған қылмыстарды квалификациялау мәселесі әлі де жетілдіруді қажет етеді.

§4. Қылмыстың қайталануы бойынша квалификация жүргізу

Қылмыстық кодекстің 13 бабына сәйкес, «Бұрын қасақана жасаған қылмысы үшін соттылығы бар адамның қасақана қылмыс жасауы қылмыстың қайталануы деп танылады». Қылмыстық заң қылмыстың қайта-

лануының үш түрін келтіреді: жай, қауіпті және аса қауіпті. 13 баптың 1 бөлімінде қылмыстың жай қайталануының түсінігін бере отырып, жалпы қылмыстың қайталануының да анықтамасын осы түсінік көлемінде қарастырған. Ал бұл түсінікті кеңірек мағынада қарастырсақ, онда қылмыстың қайталануы дегеніміз, бұрын қасақана қылмысы үшін сотталған немесе соттылық мерзімі өтпеген адамның қайталай қасақана қылмыс жасауын білдіреді. Қылмыстық құқық теориясында қылмыстың қайталануының түсінігі және оның түрлері даулы мәселе болып саналады. ҚК 13 бабының 2 және 3 бөлімдерінде қылмыстың қауіпті және аса қауіпті қайталануы түрлерін анықтау негізі ретінде қылмыстардың қоғамға қауіптілік санаттары алынған.

Қылмыстық құқықта қылмыстың қайталануының басқа да түрлері келтірілген. Мысалы жалпы және арнайы қайталану, пенитенциарлық қайталану деген ұғымдар кездеседі. Жалпы қайталану ретінде бұрын қасақана қылмыс жасаған, соттылығы бар адамның кез-келген қасақана қылмысты жасауы алынады. Яғни қылмыстың қайталануының бұл түрі кез-келген қасақана қылмыстардан құрала алады.

Арнайы қайталану дегеніміз, қылмыс жасағаны үшін сотталған адамның кейіннен қайтадан сол қылмыс түрін немесе соған ұқсас қылмыс түрін жасауы болып табылады.

Пенитенциарлық қайталану дегеніміз, бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтеген адамның, кейіннен тағы да қылмыс жасағандығы үшін бас бостандығынан айыру жазасына сотталуы болып табылады. Яғни екі рет бас бостандығынан айыру жазасын өтеген адамдар пенитенциарлық рецидив деп танылады.

Қылмыстың қайталануының қылмысты квалификациялауға әсері қылмыстық заң нормаларының осы белгіге арнайы бөлім арнауына немесе жауаптылық белгілеуіне қарай болады. Сондықтан ҚК 13 бабы жоғарыда айтқандай қылмыстың қайталануын жай, қауіпті, аса қауіпаті деп үш түрге бөлгенмен, қылмыстық заңның Ерекше бөлім нормаларында өзге де қайталану түрлері, мысалы арнайы қайталану кездеседі. Мысалы талан-таражды білдіретін қылмыстар үшін жауаптылық қарастыратын баптардың 3 бөлімінің «в»пункттерінде «ұрлық немесе қорқытып алушылық үшін бұрын екі немесе одан көп рет сотталған адам жасаған болса» деген кінәні ауырлататын құрам түрі кездеседі. Баптың осы бөлімінің осы пунктпен квалификация жасау үшін қылмыс жасаған адам бұрын осындай талан-таражға жататын немесе қорқытып алу қылмыстарын кем дегенде екі рет жасаған адам болуы керек. Бұрынғы

жасаған қылмыстарын қайталағандығы үшін арнайы жауаптылық басқа баптарда да кездеседі.

Арнайы қайталанудың қылмысты бір неше рет жасаудан айырмашылығы, бір баппен, оның бөлімімен қарастырылған қылмысты бір неше рет жасауда кінәлі адам жасаған қылмыстары бойынша жауаптылық өтемеген немесе жауаптылыққа тартылмаған болса, ал арнайы қайталауда бірдей немесе бір тектес қылмыстарды жасаған адамның бұрынғы осындай қылмыстары бойынша сотталған адам деген атағы болады.

Бір айта кететін жәйт, ол бұрын сотталған адамның ҚК 77 бабында белгіленген соттылық мерзімдері өтіп кеткеннен немесе алынып тасталғаннан кейін, қайтадан қылмыс жасаса, онда қылмысты қайталау деп бағаланбайды. Бұл тіпті бұрынғы жасаған қылмысымен байланысты немесе ұқсас болғанда да осы ереже сақталып, бұрын сотталған адам деп танылмайды. Мысалы жалған ақша жасағандығы үшін бұрын сотталып, кейін соттылық мерзімі өтіп кеткеннен кейін осы қылмысты қайтадан жасағанда, бұл адам бұрын сотталмаған деп бағаланады. Мысалы Б. өз ара жанжал үстінде А-ның кеудесіне қасақана пышақ ұрып, нәтижесінде оның денсаулығына ауыр дәрежелі зардап келтіреді. Келесі күні Б. бұрын талан-тараж қылмыстарын жасағандығы үшін екі рет сотталған бола отырып, С-тің пәтеріне заңсыз кіріп 74770 теңге сомаға ұрлық жасаған.

Жаңаөзен қалалық сотының үкімімен Б. ҚР ҚК 103 бабының 1 бөлімімен, 175 баптың 3 бөлімінің «в» пунктімен сотталған.

Маңғыстау обылыстық сотының қылмыстық істер бойынша алқасы сот үкімінен қылмыскердің әрекеттерін қауіпті қайталану деп тану туралы бөлімді алып тастап, үкімнің қалған бөліктерін өзгеріссіз қалдырған.

ҚР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы соттың үкімін және кассациялық қаулыны өзгертіп, Б.-ның ұрлық жасау әрекеттерін 175 баптың 3 бөлімі «в» пунктінен 175 баптың 2 бөлімінің «б,в» пункттеріне ауыстырған. Сонымен қатар Жоғарғы Сот өзінің жасап отырған өзгерісін былай негіздеген. Б.-ның ұрлық қылмысы үшін бірінші соттылығы оның кәмелетке толмаған кезінде 1990 жылдың 25 қазанынан басталған және 1993 жылы 15 наурызда жазадан шартты түрде ерте босатылған, ал жазаның толық аяқталуы осы жылдың 12 тамызында болған. Осыған байланысты Б.-ның бұрын сотталған адам деген атағы 1994 жылдың 12 тамызында өткен. Сондықтан Б. бұрын талан-тараж қылмыстары бойынша екі рет емес, бір рет сотталған деп танылып, 175

баптың 3 бөлімінен 2 бөлімінің бір неше рет қылмыс жасағандықты және тұрғын үйге кіріп қылмыс жасауды білдіретін «б,в» пункттерімен қайта квалификацияланған.¹ Бұл мысалда төменгі соттар 11 баптың 3 бөліміндегі адам бұрын жасаған қылмыстары үшін жауаптылықтан босатылған немесе соттылығы жойылған болса, кейін осындай қылмысты жасағанда бір неше рет жасағандық ретінде танылмайтынын ескермеген.

Қылмыстың қайталануын абайсыздықпен жасалған және 18 жасқа толмай тұрып жасаған қылмыстары құрамайтынын өткен бөлімде ескерттік. Мұның себебі қылмыстың қайталануы деген құқықтық бағалау түрі, адамның кінәсі мен жауаптылығын ауырлататын белгі болып табылады. Бұл белгі ҚК 54 бабында жауаптылықты ауырлатушы белгі ретінде келтірілген және бұрын сотталғандық Ерекше бөлімнің баптарында ауырлататын немесе аса ауырлататын құрам ретінде кейбір баптардың арнайы бөлімдерінде қарастырылған. 18 жасқа толмаған адамның ақыл-есі әлі толық жетілмеуіне, оларда ұшқалақтық, жеңілтектік мінез көп кездесуіне байланысты, сол сияқты абайсыздықпен қылмыс жасаған адам мұқият, тыңғылықты немесе сабырлы болмауына байланысты қылмысты әрекеттер жасаған адам болуы мүмкін. Мұндай адамдардың жалпы қоғамға қауіптілік дәрежесі 18 жасқа толғаннан кейін немесе қасақанана қылмыс жасаған адамдарға қарағанда ауыр немесе қауіпті деп бағаланбайды.

Қылмыстың қайталануы бойынша квалификация ережесі қарапайым деуге болады, өйткені **қылмыстың қайталануы Ерекше бөлім баптарының бөлімдерінде арнайы келтірілгенде және қылмыскердің бұрынғы қылмыстары бойынша соттылығы болғанда ғана квалификацияға әсер етеді. Ал егер қылмыскердің бұрынғы қылмыстары бойынша соттылығы болғанмен, ол айыпталып отырған баптың бөлімдері қылмыстың қайталануын жауаптылықты ауырлататын құрам түрінде қарастырмаса, онда қылмысты квалификациялауға әсер етпейді және іс-әрекет негізгі бөлім бойынша бағаланады, бірақ жаза, жауаптылық белгілеу кезінде кінәні ауырлататын белгі ретінде қолданылуы мүмкін.** Мүмкін деп отырған себебіміз, адам кінәні жеңілдететін жағдайда қылмыс жасаған болса, (мысалы бұрын сотталған адам қажетті қорғану шегінен шыға отырып қылмыс жасағанда) сот жазаны немесе жауаптылықты жеңілдетіп белгілеуге құқылы.

¹Судебная практика по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан 2000-2002. С.42-43.

НОРМАЛАР БӘСЕКЕЛЕСТІГІ ЖӘНЕ
КВАЛИФИКАЦИЯ ТӘРТІБІ

§1. Нормалар бәсекелестігінің түсінігі және түрлері

Қылмысты квалификациялау кезінде сақталуға жататын ереженің бірі, нормалар бәсекелестігі байқалғанда заң нормасын дұрыс, яғни бәсекелес нормалардың қажеттісін қолдану болып табылады. **Нормалар бәсекелестігі дегеніміз, бір қылмыстың Ерекше бөлімде қарастырылған бір неше нормалардың диспозицияларындағы белгілерге сәйкес келуі болып табылады.** Демек, қылмыстық заңның Ерекше бөлімінің баптарының әр қайсысы басқа қылмыстардан айырмашылығы бар, жеке қылмысты уақиғалардың түсінігін беруге және олар үшін жауаптылық белгілеуге арналған дегенмен, заң қолдану жұмысында қиындық тудыратын жағдай болып табылатын нормалар диспозициялары мазмұнының қайталануы кездеседі. Нормалар мазмұнының қайталануы кездескенде қай норманы қолдана отырып квалификация жасау керек деген сұрақ туындайды. Бұл мәселені қарастырмаз бұрын нормалар бәсекелестігінің орын алу себептерін анықтаған дұрыс.

Нормалар бәсекелестігі орын алуының басты себептерінің бірі, ол қылмыстық заңның кейбір баптарының құрылымы күрделі болуына байланысты бір неше қоғамдық қатынастарды қорғаумен айналысатындығы және осы міндетті іске асыру үшін бір баптың өзінде қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің кең көлемін қамтитындығы болып табылады. Қылмыстық заң нормалары диспозицияларында өзге қылмыстың объектілері болып табылатын қоғамдық қатынастардың кездесетіні бұған дейін де айтылды және мұның себебі кейбір қылмыстардың жасалуы кезінде кінәлінің асыра сілтеуі немесе осы қылмысты жасай отырып қасақана басқа қылмыстың белгілерін білдіретін әрекеттерді де жасауы болып табылады. Мысалы адамды кепілге алу, қарақшылық, әйел зорлау сияқты қылмыстарды жасау кезінде жәбірленушіге қасақана немесе абайсыздықта қаза келтіру. Мұндай кезде қылмыстық заңда жеке-жеке қарастырылған екі немесе одан көп қылмыстың объектілері, яғни қоғам қауіпсіздігі, жеке адамның бостандығы және адамның өмірі деген тәрізді объектілер бір қылмыстың жасалуында орын алады және бұл объекті-

лер бір қылмыстық құрамның белгілері ретінде кездеседі. Көріп отырғанымыздай, адамның өміріне зардап келтіру кез-келген қылмыстың жасалуы кезінде бола бермейді, бұл зардап түрі көбінесе зорлық-зомбылықпен, күш қолданумен жасалатын немесе экологиялық, көлік саласындағы, адамзатпен бейбітшілікке қарсы қылмыстарда көрініс алады. Кейбір баптарда өзге қылмыстардың объектілерінің де кездесуі, бұл қылмыстық заң нормаларының бір бірімен жай ұқсастығын ғана емес, олардың арасында іштей байланыс бар екендігін көрсетеді. Шындығында бұл байланыстар заң нормаларының бір бірімен байланысын көрсетпейді, ол әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретінде бағаланатын қылмыстылықтың кейбір түрлерінің арасында байланыс бар екендігін көрсетеді. Дәлелдей кетейік. Мысалы қызмет саласындағы қылмыстардың, айталық мемлекеттік қызметкердің кәсіпкерлік қызметпен айналысуы, пара алуы сияқты әрекеттерде адам өміріне, денсаулығына зардап келтірудің орын алуы мүмкін емес. Себебі бұл қылмыстардың бағыты, орындайтын іс-әрекеттерінің сипаты мүлдем басқа, олар адамның жеке басына қарсы белгілерді иеленбейді. Ал адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдану арқылы немесе қарулы шабуыл арқылы жасалатын қарақшылық, бандитизм сияқты қылмыстардың жасалуы кезінде жәбірленушінің денсаулығы мен өміріне зардаптар келуі мүмкін.

Қылмыстық заң нормаларының диспозициялары көбінесе қылмыстың объективтік жағының белгілерін келтіретіндіктен, заң баптарына қарай отырып кейбір қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің, елеулі зардап түрлерінің бір неше қылмыс түрлеріне ортақ екендігін байқауға болады. Мысалы жалған құжатты жасауды білдіретін әрекеттер, адамның ар намысына келтірілген зардаптар бір неше баптарда кездеседі. Сырттай қарағанда қылмыстық заңда қанша қылмыс түрі келтірілген болса, соншалықты әрекет түрімен қылмыс жасалатын сияқты көрінеді. Шын мәнінде қылмысты әрекеттердің көлемін заң баптарының санымен өлшеуге болмайды, себебі кейбір қылмыс түрлері объективтік жағы бойынша бір неше немесе бір бағыттағы әрекеттермен жасалса, кейбір қылмыстарға бір іс-әрекет түрі тән немесе ортақ болып табылады. Мысалы Қылмыстық кодексте парақорлық қылмыстар 224,231,311,312,313,349 баптарда қарастырылған. Бұл қылмыстардың объективтік жағының белгілері ұқсас бейнеленген.

Субъективтік жағы бойынша да қылмыстар бірін бірі қайталайды деуге болады, себебі міндетті белгі болып табылатын кінә нысандары-

ның тек қасақаналық және абайсыздық болып бөлінетініне байланысты бұл екі кінә нысандарының бірінсіз жасалатын қылмыс жоқ. Қылмыстық заң нормаларының субъективтік жақ бойынша қайталануын негізінен кінәнің қос нысанымен жасалатын қылмыс түрлері бойынша келтіруге болады. Себебі кінәнің аралас нысанымен жасалатын қылмыстарда екі кінә нысаны қосылып бір қылмыстық құрамды білдіргенмен, қасақанлықпен жасалған әрекет осы баптың негізгі бөліміндегі әрекетті ғана білдірсе, ал абайсыздық басқа қылмыс түріне тән зардаптың туындағанын көрсетіп тұрады. Қылмыстық заң нормаларының қайталануы субъективтік жақтың қосымша белгілері ретінде танылатын ниет және мақсат түрі бойынша да кездеседі. Мысалы 164 баптағы ұлттық, нәсілдік, діни, рулық әлеуметтік ерекшеліктеріне қарай өшпенділік тұтату және 96 баптың «л» және 103 баптың 2 бөлімінің «з» пункттеріндегі осындай ниет бойынша өзге адамдардың денсаулығы мен өміріне зардаптар келтіру.

Қылмыстық заң нормалары көпшілік жағдайда қылмыстың субъектісі бойынша да бірін-бірі қайталайды деуге болады. Бұл әсіресе бір тараудың ішінде қарастырылатын қылмыс түрлері бойынша жиі кездеседі.

Демек, қылмыстық заң нормаларының бірін-бірі қайталауы құрам элементтерінің белгілері бойынша көрінеді. Бірақ қылмыстық заң нормалары бірі-бірі толық қайталап, кейбір нормалардың бір-бірінен айырмашылықтары болмайды деп айтуға болмайды. Себебі Ерекше бөлім нормаларының әр қайсысы жеке қылмысты білдіруге, нақты бір қылмысты уақиғалардың негізгі бейнесін көрсетуге арналған. Нормалар бәсекелестігінде кейбір баптардың олардың бөлімдерінің басқа баптармен ортақ белгілері кездесетіндігі айтылады. Бір айта кететін жәйт, ол заң нормаларының ұқсастығы қылмыстық құрам элементтері бойынша квалификация жүргізу деген тақырыптарда да қарастырылды. Бұл тақырыптың ерекшелігі, ол **нормалар бәсекелестігі байқалған жағдайда олардың ұқсастығы кейбір құрам элементтері бойынша ғана емес, одан жақынырақ, тығыз байланыс байқалатын жағдайлар болып табылады.** Тығыз, жақынырақ байланыстар ретінде ҚК белгілі бір бабында келтірілген қылмыстың басқа бапта қарастырылған қылмысты толық қамти отырып, өзіндік жеке сипатқа, жеке қылмыстық құрамға ие болуын ескереміз. Мысалы 344 бапта көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе 345 бапта қылмыстық жауаптылықтан көрінеу заңсыз босату қылмыстары қарастырылған және бұл қылмыстардың орындалғанын білдіретін негізгі белгі қылмыс жасамаған

адамды жауаптылыққа тартуға соқтыратын немесе жауаптылықтан заңсыз босатуға негіз болатын тергеу құжаттарына жалған мәліметтер қосу болып табылады. Осыған ұқсас немесе құжаттарға жалған мәлімет енгізуді 314 баптағы қызметтік жалғандық қылмысынан да кездестіруге болады. Бұл баптар бірін-бірі толық қайталамаса да негізгі белгілері болып саналатын қылмыстың объективтік жақ белгілері, кінә нысандары, сонымен қатар субъектісі және объектілері де ұқсас анықталған. Сондай-ақ қылмыстық заңның бір нормасының осы қылмысқа тән белгілерді келтіре отырып, басқа норманың белгілерін толық қамтып, бір қылмыстық құрамды көрсетуін мынандай баптар бойынша келтіруге болады. Мысалы қинау қылмысы үшін жауаптылық қарастыратын 347-1 бабының 2 бөлімінің «в» пунктінде денсаулыққа орташа зардап келтіруге соқтырған азаптау, ал осы баптың 3 бөлімінде денсаулыққа ауыр зардап келтірумен ұштасқан немесе жәбірленушінің абайсыздықта өліміне соқтырған қинау әрекеттері келтірілген. Егер осы баптың мазмұнына назар аударсақ, онда бұл қылмыстың құрамында 107 баптағы азаптаудың барлық белгілері бар екендігін байқауға болады, сондай-ақ жоғарыда аталған бөлімдерде 103, 104 баптардағы денсаулыққа орташа және ауыр зардап келтірудің, сонымен қатар 101 баптағы абайсыздықта қаза келтірудің құрамы толық қамтылғанын көруге болады. Мұндай жағдайда 347-1 бабы 101, 103, 104, 107 баптардағы қылмыстың құрамын қайталайды деуге болады.

Қылмыстық заң нормаларының осындай бір-бірімен жақындығын және олардың бірін-бірі қайталайтынын немесе бәсекелестік көрсететінін білгеннен кейін жасалған қылмыс қандай норма бойынша квалификациялануы керек немесе барлық бәсекелес нормалар қолданыла ма деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл сұраққа жауап беру үшін алдымен қылмыстық заңның Ерекше бөліміндегі бәсекелес нормалар мағынасы және көлемі бойынша бір-бірінен ажыратылатынын білу керек.

Б.А. Куринов бәсекелес нормаларды 1) жалпы және арнайы нормалар, 2) арнайы нормалар, 3) бүтін және бөлік нормалар деп үш түрге бөледі, бірақ оның пікірінше барынша анық бөлінетін нормалар 1) жалпы және арнайы нормалар бәсекелестігі, 2) арнайы нормалардың бәсекелестігі болып табылады.¹ В.Н. Кудрявцев қылмыстық заңның Ерекше бөліміндегі нормалардың арасында 1) жалпы және арнайы 2) бүтін және бөлік нормалардың бәсекелестігі кездесетінін келтіреді.²

¹ Куринов Б.А. Аталған еңбекте.

² Кудрявцев В.Н. Аталған еңбекте. С. 213-214.

Негізінде қылмыстық заңның нормалары мағынасы бойынша жалпы және арнайы нормалар, ал көлемі бойынша бүтін және бөлік нормалар түрінде кездеседі. Арнайы нормалардың да бәсекелестігі кездесетінін кездестіруге болады. Қылмыстық заң нормаларының ішінде бәсекелестік тудырмайтын немесе басқа қылмыстармен ұқсастық байқатпайтын нормаларда бар. Сондықтан еш қандай қылмысқа ұқсамайтын немесе басқа баптарда қайталанбайтын қылмыс түрі жасалғанда тиісті норманы табу, оны қолдану қиындық тудырмайды. Мысалы 227 баптағы компьютерлік ақпаратқа заңсыз кіру, ЭЕМ үшін зиянды бағдарламаларды жасау, пайдалану және тарату, немесе 201 баптағы кәсіптік спорт жарыстарының және ойын-сауықтық коммерциялық конкурстардың қатысушылары мен ұйымдастырушыларын сатып алу сияқты әрекеттер үшін жауаптылық қарастыратын нормалармен бәсекелестік жасайтын нормалар жоқ.

Жалпы және арнайы нормалар бәсекелестігіндегі **жалпы нормалар дегеніміз, қоғамға қауіпті іс-әрекеттің белгілері болғандықтан қылмыстық құрамдық сипатқа ие болатын және мағынасы бойынша кейбір баптарда қарастырылған қылмысты әрекеттерді қамти алатын заң нормалары болып табылады.** Мұндай нормалардың мазмұнындағы қоғамға қауіпті іс-әрекетті анықтауға арналған белгі кең ұғым түрінде берілуіне байланысты өзге нормалардағы қылмыс құрамдарын да қамти алады немесе арнайы нормалардағы қылмыстың белгілері жалпы нормадағы қылмыстылықты білдіретін белгіге мағынасы бойынша толық сәйкес келіп тұрады деуге болады. Мысалы жалпы норма ретінде 307 баптағы қызмет өкілеттігін теріс пайдалану қылмысын алуға болады. Ал осы норманың немесе осы қылмыстың арнайы түрлері ретінде билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану (308-бап), кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу (310-бап), пара алу (311-бап) сияқты осы тараудағы қасақаналықпен жасалатын қылмыстарға жауаптылық қарастыратын нормаларды, сонымен қатар сот әділдігіне, басқару тәртібіне, азаматтардың конституциялық құқықтарына қарсы қылмыстар тарауларындағы лауазымды адаммен немесе мемлекеттік қызметкермен қасақаналықпен жасалатын кез-келген қылмыс түрін жатқызуға болады.

307 баптың жалпы норма ретінде бағалану себебі, ол осы баптың диспозициясындағы іс-әрекеттің қылмыстылығын білдіретін «қызмет мүддесін теріс пайдалану, заңсыз артықшылықтар иелену» деген белгілердің келтірілуіне байланысты. Байқасаңыздар «қызмет мүддесін теріс

пайдалану» деген ұғым кең, жалпы ұғымды білдіреді. Лауазымды адам немесе мемлекеттік қызметкер 308 баптағыдай қызмет өкілеттігі шегінен шыққанда немесе 311 баптағыдай пара алғанда, сондай-ақ 347 баптағыдай адамды жауап беруге мәжбүрлегенде, 148 баптағыдай еңбек туралы заңдарды бұзғанда да қызмет өкілеттігін теріс пайдаланған деп саналады. Бұл қылмыстарда лауазымды адамдар қызмет өкілеттігін теріс пайдаланудың арнайы түрлерін жасайды.

Жасалған қылмысқа квалификация жасау кезінде барынша анық, осы қылмысты уақиғаны қамтуға арналған бап түрін қолдану міндетті болып табылатындықтан қылмысты іс-әрекет жалпы және арнайы нормаларға сәйкес келгенде арнайы нормалар қолданылады. ҚК 12 бабының 3 бөліміндегі ереже бойынша, іс-әрекет жалпы және арнайы нормаларға сәйкес келгенде жалпы норманы да қолданып, қылмыстар жиынтығымен квалификация жасауға болмайды және мұндай бәсекелестік жағдайда арнайы норма қолданылуы керек. Қылмыстық заңның Ерекше бөлімінің 366 бабынан басқаларының барлығы да қылмысты әрекеттерді анықтауға және оларға жауаптылық белгілеуге арналғандықтан жалпы нормаларда квалификация кезінде қолданылатын нормалар болып табылады. **Жалпы нормалардың қолданылу негізі, ол жасалған қылмысты іс-әрекетке жауаптылық белгілеуге арналған арнайы норманың заңда болмауы болып табылады, яғни қоғамға қауіптілігі қылмыс деп бағалауға болатындай белгілі-бір іс-әрекет жасалып, бірақ қылмыстық заңда бұл әрекетті құрам элементтері бойынша толық қамтитын арнайы норма болмағанда жалпы норма қолданылуға жатады.** Сондықтан нормалар бәсекелестігі байқалғанда артықшылық арнайы нормаларға беріледі. Бірақ нормалар бәсекелестігі болғанда қандай норма барлық кезде қолданылуы керек деп сұрақ қоюға болмайды. Өйткені жоғарыда айтқандай жалпы нормаларда квалификация кезінде қолданылуға жататын нормалар болып табылады, сондықтан іс-әрекетті квалификациялау кезінде нормалар бәсекелестігі байқалғанда осы қылмысты қамтитын заңдағы арнайы нормалардың бар немесе жоқ екендігін білу керек. **Арнайы нормалар дегеніміз, мағынасы бойынша жалпы нормалармен салыстырғанда арнайы белгілермен сипатталатын және арнайы белгісі бойынша өзге қылмыс құрамдарынан ажыратылып, қылмысты әрекеттердің нақты түріне жауаптылық белгілеуге арналған заң нормасының бір түрі болып табылады.** Арнайы нормалар жалпы нормаларға мағынасы бойынша сәйкес

келгенмен, бір жалпы нормаға сәйкес келетін арнайы нормалардың өзін салыстырып көрсек, олардың арасында кейбір белгілері бойынша ұқсастық байқалғанмен, негізгі белгілері бойынша бір-біріне ұқсамайды.

Олардың арасындағы ұқсастық көбінесе қылмыстың объектісі, субъектісі немесе субъективтік жақтың белгілері бойынша байқалады. Мысалы арнайы нормалар ретінде бағаланатын қызметтік жалғандық және қызмет өкілеттігі шегінен шығу қылмыстары объектісі, субъективтік жағы және субъектісі бойынша бірдей анықталады. Бірақ бұл қылмыстар үшін жауаптылық қарастыруға арналған арнайы нормалардың айырмашылықтары қылмыстың объективтік жағын сипаттайтын белгілердің түрінде болып табылады. Әр тарауларда қарастырылған арнайы нормалар, тіпті жалпы және арнайы нормалар қандай да бір деңгейде мағынасы бойынша ұқсас деп танылғанмен, олардың айырмашылықтары қылмыстың объектісіне қарай да болады. Бұл түсінікті жәйт, себебі ҚК әр түрлі тарауларында қарастырылған қылмыстар топтық объектіден туындайтын негізгі объектісі бойынша бір-бірінен ажыратылады. Сондықтан жалпы және арнайы нормаларының арасында сәйкестік байқалады дегенмен, олар әсіресе әр түрлі тараулар бойынша кездескенде қылмыстың негізгі объектісі бойынша ажыратылады.

Арнайы нормалар жалпы нормалармен салыстырғанда құрылымы немесе белгілерінің көлемі бойынша толық болып келеді. Көбінесе арнайы нормалар қосымша объектілі немесе объективтік жағының белгілері бойынша нақты бір уақыттағы немесе орындағы, жағдайдағы жалпы норманың белгілерін келтіреді, нәтижесінде жалпы нормада келтірілген қылмысты әрекеттің жеке бір түрін білдіріп тұрады. Мысалы 130 баптағы басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсітумен анықталатын қорлау қылмысы жалпы норма деп алайық. Қылмыстық заңның өзге баптарынан адамның ар-намысына нұқсан келтіруге арналған қылмыс түрлерін кездестіруге болады. Мұндай әрекеттер 342 баптағы сотты құрметтемеу, 371 баптағы әскери қызметшіге тіл тигізу қылмыстарында кездеседі. Көріп отырғанымыздай, бұл арнайы нормалар өз-ара қылмыс жасау орнына, яғни әскери қызмет, сот төрелігін іске асыру салаларына қарай ажыратылады.

Жалпы және арнайы нормалар бәсекелесті мәселесін қылмыстық құрамдардың түрлерін қарастыруда келтірілетін топтық (родовой состав) және түрлік құрамдар (видовой состав) деп бөлумен де байланыстыруға болады. Шын мәнінде топтық және түрлік құрамдар деген ұғымдардың түсінігі жалпы және арнайы нормаларға берілген түсінікпен

мағынасы бойынша бірдей. Сондықтан бұл ұғымдардың араларында айырмашылықтар жоқ деп түсінуге болады, тек қылмыстық құрамдарды топтық және түрлік деп бөлу- қылмыс құрамдарын талдау, олардың белгілері мен қолданылу деңгейін анықтау туралы ой қозғағанда пайда болған деп түсіну керек. Осыған қарап, жалпы және арнайы нормалар, топтық және түрлік құрамдар деген ұғымдардың араларында ұқсастық байқалғанмен, олар бір-бірінен тәуелсіз пайда болған ұғымдар деп түсінуге болады.

Бәсекелес нормалардың келесі бір түрі **бүтін және бөлік нормалар** болып табылады. Қылмыстық заң нормалары белгілерінің көлеміне және өзге баптағы қылмыстармен ұқсастығына көңіл аудара отырып, олардың бірі екіншісімен салыстырғанда толық болып келетінін немесе бір баптағы қылмыстың екінші баптағы қылмыс белгілерінің тек бір бөлігін ғана иеленетінін байқауға болады. Демек, қылмыстық заң нормаларының толықтығы бірдей деңгейде бола бермейді және осыған қарап осы норма қай норманың бір бөлігі екендігін анықтау туралы мәселе туындайды. Бұл мәселенің де қылмыстық құқықтық маңызы бар, ол әсіресе қылмысты квалификациялау мәселесінде анық байқалады, яғни бүтін нормадағы қылмыстың белгілері қандай нормалардағы қылмыс белгілерінен құралғанына қарап, осы бапта қарастырылған қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесін, бөлік норманың да белгілері орын алғанына қарап қылмыстың жиынтығын қолданбау мәселелерін анықтауға болады.

Бүтін нормалар ретінде құрам элементтері бойынша өзге қылмыс құрамының белгілерін толық қамти отырып, жеке белгісі бойынша нақты бір қылмысты білдіретін нормалар алынады. Бүтін нормалардың бейнесі немесе ерекшелігі, ол басқа қылмыстың объектісі болып табылатын қоғамдық қатынастың немесе іс-әрекеттің, сондай-ақ зардап түрінің осы қылмыс құрамының бір белгісі ретінде қарастырылуы болып табылады. Біз бұған дейінгі тақырыптарда кейбір қылмыстардың бір неше басқа қылмыстың белгілерінен құралып, бір қылмыстық құрамды білдіретінін айттық. Міне осындай бір неше қылмыстардың қосындысынан құралып бір қылмысты білдіретін құрамдар бүтін нормалардың көрінісін білдіреді. Мысалы бандитизм қылмысы үшін жауаптылық қарастыратын 237 бапты бүтін норма деп тануға болады, себебі бұл қылмыстың негізгі белгілері болып табылатын қарулану, ұйымдасқан тұрақты топ құру белгілері 251 және 235 баптардағы қылмыстардың белгілерін толық қамтиды және жеке қылмыстық мақ-

сат ретінде шабуыл жасауды көздейді. 251 және 235 баптардағы, сондай-ақ бандиттік топтарда пайдақорлық ниет жиі кездесетіндіктен 179 баптағы қарақшылық қылмыстарын қарастыратын нормалар 237 баптағы қылмыс құрамының бөліктері болып табылады. Басқаша айтқанда 237 баптағы бандитизм қылмысы 251 және 235 баптармен салыстырғанда толық норма ретінде танылады. Бүтін және бөлік нормалардың көріністері бір баптың көлемінде де жиі кездеседі. Мысалы 179 баптың 2 бөлімінің «д» пунктіндегі денсаулыққа ауыр зиян келтіре отырып жасалған және осы баптың 3 бөлімінің «б» пунктіндегі абайсыздықта жәбірленушінің өліміне соқтырған қарақшылық әрекеттер 179 баптың 1 бөлімімен салыстырғанда бүтін болып табылады. Себебі 179 баптың 3 бөліміндегі абайсыздықта адамның өліміне соқтырған қарақшылық әрекет екі қылмыстың, яғни 101 баптағы абайсыздықта қаза келтіру және 179 баптың 1 бөліміндегі қарақшылық қылмысының қосындысынан құралған немесе 179 баптың 3 бөлімімен салыстырғанда осы баптың 1 бөлімі оның бөлігі ретінде танылады.

Жасалған іс-әрекет бүтін және бөлік нормаларға сәйкес келгенде, қылмыс бүтін норма бойынша квалификацияланады және мұндай кезде бөлікті білдіретін нормалар қолданылмайды. Яғни қарақшылық шабуыл жасау кезінде жәбірленуші абайсыздықта қайтыс болса, онда 179 баптың 3 бөлімінің «б» пункті қолданылуы керек. Демек бүтін және бөлік нормалардың бәсекелестігі кезінде артықшылық бүтін нормаларға беріледі деп түсіну керек.

Бөлік нормалар дегеніміз, өзге қылмыстың белгілерін иеленбейтін және нақты бір қылмыс түрінің түсінігін анықтауға арналған белгілерден құралатын нормалар болып табылады. Бөлік нормалар көбінесе бір объекіден, объективтік жағы бір немесе ұқсас, бір тектес әрекеттерден құралатын, зардапқа қатысты бір кінә нысанымен жасалатын қылмыстарда кездеседі. Сонымен қатар бөлік нормалар нақты бір қылмыстың құрам элементтері арқылы негізгі түсінігін бере отырып, оның қоғамға қауіптілік негізін, қылмыстық табиғатын ашумен айналысады. Сондықтан бөлік нормалардағы қылмыс құрамын түсіну және ол бойынша квалификация жүргізу қиындық тудырмайды деуге болады.

Негізінде қылмыстық заң нормаларын бүтін және бөлік нормаларға бөлу деген ұғым жоқ, тек заңның мазмұнына, кейбір баптардың көлеміне назар аударғанда олардың көлемі басқаларына қарағанда бірдей емес екендігін байқауға болады және бұл кездейсоқтық та емес. Заң

шығарушы кейбір қылмыстардың жасалуы кезінде басқа нормалармен қорғалатын қоғамдық қатынастардың да бұзылуы мүмкіндігін ескеріп және заң нормаларын толық сипаттау, қылмысты әрекеттерді реті келгенше бір баптың өзінде толық қамту мақсатында бір норманың көлемінде осы қылмысқа тән негізгі белгілерден басқа, орын алуы мүмкін басқа белгілерді де қосқан. Бұл басқа белгілер деп отырғанымыз, заңның басқа нормасымен қарастырылатын жеке қылмысты білдіреді. Мысалы адамды ұрлау, кепілге алу, заңсыз аборт жасау сияқты қылмыстар үшін жауаптылық қарастыратын нормаларда жауаптылықты ауырлататын құрам түрінде жәбірленушінің денсаулығына зардаптар келуі немесе абайсыздықта қаза келтіру қарастырылған. Бұл аталған қылмыстардың негізгі белгілері баптың негізгі бөлімінде анықталған, олар адамды еріксіз және заңсыз түрде басқа жаққа алып кету, адамды қорқыту немесе күш қолдану, абортты заңсыз жасау болып табылады. Ал басқа немесе қосымша белгілер деп отырғанымыз, бұл қылмыстардың түсінігін ашуда қолданылмайтын, яғни осы қылмыс үшін негізгі белгі болып табылмайтын, жекеше алғанда жеке бір қылмыс құрамын білдіретін, бірақ осы қылмыстың да жасалуы кезінде орын алуы мүмкін болуына байланысты қоғамға қауіптілікті ауырлататын құрам ретінде қарастыруға себепші болған қылмыстық құрамдық сипаты бар белгілер болып табылады. Сондықтан бүтін нормалардың пайда болуына себепші болатын белгілер басқа қылмыста белгі ретінде емес, ол объективтік және субъективтік белгілердің жиынтығынан құралған жеке қылмыс құрамын білдіреді. Ал бүтін нормаларда белгі ретінде бағалау себепшіміз, ол бүтін нормаларда бір қылмыстың құрамы бар деп танылуына немесе бүтін нормаларда бір неше қылмыс қосылып бір қылмыс құрамын білдіретіндігіне байланысты.

Бәсекелес нормалардың өмір сүруінің келесі себебі, ол мұндай бәсекелес нормалардың қоғамға қауіптілік дәрежесін салыстырғанда анықталады. Жалпы және арнайы нормалар мағынасы бойынша бірін-бірі қайталайды дегенмен оларда белгіленген жауапкершілік көлемі әр түрлі және заң шығарушы нақты бір жағдайда жасалған қылмысты әрекеттің жауаптылық көлемін жалпы нормаларға қарай отырып емес, осы әрекеттің әлеуметтік қауіптілігін ескере отырып анықтаған. Мысалы 130 баптағы қорлау қылмысы үшін 120 сағатқа дейінгі қоғамдық жұмыстарға тарту немесе 6 айға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарын қолдану сияқты жазалар мерзімдері келтірілсе, ал арнайы норма болып табылатын сотты құрметтемеу қылмысы үшін 240 сағатқа дейін қоғамдық

жұмыстарға тарту немесе 4 айға дейінгі мерзімге қамау жазасы белгіленген. Сол сияқты 130 баппен салыстырғанда 371 баптағы әскери қызметшіге тіл тигізу қылмысы бойынша да жауаптылық қаталырақ қарастырылған. Осыған қарап жалпы нормалармен салыстырғанда арнайы нормаларға жауаптылық қаталырақ белгіленген деуге болады. Мұның себебі арнайы нормаларда қарастырылған қылмысты іс-әрекеттің нақты бір ортада немесе арнайы субъекті ретінде танылатын белгілі бір адамдардың ерекшелігіне, сонымен қатар заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастың маңыздылығына байланысты деп түсіну керек. Мысалы 187 баптың 1 бөлімінде бөтеннің мүлкін қасақаналықпен жойғаны немесе бүлдіргені үшін бір неше балама жазалар келтіріліп, олардың ішінде ең қатал жаза болып саналатын бас бостандығынан айыру жазасы 2 жылға дейінгі мерзімге белгіленген. Ал осы қылмыс түріне арнайы норма болып табылатын немесе мүлікті жою мен бүлдірудің арнайы жағдайын қарастыратын 171 баптағы диверсия қылмысында 20 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру, өлім жазасы белгіленген. Бірақ арнайы нормалардың барлығы жалпы нормаларға қарағанда жазаны қаталырақ қарастырады деп түсінуге болмайды. Мысалы мүлікті қасақана жою немесе бүлдірудің тағы бір арнайы бір түрі ретінде саналатын 387 баптағы әскери мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру қылмысы үшін шамамен 187 баптағыдай жаза деңгейі қарастырылған. Бұл жерде де заң шығарушының жеке қоғамдық қатынастың маңыздылығына, іс-әрекеттің қауіптілігіне деген құқықтық бағалауы жатыр.

Бәсекелес нормалардың, оның ішінде арнайы нормалардың өмір сүруінің келесі бір себебі, ол заң нормалары нақты бір қоғамдық қатынастың түрін қорғауға арналғанда, қылмыс субъектісінің түрін көрсете отырып арнайы норма сипатында бейнеленгенде құқық қорғау органдары қызметкерлері үшін ғана емес, жалпы халыққа түсінікті, қабылдауға, қолдануға жеңіл болады. Қылмыстық заң нормалары тек құқық қолданушы органдардың жұмысы үшін ғана емес, сонымен бірге қылмысты әрекеттерді заң түрінде жариялау арқылы халықтың арасында қылмыстылықтың алдын алу, одан сақтандыру мақсатында да дайындалады және жарияланады.

Бәсекелес нормалардың өмір сүруінің себептерін білу-қылмыстық құқықтық нормалардың бәсекелестігі болғанда дұрыс норманы қолданудың маңыздылығын да көрсете алады. Бір қылмысты іс-әрекет бір неше нормаларға сәйкес келгенде норма қолдану жұмысын қате шешу,

квалификациядан қателесуді білдіреді және қолданылуға жататын норманы дұрыс қолданбағанда біз жауаптылықты қатал қарастыратын, қылмыскердің қауіптілік деңгейіне, оның жасаған қылмысына сәйкес келмейтін жаза қолданамыз. Немесе бұл мәселе керісінше шешілгенде де, яғни жеңіл қылмыс жасаған адамға бәсекелес нормалардың ішінен ауыр қылмысқа арналған норманы қолданатын болсақ, онда қылмыскердің және оның жасаған қылмысының қауіптілігіне сай келмейтін жаза түрін және көлемін қолданамыз. Қылмысты квалификациялаудан қателесу қашанда жауаптылық мәселесін дұрыс шешпеуге соқтырады деп түсіну керек, өйткені қылмысты квалификациялаудан кейінгі бұл саладағы мемлекеттік қызмет, ол жауапкершілік тағайындау болып табылады.

Қылмыстық құқықтық нормалар бәсекелестігін нормалар коллизиясынан (нормалардың қарама-қайшылығы) ажырата білу керек. Нормалар коллизиясының мағынасы бір норманың екіншісінің мазмұнына немесе оның шешіміне қайшы мазмұнда бейнеленуін білдіреді. Нормалардың бір-біріне қайшылығы әр түрлі деңгейде болады, ол негізгі және одан кші тұратын заң нормаларының арасында, мысалы Конституция ережесімен өзге кодекстердің кейбір ережелерінің, сондай-ақ сала аралық құқықтық нормалардың, мысалы қылмыстық заң нормалары мен қылмыстық атқару заңы нормаларының және бір құқық саласын құрайтын нормалардың арасындағы белгілі бір қатынасты шешуге арналған реттеушілік мазмұнда кездеседі. Нормалардың қарама-қайшылығы байқалғанда негізгі заң ретінде қолданылатын немесе мәртебесі жоғары тұрған заң нормаларына артықшылық беріледі. Ал қайшылық байқатқан төменгі заңның ережесі одан жоғары тұрған заң ережесіне сәйкестікке келтіріледі немесе алынып тасталады. Нормалар коллизиясының орын алуы осы нормаларға сәйкес келетін уақиғаның болу, болмауына тәуелді емес, ол осы норма бойынша бағаланатын қылмысты әрекеттің жасалуына дейін де анықталып жатады. Көбінесе нормалардың қарама-қайшылығы осы нормаларға сәйкес келетін уақиға туындауына байланысты заң нормасын қолдану кезінде анықталады. Коллизияның орын алу себебі, заңды дайындау, шығару кезінде одан жоғары тұрған заң ережелерін немесе осы уақиғаны қарастыруға арналған басқа нормалардың шешімдерін ескермеу болып табылады. Бір заң нормаларының арасында коллизия байқалғанда бұл нормалардың Конституция ережелеріне сай келетін немесе осы құқық саласының қағидаларын сақтаған нормаға үстемдік беріледі.

Нормалар қарама-қайшылығына нормалар бәсекелестігі деген ұғым ұқсас сияқты болып көрінгенмен, шын мәнінде бұлар бір-бірінен бөлек ұғымдар болып табылады және нормалар бәсекелестігінде қарама-қайшылық емес, бір норманың екінші нормаға мағынасы және көлемі бойынша сәйкестігі анықталады. Коллизия мен нормалар бәсекелестігінің бір ғана ұқсастығы, ол белгілі бір құқықтық ереженің екі немесе одан көп нормаларда кездесуі, ал айырмашылығы нормалар коллизиясында бір-бірімен келіспейтін шешім көрсетілсе, бәсекелес нормаларда норма мазмұнының қайталану, сәйкес келу дәрежесі туралы мәселе туындайды.

Біз жоғарыда нормалар бәсекелестігінің сипаттамасын бере отырып, олардың арасында ұқсастық байқалатынын немесе ұқсас қылмыстарда ортақ белгілер кездесетінін айттық. Бәсекелес нормалар мен ұқсас қылмыстар бірдей деп түсінуге болмайды. Себебі ұқсас қылмыстар бір-біріне құрам элементтері бойынша толық немесе мағынасы бойынша сәйкес келмейді. Ұқсас қылмыстарда құрам элементтері бойынша қайталану кездескенмен, олардың кем дегенде міндетті түрде бір құрам элементі бойынша айырмашылығы болуы керек. Мысалы кәмелетке толмағандарды қылмыстық жолға тарту қылмысы мен кәмелетке толмағандарды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту қылмысының айырмашылығы қылмыстың объективтік жағын сипаттайтын белгілерде болып табылады. Сонымен қатар бір баптың көлемінде бір неше қылмыс құрамдарының да қарастырылатынын ескере отырып, олар объективтік немесе субъективтік жақтың қосымша белгілері және жауаптылықты ауырлататын белгілердің көлемі бойынша да ажыратылатынын келтірдік.

Бәсекелес нормаларда бір норма екіншісінде жоқ белгіні келтіреді немесе қолданылып отырған белгілердің мағынасы бойынша бірі екіншісіне сәйкес келеді. Бірақ әр бір құқықтық норманың жеке жағдайды, нақты қылмысты әрекеттер түрін қамтуға арналғандығына байланысты бәсекелес нормаларды бір-бірінен айырмашылығы жоқ нормалар деп түсінуге болмайды, сондықтан бәсекелес нормаларды кейбір кездерде ұқсас нормалар ретінде бағалауға болады. Мысалы бандитизм және қарақшылық қылмыстары ұқсас деп бағаланады. Ал бандитизм қылмысы пайдақорлық ниетпен жасалғанда бұл қылмысты құрайтын белгілердің бір бөлігі қарақшылық қылмысына тән белгілер болып табылады. Ол белгілер қосымша объекті түріндегі меншік құқығы, қылмыстың заты, қылмыс жасау тәсілі, кінә нысаны, ниет түрі.

§2. Жалпы және арнайы нормалар бәсекелестігі

Жалпы және арнайы нормалар бәсекелестігінің сипаттамасы, оның заңда өмір сүру себептері тақырыптың бірінші бөлімінде айтылды. Егер қылмыстық заңның мазмұнына зер салсақ, онда арнайы нормалардың көпшілігі жалпы сипаттағы қылмыстарды білдіретінін, яғни таралу аясы кең жеке адамдарға, меншікке, мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы қылмыстар сияқты тарауларда көптеп кездесетінін байқауға болады.

Қылмысты квалификациялау қызметінде нормалар бәсекелестігінің де ролі бар екендігі ескеріліп, отандық қылмыстық заң тарихында қылмысты әрекет бәсекелес нормаларға сәйкес келгенде қандай норма қолданылуы керек екендігі алғаш рет айтылып, ол 12 баптың 3 бөлімінде тікелей көрсетілді. Нормалар бәсекелестігі мәселесінің бұлай нормативтік сипатқа көшуі, заң қолдану және сот органының жетекші түсіндірме беру қызметінде алдағы уақыттарда белсенді қолданылатыны немесе ескерілетіні даусыз. Қылмысты квалификациялау ережесінің бір түрі болып табылатын нормалар бәсекелестігі орын алғанда заң нормаларын дұрыс қолдану практика қызметкерлерінің құқықтық сауаттылығын талап етеді, себебі қазіргі уақытқа дейінгі сот-тергеу органдарының заң қолдану жұмысынан бәсекелес нормаларды ескермеу және мұндай нормаларға сай келетін қылмысты әрекеттерді квалификациялау кезінде қылмыстар жиынтығы түрінде бағалау жиі орын алатын. Адамның құқықтары мен бостандықтарын, олардың заңды мүдделерін қорғау мен іске асырудың бір жолы, ол құқықтық сипаттағы құбылыс туындағанда заңды дұрыс қолдану болып табылады. Заң нормаларын дұрыс, тиімді қолдану жолдарын арттыру-тұрақты, жалғаспалы міндет деп түсіну керек және бұл міндетке қазіргідей құқықтық реформаны барлық құқық салалары бойынша жүргізіп жатқан кезеңде барынша көңіл бөлінуі қажет. Бәсекелес нормаларды заң шығару кезінде қажетті жағдайларына қарай және дұрыс бейнелей білу керек, сонымен қатар нормалар бәсекелестігі орын алатын қылмыстар бойынша ҚР Жоғарғы Сотының тиісті қаулыларында бұл мәселенің шешімдерін үлгі ретінде қарастыруды арттыра түскен жөн.

Жалпы және арнайы нормалар бәсекелестігі кезінде қылмыстың белгілерін толық және анық қарастыратын арнайы нормалар қолданылуға жатады. Ал **жалпы нормалар іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесі көрінеу қылмыстылықты білдіргенде және құқықтық санамен талдап қарағанда құрам элементтерінің белгілері болғанда**

қолданылады. Сондықтан заңгерлер кейде А.Н. Трайнин атап кеткендей жалпы нормаларды тыл (резервная норма) нормалар деп те атайды.¹ Бұл ұғымның мағынасы қылмысты квалификациялау кезінде арнайы құрамдар қолданылуы керек, ал заңда осы қылмыс үшін арнайы құрам болмағанда топтық құрам (родовой состав) қолданылады дегенді білдіреді.

«Жалпы және арнайы нормаларды бірге қолдануды қылмыстар жиынтығы, оның ішінде қылмыстардың жеке әрекеттермен жасалуын білдіретін нақты жиынтық бойынша келтіруге болады» деген әдебиеттерде түсінік кездеседі.²

Жалпы және арнайы, сондай-ақ тек арнайы нормалар бәсекелестігінің бір неше көріністерін келтіруге болады және олардың әр қайсысында арнайы, жеке жағдайды білдіретін норманы анықтау қажеттілігі туындайды. Нормалар бәсекелестігінің негізгі көрінісі немесе басты түрі, ол жоғарыда айтылғандай бірі жалпы, екіншісі арнайы норма болып табылатын екі баптың арасындағы бәсекелестік болып табылады.

Бұл бәсекелестіктің келесі түрі бір қылмыстың әр түрлі құрамдарының арасында кездеседі. Қылмыстық заңның көпшілік баптары бір неше бөлімдерден құралып, оның кейінгі бөлімдерінде осы қылмыстың жекелеген жағдайларда жасалғандығы үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылған. Осыған байланысты қылмысты квалификациялауда негізгі және жауаптылықты ауырлататын құрамдар арасында бәсекелестік туындайды. Мұндай бәсекелестікте көбінесе жауаптылықты ауырлатып қарастыратын 2 немесе 3 бөлімдегі құрамдар негізгі құраммен салыстырғанда арнайы құрамдарды білдіреді немесе арнайы норманың мағынасында қолданылады. Себебі баптың кейінгі бөлімдерінде келтірілген құрамдар негізгі құраммен қамтылмаған арнайы белгіні иеленеді және жасалған қылмыстың мазмұнында осы белгі бар болса, онда қылмыс осы арнайы құрам бойынша квалификацияланады. Мысалы 96 баптың 1 бөлімінде жауаптылықты ауырлатпайтын да, жеңілдетпейтін де жай кісі өлтіру қарастырылған. Осы баптың 2 бөлімінде жауаптылықты ауырлататын кісі өлтіру түрлері келтірілген, себебі 2 бөлімдегі кісі өлтіру түрлерінің әр қайсысында жауаптылықты негізгі құраммен салыстырғанда ауырлата алатын белгілер келтірілген. Егер кісі өлтіру қылмысы пайдақорлық ниетпен жасалса, онда осындай белгіні келті-

¹ Трайнин А.Н. Общее учение о составе преступления. М., 1957. С.243.

² Кудрявцев В.Н. Аталған еңбекте. С.221.

ретін 96 баптың 2 бөлімінің «з» пункті қолданылуы керек. Ал егер қасақана кісі өлтіру қылмысында 96 баптың 2 бөліміндегі және өзге тараулардағы кісі өлтірудің белгілері болмаса, онда қылмыс 1 бөліммен жай кісі өлтіру ретінде квалификацияланады. Демек, 96 баптың 2 бөліміндегі кісі өлтіру қылмыстары арнайы құрамдар, 1 бөлімі топтық құрамның немесе жалпы норманың қызметін атқарады.

Бәсекелестік бір баптың көлемінде қарастырылған қылмыстық жауаптылықты ауырлататын бір неше бөлімдерінің, пункттерінің арасында да кездеседі. Мұндай жағдайда бір баптың бір неше бөлімдерінің жиынтығымен немесе тек бір ғана бөлімімен квалификация жасау туралы мәселе туындайды. Бұл мәселені шешу үшін қылмысты іс-әрекетте орын алған бір неше ауырлататын құрамдардың белгілерін бір-бірімен салыстырғанда олардың бірі екіншісін қамти алатынын немесе қамти алмайтынын анықтау керек. Егер қамти алмаса, онда қылмысты әрекетке берілген құқықтық бағаны толық көрсету үшін қылмыс бір неше бөлімдермен немесе пункттермен квалификациялануы керек. Мысалы қарақшылық қылмысы адамдар тобының алдын ала сөз байласуы арқылы және ірі мөлшерде зиян келтіре отырып жасалса, онда қылмыстың орындалуында 179 баптың 2 бөлімінің «а», сонымен бірге 3 бөлімдегі «в» пункттерінің белгілері көрініс алады және мұндай жауаптылықты ауырлататын белгілермен жасалған қарақшылық аталған бөлімдердің жиынтығымен квалификациялануы қажет. Себебі қылмысты алдын ала келісіммен және ірі мөлшерде жасау деген белгілер бір біріне бағынышты, тәуелді белгілер деп бағаланбайды. Қылмысты алдын ала келісіммен жасау барлық кезде ірі мөлшерде зиян келтіруді білдіретін болса, онда бірден 3 бөліммен ірі мөлшерде зиян келтіре отырып жасалған қарақшылық деп тануға болар еді. Бірақ алдын ала келісіммен жасалған қылмыстар барлық жағдайда ірі мөлшердегі зиянға соқтыра бермейді, сондықтан бұл белгілер бір-бірінен тәуелсіз болуына байланысты қылмысты квалификациялауда ауырлататын құрамдардың жиынтығы қолданылады.

Жауаптылықты ауырлататын бөлімдердің арасында өз-ара бағыныштылық немесе бірін бірі сіңіретіндей құрамдар болғанда бәсекелестік орын алады және қауіптілігі барынша ауыр белгі одан қауіптілігі жеңілдеу белгіні сіңіріп, қылмыс баптың бір бөлімі немесе пункті бойынша квалификацияланады. Мысалы қарақшылық қылмысы 179 баптың 2 бөлімінің «б» пунктіндегідей бір неше рет жасалса және осы баптың

3 бөлімінің «а» пунктінде келтірілген ұйымдасқан топпен жасалса, онда қылмыс бірден ұйымдасқан топпен жасалған қарақшылық деп танылып, 179 бап 3 бөлім «а» пунктiмен квалификацияланады. Себебі ұйымдасқан топ тұрақтылық белгiсiн иеленетiндiктен оған бiр қылмысты бiлдiретiн әрекеттердi бiр неше рет жасау тән болып табылады. Сол сияқты қарақшылық бiр неше рет және iрi мөлшерде зардап келтiре отырып жасалғанда да қылмыс 3 бөлімнің iрi мөлшер белгiсiн келтiретiн «в» пунктiмен квалификацияланады. Себебі iрi мөлшерде пайда табудың немесе осындай көлемде зиян келтiрудiң бiр тәсiлi қылмысты iс-әрекеттi бiр неше рет қайталау болып табылады. Тағы бiр мысал келтiре кетейiк. 179 баптың 2 бөлімінің «г» пунктінде қару қолдана отырып жасалған қарақшылықтың және осы баптың 3 бөлімі «а» пунктіндегi ұйымдасқан топпен жасалған қарақшылықтың белгiлерi бiр қылмыста болғанда да, қылмыс бiрден 3 бөліммен ұйымдасқан топ жасаған қарақшылық деп бағаланады, өйткенi адамның өмiрi мен денсаулығына қауiп төндiре отырып жасалатын қарақшылық сияқты қылмыстар ұйымдасқан топпен жасалғанда, оларда көбiнесе қару пайдалану болады немесе қару пайдалану белгiсiн ұйымдасқан топ белгiсi сiңiре алады.

Бұл айтылып отырған бiр баптың бөлімдерiнiң немесе әр түрлi баптардың арасындағы қоғамға қауiптiлiгi жоғары құрамның өзiнен жеңiлiрек құрамды немесе белгiнi сiңiру қағидасы әдебиеттерде «жазылмаған ереже» деп аталады. Жазылмаған ереже деп аталу себебi, ол жоғарыда келтiрiлгендей бiрiн-бiрi сiңiре алатын қылмыстық құрамдардың заңның әр жерiнде кездесуiне және оны заңның бiр бабында түгел анықтап шығудың мүмкiн еместiгiне, тек бұл ереже бойынша дұрыс заң нормаларын қолдану үшiн қылмыстық құрамдардың мағынасын, олардың бiр-бiрiмен байланысын, соған сәйкес сiңiре алу мүмкiндiгiн түсiнудiң қажет екендiгiне байланысты болып табылады.

Арнайы нормалар бәсекелестiгiнiң келесi түрi қоғамға қауiптiлiктi ауырлататын құраммен жеңiлдететiн құрамның арасында кездеседi. Мұндай жағдайда заң нормасын таңдау қылмыстың белгiлерiн анық бейнелеген екi арнайы норма арасында болады және қажеттi норманы анықтау үшiн басқа ережеге сүйенуге тура келедi.

«Азаматтардың өмiрi мен денсаулығына зардап келтiргендiк үшiн жауаптылықты реттейтiн заңдарды соттардың қолдануы туралы» ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 1994 жылғы 23 желтоқсандағы №7 қаулысының 26 пунктінде «қажеттi қорғану шегiнен шыға отырып немесе

қатты жан күйзелісінен туындаған ашу жағдайында қасақана кісі өлтіру немесе адамның денсаулығына зардап келтіру әрекеттерінде ҚК 88 бабы 1 бөлімінің «д», «ж», «з», «и», «л» (қазіргі ҚК бойынша 96 бап 2 бөліміндегі ауырлататын кісі өлтіру түрлері) пункттерінде қарастырылған ауырлататын белгілер болғанда да 89, 90, 95, 96 (қазіргі ҚК бойынша 98, 99, 108, 109 баптар) баптар бойынша квалификация жасау керек» деп ауырлататын және жеңілдететін құрамдар бәсекелестігі болғанда жеңілдететін норманы қолдануды ұсынады. Жасалған қылмысты әрекетте жауаптылықты ауырлататын және жеңілдететін белгілер болғанда жеңілдететін нормалардың қолданылу негізі, ол қылмыстың жасалуына себеп болған жағдайларға байланысты. Мұндай арнайы нормалар бәсекелестігінде қылмыстың жеңілдететін нормалармен квалификациялану себепін гуманизм қағидасымен байланыстыру кездеседі.¹ Іс-әрекет ауырлататын және жеңілдететін нормаларға сәйкес келгенде жеңілдететін норманың қолданылуы гуманистік көз-қарасқа, заңды қолданушының жеке құқықтық бағытына, адамгершілігіне байланысты емес, ол қылмыстың жасалу себепін дұрыс анықтауға, соның нәтижесінде қылмысқа дұрыс баға бере отырып, заң нормасын дұрыс қолдануға байланысты деп түсінген жөн. В.Н. Кудрявцев мынандай жақсы мысал келтіеді. Адам жан күйзелісінің салдарынан пайда болған ашу шегінен шыға отырып, өзін қорлаған адамды ауырлататын кісі өлтірудің белгісі болып табылатын бір неше жерден пышақтап өлтіруі мүмкін. Сонымен қатар мұндай жағдайда кісі өлтіру әрекетін жасаған адам бұрын қасақана кісі өлтіру қылмысын жасағандығы үшін сотталған адам және қылмыс жасау кезінде жүктілік жағдайда болған екен дейік. Яғни бұрын сотталған адам болуы және бір неше рет қару қолданып өлтіру-96 баптың 2 бөліміндегі «д, н» пункттеріндегі ауырлататын кісі өлтірудің түрлеріне сәйкес келеді. Сонымен қатар қылмысты ашу шегінен шыға отырып және жүктілік жағдайда жасағандығы кінәні жеңілдететін белгілерді білдіреді. Қарап отырсаңыздар бұл мысалда екі ауырлататын және екі жеңілдететін белгілер кездесіп отыр. Бірақ кінәні жеңілдететін құраммен бағалауға себеп тудырып отырған жағдай қылмыстың пайда болу себепін білдіретін, яғни адамның кісі өлтіру қылмысын жасар алдында қатты ашу жағдайында болғандығы, соның салдарынан осындай әрекеттерге баруы болып табылады. Ашу жағдайында немесе қажетті қорғану, қылмыскерді ұстау шаралары шегінен шығу кезінде адамның

¹ Кудрявцев В.Н. Аталған еңбекте. С. 223.

жүкті, кәметке толмаған немесе өзге де қоғамға қауіптілікті жеңілдететін белгілері болғандығы жеңілдететін құраммен квалификация жасауға мүмкіндік бермейді, себебі қылмыстық заңда мұндай белгілер бойынша арнайы жеңілдететін құрамдар қарастырылмаған. Мұндай жеңілдететін белгілермен қылмыстың жасалуы квалификацияға әсер етпейді, ол тек жауаптылық белгілеу кезінде кінәні жеңілдететін белгілер ретінде ескеріледі. Аса қатігездіктің бір түрін білдіретін бір неше рет пышақтап кісі өлтірудің болғанына қарамай, іс-әрекетті жеңілдететін құраммен бағалауға негіз беретін жағдай, ол қылмыстың ашу жағдайында жасалғандығы, яғни жәбірленуші тарапынан қатты мазақ, қорлық әрекеттер болуына байланысты туындаған ашудың салдарынан өзін тоқтата алмай бір неше рет қару жұмсаудың орын алуы. Сондықтан мұндай жағдайда қылмыс жасау ауырлататын құрам бойынша квалификацияланбайды.

§3. Бүтін және бөлік нормалар бәсекелестігі және квалификация тәртібі

Қылмыстық заңда қарастырылған қылмыстардың бір келкі бейнеленбей, құрамы бойынша күрделі құрамдар немесе құрамдас әрекеттермен сипатталуы кездеседі, соған сәйкес қылмысты әрекеттерге құқықтық баға беру кезінде де заң нормаларын қолдануға байланысты қиындықтар кездеседі. Нормалар бәсекелестігінің бұл түрінде бір қылмысты құрайтын әрекеттің жалпы және арнайы нормалар бәсекелестігіндегідей бір неше нормаларға сәйкес келуі, бірақ мағынасы бойынша емес, белгілерінің көлемі бойынша байқалады. Мұндай кезде бәсекелестік көрсетіп отырған нормалардың белгілері әр келкі болуына байланысты бір қылмысты әрекет толық немесе ішін ара көлемде бір неше нормаларға сәйкес келеді. Мұндай жағдайда да қылмысты квалификациялаудың ережесіне сәйкес іс-әрекетті толық қамтитын норма қолданылады немесе бүтін және бөлік нормалар бәсекелестігі байқалғанда артықшылық бүтін нормаларға беріледі. Артықшылықтың бүтін нормаларға берілуі деген ұғым, барлық кезде бүтін норма қолданылады дегенді білдірмейді. Бұл түсінік қылмысты квалификациялау кезінде қылмыстың барлық белгілерін анықтау керек, содан кейін осы белгілерді толық қамтитын норма заңда бар болса, осы норманы қолдану керек дегенді білдіреді.

Қылмысты әрекеттерге құқықтық баға беруде егер бүтін норманың мазмұнына жасалған қылмыстың белгілері толық сәйкес келсе, онда бүтін норманың бөліктерін білдіретін нормалармен қосып, қылмыстар жиынтығымен квалификациялауға болмайды. Бірақ бұл мәселе заң қолдану практикасында әлі толық қалыптасып болған жоқ, көбінесе соттергеу қызметкерлерінің мұндай нормалар бәсекелестігін ескермей қылмыстар жиынтығымен квалификация жасауы әліде кездеседі. Бүтін нормаларға артықшылық беріп, бөлікті білдіретін нормаларсыз-ақ квалификация жүргізудің негізділігін, бүтін және бөлік нормаларды салыстырып қарағанда әдетте бүтін нормалардың жауаптылық көлемі жоғары екендігімен анықтауға болады. Яғни бүтін нормаларда бір неше объектілердің қорғауға алынуына, өзге қылмыстың объективтік жағын құрайтын іс-әрекеттер мен зардаптарды, субъективтік жақ белгілерін де қамтуына байланысты жауаптылықты ауырлатып қарастыру тән болып табылады. Сондықтан бөлікті білдіретін нормамен қарастырылған қылмыстың жауаптылығы бүтін нормалармен қамтылғандықтан қылмыстардың жиынтығы түрінде квалификация жасау дұрыс шешім болып табылмайды. Басқаша айтқанда, бөлікке қарағанда бүтін нормалардың қоғамға қауіптілігі ауыр деп түсінген дұрыс.

Нормалар бәсекелестігінің мұндай түрі орын алғанда бөлікті білдіретін қылмыстың белгісі қандай құрамнан шығатынын білу керек және осыған қарап қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесін, оның басқа қылмыспен ұқсас белгілерін анықтауға болады.

Бүтін және бөлік нормалар бәсекелестігі әр түрлі деңгейде байқалады және көлемі бойынша толық және ішін ара деңгейде болып, олар қылмыстық құрамның объектісі, объективтік және субъективтік жағының белгілері, субъектісі бойынша бәсекелестік байқатады немесе осы құрам элементтері бойынша ішін ара бірін-бірі қайталайды. Сонымен қатар бөлік деп есептелетін бір нормадағы қылмыстың белгілерін бүтін деп бағаланатын екінші норма барлық құрам белгілері бойынша толық көлемде қамтуы да мүмкін.

Қылмыстардың объектісі бойынша нормалар бәсекелестігінде бір қылмыс құрамының объектісі екінші қылмыс құрамы объектісінің бір бөлігін білдіріп тұрады. Мысалы кепілге алу қылмысының объектісі қоғамның қауіпсіздігі болып табылады дегенмен, осы қылмыста адамның жеке бостандығына да қарсы әрекет жасалады. Демек адамның жеке бостандығын арнайы қорғайтын адамды ұрлау, бас бостандығынан заңсыз айыру, психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру қыл-

мыстарының объектісі кепілге алу қылмысы объектісінің бір бөлігі болып табылады немесе жоғарыда аталған қылмыстардың объектілерімен салыстырғанда кепілге алудың объектісі толық деп бағаланады. Сондай-ақ абайсыздықта адамның қазасына соқтырған адамды ұрлау, кепілге алу, әйел зорлау, қарақшылық, еңбекті қорғау ережелерін бұзу сияқты қылмыстардың объектісі 101 бапта қарастырылған абайсыздықта қаза келтіру қылмысының объектісінен толық деп танылады. Себебі 101 бапта қылмыс объектісі ретінде тек бөтен адамның өмірі алынса, ал жоғарыдағы қылмыстардың объектілері 101 баппен салыстырғанда толық болып табылады. Бұларда адамның өмірінен басқа қоғам қауісіздігі, адамның жеке бостандығы, жыныстық бостандығы, меншігі, азаматтардың еңбек етуден туындайтын құқықтары қылмыс объектісі ретінде алынған. Сонымен қатар жоғарыда аталған қылмыстарды қарастыратын баптарда адамның өміріне зардапты абайсыздықта келтіру баптың 3 бөлімінде ауырлататын құрам түрі ретінде келтірілген. Осыған байланысты мысалы адам ұрлау қылмысын қарастыратын 125 баптың 1 бөлімімен салыстырғанда осы баптың 3 бөлімінің объекті көлемі толық деп бағаланады. Себебі 125 баптың 1 бөлімі бойынша квалификациялануға жататын адам ұрлаудың объектісі бөтен адамның жеке бостандығы болса, ал 3 бөлімде келтірілген құрамның объектілері жеке адамның бостандығы және адамның өмірі деп танылады. Демек, 125 баптың 1 бөліміне қарағанда оның 3 бөлімінің объектісі толық немесе бүтін беп бағаланады. Ал бұл бүтін объектінің бөліктері 101 бапта және 125 баптың 1 бөлімінде жеке қылмыс объектісі ретінде қарастырылған. Осы негізде егер бөлік нормалардың объектілері бір қылмыстық әрекетте орын алса және бір неше объектілерге қарсы әрекетті бір қылмыс ретінде қарастыратын заң нормасы бар болса, онда қылмыс объектісі бойынша бүтін, толық нормамен квалификациялануы керек.

Қылмыстың объективтік жағы бойынша нормалар бәсекелестігінде біріншіден, бір бапта келтірілген қылмыстың белгілері екінші бір баптағы қылмыстың белгірінің бір бөлігін ғана білдіріп тұрады немесе екіншіден, мағынасы бойынша жеңілрек болып саналатын қылмыстың белгісін одан ауырырақ қылмыс қоса отырып, нақты бір қылмыстың объективтік жағын көрсетеді. Мысалы жеңілрек деп бағаланатын тағылық қылмысының белгілеріне қарағанда, одан ауыр қылмыс түріне жататын бұзақылық қылмысының объективтік белгілері толық деп саналады. Себебі бұл екі қылмыста қоғамдық тәртіпті көрінеу сипаламайтын әрекеттермен анықталғанмен, қоғамдық ортада жасаған әре-

кеттерінің қауіптілігіне, азаматтарға қарсы күш қолданудың болуына байланысты бұзақылық қылмысының объективтік белгілері толық немесе көлемді деп бағаланады. Негізінде объективтік жағының белгілері бүтін деп саналатын нормалардың басқа қылмыстың объективтік белгілерін де қамтуын түсінген дұрыс. Өйткені мұндай кезде нормалар бәсекелестігі анық көрінеді және заң қолдану жұмысын тиімді шешуге болады. Мысалы 321 баптағы өкімет өкіліне қатысты күш қолдану қылмысын сипаттайтын объективтік жақтың белгілерін 112 баптағы қорқыту қылмысының объективтік белгілерімен салыстырғанда толық деп тануға болады. Себебі қорқыту әрекеті (бөлік) 112 бапта жеке қылмыс ретінде қарастырылғанмен оның белгілері өкімет өкіліне қатысты күш қолдану (бүтін) қылмысының бір белгісі ретінде қолданылады. Сол сияқты 261 баптағы есірткі заттарды тұтынуға көндіру әрекеті 103 баптағы адамның денсаулығына ауыр зардап келтірудің бір түрі ретінде анықталады. 261 бап объективтік жағының белгілері бойынша бір әрекетпен сипатталады және адамның есірткіге тәуелді болуын міндетті белгі ретінде қарастырмаған, ал мұндай әрекетті жасау 103 баптағы денсаулыққа ауыр зиян келтіруге бағытталған әрекеттердің бір түрі болып табылады, сондықтан 261 баппен салыстырғанда 103 бапта қарастырылған қылмысты объективтік жағының көлемі бойынша толық немесе бүтін норма деп танылады. Бәсекелестіктің мұндай түрі бір баптың әр түрлі бөлімдерінің арасында да кездеседі, бірақ мұндай кезде де бөлік ретінде өзге қылмыстың объективтік белгілері болып табылатын қылмысты әрекеттер немесе зардап келтіріледі. Мысалы автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену үшін жауаптылық қарастыратын 185 баптың 2 бөлімі «в» пунктінде адамның өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен немесе сондай күш қолданамын деп қорқытумен жасалған әрекет келтірілген. Бұл ауырлататын құрам объективтік белгілері бойынша толық деп бағаланады, өйткені бұл құрамда 185 баптың 1 бөліміндегі және 178 баптың 2 бөліміндегі әрекеттер қосылып, бір құрамның объективтік белгілері түрінде бейнеленген. Сондықтан мұндай кезде 185 бап 1 бөлімі және 178 бап 2 бөлімі бөлік нормалар деп бағаланады.

Бүтін және бөлік нормалардың бәсекелестігі объективтік жақтың белгілері бойынша мынандай нұсқаларда кездеседі:

- бір нормадағы әрекет басқа нормадағы әрекеттің бір бөлігін білдіреді. Мысалы бандитизм қылмысының бір белгісі 251 баптағы қару немесе жарылғыш заттарды заңсыз иелену, алып жүру. Сондай

ақ шпиондық қылмысын құрайтын әрекеттер мемлекетке опасыздық қылмысының жеке бір түрі болып табылады;

- бір нормада келтірілген зардап басқа нормадағы зардаптың бір бөлігін білдіреді. Мысалы еңбекті қорғау ережелерін бұзу үшін жауаптылық қарастыратын 152 бапта адамның денсаулығына ауыр және орташа, сондай-ақ өміріне зардаптар келтіру көрсетілген. Мұндай зардап түрлері адамның өміріне, денсаулығына қарсы қылмыстарда жеке-жеке келтірілген. Салыстыра қарағанда 152 баптағы зардаптар көлемі және түрлері бойынша толық болып табылады;

- бір норма ауыр зардаптарға соқтырмаған әрекетті келтірсе, басқасы ауыр зардапқа соқтырған осындай әрекеттерді келтіруі мүмкін. Мұндай бәсекелестік әдетте бір баптың әр түрлі бөлімдерінің арасында кездеседі. Мұндай нормалар қоғам қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар тарауында 244 баптың (атом энергетикасы объектілерінде қауіпсіздік ережелерін бұзу), 245 баптың (тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу), 246 баптың (жарылыс қаупі бар объектілерде қауіпсіздік ережелерін бұзу) 2 бөлімдерінде кездеседі және абайсыздықта адамның өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға соқтырмаған әрекеттер үшін жауаптылық қарастыратын 1 бөліммен салыстырғанда осындай зардаптарды келтіретін 2 бөлім толық немесе бүтін болып саналады;

- кейбір құрамдар қылмыстың жасалу орны, уақыты, тәсілі, құралы және жағдайы сияқты басқа қылмыстың объективтік жағының қосымша белгісі болып табылатын белгіні осы қылмысты құрайтын белгінің бір түрі ретінде келтіреді. Бұл құрамдарда аталған белгілер объективтік жақтың қосымша белгілері түрінде емес, негізгі белгілері ретінде қолданылады. Қылмыстың құралы, тәсілі, уақыты сияқты белгілер кейбір нормаларда қылмыстың негізгі белгілері түрінде қолданыла отырып, олардың объективтік жақтың белгісі ретіндегі ролі әр түрлі көлемде болады. Мысалы ҚК 112 бабында қорқыту қылмысы келтірілген және осы қылмыстың объективтік белгісі қорқытуды білдіретін әрекеттерден тұрады. Қорқыту әрекеті 181 баптағы қорқытып алушылық қылмысының да объективтік белгісі болып табылады және осы қылмыстың объективтік белгілерінің ішінен қылмыс жасау тәсілін білдіреді. Себебі қорқытып алушылық қылмысы объективтік жағы бойынша жай қорқыту әрекетінен ғана емес, мүліктің немесе мүлікке деген құқықтың берілуін талап етуден құралады. Демек бір нормада қылмысты іс-әрекеттің түрін білдіретін белгі, басқа нормада қылмысты жасау тәсілін білдіріп

тұрады. Мұндай бәсекелестікте 112 бап бөлік норма ретінде бағаланса, ал 181 баптағы қорқытып алушылық бүтін норма түрінде қолданылады және бұл бапта қорқыту белгісі қылмыстың тәсілі түрінде келтірілген. Сондықтан қорқытып алушылық қылмысы жасалғанда 112 баппен қосып қылмыстар жиынтығымен квалификация жасауға болмайды. Сондай-ақ кейбір баптарда қылмыстың объективтік жағының белгісі ретінде немесе ауырлататын құрам түрінде өзге белгілермен қатар, басқа баптағы қылмыстың жасалғандығын білдіретін белгілі бір құрал түрі келтірілгенде де нормалар арасында бәсекелестік туындайды. Мұндай жағдайда назар аударатын бір жәйт, ол бір бапта қылмыстың заты болып табылатын белгінің басқа бапта қылмысты жасау құралы ретінде қолданылатынын ескеру керек. Мысалы 259-262 баптарда қарстырылған есірткіге байланысты қылмыстардың заты есірткі заттар болып табылады. Ал денсаулыққа ауыр зардап келтірудің бір түрі болып табылатын адамды есірткіге тәуелді етуде есірткі заттар қылмыстың заты емес, құралы түрінде қолданылады. Сондықтан 103 баппен салыстырғанда есірткі заттарды тұтынуға көндіру үшін жауаптылық қарастыратын 261 бап 2 бөлімінің «г» пунктіндегі күш қолдану немесе оны қолданамын деп қорқыту бөлік норма болып табылады. Ал жоғарыдағыдай денсаулыққа зардап келтіру орын алғанда объектісі толық болуына байланысты 103 бап бүтін норма түрінде қолданылады және қылмысты квалификациялағанда 261 бап қолданылмайды, бірақ денсаулыққа қарсы қылмыстардың жасалуы тікелей есірткі заттарға байланысты болып есептелмейтіндіктен және бұл қылмыстардың жауаптылық көлемі де шамалас болғандықтан 103 және 259 баптармен қосып квалификация жасалуы керек.

Қылмыстың субъективтік жағының міндетті белгісі болып табылатын кінә нысандары бойынша нормалар бәсекелестігін келтіру қиын, өйткені кінә нысандарының қылмыстық құқықта екеу ғана болуына және қылмыстардың көбінесе тек қасақаналықпен немесе абайсыздықпен, сонымен қатар кейбір қылмыстардың қасақаналықпенде абайсыздықпен де жасалатындығына байланысты бір неше нормалардың бірін-бірі кінә бойынша қамтуы немесе бәсекелестігі кездеспейді. Тек кейбір қылмыстар бойынша жауаптылықты ауырлататын құрам түрінде кездесетін кінәнің қос нысанымен жасалатын қылмыстардың негізгі бөлімдегі кінә нысанын да қамтитынын келтіруге болады. Анығырақ айтқанда қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтіру үшін жауаптылық қарастыратын 103 баптың 1 бөлімімен салыстырғанда абайсыздықта жәбірленушінің өліміне соқтырған денсаулыққа зардап келтіру үшін

жауаптылық белгілейтін 103 баптың 3 бөлімін кінә нысандары бойынша толық, бүтін деп бағалауға болады. Өйткені 3 бөлімдегі құрам бір қылмысты әрекетте қасақаналықтың да, абайсыздықтың да болуын білдіреді, сондықтан абайсыздықта адам өліміне соқтырған денсаулыққа қасақана ауыр зардап келтіру 1 бөлім бойынша емес, бірден 3 бөліммен квалификациялануға жатады. Өзге кінә нысанын да қамтитын аралас кінә нысандарымен жасалған қылмысты әрекеттер адамның жеке бостандығына, жыныстық бостандығына, кепілге алу сияқты қоғам қауіпсіздігіне, қарақшылық сияқты меншікке қарсы қылмыстарда кездеседі. Бірақ бұл қылмыстық құрамдар кінә нысандарының көлемі бойынша ғана емес, сонымен бірге қылмыстың объектісі, объективтік жағының белгілері бойынша да бәсекелестік байқатады және мұны дұрыс, негізді деп бағалау керек, себебі нормалар бәсекелестігі ұғымының негізгі мағынасының өзі бір қылмыстық құрамның екінші қылмыстық құрамға барлық белгілері бойынша сияуы, сәйкес келуі, салыстыра қарағанда бөлік норма болып бағалануын білдіреді.

Қылмыстық заңда ниет түрі бірдей анықталатын қылмыстар кездеседі және ондай қылмыстарда бірдей зардап кездесуі де мүмкін. Мысалы 96 баптың 2 бөлімінің «л» пункті әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни ерекшеліктеріне қарай пайда болған өшпенділікпен кісі өлтіруді келтіреді, сол сияқты 164 баптың 3 бөлімінде ауыр зардаптарға соқтырған әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру үшін жауаптылық қарастырылған. Адамдардың осындай ерекшеліктеріне қарай жек көрушілік ниетпен кісі өлтіру орын алғанда қылмысты квалификациялау қиындайтыны даусыз. Негізінде мұндай жағдайда арнайы нормалардың бәсекелестігі орын алады және квалификация жасау үшін бұл қылмыстардың құрам элементтері бойынша айырмашылықтарын анықтау керек. Бұл қылмыстар ҚК әр түрлі тарауларында қарастырылғандықтан қылмыстың топтық объектілері және объективтік жақ белгілері, субъектісі бойынша ажыратылады, яғни 164 баптағы қылмыстың объективтік жағының белгісі адамдарды бір-біріне осы ерекшеліктері бойынша айдап салу және араздықты насихаттау арқылы жек көрушілікті қоздыру болып табылады. Сондықтан белгілі бір ниет, мақсат түрі басқа нормада да кездескенде бүтін деп танылатын норма өзге құрам элементтерінің белгілері бойынша анықталады. 96 және 164 баптардағыдай бәсекелестік байқалғанда объектісі, объективтік жақ белгілері толық болуына байланысты 164 бап толық немесе бүтін деп бағаланады. Бірақ бұл қылмыстардың арасында құрам белгілеріне қарай

айырмашылықтың кездесуіне байланысты қылмысты квалификациялауда құрам элементтері бойынша дәл келген қылмыс түрі қолданылады.

Бір ескерте кететін жағдай, ол бәсекелес нормалардың бірін-бірі қамту деңгейіне қарай толық және толық емес бәсекелестік деп бөлуге болады. Толық емес бәсекелестік дегеніміз, әр түрлі нормалармен қарастырылған қылмыстырдың негізгі белгілері ұқсас болғанмен, олардың араларында өзге құрам белгілері бойынша айырмашылықтың кездесуіне қарай толық бірі-бірі қамти алмауы болып табылады. Мысалы жоғарыдағыдай 96 және 164 баптардың айырмашылықтары.

Толық бәсекелестік дегеніміз, әр түрлі нормалармен қарастырылған қылмыстар белгілерінің көлемі бойынша бірінің екінші нормаға толық сыйуы немесе сәйкес келуі болып табылады.

Қылмыстың субъектісі бойынша бәсекелестік жалпы және арнайы нормалар немесе жалпы және арнайы субъектілер әрекеттерінің арасында кездеседі. Мысалы мемлекеттік құпияларға қатысты шпиондықпен мемлекетке опасыздық, қорлау мен әскери қызметшіні қорлау қылмыстарының айырмашылықтары субъектінің түріне байланысты болып табылады. Мұндай жағдайда арнайы субъектілердің жауаптылығын қарастыратын қылмыс түрі нақты жағдайды келтіреді, сондықтан белгілері сәйкес келгенде арнайы субъектілер келтірілген норма қолданылуы қажет.

Қылмыстық заңда әдетте жалпы субъектілердің жауаптылығымен анықталатын, тек ауырлататын құрам түрі ретінде арнайы субъектілерді келтіретін нормалар кездеседі. Мысалы 177 баптың 2 бөлімінің «в» пунктінде «қызмет бабын пайдаланып жасалған алаяқтық» қарастырылған. Жалпы субъектілермен сипатталатын қылмыстарда жауаптылықты ауырлататын құрам ретінде арнайы субъектілердің әрекеттері келтірілген қылмыс түрлері заңда көп. Мұндай нормаларда бәсекелестік бір баптың көлемінде орын алады және жалпы субъектілердің жауаптылығын келтіретін негізгі бөліммен салыстырғанда арнайы субъекті қарастырылған ауырлататын құрам арнайы норманың қызметін атқарады.

Қорыта айтқанда, нормалар бәсекелестігі кездесетін жағадайларды меңгеру және қылмыстық заң нормаларының бір-бірімен тығыз байланысты болып бейнеленуіне көңіл аудару құқық қолдану жұмысын тиімді және сапалы жүргізуге әсер етеді. Өйткені сот-тергеу практикасы қызметкерлерінің заң нормаларын қолдану жұмысында қателіктер жібе-

руінің бір жиі кездесетін себебі, ол заң баптарындағы қылмыстардың ұқсастығының бір түрі болып табылатын нормалар бәсекелестігі орын алып отырғанына мән бермеуіне және ондай кездерде заң баптарын қолдану ережелерімен таныс болмауына байланысты. Сонымен қатар нормалар бәсекелестігі түрінде көрініс алатын қылмыстар ұқсастығының ең жоғарғы деңгейі, заң шығарушыға да өз қызметінде жан-жақты және мұқият болуды талап етеді. Заңда артық нормаларды көрсету немесе қажетті жағдайда тиісті нормалармен қамтамасыз етпеу практика қызметінің сапалы жұмыс көрсетуіне кері әсер ете алады деуге болады.

МАЗМҰНЫ

I тарау. ҚЫЛМЫСТЫ КВАЛИФИКАЦИЯЛАУДЫҢ ҰҒЫМЫ, МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ОРНЫ	
§ 1. Қылмысты квалификациялаудың ұғымы.....	5
§ 2. Қылмысты квалификациялаудың маңызы.....	15
§ 3. Қылмысты квалификациялаудың қылмыстық құқықтағы орны.....	21
§ 4. Қылмысты квалификациялау сатылары.....	28
II тарау. ҚЫЛМЫСТЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫ КВАЛИФИКАЦИЯЛАУДАҒЫ МАҢЫЗЫ	
§ 1. Қылмыстың құрамы және құрылымы.....	36
§ 2. Қылмыс құрамы және қылмыстық заң.....	45
§ 3. Қылмыстық құрамдардың белгілері.....	56
§ 4. Қылмыстық құрамдардың түрлері.....	63
§ 5. Қылмыстық құрамның мазмұнын түсіну.....	72
III тарау. ҚЫЛМЫСТЫҢ ОБЪЕКТІСІ БОЙЫНША КВАЛИФИКАЦИЯЛАУ	
§ 1. Қылмыстың объектісінің түсінігі және маңызы.....	78
§ 2. Қылмыс объектілерінің түрлері бойынша квалификациялау.....	82
§ 3. Қылмыстың заты бойынша квалификациялау.....	91
IV тарау. ҚЫЛМЫСТЫҢ ОБЪЕКТИВТІК ЖАҒЫ БОЙЫНША КВАЛИФИКАЦИЯЛАУ	
§ 1. Қылмыс құрамының объективтік жағының түсінігі және маңызы.....	96
§ 2. Қылмысты іс-әрекет және квалификациялау мәселелері.....	101
§ 3. Қылмысты зардаптың түрі және көлемі бойынша квалификациялау.....	110
§ 4. Себепті байланыс және оның қылмысты квалификациялаудағы маңызы.....	117
§ 5. Қылмыстың объективтік жағының қосымша белгілері бойынша квалификациялау.....	121
V тарау. ҚЫЛМЫСТЫҢ СУБЪЕКТИВТІК ЖАҒЫ БОЙЫНША КВАЛИФИКАЦИЯЛАУ	
§ 1. Қылмыстық субъективтік жағының түсінігі және қылмыстық құқықтағы маңызы.....	126
§ 2. Кінәнің нысандары бойынша қылмысты квалификациялау.....	135
§ 3. Қылмыстық құрамның субъективтік жағының қосымша белгілері бойынша квалификациялау.....	161
§ 4. Қате және оның түрлері бойынша квалификациялау.....	167
VI тарау. ҚЫЛМЫСТЫҢ СУБЪЕКТІСІ БОЙЫНША КВАЛИФИКАЦИЯЛАУ	
§ 1. Қылмыстың субъектісінің ұғымы, белгілері және квалификациялаудағы маңызы.....	174
§ 2. Қылмыстарды арнайы субъектілер бойынша квалификациялау.....	181

VII тарау. АЯҚТАЛМАҒАН ҚЫЛМЫСТАРДЫ КВАЛИФИКАЦИЯЛАУ	
§ 1. Аяқталмаған қылмыстардың жалпы сипаттамасы және квалификация тәртібі.....	187
§ 2. Қылмысқа дайындалу және квалификация тәртібі.....	194
§ 3. Қылмысқа оқталу және квалификация тәртібі.....	200
VIII тарау. ҚЫЛМЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛЫҚПЕН ЖАСАЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ КВАЛИФИКАЦИЯЛАУ	
§ 1. Қылмысқа қатысушылықтың белгілері және оның қылмысты квалификациялаудағы маңызы.....	207
§ 2. Қылмысқа қатысушылардың әрекетін қатысу нысандары бойынша квалификациялау.....	214
§ 3. Аяқталмаған қылмысқа қатысушылық және квалификация тәртібі.....	246
§ 4. Қылмысқа қатысушылық нысандары бойынша қатысушының шектен шыққан (эксцесс) әрекеттерін және арнайы субъектілердің қатысушылығын квалификациялау.....	252
IX тарау. ҚЫЛМЫСТЫҢ КӨПТІЛІГІ БОЙЫНША КВАЛИФИКАЦИЯЛАУ	
§ 1. Жекелеген қылмыстармен көптік қылмыстардың ара қатынасы.....	262
§ 2. Қылмыстардың жиынтығы бойынша квалификациялау.....	270
§ 3. Бір неше рет жасалған қылмысты квалификациялау.....	288
§ 4. Қылмыстың қайталануы бойынша квалификация жүргізу.....	299
X тарау. НОРМАЛАР БӘСЕКЕЛЕСТІГІ ЖӘНЕ КВАЛИФИКАЦИЯ ТӘРТІБІ	
§ 1. Нормалар бәсекелестігінің түсінігі және түрлері.....	303
§ 2. Жалпы және арнайы нормалар бәсекелестігі.....	316
§ 3. Бүтін және бөлік нормалар бәсекелестігі және квалификация тәртібі.....	321

Әпенәв Серік Мейрамұлы
заң ғылымдарының кандидаты

**ҚЫЛМЫСТЫ КВАЛИФИКАЦИЯЛАУДЫҢ
ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ**

Оқулық

ЖШС «Нұр-пресс» бас директоры
Жансейтов Н. Н.

Техникалық редакторлар: Омарқожаева Г.К., Төребаева Г.А.
Сарапшысы: Койлыбаева С.М.
Беттеуші: Төребаева Г.А.
Дизайн: Савельев А.О.
Оператор: Умурова Г.О.

Басуға 4.06.2006 қол қойылды. Офсеттік басылыс.
Пішімі 60x90¹/₁₆. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».
Шартты баспа табағы 20,75.
Таралымы 1000. Тапсырыс № 15.

«Нұр-пресс» баспасы
050057 Алматы қ.,
М. Өзтүрік қ-сі, 12 үй.
Тел/факс: (3272) 747-833, 742-650.
E-mail: law_literature@nursat.kz

ЖШС “Заң әдебиеті” баспаханасында басылған